

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА ДЕЙІНГІ ДАЙЫНДЫҚ КАФЕДРАСЫ

«ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР» атты
республикалық ғылыми-практикалық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы қ., 4-5 ақпан 2016 ж.

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

*Баспаға Әл -Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің
Ғылыми кеңесі ұсынған*

Жалпы редакциясын басқарған:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының меңгерушісі,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Н.А. Асанов**

Редакция алқасы:

Ж.Е. Жаппасов, Г.А. Тастемирова, Н.Қ. Мәтбек, Ж.Т. Ибраимова,
Р.Т. Наралиева, С.А. Нусупбаева, Г.Т. Тилеужанова, М.Н. Ибрагимова,
К.Д. Абдибекова, Ж.Қ. Дауытова, Г.Е. Сапаева, Қ.Р. Ембергенова,
Т.М. Буланова, Б.И. Досанов, Н. Мәжікызы

Қазіргі заманғы білім берудегі инновациялық бағыттар: республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. Алматы, 4-5 ақпан 2016 ж. / Жауапты ред.: Н.Қ. Мәтбек, М.Н. Ибрагимова, К.Д. Абдибекова. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 282 б.

ISBN 978-601-04-1668-0

Жинақ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде өткен «Қазіргі заманғы білім берудегі инновациялық бағыттар» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары негізінде шығарылды. Жинақта білім беру үдерісінде инновациялық технологияларды қолдану, қазіргі заманғы ЖОО-ға дейінгі білім берудегі инновациялық-педагогикалық қызмет, сапалы оқыту тиімділігін арттыру жолдары мен тәсілдері сөз болады.

Жинақ еліміздің оқу орындарында еңбек етіп жүрген ұстаздар қауымына, жоғары оқу орындарының магистранттарына, студенттер мен тыңдаушыларға арналған.

Ескерту: мақалалардың мазмұнына авторлар жауап береді.

ISBN 978-601-04-1668-0

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

*Бірәлі Гүлмира Атиголлақызы, ф.ғ.к.
ҚР ҰҚК Академиясы*

Кәсіби қазақ тілі – соңғы бес жылда жоғары оқу орындарының оқу бағдарламасына енгізілген жаңа пән. Кәсіби қазақ тілінің басты мақсаты – студент оқу орнын бітіргеннен кейін тілді, яғни қазақ тілін мамандығы бойынша қызметінде пайдалана алуы. Мамандығына сәйкес қазақ тілін оқыту болашақ мамандықтарына қажетті білімді толық игерген кәсіби мүмкіндігі мол маман иесін даярлауда ерекше рөл атқарады. Республиканың жетекші оқу орындарында кәсіби қазақ тілі пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы дайындалып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінде бекітілді. Осы үлгілік оқу бағдарламасы негізінде пәннің жұмыс оқу бағдарламасы дайындалып, пәннің оқу-әдістемелік кешендері бойынша кәсіби қазақ тілі пәні жүргізілуде. Кәсіби қазақ тілін оқытудағы, үйретудегі міндет студент бағдарлама бойынша берілген тақырыптың көлемінде ғана білім алып, білік пен дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес әлеуметтік және кәсіби бағыттағы ақпаратты өзі іздеп тауып, талдау және ұтымды пайдалану, тез өзгермелі қоғамға лайықты тілді пайдалану және болашақ қызметінде қолдана білу болып табылады. Аталған мақсат пен міндеттің биігінде көріну үшін оқытушыға әлемдік білім беру кеңістігіндегі инновациялық технологияларды меңгеру талабы туындайтыны баршамызға белгілі.

Инновациялық технологиялар білім алушының тілдік білім сапасын арттырып, қарым-қатынаста еркін қолдана алу мүмкіндіктеріне жол ашады. Практикалық сабақтарда кәсіби қазақ тілін игертуге қатысты инновациялық технологиялардың әдістерін қолдану студенттің қазақ тілін үйренуге деген ынтасын, зейінін, қызығушылығын дамытып қана қоймайды міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, жаңа мүмкіндік деңгейлерін ашады.

Еліміздің жоғары білім беру саласында соңғы жылдары өз нәтижесін бере бастаған инновациялық технологиялар баршылық. Соның ішінде ҰҚК Академиясының оқу үдерісінде қолданылып, тәжірибеге енгізіліп жатқан жеті технологияны атап айтқымыз келеді:

- проблемалық оқыту технологиясы;
- кері байланыс технологиясы;
- жобалап оқыту технологиясы;
- интерактивті оқыту технологиясы;
- ойын технологиясы;
- қатысымдық оқыту технологиясы;
- модульдік оқыту технологиясы.

Қазіргі жаңа технологиялардың алдына қоятын мақсаты – тіл үйренушілердің дербес ерекшеліктерін ескере отырып, өз бетінше ізденуін, шығармашылығын арттыруды көздейді.

Кәсіби қазақ тілін меңгертуде алдыңғы қатардан орын алып отырған инновациялық технологиялардың бірі – проблемалық оқыту. Проблемалық оқыту технологиясы бойынша алдымен студенттерге немесе тіл үйренушілерге белгілі бір проблемалық жағдаят ұсынылып, проблемалық мәселе туғызу қажет. Мәселен, Елбасымыздың «2050 стратегиясында» аталған жаһандық он қауіп-қатердің бірін алып, қазіргі таңда әлемдік қауымдастықты алаңдатып отырған, БҰҰ деңгейінде көтеріліп жатқан өзекті мәселелер бойынша сабақ жүргізуге болады. Студенттер баяндаудың монологтік әдісі бойынша ұсынылған мәселе негізінде өз беттерінше алған ақпараттарымен бөліседі және баяндаудың талдау әдісімен аталған мәселеге талдау жасайды, одан кейін баяндаудың диалогтік әдісі бойынша өзара пікірлесімге әрі баяндаудың эвристикалық әдісімен бір-бірімен сұрақ-жауап арқылы әңгімелеседі. Сабақтың қорытындысында баяндаудың зерттеу әдісі бойынша студенттер проблемалық мәселе негізінде өздерінің зерттеулерін ұсынады.

Проблемалық оқыту технологиясын кәсіби қазақ тілін оқытуда өте тиімді деп толық айта аламыз. Себебі бір сабақтың өзінде студент көп нәрсеге қол жеткізе алады. Біріншіден, студент тілдік

қатысымға түседі; екіншіден, қоғамдағы өзекті мәселеден ақпараттар алып тұлғалық қасиеті артады; үшіншіден, жаңа сөздермен, терминдермен танысады және қазақша баламаларын есте сақтауына жәрдемдеседі; төртіншіден БАҚ-тағы орыс тілінен аудармада кездесетін түрлі қателіктерді іздеп табады, сол арқылы көптеген ұғымдардың қазақ тіліндегі аудармасымен танысып, қазақ тілінің табиғи болмысын анықтай алады. Қорыта айтқанда, проблемалық оқыту тіл үйренушілердің ойын, шығармашылығын, өзіндік іс-әрекет арқылы танымын дамытуға үлесін қосады. Қазіргі кезде студенттерге ақпараттар көп берілуде, сондықтан да берілетін ақпараттар жүйелі, мазмұнды болуын қажет етеді. Проблемалық оқытудың мақсаты – студент пен оқытушының іс-әрекеті, мәселені түсіне білуі шешім үрдісінде біріге алуы болып саналады. Мұнда студент тек білімінің, іскерлігінің, дағдысының жүйелілігін ғана емес, ақыл-ойының жоғары дәрежеде қалыптасуына, өзбетінше білімін тереңдетуге септігін тигізеді. Проблемалық оқыту студенттің теориялық және тәжірибелік іс-әрекетінен жаңалық ашып отыруын қадағалайды. Проблемалық оқытуда тапсырманы орындау, іздену студенттің еншісінде болады, ал оқытушы тек бағыт беруші ретінде болады.

Кәсіби қазақ тілін меңгертудегі тиімді әдістің бірі – кері байланыс технологиясы. Кері байланыс технологиясының басты мақсаты – студенттің саналы ішкі рефлексиясын даярлау, сол арқылы қазіргі кездегі маңызды болып саналатын өзбетінше тілді үйрену, бәсекеге қабілетті маман болу, тез арада шешім қабылдай білу, жылдамдық сияқты қабілеттерін дамыту. Кері байланыс, немесе рефлексияны әрбір практикалық сабақта пайдалана беруге де болады. Мәселен, әрбір студенттің сабақтың соңында өзіне қажетті мәліметті қаншалықты меңгергенін білуде рефлексияның маңызы жоғары. Бұл жерде сабақты оқытушы қорытындылап, бағаламайды студенттер өздері қорытып, өз білімдерін өздері бағалап отырады. «Таңдау әдісі» бойынша студенттерге сабақтың бітуіне он бес минут қалғанда карточка таратылып беріледі. Ол карточкада төмендегідей студенттің сабаққа қатысу деңгейі мен ынтасын және оқу материалын, яғни қанша жаңа сөз игергенін анықтайтын сөйлемдердің тұсына «+» белгісін қою тапсырылады:

1. Мен сабақты қызықты ____, қызықсыз ____ болды деп ойлаймын.
2. Мен сабақта көп жаңа сөздерді үйрендім ____, үйренген жаңа сөздерім аз болды ____.
3. Мен басқаларды мұқият ____, зейінсіз ____ тыңдадым.
4. Мен пікірсайыстарға жиі ____, сирек ____ қатыстым.
5. Мен сабақтағы өз жегістіктеріме ризамын ____, риза емеспін ____.

Сонымен қатар белгілі бір тақырыпты өтіп болғаннан кейін студенттің өтілген материалды меңгеру деңгейін анықтауда жазбаша бақылау, тест әдістерін қолдануға болады. Жазбаша бақылау әдісіне эссе, мазмұндама, диктант жазғызу жатады.

Жоғары білім беру жүйесіндегі кеңінен қолданылып жүрген технологиялардың бірі – интерактивті оқыту технологиясы (жоғары белсенділікті дамыту). Интерактивті оқыту технологиясының ерекшелігі сабақ барлық білім алушының белсенді қатысуымен ұйымдастырылады. Кәсіби қазақ тілін оқытуда интерактивтік оқыту технологиясын қолдану арқылы өмірде болып жататын түрлі жағдаяттарды дидактикалық талаптар тұрғысынан екшеп алған соң, тілдік жағдаят жаттығуларына айналдыра білу керек. Интерактивті әдіс оқушының оқу процесіндегі тәжірибе негізінде оқылатын пәнге білімі, дағдысы және қатынасы қалыптасқаннан соң, өзара қатысу арқылы жүзеге асырылады. Оқытушының рөлі хабарлама берушіден сыртқы және ішкі қатысушылардың арасындағы өзара іс-әрекетіне негізделген оқытудың жетекші процесіне ауысып отырады.

Оқудың сапасы немесе студенттердің өзара әрекеті топтың көлеміне қарай анықталмайды. Сондықтан да әдістің негізгі ерекшелігі – студенттердің өзара әрекетінде. Бұл әсіресе, түрлі көзқарастар мен түрліше шешімдерді қарастыратын азаматтық білім берудегі маңызы зор әдіснама.

Интерактивті әдістерді қолданудың басты себептері мыналар:

- ақпараттар мен дағдыларды игереді;
- студенттер өздерінің білетінін басқалармен бөліскенде, ақпаратты беруші де, алушы да білім алады;
- студент идеясының логикалық дұрыстығы бірден анықталады;
- өзара әрекет арқылы студенттер қазіргі кездегі саналы азамат игеруі тиіс демократиялық қатысу практикасына ие болады;
- әріптестерінің көзқарастары мен өзіндік пікірлерінің бірдей болуының мүмкін еместігіне студенттердің көздері жетеді;
- ең бастысы, оқыту технологиясының бұл түрі тіл үйренушінің тілге деген қызығушылығын арттырады.

Сондай-ақ бұл әдіс студенттердің бойына төмендегідей әдет-дағдыларды қалыптастырады:

1. Студент өзін-өзі еркін, батыл сезінеді.

2. Студенттер топ болып, жұп болып әрекет етуге үйренеді. Топпен не жұппен жұмыс істеу кезінде оқушылар арасында өз пікірін дәлелдеп қорғау немесе қателігін көрсете білу мен мойындауға, пікірлесе отырып ұжымдық шешім қабылдауға үйренеді.

3. Тілді білу деңгейі төмен студентке, деңгейі жоғары студент көмек көрсетеді.

4. Студент өз білімін бағалау және бақылау дағдысын меңгереді.

Осылайша интерактивтік әдіс студенттерді мәселені бірігіп шешуге үйретеді. Ал бірігіп жұмыс істеу – әрі жеңіл, қызық, әрі тиімді. Студенттер бірлесіп үйренуде кішігірім топтармен, жұппен жұмыс жасауға қалыптасады, ортақ мәселелерді талқылағанда жаңа пікірлерге шығармашылықпен қарауға төселеді, жаңалықтар ашу барысында жұмыс істейді. Топ мүшелері өз ойларын ортаға салып және сол ойларды кесте арқылы көрсетеді. Шамалары келгенше қорғап шығуға тырысады. Бірлесіп жұмыс жасағанда мына жайларды: сыйластық, жауапкершілік, топтың әр мүшесінің кезекпен сөйлеу дағдысын үйрену, қажетті кезде кірісіп сөйлеп кету сияқты дағдыларды қалыптастыру керектігін еске ұстау керек. Осылай бірлесіп жұмыс істеп үйренген студенттердің білімдері нәтижелі болады, әрі шындалады. Бірлесіп жұмыс жасауда студент төмендегідей жетістіктерге ие болады:

- есте сақтау қабілеті жоғарлайды;
- студент жұмыс басты болады;
- пәнге деген қызығушылығы оянады;
- топ мүшелерімен арақатынасы жақсарады.

Бүгінгі уақыт сұранысынан туып отырған заман талабына жауап бере алатын технологиялардың келесі түрі – қатысымдық оқыту технологиясы. Қатысымдық оқытудың нәтижесі – тілдік қатынас. Тілдік қатынас дегеніміз – адамдардың бір-бірімен тілдесуі, сөйлесуі, тіл арқылы тілдік қатынас жасауы деген сөз. Осы тұста әдіскер-ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ф.Оразбаеваның пікіріне жүгінсек, ол: «Қатысымдық әдіс дегеніміз – оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын; белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен қағидалардың жүйесінен тұратын; тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзінде асыратын әдістің түрі» дей келе, қатысымдық әдістің негізгі мәні оның ұстанымдарын айқындаумен байланысты деген тұжырымын талдап, қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын қатысым әдісінің алты түрлі ұстанымның ішіндегі ең басты ұстанымы – тіке байланыс ұстанымы деп көрсетеді. Тіке байланыс болмаса, сөйлесім әрекеті де іске аспайды деген қорытынды жасайды [1].

Берілген анықтамадан көріп отырғанымыздай, тілдік қатынас – тек сөйлеу тілі арқылы тілдесу ғана емес, сондай-ақ ол жалпы адамзатқа, қоғамға қызмет ететін, оны қоғамның өзі тудырған, оның әлеуметтік қажеттігін өтейтін күрделі құбылыс. Сөйлеу үшін тіл үйренуші тілдік көрсеткіштер мен сөйлеуде жұмсалатын тұлғалардың тіркесу заңдылықтарын білуі, тілдік құралдарды қолданудың амал-тәсілдерін меңгеруі қажет. Сөйлеу кезінде тілдік тұлғалардан бұрын қатысымдық тұлғаларға, әсіресе олардың байланысу, қолданылу жолдарына, амалдарына ерекше назар аударылады. Мұнда тілдің кіші, үлкен, дара, күрделі бөлшектерінің бәрі бір ортақ мақсатқа – сөйлей білуге, айтар ойды жеткізуге жұмсалады. Сөйтіп адамдардың тілдік қарым-қатынасы жүзеге асады, сөйлесім, тілдесім өз нәтижесін береді. Қорыта келе, қатысымдық технологияны қолданудың тиімділігі, алдымен тілді оқытуда үйренуші мен үйретушінің арасында бір-бірімен көзбе-көз кездесу, ауызба-ауыз тілдесу, яғни тікелей қатынас жиі болса, сөйлесім әрекеті де ұтымды жүзеге асатындығы, сөйлеуді үйрету барысында қатаң талаппен сұрыпталған лексикалық, фонетикалық, грамматикалық минимумдар мен сөздік материалдар алынатындығы болып отыр.

Жоғары оқу орындарында тілді оқытуда кеңінен пайдаланылып жүрген технологиялардың бірі – модульдік оқыту технологиясы. «Модульдік оқытудың өзегі – оқу моделі. Модульдік оқыту – студенттің өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігін дамыту. Модульдік технология әдісі бойынша әр сабақта тек қана ақпаратты игеру емес, сонымен қатар қабылдаған ақпаратты өңдеу ептілігі мен дағдылары қалыптастырылады. Оқу процесін модульдік принцип негізінде ұйымдастыру дегеніміз – ол оқу жылын модульге бөлу, яғни оқу пәнін ірі тарауларға бөліп, сонымен қатар әр тараудың мазмұны, білімі мен ептілігі анықталып, сол модульді меңгеруге қажетті бақылау және орындалған жұмыс туралы есеп беру әдістерін қарастырады. Модульде оқу уақытының басым бөлігі студенттердің өз бетімен жұмыс істеуіне жұмсалады. Алған білімдері күнделікті бақылау, тексеру әдістері арқылы анықталып тұрады. Күнделікті бақылау нәтижесінде, пән бойынша рейтинг және аралық бақылау жүргізіледі [2].

Модульдік технология жұмысына қойылатын бірыңғай талаптар әр тақырып бойынша: актуалдану модулі; теориялық модуль; практикалық модуль; қателер модулі; тексеру модулі; технологиялық карта модульдердің болуы қажет.

Кәсіби қазақ тілін өзге тілді дәрісханада оқытуда модульдік технология элементтерін қолданудың ерекшеліктері:

– біріншіден, білім деңгейі әртүрлі студенттермен жеке тұлғалық жұмыс ұйымдастыру жүйесін (практикалық модульдер білім деңгейі әртүрлі студенттермен жұмыс) жүргізуге бағытталады;

– екіншіден, оқу үрдісінде студент әр деңгейлі жұмыстарды таңдауда

бағаланатын тапсырмаларды айқындауға, жоғары балмен бағаланатын күрделі тапсырмаларды орындауға, қорытынды бақылау тапсырмаларына алдын ала дайындалуға мүмкіндік алады;

– үшіншіден, технологиялық картада күрделі тапсырмаларды, сөздік қорын қолдану арқылы оқу үрдісінің тиімділігі жоғарлайды.

Модульдік технологияны қолдану – оқытушы мен студенттердің құзыреттілігінің өсуіне әкеледі, өйткені қазақ тілін өзге тілді дәрісханада оқытып үйретудің дәстүрлі әдістері жоғарыдағы сұраныстарға жауап бере алмайды. Модульдік технология жаңа және қалыптасқан дәстүрлі әдістерді сабақтастырып қолдануымен қызықты әрі тиімді. Әдіскер-ғалым Р.Ә.Шаханова өзінің еңбегінде: «Студенттердің мемлекеттік тілді тиімді игерудің басты факторы – оқу бағдарламалары мен оқулық, оқу-әдістемелік материалдарды модульдік оқу жүйесімен берудің ұтымдылығын дәлелдеп, модульдік жүйеге негізделген электронды оқулықтар тіл үйренушілердің өз бетімен жұмыс істеуіне тиімді», – екенін айтады [3].

Тіл үйрету жұмысы – өте күрделі процесс. Сондықтан тіл үйрету барысында қолданылатын аталған инновациялық технологиялардың барлығы бір-біріне байланысты. Бірінсіз бірін жүзеге асыру мүмкін емес. Дидактиканың заңдылығына сәйкес инновациялық технологиялардың тиімді әдістерін пайдалануда берілетін тапсырмалар мен жаттығулар жеңілден ауырға қарай, сатылап жүргізілуі қажет. Студенттер қазақ тілі сабағында тек тіл үйреніп қана қоймайды, олардың сабақ үдерісінде қазақша ойлау дағдылары қалыптасып, өмірге өзіндік көзқарасы айқындалып, ұғым-түсінігі кеңейеді. Сондықтан да оқытушы әр студенттің қабілетін, қазақ тіліне деген көзқарасын білуі керек. Өйткені тіл үйрету барысында әрбір студенттің жеке қабілеті еске алынады, жан дүниесі ескеріледі. Кәсіби қазақ тілі сабағында студенттер болашақ мамандығы бойынша ғылым негіздерімен танысып, білімді игеруде түрліше оқу әрекеттерін орындай отырып, өзінің шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді. Ойлау қабілетіне тәрбиелеу студентті жан-жақты дамытумен тығыз ұштасып жатады. Бұл оның білу құмарлығы, көзқарасы мен сенімін тәрбиелеумен қоса жүргізілуі тиіс.

Әдебиеттер

1. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы. РБҚ, 2000. – 207 б.
2. М.Жанпейісова Модульдік технологияны қолдану оқушыны дамыту ретінде., А. – 2003.
3. Шаханова Р.Ә. Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдеріне қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: Пед.ғыл.док...диссер. – Алматы, 2002. – 327 б.


ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ ШЕҢБЕРДІ ЕСЕП ШЫҒАРУДА ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСІ

Сайлиханова Бибіжан Тәліпқызы

Алматы қ., С.А. Қожықов ат. № 39 мамандандырылған лицей

Келешек ұрпақтың білімді болуы қазіргі біздердің ұстаздар мен ата-аналардың, қоғамның және тікелей жас өспірім жеткіншектердің өздеріне байланысты. Заман талабына қарай қазіргі таңда әртүрлі оқыту тәсілдері және оқыту түрлері дамып келеді. «Тәрбие тал бесіктен» демекші білім алу негізі мектептен екені бәрімізге белгілі. Математика пәнін оқытуда көптеген қиыншылықтарға кездесеміз. Қазіргі балалардың көпшілігі математика пәнінен қиналады. Жақсы түсініп жүрген баланың өзі 1-2 аптадан соң бәрін ұмытады, есте сақтау қабілеті нашар. Әрине, оны әртүрлі факторлардың әсері деп қарауға болады. Дегенмен қиындық тудыратын формулаларды жаттамай-ақ анықтай білуге, үйретуге болады. Тригонометриялық функциялардың берілген бұрыштардағы мәндерін анықтауда, функция таңбаларын анықтауда және келтіру формулаларын қажет ететін есептер шығаруда тригонометриялық шеңберді пайдаланып тез есептеуге болады. Тригонометрия элементтерін адамзат ежелгі заманнан бастап қолдана бастаған. Қазіргі кезде мен мектепте жұмыс істеп жүріп, 2008 жылдан бастап 9-сынып оқушыларына «Тригонометрия элементтері» тарауын оқыту кезінде тригонометриялық шеңберді пайдаланамын.

1. Шеңбер бойында 30° -тан бөлінген барлық бұрыштар және әрбір 45° бұрыш көрсетілген, бұл 10-сыныпта график салу кезінде де өте пайдалы.
2. Барлық бұрыштардың өлшемдері градуспен де, радианмен де берілген және әрбір көрсетілген бұрыштың синусының да, косинусының да, тангенс, котангенстің де мәнін табуға болады.
3. Әрбір ширектегі функцияның таңбалары көрсетілген.
4. Бұрышты анықтаудың екі бағыты көрсетілген.



Тест тапсыру кезінде көптеген есептерді ұзақ жазып шығарып отыру және жаттап алуға қиын формулалар бар.

Міне, осындай жағдайларда бірлік шеңберді пайдалана білу өте ыңғайлы.

Мысалы; 1) Есептеңіз:

$$a) \sin 300^\circ \cdot \cos 210^\circ \cdot \operatorname{tg} 225^\circ = -\frac{\sqrt{3}}{2} \cdot \left(-\frac{\sqrt{3}}{2}\right) \cdot 1 = \frac{3}{4}$$

$$a) \frac{\operatorname{tg} 225^\circ \cdot \operatorname{ctg} 240^\circ}{\sin 150^\circ \cdot \cos 330^\circ} = \frac{1 \cdot \frac{\sqrt{3}}{3}}{\frac{1}{2} \cdot \frac{\sqrt{3}}{2}} = \frac{\sqrt{3}}{3} \cdot \frac{4}{\sqrt{3}} = \frac{4}{3}$$

$$b) \left(-\frac{1}{2}\right) \left(-\frac{\sqrt{2}}{2}\right) = -\frac{\sqrt{2}}{4}$$

2) $\sin 725^\circ$; $\cos 120^\circ$ таңбасын анықтаңыз.
 $\sin 725^\circ \cdot \cos 120^\circ = (+)(-)=(-)$

Сол сияқты 10-сынып курсына өтілетін тригонометриялық теңсіздіктерді шешу кезінде де бірлік шеңберді пайдалану қажет екені белгілі. Қазірден бастап бірлік шеңбермен жұмыс істеуге дағдыланған бала еш қиындықсыз теңсіздікті шеше алады.

Мысалы: 3) Теңсіздікті шешіңіз:

$$2 \sin x \geq 1$$

$$\sin x \geq \frac{1}{2}$$

$$\frac{\pi}{6} + 2n\pi \leq x \leq \frac{5\pi}{6} + 2n\pi, \quad n \in \mathbb{Z} \quad (1\text{-сурет})$$


4) Теңсіздікті шешіңіз:

$$\operatorname{tg} 2x \leq 1, \quad x \neq -\frac{\pi}{2}$$

$$\frac{\pi}{2} + n\pi < 2x \leq \frac{\pi}{4} + n\pi, \quad n \in \mathbb{Z}$$

$$\frac{\pi}{4} + \frac{n\pi}{2} < x \leq \frac{\pi}{8} + \frac{n\pi}{2}, \quad n \in \mathbb{Z}$$

(2-сурет)



3-сурет


5) Теңсіздікті шешіңіз

$$\sin\left(x - \frac{\pi}{3}\right) \leq \frac{\sqrt{3}}{2}$$


$$-\frac{4\pi}{3} + 2n\pi \leq x - \frac{\pi}{3} \leq \frac{\pi}{3} + 2n\pi$$

$$-\frac{4\pi}{3} + \frac{\pi}{3} + 2n\pi \leq x \leq \frac{\pi}{3} + \frac{\pi}{3} + 2n\pi;$$

$$-\pi \leq x \leq \frac{2\pi}{3} + 2n\pi; \quad n \in \mathbb{Z} \quad (3\text{-сурет})$$



1-сурет




2-сурет

Сонымен бірге тригонометриялық шеңберді пайдаланып, тригонометриялық функциялардың графиктерін салуға болады.

1) $y = \sin x$ функциясының графигін салайық.

- а) $D(\sin x) = \mathbb{R}$
 б) Периодты функция $T = 2\pi$ жалпы периоды $T = 2n\pi$, $n \in \mathbb{Z}$
 ә) $E(\sin x) = [-1; 1]$
 в) функция тақ $\sin(-x) = -\sin x$

(4-сурет) Синус функциясының графигі синусоида деп аталады.




2) $y = \operatorname{tg} x$

- а) $D(\operatorname{tg} x) = \left(-\frac{\pi}{2}; \frac{\pi}{2}\right)$ б) Периодты функция $T = \pi$ жалпы периоды $T = n\pi$, $n \in \mathbb{Z}$

ә) $E(\cos x) = \mathbb{R}$ в) Тангенс функциясы тақ функция $\operatorname{tg}(-x) = -\operatorname{tg} x$

(5-сурет) Тангенс функциясының графигі тангенсоида деп аталады.



Оқушылардың ҰБТ тапсыру кезінде 5 сабақтан бірдей барлық материалды жатқа біліп алуы қиындау болады.

Тригонометриялық шеңберді пайдаланып есептерді шығару баланың жұмыс істеуіне көмектеседі. Көптеген түсінбей жүрген, жаттай алмай жүрген формулаларды пайдалануды жеңілдетеді.

Оқушылар 9-сыныптан бастап осы тригонометриялық шеңбер бойынша жұмыс істесе, келешекте тригонометриялық есептеулерді жақсы меңгеретініне сенемін.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕМЕСІ

Наралиева Р.Т.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесі дегеніміз – бұл ұстаздың оқу-тәрбие ісінде белгілі бір аяда мақсатты түрде қолдана алатын, білім алушы мен оқытушы арасындағы байланысты ұйымдастыру барысында басшылыққа алатын педагогикалық регулятивті ұстанымдар жүйесі.

Анықтап айтар болсақ, әдістеме – педагогикалық іс-әрекеттің ережесі, ұстаздық шеберлік және оны жүзеге асырудың тәсілі болып табылады.


Тілді үйрету, бір тілді шет тілі ретінде оқытудың мазмұны пән оқытушысы пайдаланатын оқыту әдістемесі анықталады. Оқыту әдістемесі – ұстаз бен білім алушының өзара қарым-қатынас үдерісі, себебі өзара әрекеттестіктің арқасында педагог өзіндік ұстаздық тәжірибесін және әртүрлі амал-тәсілдерді қолдану арқылы оқу бағдарламасы мен мазмұнында белгіленген жоспар мен мақсатқа сай білім алушыға білім беру, тілді меңгерту әрекеттерін іске асырады [1,244]. Қазақ тілін екінші немесе шет тілі ретінде оқыту үдерісінде тіл үйренушілердің әртүрлі топтағы адамдар болуына байланысты мен стандартты оқушыне студент дегеннен гөрі білім алушы немесе тіл үйренуші деген терімсөзді қолдану жөн көрдім. Оқу әдістемесі дегеніміз білім беру барысында оқытушы мен білім алушы арасындағы уақытша қатынас: тіл үйренушінің талабына сұранысына сай бағытталған нақты білім мен дағды, тәсіл болып саналады. Жалпы оқыту әдістемесі дәстүрлі/қалыпты және дәстүрлі емес/қалыпты емес болып екіге бөлінеді. Дәстүрлі әдістеменің қазіргі таңда оқу үдерісінде басты үш топқа жіктейміз. Отандық білім беру жүйесінде қалыптасқан дәстүр мен танымдық оқу жұмысын жүзеге асыру мен ұйымдастыру істерінің мазмұнына қарай былай қарастырамыз:

1-топқа негізгі пәндер бойынша ұсынылатын оқу материалдарының шығармалары, яғни практикалық материалдар, сөздіктер, көрнекі құралдар жатады. 2-топқа отанымдық оқу жұмысының мазмұны бойынша репродуктивті, түсіндірмелі-иллюстративтік, ізденістік, зерттеулік, мәселелік оқыту әдістері жатады. 3-топқа оқу материалын қабылдау және өз шығармашылығын көрсету логикасы бойынша индуктивтік және дедуктивтік [2,352] әдістер жатады. Оқыту мен танымдық жұмыстың әсерлі де тиімді болуы үшін оқу үдерісінде бақылау жұмыстарын қолданамыз. Бақылау жұмысының әдістемелері ауызша немесе жазбаша болып келеді, соңғы кездерде отандық білім берудің мазмұнына қарай тест сынағын, тестілік тапсырмаларды пайдаланып жүрміз. Бақылау жұмыстары білім алушының алған білімінің нақты білім көрсеткішін, үлгерімін ғана көрсетіп қоймайды, білім берушінің – ұстаздың білімі мен біліктілігінің дәрежесін, білім сапасын, нәтижесін айқындайтын өте тиімді сынақ әдістемесі болып саналады. Оқу үдерісінде, білім беру ісінде оқу әдістемесі болып саналатын тағы да басқа әдістемелер түрі жетерлік, мысалы, атап айтатын болсақ, белсенді/активті, енжар/пассивті, интербелсенді/интерактивті, эвристикалық секілді әдістер бар. В практике обучения существуют и другие подходы к определению методов обучения, которые основаны на степени осознанности восприятия учебного материала: пассивные, активные, интерактивные, эвристические и прочие. Эти определения требуют дальнейшего уточнения, т.к. процесс обучения не может быть пассивным и не всегда является открытием (эврикой) для учащихся. Методы стимулирования учебно-познавательной деятельности: Определённые поощрения в формировании мотивации, чувства ответственности, обязательств, интересов в овладении знаниями, умениями и навыками.[3,544]


Білім беру саласында қанша жақсы ұстаз болса, сонша жақсы әдістеме бар деген нақыл сөздің түп-тамырында шындық жатқанын ұмытпайық.

Оқу практикасында қолданылатын негізгі әдістемелердің мән, мазмұнын ашып айтар болсақ, белсенді әдіс дегеніміз – ұстаз бен білім алушы арасындағы өзара қарым-қатынас сабақ барысында белсенді түрде болады, бұндай сабақ барысында тіл үйренуші тек тыңдаушы ғана емес, сабаққа белсенді қатысушы тұлға болады. Белсенді әдістемені демократиялық әдістеме деп атауға болады. Ұстаз бен білім алушы тең дәрежеде сабаққа қатысады, ақпарат пен пікір алмасады. Соңғы уақытта жиі айтылатын интербелсенді әдістемені осы белсенді әдістеменің өте жетілген түрі ретінде де қарастыруға болады.

Белсенді әдіс:



Енжар әдістеме – ұстаз бен білім алушының арасындағы қарым-қатынасында, негізгі әрекетті жүзеге асырушы тұлға ұстаз болып табылатын әдістеме болып табылады. Бұндай оқыту әдістемесінде білім алушының білім сапасы, үлгерімі жазба бақылау жұмыстарын өткізумен, сауалнама жүргізу, СӨЖ жұмыстарын өткізумен және тест сынақтарын алумен жүзеге асырылады. Білім алушылар ұстаздың директивасына бағынушы тек тыңдаушы ретінде, ал ұстаз негізгі рөлді атқарушы, сабақтың барысын толық өз қолында ұстайтын басты тұлға болып табылады. Қазіргі таңдағы дәріс сабақтары – осы енжар әдістеменің кең тараған түрі. Егер белсенді әдістеме демократиялық мәнерде болса, ал енжар әдістеме беделдік мәнерге жүгінеді. Мұнда негізгі беделді тұлға – ұстаз. Ұстаз әрі менеджер.



Заманауи әдіскерлердің көзқарасы бойынша, енжар әдістеме ең қолайсыз әдістеме болып саналады, алайда бұл енжар әдістеменің де өзіндік артықшылықтары бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Практикалық сабақтарда тиімсіз болғанымен, жалпы шолу сабақтарында, дәрістерде/лекцияларда нақты прагматикаға құрылған бұл әдістемені білікті ұстаз өз сабақтарында шебер қолдана алады. Себебі нақты да терең білім беруге бағытталған, қызықты да керек деректер мен дәйектерге толы дәрістер білім алушыларға осы пән туралы көп мәлімет алуына мүмкіндік береді және ұстаз терең де мазмұнды білім беру арқылы тыңдаушыларының пәнге деген қызығушылығын арттыра түседі. Себебі дәріс сабақтарының басты мақсаты – пән туралы терең білім беру.

Интербелсенді әдістеме дегеніміз (интер – өзара байланыс, ал белсенді сөзі акт терімсөзінің баламасы – әрекет деген ұғымды білдіреді) – өзара байланысқа, өзара әрекет етуге негізделген әдістеме. Интербелсенді әдістеме диалогтік, әңгімелесу түрінде болады. Бірлескен жұмыс түрінде жүзеге асырылады: мысалы, топтық, жұптық жұмыстар, зерттеулер, ізденістер, ақпараттық құралдармен, АҚТ құралдарымен жұмыс жасау, жағдаяттық және рөлдік ойын сабақтар түрінде болады. Интербелсенді әдістеме ұстаз бен білім алушының белсенді байланысымен ғана шектелмей білім алушылардың өзара кең қарым-қатынасын да қамтиды. Интербелсенді әдістемеді ұстаз тіл үйренушіге алға қойған мақсатын қалай жетуіне болатындығын көрсететін тұлға, яғни бағыт көрсетуші болып табылады. «Үйрену мен үйрету тек өзара белсенді әрекеттерге негізделген қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады» және «Тек әрекеттесу арқылы ғана үйренуге/үйретуге болады» [4,6]. Интербелсенді сабақтарда білім алушыларға орындауға интербелсенді жаттығулар мен тапсырмалар ұсынылады. Бұл интербелсенді жаттығулар мен тапсырмалар арқылы өткен

материалдарды бекіте отырып, жаңа тақырыпты меңгертеді. Соңғы кезде жобалау әдістемесі де кең қолданысқа ие болуда. Ал бұл әдістемелердің қайсысын қалайтынын ұстаз өзі шешеді. Оқу үдерісінде басты рөл атқарушы ұстаз, сондықтанда таңдау ұстаздың қолында, дегенменде тіл үйренушілердің талабы мен сұранысын, ұсынысын ескере отырып сабақты ұйымдастыру олардың сабаққа, тіл үйренуге деген ынтасын арттыра түседі. Тіл үйрену де, тілді үйрету де жеңіл үдеріс емес. Ұстаздың көп ізденуін, көп үйренуін қажет ететін үдеріс. Қазіргі ХХІ ғасыр ақпараттық дәуір болғандықтан, бізге, ұстаздарға, уақыт талабынан, заман тынысынан қалмау керек. Тіл үйрету үдерісінде қандай жаңалықтар, тың әдістемелер бар? Осыған қысқаша тоқатала кетсем, соңғы кезде матрицалық-тілдік Тай-чи және Замяткиннің әдісі деген әдістер туралы жиі айтылып жүр. Матрицалық-тілдік әдісі айналымды-толқынды дыбыспен, кәсіпқой актерлердің немесе тіл қолданушылардың сұхбаттасуын медиативтік тәсілді пайдалану арқылы жазған аудиокурс болып табылады. Аудиокурстар қызықты диалогтерден құралады. Аудиокурсты тыңдау және диалогті қайталау арқылы тіл үйренуші тілді меңгеруі тиіс. Замяткиннің әдісін де кейде матрицалық әдіс деп те атайды. Замяткиннің әдісі туралы айтпастан бұрын, оның шығармашылық жолына қысқаша шолу жасасам, Замяткин Николай Федорович – шет тілдер факультетінің түлегі, АҚШ-та еңбек еткен, ЦРУ-дың қызметкерлеріне, әскерилерге, жасыл берет иелеріне сабақ берген, АҚШ-тың Қорғаныс министрлігінің Монтерейдегі шет тілдер Институтында көп жылдар жұмыс істеген. Ол тіл үйретуді тілдік матрицадан бастайды. Тілдік матрица монологтер, диалогтер, әртүрлі мәтіндер жинағы жазылған аудиожазба болып табылады. Замяткин – шет тілін өз бетінше оқып үйренуге арналған әдістің авторы. Автор өз әдісін «перипатеттік элементтері бар тілдің кері резонансының матрицалық-медитативтік әдісі» деп атайды. Автор өз әдістемесі туралы толық анықтама мен сипаттамасы туралы өзінің «Вас невозможно научить иностранному языку» атты кітабында толық мәлімет береді. Замяткиннің басты пікірлеріне назар аударсақ,

- Мәтін көлемді болмауы, шағын болуы шарт, мазмұны жиі айтылатын сөздерден құралуы тиіс. Аудиожазба тілді қолданушылардың кідіріссіз айтуымен жазылу керек және жазбада музыка, шуылы арнайы әсері бар сияқты оқыс үндер, басқа дыбыстар болмауы қажет. әрбір аудиожазбаның ұзақтығы 10-15 секундтай болуы керек немесе 300-500 таңба қамтылуы шарт. Жазба дөңгеленіп айналуы, яғни бірнеше рет қайталнып жазылуы керек.

- Әрбір дөңгеленген мәтін күн сайын бірнеше рет бірнеше сағат бірнеше күн бойы тыңдалғаны жөн (дұрысы тіл үйренуге кемінде күніне 3 сағат бөлінуі тиіс). Содан соң тіл үйренуші тағы да бірнеше күн бойы мәтінді қадағалап мұқият тыңдауға кіріседі. Енді мәтінді бірнеше күн бойы бірнеше сағат дауыстап, барынша дауыстап оқуы керек.

- Осылайша 25-30 дөңгеленген мәтіндерден матрица жасалады. Матрицаның бір өзі 15-20 мыңдай баспа/әріп таңбасын қамтиды. Тек алғашқы бір мәтінді жетік меңгерген соң бір мәтіннен екінші мәтінге көшуге болады. Барлық мәтіндерді меңгергеннен кейін, 2-3 ай қайтадан басынан бастап аяғына дейін қайталап тыңдалуы, оқылуы тиіс.

Матрица жинақталған соң, яғни мәтіндерді жетік оқып меңгергеннен кейін үйреніп жүрген тіліндегі бейімделмеген шетелдік кітаптарды оқуға кірісу керек. Кітап оқудың арасында үзіліс жасап, оқуды фильмдер көрумен немесе аудиокітап тыңдаумен алмастыруға болады. Оқылатын материал көлемді болғанымен, сөздіктің көмегіне жүгіру аз болуы міндетті.

Негізінен алғанда, бұл Тай-чи мен Замяткиннің әдістерінің кемшілігі немесе минусы деп айтуға болады: жалпыға, яғни үлкенге де, кішіге де бірдей арналмаған, тек ересек тіл үйренушіге арналған. Кішкентай тіл үйренушілерге немесе сол тілде әріп танымайтын, еш сөз білмейтін ересек адамға да қиыншылық туғызады. Артықшылығы матрица қызықты та мазмұнды мәтіндерден, әртүрлі тілдік жағдаяттарды қамтитын диалогтерден, монологтерден құрылған. Аудиокурс тыңдаған тіл үйренуші шет тілде қажетті жағдайда қалай сөйлеу керектігін меңгереді. Ұдайы дыбыстар легін мұқият тыңдау арқылы жекелеген дыбыстар мен сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді дұрыс түсінуді, қабылдауды үйренеді және өзі де дұрыс сөйлеуге машықтанады.

Сонымен қатар тағы да ағылшын тілін үйренуде қолданылып жүрген соны әдістеме ESL – «English as a Second Language» технологиясына қысқаша сипаттама бере кетсем, ESL қазіргі уақытта бірегей әдістеме болып саналады. Бұл ESL әдістемесі ағылшын тілін екінші тіл ретінде оқыту үдерісінде қолданылады және ағылшын тілінің ауызекі сөйлеу деңгейін тез меңгертуге бағытталған. Грамматикалық материалды жаттамай-ақ тек өткен материалдарды қайталамай-ақ аз уақыт ішінде ағылшынша сөйлеуді үйретуді мақсат етеді. ESL әдістемесі бойынша тіл үйренуші балаға грамматиканы ежіктеп түсіндірмей-ақ, үнемі онымен мөйлеседі, әңгімелеседі және бала еліктеу арқылы сөйлеуді меңгеруі тиіс. Жекелеген сөздерді, тіркестерді, сөйлемдерді айтып үйренеді. Бұл

әдістеме кейін бала мектепке барғанда ағылшын тілін тез оқып үйренуіне игі әсерін тигізеді деп саналады.

Ал енді өзін ұсынатын инновациялық әдістемені сипаттар болсам, қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту үдерісінде тіліміздің грамматикасын таза грамматикалық түрде емес, оны өзгетілді дәрісханаға оңтайлап үйрету әдістемесін ұсынамын. Қазақ тілінің грамматикасын функциональды-семантикалық жақтан алып түсіндіру, парадигматикалық тұрғыдан бейімдеп оқыту әдістемесі өзін сабақ беріп жүрген өзгетілді дәрісханада, әсіресе мектеп оқушылары болып табылмайтын тіл үйренушілер үшін өте ыңғайлы әдістеме болып табылады.

Әдебиеттер

1. Алексюк А.Н. Общие методы обучения в школе. – К.: Радянська школа, 1983. – 244с.
2. Краевский В. В., Хуторской А. В. Основы обучения: Дидактика и методика. Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2007.–352 с.
3. Давыдов В. В. Теория развивающего обучения. – М.: ИНТОР, 1996. – 544 с.
4. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2013. – 6-б.

ЖАСТАРДЫ ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІНІҢ МАҢЫЗЫ

Мажикызы Н., Нусупбаева С.А., Ибрагимова М.Н.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Бүгінгі жаһандану дәуірінде қоғамның дамуына байланысты студенттерге білім беру, оларды тәрбиелеу және дамыту міндеттері күн санап өзекті мәселеге айналууда. Сондықтан, еліміздің болашағы болып табылатын жас ұрпақтарды білімді, Отанын, ұлтын сүйетін патриот азамат етіп тәрбиелеу – бүгінгі ұстаздар мен қоғамның алдына қойылған үлкен міндет.

Патриотизм – тарихи және әлеуметтік мазмұндағы табиғаты бар ұғым. Ол әрбір азаматтың бойындағы туа біткен сезім емес. Патриотизм – ол Отанына деген сүйіспеншілік, өз халқына берілгендік оның мүддесі үшін кез келген құрбандық пен ерлік жасауға дайын тұрушылық. Соған орай патриоттық сезімнің басты қамқорлығы Отанына арналады. Сондықтан туған жер, ел байлығы мен табиғаты, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер және т.б. ұлттық құндылықтар патриоттық сезімнен тыс қалмайды. Олар әрбір азаматтың ішкі жан дүниесіне жанашырлық, жақындық, туыстық пен сүйіспеншілік, мақтаныш сезім қалыптастырады.

Қазіргі уақытта қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу ісі мемлекеттік идеологияның негізіне айналып отыр. Жас ұрпақтың бойына жоғары патриоттық сананы қалыптастыру, өз елі үшін мақтаныш сезімі, азаматтық борышын орындауға деген дайындығын тәрбиелеуде Қазақстан тарихын оқып үйренудің маңызы зор. Ұлттық дәстүрге баулуда өз ұлтымыздан шыққан даналарымыз бен батырларымызды дәріптегеніміз дұрыс. Қазақстан тарихы сабағында «Тұлғаны таны» өткізе отырып, тыңдаушыларымыздың тарихи тұлғалардың өмір дерегінен көптеген дерек алуына мүмкіндік береміз. Мысалы, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ыбырай Алтынсарин сияқты тұлғалар кез келген ұлттық тәрбиеге жауап беретін ғұламалар.

Ұлттық тәриенің маңызды бөлігі – өз халқының тарихы мен мәдени ескерткіштері болып табылады. Руың мен отбасының да өткенін есте сақтау пайдалы. Қазақ атамыз «жеті атасын білмеген – жетесіз» деп бекер айтпаған болса керек. Тарихи салт-сана, ұлттық зерде – мәдениетті азаматтық иек артар рухани қазынасы. Өзінің тегін білу ұлттық ерекшелік негізіне арқа сүйеуі тиіс. Оның адамгершілік пен тәрбиелік байқауы қазіргі дәуірдің жалпықазақстандық шаңырақтың мұраттарына сәйкестенуі қажет. Елбасы бұл туралы былай дейді: «Тарихи тек-тамырыңның тереңнен бастау алғанын танып-түсіну, ата-бабаның шапағатын мол шабытты істерін заңды мақтаныш ету, тоталитарлы кезеңнің зардаптарынан айырылу, сөйтіп тарихи сананы уақыт талабына сай қалпына келтіру, ұлттық тұтастануға тегеурінді серпін беруге тиіс».

Қазақстан Республикасының саясаты еліміздің прогресі мен гүлденуінің маңызды шарты ретінде этникалық-мәдени келісімді қамтамасыз етуинтернационалдық мәдениеттің аса маңызды құндылықтары:бірігу мен ұлтаралықтың, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының және т.б. практикаға енуін басты мүдде санайды. Осыған орай «Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы» саяси-әлеуметтік және экономикалық ілгерлеуіміз бен демократиялық реформаларымыздықамтамасыз етудің қажеттіліктерін міндеттеп отыр. Бұл ресми

құжат этникалық-мәдени білім стратегиясы өзара байланысты екі мақсаты: этникалық-мәдени сәйкестендіру мен интеграцияны жүзеге асыруға бағытталып, ұлттық сананы қалыптастырудың, мәдени-тілдік мүдделерді жүзеге асырудың құралы ретінде таратушылық, дамытушылық, саралаушылық, ынтымақтастырушылық сияқты функцияларды атқаруға тиіс. Этникалық-мәдени білім идеясын жүзеге асырудың негізгі шарттары мен принциптері бар. Ал, этникалық-мәдени білім берудің негізгі міндеттері тұрғысында мыналар ұсынылады:

1. Жан-жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу, тұлғаның өзінің төл мәдениетіне сай болуына және өзге мәдениеттерді игеруіне жағдай жасау. Мәдениеттер алмасуына, олардың бірін-бірі байытуына бағдар ұстау;

2. Көптілді жеке адамды қалыптастыру: ана тілінде, мемлекеттік және орыс тілдерінде ұғынысуға қабілетті азаматтарды даярлау. Сол арқылы өзі этникалық тобына қатысты да, мемлекетіне қатысты дабірдей адалдық үлгісін іске асыру.

Қазақстанда мұндай білім жүйесін қалыптастыруға қажетті алғы шарт этникалық-мәдени білім кеңістігін құру болып табылады. Өз мәдениеті арқылы өзге мәдениеттерге бағыт ұстаған адам жан-жақты мәдениетті тұлға деп ұғынылады.

Патриотизм – тәрбиенің жемісі. Ол тарихи ұлттық дәстүрлерге тығыз байланысты. Ұлттық сезімдерді патриотизм арнасына, ортақ отанға оған сүйіспеншілік рухына дұрыс бағыттау үшін бұл ерекшеліктерді жақсы білу және олармен міндетті түрде санасу керек.

Біздің ойымызша, біріншіден, патриотизм тарихи қалыптасатын, ұлттың өмір сүру ізімен жалғасқан дәстүрлі қасиет болғандықтан ұлттан тыс бола алмайды. Екіншіден, кез-келген ұлтқа еңбек сіңірген өзге ұлт өкілдері туралы жекелеген мысалдар сол ұлтқа бүтіндей мінездеме бере алмайды. Үшіншіден, патриоттық сезімді тек биологиялық деп бағалау ғылымға жат нәрсе, оны жануарлардың инстинктімен шатастыруға әсте болмайды. Ұлттың патриоттық қасиеті биологиялық емес, ол – әлеуметтік, идеологиялық дәстүрлі күрледі құрылым.

Оқытушы тыңдаушының алған білімін өмірде іске асыруға дағдылануына, сонымен бірге сойлеу мәдениетін қалыптастыруға көңіл бөліп отыруы керек. Тыңдаушының пән тілінде дұрыс, мінсіз сөйлеуінің басты шарты – пәннің ғылыми тілін жеттік меңгеруі, тіл байлығы, әсіресе ана тілінде еркін сөйлей білуі. Тарихшы оқытушылардың қиындық келтіретін мәселелерінің бірі – оқулықтағы материалдардың аздығы. Бұл шығармашылық пен ізденуді көп қажет етеді. Сондықтан сабаққа қосымша дерек көздерін, зерттеуші ғалымдардың әрқилы пікірлерін пайдалануға тура келеді. Сонымен қатар, кафедра, факультет жанына Қазақстан тарихына байланысты әр түрлі клубтар мен үйірмелер ұйымдастыру керек. Осы үйірмеге өз еркімен келген тыңдаушы үйірме, клуб жетекшілерінің бағыт-бағдар көрсетуімен мәдени-ағартушылық және қосымша өзін қызықтарған бастапқы ғылыми жұмыстарымен айналысуына, сабақтан тыс бос уақытын мәнді де мағыналы өткізуге мүмкіндік алады. Нәтижесінде тыңдаушылардың сабаққа деген қызығушылығы артып, қазақ халқының тарихын білуге ұмтылысы күшейіп, ұлтжандылыққа жетелей түсері даусыз.

Ебасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында тарихи білім беру ісіне ерекше көңіл бөлуі де ойланарлық мәселе. Себебі, Қазақстан тарихын біздер тарихшы дайындаймыз деп оқытпаймыз, ұлт азаматын, Отаншыл ұрпақты тәрбиелейміз деп оқытамыз. Бұдан тарихи білім беру ісінің қоғам үшін өте маңыздылығы, ұлт тағдырына біздің, яғни тарихшы мамандардың жауапты екендігі айқындала түседі.

Жоғарыда айтқандарымызды қортындылай келе, ел болашағы жастарды патриотизмге тәрбиелеуде Қазақстан тарихын оқыту өте маңызды. Өз тарихын жеттік меңгерген азамат өткеннен сабақ алып, болашаққа тура жол таба алады.

I СЕКЦИЯ

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ







ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ШЕШУ ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Абдибекова К.Ж., Смағұл М.Ж., Дауытова Ж.К.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Теңдеулер мен теңсіздіктер мектеп математикасы курсы мазмұнының негізгі бөлігін құрайды және оларды шешуді үйрену оқушының дүниетанымын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратындықтан, мектеп бітірушілерден, жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдерінде білім алып жүрген тыңдаушылардан осы тараулар бойынша білім деңгейінің айтарлықтай жоғары болуы талап етіледі. Теңдеулер, теңсіздіктер, теңдеулер және теңсіздіктер жүйелері болып, тақырыптар логикалық мазмұнда жалғастырылады. Белгілі бір теңдеулер және теңсіздіктер класын шешу барысында келесі кезеңдерден тұратын схемаға жүгінуге болады:

- 1) Теңдеудің, теңсіздіктің түрін анықтау;
- 2) Стандарт немесе стандарт еместігіне көз жеткізу;
- 3) Егер стандарт болса, оны шешудің белгілі алгоритмі арқылы есептеуді жүргізу;
- 4) Егер стандарт болмаса, онда оны қандай әдістер арқылы стандарт түрге келтіруге болатынын немесе қандай жасанды әдістерді пайдалану керектігін анықтау;
- 5) Қажет деп тапқан түрлендірулерді орындау;
- 6) Тексеру;
- 7) Жауабын жазу.

Мұнда төртінші кезең шығармашылық танытуды талап ететіндіктен тыңдаушыларда біраз қиындықтар туғызады. Мұнда, әрине, бұған дейін өтілген материалдар бойынша барлық сәйкес түрлендірулерді орындай білу өте қажет. Мысалы, кейбір тыңдаушылар қарапайым квадрат теңсіздіктерді шешу барысында бірден қателіктерге жол беріп, есептің жауабын дұрыс таба алмайды. Олардан шығармашылықты талап ететін жаттығуларды орындамас бұрын стандарт есептерді жылдам әрі дұрыс шығара білулерін бақылауға алу керек. Сондықтан, оқытушы оларға келесі түрдегі схеманы пайдалануды ұсыну арқылы олардың тақырып бойынша алған білімдерін жүйелеп, негіздеуге мүмкіндік туғызады.

| | $D > 0$ | $D = 0$ | $D < 0$ |
|---------|---|---|---|
| $a > 0$ |  |  |  |
| $a < 0$ |  |  |  |

1. $ax^2 + bx + c > 0$,
 1) $(-\infty; x_1) \cup (x_2; +\infty)$; 2) $(x_1; x_2)$; 3) $(-\infty; x) \cup (x; +\infty)$; 4) \emptyset ; 5) $(-\infty; +\infty)$; 6) \emptyset .

2. $ax^2 + bx + c \geq 0$,
 1) $(-\infty; x_1] \cup [x_2; +\infty)$; 2) $[x_1; x_2]$; 3) $(-\infty; +\infty)$; 4) $x = x_1 = x_2$; 5) $(-\infty; +\infty)$; 6) \emptyset .

$$3. \quad ax^2 + bx + c < 0, \\ 1) (x_1; x_2); 2) (-\infty; x_1) \cup (x_2; +\infty); 3) \emptyset. 4) (-\infty; x) \cup (x; +\infty); 5) \emptyset; 6) (-\infty; +\infty).$$

$$4. \quad ax^2 + bx + c \leq 0. \\ 1) [x_1; x_2]; 2) (-\infty; x_1] \cup [x_2; +\infty); 3) x = x_1 = x_2; 4) (-\infty; +\infty); 5) \emptyset; 6) (-\infty; +\infty).$$

Жоғарыда айтылғандай, тыңдаушылар қарапайым түрлендірулерді жетік игерулері аса маңызды. Алдымен алгебралық теңдеулер мен теңсіздіктерді үйрену бұдан кейін оқытылатын трансценденттік теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуді меңгеруде маңызды екендігін оқытушы ескеріп отыруы қажет. Мысалы, $\sqrt{f(x)} < g(x)$ және $\sqrt{f(x)} > g(x)$ теңсіздіктерін шешу үшін сәйкесінше келесі стандарт схемалар қолданылатыны белгілі.

$$\begin{cases} f(x) \geq 0, \\ g(x) \geq 0, \\ f(x) < g^2(x). \end{cases}$$

$$\begin{cases} f(x) \geq 0, \\ g(x) \geq 0, \\ f(x) > g^2(x). \end{cases} \quad \text{және} \quad \begin{cases} f(x) \geq 0, \\ g(x) \leq 0. \end{cases}$$

Оқытушы келесідегідей мысалдарды қарастырып, шығару жолдарын түсіндіріп, үйретсе, тыңдаушылар есепті шешу барысында ұқсастықтар мен айырмашылықтарды өз беттерімен аңғара алады: $\sqrt{x+3} > x-5$ және $\sqrt{x+3} < x-5$.

Иррационал теңсіздіктер шығару тақырыбын оқытқанда біз олардың екі түрі бар екенін және оларды шешудің әрқайсысына тиісті алгоритмін көрсетіп, осы ережелерді игеруге бағыттаймыз. Тыңдаушы бұл алгоритмдерді дұрыс қолдана білуі міндетті. Дегенмен, осы әдістерді білсек болды, барлық иррационал теңсіздіктерді шеше аламыз деп ойлап қалудың алдын алу қажет. Себебі, кейбір есептерді шығару барысында дайын ережені пайдалану есептің күрделене түсуіне әкеледі де, оқушыда формулалардың бәрі бірдей іске аса бермейді екен деген пікір тууына және пәнге деген қызығушылығының төмендеуіне әкеледі. Мұнда оқытушы теңбе-тең түрлендірулерден өзге, теңсіздіктерді шешудің рационал әдістерін үйретуді дер кезінде орындауы қажет. Теңбе-тең түрлендірулерді орындау арқылы дұрыс шешімін табылмайтын кейбір иррационал теңсіздіктерді интервалдар арқылы шығаруға болатындығын мысалдар қарастыру арқылы көз жеткізуге болады.

Ал, егер, $x\sqrt{10-x^2} > x^2 - 6$ теңсіздігін шығару қажет болса, бізге белгілі стандарт схема тиімді бола қоймайды. Мұнда келесі схеманың ұтымдылығын ескерткен жөн:

- 1) Теңсіздікті $f(x) > 0$ ($\leq, \geq, <, >$) түріне келтіру;
- 2) $y = f(x)$ функциясының анықталу облысын табу;
- 3) $y = f(x)$ функцияның үзіліссіздік облысында нөлдерін табу;
- 4) Табылған нүктелерді функцияның анықталу облысын ескере отырып түзу бойына кескіндеу;
- 5) Пайда болған әрбір аралықтардағы функцияның таңбасын анықтау;
- 6) Жауабын жазу.

Әдебиеттер

1. Костюченко Р.Ю. Обучение учащихся решению иррациональных неравенств. Вестник Омского государственного педагогического университета. Выпуск 2007.

ЗНАЧИМОСТЬ КОНТРОЛЯ ЗНАНИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМ ПРОЦЕССЕ

*Абдилдабекова А.М., к.и.н., проф., Телеуова Э.Т., к.и.н., проф.
КазНУ им. аль-Фараби*

Контроль знаний и умение студентов – один из главных элементов учебного процесса. От его правильной организации во многом зависит эффективность управления учебно-воспитательным процессом и качество подготовки специалистов. Благодаря контролю между преподавателем и студентом устанавливается «обратная связь», которая позволяет оценивать динамику усвоения учебного материала, действительный уровень владения системой знаний, умений и навыков и на основе их анализа вносить соответствующие коррективы в организацию учебного процесса. Цель оценивания сегодня – это выявить способность обучающегося ставить вопросы, рассуждать научно, умение применять научные концепции в реальных ситуациях и эффективно общаться.

Функции контроля:

Проверочная функция. Показатели контроля служат главным основанием для суждения о результатах учения. Данные контроля констатируют не только результаты и оценку учебной деятельности отдельных студентов и преподавателей, но и состояние учебно-воспитательной работы всего колледжа.

Обучающая функция. В ходе контроля происходит повторение, закрепление и совершенствование знаний путем уточнения и дополнения, переосмысление и обобщение пройденного материала. Контроль способствует формированию умений и навыков рационально организовывать учебную деятельность, самостоятельно овладевать знаниями.

Развивающая функция. Контроль заключается в том, что он дает возможность для развития меткости студента, формирования его познавательных способностей. Контроль протекает в условиях обостренной работы внимания, мышления, воображения. При любой проверке студент воспроизводит усвоенное, перерабатывает и систематизирует имеющиеся знания, делает выводы, обобщения, проводит доказательство, что эффективно содействует развитию обучения.

Воспитательная функция заключается в воспитание чувства ответственности и активной учебной деятельности. Правильно осуществляющий контроль преподаватель имеет возможность постоянно побуждать студентов к совершенствованию своих знаний и умений, к развитию потребности в самоконтроле.

Методическая функция. Организуя контроль, преподаватель анализирует результаты своей работы, оценивает свои методы преподавания, выбирает оптимальные варианты обучающей деятельности.

Контроль должен быть:

- Плановым и систематическим, т.е. осуществляться в соответствии с запланированным ходом учебно-воспитательного процесса. Регулярность контроля позволяет своевременно выявлять, исправлять ошибки;
- Объективным, позволяющим реально оценивать успехи и недостатки учебной деятельности студентов. Объективность определяется обоснованностью целей и содержания обучения, требований к знаниям умениям и навыкам студента, соответствиям содержания проверочных заданий целям проверки;
- Всесторонним, т.е. более полно выясняющим фактический уровень усвоения студентами учебной информации, охватывающим все разделы программы;
- Индивидуальным, т.е. учитывать психолого-физиологические особенности студентов. Требования предъявлять ко всем одинаковые, но принимать во внимание индивидуальные качества каждого (природной медлительности, робость, застенчивость, измененную самоуверенность, физические недостатки);
- Экономичным по затратам времени преподавателя и студентов, обеспечивающим анализ проверочных работ, и их обстоятельную оценку в короткий срок;
- Педагогически тактичным, т.е. осуществляться в спокойной деловой обстановке. Не следует торопить студентов с ответом или прерывать вопросом. Все замечания, указания и оценки необходимо делать в тактичной и доброжелательной форме.

Из литературы по конструктивизму следуют три базовых идеи конструктивизма: обучение является активным процессом, обучающий имеет предшествующее знание, и обучающий берет на себя ответственность за собственное обучение. Прежде всего, давайте проясним, что мы оцениваем? В педагогике знание делят на несколько видов:

- декларативное знание – что мы знаем, почему мы знаем, как мы знаем,
- прикладное знание – использование знания в различных ситуациях,
- процесс использования знания для решения проблемной ситуации,
- критическое мышление – оценка понятий, связанных с исследованием,
- знание-понимание – синтез концептов, процессов и умений[1].

Конструктивистское обучение является активным процессом и альтернативное оценивание является его частью. Оценивание является важным компонентом обучения, который направляет процесс обучения. Вместо тестирования с целью выявления присутствия или отсутствия кусочков информации, альтернативное оценивание предоставляет средства понять, могут ли студенты организовать, структурировать и использовать информацию для решения сложных проблем.

Задание – деятельность использует задания, которые позволяют студентам демонстрировать свои знания, умения и стратегии путем создания продукта или ответа. В отличие от традиционных стандартных тестов, в которых студенты выбирали один из предложенных советов, задание – деятельность требует от студента выполнить задание или создать свои собственные ответы. Например, это может быть задание выступить с докладом. Задание имитирующее вид работы из реальности называется аутентичным

Например, на занятиях по истории Казахстана студентов географического факультета просят создать рекламный туристический буклет об исторических местах Южного Казахстана, связанным с функционированием Великого Шелкового пути в Казахстане. После этого студенты должны сообщить о известить общественность через социальную рекламу или информационный буклет.

Задание – деятельность дает возможность задействовать у студентов навыки мышления высшего порядка, таких как оценка надежности источников информации, обобщения информации, чтобы сделать выводы, или с помощью дедуктивного / индуктивное рассуждение, решить проблему.

Задание – деятельность могут требовать от студентов выработать доказательство на основе подтверждающих документ в по истории или социальных науках, провести контрольный эксперимент в науке или решить комплексную проблему или создать модель в математике.

Литература

1. Кундакбаева Ж.Б., Алимгазинов К.Ш., Абдилдабекова А.М., Телеуова Э.Т. «Новые парадигмы в преподавании истории Казахстана: конструктивистская педагогика и инновационные технологии обучения». 2015, 8 п.л. «Қазак университеті», – 125 с.

ИННОВАЦИОННАЯ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ТЕХНИЧЕСКОМ ОБРАЗОВАНИИ

Абеуова А.С.

Алматинский аграрный колледж

Изучая последнее «Послание Президента РК Назарбаева Н.А. к народу» и Государственную программу развития профессионального и технического образования в РК, моё внимание привлёк материал о направлениях в развитии профессионально-технического образования в Республике Казахстан на современном этапе. Актуальность этой проблемы очень важна и интересна для нас, специалистов ТиПО. Перед нами жизнь ставит следующие цели: модернизация системы ТиПО в соответствии с запросами общества и индустриально-инновационного развития экономики, интеграция в мировое образовательное пространство.

В мире всё больше распространяются демократические процессы, поэтому становится очевидным тот факт, что учащиеся должны быть способны решать трудные проблемы, подходить к ним критически, иметь альтернативные мнения и принимать правильные решения. Поэтому время требует от учителей качественного изменения мотивации учащихся к обучению, способствующей превращению интереса в достаточно устойчивое личностное образование. Ни учителей, ни учеников не удовлетворяет традиционный подход к обучению, когда педагог, пропуская содержание урока через себя, невольно навязывает учащимся те или иные умения и навыки.

Слова о необходимости внедрения инновационных технологий в образовательный процесс звучит в последние годы повсеместно. В настоящее время инновационная педагогическая деятельность является одним из существенных компонентов образовательной деятельности любого учебного заведения.

Понятие «инновация» означает новшество, новизну. Изменения; инновация как средство и процесс предполагает введение чего – либо нового. Применительно к педагогическому процессу инновация означает введение нового в цели, содержание, методы и формы обучения и воспитания, организацию совместной деятельности педагога и обучающегося. Все это настоятельно ставит задачу прояснения понятия инноваций и его отношения к образовательному процессу. Необходимо, прежде всего, понять, чего же мы хотим, какова цель, каковы задачи, этапы, средства и методы нашего проекта, в чем состоит его конечный смысл.

Под инновациями в образовании мы понимаем процесс совершенствования педагогических технологий, совокупности методов, приемов и средств обучения. Инновационная деятельность направлена на разработку, апробацию и внедрение в практику деятельности объединений современных педагогических технологий, направленных на эффективное решение тех приоритетных задач, которые заявляет педагогический коллектив.

Основная цель современных инновационных технологий – организация взаимосвязанной деятельности преподавателя и обучающегося с учетом принципа индивидуализации обучения, которая направлена на обеспечение планируемых результатов.

Инновации в образовании, на мой взгляд, это использование новых, повышающих эффективность способов, средств подачи информации, обучения самостоятельному поиску нужной информации, проверке ее адекватности, повышения интереса учащихся к новому материалу, контроля за усвоением информации.

Уже сейчас наши преподаватели повышают свой профессиональный уровень с помощью различных форм работы по самообразованию – это участие в методических подразделениях колледжа: семинарах, конференциях, методических днях и неделях, педагогических чтениях, совещаниях классных руководителей, заседаниях предметно-цикловых комиссий, педагогических советах. Одной из эффективных форм работы является ШМП (школа молодого преподавателя), где опытные преподаватели выступают в роли наставников для молодых коллег.

Творческая работа преподавателей обобщается и систематизируется в создание авторских программ, электронных учебников, УМК, сборников дидактического и методического характера.

Государственная программа развития системы профессионального и технического образования рекомендует:

1. Овладеть новизной (обучить и преподавателей и студентов новым технологиям, новому типу мышления);

2. Удовлетворять рыночному спросу (подготовить компетентных конкурентоспособных специалистов);

1. Приносить прибыль, как производителю услуг – производству, так и государству в целом.

Поэтому уже сейчас ведётся такая работа:

- обновлены государственные общеобязательные стандарты ТипО, образовательные программы
- разработаны типовые учебные программы по специальным дисциплинам, учебная литература;
- разработаны модульные программы для получения нескольких квалификаций, создан банк данных модульных программ.

Техническое и профессиональное образование, призвано обеспечить экономику страны профессиональными техническими кадрами с целью дальнейшего перехода к высокоэффективной инновационной модели.

Таким образом, опыт независимого развития Казахстана наглядно показывает, что состояние образования во многом определяется результативностью социально-экономического развития страны. Сегодня Казахстан является региональным лидером реализации требований Болонской конвенции. Введение новой образовательной модели позволило внедрить многоуровневую систему подготовки специалистов, значительно повысить уровень и качество образования в целом, сделать казахстанские дипломы конкурентоспособными. Участие Казахстана в Болонском процессе предоставляет возможность изучения программ обучения на различных уровнях высшего образования, обмен передовой практикой в исследованиях и преподавании, внедрение прогрессивных методов управления вузами. Актуальным является формирование единого образовательного пространства стран СНГ и включения его в международную образовательную систему.

Подводя итоги ко всему сказанному выше, хочется отметить положительные инновационные сдвиги в образовательной системе ТипО, а также порадоваться перспективе намеченных планов. Стоит отметить, что Казахстан первый среди стран СНГ создал на базе бывшего начального и среднего профессионального образования систему технического и профессионального образования,

что позволяет придать подготовке кадров техническую направленность и присваивать несколько уровней квалификации.

Литература

1. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации народу Казахстана «Единая цель, единые интересы, единая страна».
2. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года № 1118.
3. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. М.: Народное образование, 2006 г.

ТАРИХ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Абилбекова Э.М.

Алматы аграрлық колледжі

XXI ғасыр – ғылым ғасыры. Сондықтан жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгешеліктер жүріп жатыр.

Елбасымыздың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдаудың негізгі тірегі – әлемдегі стандарттар деңгейінде білім беру болып табылады. Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу, тәуелсіз еліміздің болашағы жастардың білім алуына ерекше көңіл бөледі. Бүгінгі таңда оқытудың жаңа техникаларын пайдалану өмір талабы. Жалпы «XXI ғасыр инновация мен индустрияның заманы».

Қазіргі кезеңде бұрынғы дәстүрлі болған қалыпты сабақ беру әдісін жаңа мазмұнда ұйымдастыру және жаңа технологияны пайдалана отырып түрлендіру уақыт талабы. Өйткені бүгінгі қоғамдағы өзгерістермен бірге білім беру жүйесінде де сабақтың жүргізілу барысына да, жаңа талап, жаңа міндет әкеледі. Инновация өздігінен пайда болмайды және ұжымның шығармашылықпен зерттеулері мен ізденістерінің озық педагогикалық тәжірибелерінің нәтижелері. Инновация ағылшын тілінде жаңаны енгізу, жаңаша бастау деген мағынаны білдіреді екен. Сөздің ауқымды мағынасында ғылымның жетістіктері мен озық тәжірибеге негізделген техника мен технологияларды және еңбекті ұжымдастыру мен басқару салаларындағы жаңалықтарды өмірге енгізу болып есептеледі.

Тарих пәнінде инновациялық қызмет дегеніміз елдегі жинақталған білім, оқыту әдістемелері, тәсілдері, оқыту технологиялары, оқытудың түрлі техникалық құралдарын оңтайлы, ұтымды, мақсатты ойластыра, орынды, мерзімінде пайдалану, оқу процесін тиімді қайталау, пысықтау, басқаруды жетілдіру болып есептеледі.

Қазіргі заман оқытушысынан тек өз пәнін терең білгір болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық, психологиялық сауаттылық, саяси-экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Тарих ғылым және пән ретінде білімнің аса маңызды саласына жатады. Өйткені ол бүкіл адамзаттың тарихын, жүріп өткен жолын, жинаған тәжірибесін баяндайды. Тарихты білу әрбір адамға қажет әрі пайдалы. Сонда ғана адам өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы орнын, істейтін қызметін дұрыс анықтайды, келешегін де болжай алады. Ғұлама ғалым Н.М. Карамзин: «Тарих – әр бір ұлтың ең басты кітабы», – дейді. Тарихқа деген қызығушылығын арттыру үшін сапалы білім берудің тиімді жолдарын таңдау, тарихи және мәдени мұралармен таныстыру, қосымша элементтерді пайдалану мен тарихи деректерді оқып үйренуге дағдыландыру, баяндама, рефераттар, хабарлама жасату, өз бетінше оқып білім алып, шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау сияқты жаңа педагогикалық технологиялар мен инновациялық бағыттарды, әдістер мен тәсілдерді енгізу және т.б.

Осыған орай, орыстың ұлы педагогі К.Ушинский «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімділігі де жойылады»-деген сөзін әр уақытта естен шығармауымыз қажет. Ал біздің мақсатымыз – білімалушының сабақ үстіндегі оқу – әрекетін тиімді әрі қызықты етіп ұйымдастыру.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушылардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару білімалушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір білімалушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Тарих сабағының неғұрлым тиімді жаңа түрлерін пайдалану білімалушы белсенділігін арттыруда маңыздылығын зор, айта келе, өз педагогикалық жолымда пайдаланып жүрген білім беру технологияларына тоқталғым келеді.

Ақпараттық технологияның көмегімен жүргізілетін сабақтарда білімалушылар өзін белсенді және еркін, оқытушымен тең дәрежеде ұстай алады. Тарих сабақтарында ақпараттық технологияны енгізу арқылы сабақтың белсенділігін арттыруға, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға, сабақты шапшаң жүргізуге, өздік жұмыстың көлемін көбейтуге болады.

Тарихшы ұстаз АКТ қолдану арқылы әртүрлі сабақтарға презентациялар дайындап интерактивті тақта мүмкіндіктерін шебер қолдана білсе сабақтың тартымды әрі қызық өтетіні анық, әрі білімалушы белсенділігін арттырады. Әр сабақта интернет, электронды почта, электронды оқулық, ғаламдық ақпарат жүйесін пайдалана білуі тиіс.

Ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивтік тақта, мультимедиялық және онлайн сабақтары. Интерактивті тақтаның мүмкіндіктері оқытушыларға білімалушыны оқытуда бейне және ойын бағдарламаларын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл тақтамен әр сабақты қызықты өткізуді ойластырып, жоспарлаймын, себебі қолда бар мүмкіндіктерді пайдалану арқылы білімалушыларды жаңа заман технологиясын игеруге үйретеміз. Демонстрациялық материалдар даярлау, топпен кері байланыс жүргізу үшін интерактивті тақта мүмкіндігі шексіз. Интерактивті тақтаға термин сөздерді жазып сөздікпен жұмыстар жүргізу білімалушылардың сөздік қорын да байытып, қажетті мәліметтерді еске сақтауына мүмкіндік береді және осы тақырыпқа деген қызығушылығын арттырады.

XXI ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны пайдалану әдісі зор рөл атқарады.

Осы орайда ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауындағы «оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды білім беру саласын жақсартуда қолданыс аясын кеңейту керек» деген сөзін басшылыққа ала отырып, сабақта жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануға жаппай көшуіміз керек. Ақпараттық технологияларды сабақта пайдаланудың негізгі мақсаты: Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану, Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыру болып табылады.

Көптеген жаңа технологиялармен қатар соңғы кездері тарих пәні сабақтарында ақпараттық технологиялар жиі қолданылуда. Осыған байланысты күнделікті сабаққа:

- мультимедия (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды);
- компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта);
- интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже береді.

Мұндай қондырғылар білімалушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауға және алған мәліметтерді нақтылауға мүмкіндік береді. Білімалушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту оқытушының сабақ өткізу тәсіліне де байланысты. Қазіргі таңда оқудың интерактивті әдіс-тәсілдері өте көп.

Педагогикалық ғалым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай ең тиімдісін таңдап алу және олардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре тиімді, үйлесімді әрі шығармашылықпен қолдану – сабақтың сәтті өтуінің кепілі. Осы ретте мына мәселелерге баса назар аударғым келеді.

1. Оқытушы сәтсіз өткен сабақтарға өзіндік талдау жасап өз кемшілігін іздеуге әрекет жасау керек.

2. Білім мен тәрбие беруде жариялылық, педагогикалық, ынтымақтастық, ғылыми-әдістемелік, тың ізденістерге сүйене отырып жаңашылдыққа талпыну қажет.

3. Оқытушы күнделікті әр сабағына шығармашылықпен дайындалуы керек. Өйткені, сабақ-оқытушының өнері, шығармасы. Сондықтан әр сабақты тиімді ұйымдастыруда білімалушыны жалықтырмайтын, қабілетін арттыратын жағдай туғызуға ықпал етуміз керек деп ойлаймыз.

Ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы тағы бір мүмкіндігі – ол электронды оқулық. Электрондық оқулық – бұл дидактикалық әдіс – тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Электронды оқулықпен оқыту оқытушының білімалушымен жеке жұмыс жасағандай болады. Электрондық оқулық тек қана білімалушы үшін емес, мұғалімнің дидактикалық әдістемелік көмекші құралы да болып табылады.

Қазіргі заманның даму қарқыны оқытушылардан шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі білімалушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырады. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы білімалушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары болмақ. Жаңа ақпараттық техникаларын пайдалану соңғы уақытта білім беру жүйесінде маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Тарих пәні бойынша компакт диск ақпарат құралдарын пайдалана отырып, мен сабақ барысында білімалушылардың қабілетіне, білім деңгейіне, ынтасына қарай топқа бөліп, өз бетімен еңбектенуге, ізденуге, шығармашылыққа баулып, қорытынды жасауға машықтандырамын, білім алушының ақыл-ойын дамытып, өзіндік дүниетанымын қалыптастырамын, сабаққа ынтасын арттырып, тапсырманы орындау барысында жіберілген қателер мен кемшіліктерді уақытында анықтап түзетуге мүмкіндік беремін.

Сабақ барысында білімалушыларды біліммен қаруландырып қоймай оларды қисынды ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін білім алушылардың шығармашылық ізденісін, тапқырлығын, зеректігін, ойлауға икемділігін, өмірге ғылыми көзқарасын дамытуға танымдық ойындарда қолданамын.

Оқытушы үшін ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- Білім алушының өз бетімен жұмысына;
- Уақытын үнемдеуге;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеруге;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- білім алушының ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларды оқып, үйреніп, сараптай келе, мынадай тұжырым жасауға болады:

– білім алушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технология түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты;

– жаңа инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады;

– жаңа инновациялық оқыту технологияларын енгізу барысында әрбір оқу орнының материалдық-техникалық базасының бүгінгі талапқа сай еместігі, әрі жетіспеуі, кадрлық әлеуметтің төмендігі көп кедергі жасайды.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты – оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір оқытушының негізгі міндеті болып табылады. Біздің ойымызша, оқу орындарында инновациялық басқару жүйесін енгізіп, оны жүзеге асыру міндет.

Қорыта келгенде, жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай:

– әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;

- білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;
- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;
- аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

Шын мәнісінде еліміздің әлеуметтік, мәдени, саяси, психологиялық жай-күйі халықтың білім жүйесінен, оның деңгейінен, ағартушылық іс-әрекетінен анық аңғарылады.

Осы орайда, жазушы Ә.Кекілбаевтың «Уақыттың жалғыз өлшемі бар, ол – адам ғұмыры. Адам ғұмырының жалғыз өлшемі бар, ол – арттағы халықтың қамы үшін бітіретін іс» -деген сөзін еске алсақ, осындай үлкен іс атқарар бір сала – қоғам мен оқытушы. Сондықтан да жаңа заман форматындағы күзиретті тұлғаны тәрбиелеу оқытушы міндеті деп есептеймін.

Әдебиеттер

1. Қабықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004
2. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – // Қазақстан мектебі, №4, 2008
3. С.Т. Мұхамбетжанова, Ж.Ә. Жартынова, Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. – Алматы, 2008.
4. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.
5. А. Салихова «Оқушылардың шығармашылығын дамыту». Ғылыми-әдістемелік журнал, №5-2009 ж.

КЕРЕЙ ХАН ТҰЛҒАСЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ

*Арыстанбекова Қ.Д., Қошымова А.О., PhD докторанты,
Сандықбаева Ө.Д., ф.ғ.к.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

XXI ғасыр жаһандану заманында білім беру жүйесі интеллектуалды азамат қалыптастыруға, қойылған міндеттер бойынша жастардың дүниетанымын өзгертіп, олардың жаңаша ойлау қабілеттерін арттыруға, білімге деген құштарлығын оятуға, отансүйгіштік қасиетін одан әрі дамытуға бағытталып отыр. Білім жүйесін әлемдік дамыған инновациялық технологиялармен жабдықтау, білім мен ғылымның халықаралық стандартын меңгеру, сапалы білім беруге қол жеткізу, қоғам сұранысына жауап беретін білікті маман даярлау қажет.

Тарих – қай елдің болмасын рухани іргетасы әрі ұлттық мәйегі. Сондықтан да халық өзінің рухани болмысымен танысып, сусындағысы келсе тарихының терең қатпарлары мен сандаған қырларына үніліп, сырларынан нәр алуы тиіс.

Сайын сахарда іргелі ел болып, етек-жеңімізді жиып, экономикалық-әлеуметтік жағынан дамуымызға өз қал-қадерінше септігін тигізген қоғам қайраткерлері қаншама. Оларды сонау Қазақ хандығын құрған Керей мен Жәнібек хандарымыздан бастап, бүгінгі күнде қоғамда ірі-ірі ізгі істерімен көзге түсіп жүрген азаматтарымызға дейін тізіп алып келуімізге болады. Елді біртұтас етіп біріктіру де, қоғамды даңғыл бір жолға салу да, өз өмірін еліне арнаған тұлғалардың арқасында ғана жүзеге асатыны белгілі. Ал олардың қоғамда атқарған іс-әрекеттерін студенттерге үлгі ретінде көрсете отырып тәлім беру, патриоттық сезімге баулу өте маңызды. Себебі түсінікті: тарихты жеке тұлғалар жасайды. Өкінішке орай, Қазақ хандығының негізін қалаушы ұлы хандарымыз жайында деректер жоқтың қасы. Мүлдем жоқ деуге де келмейді, алайда Қазақ хандығының негізін қалаушы хандарымыз – Керей мен Жәнібек хандар хақында жазба деректеріміздің мардымсыздығы олардың өмір сүрген кездері жайында және мемлекетімізді құрудағы атқарған ересен еңбектерін жете білуімізге, толық дәрежеде зерттеп, талдап-тануымызға белгілі бір деңгейде қолбайлау болатыны түсінікті. Дегенмен, кей дерек көздерінен олардың хандықты қандай жағдайда құрғандығы, атқарған істері жайында кездестіріп, аз да болса сол деректерге жүгінеміз.

Керей хан туралы XV ғасырдың ортасына дейін ешбір жазба деректер кездеспейді. Ол туралы дерек жазба беттерінде артынан ерткен бір топ қазақ хандығының халқын бастап Шу мен Қозыбасы жеріне бастап келуіне байланысты орын алады. Қазақ хандығы туралы бізге жеткен жазба деректердің бірі – Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» еңбегі. Бұл еңбек негізінен Моғолстан мемлекеті тарихына арналған. Десек те сол кездегі тарихи, саяси жағдайларға байланысты «Тарих-и-Рашидиден» Қазақ хандығына қатысты деректер кездестіруге болады. Қазақ хандығының құрылуына 1457 жылдан кейінгі Керей мен Жәнібек сұлтандардың Әбілхайыр ханға наразы бір топ халықты бастап батыс Жетісу жеріндегі Шу мен Талас бойына көшіп кетуі осы еңбектен белгілі еді.

Ол кезде Жетісуді билеген Моғолстан ханы Есенбұға (1434–1462 жылдары билік еткен) қоныс аударған қазақтарды Әбілхайырға қарсы пайдалану үшін қарсы алып, өз аумағынан қоныс берді. Осы оқиға жөнінде тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегінде былай дейді: «Ол кезде Дешті Қыпшақты Әбілхайыр хан биледі. Ол Жошы әулетінен шыққан сұлтандарға күн көрсетпеді. Нәтижесінде Жәнібек хан мен Керей Моғолстанға көшіп барды. Есенбұға хан оларды құшақ жая қарсы алып, Моғолстанның батыс шегіндегі Шу мен Қозыбас аймақтарын берді. Олар барып орналасқан соң, Әбілхайыр хан дүние салды да, өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды. Ірі-ірі шиеленістер басталды. Оның үлкен бөлігі Керей хан, Жәнібек сұлтанға көшіп кетті. Сөйтіп, олардың маңына жиналғандардың саны 200 мыңға жетті. Оларды өзбектер – «қазақтар» деп атады. Қазақ сұлтандары 870 жылдары (1465–1466) билей бастады...» [1, 65-б.].

Махмуд ибн Уәли қазақ билеушілерінің ауа көшуінің лажсыздан болғандығын атап көрсетеді: «Когда Абу-л-Хайр-хан одержал верх над сыновьями своих дядей в областях Дашт-и Кипчака, некоторые из потомков Тукай-Тимур-хана, имена отцов которых будут подробно упомянуты в перечне имен хаканов, (происходящих от) Тукай-Тимура, вышли из круга подчинения и повиновения (и) предпочли покинуть родину. Отказавшись от унаследованный (от предков) страны, они ступили на дорогу, (ведущую) на чужбину» [2]. Әбілхайырға бағынудан бас тартуының себебін олар мұрагерлік дәстүрлер бұзылды, Ақ Орда хандарының ұрпақтарымыз, біздің билік жүргізуге хақымыз бар деген дәлелмен түсіндіреді. Шындығында сұлтандардың бөлінуінің себебі жеке бастың мәселесінен туындаған өкпе-наразылық емес, өздерін биліктен айырған бүкіл Шайбани әулетіне деген қарсылық еді.

Еңбектердің басым көпшілігінде Жетісу жеріне жылжыған қазақтарды тоқтатуға Моғолстан мемлекетінің күші жоқ еді немесе қазақтарды Әбілхайырға (кейбір жерлерде ағасы Жүніс ханға) қарсы күш ретінде пайдалану үшін қарсы алып, жер бөліп берді деп көрсетіледі. Енді мына бір үзіндіге зер салайық: «Меніңше, Керей мен Жәнібек Әбілқайырдан бөлінбей тұрып, алдын-ала қайда баратынын айқындап, келісіп алған. Қалай болса да екі сұлтан Әбілқайыр ханның қарсыласына кетуді ұйғарғаны «Менің жауымның жауы маған жау емес» деген қағида бойынша, оларға моғол ханы Есен Бұға хан тиімді болады. Екі жақты өзара келісімнің болғандығын төмендегі жағдайлар қуаттайды. Біріншіден, Керей мен Жәнібек қарамағындағы ұлысымен М. Елеуовтың аңызында бір түмен елмен көшкен. Осыншама адаммен, төрт түлік малымен мақсатсыз, бағыт-бағдарсыз көшу ақылға сыймайды. Ұлыспен түгелдей көшуге қарағанда алдын-ала уағдаластық болған. Екіншіден, Моғол ханы Есен Бұға хан сұлтандарды құрмет көрсетіп күтіп алады» [3].

Деректерде көрсетілгендей, Қазақ хандығының құрылуы екі ханның қол астындағыларды ертіп Жетісу жеріне келуінен бастау алады деген пікірді барлық зерттеушілеріміз қостайды.

Қандай да бір тарихи зерттеулер мен әдебиеттерді алсақ та, оларда Қазақ хандығын құрушылар Керей мен Жәнібек хандар деп айтылады. Енді студенттерде не себептен алғашқы хан Жәнібек емес, Керей болды деген заңды сұрақ туындайды. Бұл мәселеге келер болсақ, қыпшақ мемлекеттілігіндегі өзіне тән дәстүр бойынша хандық билік әкеден балаға емес, әкеден немере туысқа немесе ініге берілетін еді. Моңғол жаулауы салдарынан билік әкеден балаға қалдырылатын болды. Десек те, келе-келе бұл дәстүрді жергілікті халық өздерінің ежелгі дәстүрімен ығыстырып шығарды. Бұл жөнінде Кәрібаев Берекет ағамыз өзінің «Алғашқы қазақ ханы – Керей хан» деген мақаласында былай дейді: «Әбілқайыр ханға дейін Дешті Қыпшақтың билеушісі Барақ хан болған еді. Моңғол дәстүрі бойынша келесі хан оның ұлы Жәнібек болуы тиіс. Жергілікті халық дәстүріне сай келесі билік Барактың немере туысы Керейге тиді. Ал Керейден соң оның ұлына билік тимей, Жәнібек хан болды. Жәнібектен соң хан Бұрындық болды».

Керей алғашқы қазақ ханы, Ақ Орда ханы Орыстың ұрпағы. Таратып айтар болсақ, Жошының кенжесінің бірі Тоқа Темірден төрт бала: Урук Темір, Өз Темір, Баймұр және Баян. Осының Өз Темірінен төрт бала: Қарақыр, Сарыжа, Абай және Қожа туады. Сарыжадан – Кончак, одан Тұғлу Қожа, одан Тойқожа, одан Тоқтамыс, одан сегіз ұл: Жалаладдин, Жаппарберді, Кепек, Кәрімберді, Ескендір, Бусаид, Күшік, Қадырберді. Қожадан екі ұл: Садық және Бәдік (Әбілғазыда Бадақұл). Осының Бәдігінен бір ұл – Өріс (Орыс), бір қыз – Сиха. Қазақ хандары осы Өрістің ұрпақтары [4, 73-74 бб.]. Орыс ханнан – Тоқтақия – Болат – Керей тараған. Ол Болаттың жалғыз ұлы.

Мұхаммед Шайбанидың «Тауарих-и гузида-йи нусратнаме» дерегінде қазақ хандары ретінде Керей хан мен Жәнібектің есімдері кездеседі., ал Камаладдин (Шир) Әли Бинайдың «Шайбанинаме», Молла Шадидің «Фатхнама» деректерінде тек қана Жәнібек есімі кездеседі.

Бүгінгі күнге дейін жеткен тағы бір тарихи жазба деректе Керей ханның есімі соңғы рет 1472–1473 жылдары Сырдария жағасындағы қалалар үшін Моғолстан ханы Жүніс хан ордасына Бұрыш оғлан деген сұлтанның шабуыл жасауына байланысты аталады. Аңыз бойынша Керей хан Қазақ

хандығында он жылдай билік жүргізген және Хан тауы етегінде жерленген. Соған қарағанда Керей хан 1470 жылдардың басында қайтыс болған. Десе де Керей ханның қай жылы және қандай жағдайда, қай жерде қайтыс болғандығы жайында нақты еш дерек жоқ.

Керей ханның үш ұлы болды. Олар: Бұрындық хан, Қожа-Мұхаммед және Сұлтан Әлі. Керейден тараған Қожа Мұхаммед пен Сұлтан Әлі жайында деректер кездеспейді. Ал, Бұрындық хан жайында оның хандық билікте 30 жылдан астам уақыт отырып, билік жүргізгендігі жайында деректер бар. Содан кейінгі Қазақ хандығының билік тізгіні Жәнібек хан ұрпақтарының қолына түпкілікті түрде өтеді.

Қорыта келе айтарымыз, тәуелсіздікті тәу етіп, Отанымызға қамқор болатын жастарымызды тәрбиелеу жолында аянбай тер төгуіміз қажет. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында білім сапасын арттыруды ең басты мәселелердің қатарына қояды.

Кез-келген өркениетке ұмтылған ел ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, білімі мен ғылымын да өркендетуге бет бұрады. Бүгінгі жастарды бабаларымыздың аманаты – Тәуелсіздіктің киесін құрметтеуге, мейірімін арттырып, мәртебемізді өсірген еркіндіктің қадірін бағалай білуге, сол арқылы ұлт пен тарих алдындағы жауапкершілігін жете сезіндіруге тиіспіз.

Әдебиеттер

1. Қаражан Қ.С. Қазақстан тарихы. – Алматы «Қазақ Университеті», 2008. –65-б.
2. Бахр ал-асрар, л. 124а; МИКХ, с. 352
3. XV–XVIII ғ.ғ. Қазақ хандығы тарихының материалдары. – А., 1969. –352-б. /Б. Кәрібаев. Алғашқы қазақ ханы – Керей хан. Егемен Қазақстан. – 1997. 22 наурыз.
4. Салғараұлы Қойшығара. Қазақтар: Роман-эссе. – Алматы: Өнер, 1995. –73-74 бб.

ИННОВАЦИЯЛАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МОДЕЛІ

*Асанов Н.А., п.ғ.д., проф., Әмірханов М.Б., Ибрагимова М.Н.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Қазақстан Республикасының білім беру саласында инновацияларды қолданудың мәдениетін қалыптастыру үрдісі басымды қажеттілік туындатып отыр. Бұл жағдай жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың теориялық моделін қалыптастыруға итермелейді. Себебі, жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың мәдениеті теорияда негізделеді, яғни жүйелі теориялық моделін қалыптастыруды міндеттейді. Осы ретте, жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың теориялық моделінің логикалық алгоритмін жасау қажет.

Логикалық алгоритм бойынша, жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқаруды мақсатты жүзеге асыру керек. Себебі мақсат инновацияларды басқару әрекетін жүйелейді және функционалды қызметін атқаруға бағыттайды. Осы ретте нақты мақсатты анықтау қиын. Себебі мақсат білім беруге қоятын талаптарға байланысты. Әр жоғары оқу орындары білім беру саясатын өздері анықтайды. Бұл жағдайда, тек жоғары оқу орындарына ортақ жалпы мақсатты анықтауға болады.

Көп ғалымдардың ғылыми тұжырымдарын талдаудың негізінде жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың мақсатына жалпы анықтама берілді. Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың мақсаты – жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды тиімді қолдану мәдениетін қалыптастыру арқылы оқу-тәрбие үрдісінің сапалы нәтижесін қамтамасыз ету.

Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың мақсаты нақты міндеттер арқылы орындалады. Инновацияларды басқарудың негізгі міндеттеріне:

Оқу-әдістемелік жұмысына қолданылатын инновацияларды жобалау;

Оқу-әдістемелік жұмысына қолданылатын инновациялық жобаларды жоспарлау және ұйымдастыру;

Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды ресурстармен қамтамасыз ету;

Оқытушылардың тиісті құзыреттілігін қалыптастыру;

Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды нормативтік, әдістемелік құжаттармен қамтамасыз ету;

Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялардың жүзеге асуын мониторингілеу;

Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялардың тудырған нәтижелеріне сараптама жүргізу;

Кері байланыс орнату;

Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялардың нәтижесін талдау және дамыту.

Көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру үшін арнайы бір нормаларға сүйену көмегімен жүзеге асырылады. Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың нормалары ең алдымен ұстанатымдардан тұрады.

Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың келесі негізгі ұстанымдары бар: *жүйелілік пен тұтастық, синергетикалық, мақсаттық – бағдарлылық, технологиялық, құзыреттілік, нәтижелілік, кері байланыстық* ұстанымдар. Көрсетілген ұстанымдар жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқаруды жан-жақты тұғырларда жүзеге асыруға қолдаушылығын тигізеді.

Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың бірнеше тұғырлары қалыптасқан: жүйелілік тұғыр, біртұтастық тұғыр, үрдістік тұғыр, синергетикалық тұғыр, құрылымдық тұғыр, құзыреттілік тұғыр, жобалаушылық тұғыр, жеке тұлғалыққа бағдарланған тұғыр, техникалық дамыту тұғыры және тағы да басқалары. Қалыптасқан тұғырлар бойынша инновацияларды басқару, сонымен қатар, арнайы қағидаларды ұстануға негіздейді.

Теориялық тараптан басқарушылыққа тән қағидалар қатарына келесілер кіреді: оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялардың жағдайларының басқарылымды ауысуы; стихиялық басқарудан саналы басқару механизмдеріне ауысу; ақпараттық, материалды-техникалық және кадрлық қамтамасыз етілуі; инновациялық үрдістің нәтижесін болжау; инновациялық үрдістердің тұрақтылығын күшейту; инновациялық үрдістердің дамуын тездету. Осы қағидалардың негізінде оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың әдістері қалыптасады.

Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың көп әдістері теориялық және практикалық тәжірибеде қалыптасқан. Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың әдістері әр бағытта, әр формада қолданылады. Әдістер негізгі үш негізгі топтамаға бөлінеді: жалпы ғылымдық, нақты ғылымдық-теориялық, эмпирикалық әдістер. Жалпы ғылымдық әдістерге: тарихи әдіс, салыстыру әдісі, анализ, синтез, индукция, дедукция және тағыда басқалары. Нақты ғылымдық-теориялық әдістерге: синергетикалық, жеке тұлғаға бағдарланған әдістер, жүйелік әдісі, танымдылық әдіс және тағы да басқалары. Эмпирикалық әдістерге: бақылау, сауалнама жүргізу, тәжірибе жүргізу, контент анализ және тағыда басқалары.

Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың әдістерін әдістемелік жұмысты ұйымдастыру, оқыту әдістемесін қамтамасыз ету, оқытушылардың біліктілігін көтеру, әдістемелік нәтижені мониторингілеу сияқты негізгі бағыттары бойынша көруге болады.

Технологиялық карта жасау сатысындағы инновацияларды басқару әр-түрлі инновациялық әдістерді қолдауды білдіреді. Қазіргі уақытта инновациялық әдістердің сан-түрлері бар. Олардың қатарында негізгілері: жобалармен жұмыс істеу, кейс жағдайлық әдіс, мыйға шабуыл, кубик, цепочка, өзіндік жұмыс жүргізу, топпен жұмыс істеу, бинарлық оқыту әдісі, озық жүру әдісі, әріптестік әдіс және тағыда басқалары. Осы көрсетілген әдістер оқу үрдісінің әр-түрлі тұғырда сапасын көтеруге бағытталған. Бұл сатыда инновациялық әдістерді салыстыру, талдау, құрылымдық реттеу, жүйелеу әдістері қолданылады. Осы ретте инновациялық әдістерді басқаруға мүмкіндік туындайды. Аралық және қорытынды аттестация, тест, бақылау, рейтинг материалдарын дайындау сатысындағы инновацияларды басқару әдістері қолданылады. Осы жағдайда мазмұндық, анализ және тағыда басқа әдістер қолданылады. Жоғарыда көрсетілген теориялық модельдің барлық элементтерін жүйелі жүзеге асыру арқылы жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды тиімді, сапалы басқаруды дамытуына және оқу-тәрбие үрдісінің оқу-әдістемелік мақсатқа сәйкес нәтиже беруіне мүмкіндік туындайды.

Әдебиеттер

1. А.И.Уман. Теория обучения: от единой – к триединой дидактике// инновации в образовании. М., №4, 200г., 4-11с.
2. Сериков В.В. Образование и личность. Теория и практика проектирования педагогических систем. – М.: Издательская корпорация «Логос», 1999. – 272 с.
3. Б.Т.Кенжебеков. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. – Астана, 2001–270б.

ТЫҢДАУШЫЛАРҒА ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ТИІМДІЛІГІ

*Ахметжанов Д.Г., Бегалиева А.К., Әмірханов М.Б.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Елбасымыздың 2030 жылға дейінгі елді дамытуға арналған «Қазақстан-2030» стратегиясындағы негізгі бағыттардың бірі ретінде білімі мен белгілі жағынан шетелдердегі замандастарымен бәсекеде жеңілмейтін, сонымен қатар, бойында ұлттық ділі сақталған, отаншылдық рухы кемел қазақстандықтардың жаңа ұрпағын тәрбиелеу қажеттігі ерекше айтылған. Заман талабына сай білім беру үдерісінде озық инновациялық технологияларды пайдаланып, тыңдаушылардың білімдерін шыңдау оқытушылардың бірден бір міндеті болып табылады.

Алдымызда білім алушы тыңдарман – ертеңгі студент, болашақ маман. Олардың бойындағы жоғарғы идеялық, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, еңбекке дайындауда оқыту әдістемесі мүмкіндіктерін барынша толық пайдалану қажет. Демек, өзінің мазмұн ерекшеліктеріне, оқу-тәрбие ісін ұйымдастыру мен оқыту әдістеріне қарай әрбір пәннің алдында тыңдаушыларын дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру міндеті тұр.

Қазіргі уақыт компьютердің жетілген заманы. Қоғамды ақпараттандырудың басым бағытталған салаларының бірі – білім беру саласы. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар ортасын пайдалануға негізделген білім беруді ақпараттандыру оқыту үдерісінің қарқынын арттыруға, дамыта оқыту идеясын іске асыруға, оқыту үдерісін ұйымдастыру әдістері мен формаларын жетілдіруге бағытталған.

Жаңа ақпараттық технологияны оқу үдерісінде жан-жақты пайдалану бірінші кезекте оқытушыларға өз біліктілігін көтеруде және даярлауда ақпараттық әлемде оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі құралдарын, жаңа әдістер мен формаларды кез-келген уақытта таба білуіне мүмкіндік береді, өздігінен білім алуға мүмкіндік алады.

Білім беру жүйесін компьютерлендіру – оқытудың, тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын іске асыруға бағытталған әдістемесін білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы қамтамасыз ету, ғылыми-педагогикалық ақпараттық-автоматтандырылған қорлары мәліметтерін пайдалану негізінде білім беру жүйесін басқару, тыңдаушының білім деңгейін бақылауға арналған компьютерлік болжау, тестілеудің әдістемесін құру және пайдалану үдерісі. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудағы сабақ ол – оқытушының сұрағына тез арада тыңдаушының жауап беруімен, интернет желісі арқылы барлық қажетті ақпараттармен таныстырумен ерекшеленеді...

Тарих пәнінің оқытушылары проектормен тарихи мағлұматтарды беру арқылы компьютерлік технологияларды пайдаланады. Бағдарлама бойынша өтілетін тақырыптарды тыңдаушылар тек ауызша ғана емес, сонымен қатар, интерактивті тақта арқылы көрсетілген аудио-бейне материалдар немесе карталар, кестелер арқылы танысуы тыңдаушылардың меңгеруіне анағұрлым түсінікті және тиімді келеді. Ал бұл атауларды тақтаға үнемі жазып отыру оқытушы мен тыңдаушының айтарлықтай уақытын алады. Сол себепті осы мәселеде де компьютерлік технологияларды үздіксіз пайдалану көп көмегін тигізеді. Бұл оқыту әдісінде оқытушының сабақ уақытын тиімді пайдалануына да ыңғайлы.

Проектормен ҰБТ материалдарын тест жұмыстары арқылы қайталау, нұсқаларға бөлу, жаңа сұрақтарын жаттау, қатемен жұмыс жасау да қолға алынған әдіс болып табылады.

Білім беруді ақпараттандыру ақпараттық-коммуникациялық технологиялар орталарының мүмкіндіктерін іске асыру негізінде дамитын оқытушы мен тыңдаушы әрекетінің бірігу тенденцияларын қуаттайды.

Оқытуда көрнектіліктің алатын орны ерекше. Иллюстрация, схема, картиналарды көрсету. Материалды қолданумен толықтырылғаны жөн.

Тарих пәнінің мұғалімі тыңдаушыларға тарихи білім беруде ұйымдастыратын педагогикалық шаралары мен қолданатын әдістемелік тәсілдерінде терминдермен жұмыс жасауға баса мән беруі тиіс. Әр сабақ үстінде термин сөздерді жиі сұрауға алып еске түсіреді. Ойын арқылы оқытуды көптеген зерттеушілер болашақтың дидактикалық жүйесі деп атайды. Ойын сабақтары арқылы тыңдаушы білгенін дамытып, ой өрісін жетілдіреді. Бұл алдыңғы технологияларды пайдалану тыңдаушының терең білім алуына үлкен септігін тигізеді.

Тарих пәнінен тыңдаушылардың алған білімін, қалыптасқан біліктерін одан әрі дамыта түсу, талап-тілектерін қанағаттандыру, таным белсенділігін арттыру үшін тарихты оқытудың басқа да

түрлері жүргізіледі. Олар: кеңес сабақ, экскурсия, лекция, семинар және конференция, т.б. сабақ түрлері. Белгілі бір тарихи кезеңдерге байланысты рөлдік ойындар орындаушылық қабілетке жетелейді, сонымен бірге, білімін ұштастырады.

Оқытушылар терең ғылыми, жүйелі, эмоциялы, бейнелі етіп сабақ өткізеді. Оқу үдерісінде тыңдаушылардың өзара қатынас белсенділігін арттыру үшін интерактивті әдісті жиі қолданады. Мұндай сабақ барысында тыңдаушылармен арада өзара әрекеттесу жоғары деңгейде өтеді. Көп жағдайда ол пікірталас түрінде өтеді. Бұл жерде міндетті түрде белгіленген мәселені шешу емес, соны шешу үрдісін өткізудің өзі маңызды болып табылады. Әдіс-тәсілдерді түрлендіріп отыру арқылы оқу сапасы нәтижелі болмақ. Оқу материалдарын пайдалана білулерін айқындай келе, барлық өтілген тақырыптарды жүйелеп, біріктіре білудің орны бөлек.

Сабақ басындағы сұрақ тыңдаушыларға жаңа материалды игертуге дайындап, алдыңғы сабақ тақырыбындағы тестік сұрақтар мен тапсырмалар беріледі. Білімді тестік сұрақтар бойынша тексерудің артықшылығы: аз уақытта көп тыңдаушының білімі тексеріледі, бүкіл курс бойынша тыңдаушылардың білім деңгейін шамалауға болады, барлығы бағаланады, тестік сұрақтарға жауап беруге жаттығады. Тыңдаушылар өзіндік жұмыс істей алу дағдыларын қалыптастырып, терең білім алуға бағдар береді. Тыңдаушылар бір-біріне сұрақ қойып және оған жауап беруде өздерінің білімдерін пысықтап отырады.

Осылайша, оқу үдерісіндегі озық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаға бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.

Қорыта айтқанда, инновациялық әдістер тарих пәнінің мазмұнын тереңдетуге, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға, оқу ісін дамытуға бағытталған. Ең бастысы, тыңдаушыны келешек өмірге дайындап, білім-біліктерін, іскерлігін өмірде қолдауға жағдай жасайды. Осылайша, ақпараттық технологияны оқу үдерісінде пайдаланып, тарих пәнінің оқытушылары барлық әдіс-тәсілдер мен озық технологияларды пайдалану арқылы тыңдаушыларға тиімді етіп білім береді деуімізге негіз бар.

Әдебиеттер

1. Құнапина Қ.Қ., Құмғанбаев Ж.Ж., Махаева А.Ш. Қазақстан тарихынан әдістемелік-анықтамалық нұсқау. 2011-2012 оқу жылы. 214-бет.
2. Тұрсын Х. Мектепте тарихты оқыту әдістемесі. А, 2004, 45-49 бет.
3. Тұрлығұл Т.Т. Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. А, 2001, 138-бет.

AL-FARABI KAZNU LEADERS IN HISTORY AND THEIR ROLE IN THE PREPARATION OF INTELLIGENT PERSONALITIES

*Ahmetzhanova A.T., Koshymova A.O., Tasilova N.A.
Al-Farabi KazNU*

Al-Farabi University is a lead in grand competitive higher education institution in the Republic of Kazakhstan, which has a 80-year glorious history of development. Currently, al-Farabi Kazakh National University is the center of education, science, culture, and education in Kazakhstan. According to the results of the rating of higher educational institutions of the Republic the university has being annually ranked the first place among the universities of Kazakhstan and leading place among multidisciplinary universities in the Republic. In 2006, al-Farabi Kazakh National University was the first university of the country which received the award of the President of the Republic of Kazakhstan «For achievements in quality» and diploma «Altyn Sapa».

Our university has always been led by the famous people of the country. All those who study and work in the university must have known about them. They are the leaders of the al-Farabi Kazakh National University. We can talk about the min classes of history of Kazakhstan, using different educational technologies, linking with the successes and achievements of our state in the Soviet Union period and now. As well as we can emphasize their huge role in the preparation of highly intelligent individuals, giving examples from the lives of the people who worked or who are no win senior government and public positions.

The first leaders of the al-Farabi Kazakh National University were highly skilled and original personalities. Therefore, their life and work can be considered as an example for all students. The acquired

knowledge will help them in their professional development, strengthening of the state and university patriotism and understanding of social values. In order to make clear the importance of the question we are giving a brief overview of our leaders since the founding of the university to the present day.

As you know, the grand opening of the University was held on January 15, 1934. There were 13 leaders for 80 years of development of the Kazakh National University. According the working period on the position there were 14 leaders (AZ Zakarin twice).

The leaders of the al-Farabi Kazakh National University are the organizers of high school, famous scientists and educators, government and public figures. All of them worked for the benefit of our university and the country. They were known not only in Kazakhstan but also far beyond the country.

Almanov B. is a party worker, between 1931-1934 he was a director of the Kazakh Pedagogical Institute, from January 1 to January 19, 1934 he was the first concurrent director (Rector) Kazakh National University. He was engaged in scientific and educational activities, mainly in the issues of cultural development. «He was arrested in 1938. In October 1940 he was sentenced for 8 years. And died in the camp. He was rehabilitated on November 4, 1955 by the decision of the military tribunal of the Turkestan Military District» [1].

Olika F.T. worked as a Deputy of People's Commissariat of the Kazakh USSR, he was the first officially appointed Rector of KazNU.

Lukyanets I.K. is a Deputy Chairman of the Supreme Council of the Kazakh USSR, rector of KazNU in the period of war, «...he shared of the heavy burden of responsibility for the staff of the University in a terrible period of repression and denunciation, when decent loyalty to people regarded as unreliable, anti-Soviet» [2].

Tazhibayev T.T. worked as a Minister of Foreign Affairs of Kazakhstan, at the same time as an university president in the postwar period. «... He was the first doctor of pedagogical sciences, the first academician of the Kazakh USSR on the psychological and pedagogical sciences, which made a significant contribution to the development and organization of science and psychological training of teachers in our country» [3]. Human qualities of Rector Tazhibayeva T.T. should be noted. Here's how he was described in the article «Memory of the Heart» by T.P. Struts and A.D. Khismatullina, who worked for many years at the University: «For Tulegen Tajibaevich a human being was more important than his occupation. Upon entering the building of the university, he first greeted with a janitor, asked about their health, whether it was cold or not, what's new with them. At the department with the same emphasis he applies to the technician, and assistant professor, and the professor and the student» [4].

Zakarin A.Z. was the first Kazakh mathematician, a graduate of Moscow State University, worked as Minister of Education of the Kazakh USSR, Deputy Chairman of the Council of Ministers of the Kazakh USSR, Foreign Minister, Chairman of the Supreme Council of the Kazakh SSR, twice appointed rector of the university. «Having brought up a generation of young scientists, Professor A. Zakarin in scientific disputes always encouraged the initiative, unusual look at things, ability to prove their point of view. For the venerable scholar it was important to notice an opinion on the issue of colleagues in the scientific community, as well as graduate students. Heuristic gift, the gift of the Teacher lives in his disciples. Askar Zakarin always remembered: not only what contribution you made is important, but who will run after you is more important» [5]. «From the first days of the Great Patriotic War from June 1941 to April 1946 A.Z. Zakarin fought in the army on several fronts ... He was awarded the Order of the Red Star and medals «For Victory over Germany» and «For Victory over Japan for his heroism, courage and bravery» [6].

Darkanbaev T.B. led the university in 50-60 years, has created a new, unique in the Central Asian region Institute of Molecular Biology and Biochemistry.

Zholdasbekov U.A. worked as a rector in KazNU 16 years, he is the author of the original campus-KazGUGrad, founder and first president of the National Academy of Engineering of RK.

Ergozhin E.E. is a famous chemist, founder of chemistry and in exchange membrane technology in Kazakhstan, he led the university after the December 1986 events.

Abdil'din M.M. was first elected as a rector of KazNU. «He was the first Kazakhstani, who got into the famous Physico-Technical Institute Offer – in the cradle of Soviet physicists,» brought up famous personalities, he «... is a scholar and master of ceremonies, and the rector, and preferansist, and singer and yet there is something in one bouquet – as if incompatible to our standard thinking» [7].

In the first years of independence the university which changed its name three times, was led by Naribaev K.N. «In order to intensify effort soft further develop the leadership of Kazakhstan Kazakh State University had to make a correct choice in the selection of candidates for the post of rector. What was needed was an experienced teacher, a major organizer, competent in all aspects of university scholar, respected in the scientific world a person with high intelligence and culture. These requirements are certainly

consistent with Professor Kopzhasar Naribaev» [8], who worked Minister of Higher and Secondary Special Education of the Kazakh USSR.

The next rector was Kozhamkulov T.A. is a founder and first director of the Institute of Experimental and Theoretical Physics at the Kazakh State University, which was the first Research Institute at the university in Kazakhstan. With his leadership the university was awarded by the President of Kazakhstan in the field of quality and got the «Altyn Sapa».

Rector Zhumagulov B.T. gave a brief outline of the history of the University and their leaders, stressing that all the rectors of the KazNU were outstanding scientists, organizers of scientific schools, known educators and mentors, thanks to their work the al-Farabi «was a real elite institution of higher education» [9].

Mutanov G.M. who is a current leader of the KazNU, academician of Sciences of the Republic of Kazakhstan and 10 international academies, strengthened the position of the university in the international educational space, raised his rating among the most famous and recognized in the world of universities. «It gives a huge incentive to work for the good of the country, gives us confidence in the future and inspires the team to new developments» [10].

The leaders of the al-Farabi were especially gifted with great organizational skills, thinking outside the box and patriotic leaders. Through their activities the university opened opportunities for the development of science and education, and therefore the preparation of intelligent personalities. Their work helped the team to turn the university into a competitive college. Therefore it is necessary to write and talk about their leaders not only to students and university staff, but also the general public and to study their work, hold meetings, to develop intellectual games and publish books about their lives and activities.

References

1. 1937 – 2007. Tawqimet pen tagzim. – A., 2007.
2. Solovev A.V. Vospominaniya o rektore. V knige: Uchenie. Pedagogi. Nastavniki. Ocherki i vospominaniya. Galımdar. Ustazdar. Talimgerler. Ocherkter men estelikter. – A., 2004.
3. Jolmuxan Turikpenuli. Akademik T.T. Tajibaev. – A., 2002.
4. Look at 3, 325 p.
5. Jumagulov B.T. Geometriya sudbi. //Kazaxstanskaya pravda, – 13 December, -2008.
6. Qazaq universiteti, – №9, -21 January, – 2005.
7. Kojamkulov T.A. Khan i ego volshebniy talisman. // Uchenie. Pedagogi. Nastavniki. Ocherki i vospominaniya. Galımdar. Ustazdar. Talimgerler. Ocherkter men estelikter. – A., 2004.
8. Jurinov M. Uchet – nauka ne prostaya. //Kazaxstanskaya pravda, – 5 June, – 2008.
9. Jumagulov B.T. Bilim men gılım ordası. //Egemen Qazaqstan, -14 January, -2009.
10. Qazaq universiteti, – № 41, – 16 December. – 2014.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ӨЗГЕТІЛДІ ДӘРІСХАНАДА ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Әмірханов М.Б., Ахметжанов Д.Г., Бегалиева А.К.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Қазақстан тарихы қазіргі жалпы дүние жүзілік тарихтың, соның ішінде Еуразия тарихының, түркі халықтары тарихының құрамдас бөлігі болып табылады. Өткен тарихқа мән беру дегеніміз әлемдік өркениеттің жетістіктері мен ежелгі тарихтың, әдебиеттің, өнердің ғажайып ескерткіштері туралы біліп қана қоймай, сонымен қатар ол қазіргі қоғамның ажырамас бір бөлігі екендігін ескеру керек. Өйткені тарихи тәжірибенің қазіргі заманға баға берудегі болашақты болжаудағы орны ерекше.

Тарихты білу кімге де болса қажет. Тарих алдымен өзіңнің өмір тарихыңды, өзің туып-өскен өлкеңнің, туған халқыңның, еліңнің тарихын оқып үйренуден басталады. Қазақстан тарихы бәрінен бұрын қазақ халқының, Қазақстанды сондай-ақ мекендеген басқа да халықтардың тарихын оқытады. Бүкіл адам баласы басынан кешірген кезеңдерге, оның тарихында болған өзгерістерге тарих төрт бөлімге бөлінеді: Ежелгі Қазақстан тарихы, орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы, жаңа замандағы Қазақстан тарихы, қазіргі замандағы Қазақстан тарихы [1].

Жалпы, ХХІ ғасыр озық және жаңа технологиялар ғасыры болғандықтан, қазіргі таңда білім жүйесінде де осы технологияларды заман талабына сай, кеңінен қолдану сапалы білімге жетелейді. Әсіресе халықаралық деңгейдегі жүйеге өткен жоғары оқу орындарында білім алушыға қазіргі заманғы білім берудегі инновациялық бағыттар бойынша білім берудің жаңа жолдарын ашары сөзсіз [2].

Қазіргі таңда факультетте тек қана әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім алғысы келетін тыңдаушылар ғана емес, қызмет бабымен жас ғалымдарда қазақ және орыс тілдерін үйреніп, Қазақстанның тарихы және мәдениетімен жақын танысқысы келетін алыс-жақын шетелдерден келген шетелдік азаматтар да білім алууда.

Атап айтар болсақ, Түркия, Франция, Германия, Швеция, Ұлыбритания, Иран, Сауд Арабия, Иордания, ҚХР, Монғолия, Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Ресей, Қырғызстан, Латвия, Ауғанстан Ислам Республикасы және тағы басқа мемлекеттер.

Оларға Қазақстан тарихы мен мәдениеті жайлы оқыту өте қызықты. Олар жас мемлекетіміздің тарихына қызыға қарауда. Факультет өзінің қалыптасу жолынан өтіп 1990 жылдардың күрделі кезеңдерінде де өз жұмысын жалғастырып, сеніммен жаңа ХХІ ғасырға аяқ басты.

Жылдан жылға факультетімізге келетін тыңдаушылар саны ұлғаюуда. Жаңа ғасыр өзінің жаңалығымен келді. 1996 жылғы 31 желтоқсандағы Н.Ә.Назарбаевтың «Шетелдерде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығынан туындайтын міндеттерді жүзеге асыру мақсатында Білім және ғылым министрлігінің басшылығымен отанына оралып, білім алуына жол ашылды. Бүгінгі таңда тек шетелдік студенттермен тоқталып қойғанымыз жоқ, сонымен қатар қазақ диаспорасы өкілдері, тыңдаушы оралман жастарын да оқытудамыз.

Факультетке әр жыл сайын жүзден аса шетелдік қазақ диаспора өкілдері мен тыңдаушы оралман жастарына негізгі пәндер бойынша ана тілінде жалпы орта мектеп базасында білім бере отырып, оларды жоғары оқу орнына түсу үшін тапсырылатын кешенді тестке дайындайды.

Шетелдік қазақ диаспора өкілдері мен тыңдаушы оралман жастарына дайындық бөлімінде таңдаған мамандығы бойынша негізгі пәндерден жыл бойы тестке әзірленеді. Осы негізгі пәндердің ішінде қазақ тілі және қазақстан тарихы пәнінің атқарар қызметі өте маңызды. Әрине басқа пәндердің де алар орны ерекше. Дегенмен тыңдаушыларға тілді оқытуда кездесетін өзекті мәселелер де аз емес.

Шетелдік қазақ диаспора өкілдері мен тыңдаушы оралман жастарымыздың көбі кирилицамен оқи да, жаза алмайды. Сонымен қатар бізге келген тыңдаушы жастар қазақ халқының тарихымен, географиясымен, мәдениетімен, әдебиетімен де аса таныс емес. Осыған байланысты жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылары шетелдік қазақ диаспора өкілдері мен тыңдаушы оралман жастарына дәрісханаларда арнаулы пәндерімен қатар оларға қазақ елі, қазақтың мәдениеті мен әдебиетін, салт-дәстүрін, жері мен табиғатын кеңірек таныстыру мақсатында көптеген жоспарлар, бағдарламалар, оқулықтар мен оқу құралдарын жасап шығаруда.

Соңғы бес жылда яғни, 2009 жылғы 22 қарашадағы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ауғанстан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімшарт бойынша ауған жастары білім алууда. Олар Қазақстан жайлы және оның тарихы мен мәдениетіне өте қызығушылықпен қарауда.

Қазақстан тарихы бірнеше кезеңдерге бөлініп оқытылады. Атап айтар болсақ, алғашқы апта кіріспе сабақ ретінде барлық шетелдік тыңдаушыларға Қазақстан Республикасы жайлы жалпы шолу жасалынады. Әр өткізілетін тақырып қызықты өту үшін сабаққа көрнекі құралдар пайдаланылады.

Тарих пәнінен сабақ беру барысындағы басты мақсат білім алушыға адамзат пайда болғаннан бастап, бүгінгі күнге дейінгі олардың жүріп өткен тарихи жолдарының аса маңызды фактілерін, оқып-үйрету, сонымен қатар адамгершілігі мол тұлға ретінде қалыптастыру болып табылады.

Қазақстан тарихын оқытуға арналған бағдарламалар жөнінде айтар болсақ, ол шетелдік тыңдаушылардың халқымыздың өткен тарихын оқып үйренуге негізделіп құрастырылған.

Қазақстан тарихы пәнін оқыту барысында арнайы сауал-жауап, сұхбаттасу, әңгімелесу, тест тапсырмалар секілді жұмыстар жүргізіледі. Сонымен қатар сабақтың жүргізу әдістерінің біріне бақылау жұмысын да енгізуге болады. Бақылау әдісі мынадай бөлімдерден тұрады: ауызша бақылау, (сұрақтарға жауап, әңгіме-кеңес), жазбаша бақылау (конспект, бақылау жұмысы т.б.)

Шетелден келген тыңдаушыларға Қазақстан тарихы пәнін оқытуда көптеген қиындықтардың туындайтыны белгілі. Олардың алғашқы кезде қазақ тілінің емлесін білмеуі және осы таңбамен жаза білмеуі, сөйлей алмауы, бұған қоса, тарихи терминдердің аталуындағы кейбір айырмашылықтардың да, орта мектеп бағдарламасының өзгешелігі сияқты мәселелердің де пәнді оқыту барысында айтарлықтай кедергі келтіріп, қосымша уақыт пен арнайы тәжірибелілікті қажет ететіні анық.

Шетел азаматтарына білім берумен қатар жеке басына тән ерекшеліктерді оқу-тәрбие үдерісінде ескеріп, олардың психологиясын есепке алу дұрыс болады. Оқу үдерісі басталған сәттен бастап тыңдаушының алдына оқу іс-әрекеттерінің шарттарын қойып, пәнді қалай меңгеруді де үйретіп, оқу ісіне тез араласып кетуіне көмек көрсету қажет. Білім беруде сатылық әдісті қолданып, жүйелілікті сақтаған маңызды. Оқыту жүйесінде алдымен әңгімелеу, естігендерін түйіндеп тез жазу қабілетін

арттыру және сөйлеу мәдениетін белгілі бір талап деңгейіне сәйкестендіру, біздің қоғамдық мінез-құлыққа дағдылануына көмек көрсету сияқты мәселелерді ескеру қажет.

Әрбір тыңдаушының интеллектуалдық мүмкіндігі, білімді меңгеру деңгейі мен өзіндік ерекшелігін айқындап, олардың кейбіреулерімен жеке жұмыс жүргізудің маңыздылығы зор. Жалпы, Қазақстан тарихы пәні бойынша шетелдік тыңдаушылардың есінде мерзімдер, кезеңдерді бекіту әдіс-тәсілдерінде слайдтар түрінде жасалған кестелер және әр өткен тақырыптарға байланысты мұражайларға апарып тарихи жәдігерлермен таныстыру дәрістің одан әрі қызықты өтуіне көп ықпалы болмақ.

Қазіргі уақытта дәрісханаларда тарихи фильмдерді көптеп көрсету, сондай-ақ, тарихқа қатысты терминдерді, тақырыптарға қатысты суреттерді слайдтар көрсету арқылы түсіндіру оқытушы мен тыңдаушының уақытын үнемдейді. Кешенді тест тапсырудағы кейбір қиыншылықтарды жеңуге көп мүмкіндер жасауға болады.

Тарих пәні – жоғары оқу орындарының барлық факультеттеріндегі гуманитарлық пәндердің ең жетекшісі екені мәлім. Тыңдаушыларға Қазақстан тарихын оқытудың тағы бір қажеттігі оны оқып-үйрену кезінде жаңа ортаға тезірек бейімделеді және кейін жоғары оқу орындарында оқытылатын негізгі базалық білімді игереді.

Тыңдаушылардың көпшілігі Қазақстан тарихымен атүсті ғана таныс, сондықтан біздің міндетіміз – оларға Отандық тарихтың іргелі оқиғаларын, тарихи заңдылықтарын, олардың арасындағы себеп-салдарын ұғындыру, олардың тарихи ой-пікірін қалыптастыру, Отан тарихына деген ынта-ықласын тудыру. Осылайша, кез келген тақырыпты нақтылап түсіндіргенде ғана ұстаздардың ұлағатты еңбегі қашан да болса өзінің мол жемісін берері анық. Сондықтан да біздің алдымызда тұрған ең басты мәселе тыңдаушылардың қызығушылығын, ынтасын, зейінін арттыру, білімдерін пайдаға асырып, өздігінен әрекет жасай алатын, оларды түрлі өмірлік жағдайда қолдана білетін дәрежеге жеткізу. Қызықты сабақтар ұстаздың ашқан жаңалығы, өзіндік қолтанбасы, әдістемелік ізденісі, қолданған әдіс-тәсілдері арқылы ерекшеленіп, шәкірт жүрегінен орын алады [3].

Елімізде саяси және экономикалық жағдайдың бірқалыпты, көпұлтты мемлекет екендігі, сонымен қоса университет тарапынан оқуға қолайлы жағдай жасалғандықтан жыл санап шетелдік тыңдаушылар қатары да университетімізге көптеп келуде.

Факультетте жоғарғы оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы мен шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасында Қазақстан тарихы және тағы басқа да пәндер бойынша оқу үрдісі жылдан жылға қарқынды жолмен даму үстінде. Факультетте шетелдік тыңдаушылар мен қазақ диаспора өкілдері, оралман тыңдаушылар арасында жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «Кел, танысайық!», «Тілдер мерекесі», «Наурыз», сондай-ақ, Қазақстанның халық ақын-жазушыларымен болған кездесулер тыңдаушылардың үлкен қызығушылықтарын тудырады.

«Қазақ және орыс тілдері мерекесінде» факультеттің болашақ бітірушілері қазақ және орыс тілдерінде алған өз білімдерін паш етеді.

Факультетте дәрісханадан тыс белсенді сабақтың түрі саяхат болып табылады. Шетелдік тыңдаушыларға арналған саяхат жұмыстарының басты мақсаты – біздің елдің өткені мен қазіргі қалпын көрсету арқылы тарихымен, мәдениетімен тікелей таныстыру. Саяхат кезінде студенттер тілін үйреніп жүрген елдің мәдениетімен, тарихи ескерткіштерімен таныса отырып, сол тілде сөйлесу арқылы сөйлеу дағдыларын арттыра түседі.

Жыл сайын оқудың аяқталуына қарай факультет ұжымы «Қош бол, ҚазҰУ!» атты қоштасу кешін ұйымдастырады. Бұл кеште тыңдаушылар Қазақстан туралы алған әсерлерін бір-бірімен бөліседі, оқытушыларға арнап алғыстары мен тілектерін білдіреді.

«Алматы – ғажайып қала, себебі, бұл қалада мейірімді жандар өте көп. Біздің оқытушыларымыз тек біздің ұстазымыз ғана емес, біздің достарымыз да. Қазақ тілі мен орыс тілі – біз үшін достық пен жаңа білімге жол ашатын алтын көпір. Біз осында өткізген он айымызды ешқашанда да ұмытпаймыз», – дейді шетелдік-тыңдаушылар шын жүректен.

Факультетте жылда Алматының тарихи жерлеріне қызықты саяхаттар ұйымдастырылады. Шарын шатқалы, Түрген сарқырамасы, Есік көлі, Таңбалы тасқа, Қожа Ахмет Йассауи, Арыстан баб, Укаша ата, Қарахан кесенесі, Түркістан, Тараз, Астана қалаларына жасалатын саяхаттар дәстүрге айналған. Оқытушылар тыңдаушыларды Қазақстанның оңтүстік астанасымен де таныстырады. Осыған орай Алматы қаласының ішінде көптеген саяхаттар жоспарланған. Атап айтар болсақ, Көктөбеге, қалалық хайуанаттар бағына, мұражайларға, Ботаникалық баққа, Медеуге, Шымбұлаққа т.б. саяхаттар және жай ғана қаланы аралау үшін жасалған серуендер дәстүрлі түрде болып тұрады. Мұндай саяхаттар тыңдаушыларды Қазақстанның бай табиғатымен таныстырып, біздің елімізді терең түсінуге мүмкіндік береді. Алматының өзінде көркем, ғажайып жерлер аз емес. Шетелдік тыңдаушылар жыл

сайын Ә. Қастеев атындағы мемлекеттік орталық өнер мұражайына, Ұлттық аспаптар мұражайына, ҚР Орталық мұражайына және археологиялық мұражайына, «Түскиіз» ұлттық сувенир фабрикасына барып, ұлттық тарихымыз бен өнерімізбен жақын танысады. Мұндай саяхаттар тыңдаушылардың Қазақстан халқының салт-дәстүрімен, тарихымен, мәдениетімен кеңінен танысуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Әмірханов М.Б., Сандықбаева Ә.Д. Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы. Оқу құралы. Алматы, «Заң әдебиеті», 2007 ж. 3б.
2. Шетелдік тыңдаушыларға ежелгі Қазақстан тарихын оқытуда қолданылатын кестелер мен тірек-сызбалар. Оқу-әдістемелік нұсқау. Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 3-б.
3. Зерттеу университеттері: өзге тілді аудиторияда оқытудың инновациясы. Алматы: Қазақ университеті, 2011. -52-54бб.

ФИЗИКА ПӘНІНІҢ ЭКОЛОГИЯМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Бактыбекова А.Н.

Қазақ-Америка университеті жанындағы Алматы байланыс колледжі

Білімді ұрпақ – рухани дүниесі бай, білімі мен біліктілігі жоғары, ақпараттық қоғамда ғылым мен техниканың жетістіктерін игерген, компьютерлік сауаты бар, талап талғамы жоғары, адамгершілігі биік парасатты тұлға болуы тиіс.

Физика – өте күрделі де қызықты ерекше жан-жақты пән. Физика сабағын қызықты, тиімді және пайдалы өткізу үшін қазіргі жаңа технологияларды пайдаланған жөн. Білім алушылардың өз бетінше ізденіп шығармашылықпен жұмыс істеуіне әртүрлі технологияларды пайдаланып жұмыс істеу өте тиімді. Бұл технологиялардың бір ерекшелігі білімді жатқа меңгерту емес, білім алушының өз бетінше меңгеруге ұмтылатындығы, есту, көру қабілетін арттыруға, сөздік қорын (ауызша, жазбаша) дамытуға бағытталады. Бүгінгі таңда пәнаралық байланыстарды әдіскер мамандар екі түрге топтап жүр. Олар: уақыттық және түсініктік. Уақыттық байланыс әртүрлі пәндер бағдарламаларын ету кезіндегі келісімді болжайды, ал түсініктік байланыс жалпы әдістер негізінде ғылыми түсініктерді бірдей баян етеді.

Пәнаралық байланыстар зерттеу тәсілдерінің ортақтығы жөнінен де айқындалуы мүмкін. Іс жүзінде мұғалімге пәнаралық уақыттық байланыстардың үш түрімен жұмыс істеуіне тура келеді: болып өткен, ілеспелі (қатарлас) және перспективалық.

Ілеспелі пәнаралық байланыстар дегеніміз – бірнеше пәндер бойынша бірқатар сұрақтар мен түсініктерді бір уақытта оқытуды көздейтін байланыс.

Перспективалық пәнаралық байланыстар дегеніміз – белгілі бір пәннен материалды өту, басқа пәндер бойынша оның қолданылуының алдын алу үшін пайдаланылады.

Пәнаралық байланыстардың бір пайдалы жағы – ол бүкіл оқыту ісін, яғни бір мектептің барлық жұмысын бір жолға салуға, барлық мұғалімдерге бірыңғай талаптар қоюға және әр түрлі пәндерді ортақ мүддені шешуге жұмылдырады. Пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың жолдары мынадай:

- әрбір жеке пәнді оқытқанда басқа пәндерді оқыту ісіне өз ықпалын тигізетіндей болуын көздеу;
- әр түрлі пәндерді оқып-үйренуде өтілетін материалдарды уақыт жағынан үйлестіріп отыру;
- оқушылардың ғылыми теориялар мен заңдылықтарды игеруін, олардың жинақтылығымен, шеберліктерімен, дағдыларымен сабақтастыра қалыптастыру;
- жалпы теориялық, білім алуды және практикалық шеберліктер мен дағдыларды бірыңғай әдіспен жүзеге асыру;
- оқушыларға (білім алу икемділік пен дағдыларды қалыптастыру барысында) бірдей талап қою;
- оқушылардың бір пәнді оқып-үйрену барысында екінші бір пәннен білім алуға, икемі мен дағдыларын кеңінен пайдалана білуге әдеттендіру;
- әр түрлі пәндердің зерттеу әдістерінің ортақтығын, ерекшелігін көрсете білу;
- пән сабақтарында оқытылатын құбылыстардың ортақ байланысын ашып, дұрыс диалектикалық дүние танымын қалыптастыру.

Пәнаралық байланысты айта келе, мен физика сабағының экологиямен байланыстыратын тақырыбын ашып көрсеткім келеді.

Сабақтың тақырыбы: Жылу қозғалтқыштары. Жылу қозғалтқыштарының қолданылуы және пайдалы әсер коэффициенті.

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Оқушыларға жылу қозғалтқыштары туралы түсінік беріп, олардың жұмыс істеу принциптерімен таныстырып, жылу қозғалтқыштарының пайдалы әрекет коэффициентін және техниканың дамуындағы жылу қозғалтқыштарының рөлін түсіндіру.

Дамытушылық: Физика пәніне қызығушылығын арттыру, ой-өрісін дамыту.

Тәрбиелік: Жылу машиналарын пайдаланудағы экологиялық мәселелеріне тоқталып, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу. Ұқыптылыққа, іскерлікке, ынтымақтылыққа, жан-жақты болуға баулу, білімге, техникаға қызығушылығының артуына ықпал жасау.

Сабақтың әдісі: Баяндау, сұрақ-жауап.

Сабақтың типі: жаңа білімді меңгерту.

Сабақтың түрі: аралас сабақ

Сабақтың көрнекілігі: презентациялық слайд, интерактивті тақта, плакаттар, суреттер, үлестірме материалдары, іштен жану двигателі, поршень.

Пәнаралық байланыс: Табиғаттану, география, сызу, химия.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру;

II. Үй тапсырмасын тексеру;

III. Сабақтың мақсатымен таныстыру;

IV. Жаңа сабақты түсіндіру;

V. Жаңа сабақты меңгергенін тексеру;

VI. Сабақты бекіту;

VII. Үй тапсырмасын беру;

VIII. Оқушы білімін бағалау.

I. Ұйымдастыру

A) Амандасу.

Ә) Оқушыларды түгендеу.

Б) Үй тапсырмасын сұрау.

II. Үй тапсырмасын тексеру

Өтілген тақырып бойынша тест сұрақтары:

• 1. Изохоралық процесс үшін термодинамиканың I заңы:

A) $Q=A$; B) $Q=U+A$; C) $U=-A$; D) $Q=+U$; E) дұрыс жауап жоқ.

• 2. Егер идеал газ алған жылу мөлшері есебінен тек жұмыс атқаратын болса, онда газбен қандай процесс жүрді?

A) изотермиялық; B) изобаралық; C) изохоралық; D) адиабаталық; E) процесс жүрмейді.

• 3. Адиабаталық процесс үшін термодинамиканың I заңы:

A) $Q=A$; B) $Q=U+A$; C) $A=-U$; D) $Q=-U$; E) дұрыс жауап жоқ.

• 4. Адиабаталық ұлғая кезінде газ салқындайды, себебі...

A) одан қандай да бір жылу мөлшері алынады; B) газ ішкі энергиясының өзгерісіне тең жұмыс атқарады; C) газдың атқарған жұмысы оған берілген жылу мөлшерінен көп; D) газбен сыртқы күштер жұмыс атқарады, бірақ осы кезде одан көп мөлшерде жылу алынады; E) дұрыс жауап жоқ.

5. Газ поршень астында қыздыру кезінде атмосфералық қысымда ұлғаяды. Көрсетілген процестердің қайсысы жүріп жатыр.

A) Изобаралық; B) Изотермиялық; C) Изохоралық; D) адиабаталық

E) ешқандай

III. Сабақтың мақсатымен таныстыру.

Жылу қозғалтқыштары туралы оқушыларға тереңінен мағлұмат беру, қолдану аясымен таныстыра отырып, есептер шығару.

IV. Жаңа сабақты түсіндіру.

Жүйенің ішкі энергиясы механикалық энергияға түрленетін құрылғылардың жылу машиналары немесе жылу қозғалтқыштары деп аталады.

Жылулық қозғалтқыш – жылу энергиясын механикалық жұмысқа түрлендіретін қозғалтқыш. Жылу қозғалтқыштарды табиғи энергетикалық қорларды химиялық немесе ядролық отын түрінде пайдаланады.

Жылу қозғалтқыштар:

- 1) піспекті (поршеньді) қозғалтқыштар (іштен жану қозғалтқыштарының көпшілігі, бу машиналары),
- 2) піспекті сығымдауыштар (компрессорлар мен сорғылар),
- 3) роторлы қозғалтқыштар (мыс., Ванкель қозғалтқышы)
- 4) реактивті қозғалтқыштар болып бөлінеді.

Газ турбиналары: Ұшақта, кемелерде, локомотивте қолданады. *Реактивті қондырғы:* зымырандар мен ұшақтарда. *Поршеньді қозғалтқыштар:* автокөліктер мен ауылшаруашылық техникаларда қолданады. Іштен жану қозғалтқышы – жанған отынның химикалық энергиясын механика жұмысқа түрлендіретін жылулық қозғалтқыш. Бу машиналы қондырғымен салыстырғанда Іштен жану қозғалтқышы қарапайым (Іштен жану қозғалтқышыта энергияны түрлендіргіш бір буын – бу қазанды агрегат болмайды), жинақы, қуат бірлігіне келетін массасы аз әрі тиімді болып келеді. Бірақ Іштен жану қозғалтқышына жоғары сапалы отын (газ, мұнай) қажет. АҚШ-та Іштен жану қозғалтқышы орнатылған тұңғыш трактор жасалды. Ағайынды Орвил және Уилбур Райтар 1903 жылы Іштен жану қозғалтқышы орнатылған алғашқы ұшақты, сол жылы орыс инженерлері “Вандал” кемесіне Іштен жану қозғалтқышын орнатып, тұңғыш теплоходты жасады. Отынның түріне қарай Іштен жану қозғалтқышы сұйық отынды және газ отынды қозғалтқыш болып бөлінеді.


Іштен жанатын қозғалтқыштарды:

- а) пайдалану мақсаты бойынша — көлік, стационарлы, арнайы болып бөлінеді.
- б) пайдаланған отын түріне байланысты — жеңіл отын (бензин, газ), ауыр сұйық отын (дизель, мазут)


$$\eta = \frac{Q_1 - Q_2}{Q_1} 100\%.$$

Q_1 – Қыздырғыштан алатын жылу мөлшері. Q_2 – Тоңазытқышқа беретін жылу мөлшері. Жылу қозғалтқышының пайдалы әрекет коэффициенті деп – қозғалтқыштың істеген $A = Q_1 - Q_2$ жұмысының жылытқыштан алған Q_1 жылу мөлшеріне қатынасын айтады.

105 – сурет бойынша түсіндіру.



Ауыл шаруашылығы мен өндірісте жылу қозғалтқыштарының рөлі айтарлықтай маңызды. Сонымен бірге, экономика проблемаларын шеше отырып, адамзат тіршілік ететін ортаға жылу қозғалтқыштарының бөлінетін зиянды қалдықтардың атмосфераны ластауы, әртүрлі факторларының әрекетімен байланысты. Атмосфера табиғи және жасанды (антропогендік) жолмен ластанады. Жасанды ластану: атмосфераны ластаушылардың ең негізгілері транспорт түрлері, әсіресе автомобильдердің жанармайларының жану өнімдері болып табылады. Атмосфераға транспорттан бөлінетін газдың құрамында 25 – 27% қорғасын болатыны анықталды. Оның 40% – і диаметрі 5 мкм – ге дейін болғандықтан ауада ұзақ сақталып, адам организміне түсетіні белгілі. Әрбір автомобильден күніне ауаға 3000 кг көміртек оксидтері т.с.с. отынның толық емес жану өнімдері бөлінеді.



1824 ж. француз инженері Сади Карно жылу машинасының максимал мүмкін болатын ПӘК – і мына формуламен анықталады:

$$\eta = \frac{T_1 - T_2}{T_1} 100\%$$

T_1 – қыздырғыш температурасы. T_2 – суытқыш температурасы.

Тақырыпқа байланысты есептер шығару.

[К]- Кронгарт Б.А., [Т]- Тұяқбаев С.

V. Жаңа сабақты меңгергенін тексеру

1) Идеал жылу қозғалтқышының ПӘК-і 40%. Газ қыздырғыштан 5кДж жылу алды.

Тоңазытқышқа қандай жылу мөлшері берілген?

2) Қыздырғыштың температурасы 150°C, ал салқындатқыштікі 25°C. Машина қыздырғыштан 40кДж энергия алды. Машина қандай жұмыс атқарған?

Үлестірме материалдары таратылады. 2-есеп А және В деңгей. 1 сұрақ беріледі.

КІТАППЕН ЖҰМЫС

| № | I топ | II топ | III топ |
|---------|-----------------------|-----------------------|---------------------|
| 1-қатар | ҮМ | ҮМ | ҮМ |
| 2-қатар | (К) 2н-1,2 (416ер) | (К) 2н-3,4 (416ер) | (К) 2н-5 (416ер) |
| 3-қатар | (К) 2н-8 (416ер) | (К) 1н-1,2 (426ер) | (К) 1н-3 (416ер) |

VI. Сабақты бекіту.

Жылу қозғалтқыштары туралы мәліметтер

| Жылу қозғалтқыштары | ПӘК | Жетістіктері | кемшілігі | қолданылуы | келешегі |
|---------------------|-----|--------------|-----------|------------|----------|
| | | | | | |
| | | | | | |

VII. Үйге тапсырма. §5.10. §5.11. Тұяқбаев С. (2.346-2.352 есептер)

13-жаттығу. №1-5 есептер. Физика. Жұмыс дәптері. №42 сабақты орындау.

VIII. Оқушылардың білімін бағалау.

ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ФИЗИКА ПӘНІНДЕ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ

Буланова Т.М.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Елбасы бекіткен Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамытудың 2003-2015 жылдарға арналған бағдарламасы ақпараттық технологиялар саласындағы ақпараттық теңсіздікті төмендетудің және білім деңгейін арттырудың шешуші тұтқасы болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын, талантын, қабілетін дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі. Ғылым мен техниканы, өндірісті әлемдік деңгейде дамыту үшін елімізге шығармашылықпен жұмыс жасайтын білімді, жоғарғы дайындығы бар білікті мамандар қажет.

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, қашықтан оқыту, дара тұлғаға бағыттап, оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылату – бүгінгі күннің басты талабы.

Әрбір ұстаздың негізгі мақсаты – сабақ сапасын көтеру, түрін жетілдіру, білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру, олардың ізденуін, танымын қалыптастыру. Осыған орай жаңа экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайларда Қазақстандық білім беру жүйесінің алдында тұрған білім беру сапаларын арттыруға, стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталған түбегейлі қайта өзгертулер педагогикалық үрдіске жаңа талаптар жүктейді.

Осы мақсатта физика пәнін әртүрлі әдістермен жүргізуге болады. Оқу – тәрбие үрдісінің сабақта дұрыс жүргізілуі үшін әр алуан оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімдісін мүмкіндігінше және білім алушылардың жеке жағдайларына байланысты таңдап алуға көп көңіл бөлу керек.

Қазіргі таңда, білім алушылардың қабілеттерін жоғарғы деңгейде қанағаттандыратындай білім беру, көптеген өркениетті елдерде саралап оқыту принципінің негізінде одан әрі дамытылуда. Осындай сұраныстарға орай оқытудың әртүрлі технологиялары жасалып, оқу тәжірибесіне енгізілуде. Мәселен, В.К.Дьяченконың ұжымдық оқыту әдісі, академик В.И.Монаховтың технологиясы, М.М.Жанпейісованың оқытудың модельді технологиясы және Ж.А.Қараевтың білім беру жүйесін ақпараттандырумен қатар білім алушылардың өскелең оқу тәрбие үрдісін түгелдей терең дараландырып жаңаша білім алуына, өздігінен іздену сезімін ояту, дарындылық пен талапқа жол ашуға бағытталған технологияларын атап көрсетуге болады.

Қазіргі оқыту жүйесіндегі жаңаша мазмұн жас ұрпақтың әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруінің басты нысаны. Тұлғаға бағытталған білім оның жан-жақты дамуына ықпал етеді. Олай болса, оқытушы педагогикалық ізденіспен озық технологиялардың әдіс-тәсілдерін аса жоғары талғаммен қолдана білуі тиіс.

Қазіргі заманғы оқыту технологияларына келесі талаптар қойылады:

– оқыту мақсатының нақты қойылуымен, оның ғылыми негізделуі, оқу іс-әрекетінің нәтижесінің жоғары сапалы болуы;

– оқу материалын толық қабылдау мүмкіндігінің болуы;

– оқу процесінде қарым-қатынастың еркін болуы;

– оны үнемі жетілдіріп, толықтырылып отыру мүмкіндігінің болуы.

Осы заманғы кез келген оқыту технологиясы оқу процесін ұйымдастыру кезеңінде технологияның бар мүмкіндіктерін үнемі шығармашылықпен пайдалану қажеттілігіне көңіл аударуда. Оқыту технологиясын оқыту процесін ұйымдастыру, басқару және бақылау деп түсіну керек. Қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын пән ерекшелігіне қарай қолдана білсек, ұтарымыз көп. Өйткені жеке тұлғаға бағытталған білімнің бүгінде нәтижесіз болмайтындығы тәжірибе жүзінде дәлелденгені анық. Нәтижеге бағытталған білім бүгінгі заман талабы, қажеттіліктің қайнар көзі болса, нәтижеге жету жолында іздену әрбір мұғалімнің азаматтық борышы.

Оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді таңдап алу оқытуда табысқа жетуге негіз болады, әрі сабақтың тиімділігі мен сапасын барынша арттыруға мүмкіндік береді. Білім алушыға терең білім беру үшін оқытушы мына төмендегі қағидаларды есте сақтағаны жөн деп есептеймін.

1. Оқытушы пәнді жетік меңгеріп, оны білім алушыларға ғылыми тұрғыдан негіздеп, қарапайым тілмен, өмірмен байланыстыра отырып бере білуі қажет.

2. Білім алушылардың ерекшеліктеріне қарай жеке бастарының психологиясын, жан дүниесін жете біліп, әр тыңдаушының жүрегіне жол таба білуі абзал.

3. Ғылым мен педагогика саласындағы жаңалықтарды үнемі пайдаланып отыруы тиіс.

4. Мүмкіндігінше, кейбір үлкен тақырыптарды топтап жеке блоктар түрінде топтастырып өткізе білуі керек.

5. Білім алушыларға ұзақ уақыт есте сақтау қабілетін арттыру үшін жаңа сабақты, әсіресе заңдылықтар мен құбылыстарды тірек белгілері мен тірек конспекттері бойынша берген жөн.

6. Білім алушылардың сапалы да тиянақты білім алуы үшін әр бөлім, әр тақырып бойынша олардың білімдерін тексеріп отырған жөн. Мұнда әсіресе оқушылардың білімдерін тексеруде мына төмендегідей әдістерді қолданған тиімді:

- Тестік жүйе бойынша;
- өзін-өзі тексеру;
- көршісін тексеру және т.б

7. Сабақта халықтық педагогика элементтерін пайдалану қажет. Ол үшін:

• Халық ертегілерінен, аңыз әңгімелерінен, өлең жырларынан үзінділер келтіріп, олардың мағынасын түсіндіруге;

• Халықтың ұлттық ойындарымен түсіндіруге;

• Әр түрлі табиғи құбылыстарға байланысты жұмбақтар шешіп, сөзжұмбақ, бейнесөз құрастыруға болады.

8. Сабақта білім алушыларды таң қалдырып, себебін білгілері келетін әртүрлі қызықты тәжірибелер мен физикалық фокустарды ұдайы қолданған орынды.

9. Ең бастысы әрбір сабақ өз дәрежесінде өтуі қажет.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай жаңа білім беру өте қажет» деп, ел Президенті атап көрсеткендей, ақпараттық технологияларды оқытуда тиімді пайдалану – жаңа білім берудің бірден – бір шарты. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі. Сабақ барысында ақпараттық технологияны қолданудың жақсы жақтары:

– Түрлі-түсті иллюстрациялар, музыка, анимациялар есте сақтау процесі үшін тиімді.

– Әр сабақта сөйлеу әрекетінің бес түрі де қолданылады: тыңдалым, сөйлесім, оқылым, жазылым, айтылым.

– Әр сабақ төмендегілерді қамтиды:

а) компьютермен үзіліссіз тілдік қарым-қатынас;

ә) бірнеше рет тыңдау мен оқып-білген материалды қайталаудың арқасында дағдыларды машықтандырғанға дейін меңгертіледі.

– Компьютер оқушының өзіндік жұмысын ұйымдастырады.

– Компьютер оқытудың аудио және бейне құралдардың мүмкіндіктерін табысты байланыстырады.

– Компьютерлік желілермен жұмыс істеу арқылы білім алушылардың компьютерлік сауаттылығы, шығармашылық потенциалының, тілдік құзіреттілігінің дамуына мүмкіндік туады.

Сабақты меңгертуде көбінесе сандық және сапалық есептер шығару, әртүрлі қызықты тәжірибелер мен физикалық фокустар көрсету білім алушылардың ой-өрісін дамытып, олардың шығармашылығын арттыруға бағыт беру мақсат етіледі. Сапалық есептер шығарғанда халық даналығының, нақыл сөздерінің, мақал-мәтелдерінің тәрбиелік мәнін және ұлттық ойындарды физика тұрғысынан түсіндіруге, пайдалануға болады.

Физиканың негізгі заңдылықтары мен құбылыстарын өмірмен байланыстыра қызықты етіп беру жолдарын қарастыруға болады. Мұндай тапсырмалар білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, оларға физика заңдылықтарын өмірде кеңінен қолданылатынын да ұғындыруға мүмкіндік береді.

Осы үлгідегі оқытудың әдіс-тәсілдері білім алушылардың есте сақтау қабілетін арттырып, оларды жинақылыққа, дәлдікке, шығармашылыққа баулуға көмектеседі деп ойлаймын.

Қорыта айтқанда, бүгінгі сабақ ертеңгі сабақтан өзгеше, жақсы болуы тиіс. Әрбір тақырыпты түсіндіргенде білім алушылардың мүмкіндіктеріне қарай тірек белгілері мен тірек конспекттерін пайдаланған жөн. Негізгі заңдылықтарды тірек белгілері арқылы білім алушыларды жинақылыққа, көркемдікке баулып, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ойлау қабілетін арттырып, оларды шығармашылыққа баулуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ физикалық заңдылықтар мен құбылыстарға арнап жеке тірек белгілерін құрастыру қажет.

Әдебиеттер

1. Қазақстан мектебі. 2008. – № 6. «Ақпараттық технологиялардың тиімділігі».
2. Қазақстан мектебі. 2006. – № 4. «Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану тетіктері».
3. Қазақстан мектебі. 2009 ж. № 8 «Электрондық оқытудың әдістемелік аспектілері».
4. Өмірбаева К. Оқыту процесіндегі инновациялық ізденістер, 2001.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУҒА ДЕГЕН МОТИВАЦИЯЛАРЫН ДАМУ

Буланова Т.М., Ембергенова Қ.Р.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Педагогикалық практиканы жетілдірудегі жаңа жетістіктер болашақ ұстаздарды оқытуда педагогикалық қызметті тиімді үйлестіру біліктіліктерін меңгерту үшін өте маңызды. Бүгінгі күні қоғамның көптеген салаларында мамандардың өз қызметінде білімдегі бос кеңістіктерді жылдам жою қабілеттілігін белсендіруді талап етеді.

Жоғары оқу орындарындағы оқыту үрдісіндегі мақсаттарға жету үшін жаңа шарттар құрылады: білім беру стандартында тыңдаушының өзіндік жұмысына бөлінетін нормативтік уақыттың көлемі ұлғайтылады, тыңдаушының оқуға деген мотивацияларының өлшемдері енгізіледі, оқу сабағының жаңа формалары жасалып, іске асырылады.

Жоғары оқу орындарында білім алушылардың оқуға деген мотивацияларын дамыту мүмкіндіктері мен әдістемелік жұмыстар жүйесі теориялық тұрғыда ғана емес, практикалық тұрғыдан да дәлелділікті талап етеді.

Сол себепті мынандай міндеттерді шешуіміз қажет:

- педагогикалық зерттеу әдістемесін пайдалана отырып, тыңдаушылардың оқуға деген мотивация деңгейлерін және жағдайларын анықтау;
- оқу үрдісіне тыңдаушылардың оқуға деген мотивацияларын дамыту жолдарын анықтау;
- тыңдаушылардың, оқытушы мен білім алушылардың оқуға деген мотивация жағдайларына салыстырмалы сипаттама беру;
- әдістемелік жұмыстардың тиімділігін дәлелдеу.

Егер тыңдаушыда белгілі бір білім жүйесі мен танымдық қабілеттері болатын болса, онда ол танымдық тапсырмаларды орындай отырып, оқу және ғылыми танымдық іс-әрекеттерді дамыта отырып, алдын-ала болжай алу мүмкіндігіне ие болады. Тыңдаушылардың оқуға деген мотивацияларын дамыту критерийлері ретінде мынаны бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

- білімді өз бетінше алуға дайындығының болуы және оны түрлі нақты жағдайда қолдана білу;
- тұтас педагогикалық үрдіс жағдайында оқытушының басшылығымен мақсатқа бағытталған өзара әсері;

- тірек білімдерінің болуы;
- әрекет тәсілдерін білуі;
- өзін-өзі бақылау және әрекетке бейімдеу;
- танымдық тапсырмаларды шешу біліктілігі;
- проблемаларды шешудің ұжымдық нысандарын ұйымдастыру дағдыларын қажетсіну.

Көрсетілген критерийлер негізінде студенттердің оқуға деген мотивацияларын дамыту мүмкіндіктері мыналар деп есептейміз:

- білімге қызығушылық;
- танымдық белсенділігінің болуы;
- танымдық қажетсіну;
- жұмыстың міндеттері мен мақсатын анықтау білігі;
- жұмыс мазмұнын өздігінше таңдау білігі;
- оқудағы қиындықтарды жеңуге ұмтылу;
- жұмыстың тиімді тәсілін таңдау білігі;
- өзін-өзі бақылау және орындалған жұмысқа өзіндік баға беру білігі;
- оқылып отырған пәннің ережесін, заңдылықтарын, негізгі ұғымдарын білу;
- негізгі ұғымды анықтау, түсіндіру білігі;
- өзіндік жұмыстарды орындауда ережелерді пайдалану білігі;
- ұйымдастыру-танымдық біліктерінің болуы;
- жалпы оқу білігінің болуы;

- оқу-танымдық біліктерінің болуы;
 - пәндік біліктерінің болуы;
 - танымдық тапсырмаларды өз бетінше шеше білу;
 - танымдық тапсырмаларды шешуде тиімді тәсілдерді өз бетінше таңдау білігі;
 - танымдық тапсырмаларды шығармашылық сипатта шешуге ұмтылу;
 - кәсіптік міндеттерді шешуде оңтайлы тәсілдерді таңдау білігі;
 - ақпараттар легімен жұмыс істей алу, бағдарлай алу білігі;
 - жаңа педагогикалық технологияларға қызығушылығының болуы.
- тыңдаушылардың үздік білімі нәтижесінде, танымдық әрекеттерді жүзеге асыруы, мотивтік компонент, мазмұндық-операциялық компонент, еріктік компонент, бағалау
- нәтижелік компоненттердің даму деңгейлерін анықтау мүмкіндігі бар деп есептейміз;
 - мазмұндық-операциялық компоненттің даму деңгейлері арқылы тыңдаушылардың оқуға деген мотивацияларының даму деңгейлері арқылы мотивацияның барлық компоненттерін анықтауға болады.

– мотивтік компонент – оқыту практикасында оқытудың әр түрлі мотивтері болады.
 Мотив – адамның объективті қажеттілігімен ынтасын бейнелейтін әрекетіне іштей талпынуы.
 Тәжірибелік педагогикада мотивтік компоненттер бағытына және мазмұнына қарай:

- әлеуметтік;
- танымдылық;
- қызметтік;
- коммуникативтік;
- статусты – позициялық;
- дәстүрлік;
- тарихи деп топтастырылады.

Мазмұнды-операциялық компонент – танымдық мотив компоненттерінің ішінде мазмұнды операциялық компонент маңызды роль атқарады. Бұл білім алушылардың оқуға деген мотивацияларын дамытумен қатар жетекші білімдердің, іргелі теориялы білім және оқу-танымдық қызмет тәсілдерінің жүйесі қамтылады, бұл тәсілдер жаңа білімдер мен әрекет тәсілдерін өзбетінше игеру біліктерін айқындайды.

Еріктік компонент – танымдық мотивтің еріктік компоненті алдыңғы мотивтік және мазмұнды-операциялық, кейінгі бағалау-нәтижелік компоненттерімен тығыз байланысты, өйткені олардың негізінде – қажетсіну жатыр.

Жалпы негіз – қажетсіну мотивтік және еріктік компоненттерінің сезіммен байланысын айқындайтынын көруге болады, өйткені сезімде қажетсінудің белсенді жағы бейнеленеді.

Бағалау-нәтижелік компонент – білім алушылардың өзіндік бағалауы, өзінің іс-әрекетіне жауап беруі, өзінің мүмкіндіктерін білуі, істеген жұмысын түзету, орындалған жұмысты жүйелеу, іс-әрекет бағытын анықтау, өзіне талап қойғыштық сияқты бағалау-нәтижелік компоненттің белгілері бар.

Бағалау-нәтижелік компонент өзіндік бағалау мен саналылықты, жеке тұлғаның өзіндік қасиеттерін қамтиды. Жоғарыда келтірілген компоненттер бір-бірімен тығыз байланысты болып, бір-бірін толықтырып тұрады.

Психологиялық зерттеулерге қарағанда, студенттердің өздігінен түрлі әрекет, жұмыстар жасауға деген құштарлығы, белсенділігі жоғары, олардың психологиясында өзін-өзі, бірін-бірі бағалау қасиеті ерекше орын алады.

Олардың өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі бақылауы мен өзін-өзі басқаруы, өзін-өзі түзетуі – бір-бірімен тығыз байланысты үрдістер.


Мұндай өзіндік әрекеттерге үйретуде қарапайым сатыдан жоғарыға, одан күрделі сатыға қарай дамиды.

Содан бірте-бірте білім алушының оқуға деген мотивациясына байланысты өздігінен жұмыс істеу білім алушының қажетіне айналады (өздігінен білім алу, өзін-өзі басқару, бағалау сияқты әрекет дәрежесіне көтеріледі).

Біз ғылыми педагогикалық әдебиеттерді зерттеу барысында ғалымдардың барлықтары, студенттердің оқуға деген мотивацияларының дамуының әр шағында өз қиыншылығы, өз шыңы бар деп мойындағандарын байқадық. Әрине, біз олардың мұндай көзқарастарына қосыламыз.

Адамның қызығушылығы әртүрлі істерді орындауға ұмтылудан туады. Ал, мотив сол істерге итермелейтін күш, яғни адамның белгілі қажеттіліктерді қанағаттандырудағы іс-әрекетіне байланысты психологиялық көңіл-күйі.

Қажеттілік адамның белсенді әрекетін тудыратын қозғаушы күш болса, білімге, оқуға итермелейтін студенттің танымдық қызығушылығын қадыптастыруда мотивтердің маңызы зор.



1-сызбанұсқа. Тыңдаушылардың оқуға деген мотивацияларын белсендіру үрдісі

Әдебиеттер

1. Смаилов С.С. Условия активизации познавательной деятельности студентов технического вуза. Алматы, 1997, 196с.
2. Дәулетбекова Ж.Т. Оқушылардың оқу мотивтері сапалы білім негізі. Алматы, 2001, 170б.
3. Кузьмина И.В., Гинецинский В.И. Актуальные проблемы профессионально-педагогической подготовки учителя. Советская педагогика, 1982, – №3. – С 63-66.
4. Шалавина Т.И. Формирование познавательной самостоятельности в условиях сочетания проблемного объяснительно-иллюстративного обучения.

БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Буланова Т.М., Ембергенова К.Р., Шукетаева К.Қ.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Қазақстан Республикасының әлемдік білім беру жүйесіне ену процесі 2003 жылдан бастап еліміздің оқу орындарында кредиттік оқыту технологиясын ендіруден басталды. Бұл әлемдік және отандық білім беру тәжірибесінің ықпалдасуы ғана емес, олардың өзара толығу үдерісі де болып

табылады. Осы үдерістің алдындағы Қазақстанның «Еуропа аймағындағы жоғары білімге қатысты біліктіліктерді тану туралы» Лиссабон Конвенциясына және «Жоғары білімнің еуропалық аймағы туралы» Болон декларациясына қосылуы, ҚР «Еуропа аймағындағы жоғары білімге қатысты біліктілікті тану туралы» Конвенцияны ратификациялау туралы Заңы кредиттік оқыту технологиясының ендірілуіне жол ашты. Кредиттік оқыту жүйесін ендіру және оқыту жүйесін жетілдіру әлемдік жоғары білім беру тәжірибесін, оның ішінде еуропалық аймақтағы жоғары білімге қатысты біліктіліктерді тану туралы Лиссабон Конвенциясы және Болон декларациясы сияқты материалдарды зерттеуді қажет етеді.

Кредиттік оқыту жүйесінің Қазақстанға ендірудегі алғашқы тәжірибелер оқу процесінде Білім алушының өзіндік жұмысын белсендірудің қажет екендігін көрсетті. Аудиториялық сағаттардың қысқарып, енді білімді игертуде негізгі салмақтың өзіндік жұмысқа түсуі білім алушының өз бетімен білім алу, өзін-өзі дамыту қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Білім алушының өзіндік жұмысы – болашақ мамандарды даярлаудың және білім сапасын арттырудың ең басты резервтерінің бірі. Осыған орай жоғары оқу орындарында әр білім алушыдан ой еңбегінің ұтымды әдістерін білуі, яғни аз уақыт кетіріп қажетті ақпаратты іздеп және меңгеруді, фактілер, теорияны, тұжырымдамаларды жүйелеп және жіктей білуді, өз көзқарасын нақты айтып және дәлелдей білуді, түрлі күрделі сұрақтарды шығармашылықпен шеше білуді үйренуі талап етіледі.

Білім алушының өзіндік жұмысы – бұл білім алушының дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызығушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған студенттің оқу әрекетінің ерекше түрі.

Білім алушының өзіндік жұмысы – жоғары оқу орнының оқыту үдерісінде білім алушылардың өзіндік әрекетін ұйымдастыру мен басқарудың ерекше бір құралы. Олай болса кредиттік оқыту жүйесінің жоғары мектепте ендірілуі және СӨЖ-дің үлесінің артуы оны белсендіруге баса көңіл аудартады. Жаңа оқыту технологиясының ендірілуіне сәйкес ЖОО-дағы оқу-тәрбие үдерісін жаңаша ұйымдастыру, оқыту технологиясын және оның әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуін өзгерту қажеттілігі туындады.

Білім алушының өзіндік жұмысы логикалық ойлауды дамытуды, шығармашылық белсенділікті, оқу материалы негізінде зерттеушілік ықпалды қамтамасыз ететін практикалық тапсырмаларды жүзеге асырумен байланысты.

Білім алушының өзіндік жұмысы аудиторлық жұмыспен бірге, оқыту процесінің негізгі бөлігі болып табылатын СӨЖ-дің жүйелі түрде орындалуы оқытушының жоспарлау және бақылау қызметі нәтижесінде қалыптасады.

Оқытушының басқаруымен білім алушының өзіндік жұмысы – оқытушының тікелей қатысуымен өтетін бірақ, оқытушының тапсырған жұмыстары және әдістемелік басқаруымен орындалатын білім алушының жоспарланған жұмысы.

Білім алушының өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудағы қызметі:

- өз әрекетін өзі ұйымдастырушы;
- өз бетімен ізденіп, шығармашылық әрекет жасаушы;
- өз тағдырын өзі басқарушы.

Барлық пәндерден білім беру барысында ұйымдастырылатын өзіндік жұмыстың түрінің көптігіне қарамастан, олардың бәріне ортақ мақсат – білім алушының кәсіби бағыттылығын қалыптастыру, құзырлыққа жетуге талпыныс тудыру тұрғысында даярлау, кәсіптік іс-шаралар ұйымдастыруға, оның жүргізу жолдарын білуге, орындаудың әдіс-тәсілдерін меңгеруге жаттықтыру мәселелерін қарастырамыз. Өзіндік жұмысты орындауда студент психологиялық тұрғыдан қызмет атқарады. Ол әрбір жағдаятты түсіну, қабылдау, сырттан әсер ететін ақпараттарды іріктеу, өңдеу, керегіне қарай жүйелеп пайдалану. Мұндай жағдайда оған қабылдау, еске түсіру, назар аудару, ойлану сияқты психологиялық үрдістер қатысады. Мұндай жағдайда білім алушыға оның жігері мен шешімділігі көмектеседі. Өзін-өзі реттеп, өзін-өзі басқарып, ой елегінен өткізу әрекеті басым болады.

Білім алушының өзіндік жұмысы – кез-келген пәнді оқуға өзіндік жұмыстың орындалу әдістерінің қалыптасуына бағытталғанымен, бұл жұмыс – білім алушының ғылыми, оқу кәсіби құзырлығын қалыптастырып, мәселелерді өзіндік шешуіне оңтайлы шешімдерді қабылдауға, дағдарыстық жағдайлардан шығуға арналған. Жоғары мектептің орта мектептен ең басты айырмашылығы – оқыту жұмысының әдісі және білімгерлердің жеке деңгейі болып табылады.

Өзіндік жұмыс өз бетінше іс-әрекет арқылы іске асады. Өзіндік оқу іс-әрекеті дегеніміз – бұл дидактикалық ұғым, ғылыми практикалық міндеттерді өз бетімен қою, оның шешімін табудың өзіндік тәсілдерін болжау және анықтау, жеке тұлғаның өзін-өзі бақылауы, өзін-өзі бағалауы негізінде педагогикалық үдеріске қатынасшылардың өзара іс-әрекетінде қалыптасқан жеке тұлғаның кіріктірілген білімі.

Білім алушылардың өзіндік жұмысына берген түрлі анықтамаларды саралай келе, білім алушының өзіндік жұмысы (СӨЖ)—жоғары мектептің оқу үдерісінде білім алушының өзіндік әрекетін ұйымдастырудың және басқарудың ерекше құралы деп есептейміз. Ғылыми әдебиеттерде ол оқытудың құралы, оқу-ғылыми танымның формасы, шығармашылық ойлау әдісі ретінде де қарастырылады.

Аудиториялық СӨЖ оқу жоспары мен оқу пәнінің бағдарламасы арқылы анықталып, оқу кестесімен реттеледі, оқытушының тікелей жетекшілігімен дәрісте, семинарда, зертханалық жұмыстарда, коллоквиумдарда және т.б. жүргізіледі.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыру мен оны нәтижелі орындату оқытушы мен білім алушы арасындағы қарым-қатынасқа, яғни оқытушының білім алушыға дұрыс бағыт беретін, сабақтың өне бойына оны өнімді іске жұмылдыратын, керекті жағдаятты кәсіби тұрғыдан шешуге талпындыратын басшылығы мен кеңесіне тікелей байланысты. Қазіргі таңда бүкіл пәнге бөлінетін уақыттың үштен бірі өзіндік жұмысқа арналған болса, білім алушылардың оқытушымен бірге орындайтын жұмысының да көпшілігі олардың ізденушілігін күшейту мақсатына бағытталады. Жалпы кредиттік жүйе бойынша білім беруге көшудің мақсаты – білім алушылардың өздігінен білім іздеуіне, білімді молайтуына, оны тереңдетуге негіз салу болып отыр.

Өзіндік жұмысты орындау барысында жаңа технологияларды қолдана білуінде де көп мән бар. Әсіресе, білім алушылар жұмысты орындау барысында олардың педагогикалық көзқарастары, дүниетанымы, жұмыс атқарудағы дербестігі (мақсатын өзі анықтау, атқаратын әрекетті таңдау, уақытты дұрыс пайдалана білу, өзін-өзі тексеру т.б.) оларды шығармашылықпен жұмыс істеуге жетелейді. Бұл тұста білім алушылардың белсенділігі басым орын алуға тиісті. Шығармашылықтың дамуына олардың педагогтік мамандыққа қызығушылығы мен қажеттігі көп әсер етеді.

Білім алушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне олардың бос уақытының болуы да әсер етеді. Сондықтан да, өзіндік жұмысты шамадан тыс көп беруден гөрі оларды елеп-екшеп, іріктеп, ең керекті және білім алушыға қосымша ұғым беретін, кәсібіне қарай бағыттаушы түрлерін беру арқылы олардың қызығушылығын төмендетпей, керісінше орындау белсенділіктерін көтеретін түрлеріне баса көңіл аударған жөн.

Өзіндік жұмыстарды әр білім алушының мүмкіндігіне қарай орындата отырып, оқу үдерісінде жаңа ізденістерге мүмкіндік алып, «жалпыға ортақ білім» парадигмасынан «әркімге арналған білім» парадигмасына қадам жасаймыз. Сонымен қатар оқытушы білім алушыға ақпарат беруші ғана емес, оны шығармашылық жұмысқа бағыттаушы, ізденуге жол көрсетуші және олардың дамуын қадағалап, кеткен кемшіліктерін өздеріне түзеттіріп отыруға мүмкіндік жасаушы ретінде қарым-қатысқа түседі.

Әдебиеттер

1. Студенттердің өз бетімен орындайтын жұмыс түрлері //Қазақстан жоғары мектебі, № 3. 2008.- Б. 25-28.
2. Студенттердің кәсіби бағытын қалыптастыру // Ұлт тағылымы, № 3. 2008.-Б.20-22.
3. Студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыруда белсенділікке тәрбиелеудің педагогикалық маңызы. //Халықаралық ғылыми–практикалық конференция .-Алматы, 2009. Б. 97-99.
4. Кәсіби бағыттылықты қалыптастыруда өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың әдістері. //Наука и новые технологии. №9.2009, Бишкек. С. 137-139.

ЖАРТЫЛАЙ ИОНДАЛҒАН СУТЕГІ ПЛАЗМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫН ЕСЕПТЕУ

*Габдуллин М.Т., ф.-м.ғ.к., Каримова А.Т., магистрант,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Жұмыста жартылай иондалған плазманың құрамын есептеу үшін плазманың химиялық моделі пайдаланылды. Мұндай модельде плазма жүйенің әртүрлі мүмкін болатын бөлшектерінен тұрады. Сутегі плазмасы үшін бұл электрондар, иондар мен атомдар болып табылады. Қандай да бір бөлшектер сорты концентрациясының, температура мен тығыздықтың ауысуы салдарынан өзгеруі жүйеде мүмкін болатын реакцияларды анықтауға жол ашады. Сутегі плазмасы үшін, димерлер мен күрделі молекулалардың түзілуі ескерілмеген жағдайдағы, иондалу және атомдардың рекомбинациялану реакцияларын қарастырып көрейік:



Химиялық модель шеңберінде сутегі плазмасының құрамын есептеп шығару мәселесі n_j құрамдар кеңістігінде бос энергияның минимумын анықтауды қажет етеді. Бұл ионизациялық тепе-теңдіктің шартына алып келеді:

$$\mu_e + \mu_i = \mu_a, \quad (2)$$

мұндағы μ_e , μ_i , μ_a – электрондар, иондар мен атомдардың химиялық потенциалы. Идеалды жүйе үшін химиялық потенциал былайша жазылады [1]:

$$\mu_k = k_B T \ln \left(\frac{n_k \lambda_k^3}{Q_k} \right), \quad (3)$$

мұндағы $\lambda_k = \hbar / \sqrt{2\pi m_k k_B T}$ – k сортты бөлшектердің де-Бройль толқын ұзындығы, m_k – k сортты бөлшектердің массасы; $Q_k = \sum_s g_s \exp \left[-\frac{E_s}{k_B T} \right]$ – k сортты бөлшектердің ішкі статистикалық сомасы; g_s , E_s – s - энергетикалық деңгейдің статистикалық салмағы мен байланыс энергиясы; n_k – бос бөлшектердің (электрондардың, иондар мен атомдардың) тығыздығы.

Кванттық сандары $l=0$ және $S=1/2$ болатын бос электрон үшін статистикалық соманы $Q_e = 2$ деп алғанда, әсерлесетін массалар заңы ретінде белгілі келесі теңдікті аламыз:

$$\frac{n_a}{n_e n_i} = \lambda^3 \frac{Q_a}{2Q_i}, \quad (4)$$

мұндағы $\lambda = \frac{\hbar}{\sqrt{2\pi m_e k_B T}} \sqrt{m_a / m_i} \approx \frac{\hbar}{\sqrt{2\pi m_e k_B T}}$.

Сутегінің энергия деңгейлерінің орбиталдық кванттық сан бойынша азғындалуын ескере отырып, сутегі плазмасының атомдық статистикалық сомасын мынадай түрде жазуға болады:

$$Q_a = 2Q_i \sum_{s=1}^{\infty} s^2 \exp \left[-\frac{E_s}{k_B T} \right], \quad (5)$$

мұнда S арқылы бас кванттық сан белгіленген.

Алынған мәнді (5) теңдігіне қойып, сутегі плазмасы үшін белгілі Саха теңдеуін аламыз:

$$\frac{n_a}{n_e n_i} = \lambda^3 \sum_{s=1}^{\infty} s^2 \exp \left[-\frac{E_s}{k_B T} \right] = K(T), \quad (6)$$

мұндағы $K(T)$ – ионизациялық тепе-теңдік тұрақтысы.

Тәжірибелік есептеулерде жоғарғы қозған күйлерді ескермеуге болады, себебі статистикалық соманың негізін бірінші қосылғыш құрайды, сонда Саха теңдеуі:

$$\frac{n_a}{n_e n_i} = \lambda^3 \exp \left[-\frac{\tilde{E}_{10}}{k_B T} \right] = K(T) \quad (7)$$

түрінде жазылады, мұндағы $I = -\tilde{E}_{10}$ – сутегі плазмасы үшін кулондық өрістегі негізгі күйдін иондалу энергиясы.

Плазмалық ортаның әсерінен байланысқан күйлердің энергетикалық деңгейлерінің деформациялануы орын алады. Иондалу дәрежесін бос электрондардың жалпы электрондардың санына қатынасы ретінде анықтай отырып:

$$\alpha = \frac{n_e^*}{n_e}$$

Саха теңдеуін квадраттық теңдеу түрінде жазамыз:

$$\frac{1-\alpha}{\alpha^2} = n_e \lambda^3 \exp\left[\frac{I-\Delta I}{k_B T}\right]. \quad (8)$$

Сутегі үшін иондалу энергиясының сан мәні $I \approx 13.6$ эВ, ΔI – химиялық потенциалға енгізілген түзетуге тең иондалу потенциалының төмендеуі.

$$\frac{\Delta I}{k_B T} = \frac{\Delta \mu}{k_B T} = -\sqrt{3} \Gamma^{\frac{3}{2}} - \frac{3}{2} \Gamma^2 - \frac{3\sqrt{3}}{2} \Gamma^{\frac{5}{2}} - \frac{\Gamma^3}{\pi r_s} + \frac{1}{\sqrt{1+3\Gamma}} (2.5\Gamma + 5.8\Gamma^2). \quad (9)$$

(9)-ды ескергендегі Саха теңдеуі сандық әдістермен шешілді (сызықты емес теңдеулерді шешуге арналған Ньютон әдісі).

Сутегі плазмасының иондалу дәрежесінің мәндері төмендегі электрон-электрондық, электрон-иондық және ион-иондық әсерлесулердің эффективті потенциалдарының негізінде есептелді:

$$\Phi_{\alpha\beta}(r) = \frac{Z_\alpha Z_\beta e^2}{\sqrt{1-4\lambda_{\alpha\beta}^2/r_D^2}} \left(\frac{e^{-Br}}{r} - \frac{e^{-Ar}}{r} \right), \quad (10)$$


мұндағы $A^2 = \frac{1}{2\lambda^2} \left(1 + \sqrt{1-\lambda_{\alpha\beta}^2/r_D^2} \right)$, $B^2 = \frac{1}{2\lambda^2} \left(1 - \sqrt{1-\lambda_{\alpha\beta}^2/r_D^2} \right)$, $Z_\alpha e$, $Z_\beta e$ – α және β сортты бөлшектердің электр зарядтары, $\lambda_{\alpha\beta} = \hbar / \sqrt{2\pi m_{\alpha\beta} k_B T}$ – жылулық Де-Бройль толқын ұзындығы, $m_{\alpha\beta} = m_\alpha m_\beta / (m_\alpha + m_\beta)$ – α және β сортты бөлшектердің келтірілген массасы,

$r_D = \left(k_B T / \left(4\pi e^2 \sum_j n_j Z_j^2 \right) \right)^{1/2}$ – Дебай радиусы.

$$\Phi_{ii}(r) = \frac{Z_i Z_i e^2}{\sqrt{1-4\lambda_{ei}^2/r_D^2}} \left(C_1 \frac{e^{-Ar}}{r} - C_2 \frac{e^{-Br}}{r} \right), \quad (11)$$

мұндағы $C_1 = \frac{1}{2} \left(1 - \sqrt{1-\lambda_{ei}^2/r_D^2} \right)$, $C_2 = \frac{1}{2} \left(1 + \sqrt{1-\lambda_{ei}^2/r_D^2} \right)$.


1-суретте түрлі әсерлесу потенциалдарының негізінде сутегі плазмасының иондалу дәрежесінің бөлшектер тығыздығына тәуелділігінің графигі келтірілген.



- - - иондалу потенциалының төмендеуінсіз
- . - иондалу потенциалының Дебай төмендеуін ескергенде
- _____ иондалу потенциалының (8) формуласы бойынша төмендеуін ескергенде

1-сурет – $T = 300000K$ температурадағы сутегі плазмасының иондалу дәрежесінің Изотермалары

Пунктирлі сызық – Саха теңдеуінің әсерлесу потенциалының төмендеуін ескермеген жағдайдағы шешімі, нүктелі сызықпен Дебай-Хюккель потенциалы (Дебай-Хюккелдің химиялық потенциалға түзетуі) аясында есептелген иондалу дәрежесі бойынша нәтижелер бейнеленген. Иондалу дәрежесі қисықтарының мәндері үлкен тығыздықтарда айтарлықтай өзгеше болады. Суреттен жақын арақашықтықтарда кванттық эффектiлердi, ал үлкен арақашықтықтарда экрандалу эффектiсiн ескеретiн потенциал негiзiнде есептелген иондалу дәрежесiнiң мәндерi Дебай-Хюккель теориясының мәлiметтерiнен төмен екенiн байқаймыз, оның себебi концентрация мен температураның белгiлi мәндерiнде иондалу дәрежесiнiң төмендеуi аз жүредi. Тығыздықтың одан ары жоғарылауы иондалу дәрежесiнiң күрт артуына және жоғарғы энергетикалық деңгейлердiң жойылуына (Мотт ауысуы) әкелiп соғады.



2-сурет – Сутегі плазмасының иондалу дәрежесінің бөлшектер концентрациясына тәуелділігінің изотермалары

2-суретте көрсетілгендей, температураның мәні тұрақты болғанда, плазма тығыздығы артқан сайын бос зарядтар концентрациясы төмендеп, жүйедегі атомдар концентрациясы артады. Осылайша тығыз плазмадағы әсерлесулерде кванттық дифракция эффектiсiн ескеру иондалу потенциалының төмендеуiнiң кiшi мәндерiне алып келедi.

Әдебиеттер

1. Эбелинг В., Крефт В., Кремп Д. Теория связанных состояний и ионизационного равновесия в плазме и твердом теле. – М.: Мир, 1979. – Р. 264.
2. Ramazanov T. S., Dzhumagulova K. N. Effective screened potentials of strongly coupled semiclassical plasma // Phys. Plasmas. – 2002. – Vol. 9. – P. 3758.
3. Габдуллин М.Т. Эффективный потенциал ион-ионного взаимодействия и структурные свойства плотной квазиклассической плазмы // Вестник КазНУ. Серия физическая. – 2006. – № 2. – С. 26-29.

ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ІЗГІЛЕНДІРУ

Дауытова Ж.Қ., Абдибекова К.Ж., Шукетаева К.Қ.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Бүгінгі күні оқу процесінде кез келген оқу және оқытылу жүйесінде бірнеше міндеттер мен талаптар тұр. Сол міндеттерде көбіне оқытушы мен студент арасындағы міндеттер қарастырылуда. Дегенмен студенттердің білім дағдылары әруақытта тексеріліп отырады. Тексеруден гөрі қазіргі кезде диагностика туралы көп айтылуда. Дәстүрлі тексеру әдістері неге қайта қаралуда? Бұл оқу-тәрбие процесін ізгілендіруге байланысты. Ал диагностика – оқу-тәрбие процесінің барысы және нәтижелері туралы ақпарат алу тәсілі.

Диагностиканың міндеттері:

- студенттердің даму барысына және нәтижелеріне талдау жасау (білім алуға әзірлігі, психикасының жұмысы, дамуы);
- оқыту процесінің барысын және нәтижелерін талдау (білімнің көлемі және тереңдігі, білім, іскерлік, дағдыларды қолдана білуі, ой жұмысының негізгі тәсілдерінің болуы, шығармашылық іс-әрекет тәсілдерін білу);
- тәрбие барысын және оның нәтижелерін талдау (тәрбиелік деңгейін, адамгершілікке сенімін, адамгершілігін).

Егер өткен тәрбиеде талдау, тексеру және бағалаудың объектісі студенттердің еңбегі болса, енді жаңа жағдайда оқытушымен мен студенттің оқушының бірлескен еңбегі, оның нәтижелері талданады. "Енді жоспарланған көрсеткішке неге толықтай жете алмадық?" – деген сұраққа жауап беру керек. "Оқыту процесі тиімді болу үшін не істеу керек?" – деген сұраққа диагностика жауап береді. Диагностика нәтиже мен процесі бірге зерттейді. Студенттің еңбегі оқытушының еңбегімен бірге талданып, студенттің мүмкіндігі, қабілеті және икемділігі зерттеледі. Оқытушының жұмысына ықпал еткен жағдайлар ескеріледі. Тексеру студенттің "оқығым келмейді" деген пікірімен санаспайды. Ал диагностика онымен санасады, студенттің оқуға ынтасын арттыру тәсілдерін табады. Мысалы, тексеру арқылы студенттің барлық тапсырманы дұрыс орындағаны анықталады. Оқытушы оған "өте жақсы" деген баға қойды және мадақтады. Процесс те, нәтиже де жақсы сияқты. Тек қана диагностика студенттің "өте жақсы" баға алғаны есте сақтау қабілетінің жақсылығынан екендігін, бірақ оның ақыл-ой жұмысына қабілеті нашарлығын анықтайды. Оқытушы кемшілікті жою мақсатымен студентке түрлі тапсырмалар береді.

Дәстүрлі тексеру нәтижелерді бағалап, олардың себептерін түсіндірмейді. Диагностика арқылы студенттердің білім, іскерліктері тексеріліп бағаланады, сандық мәліметтер талданады, бағыттар айқындалып, одан арғы жұмыстар болжанады. Диагностика үшін көптеген әдістер және әдістемелер қолданылады. Мысалы, дәстүрлі тексеру, бағалау әдістерімен қатар тест әдісі, студенттердің оқуға керекті психикалық сапаларын, атап айтсақ, есті, зейінді, ақыл-ойды, т.б. зерттеу, жеке студенттермен жұмысты жобалау әдісі қолданылады.

Дәстүрлі тексеру әдістері диагностика арқылы ізгілікке қызмет етіп, оқу орында жақсы қарым-қатынас орнатады. Диагностика студенттерді "орташа", "үздік" деп бөлмей, олардың мүмкіндіктерін анықтайды. Диагностикалық қорытындылар дәл, толық болу керек. Барлық оқытушылар гуманистік идеяларды мойындағанда ғана диагностика арқылы әрбір студент туралы ақпараттар жиналып, оның қабілетін, дарындылығын дамытуға қолайлы жағдай жасалады.

Оқушылардың білімдерін тексеру, бағалаумен байланысты әлі шешілмеген мәселелер көп. Гуманистік педагогикада бірінші орында оқу тәрбие процесінің барысы және нәтижелері туралы ақпараттар алудың тәсілі, оқытушылар мен студенттердің бірлескен еңбегінің нәтижелерін көтеру жолдарын табу үшін талдайтын диагностика тұрады. Диагностика керекті ақпаратты алудың қосымша тәсілі ретінде тексеру және бағалауды қолданады.

Тексеруді ізгілендіру. Студенттердің білім, іскерліктерін тексеру, бағалау педагогикалық технологияның ежелгі бөлігі диагностикалық құрамына кіреді. Бақылаусыз, тексерусіз оқытуға бола ма? Зерттеулер оқу жұмысының сапасы мадақтау әдісіне байланысты екенін дәлелдеп отыр. Оқу орындар өміріндегі демократиялық өзгерістер, ізгілендіру білім, іскерліктерді бақылау және бағалауды жетілдіруді талап етеді.

Оқыту нәтижелерін бағалау. Бақылау – білім, іскерліктерді анықтау, өлшеу және бағалау. Тексеру – бақылаудың бір бөлігі, негізгі дидактикалық қызметі мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету, оқушылардың материалды қалай түсінгендігі туралы мұғалімнің ақпарат алуы, білімдегі кемшіліктерді дер кезінде табу. Бақылаудың жалпы қызметі; тексеру, оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ынталандыру. Тексерудің мақсаты – студенттердің білім деңгейін, оның сапасын, оқу еңбегінің көлемін анықтау.

Бақылау арқылы процеске, оның нәтижелеріне баға беріледі. Үлгерімнің табеліне, сынып журналына бағалар қойылады. Әділ бағаның ықпалымен оқушылар дұрыс баға беруге үйренеді. Үлгерімді диагностикалау мен бақылаудың маңызды принципі әділдік, жүйелілік, көрнекілік. Баға әділ қойылу үшін диагностикалық тестілердің (тапсырма, сұрақтардың) мазмұны ғылыми әдістермен жасалып, оқытушылар мен студенттердің арасында дұрыс қарым-қатынас болу керек.

Жүйелілік принципінің талабына сәйкес диагностикалық бақылау білімді қабылдаудан оны тәжірибеде қолдануға дейін жүру керек. Көрнекілік принципіне сәйкес барлық студенттерді бір өлшеммен сынақтан өткізіп, бағаны талдап қойып, тестілердің нәтижелері талқыланады. Тексеру жүйесіндегі бірінші звено-білім, іскерліктерді алдын ала талдау. Ол оқу жылының басында өткізіліп, студенттердің өткен оқу жылындағы білімдері анықталады. Тексеру нәтижелеріне сүйеніп, студенттердің білім, іскерліктеріндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған оқу жұмыстары жүреді.

1-бөлім: әр тақырыпты меңгеру процесін күн сайын тексеру.

Жаңа материалды оқумен қатар бұрынғы оқылған материалдарды қайталау, қайта тексеру, білімді бекіту.

2-бөлім: студенттердің білім, іскерліктерін жүйелеу мақсатымен бөлім, тақырыптар бойынша мезгіл-мезгіл тексеру.

3-бөлім: дидактикалық процестің барлық кезеңінде алынған білім, іскерліктердің қорытындыларын әр сессияның аяғында, оқу жылының соңында тексеру. Кешенді тексеру арқылы студенттердің әр түрлі пәндерден алған білімдерін қолдана білуі анықталады. Жетістікті тестілеу – бақылаудың әділ әдісі. Тестілеу – білімді меңгеру деңгейін анықтау үшін қолданылатын тапсырмалардың жиынтығы. Үлгерім тестілері жетістікті тестілеу – студенттің оқыту және тәрбие арқылы қандай деңгейге жеткенін анықтау. Дұрыс құрылған тестілер көптеген талаптарды қанағаттандырып, оларды орындауға көп уақыт кетпейді, сұрақтары қысқа, нұсқа болады.

Үлгермеудің басқа да себептері бар. Ең бастысы – үлгермеу себебін анықтап, жеке жұмыстың жолдарын белгілеу. Оқытушының, оқу орындардың міндеті – әрбір студенттің жақсы оқуына көмектесу.

САМОСТОЯТЕЛЬНАЯ РАБОТА СТУДЕНТОВ КАК ОДИН ИЗ СПОСОБОВ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И ФАКТОР РОСТА КОНКУРЕНТО СПОСОБНОСТИ ВЫПУСКНИКОВ

*Дуйсебаева К.Д., Бегалиева А.К., Дуйсебаева Х.
КазНУ им. аль-Фараби*

В современном динамично развивающемся обществе требуются люди инициативные и самостоятельные, легко адаптирующиеся к новым условиям. Поэтому одной из главных задач высшего образования является формирование творческой личности специалиста, способного к саморазвитию и креативной деятельности [1].

Основная задача высшего образования заключается в формировании творческой личности специалиста, способного к саморазвитию, самообразованию, инновационной деятельности. Решение этой задачи вряд ли возможно только путем передачи знаний в готовом виде от преподавателя к студенту. Необходимо перевести студента из пассивного потребителя знаний в активного их творца, умеющего сформулировать проблему, проанализировать пути ее решения, найти оптимальный результат и доказать его правильность. Что самостоятельная работа студентов является не просто важной формой образовательного процесса, а должна стать его основой.

Следовательно, одним из условий подготовки конкурентоспособного выпускника выступает компетентностный подход, обеспечивающий формирование у студента высокого уровня научных знаний, а главной целью становится повышение роли самостоятельной работы как формы учебного процесса в высшей школе [2].

Любой начинающий выпускник должен обладать фундаментальными знаниями, профессиональными умениями и навыками деятельности своего профиля, опытом творческой и исследовательской деятельности по решению новых проблем, опытом социально-оценочной деятельности.

Под компетентностным понимается подход, акцентирующий внимание на результате образования, в качестве которого рассматривается не сумма усвоенной информации, а способность человека действовать в различных ситуациях. Компетентностный подход связан с переносом акцента с преподавателя и содержания образования на студента и ожидаемые результаты образования.

Переход к компетентностной модели обучения студентов в высшей школе, обусловленной необходимостью обеспечения уровня их профессиональной подготовки, отвечающей требованиям работодателей, требует совершенствования организации самостоятельной работы студентов в русле компетентностного подхода к профессиональной подготовке специалистов в высшей школе.

Решающую роль в организации самостоятельной работы принадлежит преподавателю, который должен работать не со студентом «вообще», а с конкретной личностью, с ее сильными и слабыми сторонами, индивидуальными способностями и наклонностями. Основная задача преподавателя состоит в том, чтобы развить лучшие качества студента, его творческие способности, привить навыки поисковой работы, научить анализировать и критически оценивать полученную информацию. Для этого он должен так организовать учебный процесс и деятельность учащихся, чтобы они шли к выполнению поставленной цели, без его непосредственного руководства. В этом случае студенты сами самостоятельно выполняют задания, а преподаватель выступает только в роли консультанта, направляя их деятельность в нужное русло.

Таким образом, следует отметить, что при организации самостоятельной работы наиболее целесообразным является опора на принципы личностно-ориентированного образования, которые позволяют учитывать индивидуальные интересы, способности и склонности обучающихся.

Повышение активности студентов при работе во внеаудиторное время связано с рядом трудностей. Прежде всего, это неготовность к нему как большинства студентов, так и преподавателей, причем и в профессиональном и в психологическом аспектах. Кроме того, существующее информационное обеспечение учебного процесса недостаточно для эффективной организации самостоятельной работы.

Основным принципом организации самостоятельной работы должен стать перевод всех студентов на индивидуальную работу с переходом от формального выполнения определенных заданий при пассивной роли студента к познавательной активности с формированием собственного мнения при решении поставленных проблемных вопросов и задач. Цель самостоятельной работы – научить студента осмысленно и самостоятельно работать сначала с учебным материалом, затем с научной информацией, заложить основы самоорганизации и самовоспитания с тем, чтобы привить умение в дальнейшем непрерывно повышать свою квалификацию [3].

Особая роль в процессе профессиональной подготовки отводится организации самостоятельной работы студентов, умения и навыки которой выступают субъектной потребностью для решения задач непрерывной профессиональной подготовки в постоянно меняющихся условиях внешнего окружения. Самостоятельная работа студентов (СРС) – это активные формы индивидуальной и коллективной деятельности, направленные на закрепление пройденного материала, формирование умений и навыков быстрого решения поставленных задач, предполагающие не пассивное «поглощение» готовой информации, а ее поиск и творческое усвоение. СРС призвана подготовить обучающихся к самостоятельной деятельности в будущем. В этом плане следует признать, что самостоятельная работа является не просто важной формой образовательного процесса, а должна стать его основой через систему аудиторной и внеаудиторной работы [4].

В заключение, необходимо отметить, что с позиции компетентностного подхода при организации СРС в процессе профессиональной подготовки основной акцент делается не просто на получение обучающимися некоторой суммы знаний и умений, но и на формирование системного набора «ключевых» компетенций. Для студентов высокий уровень профессиональной подготовки (в том числе и самостоятельного характера) является основанием для достижения лучших условий жизни, а также базисом для освоения более сложных умений, навыков и компетенций, способствующих успешной карьере.

Литература

1. Волкова Т.И., Мойсинович А.М. Роль и организация самостоятельной работы студентов при формировании профессиональной компетенции. Ярославский государственный университет им. П.Г. Демидова.
2. Гончарук Н.П. Педагогические условия формирования интеллектуальных умений студентов//Вестник Казанского технологического университета. 2006. №6. С. 217-221.
3. Кузнецова Н. В. Практико-ориентированная профессиональная подготовка управленческих кадров как условие инновационного развития системы менеджмент-образования // Инновационный Вестник Регион. – 2012. – № 1 (27). – С. 22–27.
4. Кузнецова Н. В. Практико-ориентированная самостоятельная работа студентов как условие совершенствования профессиональной подготовки управленческих кадров : материалы конференций НИЦ «Социосфера». – 2012. – № 23. – С. 60–64.

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Ембергенова Қ.Р.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

«Жастар – болашағымыздың тірегі» – екенін ескерсек, Елбасы Н.Назарбаевтың: Ұлт Жоспары – «100 нақты қадамының» білім саласына қажетті негізгі бағыттарының кейбіріне тоқталып өтейік, оның ішінде 77-қадам: «Экономиканың алты негізгі саласы үшін он алдыңғы қатарлы колледж бен он жоғары оқу орнында білікті кадрларды әзірлеу, кейіннен бұл тәжірибені еліміздің басқа оқу орындарына тарату», 79-қадам: «Білім беру жүйесінде – жоғары сыныптар мен ЖОО-ларда ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшу...», ал 88-қадам: «...жалпыға ортақ еңбек қоғамы идеяларын ілгерілетуге, индустрияландырудың және «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асырудың мемлекеттік саясаты талаптарына жауап бере алатын жұмысшы және кәсіптік-техникалық мамандықтардың артықшылықтары мен танымалдылығын насихаттауға» бағытталғанын баса айта отырып, Ұлт Жоспарындағы «100 нақты қадам» баршамыздың міндетті мақсаттарымызға айналуы керек – дегім келеді. Осы орайда өзімің сабақ беретін пәнім физикада ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолданудың тиімділігін айта кетейін.

Ақпараттық – коммуникациялық технология – электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электронды оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Оқыту үрдісін ақпараттандыру – қазіргі қоғамды ақпараттандыру үрдісінің бағыты болып табылады. Мұндай даму барысы, сөз жоқ, барлық салалардың да оған ілесуін қажет етеді. Бұл процестен әрине, физиканы оқыту ісі де артта қалмауы тиіс. Физиканы оқытудың дәстүрлі әдістемесіндегі техникалық құралдарды қолдану қатарына компьютерді қолдану мәселесі енді. Оның үйлесімді жолдары болатыны сөзсіз. Міндетіміз де осы айтқанымен байланысы, яғни сол үйлесімді жолдарды тауып, физиканы оқытуда оларды енгізіп, сабақтың неғұрлым сапалы өтуін, студенттердің сабақты оқуға деген ынталарын арттыру болып табылады.

Әрбір оқытушының негізгі мақсаты – сабақ сапасын көтеру, түрін жетілдіру, студенттердің сабаққа деген қызығушылығын арттыру, олардың ізденуін, танымын қалыптастыру.

Елбасы Н. Назарбаев 2030 жылға арналған стратегиялық жоспарында, оқу іс-әрекетінде айшықты орны бар жеке тұлғаның өзіндік білім алуы, өзін-өзі тәрбиелеуі және өзін-өзі дамытуы бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі екені айтылған.

Физиканы оқыту, оның пән ретінде ерекшеліктеріне сай, қазіргі заманғы ақпараттық технологияны қолдануы жайлы сала болып келеді.

Физика сабақтарында ақпараттық – технологияны жаңа тақырыпты өткенде, қорытынды – қайталау сабақтарында және т.б сабақ түрлерінде қолдану өте тиімді. Сабақ барысында слайд-фильмдерді пайдалану, дәстүрлі әдістермен салыстырғанда, сабақтың динамикасын, көрнекілігін, ақпараттың өте жоғары деңгейін және көлемін қамтамасыз етеді, сонымен қатар, тақырыпқа және жалпы физика пәніне қызығушылықты арттырады. Сабаққа дайындық барысында электрондық оқулықтар, Интернет желісінің ақпараттары қолданылады және оқытушы мен студенттерге арналған дидактикалық материалдар, оқу-әдістемелік құралдар жасалады. Физикалық процестер мен құбылыстарды модельдеу оқу процесін дамыту мен жетілдірудің болашағы болып табылады, әсіресе студенттердің шығармашылық белсенділігін арттыруда, зерттеу жұмыстарын дамытудағы рөлі ерекше. Физикалық эксперименттерді модельдеу – оқытушыға сабақта физикалық ұғымдардың мағынасын тереңірек ашуға, студенттерді физиканың қазіргі эксперименттік базасымен таныстыруға, физикалық құбылыстармен зерттеу әдістерін толық түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта мен өз тәжірибемде студенттерге физика сабағында электрондық оқулықты пайдаланып келемін. Өйткені, электрондық оқулықтың тиімділігі зор. Электрондық оқу құралы – бұл оқу курсының ең маңызды бөлімдерін, сонымен бірге есептер жинағы, анықтамалар, энциклопедиялар, оқу эксперименттерін жүргізу нұсқаулары, практикумға, курстық және дипломдық жобаларға нұсқау және т.б. білім беруді басқаратын мемлекеттік органдар тағайындаған арнайы статусы бар берілген түрдегі баспаларды қамтитын электрондық оқу басылымы. Онда әр тарауда тақырыптың мазмұны, заңдары мен анықтамалары, түсініктеме сөздігі мен қазақша-орысша сөздік, кестелер, ғалымдардың өмірбаяндары, жаттығулар мен есептер, бақылау жұмыстары қамтылған. Тараудағы оқу материалдары бойынша берілген анимациялық тәжірибелер студенттерге физикалық құбылыстарды көрсете отырып, түсіндіруге ыңғайлы. Ал интерактивті әдістер – студенттердің өзара әрекет етуіне жағдай жасайтын әдістер жиынтығы. Интерактивті оқыту әдістері – студенттердің өз өмір тәжірибесіне, біліміне сүйенулеріне негізделген. Сондықтан да сабақ беру барысында мен үнемі интерактивті тақтаны, электрондық оқулықтарды пайдаланамын, бұл студенттердің бойында ынтымақтастық педагогикасының жүзеге асуына, бірлесіп әрекет етуге, сабақта жайлы да жағымды психологиялық жағдай орнауына мүмкіндік береді. Молекулярлық физика және термодинамика пәнінен интерактивті тақта мен электронды оқулықтарды қолдана отырып, өткізген сабағымды ұсынғым кеп отыр.

Сабақтың тақырыбы: Идеал газ күйінің теңдеуі. Газ заңдарын қайталау. Құзыреттілікке жеткізетін сабақтың мақсат-міндеттері.

Ақпараттық құзыреттілік: идеал газ күйінің теңдеуі, газ заңдары туралы алған білімдерін қайталау, жүйелеу және жинақтау.

Осы тақырыпқа сәйкес сапалық және сандық есептерді шығара білу біліктерін арттыру.

Проблеманы шешу: газ күйін сипаттайтын макропараметрлердің арасындағы байланыстарды оқу және график арқылы кескіндей білу дағдыларын күшейту. Оның заңдарының қолдануында туындайтын әртүрлі проблемаларды анықтауға, дұрыс шешім қабылдауға, өз шешімінің нәтижесін бағалауға дағдыландыру.

Коммуникативтілік: идеал газ күйінің теңдеуін, газ заңдары мен қасиеттерін пайдалана отырып, ауызша-жазбаша қарым-қатынас жасауға қалыптастыру.

Сабақта қолданатын педагогикалық технологиялар: АКТ, ұжымдық және топтық оқыту технологиялары.

Сабақтың типі: білімді тиянақтау.

Өткізілетін әдісі: Көрнекілік, проблемалық, топтық жеке машық жұмысы, ішінара зерттеу, білімді бағалау.

Оқыту құралдары: Интерактивті тақта, компьютер, физикалық құралдар, сызба тіректері, тест тапсырмалары

I. Ұйымдастыру бөлімі

– амандасу, топты түгелдеу

II. Үй тапсырмасын тексеру

– интерактивті тақта арқылы тест тапсырмасын орындату

III. Практикалық жұмыстар

– электронды оқулықтағы жаттығуларды орындау


– интерактивті тақтада графиктік есептерді шығару

– жаппай эксперименттік тапсырмаларды орындау


Изотермиялық процестің графикін пайдаланып (P,T) және (V,T) тәуелділіктерін сыз



Бұл суретте идеал газдың өзгеру күйі V,T координатасында берілген. Бұл процесті p, V және p, T координатасында кескінде.



- идеал газ қысымының қандай шамаға тәуелді екендігіне бейне көрсетілім арқылы көз жеткізу.



IV. Үйге тапсырма. Қорытындылау. Бағалау.

Осылайша, физика сабағын өткізу барысында ақпараттық технологияны тиімді пайдаланып – білім сапаларының артуына жаңа ақпараттық технологияны физика сабақтарында пайдалана отырып, олардың білім, білік дағдыларын қалыптастыруға қызығушылығын арттырып, түрлі деңгейдегі есептерді шығартып, оны талдай білуге үйретемін.

Міне, осы бағытта физика пәнін әртүрлі әдістермен жүргізуге болады. Оқу – тәрбие үрдісінің сабақта дұрыс жүргізілуі үшін әр алуан оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімдісін мүмкіндігінше және студенттердің жеке жағдайларына байланысты таңдап алуға көп көңіл бөлу керек. Өйткені, білім бүгінгі заман талабы, қажеттіліктің қайнар көзі болса, нәтижеге жету жолында іздену әрбір мұғалімнің азаматтық борышы. Осы орайда оң нәтижеге қол жеткізу үшін алдыма мынадай мақсат қойдым:

– заман талабына сай білімді, білікті, дүниетанымы кең, шығармашылық қабілеті дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Осы мақсат негізінде алдыма қойған міндеттерім:

- жас ұрпақтың қабілеті мен талантын ашу;
- шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру;
- өз алдына мақсат қою арқылы оны жүзеге асыра білу;
- өз әрекетінің нәтижелерін бағалай білу.

Бұл міндеттер мен мақсаттарға сүйене отырып, физика сабағында табысқа жету жағдаятын туғызу жолдарына тоқталып өтсем:

Студенттің белгілі бір жетістікке жетуі үшін сабақта табысқа жету жағдаятын туғызу керек. Егер студенттің өзі қандайда бір жетістікке қолы жетсе, ол қуанып қана қоймайды, онда тағы да алдындағы белестерден өту мақсаты тұрады. Осындай жағдайда мұғалім олардың қандай да бір жетістікке жетуі үшін төмендегідей жағдаяттарды сабақта жиі қолданса, оқытушы жұмысының жетістігін көруге болады.

1. *Мадақтау.* Мұғалім сабақта оқушының өзіне деген сенімін арттыру үшін «Жарайсың!», «Мен сендерді мақтан тұтам!», «Сен өте ақылдысың!» деген сөздер жиі қолданғаны дұрыс. Бұл сөздер оқушының бойында мұғалімнің өзіне сенім артып тұрғанын сезініп, өз еркімен талаптанып, жақсы оқуға тырысады.

2. *Бір мүмкіндік.* Оқушының күтпеген жерден өзінің қабілеті мен мүмкіндіктерін көрсетуге мүмкіндік беріледі. Мұндай жағдаятты мұғалім арнайы дайындамайды, ол осы мүмкіндікті табиғи тәрбиелеудегі дарынымен, бұл мүмкіндікті тиімді пайдаланады.

3. *Еліктеу.* Топтағы үлгілі студенттердің жетістіктерін үлгі ете отырып студенттің бойында «Сенде неге сондай болмасқа», «Мен саған сенемін», «Бұл сенің қолыңнан келеді» деп оқушының бойында еліктеушілікті туғызу.

4. *«Кешіктірілген баға».* Оқушыға бірден төмен баға қоймай, «Сенің бағаң күндегіден төмен болып тұр. Сен үнемі сабаққа дайындалып келетіндіктен, мен саған бір мүмкіндік беремін. Келесі жолы бұданда жақсы жауап беретіңіз сенемін» деп оқушыға алға қарай ұмтылуына жағдай туғызу.

5. *Алдын ала ойластырылған қателік.* Сабақта мұғалім есеп шығару барысында, теорияның тұжырымдау барысында «Мен бір жерден қателестім. Бір минут. Қазір қарайын» деп оқушылардан көмек сұрайды. Бұл оқушының алған білімін жинақтап, тиянақтау үшін және шығармашылық қабілетін арттыруға қолданылатын әдіс-тәсіл.

6. *Көкжиек сызығы.* Оқушының бойындағы қабілетін арттыру үшін өте қызықты тақырыпта (мысалы: «Сүңгуір қайық», «Танк» жайлы) баяндама жасауды тапсырады, бірнеше баяндама жасағаннан соң «Сен өте қабілеттісің, біз олимпиадаға дайындалсақ қайтеді» деген ұсыныспен оқушының өз еркімен ізденуге, ғылым мен техникаға деген ынтасын оятып, адамның ақыл-ойының дамуына ықпал жасайды.

Өйткені физика – оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және дамытатын негізгі буын. Ол оқушылардың интеллектін, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, табиғат заңдылықтарын толығымен түсінуге ықпал жасайды.

Физика пәнінде ақпараттық технологияларды қолдану пәнді оқытуда дүниенің заңдарын терең меңгертіп қоймай, студенттің ойын дамытып, эмоциясына, сезіміне қозғау салады. Өзіне қажетті мазмұны мен мәліметті ақпарат көзінен таңдап өз бетінше ойланып, шешім қабылдауға дағдыландырады. Сондай-ақ сабақ өтуде интерактивті тақтаны қолдану да сабақ тиімділігін арттырады. Компьютердегі интернет жүйесіндегі ақпараттық мәліметтерді сабақ тақырыбына байланысты қажеттісін таңдап тікелей қолдануға болады.

Елбасының «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай жаңа білім беру өте қажет» деп атап көрсеткеніндей, ақпараттық технологияларды оқытуда тиімді пайдалану жаңа білім берудің бірден-бір шарты деп есептеймін.

Әдебиеттер

1. Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан. 2008 ж. 7 ақпан.
2. Б.Б. Жолдасова. Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану. Білім, №5, 2007ж.
3. «Физика және астрономия» республикалық ғылыми – әдістемелік педагогикалық журналы. 2012ж. №2.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Ембергенава Қ.Р., Әлімбаева Л.З.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Бүгінгі таңда Қазақстанның дүниежүзілік білім кеңістігіне ену қажеттілігі көтеріліп отырған кезеңде білім беру мәселесін, әдіс-тәсілдерді инновациялық үрдістермен алмастыру арқылы жалпы білім сапасын арттыру көзделген. Осы орайда әрбір ұстаз озық технологияларды терең талдаудан өткізіп, өзіне тиімдісін таңдауы керек.

Сонау ХХ ғасырдың басында Ж.Аймауытов: «Сабақ беру – жай үйреншікті нәрсе емес, ол – жаңадан жаңаны табатын нәрсе» деген екен.

Әр мұғалім өз сабағының – көшбасшысы. Ал көшті дұрыс бағыттай білу ол шеберлігіне байланысты. Жалпы менің оқытудағы өз міндетім оқушыларды өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу, үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту. Сондықтан сабақта тыңдаушылардан жиі тақырып бойынша жеке, жұптық, топтық жұмыс яғни пирамидалық тәсіл түрлерін пайдаланып есептер беріп олардың шығарылу жолдарын талдап отырамын. Өйткені, ол әрбір тыңдаушының ойлауын, елестету мен есте сақтау белсенділігін, дағдысын білім саласының дамуын қамтамасыз етеді.

Оқытушы бала бойындағы туа біткен түрлі қасиеттерді дәл байқап, оның сапалық ерекшеліктеріне баға беріп, ары қарай өз бетінше дамыта түсуіне жағдай туғызуы керек, көмектесуі қажет. Бұл үшін, әрине ұстаздың өзі де өзгеруі, яғни дәстүрлі оқытудың таптаулары сүрлеуінен арылуы тиіс. Осылайша оқытудың жаңа мазмұнын жасауға бетбұрысты әрбір оқытушы өзінен бастағаны жөн. Оқытушы шәкіртке білім, білік, дағды беріп қана қоймай, ақыл-ойы мен қабілетінің дамуына көңіл бөліп, «оқи алуға үйрету керек». Егер тыңдаушы таза қазақ тілінде не оқи не жаза білмесе, оған тек физикадан емес, қосымша әдеби кітаптарды, мәтіндерді оқытып, көбірек жазғызу керек. Сонда баланың білімі шыңдалып, өздігінен оқуға және жазуға дағдылана бастайды. Оқытушы оқытуға кіріспес бұрын тыңдаушылардың мінездерін зерттеп, білімдерін тексеруі тиіс.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиялармен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» – деп, елбасымыз өз жолдауында айтып қана қоймай, әр мектепті, әр оқу орындарын түрлі ақпараттық техногиялармен қамтамасыз етуде. Яғни, ақпараттық технологиялардың білім беруде маңызы зор. Өйткені ол оқушыларға үлкен ақпараттық білім кеңістігіне жол көрсетеді.

ҚР «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби

шындауға бағытталған, білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделді. Бұл міндеттерді шешу үшін оқытушының күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге жол ашады. Бұл баланың ой өрісін кеңейтіп қана қоймайды, білім деңгейін көтеруге үлкен үлесін қосады. Тапсырамаларды да меңгере алатындай, сұрақтарға дұрыс жауап іздей алатындай етіп қою керек. Сол кезде сабақ күтілген нәтижеге қол жеткізеді. Күтілген нәтижеге қол жеткізу үшін оқытушының алдында мынандай талаптар болу керек:

1. Оқытушы оқыту кезінде билік жүргізу әдісінен арылуы керек.
2. Оқыту үрдісі кезінде сабақтағы басты тұлға білім беретін оқытушы емес, осы білімді қызыға қабылдауға дайын тыңдаушы болуы тиіс.
3. Балалардың оқуға деген ынтасын күшейту керек.
4. Өз дербестігін, белсенділігін дамыту қажет.
5. Оқу, дамыту жұмысын ұтымды жүргізу үшін баланың табиғи талабын, қасиетін дер кезінде айқындау керек.
6. Өзіне деген мықты сенім, биік идеялық талпыныс, кәсіби шеберлік болуы керек.

Осы қағидалар негізінде сабақты жаңа технология әдістерін қолдану арқылы жүргізу – тыңдаушының өзін-өзі дамытуына, өз біліміндегі олқылықтарды өзі тауып, өз сұрағына өзі жауап іздеп жан-жақты білім алуына көмектеседі. Адам тағдырына немқұрайлы қарамау керек. Тыңдаушының жеке тұлға болып қалыптасуы үшін оқытушының қателесуіне жол жоқ. Оқытушы білім беріп, ұрпақ тәрбиелеуде негізгі тұлға, олай болса тыңдаушыға берілетін білімді нәтижелі, жүйелі түрде жеткізіп қателеспей оқыту міндетін, парызын. Оқыту үшін оқытудың жаңа технологияларын орынды пайдалана отырып өз көңіл күйін көтеріңкі ұстау керек.

Жақсы көңіл-күй адамның табысты жұмыс жасауына оң әсерін тигізеді. Жағымды көтеріңкі көңіл-күймен оқытушылар сабақ барысында ынтымақтастықта жұмыс жасай отырып, тапсырмаларды белсенділікпен орындап, бір-бірімен пікірталастыра отырып пікір алмасады.

Оқытуды жақсартуда оқыту үшін бағалауды тиімді ұйымдастыру сыни тұрғыда дамытуға болатын әдіс-тәсілдердің алуан түрлі болады.

Оқытушы әрбір тыңдаушының өз мүмкіндігін пайдалана алуына тікелей ықпал етуі қажет.

Заманауи оқытудың негізінде тыңдаушыларға физика пәнінен сабақ өткізудемін. Әрине сабақ мақсаты жаңа әдіс-тәсілдерді үйрету емес, жаңа білімді, ақпаратты баланың өзіне игерту. Сондықтан, жаңа білімді өз бетімен алуға дағдыландыру үшін оларды сыни тұрғыда ойлануға, бірін-бірі, өзін-өзі бағалауға, АКТ мүмкіндіктерін қолдануға, дарынды балалардың қабілеттерін ашуға, топпен жұмыс жасауға, есептер шығару барысында жауапкершілік сезімін қалыптастыруға көмектестім. Оқытушы үнемі ізденіс үстінде болу керек. Жаңашыл ұстаз ғана заман ағымына ілесе алады. Жақсы ұстаз ғана оқыта алады.

Қазіргі заманғы оқытушының басты мақсаты – тыңдаушыны терең білім алу мен сапалы ойлауды дамытуға жетелеу болып есептеледі.

Бірлескен топ жұмысында тыңдаушылар бір-бірімен ой бөлісіп, бір-бірімен тәжірибе алмасып, алынған ақпаратты топ болып түсініп, талдап, синтездейді, салыстырып болжамдар жасай отырып ортақ шешімге келеді. Оқыту мен оқудың жаңаша әдіс-тәсілдерін ойдағыдай меңгерген оқытушы шәкіртін білім алуға қызықтыра алады және жеке іздеуге дағдыландырады. Нәтижесінде тыңдаушы еркін, өзіндік дәлелдемелерін анық жеткізе білетін сенімді, сыни ой-пікірі мен көзқарастары дамыған болып қалыптасады. Топтық жұмыс арқылы ой қозғай отырып, өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін топ ішінде талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау екені мәлім.

Қазіргі білім беру тұжырымдамасының талабында оқытушы мен тыңдаушының қарым-қатынасы жаңа болмыстық мазмұнда өзгеріп, оқытушы – ұйымдастырушы, бағыттаушы, тыңдаушы – ізденуші, белсенді болуы керек. Тыңдаушының өз бетімен білім алуының бір түрі – шығармашылық тапсырмалар орындау арқылы білім алу. Физика пәнінен тыңдаушыларға өз бетімен жұмыстар орнату арқылы шығармашылықпен білім алуға қол жеткізуге болады.

Ал өзіндік жұмыстарды орындауда:

- Тыңдаушының пәнге деген қызығуы артады;
- Оқушының шығармашылық қабілеті дамиды;
- Ізденушілік қабілеті артады;
- Жауапкершілігі жоғарылайды;

- Ақпаратты бағдарлау біліктілігі қалыптасады;
- Сыни тұрғыдан ойлау қабілеті артады.

Қорыта келе, әрбір оқытушының өзіндік ұстанымы, жоспары, жүйелілігі, үнемі ізденісте жүруі, т.б. тыңдаушының терең білім алуы мен сапалы ойлауды дамытуға жетелеуіне көп септігін тигізеді.

Әдебиеттер

1. С.К. Еркебаева, А.С. Тажибаева, Г.М. Усайнова // Молодой ученый., 2015. №1.1.
2. Қазақстан мектебі. 2008 ж. №6 «Ақпараттық технологиялардың тиімділігі»
3. Қазақстан мектебі. 2008 ж. №11 «Электрондық оқулықтарды пайдаланудың педагогикалық ұстанымдары»

ФИЗИКА САБАҒЫНДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН КІРІКТІРЕ ОТЫРЫП ШЫҒАРМАШЫЛ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ембергенова К.Р., Буланова Т.М.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қазақстан Республикасының «2015 жылға дейін білім беруді дамыту тұжырымдамасында» біздің республиканың білім жүйесі әлемдік деңгейімен үндеспей отырғандығына көңіл бөліп, білім жүйесінің алдына биік міндеттер жүктейді оқушыға білім білік дағдыларын беріп қана қоймай ол жиі өзгеріп тұратын нарық жағдайына тез бейімделе алатындай етіп тәрбиелеу қазіргі заманның маңызды талабы.

Жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі екенін қоғамның қазіргі даму кезеңінде болып жатқан әлеуметтік-саяси және жаңа технологиялық өзгерістер, тәрбие мен білім беру жүйелерінің ісін жаңа сатыға көтеру үшін білім саласында жаңа, тиімді әдіс-тәсілдеді қолданудың қажеттілігі дәлелдеп отыр.

Білім алушының білімге ынтасының болуы, олардың сабақтағы белсенділігінің артуына білім сапасының жоғарылауына, білім алудың пайдасын түсінудің қалыптасуына мүмкіндік береді, жалпы айтқанда оқу процесінің деңгейін көтереді. Білім берудің құрылысын, білім алушы мұғалім қойған мақсаттарды түсінетіндей, қабылдайтындай етіп құру керек және білім алушы мұғалім қойған мақсатты белсенді жүзеге асырушысы болуы тиіс. Дегенмен сабақ арасында оқушыны зеріктірмес үшін ойын-сабақтарын жүргізудің артықшылығы жоқ.

Білім алушының білімге ықыласын, ынтасын, қызығушылығын арттырудың ең жақсы жолының бірі – сабақта ойындарды қолдану. Ойын, білім алу, еңбек ету – адамның негізгі қайраткерліктері. Ойын – әрқашан кішкене білім, кішкене білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды.

Ойын жағдайын білім алушы сабақ барысында бір-бірімен ақпаратпен алмасатындай, ақылдасатындай, бір-біріне дәлелдей алатындай, бір-бірін бағалайтындай етіп, ұйымдастыру керек. Ойындар қолданылған сабақтарда білім алушы белсенділік көрсетеді. Бұлай болу барлық ойынға тән нәрсе, оның топтық түрде өтуіне байланысты. Білім алушы бір-бірінің ойларымен пікірлерімен алмасады, дәлелдейді, қателеседі, өз ойларын ортаға салады, негіздейді, есеп жауаптарын бірге шешеді, тексереді, қателерін түзейді т.с.с.

Ойын барысындағы пікірлер алмасу нәтижесінде, оқу материалдарын жылдам және жақсырақ игереді, қиындықтарды бірге шешеді. Мұндай жағдайда, барлық білім алушылар алға жылжиды, білімдері терең білім алушылардың тежелмеуін, білімі төмен білім алушылардың алға ұмтылуына мүмкіндік береді.

Физика сабақтарында ойынды ұйымдастырғанда білім алушылар бір-біріне көмектесетіндей, бір-бірімен бірігетіндей жағдай жасау керек. Сонда сабақ тек білім беру қызметін ғана емес, тәрбиелеу қызметін де атқарады. Мұндай сабақтардың өтілуі нәтижесінде білім алушыларда бір-бірімен сөйлесе білу мәдениеті, тәртіптілік, топқа және бір-біріне жауапкершілік сезімінің болуы, менмендік және жалқаулықтан безу қасиеттері қалыптасады.

Атақты француз ғалымы Луи де Брайль былай дейді: «ең қарапайым мәселені қозғайтын ойындардың өзінде ғылыми жұмысқа ұқсас жалпы элементтер көп кездеседі. Екі жағдайда да (ойын мен ғылыми жұмыс) ең бастысы қойылған мақсаттың болуы, сонан соң қиындықтың болуы, оны жеңу, жаңалықты ашу қуаныш. Міне, сондықтан да, бар адамдарды, жасына қарамастан, ойын өзіне тартып тұрады.»

Ойынды жүргізудегі мұғалімнің маңызды орынын атап өтейік.

Педагогикалық бірлестік жүзеге асқан жағдайда жақсы нәтижеге жетуге болады. Ойынның идеясын, көбіне, мұғалім ойлап табады.

Қазіргі оқытушы әрбір сабаққа, тақырыпқа және әр топтың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты оқытудың әр түрлі әдістері мен формаларын таңдай білуі қажет. Сонымен қатар білім алушыларды өзіндік жұмысқа үйрету, олардың ізденісін ұйымдастыру және кейбір материалдарды кең көлемде беріп, тәрбиелік мақсатқа жету үшін де оқыту формаларын таңдай білу керек. Бір сабақтың өзінде қолданатын әдістерді кезектестіріп, білім алушыларды шаршатпай, материалды қызықты жеткізе білуді де ескерген жөн.

Ойын жөнінде белгілі педагог В.А.Сухомлинский: «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы жоқ және олай болуы мүмкін емес. Ойын – дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспеттес, ол арқылы баланың рухани байлығы жасампаз өмірмен ұштасып, айналасындағы дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз – ұшқын, білуге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты» деген болатын. Сондықтан да ойын түрлерін кірістіре отырып, сарамандық жүйеде карта оқыту арқылы өтілген сабақ оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыра түседі. Яғни, мұғалім оқушымен сабақ барысында үздіксіз жұмыс істеуі керек. Сонымен бірге оқушының сабақ барысындағы ролін арттыра түсу қажет. Сонда ғана оқушының дарындылық қабілеті шыңдала түседі. Бірнеше ойын түрін мысалға келтіріп өтейік.

«Жеке тұлғаны анықтау» атты ойынының да тиімді жағы өте көп.

Жүргізуші(мұғалім) физик ғалымдардың портреті жапсырылған беттерді таратады. Оқушылар 5-6 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Оқушылар ғалымның фамилиясын, физика саласындағы өмірін, жаңалықтарын есімімен байланысты оқиғалар т.б. еске тусіру керек. Талдау ұзақтығы 5 минут. Жүргізуші неғұрлым толық жауап берген команданы анықтайды.

Мектепте 9-сыныпта І тоқсан бойынша «Шамалар, қозғалыс, қозғалыс түрлері, жылдамдық, орын ауыстыру, үдеу тақырыптарын қайталау мақсатында өткізілген «*Брейн-ринг*» ойынын да айта кетейік.

Керекті құрал-жабдықтар:

1. Нөмірленген жетон.
2. Тапсырмалар үшін 6 секторлы карта.
3. Цифрлы карта.
4. Фишкалар Сары («3» баға) жасыл («4» баға) көк («5» баға)

Жауапты толықтыру үшін берілетін жарты фишкалар

5. Бағалау парағы
6. Үш деңгейлі тапсырмалар жазылған карточка

Ойын барысы

Сынып топтарға бөлінеді, қатысушыларға нөмірленген жетон беріледі. Әр топ жеке столда отырады. Столда секторға бөлінген карталар. Әр секторда деңгейлі тапсырма бар. Ең үстінде 1-деңгейдің тапсырмасы тұрады және оған дайындықсыз жауап беру керек. Екінші деңгейдің тапсырмасына дайындалуға 3-5 минут беріледі, ал 3-деңгейдің сұрағына 7-10 минут уақыт беріледі. Жүргізуші картаны үлестіріп, біреуін ашады. Мысалы, 2-нөмірлі карта шықса, онда 2-нөмірлі ойыншы жауап береді. Егер жауап толық болса, фишка беріледі. Жауап толық болмаған жағдайда оны кез-келген ойыншы (өз командасынан) толықтыруға болады және оған жарты фишка беріледі.

Фишка саны бойынша бағалау парағы толтырылады. Ойын барысында әр ойыншы түрлі деңгейдегі 18-24 тапсырмаға дейін орындауға мүмкіндігі бар.

Командалар бір мезгілде ойынды бастайды.

Физика сабағында кроссвордты пайдаланғанда бірінші болып дұрыс шешкен оқушы бағаланып отырады, сондықтан балалар бәрінен бұрын жауабын табуға тырысып, ол үшін өтілген материалды үнемі қайталап жүруді әдетке айналдырады. Тіпті кейде сұрақ дұрыс қойылмаса немесе түсініксіз болса дұрыс жолын ұсынуға ұмтылады. Олардың шеберлігі артып өздері де үйде кроссворд құрастырып оны сабақта өзара жарысуға пайдаланады. Оқушылардың кроссвордтарды көптеп құрастыруы және шешуі нәтижесінде олардың алғырлық, тапқырлық шеберлігі шыңдалып, өз бетінше жұмыс істеу дағдысы қалыптасып, сабаққа деген ынтасы артады.

Өз жұмысымызды қорытындылай келе, оқу жүйесінде кез келген жаңа технологияларды қолдана отырып, оқушыларды шаршатпай, зеріктірмеу мақсатында сабақты арасында ойын логикалық есептер шығару түрінде өткізсе артық болмас дегіміз келеді.

Әдебиеттер

1. Козы Р. Ж, Мейес Г. Т. Современное состояние теории детской игры // Перспективы, 1987, № 1- С. 41-60
2. Ланина И. Я. Нетрадиционные формы организации уроков физики: Методические рекомендации.-ЛЛГПИ, 1989.- 94 с.
3. <http://bilim-all.kz/jospar/242>

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА КӨРНЕКІЛІК ӘДІСІНІҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

*Жаппасов Ж.Е., Ахметжанова А.Т., Тасилова Н.А. – т.ғ.к.,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Қазіргі оқу жүйесінде әр пәнді оқытуда белгіленген құзыреттерге сай өткізген жөн. Ал оны іске асыруда әртүрлі пәнді оқытуда көрнекі құралдарды пайдалану маңызды. Өйткені дәріс пен семинар сабақтарында уақытты тиімді пайдаланып, көлемді материалды студенттерге жеткізу үшін көрнекі құралдардың, техникалық құралдардың маңызы мен тиімділігі өте жоғары. Әл-Фараби «Оқытудың негізгі әдісі – көрнекілік» деп, оның мақсаттарын, тәсілдерін (түсіндіру, әсерлендіру, есте қалдыру) ұсынады. Оқу материалын меңгеру көп жағдайда оқыту процесінде қолданылатын көрнекі құралдарға және техникалық құралдарға байланысты.

Көрнекілік – педагогикадағы дидактикалық тәсіл. Ол ақпараттың, дәрістің, үгіт-насихаттың, жарнаманың танымдылығы мен пәрменділігін арттыру жолы, оқытуда заттар мен құбылыстардың әрқайсысының өзіне тән жаратылыс бітімін, әр қилы сыр-сипаттарын сезім мүшелері арқылы байқау, қабылдауға баулиды. Адам қоршаған ортаны, дүниені, құбылыстарды бес сезім мүшесі арқылы түйсінеді. Оның ішінде ақпаратты ең көп қабылдайтын сезім мүшесі – көру түйсігі. Көрнекіліктің нәтижесінде қоршаған өмір құбылысын және заттарды салыстыра ойлап, пайымға салып қабылдау арқылы оқушылардың мәселені түйсіну дәрежесі артады, сана-сезімі қалыптасады. Сонымен бірге, қабылданған ақпараттар оқу міндеттеріне байланысты талданып, қорытылады. Көрнекі құралдары оқушыларға бейнелі түсінік беру үшін ғана емес олардың ұғымын қалыптастырумен бірге, абстрактілі байланыстар мен тәуелділікті түсіндіру үшін қолданылады. Бұл дидактиканың басты қағидаларының бірі болып саналады. Көрнекілікті чех педагогі Я.А. Коменский (1590 – 1670 жж.) XVII ғасырда енгізді. Одан кейін швейцар педагогі И.Г. Песталоцци (1746 – 1827 жж.), неміс А. Дистерверг, орыс педагогі К.Д. Ушинский (1824 – 1870/71 жж.) және т.б. көрнекі құралдарды оқу пәндерінің мазмұнына бейімдеп (тарих, ана тілі, арифметика, табиғаттану, т.б.), дидактика мен әдістеме жүйесіне лайықтап қалыптастырды. Көрнекіліктің үлгілерін пайдалануға қазақ педагогі Ы. Алтынсарин зор көңіл бөліп, «Қазақ жастары ғылым-өнерді кітап сөзі деп қана қарамай, заттай көзімен көріп, ажырата білуін» мақсат етіп қойды. Оқу жүйесінде жанды-жансыз табиғат объектілерін байыппен байқаудың, сурет, өрнек, көркемөнер туындыларын, график. материалдарды заттай пайдаланудың мәні зор. Қазіргі дәуірде ғылым, техника, көркемөнер салаларында мол дамыған шынайы деректерді, т.б. едәуір күрделі бейнелеу мүмкіндіктерін пайдалану үшін түрлі кабинет, арнайы жұмыс орындары – кабиналар ұйымдастырылды. Осыған орай оқу барысында кинопроекторлар, кинофильмдер, теледидар, түрлі механизмдер, дәлдік өлшеу-есептеу машиналары, т.б. көрнекі құралдар қолданылады.

Көрнекілік әдісі оқытудың сөздік және тәжірибелік әдістерімен өзара байланыста қолданылады және құбылыстармен, объектілермен оқушыларды таныстырғанда олардың сезім мүшелеріне әсер етіп, алуан түрлі сурет, көшірме, сызба арқылы құбылыс, процесс, объектілердің символдық бейнелерін немесе оларды табиғи күйінде қабылдайды. Қазақстан Республикасының оқу орындарында осы мақсатпен экрандық және техникалық құралдар кең қолданылады. Көрнекілік әдістерін шартты түрде екі үлкен топқа бөлуге болады: иллюстрация және демонстрация.

Иллюстрация әдісі арқылы оқушыларға иллюстрациялық құралдар – атап айтсақ: плакат, кесте, картина, карта, тақтадағы суреттер, үлгілер көрсетіледі. Демонстрация әдісі арқылы заттар мен құбылыстар тәжірибе жасау арқылы немесе техникалық құралдардан, кино-фильмдерден, диафильмдерден, проекторды қолдану арқылы баяндалады.

Көрнекі және техникалық құралдарды пайдалану оқу процесінің ажырамас бөлігі және шығармашылық іс болып табылады, өйткені оған дайын рецепт жоқ. Күннен-күнге жана оқыту технологиясы, оған сай техникалық құралдардың түр-түрі қаптап шығып жатыр. Сонымен қатар, заман талабына сай оны пайдаланудың түрлі әдіс-тәсілдер ойлап табылуда. Оған әлемдік жаһандану үрдісі де, біздің жоғары оқу орындарымыздағы әлемдегі дамушы елдердің білім алу жүйесіне сай стандарттық кредиттік технологияның да тигізген әсері көп. Әлемдегі дамушы елдерде білім мен ақпараттарды алудағы бірден-бір көмекші құрал ретінде компьютер және т.б. техникалық құралдар пайдаланылады. Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарында да арнайы интернетке қосылған компьютер залдары, техникалық құрал жабдықтармен оқытатын арнайы лекция залдары

мен аудиториялары баршылық. Мысалыға жоғары оқу орындарында, колледждер мен мектептерде техникалық құралдар бар, бірақ көптеген педагогтар сол оқыту құралдарын пайдаланбайды және пайдалану жолдарын игермеген. Сондықтан келешекте ЖОО білімнің сапасын арттыру үшін техникалық құралдармен көрнекі құралдарды пайдалануды дұрыс жолға қоя білу жөн.

Көрнекілік принципі – оқыту процесіндегі сөз бен іс, теория мен практика өзара байланыста болады. Көрнекілік принципін сақтап сабақ жүргізу дегеніміз студенттердің санасы мен түсінігін қалыптастыруда негізінен тікелей оқытылып жатқан материалды меңгеріп, қабылдауға көмектесетін құралдарды тиімді пайдалану арқылы жүзеге асыру [1].

Көрнекілік түрлері:

1. Табиғи (өсімдіктер, хайуанаттар, құстар)
2. Заттай және бейнелеу (макет, партрет, мүсін)
3. Символикалық (диаграмма, картограмма, кесте)
4. Экранды динамикалық немесе техникалық құралдар (проектор, ноутбук, интерактивтік тақта және т.б.).

Студенттердің ұғымдары мен түсініктерін оқытылатын құбылысты тікелей немесе оның бейнесінің көмегімен қабылдау арқылы қалыптастыратын оқыту түрі «көрнекі оқыту» деп аталады. Көрнекі оқыту студенттердің қызығушылығын оятып, сезіміне әсер етумен бірге ойлау жүйесіне де ықпал жасап, бірқатар қосымша қызметтер де атқарады. Жоғарғы оқу орнында әр бір мамандық иесіне сапалы білім беруде көрнекі құралдардың атқаратын рөлі ерекше. Өйткені көрнекі құралдар оқыту процесіндегі түрлі фактілерді нақтыландырып, түрлі құбылыстардың мәнін ашып, негізгі ұғымдар мен заңдылықтарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Көпшілікке танымал педагог К.Д. Ушинский оқушыларды алаңдату емес, нақты бейнелікке, көрнекілікке негізделген түсінік қалыптастыруды ұсынады. Яғни, жоғары оқу орнында көрнекілікті пайдаланудың өзіндік ерекшелігі бар. Өйткені, көрнекілік оқу процесінде нақты оқу бағдарламасына, сонымен қатар өтіп жатқан тақырыпқа сай және студенттерге қонымды болуы қажет [2]. Мысалы, «Қазақстан тарихы» міндетті пән бойынша ҚазҰУ барлық мамандықтарына 3 кредитке негізделген курс оқытылады. Курста 2 кредит (30 сағат) дәріс, 1 кредит (15 сағат) семинар мен СӨОЖ бар. Қазақстан тарихы бір семестр оқытылатынын ескерсек, пәннің қамтитын ежелгіден бүгінге дейінгі тарихын оқытуда уақытты да үнемдеп, студенттерге бағыт-бағдарды да дұрыс көрсетуде көрнекі құралдарды арнайы және жүйелі түрде пайдаланған тиімді. Сабақта карталар мен диаграммаларды, сызба кестелерді, тақырыпқа сай қысқа деректі фильмдерді де көрсету керек. Мысалы, XX ғасырдың басындағы Алаш зиялыларының көзқарастары мен олардың көтерген идеясын талдауда «Қазақстан» телеарнасының тапсырысы бойынша түсірілген «Алаш алыптары» сериясы бойынша деректі фильмдерді пайдаланудың маңызы зор. Онда Ш. Уәлиханов, С. Датұлы, Ш. Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханұлы, М.Дулатов, М.Тынышпаев, Т.Рысқұлов және т.б. өмірі мен мемлекетке сіңірген еңбегі жан-жақты баяндалып, фотолар мен естеліктер қамтылып, зерттеуші ғалымдардың пікірлері де қоса қамтылады. Осындай фильмдерді көрсету, студенттердің өзіндік ойлау жүйесін қалыптастырып, тұжырымдап, қорытындылауға септігін тигізеді. Әсіресе фильмнен кейін студенттерге сауалнама немесе қысқаша эссе жазуға тапсырма беру де тиімді. Өйткені олар өз ойын жеткізуге, әсерімен бөлісуге дағдыланады.

Көрнекі құралдар қашанда педагогтың ауызша айтқан сөздерін нақтылайтын, бекітетін оқыту әдісінің тиімді түрі болып табылады. Көрнекіліктердің ішінде карта, диаграмма, кесте, таблица, плакат немесе борды пайдалану керектігін айтпасақ та жеткілікті.

«Қазақстан тарихы» курсына оқытуда деректі фильм – оқыту мен көрнекіліктердің ең бір эмоционалды әсер ететін құралы болып табылады. Оның ерекшелігін атап өтетін болсақ:

1. Көріп отырған студенттердің көз алдында құбылыс пен оқиғаны динамикада, оның қозғалыс процесінде, өзгерісі мен дамуын дәл көрсетеді.
2. Өтіп кеткен оқиғаны, құбылысты және студенттер үшін қол жеткізгісіз қазіргі кезең материалдарын, құбылыстарын қарастыруға көмектеседі.
3. Әр түрлі уақыт пен әр түрлі жерде болған оқиғалар мен қайталанбас құбылыстарды көріп, оларды бір-бірімен салыстыруға мүмкіндік береді.
4. Барлық көп түрлі оқытылып жатқан құбылыстардың ең бастысын, типтік, ең маңыздысын бөліп, айрықша көрсетіп, студенттердің назарын ұшқырландырады.
5. Оқытылып жатқан объектінің ішіндегі болып жатқан, көрінбейтін процестер мен құбылыстардың жасырын ақиқатын ашады [3].

Нағыз оқу фильмдері оқыту сағатын үнемдейді, оқытушыға материалды терең ашып көрсетуге, студенттердің сол мәселеге белсенді қызығушылығын ояту үшін көмектеседі.

Әр бір көрсетілетін киноны оқытушы-педагог алдымен өзі көріп алмай сабақ үстінде ешбір дайындықсыз студенттерге көрсетуге болмайды. Оқытушы сабақтың тақырыбы мен бағдарламаға сәйкес киноны өзі көріп алған соң, педагог оның керекті, маңызды деген жерлерінен немесе фрагменттерін алып, лекция үстінде көрсетіп отырып түсіндіретін сөздерін дайындауы керек. Түсіндірме сөзді кино үстінде ме, алдын-ала немесе кинодан кейін бе оны әр оқытушы өзіне қолайлы, студенттерге түсінікті етіп ұйымдастыруы қажет.

Әрдайым киноматериал оқыту процесінде білімді бекітуші, терең түсіндіруші құрал ретінде пайдаланған жөн. Киноматериалды көрсеткенде оқытушы лекция үстінде аргументациялау формасын өзгертеді, яғни ауызшадан көрнекілік әдісіне өтеді. Сондықтан студенттер көрнекіліктің әр түрін күнделікті дәстүрлі ауызша-логикалық дәлелдеу формалары ретінде қабылдауы керек. Ал мұндай дағды тек қана жүйелі түрде киноны қолданғанда ғана пайда болады.

Кино барлық көрнекіліктердің ішінде ең күшті әрі ең әсер қалдыра алатын оқыту құралы. Студенттерге барлық оқу курсына жүйелі түрде киноны қолданғанда ғана сапалы білімді беруге болады.

Киноларды пайдалануда екі түрлі жолы бар. Біріншісі – кинофильмді сабақтан тыс уақытта көрсету. Екіншісі – сабақ үстінде тек фрагменттер мен жеке суреттерді ғана пайдаланып көрсету. Өйткені бізде әлі күнге дейін жүйелі түрде оқу бағдарламасына сай етіп дайындалған кинофильмдер жоқтың қасы.

Сабақтан тыс кезде киноны көрсету эффективті емес, өйткені онда оқыту процесіндегі ең маңыздысы лектордың ауызша түсіндіруі болмайды. Ауызша түсіндіру мен көрсетудің арасында байланыс болмаса логикалық және жүйелілік бұзылады. Осы тұста ең эффективті кинолар сабақ үстінде және бөлек фрагменттерде болғаны дұрыс. Шамадан тыс ұзақ фильмдер студенттерді шаршатады және шашыранды болып кетеді.

Оқыту процесінде пайдаланатын кинолар:

1. Дәрісті бастағанда – кіріспе кинолар. Олар студенттердің назарын сабаққа аудартады және қызығушылығын арттырады, ал оқытушы үшін сол көрсетілген материалға дәріс барысында жүгінуге көмектеседі.

2. Дәріс үстінде – аргумент, иллюстрация кинолары. Олар студенттің жұмысқа шоғырландырып, оқытушының түсіндіргенін тез қабылдауға мүмкіндік береді.

3. Дәрісті қорытындылайтын кинолар болады. Олар студенттің алған білімін бекітеді және ойында, көз алдында қалады.

Соңғы кезде бейнефильмдерді арнайы видеоаппаратураны, DVD, проектр мен ноутбук пайдалану арқылы көрсетуге болады. Сонымен қатар, деректі оқыту фильмдерді Интранет жүйесіндегі ОӘПК «Қосымша материалдар» бөліміне енгізген тиімді. Өйткені, студенттер ол фильмді кез-келген уақытта көріп, қажетті мағлұматтарды семинар сабақтарында пайдалана алады.

Қазіргі уақытта көрнекі құралдың жаңа түрі – жеке тұлғалар қолданатын компьютерлерге ерекше көңіл бөлініп, оқу орындарында электронды жаңа техникамен жабдықталған арнайы кабинеттер құру міндеті шешілуде, оқу процесіне белгілі бір жағдаяттарды және процестерді үлгілеуге мүмкіндік беретін компьютерлерді енгізу міндеті де қолға алынуда. Компьютерлер, көрнекілік әдістерінің оқыту процесіндегі мүмкіндіктерін елеулі түрде кеңейтеді [4]. «Қазақстан тарихы» пәнінен сабақ өткізгенде, болған тарихи оқиғалар мен құбылыстарды нақты және түсінікті етіп жеткізуде көрнекіліктердің атқаратын рөлі маңызды. Уақытты үнемдеп, көп материалды түсіндіруге көмектеседі. Болашақта көрнекі құралдарды тиімді пайдалану студенттердің білімдерін жетілдіріп, дәріс пен семинарлардың қызықты да танымды етіп өтуіне қомақты үлес қоса алады деп түйіндейміз.

Сонымен қорыта келсек, көрнекі құралдар жоғары оқу орнында пайдаланылатын оқыту әдістерінің бірі екендігін мойындауымыз қажет, алайда оның әдіс-тәсілін білмей қолдансақ ол күткен жемісті нәтижені бермейді.

ЖОО әртүрлі пәндерді оқытуда оқу-тәрбиелік әдістердің сапасын, студенттердің танымдық-шығармашылық белсенділігін, логикалық және абстрактылы ойлауын дамыту мақсаттарында сабақта көрнекі құралдарды пайдалану және оның уақыт талабына сай түрлерінің жаңаруына басты назар аударуымыз жөн болар.

Әдебиеттер

1. Тұрғанбаев Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы., 2000.
2. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларының мүмкіндіктері мен Отан тарихының мәселелері атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – 12 желтоқсан. – 2012 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.
3. Педагогика и психология высшей школы. – Ростов на Дону., 2002.
4. Сексенбаева Г.А. Кинофотофонодокументы как исторический источник. – Алматы., 2011.

ТЫҢДАУШЫЛАРДЫ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯ БОЙЫНША ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКСЕЛІКТЕРІ

*Жаппасов Ж.Е., т.ғ.к., Асанов Н.А., п.ғ.д., проф., Мәтбек Н.К., ф.ғ.к.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Кредиттік технологияның негізі ХІХ ғасырдың 70-жылдары алғаш рет Америка Құрама Штатында қаланған. ХІХ ғасырдың аяғында АҚШ-тың жоғары, арнайы орта, орта білім беру мекемелерінде білім деңгейін жақсарту мақсатында «кредит» ұғымы кеңінен енгізілген. Кредиттік технология бойынша жүргізілетін сабақтардың түрлері және әдіс-тәсілдері қалыптасқан дәстүрлі оқытудан басқаша. АҚШ-тың жоғары оқу орындарында оқыту дәріс пен семинар сабақтарға жіктелмей, оқытушының өзінің таңдауы бойынша өтіледі. Кредиттік оқыту технологиясының мәні білім алушының өз бетінше білімді меңгеруіне мүмкіндік туғызу болып табылады.

1999 жылы 19 маусымда жоғары білімнің бірыңғай құрылымын енгізу үшін 29 ел қол қойған Болон декларациясы қабылданған. Республикамыздың бірқатар жоғары оқу орындарында 2003-2004 оқу жылынан бастап «Болондық жүйе» негізінде жасалған халықаралық деңгейдегі кредиттік оқыту технологиясы қолданысқа ене бастады. Еліміздің жоғары оқу орындары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 17 маусымдағы №386 «Ғылыми-педагогикалық тәжірибе туралы» бұйрығы негізінде кредиттік оқыту технологиясы бойынша мамандар даярлауды қолға алды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген (ҚР БҒМ 2014.06.02. №198 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен). «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларында»: «Кредиттік оқыту технологиясы – білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті қолдану арқылы, білім алушының пәндерді таңдауы және реттілікпен оқуын дербес жоспарлауы негізінде оқыту», – [1] деп анықтама берілген.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде 2015-2016 оқу жылында оқытудың кредиттік технологиясына көшу енгізіле бастады. ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасында міндетті және элективті пәндер жүйесі көрініс тапқан негізгі оқу жоспары дайындалды. ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасында тыңдаушылар жоғары оқу орындарына түсу үшін кешенді тестілеу тапсыратындықтан, негізгі міндетті модуль ретінде жалпы білім берудің оқу бағдарламасына негізделген үш пән (33 кредит): Қазақстан тарихы, қазақ / орыс тілі, математика; кәсіби элективті модуль ретінде таңдау пәндері (11 кредит): физика, биология, география, химия, ағылшын тілі, қазақ әдебиеті, дүниежүзі тарихы берілді. Кредиттік оқыту технологиясының негізгі ерекшеліктерінің бірі – студенттер пәндер мен оқытушыларды таңдау мүмкіндігіне ие болса, ал тыңдаушылар өздерінің болашақ мамандықтарына сәйкес төртінші пәнді таңдайды.

2015-2016 оқу жылына арналған академиялық күнтізбе бойынша теориялық оқыту 30 аптаны (әр семестрде – 15 аптадан) құрайды. Семестрдің 7-нші және 15-інші аптасында тыңдаушылар аралық бақылау тапсырады. Әр семестр соңында емтихан тапсыруға – 2 апта, демалысқа 2 апта уақыт бөлінген. Кеңестік жүйеден келе жатқан дәстүрлі 80 минуттық (2 академиялық сағат) дәрісханалық сағат уақыты 50 минутқа өзгерді. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша студенттің өзіндік жұмысы СӨЖ (студенттің оқытушымен өзіндік жұмысы) және СӨЖ (студенттің өзіндік жұмысы) болып екіге бөлінеді. Бакалавриатта 1 кредиттің еңбек сыйымдылығы 45 академиялық сағатқа тең болады. Оның 15 сағаты – дәрісханалық, 30 сағаты студенттің өзіндік жұмыстарының үлесіне тең. Тыңдаушыларды кредиттік технология бойынша оқытудың ерекшеліктері ескеріле отырып, 1 кредит практикалық сағатқа – 0,5 сағат оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін тыңдаушылардың өзіндік жұмысы (ОТӨЖ) берілген. Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін тыңдаушылардың өзіндік жұмысы да дәрісханалық сабақтың санатында.

«Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларында»: «Оқу бағдарламаларына ең қиын сұрақтар, үй тапсырмаларының орындалуы, курстық жобалар (жұмыс), семестрлік жұмысты бақылау, есептер және БӨЖ-дің (білім алушының өзіндік жұмысы) басқа да тапсырмалары ОБӨЖ кеңесіне кіреді», – деп атап көрсетілген. ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасында шетелдік тыңдаушылар, оның ішінде қазақ диаспорасы тыңдаушылары білім алатындықтан, шетелде білім алған тыңдаушылар қазақ тілі, қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы пәндерін оқымай келеді. Олардың білім алуына әр мемлекеттің алфавитінің өзгешелігі де едәуір кедергі келтіреді. Сондықтан ОТӨЖ сағаттарының да дәрісханалық болып берілуі орынды деп санауға болады. Сонымен қатар тыңдаушының практикалық сабақтарда ала

алмаған ақпарын ОТӨЖ кезінде алуына мүмкіндігі бар. Кредиттік технология өзіндік жұмыстарды да көптеп орындауына, өзін-өзі дамытуына, дербес тұлға ретінде қалыптасуына да ықпал етеді.

Тыңдаушылардың білімін тексеру тестілеу жүзінде өтеді. Ай сайын кешенді тестілеу тапсырып отырады. ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасында барлық пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер құрастырылып, университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде бекітілді. Ол кешендер университеттің «Пәннің оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу және рәсімдеу ережелерін» [2] басшылыққа ала отырып дайындалды. Оқу-әдістемелік кешенде пәннің бағдарламасы (Syllabus), дәріс материалдары, практикалық (семинарлық) оқытуға арналған әдістемелік нұсқау, тыңдаушының өзіндік жұмысы, оқытушы мен тыңдаушының жеке жұмысы, өлшеуіш-бақылаулар құрылымы, оқу-әдістемелік қамсыздандыру картасы келтірілген.

Әдебиеттер

1. ҚР БЖҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген (ҚР БЖҒМ 2014.06.02. №198 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидалары».

2. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Академиялық саясат, 2015-2016, «Пәннің оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу және рәсімдеу ережелері», 237 б.

КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯ БОЙЫНША ТЫҢДАУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Жанпасов Ж.Е., т.ғ.к., Асанов Н.А., п.ғ.д., проф., Тилеужанова Г.Т.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Дайындық бөлімінде ұлты қазақ, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын алыс-жақын шетелдерде тұратын қазақ диаспорасы өкілдері мен Ауған Ислам Республикасынан келген тыңдаушылар және ақылы бөлім тыңдаушылары оқытылады.

Тыңдаушыларды оқытуда біздің алдымыздағы басты міндет – тілді үйретудің, білім берудің ең қолайлы амал-тәсілдерін таңдап алу. Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті осы оқу жылында, білім берудің кредиттік жүйесіне ауысты. Пәндердің оқу-әдістемелік кешені дайындалып, оқу-әдістемелік бөлімде қаралып, бекітілді. Тыңдаушылармен жүргізілетін жұмыс осы кешен негізінде ұйымдастырылады. Кредиттік технология бойынша тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру өзекті мәселе болып тұр. Ұлттық университетте кредиттік технология бойынша оқитын білім алушыларға өзіндік жұмысын ұйымдастыруға кәсіби жоғары білім берудің оқу бағдарламасының талап ережесі бар. Біз де сол ережеге [1] сүйене отырып, тыңдаушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырамыз.

Өзіндік жұмыс екі түрге бөлінеді: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін тыңдаушының өзіндік жұмысы (ОТӨЖ) және тыңдаушының толығымен өзі орындайтын жұмысы (ТӨЖ). Енді алдымен өзіндік жұмысқа қатысты оның негізгі терминдері мен олардың анықтамаларына талдау жасаймыз.

Тыңдаушылардың өзіндік жұмысы дегеніміз (ТӨЖ)-оқытушы белгілеген оқу-әдістемелік әдебиеттер тізімі бойынша білім алушылардың өз беттерімен ізденіп оқуы, тапсырманы орындауы және берілген тапсырманы тест, бақылау жұмысы бағаланатын жұмыс. Тыңдаушылардың өзіндік жұмысы – арнайы бөлінген уақыт ішіндегі оқытушының тапсыруымен, бірақ тікелей көмегінсіз орындалатын жұмыс. Бұл жұмыс түрі дәрісханада және дәрісханадан тыс уақытта жүзеге асады.

Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін тыңдаушылардың өзіндік жұмысы (ОТӨЖ) – тыңдаушы өзіндік жұмысының бір бөлігі ретінде саналатын білім алушының оқытушы басшылығымен бірге сабақ кестесі бойынша жұмыс істеуі. ОТӨЖ жеке кесте бойынша оқытушымен байланыста орындалатын тыңдаушының аудиториядан тыс жұмыс түрі болып табылады, ол жалпы оқу сабақтарының кестесіне енбейді. Бөлек кесте дайындалып, факультеттің деканы бекітеді. ОТӨЖ барысында оқу бағдарламасындағы анағұрлым қиын сұрақтар, үй тапсырмалары, есептер мен басқа да ТӨЖ тапсырмаларының орындалуына бақылау жүргізіледі.

Тыңдаушы кестеге сәйкес оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін тыңдаушылардың өзіндік жұмысы (ОТӨЖ) сабағына қатысуға міндетті. Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін тыңдаушылардың өзіндік жұмысы (ОТӨЖ) кестесінде көрсетілген уақытта оқытушының аудиторияда болуы міндетті.

Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін тыңдаушының өзіндік жұмысын (ОТӨЖ) сабақ ретінде, кеңес беру ретінде де өткізуге болады.

Кредиттік оқу технологиясы бойынша тыңдаушылардың танымдық, логикалық ойлау белсенділігін, зерттеу мүмкіндіктерін қалыптастыратын оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін тыңдаушылардың өзіндік жұмысы (ОТӨЖ) тыңдаушының өзіндік жұмыстары (ТӨЖ) жұмыстық бағдарламаға сай жасалатын силлабус мазмұнында анық көрінуі тиіс.

Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін тыңдаушылардың өзіндік жұмысы сабағында бастан аяқ оқытушы белсенділігі болмау керек. Мүмкіндігінше тыңдаушының белсенділігіне қолдау көрсеткен орынды. Тыңдаушылардың тапсырма орындау кезінде жеке және топтық жұмыс, мысалы, бір үлкен тақырыпты топпен бөлініп орындау сияқты үлгілері де қарастырылады.

Оқыту үрдісінде жүргізілетін өзіндік жұмыстың мазмұны мына талаптарға сай болу керек:

- 1) тапсырма мазмұны тыңдаушылардың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып жасалу керек;
- 2) тыңдаушының бұған дейін алған біліміне сәйкес құрылуы тиіс;
- 3) тапсырма түсінікті, мазмұны қызықтырарлық болуы қажет;
- 4) орындалу тәртібі мен тапсырма мазмұны бірте-бірте күрделене түсуі керек.

Тыңдаушылардың өзіндік жұмысы – олардың оқу танымдық әрекетінің ерекше түрі. Оның өзіне тән сипаты бар. Бұл жұмысты орындау барысында оқытушы жағынан тікелей басшылық болмайды. Оқытушы тек кеңес беруші, көмекші рөлін атқарады. Тыңдаушылардың өзіндік жұмысының (ТӨЖ) оқу үрдісіне енуіне себепші болып отырған кредиттік оқу технологиясы ерекшелігінің бірі де осында жатыр. Себебі өзіндік жұмысты орындау барысында тыңдаушылардың өз бетімен еркін әрекет жасау дағдысы қалыптасып, дамиды. Олар шығармашылықпен белсенді жұмыс жасауға үйренеді.

Өзіндік жұмыстарды төмендегідей мақсаттарға байланысты жүргізуге болады:

- 1) тыңдаушының өздігінен білімін толықтыра, жетілдіре отырып, жаңа білім алуы;
- 2) берілген білімді пысықтау, тексеру, бақылау;
- 3) шығармашылық қабілетін арттыру, сөздік қорын байыту, тіл дамыту.

Әдістемелік әдебиеттерде тыңдаушылардың өзіндік жұмысы әр жақтан қарастырылады. Өзіндік оқу жұмысын ұйымдастыру және басқару мәселесінің маңызы зор. Өзіндік оқу жұмысын ұйымдастырудағы маңызды элемент – өзара ынтымақтаса әрекет жасауға бағытталған шығармашылық қарым-қатынас, оқытушының тыңдаушымен жұмыс жасау барысындағы өзара сенімі мен түсінігі екенін ұғындыру. Сабақта өтілетін тақырыптар ТӨЖ тақырыптарымен өзара байланыста болуы керек.

Тыңдаушының өзіндік жұмысын қабылдап, бағалау барысында жұмыстың мазмұны, сауаттылығы ескеріледі. Сонымен қатар жауаптың толықтығы, қосымша сұрақтарға берген жауабы бағаланады және т.б.

Әдебиет

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Академиялық саясат, 2015-2016. «Білім алушының өзіндік жұмысының ережелері», 187 б.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жеңіс С.Ж., құқықтану магистрі

Қазақ халқы қашанда білімді, парасаттылық пен біліктілікті зор қастер тұтқан. Бұған басқаны былай қойғанда кешегі ақыл-білімімен елді аузына қаратқан би-шешендерімізді айтсақ та жеткілікті. Бүгінгі күні мемлекетіміздің рухани кемелдену саласында жоғарғы білім беру ісі де заман талабына сай жаңарып-жетілуді бастан кешу үстінде. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Жолдауында Қазақстан ел өмірінің ділгір мәселесінің бірі ретінде білім беру саласына тоқтала келіп, «Жоғары білім сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс. Елдегі ЖОО-лар әлемнің жетекші университеттерінің рейтингіне енуге ұмтылулары керек» [1] деп өз сөзінде атап көрсетті.

Заңи ғылым жүйесінде тарихи теориялық құқықтық пәндер топтамасына: «Мемлекет және құқық теориясы», «Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы», «Шет елдердің мемлекет және құқық тарихы» және қазіргі күні оқытылатын міндетті пәндердің қатарынан түсіп қалған «Саяси құқықтық ілімдер тарихы» [2] пәндері кіреді.

Осыларды оқыту барысында қазіргі күні біздің ойымызша мынадай кемшін соғатын тұстар ескерілсе:

1) *басымдықтарды ескеру*. Конституцияның 1-бабының 2-тармағында көрсетілген түбегейлі принциптер («қазақстандық патриотизм») [3]; 2010-2020 жылдарға арналған «Құқықтық саясат тұжырымдасында» көрсетілген басымдықтарды оқыту кезінде, әсіресе оқулық жазу кезінде ескерілсе. Елбасының Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында» (бұдан әрі – Тұжырымдама): «Елде құқықтық мемлекет принциптерін одан әрі бекіту процесінде бір жағынан адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың ең жоғары ықтимал кепілдігіне қол жеткізу, ал екінші жағынан барлық мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың, азаматтар мен ұйымдардың конституциялық міндеттерді бұлжытпай және толық орындауы. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету үшін біздің Конституция талап ететіндей тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез-келген өзге жағдаяттарға қатыссыз құқықтары мен бостандықтарының теңдігіне кепілдік беретін жағдай жасау болып табылады. (...) Қазақстанда құқықтық мемлекет құру азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаумен байланысты арнайы институттарды одан әрі жетілдіруді талап етеді» [4] деп көрсетілген. «Біздің мемлекетіміздің Конституциясында бекітілген Республика қызметінің түбегейлі принциптерін (бұл: қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, барша халықтың игілігі үшін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекеттік өмірдің неғұрлым маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен шешу) сақтау мен іске асыру елдің орнықты әлеуметтік-экономикалық және саяси-құқықтық дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді» [4] деп айқындалған осы тұжырымдамада.

2) *сапалы типтік оқу бағдарламасын дайындау*. Орысшадан сапасыз аударылған емес, еліміздің ұлттық мемлекеттік ұстанымы тұрғысынан сапалы типтік оқу бағдарламасын дайындау.

3) *аталған пәндерден қазақ тілінде академиялық оқулықтар дайындау*. Қазіргі күні «ҚазМҚТ» пәнінен Е.Әбіл, Е.М. Абайдельдинов, Ғ.Маймақов, Исабеков А. және т.б. оқулық еңбектері баршылық [5]. Алайда қомақты оқулық жазу әлі де болашақтың еншісінде қалып келеді.

4) *қазақ тілінде терминологияның әлі түбегейлі қалыптаспауы*.

Заң ғылымында термин жасам мәселесі арнайы «заң жасам техникесі» деген атаумен құқық теориясында қарастырылады. Заңтанудың негізгі термині «құқық». Кеңестік кезеңде орысша нұсқасын аудармай «право» деп келдік. Осындағы «құқық» сөзі «правоға» сәтті балама деу қиын. Сондықтан объективтік құқықты «*жосық*», ал субективтік құқықты «құқы» дегеніміз дұрыс. Сондай-ақ кодекс дегенді «*өрнек*» деп бекітсек. Ағылшын, неміс және т.б. елдерде осы екеуі кеі басқа сөзбен анықталған. Қазақтың көне сөз қолданысында «өрнек» сөзі ереже, нұсқа дегенді де білдірген. Ал данагөй Жағда Бабалық атамның «Үкімет басшысын Ел тұтқа, Бас Прокурорды Ел айғақ, Ішкі Істер Міністріні Ел сақшы, Жоғары Сот Төрағасын Ел би» (ҚӘ. 12.09.2008 ж.) деп атайық деген ұсынысы құптарлық. Бұдан басқа, Ғ.Сапарғалиев, С.Өзбекұлы, М. Ізімұлы және т.б. «бітік», «кесім», «жосын» және т.б. ұсыныстары да орынды. Сөйтіп, Ата Заң, Ақ Орда сияқты бірді-екілі сөздермен шектелмей, заңнама саласын төл атаулармен батыл байыта түсу қажет [6].

ҚР Үкіметінің жанынан құрылған Терминком бекітен терминдерді батыл пайдалану қажет. Айталық «нормативно правовой акт» дегендегі акт сөзін сол кәмесие «кесім» деп бекітіп берген болатын. Бұны өз оқулығында марқұм Сәкен Өзбекұлы ескеріп, «кесім» [7] деп жазды.

Сондай ақ жөнсіз жаңа түсініктерді ойдан ойсыз ұсынуды доғарсақ. Онсыз да «құқық институты» деген не деген сауалға заң оқу орны деп қиналатын тәлімгерлерге ондай «терминологиялық сынақ» қажет пе?!

5) *Интерактивті тәсілдерді оқытуда қолдану мәселесі*.

Интерактивті тәсілдерді оқытуда қолдану барысында туындайтын кейбір күрмеулі тұстарды атап өтелік: а) материалдық; ә) психологиялық; б) ұйымдастырушылық; в) мазмұндық.

Сонымен тарихи теориялық құқықтық пәндерді оқыту мәселелері дегенде айтылғандарды да ескерсек, ортақ міндет оқытушылық ісіміз сөзсіз жемісті болмақ.

Әдебиеттер

1) «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. 2010 жыл 30 қаңтар.

2) Жәнісұлы Сәбит. Құқықтық кейбір пәндердің атауы қисынсыз // Заң газеті. № 171. 08.11.07 ж. 2-бетте.

3) ҚР Конституциясы (30.08.1995ж.). Алматы: «Юрист», 2009.

- 4) Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы (ҚР Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығымен бекітілген) // Егемен Қазақстан газеті, 28 тамыз 2009 жыл.
- 5) Жеңісұлы Сәбит. Құқықтық жүйе ұлттық ренде ме? // Заң газеті, 27 қазан, 2005 жыл. Жеңісұлы Сәбит. Қазақта зиялы заңгер бар ма?! // Заң газеті, 04 қазан, 2006 жыл.
- 6) Жеңісұлы Сәбит. Заң жобасы әлі де пысықталса (Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі туралы Заңының жобасы туралы ой) // Заң газеті. № 66 (1292). 06.05.08 ж. 2-бетте.
- 7) Сәкен Өзбекұлы, Өмірәлі Қопабаев. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы: жеті жарғы. 2006.

ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ

*Ибрагимова М.Н., Нусупбаева С.А., Мажикқызы Н.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Білім саласында жастарды біліммен сусындатып қана қоймай, олардың көзі ашық, зиялы, адамгершілігі мол, жауапкершілікті мойнына ала білетін тұлға ретінде қалыптасуына көп көңіл бөлінуде. Республикамыз білім ордаларын компьютерлік технологиялармен жабдықтап, маман кадрларды даярлауды қолға алды.

Жаңа технологиялар дамыған заманда түрлі әдіс тәсілдерді қолдана отырып сабақ ұйымдастыру жетістікке жетелейді. Әсіресе талапкерлерді жоғары оқу орнына түсу үшін дайындық баланы жалықтырмайтын, шаршатпайтын тәсілдермен жүргізілуі қажет. Үнемі тест жаттап, кітаптан басын алмайтын талапкерлерімізді дұрыс бағытта дайындау қажет. Қазақстан тарихы пәні бойынша білімалушының есте сақтау қабілетін арттыру мақсатында сабақта тиімді әдістер қолданудың орны ерекше.

Кез келген пән бойынша бұрыннан қолданылып келе жатқан ойын сабақтары білім алушыны сергітеді, белсенділігін арттырып, ойлау қабілетін дамытады. Төменде Қазақстан тарихы пәні бойынша өткізілген ойын сабағы берілген. Сайыс сабақтарын түрлі жолдармен өткізуге болады. Біз өз тәжірибемізде кезең-кезең бойынша бір сайысты тек тарихи даталар бойынша, келесі бір сайысты тарихи тұлғалар бойынша өткізіп білімалушының есте сақтау қабілетін арттыруға мүмкіндіктер береміз. Кредиттік технология бойынша білім алушының даралануына жол ашып, ойынды өздеріне ұйымдастыруды тапсырамыз.

Сайыс тақырыбы: «Бұл кім?» Кезеңі: Түрік қағанаты мен Қазақ хандығы аралығы.

Сайыс бес айналымнан тұрып, төрт топ қатыстырылды.

1 айналым. «Кемеңгер көшбасшылар». Слайдтан кез-келген көшбасшының есімі көрсетіледі, қатысушылар оның қай жылы билік құрғанын тапса 5 ұпай және қай мемлекетті билегенін қосымша айтса екі 10 беріледі. Әр топқа оңайдан қиынға жүретін бес сұрақ бірден қойылады.

1-топ сұрақтары:

Наркеш Дайын – 1160-1203 ж.ж. – Найман мемлекеті

Шегу – 610-618 ж.ж. – Батыс Түрік қағанаты

Сұлу – 615-738 ж.ж. – Түргеш қағанаты

Берке – 1256-1266 ж.ж. – Алтын Орда мемлекеті

Әмір Темір – 1370-1405 ж.ж. – Монғолстан мемлекеті

2-топ сұрақтары:

Есен-бұға – 1433-1462 ж.ж. – Монғолстан мемлекеті

Тон – 618-630 ж. – Батыс Түрік қағанаты

Сақал – 706-711 ж.ж. – Түргеш Қағанаты

Елюй Дашы – 1125-1143 ж.ж. – Қарақытайлар мемлекеті

Өзбек – 1312-1342 ж.ж. – Алтын Орда мемлекеті

3-топ сұрақтары:

Әбілқайыр – 1428-1468 ж.ж. – Көшпелі Өзбек мемлекеті

Едіге – 1411-1419 ж.ж. – Ноғай Ордасы

Меңгу-Темір – 1266-1280 ж.ж. – Алтын Орда мемлекеті

Әли-Арсылан – 960-990 ж.ж. – Қарахан мемлекеті

Үшлік – 699-706 ж.ж. – Түргеш қағанаты

4-топ сұрақтары:

Сатұқ-Боғра – 915-955 ж.ж. – Қарахан мемлекеті

Жәнібек – 1342-1357 ж.ж. – Алтын Орда мемлекеті

Батый – 1227-1255 ж.ж. – Алтын Орда мемлекеті

Жыпыр – 749-753 ж.ж. – Түргеш қағанаты

Тохты – 1290-1312 ж.ж. – Алтын Орда мемлекеті

II айналым. «Тұлғалар портреті» айналымында әр топқа екіден сегіз тұлғаның портреті көрсетіледі. Портреттер арқылы тұлғаның аты-жөнін, туылған жылын табу керек. Аты-жөнін тапса 5 ұпай, ал туылған жылын бірге айтса 10 ұпай беріледі.

1. Махмуд Қашғари – 1030-1090 ж.ж.
2. Қожа Ахмет Йасауи – 1103-1167 ж.ж.
3. Жүсіп Баласағұн – 1021-1075 ж.ж.
4. Әбу Райхан әл-Бируни – 973-1050 ж.ж.
5. Әмір-Темір – 1336-1405 ж.ж.
6. Темүжін – 1155-1227 ж.ж.
7. Әбу Насыр әл-Фараби – 870-950 ж.ж.
8. Геродот – б.з.б 484-425 ж.ж.

III айналым. «Терминдер» айналымында терминдер көрсетіліп, оның қай қағандармен байланысты екенін табуы қажет. Әр дұрыс жауапқа 20 ұпай беріледі.

- 1 «Елхан»---552-жылы Бумын қағанның алған атағы
- 2 «Селиф»---Тон қаған тұсында салық жинауға бекітілген адамдар
- 3 «Он-оқ Будун»---Ешбар Елтеріс қаған енгізген билік жүйесі
- 4 «Мүйізді қаған»---Арабтардың Сұлу қағанға берген атағы
- 5 «Күй үн чінсан тәйжі»---Шыңғыс ханның Мұқылайға берген атағы
- 6 «Гурхан»---1201-жылы Жамұқа өзін «гурхан» деп жариялады
- 7 «Ұыл хас Хажип»---Сүлеймен Арсылан ханның Жүсіп Баласағұнға берген лауазымы
- 8 «Хакім ата»---Сүлеймен Бақырғани ел ішінде Хакім ата атанған

IV айналым. «Асыл мұралар» айналымында екі еңбектің атаулары көрсетіледі. Бұл жерде қатысушылар еңбектің авторларын табуы қажет. Екеуін тапса 10 ұпай, біреуіне 5 ұпай.

1-топ:

«Асыл тастар» --- Әбу Райхан әл-Бируни

«Ақиқат сыйы» --- Ахмет Иүгнеки

2-топ:

«Музыканың ұлы кітабы» --- Әбу Насыр әл-Фараби

«Жүсіп-Зылиқа» --- Әли ақын

3-топ:

«Түрік тілдерінің сөздігі» --- Махмуд Қашғари

«Ақыр заман» --- Сүлеймен Бақырғани

4-топ:

«Құтадғу білік» --- Жүсіп Баласағұн

«Даналық кітап» --- Қожа Ахмет Йасауи

V айналым. «Жасырылған тұлға» айналымында мәтінде сұрақ белгі қойылған жердегі ел билеушілерін табады. Әр топқа оңайдан қиынға қарай бес сұрақ бірден қойылады.

1. 552 жылы ? қаза болып баласы ? қаған болды.
2. 552-554 жылдары Қара-Ескенің баласы ? кезінде жужандар бас көтерместей жеңілді.
3. Батыс Түрік қағанатын күшейткен қағандар ?
4. 634 жылы ? билікті өз қолына алды.
5. 741 жылы ? қайтыс болғаннан кейін қағанат ыдырай бастады.
6. 717 жылы ? Таң империясына сапарға барды.
7. 749-753 жылдары қара түргештердің тарханы ? билікті өз қолына алды.
8. 840 жылы жеңістен кейін ? Испиджап билеушісі өзін қаған деп жариялады.
9. Билікті 955 жылы ханның баласы ? алды.
10. Мұса хан қаза болған соң оның орнына ? хан болды.
11. Мемлекет найман ханы ? кезінде дами бастады.
12. Керейіт мемлекетінің шарықтау шегі ? қағандар кезінде болды.
13. 1155 жылы Елюй Дашидің қызы ? ел биледі.
14. 1217 жылы Күшліктің Жетісудағы иеліктерін басып алуға ? жіберді.
15. 1266 жылы ? Кавказ жерінде қаза болды.
16. ? 1327-1328 жылдары өз атынан Сығанақ қаласында теңге соқтырды.
17. 1370 жылы жездесінің билігін қолына алып, ? Мауараннахрды басып алды.

18. 1456-1457 жылдары ? Сығанақ қаласы түбінде Үз-Темір бастаған ойраттармен соғыста жеңіліп қалды.

19. Едігенің баласы ? кезінде Ноғай ордасы өз алдына жеке мемлекет болып, Алтын Ордадан бөлініп шығады.

20. Алтын Орданың гүлденген кезі ? мен оның баласы ? билік еткен тұстары болды.

Қорыта келе айтарымыз, тыңдаушыларға дәрісті меңгерту барысында кез-келген әдіс-тәсілдерді қарастырумыз қажет.

Қазіргі уақытта тәжірибе арқылы нәтиже көрсеткен ойын ретінде ұйымдастырылған сайыстарды қайталау сабағында көптеп қолдана бастадық.

Ойын арқылы тыңдаушы нені меңгереді:

1. Тыңдаушылар ойынды құрастыру барысында жауаптылықты сезінеді.

2. Тыңдаушыларға қиын мәселелерді өз бетінше шеше білуге үйретеді.

3. Оқу процесінде алған білімді қайталау арқылы нақты істе қолдана білуге мүмкіндік береді.

4. Уақытқа бағынуды, үнемдеуді үйретеді.

5. Топ болып бірігу арқылы бір-біріне үйренеді.

6. Ойын барысында шешім қабылдау тыңдаушыларды салқынқандылық пен асықпай жауапкершіліпен жауап беруді талап етеді.

7. Ойын материалдары бір тақырып көлемінде болмағандықтан, дәстүрлі оқу материалдарымен салыстырғанда күрделірек.

8. Кітапханада көп ізденуге үйретеді.

Әдебиеттер

1. Құнапина Қ.Қ., Құмғанбаев Ж.Ж., Махаева А.Ш. Қазақстан тарихынан әдістемелік-анықтамалық нұсқау. 2011-2012 оқу жылы. 214-бет.

2. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан. А, 1995, 175-бет.

3. Қазақстан тарихы: талапкерге арналған оқулық-тест / С.Ш.Талдахметов. Алматы: ШЫҢ-КІТАП, 2015-379 бет.

ТАРИХИ ТАНЫМДЫҚ САЙЫС САБАҚТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Ибрагимова М.Н., Нусупбаева С.А., Мажикқызы Н.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

*«Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана – мұғалім,
оқу мен ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады»*

К.Д. Ушинский

Тәуелсіз еліміздің тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған басты мәселе – білім беру, ғылымды дамыту. Сондықтан кез-келген азаматымыз білім сапасының көтерілуіне ат салысуы қажет. Ол мейлі оқытушы немесе шәкірт болсын, мейлі қарапайым немесе жоғары лауазымды азамат болсын мемлекетіміздің білімін жоғары деңгейде көтеру үшін үлестері бар. Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру жаңа педагогикалық технологияны меңгеру. Осыған орай Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру» – деп атап көрсетілген.

Қазақстанның жедел экономикалық, саяси және әлеуметтік жаңғыру жағдайындағы дамуы кезеңінде, еліміздің бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруі қоғам алдындағы ең маңызды міндет болып тұрған шақта Қазақстан тарихын оқып-үйренудің маңыздылығы арта түсті.

Қазақстанның тарих ғылымы алдында халықтың өзін-өзі рухани жаңғырту мәселесіне атсалысу жауапкершілігі тұр. Атап айтқанда, ғылыми негізделген тарихи білім өткенді сараптау арқылы ұлттық сана-сезімнің оянуын, халықтың тарихи жетістіктерін, әлемдік өркениеттегі рөлі мен орнын айқындауға көмектеседі.

Бүгінгі күні ұлттық тарихты оқып-үйрену жалпыхалықтық бірлікті қалыптастырудың, халықтың тарихи жадын қалпына келтіріп, тереңдетудің, ұлттық сана-сезімді қалыптастырудың, азаматтық пен патриотизмде тәрбиелеудің басты факторларының бірі болып табылады.

Әбу-Насыр әл-Фараби: «Тарихты білмей – өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын», – десе, XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ ғылымы мен білімінің хан тәңірісі А.Байтұрсынов былай деп жалғастырады: «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы – тарих».

Ендігі кезекте «білімалушыға тарихты қалай түсіндіру керек?» деген мәселеге тоқталып өтейік. Жаңа технологиялар заманында мүмкіндігінше компьютерлік техниканы қолдана отырып, түрлі тәсілдер қолдануға болады. Оны қазір әр бір оқытушы өз пәндерінде барынша қолданғанына қарамастан, әлі де ізденісті талап етіп отыр. Бір сарынды сабақ өту білімалушыны жалықтырып жіберетіндіктен әр сабақты түрлендіріп өткізу қажет.

Тарихты оқытудың түрлі әдістеріне тоқталатын болсақ, ол оқытудың әдістерін таңдау көптеген факторлармен, білім берудің маңызды мақсаттарымен, сабақтың мақсатымен оқушылардың мүмкіндігімен, пайдаланатын жүйенің ерекшеліктерімен анықталады. Оқыту әдістері оқыту үдерісінде маңызды қызметтер атқарады. Оқытудың негізгі мақсаты өз бетінше дами алатын оқушы қалыптастыру, өз бетінше танымдық әрекет етудің әдістерін меңгеруі керек. Оқушы өз қабілетіне сай білімін дамытып отырады.

Кез келген технологиялардың мақсаты – пәнді оқытуда оқушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылықтарын қалыптастыру болып табылады.

Біз тарих сабағында танымдық сайыс сабақтарын өткізудің түрлі жолдарын ұсынамыз. Сайыс сабақтары кез келген оқушының қызығушылығын тудырады. Тіпті нашар оқитын оқушының өзі ойын арқылы берілген тапсырмаларды асқан қызығушылықпен, белсенділікпен орындайды. Сайыс сабақтарын қолдана отырып оқытушы білімалушының сабаққа деген қызығушылығын, зейінін арттыру мақсатында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Танымдық сайыс сабақтарын қайталау, пысықтау, қорытындылау сабақтарында пайдалануға болады. Жарыс түрлері білімалушының ой-өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Сонымен қатар білімалушының шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорларын молайтып, сауатты жазуға да баулиды. Танымдық сайыс сабақтары оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді.

Төменде тарауды қорытындылауға байланысты ұйымдастырылған танымдық сайыс түрі берілген.

Сайыстың тақырыбы: «ТАПҚЫРЛАР» САЙЫСЫ

Сайыс алты айналымнан тұрады. Айналымның барлық сұрақтары интерактивті тақта арқылы көрсетіледі.

I айналым. «Қанат қақты»

II айналым. «Білеміз бе?»

III айналым. «Тұлғаны таны»

IV айналым. Тарихи криптограмма

V айналым. Математикалық ойын

VI айналым. Байқампаздар сайысы

I АЙНАЛЫМ. «ҚАНАТ ҚАҚТЫ»

I. Қанат қақты! Жетекшілір сайысы 7 сұрақтан қойылады, «иә» немесе «жоқ» деген жауаптары бар. Әр дұрыс жауап 5 ұпаймен бағаланады.

I топ: Алтын Орда командасына.

1. Алтын Орданың негізін қалаған – Батый (иә)
2. Алтын Орданың астанасы Сығанақ (жоқ) – САРАЙ
3. Алтын Орда деп атайтын бізге келіп жеткен ең алғашқы құжаттар 17-ғасырға жатады (иә)
4. Алтын Орданың негізгі тілі – моңғол тілі (жоқ) – ҚЫПШАҚ
5. Меңгу-Темір өз атынан ақша шығарды (иә)
6. Өзбек хан тұсында – Ислам діні мемлекеттік дінге айналды (иә)
7. 1380 жылы Тоқтамыс Мәскеуді өртейді (жоқ) – 1382 ж.

II топ: Ақ Орда командасы.

1. Ақ Орда 240 жылға жуық өмір сүрді (иә)
2. Ақ Орда халқының көпшілігі жергілікті әр түрлі тілдес халықтардан тұрды (жоқ) – БІРЫҢҒАЙ
3. Ұрыс хан Ақ Орда мемлекетінің негізін қалаған (жоқ) – ОРДА ЕЖЕН
4. Ұрыс хан тұсында Ақ Орда Алтын Ордадан біржола бөліне бастайды (иә)
5. Ұрыс хан өз атынан Сарайшық қаласында теңге соқтырған (жоқ) – СЫҒАНАҚ
6. Барақ хан Ақ Орданың соңғы ханы (иә)
7. 1428 ж. Шығыс Дешті Қыпшақтағы билік Жошының Шайбани әулетінің ұрпағына тиді (иә)

III топ: Моғолстан командасы.

1. XIV ғ. ортасына қарай Моғолстан мемлекеті құрылды (иә)
2. Астанасы — Суяб болды (жоқ) – АЛМАЛЫҚ
3. Ең алғашында Моғолстандағы негізгі саяси билік Тоғылық-Темірдің қолында болды (жоқ) – ӘМІР ПОЛАДШЫНЫҢ
4. Тоғылық-Темір тұсында 160 мың адам мұсылман дінін қабылдайды (иә)
5. Маңлай-Сүбе Амудария мен Сырдария өзендерінің ортасында орналасты (жоқ) – ШЫҒЫС ТҮРКІСТАННАН ФЕРҒАНАҒА ДЕЙІНГІ КЕҢ-БАЙТАҚ ЖЕРДІ АЛЫП ЖАТҚАН
6. Моғолстанның соңғы ханы Шейх Ахмед болды (жоқ) – АБД АР-РАШИД
7. 1365 жылы 22 маусымда «Батпақ шайқасы» болды (иә)

IV топ: Ноғай Ордасы командасы.

1. Ноғай Ордасы XIV—XIV ғасырларда Қазақстанның солтүстік-батысын алып жатты (иә)
2. Ноғай Ордасының негізін салушы – Нұраддин (жоқ) – ӘМІР ЕДІГЕ
3. Ноғай Ордасының екінші аты–Маңғыт елі (иә)
4. Ш. Уәлиханов ноғайлар мен қазақтарды «екі туысқан Орда» деп атаған (иә)
5. Астанасы—Сығанақ қаласы (жоқ) – САРАЙШЫҚ
6. Ноғайлардың көпшілігі Қазақ хандығына, соның ішінде Кіші жүз құрамына енді (иә)
7. XVI ғасырда Ноғай Ордасының Орыс мемлекетімен құдандалық байланысы дамыды (жоқ) – САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ, САЯСИ БАЙЛАНЫСЫ

II АЙНАЛЫМ. «БІЛЕМІЗ БЕ?»

Толық жауап 20 ұпай, жартылай жауап 10 ұпай мен бағаланады.

1-сұрақ:

Шыңғысхан империясы қашан құрылды?

Жауабы: 1206 жылы

2-сұрақ: Әмір Темірдің мемлекеті құрылған уақыт?

Жауабы: 1370 жылы

3-сұрақ: Батыс Сібір мемлекетінің өмір сүрген уақыты?

Жауабы: 13-15 ғ.ғ.

4-сұрақ: Әбілқайыр хандығының құрылған жылы?

Жауабы: 1428 ж.

5-сұрақ: Қазақстанның қай жерлері моңғолдың үш ұлысының құрамына енді?

Жауабы: барлық жері

6-сұрақ: Мауараннахр қайда орналасқан?

Жауабы: Амудария мен Сырдарияның аралығы

7-сұрақ: Тайбұға Шыңғысхан құрметіне Тура қаласын қалай деп атаған?

Жауабы: Чимги-Тура

8-сұрақ: Әбілқайыр хандығын қандай мемлекет деп атайды?

Жауабы: «Көшпелі өзбектер мемлекеті»

III АЙНАЛЫМ. «ТҰЛҒАНЫ ТАНЫ».

Дұрыс жауап – 20 ұпай.

1. Шығыс Еуропаға жеті жылдық жорық жасаған – Батый.

2. Бүкіл моңғолдық құрылтайға қатынасудан бас тартқан – Берке.

3. Ақ Орда хандарының ішінде бірінші болып өз иелігін Алтын Орда хандарынан тәуелсіз деп жариялап, 1327–28 жылдары Сығанақта өз атынан күміс ақша соқтырған – Мүбәрәк Қожа.

4. Өзіне көмектесуден бас тартқан Жошы әулетінің бір тұқымы – Маңғыстау билеушісі Түй-Қожаны жазалаған – Ұрыс хан.

IV АЙНАЛЫМ. ТАРИХИ КРИПТОГРАММА.

Сөзді тауып, жауабын дұрыс тапса – 10, тек сөзді ғана тапса – 5 ұпай.

1. ТУБА – Алтын Орданы құрушы Монғол ханы – БАТУ

2. РЫСБАБЕЙ – Қазақ даласынан Египет еліне құлдыққа сатылып барған Мәмлүк мемлекетінің төртінші сұлтаны – БЕЙБАРЫС

3. РАСАЙ ТУБА – Алтын Орда мемлекетінің алғашқы астанасы – САРАЙ-БАТУ

4. ҚАСАЖ – Монғол мемлекетінің басты заңы – ЖАСАҚ

V АЙНАЛЫМ. МАТЕМАТИКАЛЫҚ ОЙЫН.

Дұрыс шығарып, сол жылда қандай оқиға болғанын тапса 10, тек жылын есептесе 5 ұпай.

1. $(500 \cdot 2) + (800 : 4) + (120 : 2) + 2 = 1262$

Берке Египет мемлекетіне құлдыққа сатылған Мәмлүк елінің 4-ші сұлтаны – Бейбарысқа өз елшісін жіберді.

$$2. (250 \cdot 4) + (600 : 2) + (81 : 9) + 70 = 1379$$

Тоқтамыс Темір Мәлікті жеңіп, Сығанақты алады.

$$3. (3000 : 3) + (150 \cdot 2) + (8 \cdot 6) = 1348$$

Тоғылық-Темірді Моғолстан ханы етіп сайлайды.

$$4. (100 \cdot 10) + (2000 : 4) + (250 : 5) = 1550$$

Ноғай Ордасы бірнеше иеліктерге бөлінеді.

VI АЙНАЛЫМ. БАЙҚАМПАЗДАР САЙЫСЫ.

Дұрыс жауап бергенге 10, жартылай жауап бергенге 5 ұпай беріледі.

1. Шыңғыстықтардың басшысы Ұлы ханболды.

2. Құрылтай — бұл шыңғыстықтар мен монғол көшпелі ақсүйектерінің жалпы империялық жиналысы.

3. Инжу – Шыңғыстың жаулап алған жерлерін өз балаларына бөліп берген жерлері.

4. әскери істі — беклербегі атқарды.

5. азаматтық істі — уәзірлер атқарды.

6. Даруғалар – салық жинаушылар.

7. Басқақтар – басқару қызметімен қатар, әскери бақылау жүргізген, салық жинаумен де айналысқан.

8. Түрік әулетінен шыққан әкімдер арқылы асырылатын азаматтық басқару билігі – «мәлік».

9. Ақ Орда, Моғолстан, Әбілқайыр хандығында түрік тайпаларының басшылары – «әмір» деп аталды.

10. түрік тайпаларының басшылары Ноғай Ордасында «мырза» деп аталды.

Қорыта келе айтарымыз, тарихтан ойын жарыстарын өткізу өз нәтижесін көрсете бастады. Соның ішінде топ аралық жарыс арқылы біз қол жеткізген нәтиже:

1. Топтар бір-бірімен бірігіп жұмыс істеуді үйренді;

2. Тарихты жақсы меңгерген тыңдаушылар жақсы нәтиже көрсете алмай жүрген тыңдаушылармен жұмыс істеуді бастады;

3. Топтың қай тақырыпты меңгермегені жарыс барысында бірден байқалды. Бұл топ аралық жарыста оқытушыларға топпен қай бағытта жұмыс істеу керектігін көрсетті;

4. Топтардың өткен тақырыпты жарыс барысында түгел қайталап оқуына тура келді;

5. Топтар бір-бірінен қалып қалмас үшін, білім бәсекесімен оқи бастады.

6. Жарыстан кейін, өздері жіберген қателермен жұмыс істеп отырғанын көру, ойын сайысының үлкен нәтижесі, деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

1. Құнапина Қ.Қ., Құмғанбаев Ж.Ж., Махаева А.Ш. Қазақстан тарихынан әдістемелік-анықтамалық нұсқау. 2011-2012 оқу жылы. 214-бет.
2. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан. А, 1995, 175-бет.
3. Қазақстан тарихы: талапкерге арналған оқулық-тест/С.Ш.Талдахметов. Алматы: ШЫҢ-КІТАП, 2015-379 бет.

ТАРИХТЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Ибрагимова М.Н., Нусупбаева С.А., Мажикқызы Н.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Республикамыз тәуелсіздік алғаннан кейін ата тарихымыз бен мәдени құндылықтарымызды ыждағаттылықпен қайта зерттеуге кірістік. Азаттықпен келген шығармашылық бостандық тарих ғылымында да түбейгелі өзгерістерге жол ашты. Жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихы пәнін оқытуға ерекше мән беріле бастады. Өйткені, тарих – ғылым мен пән ретінде аса маңызды білім саласына жатады. Бүгінгі жас ұрпақ өз елінің, жерінің, ата-бабаларының тарихын біліп, оның жақсысынан үйреніп, жаманынан жиреніп қорытынды жасауы тиіс.

Тарих дегеніміз – халықтың зердесі. Ол болып өткен, оны түзете алмайсың және оның бір түсін екіншісімен ауыстырып, жаңадан жаза алмайсың. Біз оны бүкіл қайшылықтарымен және қайғылы беттерімен қоса, ол қандай болса нақ сондай, бүкіл алуан түрлі, тұтас күйінде қабылдауға тиіспіз. Және де соны білімалушыларға жеткізе білуіміз қажет.

Өткеніміз бен бүгініміздің, тапқанымыз бен жоғалтқанымыздың тағылымын түйіндеуге Елбасымыз Н.Назарбаевтың өзі мән беріп, 1999 жылы «Тарих толқынында» деген еңбегін

жариялады. «Қазақстанның сана-сезімі, – деп тұжырымдайды Президентіміз Н.Назарбаев, – өткендегі, қазіргі және болашақтағы тарихтың толқынында өзінің ұлттық «МЕН» дегізерлік қасиетін түсінуге тұңғыш рет енді ғана мүмкіндік алып отыр... Бірақ бұл мүмкіндік қана: ол шындыққа, тек қазақтардың ғана емес, барлық қазақстандықтардың жаппай санасына орныққан фактіге айналуы қажет».

Қоғамның объективті тарих біліміне ынта-ықыласы мен қажеттігін, Қазақстан тарихы үрдісінің үздіксіздігін, қазақ халқы тарихы мен мәдениетінің ежелден бастап қазіргі күндерге дейінгі сабақтастығын жаңа айқындамалар тұрғысынан ашып көрсету – бүгінгі жас ұрпақты отансүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелеудегі алдымызда тұрған аса маңызды міндеттердің бірі. Сондықтан да тарихты оқытудың түрлі әдістерін қолдану арқылы сабағымызды қызықты, әрі түсінікті өткізуге барынша күш жұмсауымыз қажет.

Ең басты сұрақ «Қалай оқыту керек?». Белгілі ресейлік әдіскер С.Г.Симгалевич былай дейді: «Өмірде нашар оқытушыларды көптеп кездестіруге болады; ол оның өз пәнін дұрыс білмейтіндігімен түсіндірілмейді, ең негізгісі олар өз білімін жеткілікті түрде бере алмайды, өйткені олар пәннің әдістемесімен толыққанды таныс емес».

Пәннің әдісі мынандай сұрақтарға жауап бере алады: «Не үшін оқыту қажет?», «Нені оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?». Тарихты оқытудың негізгі факторлары осы сұрақтардың жауаптарымен тығыз байланысты. Оқытудың нәтижелері мақсатты айқындап, оның орындалуымен, білімалушыны жан-жақты қалыптастыра білумен ұштасып жатады. Сапалы оқытуға мыналар әсер етеді:

- 1) V-XI сынып аралығында алған толық тарихи білімі;
- 2) ғылыми дүниетанымның қалыптасуы;
- 3) тарихты оқыту үрдісіндегі білімалушының тәрбиелілігі;
- 4) білім алушының танымдық мүмкіндіктерінің дамуы.

Сонымен оқытудың нәтижелері қойылған мақсаттың орындалғанын немесе оның тек ой жүзінде ғана қалғандығын көрсетеді. Тарихты оқытудың бүгінгі таңда түрлі әдістері қолданылып жүр. Тест түрінде білімін тексеру, баяндау, сұрақ-жауап, т.б. Әсіресе елімізде бірінғай ұлттық тестілеу қолданғаннан бері білімалушыларымыз да, оқытушыларымыз да тест жаттауға аса назар аударып кетті. Бұл білімалушының ойын еркін айтуына, сөйлеу қабілетіне кері әсер етіп келе жатқанқандығын байқауымыз қажет. Сондықтан оқушының тарихи оқиғаларды оңай есте сақтауы үшін және тез жалықпауы мақсатында тарихты үйретуде түрлі әдіс-тәсілдерге жүгінуіміз керек. Алайда тарихты оқыту әдісі жайлы ортақ ой-тұжырымдар жоқ. И.Я.Лернер тарихты оқытудың әдістерін жүйелеуге талпыныс жасады. Ол оқытушы мен оқушы мүдделерінің бір жерден шығуы оқыту әдісінің нәтижесін көрсетеді дегенге саяды. Сондықтан кез келген әдіс оқытушылық және оқу мүдделерін анықтауы қажет.

Білім қалыптасуының бастапқы сатысында мәліметтерді меңгеру әдісіне *түсіндірушілік-көрнекілік әдісі* сәйкес келеді. Мұнда оқытушы көрнекіліктің әр түрлісін қолдана алады. Мысалға карталар, видеолар, суреттер т.б.

Оқытудың екінші әдісі *репродуктивті әдіс*. Оның мағынасы берілген тапсырма бойынша есіне түсіру. Оқытушының айтқанын баяндап беру, тарихи тұлға жайлы әңгімелеу, сұрақтарға жауап беру, хронологиялық кестелер құру т.б.

Зерттеу әдісі – туындаған мәселе бойынша оқушының өз бетінше жұмыс істеуі. Оқушы дайын білімге жүгінбейді, ғылыми танымға тап болады. Яғни бұл баланың шығармашылық қабілетінің дамуына өз ықпалын тигізеді. Бұл әдіс оқушының қаншалықты білімді игергендігін, жетістіктерін көрсетеді.

Эвристикалық әдіс – тарихты оқытуда маңызды қызмет атқарады. Мұнда оқытушы мәселелерді қарапайымнан күрделіге қарай шешу жолдарын ұсынады. Кішкентай мәселелер үлкен мәселелердің жолдарын ашуға көмектеседі.

Тарихты оқытудың тағы бір әдісі – *күрделі баяндау әдісі*. Яғни оқытушы күрделі мәселелердің шешу жолдарын көрсетеді. Бұл оның ғылыми білімінің жоғарлығын байқатады.

Міне жоғарыда көрсетілген түрлі әдістердің көмегімен тарихты оқытуды дұрыс жолға қоюға болады.

Әл-Фараби атындағы жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының ерекшелігі – 5-11 аралығында өтілетін материалды бір жыл көлемінде тыңдаушыға түсіндіріп, әрі оларды кешенді тестілеуге дайындап шығу. Бізде оқитын тыңдаушылардың негізгі құрамы қазақ диаспора өкілдерінен тұрады. Олар тарихты оқымағаны былай тұрсын, қазақ тілінде әрең оқиды. Сондықтан біздің кафедрада тарихты оқытудың

жеңілдетілген түрден күрделіге қарай үйрету әдістері қолданылады. Мысалға әлі қазақша әріп тани білмейтін, дәрісті көшіре алмайтын тыңдаушыларға жоғарыда көрсетілген түсіндірушілік-көрнекілік әдісі қолданылады. Оған: карталар, тірек-сызбалар, кестелер, презентациялық лекциялар, суреттер, видеофильмдер жатады. Ақырындап екінші әдіске көшеміз. Яғни репродуктивті әдіс бойынша тыңдаушы оқытушының түсіндіргенін есте сақтау арқылы баяндайды. Тыңдаушы ақырындап бейімделе бастаған соң өз бетінше ізденіп, белгілі бір тақырыптар бойынша дайындалып, жұмыс істей бастайды. Біз көбінесе тыңдаушының ізденіс қабілетін арттыру мақсатында оларға тақырып бойынша сайыс ойындарын ұйымдастыруға, баяндамалар дайындап келуге, тірек-сызбалар құрастыруға тапсырма береміз. Тарихи танымдық сайыс ойындарын өткізу өз нәтижесін беріп келеді. Сонымен түрлі әдіс-тәсілдер қолдану бұл оқытушының шеберлігінен туындайды. Сол әдістерді тарихты оқытуда дұрыс қолдана білу, оң нәтижелер шығару, оқушының қызығушылын арттыру басты мақсат болып табылады.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. Б. 292-293
2. Н.Ю. Никулина. Методика преподавания истории в средней школе. – Калининград, 2000
3. Шоган В.В. Методика преподавания истории в школе. Издательство: Феникс. Год: 2007.- 471 с. С.6

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ

Исаева А.Б.

Алматинский аграрный колледж

Изменения, происходящие сегодня во всех сферах общественной жизни, научный прогресс в экономике, культурные изменения, новые потребности в сфере педагогической деятельности привели к необходимости кардинальной модернизации системы образования. Одним из путей в этом направлении являются педагогические инновации.

Инновация – (от лат. «innovation» – нововведение, изменение, обновление) – деятельность по созданию, освоению, использованию и распространению нового, с изменениями, вносящими новые элементы, вызывающие изменение объекта из одного состояния в другое. Инновации появляются в результате попыток решения традиционной проблемы новым способом. Современные инновации имеют преемственность с историческим опытом.

Дидактические инновации – это управляемые процессы создания, оценки, освоения и применения на практике педагогических новшеств, которые касаются формирования содержания образования, методов и форм обучения, организации и управления работой образовательных учреждений. Они способствуют оптимизации образовательного процесса, совершенствования организации и управления, созданию новых педагогических технологий. Инновации вносят изменения: в цели, содержание, способы, технологии, формы организации и систему управления, в стили педагогической деятельности, в систему контроля и оценки уровня образования, в систему финансирования, в методическое обеспечение, в систему воспитательной работы, в учебный план и учебные программы, в деятельность педагога и ученика. Внедрение дидактических инноваций проходит этапы: обоснование путей решения образовательных задач; массовое испытание предложенной методики; ограниченная или массовая её реализация; освоение и внедрение в практику. Разработка инноваций продолжается до тех пор, пока не найдется новый принципиальный подход к решению выявленной в теории и практике проблемы. Чтобы освоить новое необходимо некоторое время, необходимое научное обеспечение, подготовка квалифицированных педагогических кадров, адаптация педагогического коллектива к работе в новых условиях.

В Законе «Об образовании» Республики Казахстан в качестве приоритетной задачи системы образования отмечается «внедрение и эффективное использование новых технологий обучения, в том числе кредитной, дистанционной, информационно-коммуникационных, способствующих быстрой адаптации высшего образования к меняющимся потребностям общества и рынка труда.

Цель любого образовательного процесса – способствовать удовлетворению образовательных запросов каждого студента в соответствии с его индивидуальными способностями, и создавать условия для самореализации, саморазвития обучающихся, формирования у них компетенций, необходимых для полноценной жизни в современном обществе.

Традиционные методы обучения являются классическими и применяются достаточно обширно. Однако применение традиционных образовательных технологий обучения не обходится без дополнений – инновационной составляющей.

Инновации в образовании считаются новшествами, специально спроектированными, разработанными или случайно открытыми в порядке педагогической инициативы.

Современные высшие учебные заведения в Республике Казахстан – это результат огромных перемен, произошедших в системе отечественного образования за последние годы.

Качественное образование – главная цель любого высшего учебного заведения.

Студент уже в процессе обучения в ВУЗе должен овладеть навыками использования информационных и, в частности, телекоммуникационных технологий в своей учебной, научно-исследовательской и практической деятельности. Для этого мало установить соответствующую технику и наладить ее работу, приобрести соответствующее программное обеспечение, необходимо методическое сопровождение этих процессов.

Уровень информатизации становится одним из существенных факторов успешного экономического развития и конкурентоспособности региона, как на внутреннем, так и на внешнем рынках. Автоматизация на основе применения компьютеров и вычислительных сетей проникает сегодня во все сферы жизни современного общества, связанные с использованием и переработкой информации. В связи с этим большое значение приобретает информатизация высшего образования, органически связанная с процессом его модернизации.

Проблема здесь в том, что информационные технологии для вуза могут выступать в трех своих формах: как средство автоматизации и информатизации деятельности самого вуза, как предмет изучения и как средство организации учебного процесса. Идеальной представляется ситуация, в которой вузы применяют информационные технологии во всех трех формах.

Тем не менее, практически во многих вузах нашей Республики работа по решению данной проблемы проводится. Определенные сдвиги уже наметились. Создаются электронные учебники, разрабатываются автоматизированные системы обучения, организуются виртуальные университеты, тестирующие программы. В поистине огромных масштабах приобретает компьютерная техника.

Внедрение телекоммуникационных технологий в учебный процесс ВУЗа связано с решением ряда проблем. В первую очередь, это ограниченность ресурсов ВУЗа. Второй проблемой на сегодня является неподготовленность преподавательского состава и отсутствие методических разработок по применению ресурсов глобальных сетей в учебном процессе. Подготовка методических материалов связана с выполнением трудоемкой работы по отбору нужных источников информации в сети и отработке технологии их использования. Однако необходимость проведения таких работ актуальна, и при обмене результатами исследований в данной области между работающими коллективами может дать быстрый эффект.

Информатизация образования должна быть направлена, в первую очередь, на определение того, что нужно изучать в конкретных условиях, на обеспечение поиска, извлечения, передачи и представления знаний. Разработка полномасштабного мультимедийного учебника – процесс трудоемкий и дорогой. Он требует специальных знаний и владения мультимедийными технологиями. При рассмотрении разработанных электронных материалов обнаруживается «фамильное» сходство с традиционными учебными пособиями. «Скучные» тексты, местами оснащенные гиперссылками, предлагаются читать с экрана как книгу. Чтобы существующее положение дел изменилось, требуется время, необходимое на создание особого класса педагогов и учёных сетевого типа. Этот класс специалистов преимущественно будет формироваться из молодых научно-педагогических кадров, способных осуществить сопряжение новейших педагогических и телекоммуникационных технологий. Подготовка педагогических кадров на уровне кандидатов и докторов наук, применяющих информационные компьютерные технологии, представляется одной из наиболее актуальных задач сегодняшнего дня. Для обеспечения качества образовательного процесса преподаватели должны быть специалистами в своей области, отвечать общим требованиям, предъявляемым к преподавателям компьютерного профиля.

Формирование методического обеспечения использования информационных компьютерных технологий в учебном процессе в общем случае проходит в несколько этапов:

- подготовка методических материалов по чтению лекций с использованием информационных технологий и использование их при выполнении курсовых и выпускных квалификационных работ;
- подготовка демонстрационных мультимедийных систем;
- использование информационных технологий в учебном процессе;

- повышение квалификации преподавательских кадров по использованию информационных технологий.

В большинстве Казахских ВУЗов информатизация достигла уровня, при котором студентам и преподавателям предоставляется возможность использовать в учебном процессе:

- электронную почту для обмена информацией, как внутри сети, так и с внешними абонентами, что особенно важно для развития партнерских отношений и осуществления обмена информацией со студентами других ВУЗов;

- внутривузовскую электронную доску объявлений;

- участие в телеконференциях, где обсуждаются проблемы научного и профессионального характера;

- доступ к открытым файловым серверам сети интернет для получения свободно распространяемых программных средств;

- удаленный доступ к базам данных, библиотечным каталогам и файлам электронных библиотек при подготовке учебных работ и проведении научных исследований;

- получение электронных периодических изданий по избранной тематике;

- участие в онлайн-телеконференциях сети интернет;

- самостоятельное и контрольное тестирование;

- работа в виртуальном предприятии;

- проведение расчетов с использованием пакетов прикладных программ.

Информационные технологии привнесли значительные изменения и в систему проверки знаний студентов. Существенное преимущество этих технологий в том, что они предоставляют новые возможности не только преподавателю, но и студенту. Студент из объекта обучения превращается в субъект обучения, осознанно участвующий в процессе учебы и самостоятельно принимающий решения, связанные с ним.

Это позволяет им осознанно принимать решения, связанные с ходом учебного процесса, делать преподавателей соратниками в важном деле, в результатах которого они равно заинтересованы.

В реальном учебном процессе цели обучения, уровни усвоения содержания как в целом по дисциплинам в учебных программах формулируются очень обобщенно. В ряде случаев эти цели несколько конкретизируются выражениями: студент должен знать, уметь, иметь представление.

На практике каждый преподаватель в процессе преподавания формирует свое понимание оценок и терминов по дисциплине. Свое понимание оценок формируется и в целом кафедрой. Это понимание должен усвоить и преподаватель, принятый на кафедру. При этом оценка преподавателем уровней освоения студентами практических умений и навыков всегда являлась более четкой, чем оценка уровней освоения теоретических фактов, так как при оценке умений преподаватель ориентируется на определение правильности решения задач, рекомендованных для обучения, а оценка теоретических знаний полностью субъективна и зависит от глубины понимания самим преподавателем теории, важности различных ее разделов.

Контроль качества усвоения знаний, оценка степени достижения поставленных учебных целей являются важными составными частями учебного процесса при использовании любой образовательной технологии.

Применяемые с этой целью формы контроля, оценки уровней обученности отличаются большим разнообразием. Каждая из них имеет свои преимущества и недостатки.

Особое место среди форм контроля занимает тестирование. Естественно, что тесты – далеко не единственная форма контроля знаний, которая должна применяться в системе заочного образования.

Сильной стороной тестового контроля знаний является возможность охватить в процессе тестирования большой объем материала и тем самым получить действительно широкое представление о знаниях тестируемого студента. Использование тестирования в реальной педагогической деятельности позволяет заметно повысить объективность, детальность и точность оценивания результатов процесса обучения. Кроме того, тесты могут быть применены студентом и в ходе самостоятельной работы для контроля качества усвоения материала.

Тестирование позволяет осуществить не только контроль, но и самоконтроль знаний студента, систематизировать их. Тесты являются хорошим средством для подготовки к экзамену или к рубежному контролю. Используются различные виды тестирования и методы их проведения.

Во-первых, проводят тестирование на заключительном этапе занятия, что позволяет увидеть вопросы, недостаточно хорошо понятые студентами. Это, в свою очередь, стимулирует и к совершенствованию методики изучения данной темы.

Во-вторых, тестовые задания используются в межсессионный период, как для самоконтроля знаний студентов, так и для их контроля преподавателем.

В-третьих, они служат основой проверки знаний в качестве промежуточного контроля.

В-четвертых, итоговый контроль знаний студентов как после окончания изучения курса, так и перед выпускными квалификационными работами студентов-выпускников по дисциплинам, вынесенным на итоговую государственную аттестацию.

В целом приходится признать, что описанные в статье методы и способы применения информационных технологий не исчерпывает всех их потенциальных возможностей. Один из них состоит в том, что сама компьютерная техника и сами программы без соответствующих методик их использования не приносят ни какого обучающего эффекта и являются, с точки зрения организации процесса подготовки, лишь вспомогательными материалами.

Владение инновационными образовательными технологиями в высшей школе позволит преподавателю эффективнее адаптироваться к новым условиям и быть конкурентоспособным в образовательной среде.

Литература

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы // Казахстанская правда. – №338.
2. Об образовании (с изменениями и дополнениями по состоянию на 07.2013 г.): Закон РК // ИС Параграф [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [www http:online.zakon.kz](http://online.zakon.kz). – Данные соответствуют на 09.03.2015.
3. Нейматов Я.М. Образование в XXI веке: тенденции и прогнозы – М.: Алгоритм, 2002. – 480 с.
4. Глазырин, В.А. Болонская декларация: интеграция или поглощение / В.А. Глазырин // Университетское управление: практика и анализ. – № 5. – С. 77-80.
5. Головчин, М.А. Образование: региональные проблемы качества управления / М.А. Головчин, Г.В. Леонидова, А.А. Шабунцова. – Вологда: ИСЭРТ, 2012. – 197 с.

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫС ІСТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Қазезова А.М., Татиева С.С., Бөлекбаева Н.И.
Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ*

Қазіргі кезеңде жоғары оқу орындарында оқыту технологиясын жаңартып қайта құруға байланысты бірнеше маңызды проблемалар тұр. Бұл үдеріс оқу-тәрбие үдерісінің теориясы мен практикасындағы түбегейлі өзгерістермен қатар жүреді. Білім парадигмасының ауысуы, білім мазмұнының жаңаруы, «оқытушы – студент» қатынасына, студенттердің құқықтарына жаңаша қарау тәсілдерін тудырады. Бүгінгі таңда білім беру саласының дүниежүзілік тәжірибесінде бірқатар бағыттар көзге түсуде. Тиімді де ұтымды деп танылған бағыттардың қатарында «Қашықтықтан білім беру технологиясын» ерекше атауға болады.

Жоғары оқу орындарында оқу үдерісінің жаңа даму кезеңі студенттің білімінің, дағдысының деңгейін көтеру қажеттілігімен ғана емес, студенттің танымдық мүмкіндіктерін де көтерумен тығыз байланысты. Оқу үдерісінің элементтері студенттердің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес білімді қажет етуін толық қанағаттандыратын құралдар мен әдістер іздестірілуде. Солардың бірі ҚББТ бойынша өз білімін бақылап, СӨЖ тексеруге арналған дидактикалық құралдарды пайдалану, сондай-ақ осы құралдар арқылы СӨЖІД қалыптастыру. Сондықтан да дамытып оқытудың бір бөлігі болып табылатын өздік жұмыс, бұл ҚББТ арқылы оқыту ұзақ уақыт оқу үдерісі орын алмай келді. Осы заманғы педагогика ғылымы білім берудің мәселелерін жан-жақты зерттеп, ең басты проблема ретінде мақсаттар аймағындағы қарама-қайшылықтар екендігін анықтап берді.

Ал егер де студенттің өзін қоршаған ортада дербес, белсенді және жайлы өмір сүруіне жағдай жасағымыз келсе, онда біз оларды қоршаған ортамен ҚББТ арқылы ғылыми сауатты қарым-қатынас жасауға үйретуге тиіспіз.

ҚББТ арқылы жүргізілетін студенттердің оқу үдерісіндегі өздік жұмыс іс-әрекет түрлеріне жатады. Сондықтан, осы заманғы білім беру саласының алдында тұрған міндеттерді шешудің басты шарты студенттердің ҚББТ-н пайдалана отырып өздерінің оқу әрекеті арқылы оқыту үдерісін жетілдіру болып табылады. Сонымен қатар ҚББТ-да студенттердің оқу жұмыстарын орындауы, реттеуі және бағалауы арқылы іске асады. ӨЖ оқу әрекетінің маңызды компоненті бола отырып, оның толық жүзеге асуына ғана емес, студенттің өз әрекетін бақылап нәтижелерін жұмысқа, жоспарлауға,

болжауға, қимыл жоспарын қайта құруға, сөйтіп нәтижесінде білімін, білігін жетілдіре түсуге мүмкіндік береді.

СӨЖІД қалыптастыру ҚББТ-да оқу үдерісін белсендірудің бір тәсілі бола отырып студенттің атқаратын қызметінің бірі өз жауапкершілігін арттырумен байланысты. Дәлірек айтсақ, ҚББТ оқу жұмысының орындалу үдерісін реттейді, реттеу арқылы нені істеу керектігін біліп отырады, орындалған жұмысты жөндеп ыңғайластырады. Сондай-ақ, студенттің пәнге қызығушылығын арттырып, білім сапасының артуына жағдай жасайды.

ҚББТ-да танымдық әрекеттің бір компоненті ретінде оның құрылымында айрықша орын алады: жұмыс әрекеттің өзіне бағытталады және студенттің өзіне субъект ретінде қарауына мүмкіндік береді. Бірақ студенттердің қойылатын талаптары туралы нұсқау беру; өздік жұмысты жүзеге асыратын әдіс-тәсілдермен таныстыру сол тәсілдерді игеру және қолдануға арналған жаттығуларды ҚББТ-да орындату арқылы арнайы үйретілуі тиіс.

Қазіргі кезде ақпараттық технологияларға арқа сүйеген оқу орталары, білім беру мекемелері оқыту технологиясын қайта құруды талап етіп отыр десек, бүгінгі күндері ҚББТ білім беруді дамытудың нақты элементі болып табылады. Білім беру технологиясының дүние жүзілік дамуына көз салсақ, оның бірнеше үлгі аларлық, алдыңғы қатарлы бағыттары көзге түседі. Тиімді де ұтымды деп танылған осы бағыттардың ішіндегі ҚББТ-н ерекше атауға болады. Жалпы қоғамға үздіксіз білім беру тәсілімен көзге түсетін ҚББТ осы күнгі ең болашағы бар оқу түрі болып саналады.

Педагоггер мен психологтердің ұсынған ҚББТ- мен СӨЖІД қалыптастыру алуан түрлі дефинициясының болуы, оны зерттеудің жан-жақты болғандығын ғана емес, оның күрделі құбылыс екендігін дәлелдеді.

Бұл айтылған анықтамалардан өздік жұмыс әрекеті түзету және қателерді анықтау үшін қажетті құрал деген пікір туады. Ондай жағдайда: студент қателерді анықтап, оның болу себебін таба алады, дер кезінде өз әрекетін жөндейді, басқара алады. Сөйтіп, қол жеткен нәтижелеріне сын көзбен қарап, студенттер ҚББТ-мен өздік жұмыс істеуі арқылы жаңа білім ала алады. Бұл тұрғыдан ҚББТ-да өздік жұмысты қарастыру студенттердің білім алу процедурасымен, жұмыстың түрлері мен және әдістерімен қамтамасыз етуі тиіс. Бұл мақсаттарды жүзеге асыруда арнайы дидактикалық материалдардың маңызы орасан зор.

ҚББТ-да СӨЖІД қалыптастыру кезінде оқытушы мен студент тұрақты педагогикалық қатынаста болады, оқытушымен араласу кезеңдерін студенттің өзі анықтайды. Осыған бағытталған ақпараттық орта студенттің өзіне қолайлы және тиімді режимде білім алуға деген құштарлығын қанағаттандыру мүмкіндігін береді. ҚББТ арқылы өздік жұмыс оқытушының мүлде жаңа түрін қалыптастырады.

Біздің зерттеулеріміздің мәні, студенттерге игерілетін материалдардың негізгі бөлігін жеткізуді, оқу үдерісі кезінде оқытушы мен студенттің интерактивті өзара қатынаста болуын қамтамасыз ететін ақпараттық технологиялардың жиынтығы ретінде, біз ҚББТ-ын пайдаланып СӨЖІД қалыптастыру әдісін таңдап отырмыз. Оқытудың осындай түрі оқытылатын оқу материалдарын игеру барысында студенттерге өзінше жұмыс істеу, сонымен қатар, оқу үдерісі барысындағы оқытушылар берген білімдері мен дағдыларын жұмсауға мүмкіндік береді. Зерттеу объектісі ҚББТ студенттердің тұлғалық ерекшеліктерін және оның оқу үдерістеріне әсерін өте тиімді деп табады.

Біздің жұмысымыздың мақсаты – коммуникациялық күрделі жағдайды, оқытушының тұлғалық ерекшеліктерінің ҚББ үдерісінің өнімділігінің әсерін есепке ала отырып, білім беру ісінің ерекше технологиясы барысындағы оқытушы мен студенттердің арасындағы өзара қатынасының күрделі үдерісін зерттеу болды.

Осы мақсатқа орай, оқытушы ҚББ кезінде оқу үдерісіне түбегейлі әсер ететін бірқатар қасиеттерге ие болу керек деген болжам ұсынылды. Оқытушылардағы жалпыға белгілі педагогикалық қабілеттердің болуын еске ала отырып, мына төменде келтірілген қасиеттер айырықша аталады:

- Жоғарғы кәсіби деңгей, сонымен қатар білім беру мекемелеріндегі жұмыс стажының болуы;
- Айтарлықтай жоғарғы коммуникативтік қасиеттер;
- Эмоционалдық тепе-теңдік.

Осы аталған қасиеттерге ие оқытушы өз бөлмесінен шықпай-ақ дәріс оқып, сабақ жүргізіп студенттің қосымша сұрағына қиналмай жауап береді. Ал алыста орналасқан студенттер компьютер алдында отырып, сабақ материалдарын көріп отырып керектерін жазып алып (тыңдап), қажет деп тапқан сұрақтарын да дер кезінде тікелей байланыс тәрізді оқытушыға ҚББТ-мен алады және жауап та алады. ҚББТ-ын пайдаланғанда, әрбір студент Web-браузер деп аталатын программа (көбінесе Internet Explorer) көмегімен керекті оқытушы аудиториясындағы сабаққа қосылып, оқытушымен және басқа да өзі тәрізді студенттермен чат арқылы немесе электрондық пошта арқылы байланыс

жасап, интерактивті түрде зертханалық жұмыстарды да нақты уақыт кезеңінде орындау мүмкіндіктеріне ие болады. Интернет желісі бойынша ҚББТ екі түрлі тәсілі бар, олар: синхронды және асинхронды оқыту түрлері:

Синхронды тәсілмен оқыту моделінде студент нақты уақыт кезеңінде мәлімет алмасудың әр түрлі мүмкіндіктерін пайдаланып виртуальдық аудиторияларға қосылу арқылы оқытушымен тікелей байланыс орнатады. Синхронды оқыту барлық білімгерлер мен оқытушының қатысуын талап етеді, жеткізудің бұл технологиясының артықшылығы – өзара қарым-қатынасты қалыптастырады. Синхронды тарату формалары интерактивті телекөріністі, аудио графикті, компьютерлік конференцияны қамтиды

Асинхрондық оқыту моделінде студент өзінің оқып үйрену кезеңдерін қолының бостығына байланысты кейінге қалдыра алады, яғни оқу жылдамдығын өзі анықтайды. Мысалы, ол бүгін интернет арқылы керекті материалдар мен тапсырма алып, оны оқу жоспарының талабына сәйкес кейінірек орындап, оқытушының тексеруіне жібере алады. Бұл мүмкіндік оқу үдерісі студенттің өздік жұмыспен айналысуына көбірек ыңғайлы. Асинхронды оқыту білімгерлердің бір уақытта бір жерде болуын қажет етпейді. Білімгер оқу жоспарына сәйкес келетін пәнді, оқу мерзімін өзі таңдап алады. Асинхронды жеткізудің формасы – электронды почта, аудио және бейне касетаға жазылған курстар және WWW курстары.

Оқытудың осындай түрі әр студентке тапсырмалар беру кезінде олардың қабілеттерімен қол жеткен жетістіктерін ескеріп отыруға мүмкіндік береді. ҚББТ арқылы СӨЖІД қалыптастыру ісінде соңғы мүмкіндіктерге жол ашып, оқудың сапасын жақсартуға қол жеткізеді. Дегенімен оқытудың бұл түрі тиімді болуы үшін, белгілі бір құрал-жабдықтар деңгейі болуын талап етеді. Бірегей ақпараттық кеңістік құрып, интернетке ену осы үдерісті анағұрлым жетілдіре түседі, күні кеше қол жетпес армандай болған іс, қазіргі кезде кәсіби маман алудың құрамдас бөлігі болуда. Әлемде қашықтықтан білім беру технологиясының мәселесі 30 жылдан аса уақыт көтеріліп келгенімен оны танымал халықаралық аккредитацияланған ұйымдар жақында ғана мойындады.

Республика бойынша ҚББТ жоғарғы деңгейде білімді дамыту үшін білім берудің дүниежүзілік бірегей кеңістігіне ендіруінің маңызы зор. Ол үшін ҚР-БАТ принциптеріне сай болуы тиіс. Осының өзі Қазақстандағы білім беру құрылымдарын қайта құрып, жаңартуды талап етеді. Қазіргі кезде Республикамыз бойынша орта білім беру салаларын ақпараттандыру жұмысы жүргізілуде. Білім беру саласын ақпараттандыру ісі жүріп жатқан кезде, қазірдің өзінде елімізде кейбір оқу орындарында локальды жүйелер негізінде мультимедиалық құралдар арқылы оқудың автоматтандырылған жүйелері зерттеліп іске асуда. ҚР өріс алған ақпараттандыру бағдарламасы, Республикамыздың оқу орындарында ҚББТ құрылып, өркендеп, дамытынына берік негіз бола алады.

Әдебиеттер

1. Ешанкулова Г., Инновациялық білім беру технологиясы туралы / Г. Ешанкулова//Білім.- 2007ж.
2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар. Алматы, 2008 ж.

ХИМИЯЛЫҚ АЛҒАШҚЫ ТҮСІНІКТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕСІ

Қазыбекова Э.Т.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қандай ғылым болмасын бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар жүйесінен құралады. Оларды жетік білмейінше ғылымның мазмұнын түсіну мүмкін емес. Химияның алғашқы ұғымдарын қалыптастыру орта мектеп бағдарламасынан бастау алады.

Химия – қозғалысты, материяны және олардың өзара бірлестігін зерттейтін жаратылыстану ғылымдарының бірі. Химияның маңызды бағыттарының бірі – беймәлім жаңа заттар алу, белгілі бір заттардың қасиеттерін анықтау және синтездеу әдістерін жетілдіру.

Химиялық алғашқы түсініктерді қалыптастырудың міндеттеріне мыналар жатады:

1. Химия пәні, зат, химиялық элемент, атом және химиялық реакция туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру;

2. Алғашқы ұғымдарды қалыптастырудың теориялық негізі болатын атом-молекулалық ілімнің қағидаларын саналы меңгерту. Сол тұрғыда заттардың қасиеттерін, химиялық реакциялардың механизмін түсіндіру;

3. Құрам тұрақтылық заңын, масса сақталу заңын меңгерту, сонымен қатар қолдана білуге үйрету;

4. Эксперименттік біліктер қалыптастыру: химия зертханасында жұмыс істеу ережелерімен, қауіпсіздік техникасымен таныстыру және қыздыру аспаптарымен, зертханалық штативпен, реактивтермен, ыдыстармен, т.б. заттармен жұмыс істеуге баулу.

Тақырыптың тәрбиелік міндеттері:

1. Табиғаттың бірлігі, заттардың жойылмайтыны, атом және молекула жөнінде ғылыми көзқарас қалыптастыру, пәнаралық байланысты жүзеге асыру.

2. М.В.Ломоносов, А.Лавуазье, Д.Дальтонның өмірімен таныстыру арқылы ғылымға шынайы берілген адамдар ғана жаңалық ашатынына көз жеткізу.

3. Тарихи мәліметтердің тәрбиелік маңызын барынша пайдаланып, М.В.Ломоносов пен Дальтонның атомистикалық көзқарастарын салыстыру.

4. Оқушылардың химияға деген ынта-жігерін жоғарылату.

Алғашқы сабақта химияның жаратылыстану ғылымына жататыны, заттарды зерттейтіні және заттардың қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру жеткілікті.

Зат ұғымы – бұл сабақта оқушыларға физика курсынан таныс физикалық дене ұғымы арқылы беріледі. Ол үшін бір заттан жасалған бірнеше физикалық денелер, әр түрлі заттардан тұратын бір физикалық дене көрсетіледі. Олардың мысалдары ретінде шыныдан, темірден, алюминийден және де басқа металдардан жасалған оқушыларға белгілі немесе таяудағы сабақтарда танысатын химия кабинетінің құрал-жабдықтары көрсетіліп, аталады. Нәтижесінде оқушылар физикалық денелер неден тұрса, соны зат деп атайды деген қорытындыға келеді. Ұғым жаттығулар орындату және химиялық диктант жаздыру арқылы бекітіледі.

Заттардың физикалық қасиеттерімен оқушылар зертханалық жұмыс жасау арқылы танысады. Алдыларына берілген заттардың агрегаттық күйін, түсін, тығыздығын, жылу өткізгіштігін, электр өткізгіштігін, балқу және қайнау температурасын анықтап, кесте түрінде толтырады. Зерттелген заттардың қасиеттерін салыстыру арқылы олардың бір-біріне ұқсастығы немесе айырмашылығы белгіленеді және анықтама беріледі.

Заттардың айналуы жөніндегі ұғым өсімдіктану немесе биология ғылымдарынан алған білімге негізделеді. Өсімдіктер ауадан және топырақтан алатын су, минералды заттары, көмірқышқыл газы, т.б. заттары ақуыздарға, майларға, крахмалға, қантқа айналдырады.

Осыдан кейін заттар және олардың бір-біріне айналуын зерттейтін ғылымға химия деген анықтама беріледі. Кейбір оқулықтарда бұл анықтама – заттардың қасиеттері мен айналуы қабаттаса жүретін құбылыстар деп толықтырылған. Химияның физикамен, биологиямен байланысының маңызы қысқаша баяндалады. Химияның міндеттері – заттардың қасиеттерін зерттеу арқылы пайдаланудың тиімділігін арттыру, халық шаруашылығына аса қажетті, табиғатта кездеспейтін заттарды өндіру болып табылады.

Таза зат және қоспа ұғымдары. Заттардың қасиеттерін зерттеу таза зат және қоспа ұғымдарынан бастау алады. Таза күйіндегі заттар табиғатта сирек кездеседі, мысалы, табиғи минералдар әр түрлі құрамдас бөліктерден тұрады. Сондықтан табиғи минералдардан өндіріс орындарында бір ғана өнім алынбайды, қосымша заттар түзіледі. Қоспалар құрамына қарай біртекті және әртекті болып бөлінеді.

Біртекті қоспалардың құраушыларының агрегаттық күйлері бірдей болады және оларды жай көзбен көруге болмайды, өйткені олар өте ұсақталған күйде болады. Әртекті қоспалардың құраушылары әр түрлі болады, мысалы, су мен саз екіге бөлініп тұрады.

Қоспа құрамындағы заттар өздерінің қасиеттерін сақтайды. Мысалы, тұз бен құмның қоспасын суда еритсек, тұз ериді де құм ерімей ыдыстың түбіне шөгеді және оны бөліп алуға болады. Таза заттардың қасиеттері тұрақты болады, ал қоспаның қасиеті өзгеріп тұрады. Таза заттар бірдей молекулалардан, ал қоспалар әр түрлі заттардың молекулаларынан құралады. Тыңдаушыларға күнделікті тұрмыстан лай, су, сүт және табиғаттану пәндерінен гранит сияқты белгілі қоспалар еске түсіріледі.

Қатты заттардың қатты заттардағы, қатты заттардың сұйықтағы ерімейтін және еритін, сұйықтың сұйықтағы еритін және ерімейтін қоспалары көрсетіледі. Соның нәтижесінде тыңдаушылар әр қоспа ең кемі екі заттан тұратынын, оның біреуі – негізгі зат, екіншісі қосалқы зат болатынына көз жеткізеді.

Қоспаның қасиеттерімен танысу үшін темір мен күкірттің қоспасын зерттейтін зертханалық жұмыс өткізіледі. Қатысушылар алдымен күкірттің, содан соң темірдің, соңында екеуінен де тұратын

коспаның қасиеттерін зерттейді. Олар зерттеп отырған заттарының суға және магнитке әсерін байқайды. Бақылау нәтижесін кестеге тұжырымдайды. Зертханалық жұмыстан шығатын қорытынды: қоспада оның құрамына кіретін әр заттың қасиеттері сақталады. Табиғатта заттар көбінесе қоспа түрінде кездеседі.

Қоспаларды бөлу және таза заттар алу тәсілдерінің көбісі тыңдаушыларға күнделікті өмірден, төменгі сыныптарда өтілетін жаратылыстану пәндерінен белгілі. Соларды еске түсіру арқылы талқыланады және бірнеше тәжірибелер жасалынады. Соның нәтижесінде қоспаның түрлері және бөлу әдістері сызбанұсқа түрінде жазылады.

Зертханалық және көрнекі көрсетілетін тәжірибелер кезінде оқушылар химиялық стакандармен, сынауықтармен, колбалармен, сауыттармен, термоскоппен, сүзгі қағаздармен және де т.б. заттармен жұмыс істеуге үйренеді. Тұндыру, сүзу, буландыру, құрғату, айдау тәсілдерімен, қыздыру аспаптарымен танысады. Жұмыс барысында ұстаз сақтық шараларына назар аударуы керек.

Ауа, негізінен, оттегі және азот газдарының қоспасынан тұрады. Ауада заттардың жануы ондағы оттегінің қасиетін сақтайтындығынан болады. Таза судың түссіз, иіссіз, дәмсіз, 100°C-да қайнап, 0°C-да қататын сұйық зат екенін біле тұра мынадай тәжірибе жасауға болады. Қайнап тұрған суға тұз салғанда, оның қайнауы тоқтайды, яғни тұз ерітіндісінің қайнау температурасы 100°C-дан жоғары болатынын байқаймыз. Судың қату температурасын төмендету мақсатында қыс мезгілінде көктайғақты болдырмау үшін жолдарға тұз шашады.

Заттардың өзгерістері мен құрылысы туралы алғаш ұғымның қалыптасуы. «Заттардың өзгерістері», «құбылыс», «физикалық және химиялық құбылыстар», «айналу» терминдерімен белгіленетін жалпы ұғымдардың ара қатынасы химиялық реакция ұғымына тіреледі. Мұнда анықтаусыз енгізілетін ұғым – өзгеріс арқылы құбылыс туралы түсінік беріледі. Заттарда болатын кез келген өзгерістер – құбылыс деп аталады және екі түрлі болады: физикалық құбылыстар және химиялық құбылыстар. Бір заттардан екінші жаңа заттар түзілетін өзгерістер химиялық құбылыстар делінеді және оларды химиялық реакциялар деп атайды. Сонымен, өзгеріс пен құбылыс тең мағыналы жалпы ұғым, физикалық және химиялық құбылыстар солардан туындайтын екінші сатыдағы ұғымдар. Химиялық құбылыс, химиялық айналу және химиялық реакция бірінен-бірі ажыратуға болмайтын тең мағыналы ұғымдар.

Химияның алғашқы сабақтарында физикалық және химиялық құбылыстардың эмпирикалық ұғымдары қалыптасады. Ол үшін тәжірибелік жұмыс пен көрнекіліктер көп көмегін тигізеді. Әсіресе, бір затпен жасалатын әр түрлі тәжірибелер көрнекі нәтиже береді. Мысалы, шақпақ қантты кәрден келіге салып түйгенде ұнтақталып пішінін жояды, суда еріткенде сұйық күйге айналып, түсі жойылады, бірақ дәмі сақталады. Бұл екеуі – физикалық құбылыстар. Қанттың ұнтағын сынауыққа салып қыздырса балқиды және түсі өзгереді – бұл да физикалық құбылыстар. Одан әрі қатты қыздырғанда қант көмірленеді және су буы бөлінеді. Көмір мен су – жаңа заттар, бұл өзгеріс химиялық құбылысқа жатады.

Шынының және парафиннің балқуы, мыс пластинкасын шамның жалынында қыздыру, сутегі пероксидін айырудың зертханалық тәжірибелерін оқушылар өздері жүргізеді, бақылау барысын кесте түрінде жазып, өздері қорытынды жасайды. Бұл тақырыпта химиялық реакциялардың басталуы және жүру жағдайлары, сыртқы белгілері, механизмі, заттардың реакция кезіндегі масса қатынастары, химиялық теңдеу, реакцияның типтері туралы алғашқы ұғымдар жүйесі қалыптасады. Химиялық реакциялар жүруіне ең қажетті жағдайлардың бірі – заттардың тығыз жанасуы. Жанасу бетін арттыру үшін заттарды ұнтақ немесе ерітінді күйінде алады.

Бұл жағдай жеткіліксіз болса, сырттан жылу беріледі. Жылу бір реакцияда реакцияның басталуы үшін ғана, ал екіншілерінде ақырына дейін жүру үшін қажет. Кейбір реакциялар фотосинтез арқылы жүрсе, енді біреулері электр тогының әсерімен жүреді. Химиялық реакциялардың жүру жағдайларын білу арқылы адам оның нәтижесін өз қажетіне жаратады. Қатысушылар химиялық реакциялардың жүргенін сыртқы белгілеріне қарап біле алады, оларға жататындар: тұнбаның түзілуі және еруі, газдың түзілуі мен сіңірілуі, түстің пайда болуы немесе өзгеруі, жылу мен жарықтың бөлінуі және сіңірілуі. Бұл мәселемен таныстыруға арналған арнайы сабақта кальций хлориді мен соданың арасындағы реакциядан тұнба түзілуін, қышқыл қосқанда тұнбаның еруін көрсетеді. Соңғы реакция газ бөліну белгісінің де мысалы бола алады. Мыс (II) хлориді мен темір ұнтағының арасындағы реакциядан түстің өзгеруін байқауға болады.

Магнийдің жануы жарық шығып, жылу бөлінгенін көрсетеді. Химиялық реакциялар заттардың көзге көрінбейтін ұсақ бөлшектерінің арасында жүреді. Реакцияның механизмі осы бөлшектердің өзгерісін түсіндіретін атом-молекулалық теориясы мен химиялық теңдеулер арқылы өрнектеледі. Химиялық теңдеу зат массасының сақталу заңына сүйеніп жазылады және химиялық реакцияны

сандық және сапалық жағынан сипаттайды. Зат массасының сақталуы реакцияға қатысатын атомдар санының реакциядан шыққан атомдар санына тең болуымен дәлелденеді. Реакцияға кірген заттардың мольдік массаларының қосындысы реакциядан шыққан заттардың мольдік массаларының қосындысына тең болуы керек. Тақырыптың соңында химиялық реакциялардың типтері □тіледі. Жіктеудің негізіне бастапқы және реакциядан шыққан заттардың саны мен құрамы алынады.

Қосылу реакциясы туралы ұғым қалыптастыру үшін күкірт пен темірдің әрекеттесуі көрсетіліп талқыланады. Айрылу реакциясымен таныстыру үшін судың электролизі, малахиттың айырылу реакциясының зертханалық тәжірибесі жасалады. Орынбасу реакциясын нақтылау үшін темір мен тотияйынның арасындағы реакцияны көрсетуге болады. Химиялық реакциялар кезінде атомдар және молекулалар қандай күйде болады? Сұрақтың жауабын тәжірибе жүзінде дәлелдеуге болады.

Арнайы немесе қолдан жасалған құралда судың электролизі көрнекі көрсетіледі. Тәжірибе кезінде оқушыларға алынған зат – су және құралдың екі түтігінде жиналған газдар ғана көрінеді. Газ түтіктің біреуінде екіншісіне қарағанда екі есе артық жиналады. Тәжірибені оқушылардың қатысуымен талқылау арқылы бірнеше қорытынды жасауға болады. 1. Су көзге көрінбейтін кішкене бөлшектерден – молекулалардан тұрады, әр молекуласының құрамына екі атом сутегі және бір атом оттегі кіреді. 2. Электр тогының әсерінен су молекулалары атомдарға ыдырайды. Әр молекуладан екі атом сутегі, бір атом оттегі босап шығады. 3. Екі сутегінің атомы бірігіп, молекула түзеді, оттегінің атомы судың келесі молекуласынан бөлінген оттегі атомымен қосылып, молекула құрайды.

Соның нәтижесінде судың екі молекуласынан бір молекула оттегі және екі молекула сутегі газ күйінде бөлініп шығады, сондықтан оның көлемі оттегіне қарағанда екі есе артық болып шығады. Сутегі және оттегі молекулаларының түзілуі модельдер арқылы көрсетсе түсінікті болады. 4. Жалпы қорытынды: химиялық реакциялар кезінде молекулалар бұзылады, ал атомдар сақталады.

Бастапқы заттардың атомдарынан реакция өнімінің молекулалары түзіледі. Жалпы қорытындыға сүйене отырып, атом анық: заттың ең ұсақ бөлшегі және химиялық бөлінбейтіні анықталады. Молекуладан тұратын заттар әдетте газ, сұйық күйде кездеседі және балқу мен қайнау температуралары төмен болады. Молекулалық құрылысы болмайтын заттар атомдардан тұрады.

Олар қатты күйде кездеседі, балқу және қайнау температуралары жоғары болып келеді. Бұдан кейін химиялық элементпен байланысты салыстырмалы атомдық масса (M_r), валенттілік (V), химиялық таңба, атоммен байланысты массаның атомдық бірлігі (м.а.б.), моль, молекуламен байланысты салыстырмалы молекулалық масса (M_r), молекулалық формула, моль (v), мольдік масса (M), Авагадро саны (N_A) ұғымдары қалыптастырылады. Мектеп сарамандығында оқушылардың химиялық элемент және жай зат ұғымдарын шатастыратыны әдістемелік әдебиеттерде жиі айтылады. Мұны болдырмау үшін оқытушы әр жағдайдағы химиялық таңбаның мағынасын жете түсініп, оқушыларға жеткізе білуі керек.

Әдебиеттер

1. <http://cloud.semgu.kz/mod/page/view.php?id=20016>
Бейорганикалық химия: таңдамалы тараулары. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір».

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДА ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚТЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

*Қозыбақова Ф.А., проф.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі, бүкіл оқу әдістемелік жүйеге, оқытушылардың алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр. Білім беру жүйесін ақпараттандыруда электрондық оқулықтардың алар орны ерекше. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шындауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп жазылған. Сондықтан білімнің ақпараттық – әдістемелік қамтамасыздандырылуы нәтижесінде басқарудың тиімді жолдарын қарастыруымыз керек.

Қай елде болмасын қазіргі ақпараттық технологиялар қолдану мен дамыту деңгейі өсіп, материалдық базасының дамуымен қатар, ең алдымен, қоғамның интеллектуалдық деңгейімен, жаңа білімді жинақтау, меңгеру және қолдана білу қабілетімен анықталады. Барлығы, сайып келгенде, елдің білім жүйесінің даму деңгейімен және білімді ақпараттандыру проблемасымен байланысты. Осыған орай, *білім беруді ақпараттандыру – экономиканың, ғылымның және мәдениеттің жедел дамуын анықтайтын түйінді шарты болып табылады.*

Қазіргі кезде Қазақ ұлттық университетінің білім беруді ақпараттандыру ғылыми әдістемелік орталығы, білім жүйесінің барлық сатылары үшін электронды оқулықтар жасаумен шұғылданып келеді. Электронды оқулық – дисплей экранында көрінетін жай ғана мәтін емес, ол – студентке өз бетімен көрнекті материалды жеке меңгеруге арналған күрделі, көп сатылы жүйе. Оқулықтың қажетті бөлімдерін қайталап игеру мен логикасын да өзіне тән етіп таңдап алып, осы сәтте ең керек деген материалды қарап шығуға мүмкіндік береді. Электронды оқулықтың тиімді жақтары:

- жедел кері байланыс;
- анықтамалық ақпаратты тез іздеу мүмкіндігі;
- демонстрациялық мысалдар мен модульдер;
- бақылау (тренажер, тестілеу, өз білімін бақылау).

Электронды оқулықты құрудың негізгі шарттары:

- оқу ақпаратын сызықты емес, көп деңгейлі көрсету;
- өз бетінше орындауға және жеке жұмыстарға бағыттау.

Электронды оқулықтың екі түрі бар: жабық электронды оқулық және интернет оқулық. Біріншісі, тәуелсіз және тұрақты болып табылатын пәндік дәстүрлі оқулыққа арналған. Ол дербес компьютерде немесе локалды желіде қолданылады. Интернет оқулық – ашық оқулық. Ол сыртқы ақпарат көздеріне сілтейді және глобалды желінің серверлерінің бірінде электронды оқулықты құрайтын ең қажетті бөліктердің бірі – курстың барлық тақырыптарын қамтитын гипермәтіндік оқулық. Оқулықты оқу құралы ретінде немесе конспект – анықтама ретінде қолдануға болады. Оқулық төмендегі жағдайларды қамтамасыз етуі керек:

- курс бойынша түсінікті навигация
- бұрын ашылған тақырыпқа қайта оралу мүмкіндігі
- курстың іздеу кешеніне көшпей-ақ берілген тақырып бойынша іздеу орындалады.

Электронды оқулықта иллюстрация болу керек. Мультипликациялау және видеоиллюстрациялар (анимациялар) – электронды оқулықтың қажетті бөліктерінің бірі. Ал тестілеу кешені – бақылау жұмыстарын өткізуге арналған электронды оқулықтың қажетті бөліктерінің бірі:

- Қиындық деңгейлерін басқару жүйесінен;
- Тестілеу блогынан;
- Бақылау жүйесін басқару жүйесінен;
- Курс бойынша өзін-өзі бақылау сұрақтарынан тұрады.

Сұрақтар суреттерден, графиктерден, оқулықтың сәйкес бөлігіне сілтемелерден тұруы қажет. Нақты сұрақтарға жауап беру кезінде келетін мүмкіндіктер қарастырылуы керек:

- Жауаптың сандық және хронологиялық түрін енгізу;
- Варианттарды еркін ретпен жауап беру;

Электронды оқулық негізгі дидактикалық шарттары:

• белгілі бір пәнге байланысты дайындалған электронды оқулықтың сол пәннің типтік бағдарламасына сәйкес болуы;

• электронды оқулықтар курста оқылатын тараулар мен тақырыптарға қатысты дәріс конспектісін қамтитын негізгі; зертханалық және тәжірибиелік тапсырмаларды орындауға арналған қосымша; материалға қатысты анықтама, библиографиядан тұратын көмекші; аралық қорытынды бақылау сұрақтарынан тұратын тест; материалды дайындауға пайдаланылған әдебиеттер бөлімдері қамтылады;

• электронды оқулықтың кәдімгі оқулықтар мазмұнын қайталамауын, яғни берілетін тақырыпқа қатысты ақпараттың нақты әрі қысқа берілуін ескеру керек;

- белгілі бір тақырыпқа қатысты материал 2-3 экрандық беттен артық болмауы тиіс.

Егер мәтін көлемі бірнеше экрандық бетті қамтитын болса, онда экранда пайда болатын оң жақ – тік, төменгі көлденең жылжыту сызықтарын электронды оқулықты пайдаланушының көп пайдалануына тура келеді. Мұның өзі студенттің материалға қатысты ойын бөледі және мәтінді жоғары-төмен, оңға-солға жылжыта беру студенттің шыдамдылығына да кері әсер етеді.

Яғни электронды оқулықтардағы суреттерді, негізгі ұғымдарды т.б. интерактивті тақтадан көрнекілік ретінде пайдаланып, сабақ өтуге әбден болады. Қорыта айтқанда, электронды оқулықтар барлық оқулықтардың материалдарын модульдік түрде құрастырып, оның мазмұнын бірыңғай тұрғыдан құрастыруға негізделген. Студенттердің танымдық негіздері мен ерекшеліктері, жас ерекшеліктер өзгешеліктеріне байланысты ғылыми теориялық ұғымдар жүйесі арқылы жалпыдан-жалқыға, абстрактылықтан нақтылыққа көтерілу электронды оқулықтарынан басты айырмашылығы екеніне күмән жоқ. Электронды оқулықтар – ғылыми негізде дайындалған педагогикалық ақпараттық өнім. Мұны дайындаудың концептуалды негізгі модульдік оқытудың педагогикалық теориясы болып табылады. Сонымен қатар электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде студенттер бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындап, тестілер шешіп, карта және сызбалар арқылы жұмыс жасауға мүмкіндік алады.

Электронды оқулық – оқытушы және студент үшін күнбе-күн дамытылып отырған ашық түрдегі әдістемелік жүйе. Оны пайдалану оқытушының ғылыми-әдістемелік әлеуетін дамытып, лекция немесе семинар ішіндегі еңбегін жеңілдетеді. Қазіргі қоғамның даму үдерісінде күнде әр түрлі жаңалық, оқиғалар болуда, уақыт көшіне ілесіп, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу ісінде электронды оқулықтардың маңызы ерекше. Бүгінгі күнде шығып жатқан электронды оқулық оқытушы және студент еңбегін жеңілдетіп қана қоймай, білім беруді ақпараттандырудың негізгі басты құралдарының бірі. Электронды оқулықтар модульдік оқыту технологиясы бойынша сабақ беру барысында өте қолайлы, себебі модульдің барлық бөлімдеріне де қолдануға болады. Сонымен қатар, қашықтықтан оқытуда да қолдануға болады. Электронды оқулық студенттің Қазақстан тарихы курсы қайталау үшін өзін-өзі дайындауға мүмкіндік береді және электронды оқулық бойынша дайындалса уақытын да үнемдейді, соңында сол тақырыпты қалай меңгергенін біле алады.

Электронды оқулықтың ерекшелігі – өзара ұқсас тақырыптар біріктіріліп, модуль бойынша құралғандығында. Мысалы, студент Қазақ хандығы туралы аз білетін болса, электронды оқулықтан сол туралы мәтінді, бейнекөріністі суретті немесе картаны пайдаланып тақырыпты есіне түсіреді және тест сұрақтарына жауап кезінде, қаншалықты білімді меңгергенін анықтай алады. Электронды оқулық – тек Қазақстан тарихын үйренушілерге ғана емес, қазақ тілін үйретушілерге, ағылшын және орыс тілдерін үйрену үшін таптырмас құрал.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білімді дамыту тұжырымдамасы. 2004.
2. Сәбденалиева, С. Ф. Қабжанова, т.б. Инновациялық технология – оқу үрдісінде. №7. 2009. Қазақстан мектебі.
3. Куденова Ж.М. Қазіргі заман талабына сай жеке тұлғаыны дамытудың білім сапасын арттыруда ақпараттық технологияны қолдану жолдары. (интернеттен)

ТӘУКЕ ХАН ТҰЛҒАСЫН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Қошымова А.О., Арыстанбекова Қ.Д., Мұсағұлова А.Б., т.ғ.к.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қоғамдағы болған әлеуметтік, саяси, мәдени өзгерістер қазақ тарихына үлкен серпіліс алып келді. Тәуелсіздік жылдар қазақ тарихына деген жаңашыл көзқарастарды, пайымдауларды және ұстанымдарды қалыптастырды.

Егемендігін жариялап, тәуелсіздікке қол жеткізген кез-келген ел, оның ішінде кейбір тарихи кезеңдерде тарихынан айырылуға шақ қалған ұлттар мен халықтар өзінің арғы тегін іздестіріп тереңдете зерттей отырып, ата-бабасының кім болғандығын анықтаумен қатар, олардың жүріп өткен жолдары мен асқан асқарларын анықтап, болашаққа көз тігері заңдылық. Оның үстіне Батыстан басталған «жаһандану» қаупі астында шағын ұлттар мен ұлыстар туған тілдері мен төл мәдениеттерін сақтап қалу үшін барынша жанталасып жатқаны бәрімізге белгілі.

ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырдағы Қазақ хандығының тарихы өте күрделі кезеңге толы. Қазақтардың бір осал жерін табуға тырысып, қалай жаулап алудың жолын қарастырған, жаулық ойлаған Орыс, Жоңғар, Қытай сынды ірі көрші мемлекеттер... Міне, осындай қиындықтардан да шыға алған хандарымыздың өмір жолының қай қырынан болмасын студенттерге үлгі аларлық тұстары мол. Сондай хандарымыздың бірі де бірегейі Тәуке хан еді.

Тарихи деректерде Есім ханның қайтыс болуына байланысты бір шешімнің жоқтығы сияқты, Тәукенің де билік басына қай жылы келгені жайында бірнеше пікірлер бар. Есім ханды 1628 жылы

қайтыс болды деп есептесек, орнына Жәңгірдің хан болуы арасында айтарлықтай алшақтыққа тап боламыз. Себебі, Жәңгір хан ретінде 1644-1652 жылдары аталады. Бұл әрине, Есім ханның қай жылы қайтыс болғандығын анықтағаннан кейін айқындала түсетін нәрсе.

Бірақ Тәуке ханның есімі елдің тыныштығымен қатар айтылады. Яғни, ол кезде ел іші біршама тынышталып, көрші елдермен қарым-қатынас тұрақтылығы болған.

Тәукенің билік еткен жылдары халық аузында «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман», «алтын ғасыр» аталады. Тәуке өзінің ақылдығымен, даналығымен, елді басқарудағы ерен ерлігімен, қолбасшылық қабілетімен осындай заманды орната алды.

Тәуке хан билігі тұсында Қазақ хандығы бір орталықтанған, күш-қуаты артып, бірлігі, ынтымағы жарасқан кез болды. Тәуке Жәңгірдің ұлы, анасы – қалмақтың хоршоуыт тайпасының билеушісі Күнделен-тайшының қызы.

Тәуке елінде жүргізген дана басқарушылығы негізінде «әз-Тәуке» деген атқа ие болады, ал орыс тарихшысы А.И. Левшин Спартаның дана заңгері Спартаға теңейді.

Қазақ хандығы тарихын зерттеп жүрген ғалым апайымыз Э. Телеуова Қазақ хандығында Тәукенің билік еткен тұсын «...Тәуке ханның билік құрған хронологиялық межесін 1652/53-1717/18 жылдар деп көрсеткен дұрыс болар» деп өз ойын ортаға салады. Бүгінде оқулықтарда 1680 жылы билік басына келген жыл болып есептеліп жүр.

Тәуке елін билер институты арқылы басқарған. Өзі қырғыз-қазақ, сондай-ақ қарақалпақтардың да басқарушысы есептелді. Ұлы жүз, Кіші жүзді, Орта жүзді, Қырғыздарды, Қарақалпақтарды билер арқылы басқарды. Атап айтар болсақ Ұлы жүзді Төле биге, Орта жүзді Қазыбек биге, Кіші жүзді Әйтеке биге, Қырғыз халқын Қоқым биге, қарақалпақтарды Сасық биге басқартты.

Билер кеңесі құрылды дедік. Ал бұл кеңес ел үшін, халық үшін маңызды деп саналатын мәселелерді шешу мақсатында жылына бір рет жиналатын болған. Және кеңестің шығарған шешіміне келесі отырысқа дейін хан да қарсылық білдіре де, өзгеріс енгізе де алмаған. Тәуке хан кеңестің өтетін жері мен уақытын белгіледі. Тағы да бір айта кететін жәйт қарусыз келгендер жиналысқа қатыса алмаған, сондай-ақ жасы кіші отырса да ол тәрбиелік жағынан есептелетін «үлкенге орын беру» деген ұғым қарусыз адамға бұл жерде жүрмеді. Түркістан қаласы жанындағы Битөбеде, Сайрам қаласының маңындағы Мартөбеде және Сырдария облысының Ангрен қаласына жақын жердегі Күлтөбеде өткізіліп отырған.

Ел басқаруға төрелер мен сұлтандарды емес, ел арасында ерлігімен, батырлығымен көзге түскендерді қатыстырды, соларға арқа сүйеді және бұл елді орталықтандыруда, нығайтуда айтарлықтай нәтижелі болды. Бұл Тәуке ханның ел басқаруға енгізген өзгерістерінің бірі болды десек те болады.

Тәуке ханның жасаған заңдар жинағы «Жеті жарғы» деп аталды. Ол – қоғамдық қатынасты реттейтін заңдар топтамасы. Онда қарастырылған мәселелер: жер дауы, жесір дауы, құн дауы, бала тәрбиесі және неке, қылмыстық жауапкершілік, рулар арасындағы дау, ұлт қауіпсіздігін қамтамасыз ету. «Жеті жарғыны» кейбір зерттеушілер бастауын Шыңғыс ханның «Яссысынан» алады деп түйіндейді. Қалай десек те ол Қазақ хандарының жасаған алғашқы болып есептелетін «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Хақназардың хақ жолы» аталатын заңдардың қоғамның даму ерекшеліктеріне сәйкестендіріле, толықтырыла жасалған жиынтық болып есептеледі. Бұл «Жарғы» XIX ғасырдың ортасына дейін қолданыста болып келді.

Тәуке ханның «Жеті жарғысы» көрші елдермен дипломатиялық қарым-қатынастар жүргізгенде «хан өзін қалай ұстау керек» деген мәселеге де жауап береді. Мысалы, орыс елінен 1683-1699 жылдары келген Федор Скибин, Матвей Трошин, Василий Кобяков сияқты дипломаттардың жазбаларында ол жайлы мәліметтер кездеседі. Атап айтар болсақ: елшіні қалай қарсы алу, қандай да мәселе көтерілгенде оған қалай жауап қату т.б. сияқты. Соның бірін келтіре кетейік: Орыс елшісі келіп, патшамыздан келіп тұрған елшіге бас киімін шешіп, өзі орнынан тұрып сәлемдеспедіңіз деген айып таққандағы Тәуке ханның жауабы былай болған-ды: «Отырған орнымнан тұра алмаймын. Ал қалпағымды басымнан алатын жайым жоқ. Құдайға құлшылық қылғанда да басымнан қалпағымды алған емеспін». Ал одан ары қарай: «Біздің мәртебелі патшамыздың, ұлы әміршілерімізден елшілік келгенде, түрік сұлтаны, қызылбастардың ханы және осы сияқты мәртебелі патшамыз бен әміршілеріміздің саулығы туралы елші сөзін орындарынан тұрып, қалпақтарын бастарынан алып тыңдайды» дегенде айтқан жауабы: «Түрік сұлтаны мен қызылбас ханы менен бір жері артық болған соң сөйте ме екен. Солар әуелі мендей ме екен?» деген екен [1].

Қазақ-орыс сауда және дипломатиялық қарым-қатынасын жақсарту мақсатында Тәуке хан тұсында орыс еліне 1686-1693 жылдар аралығында бес мәрте елшілік жіберіледі.

1694 ж. Қазан. Қазақ ханы Тәукенің Ресеймен достық қатынастарды жаңғырту туралы және Тобольскіде ұсталған Келдей мырзаны Қазақстанға жіберу туралы өтініп І Петрге жазған хатынан: «...Асқан мәртебелі тақ иесі және аса жоғары мәртебелі әрі ұлы өкіл және ие әрі құдіреті күшті ұлы ақ патшаға: «...Барынша басымды иіп тағзым етемін, ал Сіздің аса қасиетті ұлы мәртебеңіздің қайырымдылығына тағзым еткеннен кейін мынаны хабарлағым келеді. Тобыл уезіне ізгі мақсатпен елші қылып екі адам жібергенмін, оның біреуі қайтыс болды, ал менің қызметшім Келдей мырзаны онда ұстап алды. Ал Адам атадан осы кезге дейін елшіні ұры адам сияқты ұстаған мұндай істі естіген емеспіз. Ал енді сенің аса қасиетті ұлы мәртебеңізге Күлтебай Аталықовтың ұлы, өзімнің сенімді малайым Тайкөмір батырды жіберіп, сізден біздің өтінішімізге көңіл бөлуіңізді, осындай ұрлықшы жаман адамдардың істегені үшін ауызға да алмай, Келдей мырзаны босатуды сұраймын; ... Ал құдіретті тақсырдың уақыты болса, сіздің де, біздің де рақымымызбен елшілер мен сауда адамдары бұрынғысынша жүріп-тұратын болады, алдағы уақытта да сіз бен біздің жақсы атағымыз жайылып, сіздің де, біздің де рақымымызбен патшалықтарымыз арасында әрбір адамға барынша ізгілік жаусын...» [2,120-б.].

Қанша дегенмен орыс елі Қазақ хандығын осал жау санамай, олардан сақтану мақсатында жоңғарлармен қарым-қатынасын жақсартып, ХҮІІ ғасыр соңы мен ХҮІІІ ғасыр басында қазақ-орыс қатынастарында қиындықтар туындай бастайды. Бұл жөнінде біз мына бір құжаттан байқай аламыз. 1716 жылы 12 қыркүйекте Сібір губернаторы М. Гагарин Тобольскіге Қазақ ханы мен халқының атынан елшілері келгенінен хабардар етіп І Петрге жіберген хатынан көреміз. Міне, осы хатында қазақтардан қорқу керектігін де ескертіп өтеді. Назар аударайық: «...оларды Тобольскіге өздерінің ханы және бүкіл Қазақ ордасы әдейі жібергенін айтты, Сібір губернаторы ұлы мәртебелі патшаға жеткізсін, бізбен мәңгі-бақи тату тұрғымыз келеді деді, ал олардың ханы мен бүкіл Қазақ ордасы ұлы мәртебелі патша ағзамның адамдарымен барлық жерде татулықты қалайды екен.

Осындай мақсатпен Қазанға да, Уфаға да елші жіберіліпті. Ал егер ұлы мәртебелі патшаның адамдарымен бірге... Үркіт қаласындағы қалмақ әміршісі қоңтайшыға қарсы соғысуға әмір берсе, ...бүкіл Қазақ ордасы... жиырма немесе отыз мыңымен әрқашан әзір тұрады дейді, және осының айғағы ретінде олардың адамдары қалмақтардан тартып алған ұлы мәртебелі патшаның офицерлерін көріпті және олардан қоңтайшының ұлы мәртебелі патшаға қарсы екенін естіпті. Және сол үшін бүкіл Қазақ ордасы сол офицерді әлгі өз адамдарынан сатып алып, өз хандарының айтуымен оларды өздерімен бірге ұлы мәртебелінің адамдарымен мәңгілік татулық, ал қоңтайшыға қарсы бірге соғысуды сұрау үшін әкеліпті...

Және ұлы мәртебелі Сіздің құзырыңызға мынаны хабарлаймын: олардың әлгі қалмақ әміршісіне көрші болуы және олардың оны әрқашан тонап келе жатуы себепті, тақты, оларға бұған, әрине, рұқсат етпеуге болмайды және, тақсыр, қазақ ордасынан төнетін қауіп қалмақтардың Аюке ханынан кем емес, ал қалмақ әміршісі әрқашан қауіп төндіріп келді» [2, 120-21 бб.].

Қазақ хандығы тарихында үш жүзге бірдей билік жүргізген соңғы хан осы Тәуке еді. Тәуке көрші орыс мемлекетімен, Бұхар хандығымен, қарақалпақтар мен қырғыздармен тату көршілік қатынасты сақтауға барын салды. Бұхар мен Қазақ хандығы арасында тек сауда байланысы дамыды, олар қазақтарға жоңғарлармен соғыстарында көмекке келмеді, ал қарақалпақтар салық төлеп, жаушылыққа аттанғанда әскер құрамында болды. Қырғыздар да жоңғарлармен болған әскери қимылдарға қатысып отырды.

Қырғыздардың қазақтарға бағынышты болғандығын Ш. Уәлиханов өзінің «Қырғыздар туралы жазбалар» атты еңбегінде былайша көрсетеді: «Ал енді Есімнің немересі, Жәңгірдің баласы Тәуке қырғыздардың биі ретінде басқарып отырған (қырғыздардың Тиес деген биі соған бағынған). Бүкіл рудың билеушілері есебінде Тәуке мен Тиестің аты Тәуке-Тиес деп бірге аталыпты» [3].

Студенттерге Тәуке хан тұсында қазақтар санының 2-3 миллион адамға жеткендігін атап өту маңызды.

Қорыта келе, студенттерге өз тарихын ұғындыру арқылы ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеп, өсіру. Ертеңгі күннің кепілі болып табылатын тарихты оқып-игеру барша адамзат үшін маңызды.

Әдебиеттер

1. Дополнения к Актам историческим, собранные и изданные Археографическою комиссиею. Том десятый. СПб., 1867. – с. 359-394. / Ж. Дәдебаев. Таңдамалы шығармалар. Екі томдық. 1-том. – А.: «Өнер» баспасы, 2008.-284 б.
2. ХҮІ-ХҮІІ ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары» құжаттар жинағы, 14-15-беттер / Қазақстан тарихының хрестоматиясы. Оқу құралы. Құрастырғандар: М.Е. Бекмаханова, М.А. Зарифова. – Алматы: Рауан, 1992.
3. Қазақстан тарихы: Лекциялар курсы. Қ.С. Қаражан. – А.: Қазақ университеті, 2008.-89 б.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

*Мажикызы Н., Нусупбаева С.А., Ибрагимова М.Н.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

XXI ғасырда өмір сүріп отырған жас ұрпақ ақпараттандыру ғасырына тұспа тұс келіп отыр. Еліміз жаһандық үдеріске орай қоғамды ақпараттандырудың жаңа кезеңіне енді. Қоғамды ақпараттандыру – экономиканың, ғылымның, мәдениеттің дамуының негізгі шарттарының бірі. «Еліміздегі білім берудің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарымен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», – деп Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында анық белгіленген болатын. Осы тұрғыдан алып қарағанда, бүгінгі тарих пәнінің оқытушылары білімді, іскер, жеке тұлғаны дамыту, ұлтымыздың тарихын көтеру үшін оқыту мен тәрбие берудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық технологияны игерген, психологиялық, педагогикалық жұмыста қалыптасқан, қабілетті, нақты іс-әрекеті қалыптасқан шығармашылық педагогикалық зерттеуші болуы өте маңызды. Сондықтан бүгінгі күнгі кез келген оқытушы сабағын дайындап, ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдана отырып өткізе білуі қажет.

Жаңа коммуникативтік технологияларды пайдаланудың басты мақсаты – студенттің оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына жағдай жасау.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияның көмегімен сабақ өткізу оқытушы мен студенттік уақытын үнемдейді, студент екпінді жұмыс істей алады, оқытушының студенттермен жеке, топпен жұмыс істеуіне және жұмыстарын жедел тексеріп, нәтижесін бағалай алуына мүмкіндік туғызады.

Ақпараттық компьютерлік технологияны қолданудағы басты міндет студенттердің интеллектуалдық мүмкіншіліктерін кеңейту болып табылады. Әсіресе, Қазақстан тарих сабағында ақпараттық технологияларды қолдану өзекті мәселе, өйткені, тарих сабағы өткен заман мен бүгінгіні суреттей отырып, нақты жылдарға, кезеңдер мен дәуірлерге және түсініктерге сүйенеді. Тарихты оқытуда компьютерлік бағдарламаны пайдалану студенттермен дифференциалды әдісті қолданып жеке жұмысты ұйымдастыруға, топпен және өздіктерінен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Осы мақсаттарға жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру программалары, оқыту программалары сияқты программалық өнімдер қызмет етеді. Білім саласында компьютер оқу үшін оқу құралы, ал оқытушы үшін жұмысшының рөлін атқарады.

Ақпараттық-коммуникативтік технология – электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеу, оқу бағдарламасында компьютерді пайдалану, модельдеу, электронды оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдану, интернетте жұмыс істеу, компьютерлік оқыту. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникативтік байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, тұлға болып, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де аса мол пайдасын тигізері даусыз.

Білім беруді ақпараттандырудың қағидалары:

- қоғамның әрбір мүшесі үшін алынатын білімдер мен мәліметтердің түсініктілігі;
- жеке тұлғаның интеллектуалдық және шығармашылық қабілетін дамыту;
- білім мен тәрбиенің бірізділігі;
- жалпы компьютерлік сауаттылық;
- оқыту мен тәрбиелеудің жылдамдығы.
- Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – студенттерге ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік – ақпараттық бейнесін студенттердің шығармашылық қабілеттері құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияның артықшылықтары:

1. Ғаламтор желісі арқылы әр түрлі мәліметтерді ала алады;
2. Арнайы электрондық оқулықтарды қолданады;
3. Электронды оқулықтарда тақырыптарды (мәтін) диктордың дауысымен қайталап, қажет болғанда ән мен көркемдеуге мүмкіндік жасайды;
4. Қарапайым сабақты компьютермен кіріктіре отырып, оқытушы өзінің жұмысының бір бөлшегін персоналды компьютерге жүктейді, бұл – сабақтың әр кезеңін түрлендіруге, сапалы да тиімді білім алуға жағдай жасайды.
5. Студенттердің білімі мен қабілеттерін дұрыс бағалауға, компьютерді одан ары меңгеріп, кәсіби өсуіне мүмкіндік береді.
6. Шығармашылық қабілеттерін арттырады.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдана отырып, білім алушылардан күтілетін нәтиже:

1. Теориялық материалдарды толығымен меңгереді;
2. Әр түрлі ақпарат көздеріне шыға алады және оларды өңдей алады;
3. Өз көзқарастарын қысқа да нұсқа анық жеткізуге үйренеді;
4. Пәнге деген қызығушылықтары мен үлгерімдері артады. Интерактивті құралдардың негізгі ерекшеліктері:
 1. Бормен тақтаға жазылған кескінді интерактивті тақтадағы түрлі-түсті айқын, ұқыпты кескінмен салыстыруға болмайды.
 2. Тақта мен бордың көмегімен әр түрлі қосымшалары бар жұмысты түсіндіру қиын әрі мүмкін емес.
 3. Слайдтарда, флипчартта қателер жіберілсе, тез арада түзетуге болады.
 4. Сабақта АСТIVote тестілеу жүйесі арқылы тест алу мүмкіндігін қолдануға болады.
 5. АСТIVwand сілтемесінің көмегімен тақтаның жоғарғы бөлігіне кішкентайларға да қол жеткізуге мүмкіндік береді.
 6. Сабақта көрнекілікті қолдану деңгейі артады.
 7. Сабақтың өнімділігі артады.
 8. Студенттердің білім деңгейіне оң әсер етеді.

Қорыта келгенде, студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін жаңа педагогикалық технологияны тиімді пайдалану қажет. Себебі жаңа ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдану оқытушылар мен студенттердің мүмкіндіктерін кеңейтіп, пәнге деген қызығушылығын арттырады.

ДЕБАТ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІН ЖҮРГІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

*Мажикқызы Н., Нусупбаева С.А., Ибрагимова М.Н.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Бүгінгі таңдағы білім беру саласының өзекті мәселесі – білім алушыларға заман талабына сай білім беру болып табылады. Осы мақсатты іске асыру үшін сабақ беру үдерісінде жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану өте маңызды. Тыңдаушылардың шығармашылық белсенділігін, тіл сауаттылығын арттыруға, өзіндік көзқарасын қалыптастыруға, сөйлеу мәдениетін жетілдіруге ықпал ететін технологиялардың бірі пікірталас (дебат) технологиясы болып табылады.

Дебат дегеніміз – қарама-қайшы көзқарастардың анықталған ережелерімен шектеле отырып, пікір таласу.

Дебат технологиясы халықаралық «Дебат» бағдарламасы негізінде құралды, ал Қазақстанға 1996 жылы «Сорос» қорының Карл Поппер форматы бойынша өткізген семинарлармен келді. Дебаттың ауқымды білім беру әлеуеті біздің елімізде де қызығушылық тудырып отыр.

Дебат технологиясының негізгі мақсаты: сын тұрғысынан ойлай алатын, саяси сауатты, еркін көзқарасы бар, демократиялы қарым-қатынасқа қалыптасқан адамдардың жаңа қоғамын қалыптастыру.

Дебат технологиясын пайдалану арқылы тыңдаушының ішкі мотивация негізінде құрылған оқу-танымдық әрекетке белсенді түрде араласуына; оқытушы мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынастың серіктестік қатынасқа ұласуына; оқу-танымдық әрекетке ұжымдық тұрғыда араласуға мүмкіндік береді.

Дебат технологиясы тыңдаушыларды көп нәрсеге үйретеді. Үйретумен қатар дамытады. Атап айтар болсақ:

1. Дебат жалпы мәдени көзқарастың дамуына мүмкіндік береді. Білімді жетілдіруге ықпал етеді, оқуға деген қызығушылық пайда болады, оқу мотивациясы қалыптасады.

2. Дебат зияткерлік қабілетті дамытады. Шығармашылық ойлау, оқиғалар арасындағы логикалық байланысты орната алатын қабілеті қалыптасады. Әр түрлі көзқарастарға анализ жасай алады, қорытынды жасап үйренеді; Фактілерге талдау жасап, қателіктерді табады, қолда бар ақпараттарға сүйене отырып, дәлелдемелер жинақтайды.

3. Зерттеушілік және ұйымдастырушылық қабілеті дамиды. Әр түрлі дерек көздерінен материалдар жинап, анализ жасайды; нақты тарихи фактілерге сүйене отырып, қорытынды жасап, баға бере алады. Өткен тарихи оқиғалар жайлы әр түрлі пікірлерге баға бере отырып, кейбір бұрыс пікірлерді анықтап, оның себебінде түсіндіре алады. Өз көзқарасына дәлел бола алатын деректерді жинақтап, оны қажетті тұста шебер қолдана да алады. Бұл деректерді БАҚ материалдарынан, кітаптардан, электронды жүйелерді пайдалана отырып ізденеді.

4. Шығармашылық қабілеті дамиды. Алға қойған мәселеге басқаша көзқараспен қарауға үйренеді. Мәселені шешудің дәстүрлі емес жолдарын қолдануға ұмтылады.

5. Коммуникативті қабілеті дамиды. Пікір алмасушысын тыңдай алады; пікір аламасушысына деген құрмет сезімі пайда болады; басқа пікірлерді қабылдай алу, толеранттылық, құрметтеу дағдысы қалыптасады; топта жұмыс істей алады.

6. Шешендік қабілеті дамиды. Топ алдында сөйлеуді үйренеді; өзіне деген сенімділік пайда болады; ауызша және жазбаша түрде өз ойын айқын жеткізе алады; тыңдаушылардың назарын интонация, мимика, қол қозғалыстары арқылы өзіне аудара алады.

7. Азаматтық позиция қалыптасады. Өзінің көзқарасы мен пікірі қалыптасып, оны қорғай алады; өзгенің пікіріне баға бере алады; Адамзаттық және ұлттық құндылықтарға, әр түрлі мәдениет пен дәстүрге құрметпен қарауға үйренеді; елдің қоғамдық-саяси өміріне қызығушылықпен араласады; өзінің білімін қоғамдық өмірде қолдануға қамтылады, белгілі бір мәселелердің шешімін өзіне ала алады.

Қазақстан тарихын оқытуда дебатты сабақтың бір түрі ретінде (дебат-сабақ) немесе сабақтың бір элементі ретінде пайдаланған дұрыс. Қазақстан тарихынан дебат-сабағын өткізу үшін алдымен тақырып таңдалынуы қажет. Ескеретін жағдай кез келген оқиға пікір талас тудыра бермейді. Сондықтан оқытушы тақырып таңдағанда аса жауапкершілікпен қарауы қажет. Тақырып қысқа, нақты, тыңдаушыға түсінікті болуы қажет. Тақырып таңдалғаннан кейін дайындық барысында да оқытушы тыңдаушыларды қадағалап, материал таңдауына көмек беріп отырады. Тыңдаушылар даттау және жақтау негізінде дайындалады. Тақырыпқа топ тыңдаушыларының барлығы дайындалған жөн. Командалар тек сабақтың басталуына біраз уақыт қалғанда таңдалынуы қажет.

Дебат-сабақты өткізуде оқытушы қалған тыңдаушыларды да сабақтан тыс қалмауын қадағалауы керек. Ал тыңдаушыларда тақырып аясында тапсырмалармен қамтылуы қажет. Олар сабақ аяқталғаннан кейін талдауға белсене қатыса алады. Дебат-сабақта басты төреші оқытушы. Өзіне дебат ережесін жақсы меңгерген тыңдаушыларды көмекке ала алады. Сабақ соңында талдау жасалынып, жеңімпаз топ анықталады.

Дебат технологиясын тарих сабақтарында қолдану арқылы оқытушы тыңдаушылардың рэнге деген қызығушылығын арттыра алады, тыңдаушылар тек оқулықпен шектелмей қосымша материалдармен дайындалуға дағдыланады, ізденіс, зерттеушілік қабілеті қалыптасады, оқытушы мен тыңдаушы арасындағы қатынас сенімділік, серіктестік негізінде жүзеге асады. Дебат тыңдаушының ойлау стилін дамытады, ойлау қызметінің белсенділігі артады. Дебат технологиясы тарих пәні үшін өте тімді және білім берудегі сапаға сүйенетін тәсілдердің бірі деп айта аламыз.

Қорыта келгенде, инновациялық әдістердің ішіндегі пікір-сайыс технологиясы тарих пәні үшін ең тімді әдістердің бірі болып табылады. Бұл технологияға тыңдаушылардың қызығушылығы басым, тиімді тұстары да мол. Сондықтан, Қазақстан тарихын оқытуда дебат технологиясын қолдану арқылы жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады.

ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ ТЫҢДАУШЫЛАРЫН ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Мұсағұлова А.Б., т.ғ.к., Арыстанбекова Қ.Д.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Шетелден келген азаматтарымызға Қазақстан тарихының алатын орны айрықша. Оны оқыту сапасын жақсартуға Елбасының үнемі баса назар аударуы тектен-тек емес. Үстіміздегі жылғы «Инновация мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» атты ҚР халқына жолдауында баса көрсеткендей, білім берудің нақты әрі тиімді жолдарының бірі білім сапасын арттыру керек екенін атап кеткен еді. Тарих пәні қандастарымызды – отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, халқын, елін сүйуге және Қазақстанның келешегі мен бүгінгі өмірін оқып білуге баулайтын ғылым.

Дайындық факультетінің Отан тарихын оқытудағы негізгі мақсат шетелден келген қазақ жастарын жоғары оқу орнына түсуге дайындау, сонымен қатар оралман студенттерге адамзат дамуының ежелгі заманнан бастап, бүгінгі күнге дейінгі даму тарихынан жүйелі білім негіздерін қалыптастыру, бүкіл адамзат жасаған құндылықтарды, мәдени тарихи тәжірибенің негізін меңгерту. Шетелден келген қазақ диаспорасына Қазақстан тарапынан көмек көрсетудің нақты үлкен шарасының бірі, оларды еліміздегі жоғары оқу орындарына оқуға шақыру болатын. Ол шара 1996 жылғы 31 желтоқсандағы «Шетелдегі отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы», сондай ақ 2005 жылғы 21 қарашадағы Президенттің «Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың 2005-2007 жж. арналған Мемлекеттік бағдарламасы» бекітілді.

Шетелден келген қазақ жастары өз халқының шығу тегін, даңқты тарихын, бабаларымыздың адамзат тарихына қосқан үлесін танымасада оларда жалпы қазаққа тән ұлттық сана сезім мен ортақ құндылықтар және арман тілектер бар. Бұл қандастарымыз жергілікті елдің тілін қабылдап, әрі өз тілі мен мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салтын сақтап қалғандар. Олар шетелдерде, жат елдің билігінде өмір сүргендіктен ұлттық тәуелсіздіктің қадірін өте жақсы түсінеді. Сонымен қатар олар өз еліне үлкен арманмен келеді, атамекенін аңсап келеді. Әсіресе қандастарымыздың қазақтың ежелгі қасиеті үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, ақсақалды, ақжаулықты ата-аналарды пір тұту олар үшін шабыттылық, қайырымдылық дәстүрін толығымен сақтап қалғандығы қуантады. Шетелден келген қазақ жастары ерте заманнан басталатын қазақтың ұшан-теңіз ауыз әдебиетін естіп, тыңдап өскендер. Қазақ диаспорасының ең көбі Қытайда тұратыны белгілі. Осы жерден келген қандастарымыздың басынан сан алуан тарихи оқиғалар, саяси және әлеуметтік экономикалық жағдайлары біздің менталитетімізден тіптен бөлекше.

Дегенмен туындап жататын қиыншылықтар да жоқ емес. Алғашқы тудыратын қиыншылық олардың жазу графикасының арабша немесе қытай иероглифімен болуы, Қазақстанда қолданылатын кириллицаның емлесін білмеуі және осы таңбамен жаза білмеуі, ежектеп оқи алмауы.

Екінші туындайтын қиыншылық Қытай еліндегі қазақ мектепінде Қазақстан тарихы мүлде оқытылмайды. Олар Қазақстанның жаңа тарихын ата-аналарының ауызша баяндауы мен соңғы шыққан газет-журналдардан ғана оқып білген. Сондықтан оларға Қазақстан тарихымен таныстыруды оның географиялық жағдайынан бастаған жөн.

Оралман студенттердің аса қиналатын тағы бір тұсы біздің тарихи терминдеріміздің көбісі орыс тілінен енгендігі. Әсіресе Қазақ тарихының патшалы Ресейдің қарамағына енгеннен кейінгі кезеңін жеткізуде көптеген адам аттары мен мемлекет құрылысындағы өзгерістердің орысша атауға көшуіне байланысты оралман студенттердің қабылдауы нашарлайды. Мысалы: 1822 жылғы «Сібір қазақтарының Жарғысынан» кейінгі қабылданғаннан мемлекет құрылысындағы Генерал-губернаторлық басқару жүйенің енуінен кейінгі орысша атаулар көп қиыншылықтар туғызады. Атап айтқанда шетелден келген қандастарымыз «генерал-губернатор» сөзінің мағынасын адам аты екен деп немесе бір затты білдіреді деп ұғады. Ал «дворяндық атақты» шендік қызметпен шатастырады. Бұл жағдайда тақтаны көп пайдалануға, бірнеше рет орысшадан енген терминдерді қайталауға, қосымша уақыт бөлуге мәжбүр боламыз. Сонымен қатар «патриархат», «матриархат», «полихромдық стиль», «рельеф», «хронология», «революция», «экспедиция», «съезд», «уезд», «идея», «старшин», «помещик», «генерал-губернатор», «полковник», «реформа», «комиссия», «коллегия», «дипломат», «топография», «округтік приказ», «ковалериялық полк», «дворян», «селолық староста», «континенттік блокада», «манифест», «хорунжий», «орден ковалері», «авангард», «комендант», «каторга» ж.т.б. сияқты орысша атаулар оларға қиындық туғызады. Сондықтан Қазақстан тарихы оқулықтарында қолданылатын орысша терминдердің сөздігін жасатып отыру керек.

Тағы бір қиындық тудыратын жағдай оралмандардың картамен жұмыс істеуінде кездеседі. Тарих сабағында негізінен саяси, әкімшілік карталарды жиі қолданамыз. Ал картадағы атаулардың

түгелдерлігі әлі орысша, жер-су атаулары қазақша жазылған карталардың жоқтығы да қиындықтарды туғызады. Оралман студенттер мектеп жасында Қытай мемлекетінің картасын қолданған. Ол елдің саяси картасында Қытай мемлекетінің территориясы барлық карталарда ортада орналасқан, былайша айтқанда карта атаулының бастамасы Қытайдан алынады. Басқа мемлекеттердің орналасу тәртібі екінші орынға ысырылған. Сондықтан оқытушыға шетел азаматтарына саяси картаны меңгеруі үшін Атлас пен контур карталармен жиі жұмыс жасатуына тура келеді.

Тест тапсырмаларын орындау кезінде оралман студенттерге түсініксіз (қысқартылған атаулар) терминдер де кездесіп жатады Мысалы: тесте кездесетін ҚазАКСР, ҚКСР, МТС, ТЖМК сияқты қысқартуларды түсінбеуі себепті қойылған сұрақтың мағынасына жете бермейді. Әрине біз қысқартуларды алдын ала жаздырамыз дегенмен тест сұрақтарында барлық қысқартулардың бірден еске түсе бермейтіндігі себепті олардың қате талдауына жиі себеп болады.

Шетелден келген қазақ жастары Отанына келгеннен кейінгі көп білгісі келетін сұрақтардың бірі қазақтардың қалай және қашан халық болып құралғанын білгісі келеді. Мысалы: Қазақстан – менің Отаным деген тақырыпта Қазақстан мемлекетінің жер көлемі, табиғат жағдайлары, климаты, рельефі, пайдалы қазбалары, халқы туралы түсініктеме беріледі. Сонау тас, сақ дәуірінен Ресей отаршылдығына дейінгі кезеңде тәуелсіздік үшін ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен күресіп, келешек ұрпағына кең байтақ жерімізді, бай рухани қазынамызды мұра етіп қалдырған батырлар, билер, хандар заманында хатқа «патриотизм» деп жазылмаса да жорық жырлары, тарихи аңыз-әңгімелер және шешендік сөздер арқылы бізге жеткен. Студенттің көңілін өсіріп, отаншылдық сезімін қозғайтын оқиғалар да осы аралықта болып жатуы шарт.

Біз әлемде азаматтар бойына патриоттық сезімді нысаналы түрде ұялата білген, оларда патриоттық мінез-құлық үлгілерінен, өнерінен байқауға болатын ұлттық нышандар – Туына, Елтаңбасына, Әнұранына, ұлттық мерекелеріне құрметпен қарау орын алған өркениетті елдерден үйренуіміз керек.

Қорыта келе айтарымыз біз қоғам талабына сай, сол қоғамды көркейтетін, дамытатын, ең бастысы өз Отанын сүйетін және қастерлейтін жастар тәрбиелеуіміз керек. Бұл жолда ең алдымен, тарихшылар қауымы талмай ізденіп отыруы қажет. Сонда ғана біз өз Отанын сүйетін, мақтаныш ететін, елін, жерін қастерлейтін ұрпақты үлкен өмірге сеніммен аттандыра аламыз.

БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Мұсаева А.С., б.ғ.к.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Бүгінгі таңда білім беру үрдісі, саясаты қай деңгейде болмасын түбегейлі өзгеріске ұшырады деген ойлар, пікір-таластар осы саладағы мамандардың күнделікті өзекті мәселесіне айналған деуге болады. Заман талабына сай білімнің дамуы, ғылыми жаңалықтар, жоғары технологиялардың өрлеуі өте тез дамып, оны игеруге уақыт та, мүмкіншілік те жетінкіремей жатады. Заманауи жаңалықтарға ілесуге тырысып баққан бүгінгі педагогтардың күйі кейде жанашырлық. Өйткені ақпараттар өте ауқымды. Алуан түрлі мәселелерді жан-жақты қамтитын жаңалықтар, атап айтсақ оқытудың мазмұны, ауқымы, әр маманның өз тарапынан беретін ақыл-кеңестері, әдіс-тәсілдері, қолданатын технологияларға дейін тәптіштеп жазылған, айтылған, суреттелген. Оған қоса өз ой-пікірін жеткізгісі келген немесе тіпті өз пікірін зорлап міндеттемек болған дәрістер, тренингтер, бейне-таспа түрінде ұсынылатын ақпарат көздері жетіп артылады. Ақпараттың көп болғаны, сіздің сұрағыңызға жауаптың жан-жақты шексіз болғаны жақсы. Бірақ бұл ақпараттар әуреге салып, шарасыз күйге түсіріп, психологиялық күйзеліске ұшыратып, жүйкеңізге салмақ түсіретіні мәлім. Ал тәжірибесі аз, осы бағытта өз ұстамы бекімеген жас мамандар үшін тіпті қиын.

Ал биология пәніне келер болсақ бұл мәселе еселеп артатындай. Өйткені пәнді оқыту үшін ең алдымен барлық педагогикалық заңдылықтарды, оқушының мінез-құлқы, оқытудың әдіс-тәсілдерін, т.б. білу керек. Білім берудің дәстүрлі шараларын білумен қатар, биология пәні қамтитын бүкіл салалары бойынша ұсынылатын әртүрлі аудиторияға арналған өте көп материалдардың ішінен тиімдісін, керектісін, тыңдаушы деңгейіне сай етіп саралап, тандап ала білуіңіз керек. Биология пәнінің нысанасы болып табылатын вирустардан бастап бактерия, саңырауқұлақ, өсімдік, жануар, адам ағзасын білу, осы ағзаларда жүретін бүкіл күрделі үрдістерді қамтыса, құрылысын, құрамын молекулалық, клеткалық деңгейден бастап, биосфера деңгейіне дейін қамтып оқытады. Сондықтан

биология пәнін оқыту үшін міндетті түрде арнайы материалдық, әдістемелік қор болуы тиіс (мектептегі – биология пәнінің арнайы кабинетінен бастап, жоғары оқу орнындарында – биология пәнінің әр саласының өзінің арнайы зерттеу зертханалары болады). Биология пәнін оқытудың ерекшелігін ескерсек, әрбір сабақ барысында міндетті түрде қандайда бір көркемдік құралдың болуы немесе оқыту нысанасының макеті, мүмкіндік болса нағыз өзін көрсету қажеттігі туады. Сол себепті әдеттегі биология кабинеттері әртүрлі плакаттарға, кестелерге, макеттерге, өсімдіктер мен жануарлардың кептірілген немесе әртүрлі ерітінділерде бекітілген ағзаларына, т.б. осындай оқу материалдарына толып жатады. Ал бүгінгі заманымыздың инновациялық технологиялары және жоғарыда мен тоқталып өткен ақпарат көздері осы мәселеде үлкен жәрдем бола алады. Яғни биология пәнінің кабинетін толтырып жатқан бүкіл оқу материалдарын бүгінгі заманауи оқытушы бірнеше ғана компьютерлік папкамен және компьютерлік бағдарламалармен алмастыра алады. Тіпті бүгінгі күні биологияның дәрістік сабақтарында ең заманауи құралдарды да алмастыратын, тірі жәндіктің өзінде алмастыра алатын компьютерлік материалдарды пайдаланып, әдеттегі дәстүрлі сабақтардан ерекше етіп бүгінгі заман талабына сай қызықты да, мәнді сабақ өткізе аласыз. Қызықты, түрлі-түсті презентацияларды, анимациялық көріністерді өзіңіз де дайындай аласыз. Оған қосымша дайын материалдар – интерактивті суреттер, бейнетаспалар, мультимедиялық бағдарламалар жетіп артылады. Мысалы, «Өсімдік жасушасы» тақырыбын өткенде тірі өсімдік жасушасы туралы бейнефильмді, митоз үрдісін, әр сатысын анық көрсететін анимациялық бейнетаспаларды қолдануға болады. Сол сияқты тірі қарапайым жәндіктердің тіршілік әрекеттерін толық бейнелеген бейне таспалар, күрделі биологиялық үрдістерді сатылап, анық бейнелейтін фильмдер, ғылыми-зерттеу нәтижелері, ең қызықты ғылым жаңалықтары мен бүгінгі жетістіктері түсірілген әртүрлі ресурстарды тиімді, орынды пайдаланса, оқушының пәнге қызығушылығы сөзсіз артады.

Еліміздің және шетелдік беделді педагогтардың пікіріне жүгінсек инновациялық технологиялардың бүгінгі білім саласында пайдасы зор:

- Оқушыларға сапалы, саналы түрде жете меңгерген білім алу мүмкіндігін туғызады, өз бетімен жеке жұмыс жасау әрекеттерін дамытады;
- әртүрлі бейнелердің қол жетімділігінің арқасында оларды суреттеу, әңгімелеуге мүмкіндік көп, яғни ғылыми тілін дамытады;
- оқушы оқудан зерікпейді, қызығушылығы артып, жан-жақты болу мәдениетіне ие болады, эмоциялық күйі әлдеқайда жақсарып, өзіне сенімділігі артады;
- оқыту үрдісіне барлық оқушылардың белсенді қатысуына жағдай жасайды;
- ең бастысы оқушы мен мұғалімнің ара-қатынасындағы психологиялық жағдай жақсарады.

Бүгінгі таңда инновациялық технологиялар сапалы білім берумен қоса, жастарды үнемі өзгеріп отыратын ортаға бейімдеп, оң-солын айыра білетін, өз мүмкіншілігін анық саралайтын, біліктілігін іске асыра алатын, өмірде өте маңызды мәселелерді анықтап, оларды шешудің шығармашылық жолын табуға мүмкіншілігі бар білікті азамат тәрбиелеу мүмкіндігін туғызады.

Ең басты айта кететін мәселе, осы көптеген жаңалықтардың соңынан қуып, басты мақсатымызды ұмыт қалдырмасак, ол мақсат – сапалы білім беру. Дегенмен жаңалық, жетістіктерді білген жақсы, бірақ бұл білімдердің негізі фундаментальді база, теориялық білім болып қала бермек. Кез келген салада мықты базалық білімі бар адам, әрқашанда өзіне қажетті басқа білімді, жаңалықтарды өз бетінше игеріп алуға толық мүмкіншілігі бар.

Қорыта келе, жұмыс барысында кездескен кейбір мәселелерге, атап айтқанда шетелден келген отандастарымыздан құрылған топтарында биология пәнін оқыту ерекшеліктеріне және инновациялық технологиялардың көмегіне тоқтала кетейін. Ең алдымен кедергі болатын тіл, диалект айырмашылығы, келген мемлекетіндегі оқу бағдарламасының біздегімен сәйкес келмейтіндігі, терминдерді білмеуі т.б. сол сияқты мәселелер. Тіпті бір мемлекеттен келген тыңдаушылардың өз арасында биологиялық атаулар мен түсініктерде үлкен айырмашылықтар бар. Мысалы, Қытай Халық Республикасынан келген тыңдаушыларды тұратын аймақтарына қарай үш топқа бөлуге болады. а) қытайша оқыған; ә) ұйғырша оқыған; б) қазақша оқыған жастар. Бәріне ортақ биологиялық терминді үш топ үш түрлі атайды. Оған біздің мектеп бағдарламасына сәйкес үйрететін терминдер (көбінесе латынша) нұсқасы төртінші атау болып қосылады. Менің байқағаным, бәрі білетін грек-латын тіліндегі сөз құрастыру элементтерінің мағынасын түсінбейді. Мысалы, анти, моно, би, ди, поли, мульти, гипо, гипер, дез, дис, интер, ре, суб, экс, про, эу, макро, микро, ультра, эндо, экто, экзо, эпи, т.б. элементтер біз үшін жиі қолданатын қосымшалар болса, олар үшін мағынасы түсініксіз жайт. Сондықтан осындай кірме элементтері бар сөздерді қолданып, бірден сабақты өтсеңіз, тыңдаушылар сабақты игере алмайды. Осы жағдайды ескере отырып, ең алдымен сабақта түсіндірме сөздік жазғызуға дағдыландыру керек. Сөздікте осындай сөздердің аталуы екі, үш кейде төрт тілде беріледі:

грек немесе латынша, орысша (ғаламтор жүйесіндегі, немесе өздері пайдаланып жүрген сөздіктен осы сөзді тез тауып алу үшін), қазақша және олардың өздері оқыған тілде, содан кейін сол сөздің тұсына мағынасы және биологиялық түсініктемесі жазылады. Содан кейін үй тапсырмасына оқыған тақырыптарынан үнемі кездескен барлық терминдер мен түсініксіз болған сөздерді жазып келуді тапсырасыз. Түсініксіз сөздерді сабақ барысында талқылаймыз. Бірнеше сабақ өткеннен кейін бұл үрдіс дағдыға айналады. Бұндай терминдер сөздігі оларға кейін оқуға түскенде де септігін тигізеді.

Биология пәнін оқытудағы ерекшеліктердің бірі – бұл кез келген тақырыпты өткенде міндетті түрде көрсете алатын материалдың қол жетімділігі, өйткені оқыту нысаналары бізді қоршап жатыр. Өсімдіктану сабақтарында өсімдіктің өзін тікелей көрсете алсаңыз оның ішкі құрылысын, жасушаішілік құрылымдарға дейін презентациялар арқылы немесе дайын фильмдер арқылы көрсетесіз, сол сияқты жануарларды да. Жаңа технологиялар тақырыпты дайындауға, оқушылардың білімін тексеріп-бағалауға кететін уақытты үнемдеуде көмегі зор. Түрлі-түсті презентация көмегімен өтетін сабақтар оқушыларды жалықтырмайды. Ал бұрын тек ғылымдағы зерттеушілер арнайы құралдар көмегімен ғана қол жеткізе алатын үрдістер мен құбылыс-көріністерді бейнелеген қызықты материалдарды алатын ресурстар жеткілікті, бұлар арқылы сабағыңыз тіпті қызықты өтеріне сенімдімін.

Алған білімдерін басқа пәндермен ұштастыра алмайтын, жүйелі ойлануға үйренбеген тыңдаушылар арасында бар екені анық. Кейбір тыңдаушылар оқулықтан оқығанын немесе мәтіннен ұққанын тиянақтап жеткізе алмайды. Сабақта тыңдаған лекцияны қысқаша конспектілеп жаза алмайды. Мысалы, жалпы «жасуша» туралы жан-жақты түсіндіресіз, әр ағзаға тән құрылысындағы айырмашылықтарға тоқталасыз, жалпы қызметін айтасыз. Келесі сабақ түсіндірер алдында кез келген бір ағзаға қатысты нақты бір жасуша туралы сұрасаңыз жасуша туралы алғаш рет естігендей болады. Сонымен, менің мақсатым алған білімдерін барлық пәндермен байланыстыра алатын, жүйелі ойлауға қабілетті, өткен сабақтың мазмұнын, конспект жазуға бейімделген, пікірін тиянақты жеткізе алатын, өзіндік түсіндіру мәдениеті қалыптасқан тыңдаушыны дайындауға үлесімді қосу.

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде биология пәнін оқытудың тағы бір ерекшелігі, тыңдаушыларды Қазақстанның жоғары оқу орындарына түсу мақсатында дайындайтындықтан бүкіл мектепте өткен білімдерін қайталау, яғни 5-сыныптан бастап 11-сыныпқа дейінгі білімін жандандыру болып табылады. Содықтан 5-сыныптың бағдарламасымен бастайсыз, бірақ өтетін тақырыпқа байланысты кейінгі жоғары сыныптардың оқулығына кірген барлық ақпаратты жинақтап және оған бүгінгі заманның ең қызықты маңызды жаңалығы мен жетістіктерін қосып оқыту керек. Сонда ғана 17 жастан асқан тыңдаушыларды қызықтыра аласыз. Мысалы, 5-сыныпта өсімдік жасушасының жалпы құрылысы туралы аз ғана ақпарат беріледі, ал сіз онымен шектелмей 9, 10, 11 – сыныптарда берілетін жасушаның ішкі құрылымдары, атқаратын қызметіне байланысты ерекшеліктері, химиялық құрамы, құрылысы, мембрананың күрделі билипидті құрылысы, жасушадағы зат алмасу, жасуша теориясы, жасушаны зерттеу әдістері, заманауи микроскоптар жайлы бірден өтуге болады немесе өсімдік мүшелерінің бірі жапырақ жайлы өткенде, бұл сабақты да тыңдаушылардың жасына сай күрделендіруге болады, яғни тек құрылысы, түрі жайлы ғана шектелмей, бірден жапырақтардың тікелей қатысы бар (10-сыныпта өтетін) фотосинтез үрдісін өту қажет. Осылай әрбір төменгі сыныптарда өтетін тақырыпқа соған қатысы бар жоғары сыныптардағы күрделі тақырыпты қосып отырасыз.

Сонымен, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеттерінде сабақ берудің өзінше ерекшеліктері бар. Оқытушылардың негізгі міндеті жоғары оқу орындарына түсу үшін қажетті білімді толық беру, емтихан тапсыруға дағдыландыру және жоғары оқу орындарында керек болатын алғашқы амалдарды үйрету.

Әдебиеттер

1. Косторных Ю.А. Внедрение инновационных технологий и применение ИКТ на уроках биологии //Актуальные вопросы современной педагогики: материалы III междунар. науч. конф. – Уфа, 2013. – С. 169-171.
2. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: учебное пособие. – М.: Народное образование, 1998. – С. 3-5.
3. И.Найма. Развитие современных педагогических технологий (организационно-деятельностный подход): Дис. канд. пед. наук. – Пятигорск, 1993. – С. 97.
4. Искакова Р., Ерназарова З. Жаңа технологияны пайдалану әдістері // Ғаламтор ресурстары – stazbol.kz/.../990-apaty-tehnologiyany-saba.
5. <http://www.glaz.tv/>
6. <http://biologymoscow.ucoz.ru/>

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ КӘСІБИ МАМАН ДАЯРЛАУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

Мұсаева Қ.М.

Көпсалалы «Ұлағат Қызылорда» колледжі

Бүгінгі таңда кәсіптік білім беретін оқу орнында оқып білім алып жатқан жас ұрпақ алдында «Қазақстан – 2030» бағдарламасында көрсетілген «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі мен әл-ауқатының артуы» сияқты ұзақ мерзімдік іске асыру стратегиясын үшінші мыңжылдықта жүзеге асыру міндеті тұр. Демек, бұл қоғамдық саладағы өзгерістерге сай жоғары талаптар қоя отырып, экономикалық бәсекелестік жағдайында сапалы мамандар даярлау қажеттігін алға тартады.

Еліміз егемендік алған алғашқы жылдарынан бастап білім беру ісіне аса мән берілуде. Бүгінгі ғаламдастыру дәуірінің талабына сай білім беру барысында жастардың жеке тұлғасын жан-жақты жетілдіруіне, олардың танымдық әрекетін дамытумен қатар ғаламдық ой-санасын қалыптастыруға ерекше назар аударылуда.

Ғылым мен техниканың дамуымен әлеуметтік өмір деңгейі де өзгеріп отырады. Осының бәрі табиғат байлығына адам миы мен күшінің жұмысынан туады. Әр адамның ойы мен білімі әр қоғамға қандай керек болса, табиғат пен оның байлығы да сондайлық керек. Мұның өзі дүние бір-бірімен байланыста дамитынын ондағы адам мен қоғамдағы қатынасты да қадағалай білген жөн.

«Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту туралы тұжырымдамасының» басты мәнділігі – ол үздіксіз білім жүйесінің негізгі идеялары мен қағидаларын ХХІ ғасыр талаптарына сәйкестендірудің және оны әлемдік білім кеңістігінің даму заңдылықтарына ұштастырудың жолдарын көрсетуге арналып отыр.

Тұжырымдаманың басты ерекшелігі мен артықшылығы білім берудің ұлттық жүйесін қайта құрудың принципті жаңа идеяларын ұсынуында болып отыр.

Жаңадан енгізілген немесе инновация адамның кәсіптік қызметінің бәріне де тән болғандықтан, ол табиғи түрде зерттеудің, талдаудың және тәжірибеге енудің нысанына айналады. Инновация өздігінен пайда болмайды. Ол ғылыми әдістердің, жекелеген оқытушылар мен тұтас бір ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі. Бұл процесс стихиялы дамымайтындықтан ол басқаруды қажет етеді.

Хутвс педагогикалық процестің инновациялық даму стратегиясында жаңашылдық процестерді тікелей алға апарушылар ретінде педагог қызметкерлердің рөлі артуда. Оқу үдерісінің көптүрлілігіне қарамастан дидактикалық, компьютерлік, модульдық, проблемалық және басқа жетекші педагогикалық қызметті іске асыру оқытушылардың еншісіне қалып отыр. Оқу тәрбие процесіне қазіргі заманғы технологиялардың енгізілуіне байланысты оқытушы мен тәрбиеші кеңесшінің, ақылшының және тәрбиешінің қызметін қоса меңгеруде. Оқытушының кәсіптік қызметі арнаулы пәндік білімдермен ғана шектелмей, педагогика мен психологияның, оқыту мен тәрбие технологиясы салаларының қазіргі заманғы білімдерін де қамтитын болғандықтан оқытушыдан арнайы педагогикалық, психологиялық дайындықты талап етеді. Осы негізде педагогикалық инновацияны қабылдау, бағалау және іске асыруға дайындық қалыптасады.

Инновациялық процесті үш кезеңге бөлуге болады:

Бірінші кезеңде оқытушы жаңалықтардың қажеттілігін дәлелдеу арқылы жаңалық туралы ақпарат жинайды, одан кейін әртүрлі жаңалықтың ішінен қажетті ақпаратты таңдап алып, оны қолдану туралы шешім қабылдайды. Содан кейін, оқытушы инновациялық іс-әрекеттің екінші кезеңіне көшеді, яғни іске асыру кезеңдерін зерттеп, енгізу жоспарын құрып, жаңалықты қолданады. Бұл кезеңде оқытушы оқу-тәрбие процесіне, жаңалықты енгізуге кедергі жасап отырған факторларды ескере отырып өзгерістер енгізеді, жаңалықты уақытылы мерзіміне байланысты жүргізеді.

Жаңалықты енгізу уақыты аяқталғаннан кейін инновациялық іс-әрекет үшінші кезеңге өтеді. Бұл кезеңде оқытушы жаңашыл тұрғыда ұйымдастырылған оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін көтеруге жасаған ықпалын анықтайды, жаңалықтың оқу-тәрбие жұмысына нәтижелі енгізу шарттарын белгілеп, оны таратуға ұсынады.

Инновациялық процесті болжау барысында қолданылатын іс-әрекеттер тереңдетіліп, кеңейтіледі. Сонымен қатар оқыту мен тәрбиелеу қорытындылары талданады. Алдыңғы қатарлы озық тәжірибені ғылыми талдау негізінде оқып үйренуге, қазіргі кездегі педагогикалық зерттеулер нәтижелерімен танысуға болады. Жаңа педагогикалық технологиялар мен инновациялық іс-әрекеттің негізі заңдылықтары мен қағидаларын дұрыс пайдалана білуге, шығармашыл ойлауға, кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің құндылық қарым-қатынастарын қалыптастыруға, оқытушы шеберлігін

арттыру жолдарын таба білуге және жете түсінуге үйретеді. Сонымен қатар алдыңғы қатарлы озық тәжірибелер жөніндегі ағымдағы газет-журнал материалдары арқылы танысып, педагог-новатор әдістемелерін ғылыми тұрғыдан талдай білуге, инновациялық іс-әрекет ерекшеліктерін айқындап, өз беттерімен сурет, кесте құруға, реферат, хабарлама, аннотация, рецензия жазып, оқу-тәрбие қызметіне педагогикалық талдау жасауға үйренулері керек. Оқытудың жаңашыл әдістері мен тәсілдерін сөз еткенде, оқылып отырған материалдың ерекшелігіне аса мән беру керек.

Әдістемелік құралдарды шығармашылықпен пайдалану қажет екеніне назар аудару көзделеді. Сонымен қатар, оқытудың инновациялық жүйесі, білім, оқыту процесінде жаңа технологияларды пайдалана білу іскерлігі қалыптасу керек.

Студентке белгілі бір көлемдегі білім, білік дағдыларды меңгертумен қатар дүниетанымын кеңейтіп, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты талабы деп отырмыз. Бұл, әрине ұстазға да көп ізденісті талап етеді. Өйткені, «Шәкірт – біліммен толтыратын бос құмыра емес, ол жануға дайын тұрған шырақ, ал ұстаз шырақшы ғана...». Сондықтан, білім беру саласындағы оқытудың озық жаңа технологияларын меңгермейінше, сауатты маман болу мүмкін емес. Осыған орай, әрбір ұстаз барлық жаңалықтар мен әдістерден хабардар болып, оқыту түрлерін, әдіс-тәсілдері мен құралдарын жетілдіріп, оларды тиімді қолдану жолдарын іздестіріп, өз кәсібін шығармашылықпен дамытып отыру қажеттілігі заман талабынан өз-өзінен туындап отыр.

Білім беруді ұйымдастырудың дүние жүзілік тәжірибесінде көптеген оқыту технологиялары жүзеге асырылуда. Ондағы мақсат – студенттің танымдық қабілеттерін, яғни өзінше ойлау қабілетін арттыру, елестету мен есте сақтауын, дағдысын, білім, жаңа педагогикалық технология – білім беруді ізгілендіру принциптеріне негізделген компьютерлік технология, сонымен бірге оқытуды дербестендіру мен деңгейлік дифференциалдау.

Онда:

- білімді ізгілендіруге
- оқыту сапасын арттыруға
- басқару тиімділігін жетілдіруге
- оқушылардың дамуына бақылау жасауға

осыларға сәйкес бағалауға болатыны дәлелденіп отыр.

Бұл жүйенің басты компоненті – оқыту мақсаты. Ол мақсат өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру, сондықтан оның өзіндік танымдық іс-әрекеті белгілі бір дәрежеде белсендірілуі қажет сапасының дамуын қамтамасыз ету.

Қоғамды индустрияландыру кезеңінде білім беру жүйесі алдыңғы кезекте, маманданған сауатты тұтынушыларды дайындауға бағытталса, ал білім беруді ақпараттандыру жағдайында бұл мәселе білім берудің негізгі мақсатына ауысады. Мұндағы негізгі мақсат – оқушының қоршаған әлем жайында табиғи ғылыми болжамын қалыптастырумен жалпы ізгілікті адамгершілікке дайындау болып саналады.

Қазіргі заман оқушысы тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі мақсаты оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Осы мақсатты орындау барысында оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда жаңа әдістерді қолдану қажеттілігі туындап отыр. ХХІ ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр: компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, интерактивті құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру. Еліміздегі саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сай білім беруді ақпараттандыру бағытында колледжімізде жүргізіліп жатқан жұмыстар ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылуда.

ХХІ ғасыр – ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Бүгінгі таңда колледжде оқу пәндерін компьютер, интерактивті құралдардың көмегімен оқыту нәтижелерін зерттеудегі ғылыми проблемаларды шешу ең басты орын алады. Бұған себеп оқыту процесінде туындайтын компьютерлендірудің педагогикалық-психологиялық жаңа проблемалары әлі толық шешілмегені.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру білім беру үшін үлкен перспективалар ашады. Соңғы жылдары компьютерлік, телекоммуникациялық техника мен технологиялардың қоғам өміріндегі рөлі

мен орнында түбегейлі өзгерістер болды. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға оқу және жазу қабілеті сияқты сапалармен бірге қатарға және әрбір адам үшін қажетті шартқа айналды.

Әрбір елдің технологиялық даму дәрежесіне оның экономикалық қуаты мен халқының тұрмыс деңгейі ғана емес, сол елдің әлемдік қоғамдастықта алатын орны, басқа елдермен экономикалық және саяси ықпалдасу мүмкіндіктері, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік мәселелерін шешуіне байланысты. Сонымен қатар, әлдебір елде қазіргі технологияның дамуы мен қолдануының деңгейі оның материалдық базасының дамуымен қатар емес, негізінен қоғамды парасаттандыру деңгейімен, оның жаңа білімді туындату, игеру және қолдана білу қабілетімен де анықталады.

Жедел дамып отырған ғылыми-техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды. Ақпараттық-технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің рөлі тәуелді болады. Тұтас дүние қалыптастыру мен қоғамдастықтар, жеке адам мен бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмір сүруі үшін жаңа жағдайларды қамтамасыз етуде ақпараттық – телекоммуникациялық технологиялар маңызды рөл атқарады.

Ғылым мен техниканың даму қарқыны оқу-ағарту саласының оқыту үрдісіне жаңа технологиялық әдістер оның ішінде интерактивті құралдарды кең көлемде қолдануды қажет етеді.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» – деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Компьютер және интерактивті құралдар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстармен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашу керек. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағында, оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологияларды ғана тиімді деп санауға болады.

Оқушылардың интерактивті құралдар көмегімен қалыптасатын және жүзеге асырылатын ойлау қабілеті бұрынғы технологиялар арқылы берілетін ойлау жүйесінен өзгеше болатындықтан, тек ойлау қабілеті түсінігі ғана емес, қабылдау, есте сақтау жоғарғы деңгейде.

Интерактивті құралдардың келесі ерекшеліктерін атап өтуге болады:

1. Бормен тақтаға жазылған кескінді интерактивті тақтадағы түрлі-түсті айқын, ұқыпты кескінмен салыстыруға болмайды

2. Тақта мен бордың көмегімен әр түрлі қосымшалары бар жұмысты түсіндіру қиын әрі мүмкін емес.

3. Слайдтарда, флипчартта қателер жіберілсе, тез арада түзетуге болады.

4. Сабақта АСТIVote тестілеу жүйесі арқылы тест алу мүмкіндігін қолдануға болады.

5. АСТIVwand указкасының көмегімен тақтаның жоғарғы бөлігіне кішкентайларға да қол жеткізуге мүмкіндік береді.

6. Сабақта көрнекілікті қолдану деңгейі артады.

7. Сабақтың өнімділігі артады.

8. Оқушылардың білім деңгейіне оң әсер етеді.

Оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерімен, қазіргі заманауи инновациялық технологияларды меңгеру және оны әрбір сабақта тиімді пайдалану білім сапасына елеулі әсер етуде.

Инновациялық технологиялардың бірі – ақпараттық технология. Ақпараттандыру технологиясы арқылы білікті маманды заман талабына сай даярлау оқытушының басты міндеті.

Тәжірибеге сүйенсек күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді, интерактивті тақтамен, мультимедиялық проекторларды пайдалану үлкен нәтижелер беруде.

Кез-келген сабақты қызықты өткізу үшін ізденіс, жаңаға ұмтылу жұмысын жүргізу ол әрбір оқытушы үшін бір сабақ. «Оқытып жүріп, өзіміз де үйренеміз» қағидасын ұстанған оқытушы үшін өзінің әрбір сабағы бірінші өзіне жаңалық болуы тиіс. Сонда ғана өзі қызыққан оқытушы – сабағын басқаларға да қызықты жеткізе алады деп ойлаймын.

Кәсіптік білім беру орындарының оқытушылары үшін әрбір сабаққа жаңалық енгізудің қажеттілігінен гөрі, әрбір сабақта жаңалықтарды пайдалану, озық тәжірибелерді пайдаланудың өзі үлкен жетістіктерге жеткізеді. Өзіміздің дәстүрлі, дәстүрлі емес оқытудың әдістерінде пайдалануды

ұмытпағанымыз жөн. Себебі жаңа-жаңа деп жүріп кейде біз қарапайым әдістерді меңгермей жұмысымызды күрделендіріп жібереміз.

Өзімнің әрбір сабағымда осы озық технологияларды пайдалану жақсы нәтижелер бергенін көрудемін. Кез-келген сабақта тақырып бойынша «қандай жаңалықтар шығуда, қандай жұмыстар атқарылуда» арқылы бастау дәстүрге айналды. Қызығушылықты арттыру арқылы сабақты бастау сол сабақтың аяғына дейін қызықты өтуінің кепілі.

Алынған ақпаратты жеткізу, тарату үшін оқытушының алатын орны елеулі. Қазіргі уақытта кіріктірілген инновациялық технологиялар туралы көптеген ізденістер, жұмыстар атқарылуда. Кіріктірілген инновациялық технологияларды оқытуда қолдану тиімді нәтижелерін беруде.

Мысалы, «Кәсіпорынның қаржы ресурстарының көзі» тақырыбында сабақ өту, тек өзімнің төңірегімнің айналасында болмауы қажет. Сол сияқты бұл тақырыпты «Қаржылық есеп», «Қаржылық талдау», «Ұйым экономикасы» т.с.с. пәндермен байланыстыра отырып оқыту үлкен жемісін беруде.

Алынған ақпаратты ары қарай дамыту кіріктірілген инновациялық технология сабақтарында жүзеге асады. Тақырыпқа байланысты, мәлімет, ақпараттың барлығының жан-жақты бір ғана арнаулы пән оқытушысы емес, басқада оқытушылармен түсіндірілуі, дәлелденуі және жеткізілуі. Бір тақырыптың өзін кең көлемде түсіндіру.

Қазіргі сабақтарда ақпараттық технологияларымен, кіріктірілген оқыту технологиясын байланыстыра өту мен үшін тиімді нәтижелер беруде. Ақпараттық технологияда біз оқытушыны ақпарат беруші, бағыт бағдар көрсетуші деп түсінеміз. Белгілі бір тақырып бойынша мәлімет, әдебиеттер және т.б. берілді. Іздену жұмысы білім алушының еркінде болып қалады. Оқытушыдан алынған ақпарат тек жалпылама кең көлемде беріледі.

Әрбір сабақта тақырыпқа байланысты материалды толық игеру, сонымен бірге жан-жақты ізденіс, зерттеу әрбір оқытушының қолынан келе бермейді. Тек әдебиеттердегі мәліметтермен шектеліп қоймай, сол тақырып бойынша әр пәннің ізденіс жаңалығымен толықтыру білім берудің сапасын арттыра түседі.

Оқытудың технологияларын біріктіру, оларды тиімді пайдалану жұмысы үшін көптеген ізденіс жұмыстарын жүргізу мен үшін тағы бір асу, тағы бір белес.

Оқытушы сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық – коммуникациялық технологияны пайдалану оқытудың тиімді әдістерінің бірі деп ойлаймын.

Қазіргі заманның оқытушыға қояр басты талабы – ақпараттандырылған жан-жақты, дүниетанымы кең, тәрбиелі әрі саналы шәкірт сомдауы. Сапалы білімге жету жолында оқытушының аянбай еңбек етуі керек.

Әдебиеттер

1. Елбасының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласы. 10 шілде, 2012 жыл.
2. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы.
3. Ерғалиев М. Оқытудың қазіргі технологиялары.
4. Мұхамбетжанов С.Т. «Ақпараттық технология және қашықтан оқыту».

ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ – ҰРПАҚҚА САПАЛЫ БІЛІМ, САНАЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУ

Наралиева Р.Т.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Тәуелсіз еліміздің негізгі тірегі – білімді де білікті ұрпақ, кәсіби дайындығы жоғары маман десек, қазіргі уақытта күн тәртібінде тұрған келелі мәселе білім беру, ғылымды дамыту болып табылады. Өркениеттің өзегі білім, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Елдің ертеңі – өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтар тәрбиелеу, бүгінгі ұрпаққа сапалы білім мен саналы білім беру әрбір мұғалімнің алдында үлкен жауапкершілікті жүктейді», – деп кезекті халыққа Жолдауында мемлекетіміздің тәуелсіздігін тұрақты, еліміздің болашағы мен бақытын баянды ету барысында ұстаз еңбегінің ерен екендігін және мұғалімнің міндеті зор, келер ұрпақ бойына ізгіліктің дәнін себетін де сол өскіннің көгеріп, отан сүйгіш азамат болып өсуіне үлкен ықпал ететін ұлағатты парыз екендігін нақты атай келе, оқу-ағарту саласында «Қазақстандағы білім беру жүйесін жаңғырту үш басты бағыт бойынша жүргені көкейге

қонымы: 1) білім беру мекемелерін оңтайландыру; 2) оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту; 3) білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру» [1,37] қажеттілігін айқындап берді. Ал халқымыздың көрнекті ұлы, ұлы ұстаз А.Байтұрсынұлы: «Мұғалім қандай болса, мектеп һәм сондай болмақшы. Яғни мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алады. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім». Өркендеу үшін керегі – білім ордасы болса, оның жаны мұғалім, ұстаз екені баршаға мәлім», – деді. *Қазақстанның алдында бәсекеге қабілетті топ – 30 елдің қатарына енуді үлкен мақсат етіп қойды. Бұл өз кезегінде педагогтердің мойнына екі есе жауапкершілік жүктейді. Себебі, ертеңгі күннің қоғамдық-саяси, экономикалық мәселелерін шеше білетін білімді де білікті ұрпақты тәрбиелеу мына біздің, ұстаздардың, қолымызда. Білім берудің күрделі міндеттерін рухани бай, педагогикалық дарыны бар, шығармашылық, кәсіби тәсілдерді жетік меңгерген және жаңалыққа құштар жан-жақты тұлға ғана шеше алады.*

Қазіргі таңда мұғалімдердің кәсіби даярлығының теориялық негіздерін ашып көрсететін маңызды зерттеулер жетерлік. О.А. Абдуллина, Ю.П. Азаров, А.Н. Алексюк, Н.Д. Хмель, А.И. Щербаков және т.б. еңбегінде болашақ мұғалімдерді даярлау мәселесі қарастырылып, кәсіби қабілетін анықтау бойынша жұмыстар жүйеленген. К.С. Оспанов, С.І. Әбілдина, К.А. Сарбасова және т.б. зерттеулерінде жоғары оқу орнында маман даярлауға аса мән беріліп, жас педагог тұлғасын қалыптастыру мәселесі өз шешімін тапқан. Ұлы ағартушы Ы. Алтынсариннің «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені жақсы мұғалім – мектептің жүрегі» – деген сөзі бар.

Оқытушының кәсіби іс-әрекетінің табысты болуы, олардың еңбек ұжымы мен қоғам өміріне қаншалықты тез араласып кетуі мен өз кәсіби қызметтерін қаншалықты нәтижелі орындай алуына байланысты болып жатады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің жеке адамды қалыптастыруға, жетілдіруге және кәсіби шыңдауға бағытталған рөлі атап көрсетілген. Олар:

- педагогикалық дағдыларды жетілдіру;
- оқу жоспарында және пәндерді оқыту әдістемесінде тұрақты инновацияға талпыну;
- жоғары білім беретін мекемелердің элементі ретінде педагогикалық кадрлардың кәсіби деңгейінің өсуін қадағалау;

С.Л. Рубинштейн «Оқып-үйрену мақсатындағы оқу әрекеті, яғни, белгілі әрекетті орындаудың тәсілін игеру мен белгілі бір нәтиже алу мақсатындағы іскерлік әрекет – бұл психологиялық тұрғыдан алғанда әр түрлі әрекеттер».

Кәсіби педагогикалық іс-әрекеттегі танымдық әрекеттер, өзінің кәсіби шеберлігіне талдау жасауында, әдістемелеп және психологиялық-педагогикалық әдебиеттермен қарулануында тәлімгер ұстаздардың тәжірибесін қолдануында жүзеге асады. Оқытушы өз жұмысын атқару барысында әдістеменің талаптарына сай сабақтың барлық түрлерін, типтерін жоспарлайды және сабақтан тыс қоғамдық жұмыстар да оның іс-әрекетінің құрылымына кіреді.

Маманның кәсіби іс-әрекетке табысты бейімделуінің үлгісі:

1. Мотивациялық өлшемдер:

- Өзінің кәсіби іс-әрекетіне деген қызығуы. Өзінің кәсіби шеберлігін дамыта алуы.

Көрсеткіштер:

- таным және кәсіптік қызығудың болуы;
- үздіксіз білім көтерудің жеке және қоғамдық маңыздылығын игеруі.

2. Бейімділік өлшемдер:

- бейімділік жағдайына бағдарлай алуы;
- микроорта өзгерістеріне сай іс-әрекетін өзгертуі.

Көрсеткіштер:

- студент мәртебесінен мұғалім мәртебесіне ауысу ерекшелігін сезіну;
- бейімділік іс-әрекетіне тән қиыншылықтарды жеңе алуы.

4. Танымдық өлшемдер:

- әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны жедел тани алуы;
- өзін кәсіби жүзеге асырудың нәтижесі әдіс-тәсілдерін пайдалануы.

Көрсеткіштер:

- жеке адамның базалық, мәдениет, кәсіптік білімін тәжірибеде қолдана алуы;
- әлеуметтік қоршаған ортаны және жаңа талаптар біліп тануы.

5. Кәсіби педагогикалық өлшемдер:

- өзінің кәсіби іс-әрекетінің мақсаты мен міндетін анықтай алуы;
- педагогикалық кәсіби қарым-қатынастың үрдісті жүзеге асыруы.

Көрсеткіштер:

- өз пәнін кәсіби жете білуі;
- оқыту тәрбиесі – психологиялық, педагогикалық негіздерін білуі;
- педагогикалық үрдісті жоспарлап, жүзеге асыра білуі болып табылады.

Мотивациялық бөлігі таным мен кәсіптік қызығуын, педагогикалық іс-әрекетке эмоцияналды жағымды нұсқаудың болуын, кәсіби шеберлігін ұштауға талпынысын көрсетеді.

Бейімділік бөлігі танымдық іс-қимылдың жүзеге асуын педагогикалық қарым-қатынасты орната алу іскерлігі мен дағдыларын сипаттайды.

Танымдық бөлігі педагогикалық үрдістің негізгі сипаттамасын білуі мен кәсіби біліктілігін тәжірибеде қолдана алуын айғақтайды. Іс-әрекеттік немесе кәсіби-педагогикалық үрдісті жоспарлап жүзеге асыра білуін, өзінің және оқушылардың іс-әрекеттеріне талдау жасай алуын танытады.

Оқытушы қандай болуы керек?

Біріншіден, оқытушы жеке көзқарасы бар және соны қорғай білетін жігерлі тұлға және маман ұстаз болуы қажет. Зерттеушілік, ойшылдық қасиеті бар оқытушы жалтақ болмайды.

Екіншіден, оқытушы педагогикалық, психологиялық білімін жетілдіріп үйренумен қатар, сол білімін күнделікті ісіне шебер пайдалана білуі қажет. Ғаламдану үдерісіне сай тыңдаушының кез келген сұрағына жауап бере алуы керек. Көп білуі үшін көп оқу керек. Сонымен қатар қазіргі заманауи қажеттілік – «ғаламтор» жүйесін жақсы меңгеруі де өте қажет.

Үшіншіден, стандартты оқулықтарды пайдалану оқытушының білім берудегі жетекші рөлін жойды. Енді білім негіздерін өз бетінше оқып үйренуіне тыңдаушыны баулу міндеті тұр.

Төртіншіден, оқытушының ұйымдастырушылық, құрылымдық, бейімділік, сараптамалық қабілеттерімен қатар өз бойындағы педагогикалық жағдаяттарды, құбылыстарды талдай білуі, солардың пайда болу себеп-салдарын анықтай білуі шарт. [2, 3-9]

Бесіншіден, оқытушының адамгершілік, саяси-идеялық ұстанымы жұмысында көрініс тауып, ол ұстанымды тыңдаушы тәрбиесіне негіз етіп алуы шарт. Қысқасы, тыңдаушы ықпал ету объектісі емес, ынтымақтаса қызмет ететін тұлғаға айналуы керек. Әрбір оқытушы ұлттық құндылықтарды меңгеріп өз ісінде инновациялық әдістерді пайдалануы тиіс.

Оқытушының сан-салалы, алуан-қырлы, ізденіс-толғанысы, білім деңгейі, әдістемелік, ұстаздық біліктілігі, шеберлігі сабақтан көрініс табады. Сабақты жаңаша ұйымдастырып, өзіндік тың ізденістерге талпынған ұстаздың ұтары анық. Сабақ өту барысында ұстаз ерекшелігі – оқу материалдарымен және білім алушылармен жұмыс жүргізуінде. Осыдан оның жұмысының екі бағыты айқындалады: I. Оқытушы оқу материалдарын терең меңгеруге және өзі сабақ беретін пәнді негізді түрде білуге, сонымен қатар ол материалдарды өткенде тыңдаушыларға нақтырақ түсінік беру жолдарын қарастыру; II. Оқытушы білім алушылардың психологиясы мен қабілеттіліктерін білуі тиіс, сабақтан тыс уақыттағы тыңдаушыларды оқыту мен тәрбиелеуге және олардың дұрыс дамуына қажетті педагогикалық, әдістемелік, сонымен қатар арнайы білімдердің, іскерлік пен дағдылардың және оқыту мен тәрбие берудің мақсаты мен міндеттеріне сүйенуі қажет.

Жоғары оқу орындарында оқыту мен тәрбие беру үдерістерін бір-бірімен байланыстыра отырып, білім алушылардың бойында ғылыми дүниетанымын, адамгершілік, саяси саналарын, еңбек сүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру – әрбір оқытушының міндеті.

Әдебиеттер

1. Н.Ә.Назарбаев. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам. Алматы, 2012,37-б.;
2. Коккозова М.Б., Наралиева Р., Амирова М.Ж., Масимбаева А.Ә. Педагогтің танымы мен тағылымы. ҚазҰУ, 2015, 3-96б.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК – ПЕДАГОГТИҢ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙІ

Наралиева Р.Т., Наханова А.П.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ; №181 орта мектептің мұғалімі

Отанымыздағы білім ордаларында оқу үдерісі мен тәрбие жұмыстарын тығыз байланыстыра отырып, білім алушылардың бойында ғылыми дүниетанымын, адамгершілік, саяси саналарын, еңбекқорлық, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру – әрбір ұстаздың парызы. Себебі ұстаз – білім

алушының жеке тұлғасын қалыптастырушы, маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің бастаушысы, жарқын үлгісі, олардың қиялын самғатып, арманын көкке ұмсындырушы тұлға. М.Жұмабаев: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып келе жатқан тақта жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті». Сондықтан да әрбір ұстаздың кәсіптік білімі ұлттық тәлім, тәрбиемен біте қайнасып жатуы керек, олай етпей білім берем деу құр әурешілік. Жас буынға ата тегін қадірлеу, ел намысын қорғау, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін, сөз асылын құрметтеу, туыскандық ережелерді сақтау, табиғатты аялау, дала философиясын білу, оның заңдылығынан шықпау сияқты өмірге қажетті қағидаларды ұстаз сіңіре білуі керек.

Ұстаздың кәсіптік рөлі, орны, педагогтік кәсіптік мінез-құлқының этика – деонтологиялық нормалары болады.

Педагогтің өзін-өзі жігерлендіру теориясы, тұлға құрылымы, «маман моделі», педагогтің білім алушы тұлғасын жете түсіне білу қабілеті, оның сөйлеу тілі, тіл мәдениеті, оған қойылатын талаптар, экспрессивтілік т.б. сабақта психологиялық комфорт жасай білуі, сабақты қызықты өтуге, өтілген материалды шәкіртінің тез ұғып түсінуге толық жағдай жасай алуына бағытталуы тиіс.

Тұлғаның өзін-өзі жетілдіруі үнемі шығармашылық ізденіске байланысты болады. Курстар, сатылай білім алу арқылы дәреже-деңгейін көтереді. Психологиялық ұстанымдылықты қалыптастырады. Жүйке жүйесі (стресс, дистресс) кикілжің себептерін ашу үшін психогигиенаның негізгі ережелерін біліп, оны қолдана алады. Педагогтің басқаны өзіне сендіру өнері. Білім алушының өзіне, қабілетіне сендірудің ғылыми негіздері, ұғымы, тәлім-тәрбиеге әсері, әдіс-тәсіл ережелері бар. Педагогтің кереғарлық жағдайларды басқара білу қабілеттері де болуы керек. Ол жағдайлардың шығу мүмкіндігін білу, оны шешуде педагогтің басшылыққа алатын моральды-этикалық нормалары болуы керек.

Оқытушының кәсіби білік дағдыларын шыңдауы оның ұстаздық тәжірибе жинақтауының ең басты алғы шарты болып табылады. Оқытушының кәсіби білік дағдылары өз кезегінде оның жеке кәсіби-педагогикалық мәдениетін көрсететін өлшем. Оған оқытушының жеке мәдени деңгейі, адамгершілігі, тәлім-тәрбиесі, ізденімпаздығы, зерттеушілігі жатады. Оқытушының ұйымдастырушылық, құрылымдық, бейімділік, сараптамалық қабілеттермен қатар өз бойындағы педагогикалық жағдаяттарды, құбылыстарды талдай білуі, солардың пайда болу себеп-салдарын анықтай білуі шарт [1, 3-9].

Оқытушы кәсіби білімін үздіксіз жетілдірген жағдайда ғана білім алушының танымдық, шығармашылық қабілетін дамытып, ғылымға деген қызығуын қалыптастыра алады. Сондай-ақ, оқытушы жаңалық жаршысы ретінде оқытудың тиімді тәсілдерін, озық тәжірибелерді сараптап шығармашылық ізденіс үстінде болуы керек.

Білім беру ісінде ұстаз – шешуші әрі басты тұлға. «Шәкірттің жақсы болмағы ұстазынан» деп тегін айтпаған. Ж.Аймауытов ұстаз қызметін былай сипаттайды: «Балаларға сабақ берумен, білім үйретумен оқытушының қызметі тәмам болмайды». Ол балаларды тәрбиелеуге, үгіттеуге міндетті, басқаша айтқанда, мұғалім қарапайым қызметкер емес, ол шәкірттердің алдағы өмірін, бір күндерде зарығатын, торығатын, қауіп-қатерге ұшырайтын өмірін көз алдына келтіріп, өз басынан кешірген тәжірибесіне сүйеніп, шәкірттерге келешекте жазатайым аяғын шалыс басып, өмірден соққы жеп өкінбеске күні бұрын сақтандыратын қорғаушысы, қамқоры.

Қазіргі әрбір білім алушы ерекше әлеуметтік топқа жатады, ол ертең зиялы қауымның қатарын толтыратын сауатты да саналы азамат – тұлға. Елінің өркенді істерін ертеңге жалғастырып, жерін, халқын сүйетін адал патриотты тәрбиелеу құзыреттілігі, ең жоғарғы құзыреттілік – ұстаздар қолында.

Білім алушыны – ЖОО оқытушысының бойындағы идеал, сенім, қағида, ұстаным (позиция), көзқарас, қызығушылықтарды үйлестіре алу, педагогтік талант, өз жұмысына деген сүйіспеншілік, педагогтік шеберлікті ұстау жолындағы талмай ізденіс, әр тыңдаушыға деген жеке назар, мәдени әдет-дағдыларды қалыптастыру сияқты қабілеттер қызықтырады. Педагог – «білімді беруші» ғана емес, бүгінгі жоғары білімді де жан-жақты дамыған мамандарды дайындау талаптарына жауап беретін толыққанды тұлға.

Педагогикалық шеберлік деген ұғымды әртүрлі мағынада түсінуге болады. Негізінен, педагогикалық шеберлік – педагогтің кәсіби іс-әрекетінің жоғары деңгейі. Шеберліктің нақты көрсеткіштері еңбек сапасына байланысты болады. Педагогтің педагогикалық жағдайларға сай мақсатты іс-әрекеті, оқыту мен тәрбиелеуде жоғары деңгейге жетуіне ұмтылысы іскерлік дағдыларын орнықтырады. Ұстаздың кәсіби шеберлігінің бір қыры, шәкірт бойындағы талантты тани білгендігінен байқалады. Мысалы. Бұл туралы орыс ғалымы Т.Воробьев былай дейді: «Социальные условия раскрытия таланта – широкая осведомленность о каждой профессии. Сколько нормальный человек знает профессий. За десять лет соцерзания учителей можно определять свою способность к

педагогике» [3,6]. Ұстаз шеберлігі мен, білім мөлшері, еңбегінің өлшемі, сапасы білім алушының білім көрсеткішінен, нәтижесінен нақты көрінеді.

Педагог тыңдаушыларды өз ғылымына үйрететін маман болу керек. Көптеген ғылыми жаңалықтарды ашу ісіне дайындығын, оқыту үстінде талантын, талабын байқауы, «ғалым-педагог» деген сөздің мағынасы тереңнен тануға жол ашады. Педагог шеберлігінің нақты көрсеткіштері оның жоғары деңгейдегі еңбегінің әртүрлі педагогикалық тәжірибелері арқылы нәтижелерге қол жеткізу болып табылады.

Нарыққа өту білім берудің, дамудың жаңаша бағыттарын әртүрлі кезеңнен эволюциялық жолының өзгеруіне әкеліп соқтырады. Бұл жолда өмір сүрудің нақтыланған жаңа жағдайлары қалыптасады. Жоғары технологиялық қоғамда ойдағыдай қызмет атқару үшін білім деңгейін біліктілік пен шеберлікті үнемі арттырып отыру керек. Тоқтаусыз білім беру – жаңа оқу ұстанымдарын негіздеуге бағыттайды. Тіпті бүгіннің өзінде адамның өзін-өзі дамытуы және өзін-өзі тәрбиелеуі, өмір бойы өзін-өзі жоғарғы деңгейге көтеруі, оқыту жүйелерінің сапасынан байқалады.

Педагогтік шеберлікке әртүрлі білім саласын біріктіре отырып, педагогикалық әдет-дағды жүйесін қалыптастырып және педагогтің жеке тұлғалық ерекшеліктерімен үйлестіргенде ғана педагог өз мақсатына жете алады.

Жоғары оқу орындарындағы пән ұстаздарының педагогикалық қызметі білім алушының дербес тұлға ретінде, маман ретінде қалыптасуына, оның тиісті дәрежеде мемлекеттік және ресми, шет тілдерді меңгеруіне, кәсіби дайындығына бағытталады. Пән оқытушыларының педагогикалық қызметі дәрісхана ерекшелігіне әртүрлі деңгейде ұйымдастырылады. Ұстаздық қызмет кәсіби немесе кәсіби емес сипатта болуы мүмкін. Кәсіби емес ұстаздық қызметпен іс жүзінде ересек адамдардың барлығы күнделікті өмірде шұғылдана алады. Тәрбиеші немесе ұстаз болу, тәлім бере алу мүмкіндігі мен құқығы кез-келген адамға кәсіби емес педагогикалық қызметті атқаруына септігін тигізеді.

Кәсіби емес педагогикалық қызмет атқарушы тұлғалар осы салаға қатысты мәселелерді кәсіби емес деңгейде шешеді. Тәрбие бере алу мүмкіндігі мен құқығы – әр адамның бойындағы қасиеттердің интеллектуалдық ортаның әлеуметтік-педагогикалық шарттарымен, оның өзге адамдармен қарым-қатынастарына орай сезімін, мінез-құлқын бейімдей ала білу қабілетімен ұштасады. Оқытушылық қызмет атқарудың негізгі шарттары әр адамның бойында болғанымен, бұл қызмет әрқашанда өз дәрежесінде танылып, жүзеге асырыла бермейді.

Кәсіби педагогикалық қызмет ұстаздар қызметінің басты функциясының, білім деңгейлерінің негізіне, ережелер мен әдістердің жүйесіне сүйене отырып, жүзеге асырылады. Оқытушы қызметіне, білім-тәрбие беру үдерісіне байланысты туындаған мәселелер педагогикалық кәсіби деңгейде қарастырылып шешіледі. Қазақ тілі пәні ұстаздарының жоғары оқу орындарындағы педагогикалық қызметінің басты бағыты қазақ тілі пәнінен білім алушының талабы мен сұранысына қарай өз деңгейінде білім беру және білім кеңістігінде оқу үдерісі мен тәрбие ісін тығыз байланыстыра отырып, білім алушы жас ұрпақты ұлттық құндылықтарды бағалай білуге, өз Отанын сүюге баулу болып табылады. Білім кеңістігінде атқаратын қызметіне орай ұстаздық іс-әрекеттерін жоспарлайды, қажетті оқу құралдарын, оқу үдерісіне керекті көрнекі құралдарды таңдай алады, педагогикалық міндеті мен жағдаятты, оқытушылық қызметінің өнімділігін, оқыту мен оқу сапасын сараптай алуы шарт. Пән оқытушысы өз қызметі мен міндетінің мәнін дұрыс түсінуі, қызметтің маңызының жоғарлығын сезінуі оқытушыға сәйкес дәрежеде қызмет етуіне және білімі-біліктілігін, ұстаздық шеберлігін үнемі дамытуына көмектеседі, жетілдіріп отыруына игі әсерін тигізеді.

Пән оқытушыларының ұстаздық іс-әрекетіне қатысты педагогикалық қызметтің құрылымы мен білімділік, біліктілік, педагогтік ептілік, әдіскерлік қасиеттерін сипаттайтын басты функцияларына мыналарды атап көрсетуге болады:

- 1) жоспарлау-жобалау;
- 2) тәрбиелік-дамытушылық;
- 3) білім берушілік;
- 4) ұйымдастырушылық;
- 5) қарым-қатынастық;
- 6) педагогикалық әдептілік пен ізет;
- 7) диагностикалық;
- 8) аналитикалық;
- 9) әлеуметтік-азаматтық;
- 10) ұстаздық шеберлік;
- 11) прагматикаға сәйкес әдіскерлік;
- 12) кәсіби біліктілік әрекеттері.

Педагогикалық функцияның негіздерінен басқа да педагогикалық үрдісте (оқытушылық дәстүрде) мақсат, міндет. Әдіс-тәсіл, оқу құралдары, оқу мазмұны, оқу түрлері, субъект, нысан (объект) білім деңгейі, дәрежесі, білім көрсеткіші, нәтижесі секілді компоненттері айрықша мәнге ие. Жоғары оқу орындарындағы пән оқытушыларының педагогикалық қызметін сипаттай келе және ұстаздық іс-әрекеттеріне талдай жасай отыра, қорыта айтқанда, оқытушылардың педагогикалық қызметі мен ұстаздың мақсаты қоғамның білім беру кеңістігінің талабы мен сұранысына қарай анықталады, отандық білім беру саласына тән ортақ мақсаттан бастау алады, прагматикаға сай пән оқытушыларын дәрісхана ерекшелігіне орай өз алдына нақты міндеттер қояды, функциясын нақтылайды, оқытушы іс-әрекетіне оқу жоспарына сай пәннің оқу-жұмыс бағдарламасын құрастырады, оқу үдерісіне қажетті оқу құралдарын, әдістемені, оқытудың түрін сараптап алады.

Педагогикалық іс-әрекеттің нысаны – білім кеңістігінде танып-білу үдерісінің ерекше белгісіне ие белсенді тұлға, рухани өмірдің интеллектуалдық қабілеті бар білім алушы жастар, болып табылады. Білім алу барысында, оқу жылдарында білім алушы жастар тұлға ретінде, маман ретінде қалыптасудың, рухани дамудың қарқынды жолынан өтеді. Оқытушы бүгінгі білімді студенттің ертең білікті маман әрі патриот азамат болып қалыптасуы үшін оқу үдерісін тәрбие ісімен әрқашанда ұштастыра ұйымдастыруы қажет. Оқытушы қызметінің бір қыры білім алушылардың әрекеттеріне басшылық ету ісімен байланысты болады. Оқытушының басқару ісі білім алушымен өзара қарым-қатынастың негізінде құрылады. Педагог нақты уақыт аралығында, оқу кезеңдерінде ғана білім алушылармен жұмыс істегенімен, білім алушылардың болашағына бағдар береді, келешегіне жол сілтеу сілтейді, үміт отын жағады. Қорыта айтқанда, жоғары мектептегі пән оқытушылары жоғары оқу орнындағы педагогикалық қызметтің құрылымы мен күрделілігіне орай, міндеті мен талабына сай тиісті алуан түрлі функцияларды атқарады.

Әдебиеттер

1. Коккозова М.Б., Наралиева Р., Амирова М.Ж., Масимбаева А.Ә. Педагогтің танымы мен тағылымы. ҚазҰУ, 2015, 3-9 бб.
2. Т.Воробьев. Ищи свой талант. Москва, 1983, стр.6.

ИНФОРМАЦИОННО-ДЕЯТЕЛЬНОСТНОЕ ОБУЧЕНИЕ КАК ОСНОВА ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННОЙ КОМПЕТЕНЦИИ БУДУЩЕГО СПЕЦИАЛИСТА

Наурызбаева Г.К.

Алматинский университет энергетики и связи

Одна из главных задач образовательной политики – обеспечение современного качества образования на основе сохранения его фундаментальности и соответствия актуальным и перспективным потребностям личности. Глубокое реформирование образования, постоянное увеличение объема информации при ограниченном сроке обучения в вузах поставили перед системой профессиональной подготовки специалистов ряд серьезных проблем.

Из ключевых нами выделяется перевод подготовки студентов на качественно новый уровень, отвечающий современным требованиям, с учетом уровневой структуры высшего образования в Казахстане, интенсификация учебного процесса за счет сочетания традиционных и (инновационных) форм, методов, средств обучения, основанная на внедрении современных технологий обучения. Проникновение в образование новых технологий требует рассматривать дидактический процесс как информационно-деятельностный, в котором студент не только овладевает навыками получения информации, но и развивает свою профессионально-ориентированную компетенцию.

Как в любой образовательной технологии по проблеме качества обучения, направленной на формирование профессионально-ориентированных компетенций, выделяются три главных аспекта: качество дидактических условий (информационно-деятельностное обучение), процесс реализации этих условий и результат обучения (личностные качества обучаемых, профессионально-ориентированные компетенции).

Профессионально-ориентированные компетенции отражают общую способность и готовность личности к деятельности, которая основана на знаниях и опыте, приобретенных благодаря обучению.

Эти знания и опыт ориентированы на участие личности в процессе образования и способствуют интеграции будущих специалистов в общество.

Профессионально-ориентированные компетенции нельзя определять только через какую-то определенную сумму знаний и умений, поскольку определяющую роль здесь играют обстоятельства. Специфика профессионально-ориентированных компетенций состоит в том, что они формируются посредством набора определенных действий преподавателя.

Одним из успешных направлений по формированию умений добывать и анализировать информацию является информационно-деятельностное обучение как система взаимосвязанных и взаимообусловленных пособий и других средств учебной деятельности (методических руководств к различным видам учебной деятельности, индивидуализированных заданий на СРС, конспектов лекций, планов практических заданий и самостоятельного изучения теоретического материала и т.д.). В новых условиях увеличения объема и усиления роли самостоятельной работы студентов в учебном процессе только методически структурированная информация может быть воспринята студентами и усвоена на должном уровне. То, что подчас называют самостоятельной работой студента по изучению теоретического материала, во многом – формализм: прочитать самостоятельно текст, записать формулы студент может, но глубоко понять и научиться работать с данным материалом, сделать его «своим» – вряд ли. Для системного усвоения материала студенту (даже при наличии огромного желания) необходимы месяцы работы, и только квалифицированный преподаватель, знакомый с психологическими особенностями учебной деятельности и владеющий методикой преподавания, может помочь студенту сэкономить время, преобразуя профессиональные знания педагогов в учебные.

В данном исследовании информационно-деятельностное обучение классифицируется в соответствии с содержанием профессионально-ориентированных компетенций на следующие этапы:

- а) приобретение знаний;
- б) формирование умений и навыков;
- в) применение знаний;
- г) творческая деятельность;
- д) закрепление знаний, умений и навыков;
- е) проверка знаний, умений и навыков.

В соответствии с выделенными этапами студент может быть охарактеризован по наличию у него знаний, умений и навыков, владению способами деятельности, задаваемыми по отношению к определенному кругу предметов и процессов, а также необходимыми, для качественного и продуктивного воздействия по отношению к нему, на его личные качества, «заточенные» под выполняемую учебную деятельность, на его отношение к институту, его руководству, на его умение «вписываться» в обстановку вуза. Все эти показатели и составляют понятие *компетенций студента*. В свою очередь, профессионально-ориентированные компетенции (ПОК) могут быть представлены как профессионально-ориентированная подготовленность и способность студента или специалиста к выполнению задач и обязанностей не только в повседневной деятельности, но и как совокупность определенных качеств личности с высоким уровнем профессиональной подготовленности к профессиональной деятельности и эффективному взаимодействию с преподавателями и будущими коллегами.

Таким образом, профессионально-ориентированные компетенции являются одним из важнейших качеств студента. Компетенции включают в себя, как было отмечено, содержательный (знания) и процессуальный (умения) компоненты, т.к. компетентный студент не только понимает сущность возникшей проблемы, но и умеет решать ее практически (навыки).

На кафедре физики разрабатывается технология эффективного формирования профессионально-ориентированных компетенций студентов на младших курсах втуза на основе информационно-деятельностного подхода к обучению как ориентация всех компонентов обучения на приобретение будущим специалистом компетенций, необходимых для осуществления профессиональной деятельности.

Технология формирования ПОК основана на использовании информационно-деятельностного обучения с ориентацией его на объект будущей профессиональной деятельности специалиста. Такая технология способствует созданию педагогических условий по сближению учебно-познавательной деятельности студентов с их будущей профессиональной как основы формирования ПОК. В нашем случае она включает модель профессионально-направленного обучения, содержащей следующие блоки: модель деятельности бакалавра, модель ПОК, цели обучения, содержание, силлабус (методы,

средства, формы обучения) и деятельности преподавания и учения, а также результат обучения по формированию ПОК.

В свою очередь, профессионально-ориентированные компетенции включают в себя совокупность взаимосвязанных индивидуальных качеств личности (знаний, умений, навыков, способов деятельности, способностей), определяющих эффективность решения задач, которые возникают в процессе продуктивной трудовой деятельности. При этом компетентность – это перечень стандартов, которые четко описывают, что необходимо студенту для того, чтобы наилучшим образом выполнять свою работу в будущем.

Использование такой технологии даст возможность студенту, оказавшемуся в новых условиях обучения, успешно адаптироваться к ним, приобщиться к профессионально-ориентированным знаниям, умениям, навыкам, если его деятельность в вузе способствует формированию готовности к выполнению требований вуза, т.е. она должна осуществляться в особым образом созданных педагогических условиях, способствующих этому.

В результате использования информационно-деятельностного обучения в учебном процессе на наш взгляд повысится эмоциональный отклик студентов на процесс познания, мотивацию учебной деятельности, интерес на овладение новыми знаниями, умениями и практическом их применении способствуют развитию творческих способностей бакалавров, устной речи, умения формулировать и высказывать свою точку зрения, активизируют мышление. Использование преподавателем информационно-деятельностного обучения в учебном процессе способствует преодолению стереотипов в обучении, выработке новых подходов к практическим ситуациям, развитию творческих способностей студентов.

В работе представлена опытно-педагогическая работа на основе информационно-деятельностного обучения, которая проведена на базе Алматинского университета энергетики и связи как констатирующий эксперимент. Задача констатирующего эксперимента заключалась в выявлении уровней сформированности профессионально-ориентированной компетенции бакалавра. Результаты, полученные в ходе констатирующего эксперимента, подтвердили наше предположение о том, что отсутствие специально организованного информационно-деятельностного обучения на младших курсах сказывается на сформированности профессионально-ориентированной компетенции студентов: так, 61,7% студентов на первом и 37,8% на втором курсах показали низкий уровень профессионально-ориентированной компетенции; средний уровень – соответственно 33,9% и 36,7%.

Формирующий эксперимент проводился на факультете радиотехники и связи. Общее число студентов экспериментальных групп составило 103. Задача формирующего эксперимента заключается в формировании у бакалавра знаний, умений, навыков, стереотипов поведения, одним словом профессионально-ориентированных компетенций. В ходе формирующего эксперимента проводились диагностические «срезы»; на основе анализа полученных данных вырабатывались планы корректирующих мероприятий и воздействий. Формирующий эксперимент был проведен поэтапно:

1. Ориентирующий – внимание уделялось формированию базовых показателей мотивационного компонента, профессиональной направленности и познавательного интереса у бакалавра, ориентированию их в содержании формируемых теоретических знаний, интеллектуальных умений, практических навыков самообразования.

2. Формирующий – формирование основных показателей содержательного и процессуального компонентов, бакалавры были настроены на системное усвоение знаний, умений, навыков.

3. Развивающий – специфика заключалась в совершенствовании умений, навыков деятельности, соответствующих операциональному компоненту, в процессе выполнения поэтапно усложняющихся заданий.

4. Интегрирующий – формирование у бакалавров готовности к профессиональному самоопределению. Был проведен активный опрос, тестирование, прямое и косвенное, целенаправленное наблюдение, анализ экспертных оценок, и т.д.

Результаты проведенного эксперимента показали, что в экспериментальных и контрольных группах обнаруживается общая тенденция: по мере продвижения по этапам по формированию профессионально-ориентированных компетенций, происходит развитие исследуемого качества личности, однако характер динамики изменений оказался различным для экспериментальных и контрольных групп. Из данных, приведенных в таблице 1, видно, что число студентов с низким уровнем сформированности профессионально-ориентированных компетенций уменьшилось в экспериментальных группах весьма существенно: с 64,5% до 16,5%, т.е. на 48%, в то время как в контрольных группах – лишь на 23%. В то же время количество студентов с достаточным уровнем

сформированности профессионально-ориентированных компетенций в экспериментальных группах выросло с 5,3% до 39,7%, т.е. на 34%, и только на 21% в контрольных группах. Также можно отметить появление в экспериментальных группах заметно большего, по сравнению с контрольными группами, числа студентов с высоким уровнем профессионально-ориентированных компетенций.


Таблица 1

Уровни сформированности профессионально-ориентированных компетенций бакалавра на различных этапах опытно-педагогической работы на основе информационно-деятельностного обучения (в %).

| Уровни сформированности ПОК студентов | Экспериментальные группы | | | | | Контрольные группы | |
|---------------------------------------|--------------------------|-----------|------------|-------------|------------|-----------------------|------------|
| | Исходное состояние, % | I-этап, % | II-этап, % | III-этап, % | IV-этап, % | Исходное состояние, % | IV-этап, % |
| Низкий | 64,5 | 55 | 43,1 | 32,9 | 16,5 | 63,5 | 40 |
| Средний | 34,2 | 37,8 | 43,8 | 40,3 | 38,9 | 31,3 | 36,3 |
| Достаточный | 5,3 | 9,5 | 14,5 | 26,8 | 39,7 | 6,4 | 27,6 |
| Высокий | - | - | - | - | 4,9 | - | 1,3 |

Результаты среза дают возможность наблюдать положительную динамику изменения формируемого качества (рисунок 2).

Тот факт, что достижение высокого уровня профессионально-ориентированных компетенций с помощью информационно-деятельностного обучения отмечено лишь в единичных случаях, мы это рассматриваем как отражение специфики первого этапа («фазы» – по Н.Н. Нечаеву) процесса формирования исследуемого феномена. Указанная специфика заключается в том, что в процессе информационно-деятельностного обучения бакалавра закладываются основы для целесообразного использования своих возможностей, стереотипов поведения при решении профессиональных задач и все они направлены на приобретение знаний, умений, навыков, готовности самоопределения и на развитие мышления.



Таким образом, информационно-деятельностное обучение формирует у будущего специалиста знания, умения, навыки, стереотипы поведения, развивает мышление и создает необходимые условия для развития умений самостоятельно мыслить, ориентироваться в новой ситуации, находить свои подходы к решению проблем, память, речь, принципиально характеризуя индивидуальный стиль его деятельности, определяя процедуры поиска и формирования поставленной задачи.

Литература

1. Волынкин В.И. Педагогика в схемах и таблицах. 2-е изд. – Ростов н/Д: 2008. – С. 282.
2. Панфилова А.П. Инновационные педагогические технологии. Активное обучение. М.: 2009. – С. 192.
3. Афанасьев В.В., Сивов М.А. Математическая статистика в педагогике. Ярославль: ЯГПУ, 2010. – С. 76.
4. Якушева С.Д. Основы педагогического мастерства. М.: 2008. – С. 256.
5. Коджаспирова Г.М. Педагогика в схемах, таблицах и опорных конспектах. М.: 2008. – С. 256.
6. Пешкова В.Е. Педагогика. Курс лекций. АдыгГУ.: 2010, – С. 804.
7. Сивашинская Е.Ф. Педагогика современной школы. Курс лекций. Минск.: 2009,-С. 212.)
8. Панина Т.С., Вавилова Л.Н. Современные способы активизации обучения. 4-е изд., стер. – М.: 2008. – С. 176.
9. Подласый И.П. Энергоинформационная педагогика. М.: 2010. – С. 424.
10. Иванов Д.И. Компетенции и компетентностный подход в современном образовании. //Завуч. – 2008. – №1. – С.4-24.

ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДИКИ ДЕЯТЕЛЬНОСТНОГО ОБУЧЕНИЯ ДЛЯ СТУДЕНТОВ ВУЗА НА ЗАНЯТИЯХ ФИЗИКИ

Наурызбаева Г.К.

Алматинский университет энергетики и связи

Образовательные реформы настоящего времени ориентируют студентов на новый стиль и нацелены на развитие умений и навыков для дальнейшего обучения в течение всей жизни. Исследования в области физического образования являются частью усилий по улучшению фундаментального естественнонаучного образования и инициированы растущей очевидностью того, что традиционные методы оказываются все более неэффективными. Исследователи многих стран с тревогой отмечают, что физика перестала быть привлекательной для талантливых молодых людей, а для обычных студентов и школьников кажется абстрактной и бесполезной. Молодые люди очень интересуются новыми технологиями, но лежащая в их основе наука им совершенно безразлична.

Неоспоримым является тот факт, что лидирующее место в изучении физики принадлежит эксперименту. Лабораторный практикум дает студенту непосредственный опыт в изучении физических явлений, направлен на то, чтобы студент сконструировал свое собственное понимание физических идей. Предполагается, что студент в конечном итоге должен прийти к пониманию природы измерений и экспериментальной деятельности, но последние исследования ставят эти предположения под сомнение. С одной стороны, физпрактикум благополучно могут завершить студенты, которые мало понимают, что они делали. С другой стороны, те студенты, которые успешно завершают лабораторный практикум, зачастую способны продемонстрировать мастерство механической деятельности по вычислению среднего значения и стандартного отклонения, построения экспериментальных кривых, но не обнаруживают понимания основных концепций.

Важнейшим условием эффективности обучения является присутствие в образовательном процессе деятельностного подхода. Понятие «деятельность» трактуется в словаре Г. М. Коджаспирова как форма психической активности личности, направленной на познание и преобразование мира и самого человека.

В работах П. Я. Гальперина были заложены основы реализации деятельностного подхода, этапов глубокого и прочного усвоения понятий. Л. Г. Петерсон, достаточно полно разработав основы деятельностного подхода, апробировал его в виде этапов: постановка учебной задачи, открытие нового знания, первичное закрепление (комментирование), самостоятельная работа с проверкой в аудитории, решение тренировочных упражнений, контроль (принцип минимакса), решение задач на повторение.

Для успешной реализации технологии деятельностного метода требуется выполнение системы педагогических условий, сформулированных в виде дидактических принципов: принцип деятельности, принцип непрерывности, принцип целостного представления о мире, принцип минимакса, принцип психологической комфортности, принцип вариативности, принцип творчества.

В соответствии с ведущими целями занятия деятельностной направленности распределены в четыре группы: занятия построения нового знания, занятия рефлексии, занятия общеметодологической направленности, занятия развивающего контроля.

Занятия построения нового знания должны формировать способности обучающихся к новому способу действия и расширять понятийную базу за счет включения в нее новых элементов и содержат этапы.

На этапе «Постановка учебной задачи» ставится проблемный вопрос, создающий проблемную ситуацию, лично значимую для студента и формирующую у него потребность освоения того или иного понятия. Четко формулируется цель занятий.

Этап «Открытие» обучающимися нового знания должен осуществляться самими студентами в ходе дискуссии, обсуждения, диалога. Преподаватель предлагает систему вопросов и заданий, подводящих студентов к «открытию» нового знания. В завершение обсуждения он подводит итог, знакомя с общепринятой терминологией и общепринятыми алгоритмами действий. Диалогическая форма поиска истины – важнейший аспект данного этапа.

«Первичное закрепление» осуществляется через комментирование каждой искомой ситуации, проговаривание вслух установленных алгоритмов действия. Внешняя речь на данном этапе – одно из важнейших условий занятий построения нового знания, т.к. приводит к усилению эффекта усвоения материала. Озвученная внутренняя речь далее инициирует в сознании студента поисковую работу. Задача четвертого этапа – «Самоконтроль и самооценка». В процессе самоконтроля действие не сопровождается громкой речью, а переходит во внутренний план. Студент проговаривает алгоритм действия «про себя», как бы ведя диалог с предполагаемым оппонентом. Здесь же в индивидуальном порядке дорабатываются ошибки по новой теме, которые могли возникнуть на этапе самоконтроля. Положительная самооценка важна для каждого студента, поэтому надо сделать все возможное, чтобы откорректировать ситуацию на том же занятии.

Деятельностный метод, как правило, не предусматривает занятий «чистого» закрепления. Даже на занятиях отработки изученного материала, включаются новые элементы – это может быть углубление материала, выходящее за рамки обязательных результатов обучения, расширение кругозора, опережающая подготовка к изучению следующих тем. Такой подход – позволяет каждому студенту продвигаться вперед своим темпом: студент с невысоким уровнем подготовки имеют достаточно времени, чтобы «не спеша» усвоить материал, а более подготовленные студенты постоянно получают «пищу для ума», что делает занятия привлекательными для всех студентов и сильных, и слабых.

Завершающая контрольная работа должна быть предложена студентам на основе принципа минимакса (готовность по верхней планке знаний, контроль – по нижней). При таком условии будет сведена к минимуму негативная реакция студента на оценки, эмоциональное давление ожидаемого результата в виде отметки. Задача же преподавателя вывести оценку усвоения учебного материала по планке, необходимой для дальнейшего продвижения. Другие занятия деятельностной направленности: уроки рефлексии, уроки общеметодологической направленности, уроки развивающего контроля должны включаться в планирование.

Осуществление деятельностного подхода на занятиях физики проходит в виде таких элементов обучения:

- а) организация познавательной активности студентов;
- б) выделение задачного подхода;
- д) применение справочной литературы и мультимедиа сопровождения;
- е) организация исследовательской и проектной деятельности обучающихся.

Описанная технология обучения – деятельностный метод – может применяться при изучении любого предмета. Главным его отличием от традиционного «наглядного» метода является включение обучающихся в виды деятельности, которыми являются постановка учебной задачи, учебные действия, действия самоконтроля и самооценки.

Литература

1. Роберт И.В. Теория и методика информатизации образования (психолого-педагогический и технологический аспекты).- М.: ИИО РАО, 2008. –С. 274.
2. Мажитова Л.Х., Наурызбаева Г.К. Инфосфера обучения как основа реализации естественно научной подготовки бакалавров. – Мат-лы V международной научно-методической конференции «Инновации в образовании: ориентиры и тенденции». – 2013. – С. 182-185
3. Зеер Э.Ф., Павлова А.М., Садовникова Н.О. Профориентология: Теория и практика: учеб. пособие для высшей школы. -М: Академический проект; Екатеринбург: Деловая книга. 2004г. –С.192.

1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТІ ТҮСІНДІРУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

*Нусупбаева С.А., Ибрагимова М.Н., Мәжиқызы Н.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

«Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттері: қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынта-ықыласының арқасында тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды», – дейді Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Шынымен тәуелсіздігімізді қалпына келтіру біз үшін оңай болған жоқ. Қаншама ата-бабаларымыз, хандарымыз осы жолда құрбан болды. Сансыз тәуелсіздік үшін күрестер осының дәлелі. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс солардың бірі. Осы ауқымды тақырыпты тыңдаушыларға тез, түсінікті етіп жеткізуде біз әртүрлі видеолар мен көтеріліске байланысты суреттер, карталар, кестелер, «Амангелді» фильмінен үзінді қолданамыз.

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің отаршылдыққа, империализмге қарсы сипатын және ұлт-азаттық көтеріліске ұласқанын түсіндіру.

Дамытушылық: отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық көтеріліске талдау жасап, топтамалар арқылы тыңдаушылардың ой-өрісін дамыту.

Тәрбиелік: өз халқының тарихын оқып-білуге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ.

Сабақтың әдісі: Әңгіме, ауызша сұрау, тест, Мультимедиалық лекция, пікір-талас.

Сабақтың көрнекілігі: Мультимедиалық тақта, суреттер, тірек-сызбалар.

Пәнаралық байланыс: Дүние жүзі тарихы, география

Сабақ жоспары:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй жұмысын тексеру: I Дүние жүзілік соғыс кезіндегі Қазақстан бойынша ауызша, тест сұрақтарымен қайталау.

III. Жаңа тақырыпты түсіндіру: «1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс».

1. Қозғалыстың себептері, мақсаты, сипаты мен қозғаушы күштері.

2. Қозғалыстың басталуы мен басшылары. Қозғалыс туралы қазақ қоғамындағы сол кездегі көзқарастар.

3. Қозғалыстың Жетісу мен Торғайдағы орталығы.

4. Қозғалыстың жеңілу себептері, жеңілістің зардаптары, тарихи маңызы.

IV. Сабақты бекіту.

V. Қорытындылау.

VI. Үйге тапсырма.

VII. Бағалау.

III. Жаңа тақырыпты түсіндіру.

1. Бірінші дүниежүзілік соғыс сипаты жағынан әділетсіз, жаулаушылық, империалистік соғыс болды. Соғыс шеңберіне біртіндеп құрамында бір жарым миллиардтан астам халық бар 38 мемлекет кірді. Соғыс 1914 ж. 1 тамызда басталды. Империалистік соғысқа байланысты армия қатарына 77 миллион адам шақырылды. Қазақ даласынан көмек ретінде 1914-1916 жылдары Түркістан өлкесінен 2089 мың тонна мақта, 300 мың пұт ет, 70 мың жылқы, 13 мың түйе, 14 мыңға жуық киіз үй алынды. Жетісу облысынан 34 млн сом көмек көрсетті. 1914 жылы 9 қазан «Жетісудағы орыс қоныстарындағы дәулетті топтарды қаруландыру туралы» құпия бұйрығы шықты.

Соғыс туралы ұлт зиялылардың көзқарастары: Ә.Бөкейхановтың «Қазақ газетіндегі» мақаласы: «Тағы соғыс». «Бұл соғыстан жалпы жұртқа еш пайда жоқ. Нарлар алысар, ал шаруасын бұзып, қанын төгетін сорлы халық болар. Жиырмасыншы ғасырда Еуропа патшаларының қылған ісі кімнің алдында ақталмақ». Т.Рысқұлов: «1899 жылдан кейін қазақтар мен орыстардың арасындағы этностық жанжалдар даладағы өмірдің сипатты белгісіне айналды». 1913 жылы «Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды», – деп жазды А.Байтұрсынұлы.

Қазақ даласынан ет, мыңдаған жылқы мен түйе майданға жіберілді. Соғысты сылтау етіп, жұмысқа «ерікті түрде» шаруаларды пайдаланды. Көтеріліске себеп болған фактор:

1916 жылғы 25 маусымдағы патша үкіметінің «Түркістан мен Дала өлкесінен 19-43 аралығындағы 500 мың адамды қара жұмысқа алу туралы» жарлығының шығуы.

М.Дулатұлы айтқандай: «жұрт сендей соғылды, түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айырылды». Отарлауға дейінгі мемлекеттік жүйені қалпына келтірді. Көтеріліс бүкіл Қазақстанды, Орта Азияны, Сібір мен Кавказдың бір бөлігін қамтыды.

Қозғаушы күші – тұтастай халық бұқарасы.

Жетекші күші революцияшыл-демократияшыл зиялылар өкілдері: Жетісуда – Тұрар Рысқұлов, Тоқаш Бокин, Бекболат Әшекеев, Ұзақ Саурықов, Жәмеңке Мәмбетов, А.Қосақов; Торғайда – Әліби Жангелдин, Аманкелді Иманов; Орал облысы мен Бөкей ордасында – С.Мендешев, Әбдрахман Әйтиев; Маңғыстауда – Жалау Мынбаев; Ақтөбеде Ә.Майкөтов;

1916 жылғы 23 тамызда генерал-губернатор Куропаткиннің құпия бұйрығымен қара жұмыстан босатылғандар: басқармалардың лауазымды адамдары; төменгі полициялық шенділер; имам, молда, мүдәрістер; есепші, бухгалтерлер; жоғары оқу орындарындағы оқушылар; жоғарғы лауазымдар; Дворяндық және құрметті азаматтық құқықтарын пайдаланатындар.

Қазақ зиялыларының көтеріліс туралы ойлары екіге бөлінді:

Революцияшыл-демократияшыл топ өкілдері (Ә. Жангелдин, А.Иманов, Т.Бокин, С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов, С.Мендешев, Б.Алманов, Б.Әшекеев, Ж.Мәмбетов);

Либералдық-демократиялық зиялылары (Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов патша үкіметімен келісімпаздық (ымыраластық)).

1. Қазақтарды тыл жұмысына шақыруды дайындық жұмыстарынан кейін жүзеге асырып, уақыт ұту;

2. Қарусыз қалған халықты патша жазалауының құрбаны етпеу;

3. Ұлттық автономияны құру.

Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы бастаған қазақтың либерал-демократиялық зиялы қауымы басқа бағыт ұстанды. Олар қазақтарды «Ресей мемлекетінің бодандары, Отанның перзенті» деп санады. Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақ секілді іргелі жұрт өзгелер қатарында соғыс майданында қару-жарақ асынып, мемлекетті қорғауға лайық еді. Қатарда жоқ қара жұмысқа байлануын кемшілік санаймыз», – деп жазды. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы өздері қол қойған үндеуде екі баламаны алға тартты: «Бірі – барса, алынған жігіттер қазаға, бейнетке аз ұшырайды, екіншісі – «бармаймын»деп қарсылық қылса, елге зор бүліншілік келеді...»

1916 жылғы қазандағы үндеу хатында «Тыңдаңыздар қан төкпеніздер, қарсыласпаңыздар!»,–деп жазған.

3. Қозғалыстың Жетісудағы орталығы

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың ірі орталықтарының бірі Жетісу болды. Орасан зор өңірді түгелдей халықтық қозғалыстың жалыны шарпыды.

Қазақ және қырғыз еңбекшілерінің қимылдары патша әкімшілігін мазасыздандырмай қоймады.

1916 жылғы 20 шілдеде Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы болып тағайындалған генерал А.Куропаткин «Қандай амалды болса да қолданудан тайынбай, көтерілісшілерді бағындыруға», «Лаң салушыларға қарсы күресу үшін байырғы халықтың рулық немесе тайпалық араздығын пайдалануға» нұсқау берді.

Жетісу облысының генерал-губернаторы Фольбаум арандату шараларын қолданды:

Қоныстанушылардың ауылдарындағы кулактарды қаруландандырды.

Көтеріліс басшыларын тұтқындап, дереу дарға асуды бұйырды.

Жетісу қоныстанушыларының 94-і көтерілісшілердің шабылуына ұшырады.

Ұлтаралық қақтығыстар салдарынан 25 мыңнан астам орыс пен украин өліп жараланды.

Жетісудағы көтеріліс барысы:

Аз ғана уақыттың ішінде Шу мен Ыстықкөл маңындағы аумақты қамтыды.

10 мыңнан астам адам қырғыз-қазақ көтерілісшілері Тоқмақты қоршады.

5000 астам көтерілісші көтерілістің ең ірі орталықтарының бірі Қарқара жәрмеңкесін қоршады.

Жетісу көтерілісінің жетекшілері:

Верный уезі – Бекболат Әшекеев, Тоқаш Бокин;

Қарқара аймағын – Жәмеңке Мәмбетов, Ұзақ Саурықов;

Меркі ауданы, Құрақты болысында – А.Қосанов.

Патша үкіметінің жазалау шаралары. Жазалау экспедициясын жіберді: 14 батальон, 33 жүздік, 42 зеңбірек, 97 пулимёт командасы. Түркістан өлкесінде 347 адам атылды, 168 адам жер аударылды; 2 млн 510 мың 360 десятина тартып алынды. Жетісудағы 238 мыңнан аса қазақтар мен қырғыздар Қытайға жер аударылды. 37355 қазақ отбасылары құнарсыз аймаққа көшірілді.

1916 жылы 9 қыркүйекте жазалаушылар Бекболатты Боралдай асуында дарға асты. Жәмеңке Мәмбетов абақтыға қамалып, 12 басшымен азапталып өлтірілді. 1916 жылғы қазанда Жетісу көтерілісі талқандалды.

Зардаптары:

Жетісу губерниясы 53 мың шаруаға кеміді. Мал азайып, 1/3 бөлігі ғана қалды.

ТОРҒАЙДАҒЫ КӨТЕРІЛІС

Көтеріліс басшысы сардарбек Амангелді Иманов өзіндік тактика қолданды.

- *Жүйелі, тәртіпті әскер*

- *Мергендер жасақтарын құрды*

- *Әскери сап құрды, колоннамен жүргізді*

- *25 шақырым жер бұрын шолғыншы жіберіп отырды*

Амангелді Торғай, Ырғыз, Ақтөбе уездерінің ішінара Семей, Ақмола болыстарының бастарын біріктірді.

Торғай көтерілісінің ерекшелігі: Табанды болып, ұзаққа созылды. Басқарудың тәртіпке келтірілген жүйесі болды.

Көтеріліс барысы: 1916 жылы көтерілісшілер саны 20 мыңға жетсе; 1916 жылы 26 қарашада 50 мыңға жетті.

1916 жылы 22 қазанда Амангелді басшылығымен 15 мың көтерілісші Торғай қаласын қоршады. Оған генерал Лаврентьевтің 9 мың адамдық жазалаушы тобы жіберілді.

Көтерілісшілер қоршауды тоқтатып, 1916 жылы қарашада Түнқойма почта станциясы маңында подполковник Катоминнің отрядына шабуыл жасады.

Амангелдінің серігі, атакты мерген Кейкі батыр жасағы ерекше көзге түсті. Амангелдінің дүние танымының қалыптасуына ықпал еткен большевик Әліби Жангелдин (1884-1953) болды. Ол көтерілісшілердің «Рухани ұстазы» болды.

Торғай көтерілісінің негізгі шайқастары:

1917 жылы 13 қаңтар Татыр, Шошқалы қопа, Күйік қопа деген жерде 1 жазалаушы, 300 көтерілісші қаза болды.

1917 жылы 22-24 ақпан Доғал Үрпек, Ақшыған маңы болды. Жеңіліспен аяқталды. 40 сарбазды жазалаушылар қоршап алды. Көтеріліс аямай жанышталды. Торғай көтерілісі Ақпан төңкерісіне дейін жалғасты. 1917 жылы талқандалды.

Көтерілістің салдары: 3 мыңға жуық адам жауапқа тартылды. Оның 201-і өлім жазасына кесілді;

162-сі каторгаға айдалды. Жүздеген ауылдар тоналып, ауылдар өртелді. Жазықсыз адамдар атылды.

4. Көтерілістің жеңілуінің себептері: Бытыраңқылығы, ұйымшылдықтың жеткіліксіздігі. Әскери қарудың жеткіліксіздігі. Руаралық тартыстар. Жергілікті халықтар мен қазақтар арасындағы қақтығыстар. Ұлт зиялылардың бірлікте болмауы. Қазақ феодалдарының сатқындығы.

Салдары: Қазақтардың саны 0,5 млн-ға жуық кеміді.

Ә.Бөкейханов: «Қазақ-қырғыз осы көтерілісте көптеген адамын өлтіріп, шаруасын күйзелтсе де, келешекте қандай ел екенін білдірді».

Көтеріліс туралы жазылған шығармалар: «Қартқожа» – Ж.Аймауытов; «Қилы заман» – М.Әуезов; «Тар жол тайғақ кешу» – С.Сейфуллин; «Ботакөз» («Жұмбақ жалау») – С.Мұқанов.

Дала мен Түркістан өлкесінен 250 мыңнан астам адамды күштеп тыл жұмысына алды.

IV Сабақты бекіту. Пысықтау сұрақтары:

1. 1899 жылы Т.Рысқұлов не деп жазды?

2. 1916 жылы қандай оқиға болды?

3. Қазақ газетінде Ә.Бөкейханов «Тағы соғыс» мақаласында қозғаған мәселе ?

4. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің себебі?

5. 1916 жылы 25 маусымда қандай оқиға болды?

6. «Жүр сендей соғылды, түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айырылды» – деп жазған кім?

7. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің қозғаушы күші кімдер және сипаты қандай болды?

8. Жетісудағы қозғалыс басшыларының бірі Бекболат Әшекеев қалай жазаланды?

9. Қарқарадағы көтеріліс жетекшілерінің бірі Жәмеңке Мәмбетов қалай жазаланды?

1916 жылы Қазақстан жеріндегі қазақтардың саны қаншаға кеміді?

Тест (иә, жоқ)

1. 1916 жылғы 25 маусымдағы патша үкіметінің «Түркістан мен Дала өлкесінен 19-43 аралығындағы 500 мың адамды қара жұмысқа алу туралы» жарлығы шықты: иә

2. Бірінші Дүние жүзілік соғыс 1916 жылы басталды: жоқ (1914)

3. 1916 жылғы көтеріліс тек Торғай мен Жетісуда болды: жоқ (бүкіл Қазақстанда)
4. «Тағы соғыс» атты мақала «Айқапта» жарық көрді: жоқ («Қазақ» газетінде)
5. Жетісу көтерілісінің жетекшісі Бекболат Әшекеев: иә

Сәйкестендіру

«Қартқожа» – М.Әуезов
«Қилы заман» – Ж.Аймауытов
«Тар жол тайғақ кешу» – С.Мұқанов

Дұрыс жауабы

«Қартқожа» – Ж.Аймауытов
«Қилы заман» – М.Әуезов
«Тар жол тайғақ кешу» – С.Сейфуллин
«Ботакөз» (Жұмбақ жалау) – С.Мұқанов

V. Қорытындылау.

1916 жылғы Қазақстанның барлық аймақтарын қамтыған бүкілқазақтық сипаты бар аса ірі көтеріліс болды. Оның сан ғасырға созылған тәуелсіздік жолындағы азаттық үшін күресіндегі алар орны ерекше. Бұған қазақтармен қатар еліміздегі басқа ұлттар да қатысты. Қазақ өзінің жарты миллионға жуық халқынан айырылса да, Ресей құрамындағы халықтардың ішінде өзімен санасатын ұлт екенін дәлелдеді.

VI. Үйге тапсырма. Мәтінді меңгеріп «Тұлғаларды білейік» айдары бойынша көтеріліс қолбасшылары туралы мәлімет суреттер, деректер жинап келу, тестте келетін сұрақтармен жұмыс істеу.

VII. Бағалау.

Қорыта келе айтарымыз көтеріліс жайлы суреттер, слайдтар, Амангелді туралы фильм балалардың тақырыпты толық меңгеруіне зор мүмкіншілік жасайды. Ауызша оқиғаны баяндағанға карағанда видео, суреттер, кестелер балалардың оқиғамен байланысын жақындата түседі. Біз бұл жерде негізгі мақсатымыз тестке дайындауды да ұмытпауымыз қажет. Қиын тақырыпты меңгертіп алғаннан кейін, келесі сабақта әртүрлі тесттермен жұмыс жалғастыруға болады.

АУҒАН ТЫҢДАУШЫЛАРЫНА ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

*Нусупбаева С.А., Ибрагимова М.Н., Мәжиқызы Н.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Қазақстан Президенті келіссөздер барысында екі елдің сауда-экономикалық ынтымақтастығын әсіресе қазіргідей 400 миллион доллар шамасындағы өзара тауар айналымы көлемінің жеткіліксіздігі жағдайында түсу мәселесі басты тақырып болғанын атап өтті. Мемлекет басшысы Ауғанстанға 600 мың тоннадан астам Қазақстан астығын жеткізуге, сондай-ақ жол салу, құрылыс материалдарымен, локомотивпен және вагондармен қамтамасыз ету ісінде көмек көрсетуге қатысты уағдаластықтарға қол жеткізілгенін айтты.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның Ауғанстанды қиын кездерде әрдайым қолдағанына тоқталды. Атап айтқанда, 2002 жылдан бастап 20 миллион доллардың азық-түлігі жеткізілді, құқық қорғау органдарының қызметін нығайту үшін қаражат аударылды және ауған студенттерінің біздің елде білім алуы үшін 50 миллион доллар бөлінді.

Біз Ауғанстанның дамуын қамтамасыз ету үшін қолдан келетін көмекті жалғастыра береміз, – деді Мемлекет басшысы өзінің Астанадағы Ауғанстанның президентімен кездесуінде [1].

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ауғанстан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Білім беру саласындағы ынтымақтастық аясында гуманитарлық көмек көрсетіліп жатқаны баршаға аян. Бүгінгі таңда келісімшарт негізінде ауған жастары Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім алуда [2].

Қазақстанға 2010 жылдан бастап ауған жастарының алғашқы топтары келе бастады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде осы жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін ауған жастары тілдік дайындықтан өтуде. Біздің мақсатымыз ауған тыңдаушыларын жоғары оқу орнына дайындау. Ауған тыңдаушылары қазақ тілін алты апта меңгергеннен кейін басқа пәндер кіргізіле бастайды. Алғашқы аптада ауған тыңдаушыларына Қазақстан тарихын оқытуда біршама қиындықтар туындайды:

1. Топтағы деңгейдің әртүрлі болуы. Топ тәжік, пуштун, хазар, өзбек, түрікмен т.б. ұлттарынан құралуы мүмкін. Өзбек, түрікмен ұлттарының қазақ тіліне тілдерінің жақындығы Қазақстан тарихын меңгеруге еш қиындықтар туғызбайды. Сабақты өтуде топтағы әр тыңдаушының деңгейіне қарай оқытуға тура келеді. Ауғанстанның өзінде парсы тілін білмейтіндер көп кездеседі. Парсы тілін білмейтіндерге қазақ тілін меңгерту біршама қиын. Ал, қазақ тілін толық меңгермеген тыңдаушыға басқа пәндерді оқыту үлкен еңбекті талап етеді.

2. Қазақ тілін жаңадан оқып жатқан тыңдаушыға ғылыми тілдегі Қазақстан тарихын оқыта бастау олар үшін меңгере аламыз ба, деген қорқынышты тудырады. Алғашқы сабақтан кейін қорқыныштары азая түседі. Себебі, біз оңай дәрістен қиынға қарай бастаймыз.

3. Қазақстан тарихынан термин сөздер, жаңа сөздер көптеп кездесетіндіктен, сөздікпен жұмыс істеу басты жолға қойылады.

4. Дәрісті қалай жазамыз? Тақтаға ма? Жоқ, әлде слайдтар арқылы ма, немесе үй жұмысына береміз бе?

Шетелдік тыңдаушыларға бірінші сабақтан бастап Қазақстанның тарихымен қысқаша таныстыруды бастаймыз. Мысалы, Қазақстанның жалпы жер көлемін, дүние жүзінде жер көлемі бойынша тоғызыншы орын алатынын, 1731-1991 жылдары аралығында Ресейдің құрамында болғанын, бес мемлекетпен шекараласатынын, географиялық орналасуын, жер асты байлықтарын түсіндіреміз. Жеті аптадай уақыт осы дәрістерді түсіндіруге кетеді. Жеті аптадан кейін ежелгіден қазіргі уақытқа дейінгі Қазақстан тарихымен қысқаша таныстырып өтеміз. Бірінші күннен бастап Қазақстанның тәуелсіздік күнін, 1995 жылы қабылданған конституцияны, он төрт облысты картадан көрсетіп, әкімшілік орталықтарын жаттатамыз. Оңай деп саналатын 15 дәрістің көшірмесін жасап, қолдарына ұстатамыз. Бірінші дәріс слайдтар арқылы дәптерге жазылады. Әр дәрістің соңында жаңадан танысқан сөздерден сөздік жасалады. Сабақ барысында қазақ тілін екі ай ғана оқып жатқан тыңдаушыларға көшіріп жазу қиындықтар туғызатынын байқадық. Сондықтан келесі өтетін 2 немесе 3 дәрісті үйден жазып келуді және сөздік жасауды тапсырдық.

Бірінші сабақты түсіндіру бізге қиындық туғызбайды, себебі Қазақстанның тәуелсіздік алған күні мен қай мемлекеттермен шекараласатын, әкімшілік орталықтарын айтуда көп жаңа сөздер кездесе бермейді. Алғашқы сабақ оңай болғандықтан олардағы қорқыныш азая бастайды. Біз сабақты міндетті түрде Ауғанстан тарихымен байланыстыруға тырысамыз. Салыстыра отырып, түсіндіру сабақты тез қабылдауға көмектеседі. Мысалы, Қазақстан қай жылы тәуелсіздік алды? Тәуелсіздік деген сөз парсыша «азати» деген мағынаны білдіреді. Біздің қазақ тілінде де азаттық сөзі қолданылады. Жалпы, қазақ тіліне парсы тілінен үш мыңға тарта сөз кірген. Ауған тыңдаушыларының қазақ тілін тез меңгеруі осыдан деп білеміз. Енді, Ауғанстан қай жылы тәуелсіздік алды? деген сұраққа олар қиналса да құлшына жауап береді. Біз, тарих пәнінің оқытушылары ауған тыңдаушыларымен тығыз қатынас орнату үшін Ауғанстан тарихымен сабақ беру алдында біршама танысып шығамыз. Сабақты түсіндіріп болғаннан кейін жеке-жеке тыңдаушыларды оқытып, картаға шығарамыз. Үйге тапсырмаға:

1. Дәрісті көшіріп жазу;
2. Сөздік жасау;
3. Өткен дәрісті оқып, ауызша айтуға дайындалу;
4. Өткен тақырып бойынша картаны жаттау;

5. Минутқа оқып үйрену. Минутқа оқыту біздің түсінігімізше тек қазақ тілі сабағында қолданылуы керек десек, екі жылғы тәжірбие арқылы тарих сабағында да қолдануға болатынын түсіндік. Тыңдаушы минутқа оқуға дайындалғанда тарихи терминдер мен қиын сөздер жатталып, тез оқуды үйрене бастайды.

Үй тапсырмасын күнделікті тексеріп, бағалап отырған дұрыс. Тапсырма орындалмаған жағдайда белгіліп, келесі сабақта орындалуын қадағалап, барлығының үй тапсырмасын уақытымен тексеріп отыру қажет. Екінші сабақта олардың барлығы дәрісті көшіріп, сөздік жасап, аздап оқып, картаға біршама дайындалады. Бірақ, ауызша сабақ айтуға 50-60% тыңдаушы дайын болып шығады. Дайындалмай келген тыңдаушыға сұрақтар қойылып, тақтаға картаға шығарып, термин сөздерді жатқа жазғызып жұмыс істейміз. Бұл жерде олар дайындалмай келсе де сабаққа араласатынын сезінеді. Сабақтың соңында міндетті түрде тыңдаушыларды бағалап, дайындықсыз келгендердің бағасын біршама төмендетіп қоюымыз керек. Ауған тыңдаушылары бағаға келгенде бір-бірімен бәсекелесіп оқиды. Әрине бәсеке тек білім жағынан болғандықтан, қайсымыз қазақ тілін жақсы меңгердік деген мәселе тұрады. Егері, кез-келген тыңдаушы қазақ тілін жақсы білсе Қазақстан тарихынан ешқандай қиындық болмайды.

Қазақстан тарихын бір ай өткеннен кейін, тарих сөздерінен, терминдерінен құралған кішігірім диктант және тақтаға әр тыңдаушыны шығарып терминдерді есту бойынша жазғызамыз. Әр сабақта біздің осы әдістердің барлығын қолдануға уақыт жетеді. Ол үшін тыңдаушыларға уақытпен жұмыс істеуді үйрету керек:

1. Сабаққа уақытында келуді;
2. Әр сабақ басталмас бұрын, дәріс дәптерлерін топ басшылары жинап қоюды;
3. Күнделікті сабаққа қажетті проектор, карта дайындауды;
4. Сабақ айтуға әр тыңдаушының дайын болуы.

Алғашында бұл талаптардың барлығын орындауда тыңдаушылардың 90 % тапсырмалардың өте қиын екенін айтып, уақыттың жетіспейтіндігімен шағымданды. Екі ай өткеннен кейін біз тәжірбие жүргізген сегіз топ біршама жақсы нәтиже көрсете бастады. Бақылау жұмыстары басқа топтарда 25-30 сұрақтан тұрса, біздің топтарда 85 сұрақтан тұрды. Оларға бұл өткен тақырыптардың барлығынан қамтылғындықтан еш қиындық тудырмады.

Жылдың соңында осы бағытта жұмыс істей отырып қол жеткізген нәтиже:

1. Дәрістің барлығы сегіз топтың дәптерлерінде 100 % жазылды. Жазумен көп айналысқандықтан тыңдаушылардың жазулары түзелді. Біз жазу арқылы оларды келесі жылы жоғары оқу орнындағы дәрістерді жазуға дайындадық.

2. Әр тапсырманы дер кезінде орындауды, уақытпен жүруді үйренді.

3. Картаны 95 % тыңдаушы жатқа білді. Әр топтан бір-екі тыңдаушы ғана картаны сәл шатыстырды.

4. Сабақта тарихи диктант жазу өте жақсы жолға қойылып, тарихи терминдерді есту арқылы жазуды үйренді.

5. Дәрісхананы дайындау (карта ілу, проекторды алып келіп қосу, апару) әр күні кезекпен әр тыңдаушыға келіп отырғандықтан, көп тыңдаушы проекторды қосуды үйренді.

6. Минутқа оқуды біз бастауыш сыныптағы оқушыларға ғана тән деп ойлаймыз, бірақ 3-4 ай ғана қазақ тілін үйреніп, Қазақстан тарихын оқығандар үшін бұл өте қажет. Минутқа оқуға тыңдаушылар басында қарсы болғанымен, кейіннен жарысу үшін дайындалып келетін болды. Жыл соңында балалардың барлығы тез оқуды меңгерді.

7. Қазақстан тарихын алғаш өткенде әр топтан ауызша сабақ айту 50-60% ғана болса, жыл соңында 90 % жетті. Мысалы, әр топта он тыңдаушы болса, жыл соңында тоғыз сабақ айтуды үйренді.

8. Қазақстан тарихынан "Фараби оқулары" атты халықаралық студенттік конференцияға он бала қатысып, соның бесеуі жүлделі орынға ие болды. Конференцияға материалдарды жүз пайыз өздері дайындап, қорғаған уақытта қағазға қарамай жеткізді. Бұл Қазақстан тарихы сабағында жүргізген әдіс-тәсілдердің дұрыстығы деп ойлаймыз.

9. Сабақты әртүрлі өткізуге тырыстық. Басқа топтармен қосылғанда өз топтарымыздан білімдері жаттанды ма, деп тексеру үшін әртүрлі жолмен сабақ сұрадық. Мысалы, белгілі бір партия атынан президентке түсудегі өз бағдарламасын ұсыну туралы. Дайындыққа бес минут берілді. Халықаралық қатынас факультетіне дайындалып жатқан тыңдаушылардың қазақша өз бағдарламаларын қорғаған кезде сүйсінуден басқа амал қалмады. Келесі бір топтың тыңдаушысы басқа топтың тыңдаушыларына бір сабақ біз өткен дәрістерді қағазға қарамай, картаға шығып түсіндіруі біздің қол жеткізген нәтижеміз деп айта аламыз.

Қорыта келе айтарымыз, сабақта әр минутты тиімді пайдалану, талап ету, тынбай еңбек жасау арқылы шетел азаматтарына да аз уақытта Қазақстан тарихын меңгертуге болатынын жыл соңындағы көрсеткен нәтиже арқылы байқадық. Тыңдаушыларлар белгілі бір уақытқа дейін дәрістің талаптарын үйренуде қиналды. Бірақ жыл соңында өз нәтижелеріне риза болып, шексіз алғыстарын білдірді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының ресми сайты <http://www.akorda.kz/kz> 15 қараша
2. <http://alashainasy.kz/alashuni/augandagi-kazaktar--50899/>

ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Нусупбаева С.А., Ибрагимова М.Н., Мәжиқызы Н., Байдильдаева Л.Б.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Білім саласында жан-жақты тұлға қалыптастыру үшін оқу орындары түрлі жаңа технологиялар арқылы сабақ өту тәсілдерін қолдануда. Бүгінгі ақпараттық технологиялар заманында жастарымызды таңқалдыру өте қиын. Сабақта білім алушылардың назарын аударып, олардың белсенділігін арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді барынша қолдануға тура келеді. Және олардың даралығын қалыптастыру, ұйымдастыру қабілетін арттыру мақсатында білім алушыға түрлі тапсырмалар беру қажет. Осы орайда Қазақстан тарихынан Түрік қағанаты мен Моғолстан мемлекеттерінің арасындағы өтілген тақырыптарды білімалушыларға толық қабылдату үшін «Сандар сөйлейді» атты ойын жарысын ұйымдастыру тапсырылды. Ойын слайдтармен көркемделіп, видео сұрақтармен толықтырылды. Бұл білімалушылардың өзіндік жұмысының нәтижесін көрсетуге мүмкіндік береді. Қазақстан тарихынан ойын сабағы арқылы олардың көзбен көріп, есте сақтау қабілеттері артады. Кез-келген пән бойынша ойын элементтерін қолдану білімалушының жас ерекшелігін таңдамайды. Өйткені бүгінгі таңда адамдар тез жалығады, тез шаршайды. Сондықтан ойын элементтерін тіпті оқытушылармен өтетін семинарларда да жиі қолданып жатады. Бәсекелестікке толы мына заманда адамдар бір-бірімен жарысып, оза шапқанды ұнатады. Сол себепті бұл әдіс білімалушының ойын сергітеді, белсенділігін арттырады. Төменде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті, жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының тарих пәні оқытушылары ұйымдастырған сайыс түріндегі сабақ барысы көрсетілген.

Сайыс тақырыбы: «Сандар сөйлейді»

Кезеңі: Түрік қағанаты мен Моғолстан мемлекеттерінің аралығы. Сайыс 5 бөлімнен тұрады.

1-бөлім. Топтар жеребе алады. Сол жеребе бойынша қай топтың бірінші бастайтыны айқын болады. Сұрақтар интерактивті тақта арқылы жасырылады.

Бірінші бөлімде Түрік қағанаты мен Моғолстан мемлекеттерінің арасындағы мемлекеттерді билеген хандардың өмір сүрген, билік құрған және сол хандардың тұсындағы айтулы оқиғалар сұрақ ретінде жасырылады. Әр топқа 4 сұрақтан қойылады, бір сұрақ 5 ұпаймен бағаланады.

1-топ сұрақтары:

Бумын билік құрған жыл – 552 ж.

Меңгу Темір Билік құрған жылдар – 1266-1280 ж.ж.

Мұса қай жылы Ислам дінін мемлекеттік дін етіп жариялады – 960 ж.

Әмір Темір билік құрған жылдар – 1370-1405 ж.ж.

2-топ сұрақтары:

Шегу билік құрған уақыт – 610-618 ж.ж.

Сұлу қаған билік құрған уақыт – 715-738 ж.ж.

Жамұқа өзін "гурхан" деп жариялаған уақыт – 1201 ж.

Сатұқ Боғра хан билік еткен уақыт – 915-955 ж.ж.

3-топ сұрақтары:

Тоғылық Темір билікке келген уақыт – 1348 ж.

Әз Жәнібек билік құрған уақыт – 1342-1357 ж.ж.

Батый билік құрған уақыт – 1227-1255 ж.ж.

Ешбар Елтеріс билікке келген уақыт – 634 ж.

4-топ сұрақтары:

Үшлік билікке келген уақыт – 704 ж.

Әбілқайыр билеген жылдар – 1428-1468 ж.ж.

Берке билік құрған уақыт – 1257-1266 ж.ж.

Нұр-ад-дин билік құрған жылдар- 1426-1440 ж.ж.

2-бөлім. Топтан 1 тыңдаушы ғана қатысады. Тыңдаушыға мемлекеттердің өмір сүрген жылдары туралы сұрақ қойылады. Әр дұрыс жауапқа 5 ұпай беріледі.

Түрік қағанаты – 552-603 ж.ж.

Батыс Түрік қағанаты – 603-704 ж.ж.

Түргеш қағанаты – 704-756 ж.ж.

Қарлұқ қағанаты – 756-940 ж.ж.

Қимақ қағанаты – IX ғ. соңы – XI ғ. басы

Оғыз мемлекеті – IX ғ. соңы – XI ғ. ортасы
Қыпшақ қағанаты – XI ғ. басы – XIII ғ. басы
Қарақытай мемлекеті – 1125-1213 ж.ж.
Қарахан мемлекеті – 940-1212 ж.ж.

3-бөлім. Экранда көрсетілген ұяшықтарды таңдау арқылы қатысушылар сұрақтарға жауап береді. Ұяшықтарда белгілі бір хандық жасырылған, сол мемлекеттердің тайпаларын түгелімен айтып шығу керек.

1. Бұлақ, жікіл, ташлық – Қарлұқ
2. 5 нушеби, 5 дулу – Батыс Түрік қағанаты
3. 30-дан аса теле тайпалары – Түрік қағанаты
4. Үш жікіл, үш бескіл, бұлақ, тухси, көкеркін – Қарлұқ
5. байандур, имур, қайлар – Оғыз
6. эймур, байандур, татар, ланиқаз, ажларлар, имек, қыпшақ – Қимақ
7. Жікіл, яғма, қарлұқ, оғыз, қаңлы, үйсін – Қарахан мемлекеті
8. Қидан тайпалары – қарақытайлар
9. Елбөрілі, тоқсоба, иетиоба, дурут – қыпшақ
10. М.Қашқаридың жазуы бойынша 24 тайпадан тұрды – оғыздар
11. иетиоба, дурут, тоқсоба тайпаларының мағынасы – 4 тайпа, 7 тайпа, 9 тайпа.
12. Марвази оғыздарды неше тайпадан тұрған деп жазады – 12

4-бөлім. Топ бір ұяшық таңдайды. Әр ұяшықтарда бір хандық жасырылған. Сол бойынша мемлекеттерге қатысты барлық сан-сұрақтар қойылады.

Түрік

- 545 ж. – қытай елшісі келіп, екі ел арасында бейбіт қатынас орнайды
- 552 ж. – жужандар тас талқан болып жеңілді
- 555 ж. – Арал теңізіне жетті
- VI ғ. 70 жылдары – аумағы Солтүстік Кавказ бен Қара теңізге дейін жетті
- VI ғ. II жартысында – қағанат билігі Азияның біраз аймақтарын қамтыды
- 581ж. – қағанаттың өз ішінде соғыстар басталды
- 603 ж. – қағанат екіге бөлінді

Батыс Түрік

- 610-618 ж.ж. – Шегу
- 618-630 ж.ж. – Тон
- 627 ж. – Тон Византияға көмек беру үшін өзінің әскерін аттандырды
- 630 ж. – билік үшін талас басталды
- 640-657 ж.ж. – дулулар мен нушебилер арасындағы соғыс
- 634 ж. – Ешбар Елтеріс хан болды
- 659 ж. – қытайлар Жетісуға басып кірді
- 704 ж. – мемлекет құлады
- 706 ж. – Үшлік қайтыс болды

Түркеш

- 715-738 ж.ж. – Сұлу қаған билік құрды
- 717 ж. – Сұлу қаған Тан империясына сәтті сапар жасады
- 737 ж. – қарлұқтармен бірігіп, арабтарға қарсы соққы берді
- 748 ж. – Қытайлар Суябты басып алды
- 751 ж. – Атлах шайқасы болды
- 756 ж. – қағанат құлады

Қарлұқ

- 766-775 ж.ж. – Қашқарияны жаулап алып шығыстағы жерін кеңейтті
- IX ғ. басы – Ұйғыр қағанатынан жеңіледі
- 840 ж. – қырғыздармен бірігіп, ұйғырларды жеңеді
- 712-713 ж.ж. – Соғды, Шаш, Ферғаналықтармен бірігіп жүргізген күрес кезеңі
- 751 ж. – Атлах шайқасы
- VIII ғ. II жартысы-IX ғ. аяғы – қарлұқтар күресінің екінші кезеңі
- 940 ж. – қағанатты қашқардың түрік билеушілері құлатады

Оғыз

- IX ғ. соңы – мемлекет құрылды
- 24 – Қашқаридың жазуы бойынша тайпа саны

12 – Марвазидің жазуы бойынша тайпа саны

985 ж. – князь Владимирмен қосылып, бұлғарларға қарсы соғысады

X ғ. аяғы-XI ғ. басы – Әли хан билік құрған кезде мемлекет жағдайы нашарлайды

XI ғ. – күшейген қыпшақтар оғыздарды Сырдария, Арал бойынан ығыстырады

Қимақ

766-840 ж.ж. – Батыс Алтай, Тарбағатай, Алакөл ойпаттарында көшіп жүрді

840 ж. – әймур, байандур, т.б тайпалар қимақтар құрамына кірді

IX ғ. – тоғыз оғыздар жерін жаулап алды

X ғ. – Қарахан мемлекеті шабуыл жасайды

X ғ. – қимақ шонжарлары Ислам дінін қабылдайды

IX-XI ғ.ғ. – қимақтар өзіндік өсіп өркендеу жолы бар мемлекетке айналады

Қарахан

915-955 ж.ж. – Сатұқ-Боғра

960 ж. – Мұса хан Ислам дінін мемлекеттік дін етіп жариялады

X ғ. аяғы – Бұхара мен Самарқан, Сырдария бойы қалаларын жаулап алды

1141 ж. – Катун даласында қарахандар мен селжұқтар арасында соғыс болды

XII ғ. 30 жылдары – қарақытайлықтар басып кірді

955 ж. – Мұса хан билікке отырды

Қыпшақ

XI ғ. – Жетісудан басқа жерлерге иелік етті

X ғ. аяғы мен XI ғ. басы – қыпшақтар оғыздарды басып алды

XIII ғ. – Сыр бойы қалалары үшін Хорезм шахы Мұхаммед пен Қыпшақ арасында шайқастар

болды

XIII ғ. ортасында – Карпини мен Рубрук Қазақстанда болды

XII ғ. – құрамына қаңлы, қарлұқ, жікіл тайпалары құрамына кірді

11 – Қыпшақтардың батыс бірлестігіндегі тайпалар саны

16 – Шығыс бірлестігіндегі тайпалар саны

5-бөлім. Бұл бөлімде Қазақстан тарихының IX-XII ғасыр мәдениетіне байланысты видео сұрақтар қойылады.

1. Балбал тастар көп кездесетін аймақ – Оңтүстік Қазақстан.

2. Дың ескерткіштері көп сақталған аймақ – Тарбағатай, Маңғыстау.

3. Қыш құмаралар жасайтын шеберханалар орналасқан аймақ – Талғар, Тараз.

4. Мал өсірушілерден жиналатын салық – құшыр.

5. Маңғыт елі шығарған эпос – Едіге.

6. Мұсылман дінінің енуіне байланысты пайда болған ғимарат – мешіт.

Осылайша «Сандар сөйлейді» атты сайыс сабағымыз да өз мәресіне жетті. Соңында әр айналым бойынша жиналған ұпай сандарына қарай жеңімпаз анықталады.

Сонымен, қорыта келгенде, тарих пәнін оқытуда ойын элементтерін пайдаланудың қаншалықты маңызды екенін байқауға болады. Бұл әдісті қорытынды сабақ ретінде қолданудың нәтижелері: тыңдаушылардың көзбен көріп, есте сақтау қабілеті ұлғаяды; пәнге деген қызығушылықтары артады; ізденімпаздыққа үйретеді; белсенділікке, алға ұмтылушылыққа жетелейді.

Әдебиеттер

1. Құнапина Қ.Қ., Құмғанбаев Ж.Ж., Махаева А.Ш. Қазақстан тарихынан әдістемелік-анықтамалық нұсқау. 2011-2012 оқу жылы. 214-бет.
2. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан. А, 1995, 175-бет.
3. Қазақстан тарихы: талапкерге арналған оқулық-тест/ С.Ш.Талдахметов. Алматы: ШЫҢ-КІТАП, 2015-379 бет.

ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНА БАНК КАПИТАЛЫНЫҢ ЕНУІ

Оңгарова Ш.С.

Қазақ инновациялық-гуманитарлық заң университеті

Банк капиталының Қазақстанға енгізілу мерзімі XIX ғасырдың аяқ кезін қамтиды. Революцияға дейінгі Қазақстанның көп укладты экономикасында несиенің әртүрлі формалары дамыған. Қазақстанның несиелік жүйесі, негізінен, Ресей Федерациясының несиелік жүйесінің бір бөлігі


ретінде: мемлекеттік банк бөлімшелерінен, акционерлік, коммерциялық банктер филиалдарынан, өзара несие беру қоғамдарынан, қалалық қоғамдық банктерінен, ипотекалық несие банктері немесе ұсақ несие мекемелерінен және жинақ салаларынан тұрды.

Ресейдің мемлекеттік банкі 1860 ж. өз қызметін бастап, барлық несие жүйесіндегі – Орталық банк болып саналады және оның айналысқа қағаз ақшаларды шығаруда монополиялық құқығы болды.

Мемлекеттік банк бөлімшелері Қазақстан аумағында ірі сауда-өнеркәсіп орталығы болып саналатын Оралда (1876 ж.), Қызылжарда (1881ж.), Семейде (1887 ж.), Омбыда (1895ж.) және бұрынғы Верныйда (қазіргі Алматы) (1912 ж.) ашылып жұмыс жасады. Ірі коммерциялық банктер қатарында саналатын Сібір сауда банкісінің (1872 ж. құрылған) 57 филиалының жетеуі Қазақстанның бірқатар аудандарында, яғни Омбыда (1894 ж.), Семейде (1898 ж.), Қызылжарда (1905 ж.), Верныйда (1908 ж.), Ақмолада (1909 ж.), Қостанайда (1911 ж.) және Керекуде (1916 ж.) орналасты. [1, 17-20 б.]

Кеңес үкіметі тұсындағы банк ісінің моноциялануы 1917 жылы Қазан революциясынан кейін, банк ісінде мемлекеттік монополиялық ұйымдастыру қағидалары жүзеге асты. Бастапқыда мемлекеттік банк құрылып, жеке, коммерциялық және басқа банктерді ұлтшылдандыру нәтижесінде мемлекетке тиесілі салалық және аумақтық банктер етіп қайта құрылды. банктік жүйенің тағы бір басты буындары ретінде мемлекеттік еңбек жинақ қассалары қызмет етті. Мемлекеттік банктермен бірқатар Кеңес үкіметінің бастапқы жылдарында мемлекеттік емес несиелік мекемелер: кооперативтік және жеке меншікке негізделген, оның ішінде шетел капиталының қатысуымен құрылған мемлекеттік-капиталистік банктер қатары жұмыс істеді.

Қазақстан Республикасындағы банктік жүйенің қалыптасуы мен дамуы:



Қазақстан Республикасының экономикасы нарықтық қатынастарға көшу кезеңінде несиені басқарудың жүйесін және шаруашылық қызметіне банктік қызмет көрсету механизмін құру, банктер мен кәсіпорындардың қызметіне жетекшілік етуде экономикалық әдістерді қолдану; банк пен клиенттері, сонымен қатар, банктің өз жүйесі шеңберіндегі, оның жекелеген буындарының арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесін қайта құру, яғни жаңадан пайда болған нарықтық құбылыстар мен процестерді ескере отырып, принципті реформалаудың маңызы зор [2, 40-55 б.].

Қазақстан Республикасында банктік жүйені реформалаудың қажеттілігі, дүниежүзілік банктің мамандарының пікірінше, қысқа мерзімді мекемелер категориясының бар болуымен түсіндіріледі және оларды өз кезегінде макроэкономикалық реформасын жүргізуде кедергі етуі мүмкін деп санайды. Бірінші категорияға орталықтандырылған экономикадан мұра болып қалған мақсатты несие мен банктік тәжірибені мемлекеттік үлестіру жүйесінің ескі тәжірибесімен келісілген қаржылық ресурстарды дұрыс орналастырмау мәселесі; екінші категория мәселеріне банктердің «сапасыз» қарыздары мен мемлекеттік зиянды кәсіпорындарын жатқызады. Бұл мәселелер несие беруге қабілетті және жеке кәсіпорындардың қаржылық ресурстарға қол жеткізуіне кедергі болып, банктік қаржылық ресурстардың өміршең емес кәсіпорындардың пайдасына кетуіне жол береді.

Қазақстан Республикасының қазіргі банк жүйесінің құрылуы 1990 жылдың желтоқсанында ҚазКСР-нің Жоғары Кеңесі қабылдаған «Банктер және банк қызметі туралы» Заңынан бастау алады.

Заңға сәйкес республикада екі деңгейлі банк жүйесі құрылды: жоғары (бірінші) деңгейдегі банк – ҚазКСР-нің Мемлекеттік банкі және төменгі (екінші) деңгейдегі банк – коммерциялық банктер жүйесі [3, 61-64 б.].

Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының территориясында жинақталған несие ресурстары осы Заң шыққан күннен бастап Республика меншігі болып саналды. Мемлекеттік банк республиканың меншігі және оның Орталық банкі болып саналды. Оның айналымға монополиялы құқықпен ақша белгілерін эмиссиялауға, ақша-несие қатынастарын реттеуге, мемлекеттік бюджеттің кассалық жұмысын жүргізуде, республика территориясында коммерциялық банктер ашуға рұқсат беретін құқығы болды.

Кәсіпорындардың, ұйымдардың, кооперативтер мен азаматтардың несие-есеп жұмыстарын жүргізу үшін республика территориясында коммерциялық банктер мен басқа несие мекемелері ұйымдастырылды. Коммерциялық банктер өз жұмысында осы Заңды және Қазақстан Мемлекеттік банкісінің нұсқаулары мен ережелерін басшылыққа алды. Коммерциялық банктер мен басқа несие мекемелері мемлекеттік, ұжымдық, жеке және аралас (шетел капиталы қосылған) меншікте болып бөлінді. Қазақстан Заңдарына сәйкес *Мемлекеттік банк деп* (Орталық – Ұлттық банктен басқа) капиталы толығынан үкімет иелігіне, немесе акционерлік капиталдың басым бөлігі мемлекеттік құрылтайшылардың акциясы болғанда есептеледі.

1991-1993 жылдары елімізде экономиканың күрт құлдырауымен байланысты инфляция қарқыны өте жоғары болды. Оның тіпті кейбір кездерде 1000% – ға дейін жеткені көрінді. Нәтижесінде банктерде несиелік жұмсалымдар құрылымы әлдеқайда нашарлады, мерзімі өтіп кеткен несиелер үлесі ұлғайды. 1992 жылы Республикада басталған төлемсіздік дағдарысы кәсіпорындардың қаржылық жағдайына және жалпы экономикаға қатты әсер етті. Көптеген кәсіпорындар өнім өндіруді төмендетті, ал кейбіреулері өндірісті тіпті тоқтатуға мәжбүр болды.

Осылайша 1993 жылы өзіміздің төл ақшамыз теңгені енгізуге тура келді. Осыдан бастап ұлттық банкке ұлттық валютаның енуімен ақша-несие саясатын жүзеге асыру; бюджетпен, банктермен өзара қарым-қатынаста классикалық қағидаларды ендіру, банктердің қызметтерін реттеу жүйесін нығайтуға қатысты толық жауапкершілік жүктелді. /4. 23-26б./

Ұлттық валютаның енгізілуі сәтінен бастап, 1995 жылға дейін Орталық банктің қызметін атқару, жүйе қызметін реттеп отыратын нормативтік құжаттарды қарастыру және қабылдау тұрғысындағы дәстүрлермен тәжірибесі жоқ Ұлттық банк дербес түрде ақшалай-несиелік саясат жүргізу тәжірибесін қолға алды. Бұл кезең, сондай-ақ ұлттық валютаның бағаларды ырықтандыру саясатына орай шарттасылған ақша-несие құралдарының және факторлардың әрекетіне бейімделуі болатын. Сонымен бір мезгілде, 1995 жылы 15 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысымен бекітілген, 1995 ж. арналған Қазақстандағы банктік жүйені реформалаудың бірінші бағдарламасы жасалынды.

Қазақстан Ұлттық Банкі басқа елдердің орталық банктерімен және басқа банктермен қарым-қатынаста, халықаралық банктер мен басқа да қаржы-кредит ұйымдарында өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының мүддесін білдіреді.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» заңы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Қазақстан Республикасының Орталық банкі болып және республикадағы банк жүйесінің жоғары деңгейі болып табылады. Ұлттық банк бұл-эмиссиялық, резервтік, кассалық және есеп айырысу орталығы, норма шығару және бақылау құқығына ие, «банктердің банкі» рөлін атқарады, сондай-ақ, ақша-несие және валюта саясатын анықтайды.

Ұлттық банк – оның жоғарғы үкімет органы тұлғасындағы мемлекеттік біртұтас органы, бір ғана қол қоюшы және жарғылық қор иесі. Ол тек Қазақстан Республикасының Президентіне есеп береді.

Ұлттық банктің басты міндеті-ұлттық валюта теңгенің ішкі және сыртқы тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады [5, 85-98 б.].

Әдебиеттер

1. Сейітқасымов Ғ.С. Ақша, несие, банктер. – Алматы, 2001.
2. Мейірбеков А.Қ., Әлімбетов Қ.Ә. Кәсіпорын экономикасы. – Алматы, 2003.
3. Шеденов Ө.Қ., Байжомартов Ү.С., Жүнісов Б.А., Колегин Б.И. Экономикалық теория. – Алматы- Ақтөбе, 2002.
4. Мауленова С.С., Бекмолдин С.Қ., Құдайбергенов Е.Қ. Экономикалық теория. – Алматы, 2004.

САНДЫҚ МӘНДЕРІ БІРДЕН БЕРІЛМЕГЕН ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУДІҢ ӨЗГЕРІСТЕМЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Садыков Ж.С., Дауытгова Ж.Қ., Абдибекова К.Ж.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жоғары оқу орындарына түсуге үміткерлерді дайындық факультетінде көп жылдан бері математика пәнін оқытуда қолданылып жүрген кейбір әдістемелік жолдарына тоқтамақшымыз. Солардың бірі, геометриялық есептерінде жиі кездесетін қатынастарындағы байланыстарды, мүмкіншілігінше формула арқылы өрнектеп алынса, типтес күрделі есептерді шешеудің алгоритмдерінің пайдасы өте зор болады. ВС

Жиі кездесіп жүрген есептердің бірін қарастырайық.

1-есеп. ABC шбрышында $A \in BC$, $B_1 \in BC$, $AB_1 : B_1C = m : n$, $BA_1 : A_1C = p : q$, $AA_1 \cap BB_1 = O$. $AO : OA_1$ жне $BO : OB_1$


Қатынастары неге тең?

Жауабы: $\frac{AO}{OA_1} = \frac{m}{n} \cdot \left(\frac{q}{p} + 1\right)$.

$$\frac{BO}{OB_1} = \frac{p}{q} \left(\frac{n}{m} + 1\right).$$

Осы типтес есептерге алынған теңдіктерді дайын формулалар ретінде қараған дұрыс.

Дәлелі (1-сурет). Берілгені $\triangle ABC$



$AB_1 : B_1C = m : n$; $BA_1 : A_1C = p : q$. $AO : OA_1$ қандай?

Сәтті сүйеніш элемент алуға тырысамыз. Мысалы $A_1D \parallel BB_1$ болсын делік. Сонда бірнеше өзара ұқсас үшбұрыштар пайда болады екен.

Біріншіден, $\triangle AOB_1 \sim \triangle AA_1D$. Фалес теоремасы бойынша: $\frac{AO}{OA_1} = \frac{AB_1}{B_1D}$.

$\triangle CA_1D \sim \triangle CB_1B_1$. Осы үшбұрыштарда $\frac{CD}{DB_1} = \frac{CA_1}{A_1B} = \frac{q}{p}$. (2). Бөлшектің негізгі қасиетіне сүйеніп $\frac{AO}{OA_1} = \frac{AB_1}{B_1C} \cdot \frac{B_1C}{B_1D}$. Соңғы өрнекті әрі қарай түрлендірейік: $\frac{AO}{OA_1} = \frac{AB_1}{B_1C} \cdot \frac{A_1D+DC}{B_1D} = \frac{AB_1}{B_1C} \cdot \left(1 + \frac{DC}{B_1D}\right) = \frac{AB_1}{B_1C} \left(\frac{CA_1}{A_1B} + 1\right)$.


Осы теңдіктен $\frac{AO}{OA_1} = \frac{m}{n} \cdot \left(1 + \frac{q}{p}\right)$

Есте сақтауға кеңес. Үшбұрыштың А төбесінен сағат тілінің бағытымен жылжып іздеген формуланы алғанымыз көрініп тұр. Екінші формуланы алғанымыз көрініп тұр. Екінші формуланы үшбұрыштың В төбесінен сағат тілінің жүрісіне қарама қарсы жылжып алдық:

$$\frac{BO}{OB_1} = \frac{BA_1}{A_1C} \cdot \left(\frac{CB_1}{B_1C} + 1\right) \Leftrightarrow \frac{BO}{OB_1} = \frac{p}{q} \left(\frac{n}{m} + 1\right).$$

Соңғы формуланың дәлелін келтірейік.

2-суретте $B_1E \parallel A_1A$ болсын делік. Сонда B_1E кесіндісін тіректі элемент ретінде пайдаланып қызыққа батамыз! $\triangle BOA_1 \sim \triangle B_1EB$ ұқсас үшбұрыштар. Сондықтан $\frac{BO}{OB_1} = \frac{BA_1}{A_1E}$.



$$\triangle A_1CA \sim \triangle ECB_1, \text{ ендеше } \frac{CE}{EA_1} = \frac{CB_1}{B_1A} = \frac{n}{m}.$$


$$\frac{BO}{OB_1} = \frac{BA_1}{A_1C} \cdot \frac{A_1C}{A_1C} = \frac{BA_1}{A_1C} \cdot \left(\frac{A_1E + EC}{A_1E} \right) = \frac{BA_1}{A_1C} \cdot \left(1 + \frac{CE}{EA_1} \right).$$

Бұл жерде бөлшектің негізгі қасиетіне сүйеніп бөлшектің алымы мен бөліміне A_1C – а көбейтіп, бөлдік.

$\frac{BO}{OB_1} = \frac{p}{q} \cdot \left(1 + \frac{n}{m} \right)$. Екінші формула дәлелденді. Енді O нүктесі арқылы CC_1 түзуін жүргізейік. Сонда $AA_1 \cap BB_1 \cap CC_1 = O$ болып тұр. Көне заманда математиктер: үшбұрыштың төбесінен өткен 3 түзу қандай шартты қанағаттандыруы қажет деген мәселемен айналысыпты. (3-сурет).

$$\frac{CO}{OC_1} = \frac{CB_1}{B_1A} \cdot \left(\frac{AC_1}{C_1B} + 1 \right) = \frac{CA_1}{A_1B} \cdot \left(\frac{BC_1}{C_1A} + 1 \right),$$

$$\frac{CB_1}{B_1A} \cdot \frac{AB}{CB} = \frac{CA_1}{A_1B} \cdot \frac{BA}{C_1A}$$



Осы теңдіктен алынған


$$\frac{AC_1}{C_1B} \cdot \frac{BA_1}{A_1C} \cdot \frac{CB_1}{B_1A} = 1$$

формуланы Чева теоремасы дейді.

Жоғарыдағы әңгімеізге сәйкес тағы да бір сұраққа математиктер жауап іздеген екен. Үшбұрышты қиған түзудің бойында 3 нүкте жатуы үшін қандай шарт орындалуы қажет?

Үшбұрыштың қабырғасына параллель емес 1 түзуі BC, CA, AB қабырғаларын A_1, B_1, C_1 нүктелерінде қиып өтсін делік (4-сурет).

Үшбұрыштың 3 төбесінен осы түзуге 3 перпендикуляр түзулер жүргізілсін. Оларды $AN = h_1, BM = h_2, CD = h_3$ арқылы белгілейік.



Сонда төмендегі қатынастар орындалады:

$$\frac{AB_1}{B_1C} = \frac{h_1}{h_3}, \frac{CA_1}{A_1B} = \frac{h_2}{h_1}, \frac{BC_1}{C_1A} = \frac{h_3}{h_1}.$$

Осы қатынастарды мүшелеп көбейтсек,

$$\frac{AB_1}{B_1C} \cdot \frac{CA_1}{A_1B} \cdot \frac{BC_1}{C_1A} = 1 \quad (AA)$$

Бұл теңдікті бізге мұраға қалдырған жаңа дәуірде т.ғ өмір сүрген Менелей деген ғалым екен. Сондықтан (AA) формуласын сол кісінің атымен атауға келіскен. Алдағы мақсатымыз – алынған формулалардың көмегімен, әрүрлі деңгейдегі қиындықта берілген есептердің шығару жолдарын көрсету.

1-ші мысал. ABC үшбұрышында қабырғалары AB=12 см, AC=12 см, AA₁ бисектрисінде қиылысқан. AO : OA₁ және CO : OC₁ қатынастарының мәндері қандай?

Шешуі

(5-сурет).

ΔABC; A₁ ∈ BC; C₁ ∈ AB, AA₁ ∩ CC₁ = O, AC = 8 см, AB = 12 см; AO : OA₁? CO : OC₁?

AA₁ бисектриса болғандықтан:

$$\frac{BA_1}{A_1C} = \frac{AB}{AC} = \frac{12}{8} = \frac{3}{2}; \quad \boxed{\frac{BA_1}{A_1C} = \frac{3}{2}}$$

Медианың қасиеті бойынша $\boxed{\frac{AC_1}{C_1B} = \frac{1}{1}}$

$$\text{Ендеше } \frac{AO}{OA_1} = \frac{AC_1}{C_1B} \cdot \left(\frac{BA_1}{A_1C} + 1 \right) = \frac{1}{1} \cdot \left(\frac{3}{2} + 1 \right); \quad \boxed{\frac{AO}{OA_1} = \frac{5}{2}}$$

$$\text{Ал } \frac{CO}{OC_1} = \frac{CA_1}{A_1B} \cdot \left(\frac{BC_1}{C_1B} + 1 \right) = \frac{2}{3} \cdot \left(\frac{1}{1} + 1 \right); \quad \boxed{\frac{CO}{OC_1} = \frac{4}{3}}$$

Енді BO ∩ AC = B₁ болса: Онда

$$\frac{AB_1}{B_1C} \cdot \frac{CA_1}{A_1B} \cdot \frac{BC_1}{C_1A} = 1, \quad \frac{AB_1}{B_1C} \cdot \frac{2}{3} \cdot \frac{1}{1} = 1; \quad \boxed{\frac{AB_1}{B_1C} = \frac{3}{2}}$$


$$\frac{BO}{OB_1} = \frac{BC_1}{C_1A} \cdot \left(\frac{AB_1}{B_1C} + 1 \right) = \frac{1}{1} \cdot \left(\frac{3}{2} + 1 \right); \quad \boxed{\frac{BO}{OB_1} = \frac{5}{2}}$$

2-мысал. ABC үшбұрышында A₁ ∈ CB, B₁ ∈ AC, AA₁ ∩ BB₁ = O, A₁B₁ ∩ CO = O₁, C₁ ∈ AB, AO : AO₁ = 2 : 3; BO : OB₁ = 4 : 1, BA₁O₁C₁ төртбұрышының ауданы S₀ болғанда барлық кесінділер мен пайда болған үшбұрыштардың ауданы қандай?

P.S. тегінде есептің шартында бір ғана элементтің, мысалы A₁O₁ : O₁B₁ қатынасының мәнін сұрауы мүмкін. Сол сияқты, мысалы A₁O₁O үшбұрышының ауданын сұрауы мүмкін.

Біздер сіздермен біріге отырып, біріншіден, барлық қатынастардың мәндерін, екіншіден үшбұрыштардың мәндері S₀-дің сандық мәні берілгендегі жауабын көрсетпекшіміз. Бірінші топтағы есептерді шешу жолдары. Алдымен есептің мазмұнына сәйкес 6-суретке жүгінейік. Бұрынғы алынған теңдіктерге сүйенеміз.

$\frac{AO}{OA_1} = \frac{2}{3}; \frac{BO}{OB_1} = \frac{4}{1}$. Осы теңдікті ескеріп жүйе құрып оны шешеміз.



$$\begin{cases} \frac{AO}{OA_1} = \frac{AB_1}{B_1C} \cdot \left(\frac{CA_1}{A_1B} + 1 \right), \\ \frac{BO}{OB_1} = \frac{BA_1}{A_1C} \cdot \left(\frac{CB_1}{B_1A} + 1 \right), \end{cases}$$

Әріптердің көптігі оқушының назарына бөгет жасауы мүмкін. Сондықтан жаңадан белгісіздер енгізген тиімді болады:

$$\frac{AB_1}{B_1C} = x; \frac{B_1C}{AB_1} = \frac{1}{x}; \frac{CA_1}{A_1B} = y; \frac{A_1B}{A_1C} = \frac{1}{y} \text{ болсын делік.}$$

$$\text{Сонда } \begin{cases} x(y+1) = \frac{2}{3} \\ \frac{1}{y} \cdot \left(\frac{1}{x} + 1\right) = \frac{4}{1} \end{cases}$$

$$\text{Екі белгісізді бар сызықтық теңдеулер жүйесін құрдық. } \frac{1}{y} \left(\frac{1}{x} + 1\right) = 4; \frac{1}{x} = 4y - 1; \boxed{x = \frac{1}{4y-1}}$$

$$x \cdot (y+1) = \frac{2}{3}; \frac{y+1}{4y-1} = \frac{2}{3}; 3y+3 = 8y-2; y = 1 \text{ болды. Немесе } \frac{CA_1}{A_1B} = y = 1;$$

AA_1 – үшбұрыштың бір медиасы екен.

$$\text{Бірінші есептің шешуі: } \begin{cases} \frac{CA_1}{A_1B} = \frac{1}{1} \end{cases}$$

$$x = \frac{1}{4y-1} \text{ тедігінен } x = \frac{1}{3}; \frac{AB_1}{B_1C} = \frac{1}{3}$$

$$\text{Екінші есептің жауабы: } \begin{cases} \frac{AB_1}{B_1C} = \frac{1}{3} \end{cases}$$

$CO \cap AB = C_1$ болсын. Чева теоремасы бойынша:

$$\frac{AB_1}{B_1C} \cdot \frac{CA_1}{A_1B} \cdot \frac{BC_1}{C_1A} = 1, \frac{1}{3} \cdot \frac{1}{1} \cdot \frac{BC_1}{C_1A} = 1$$

$$\text{Үшінші есептің жауабы: } \frac{C_1B}{AC_1} = \frac{3}{1}$$

$$\text{Төртінші есеп: } \frac{CO}{AC_1} = ?$$

$$\frac{CO}{OC_1} = \frac{CA_1}{A_1B} \cdot \left(\frac{BC_1}{C_1A} + 1\right) = \frac{1}{1} \cdot (3 + 1); \text{ Сонда } \frac{CO}{OC_1} = \frac{4}{1}$$

Біз есептің шартына сәйкес үшбұрыштың үш қабырғасы мен ішіндегі үш кесінділердің бөліктерін анықтадық: $\frac{AB_1}{B_1C} = \frac{1}{3}; \frac{CA_1}{A_1B} = \frac{1}{1}; \frac{BC_1}{C_1A} = \frac{3}{1}; \frac{AO}{OA_1} = \frac{2}{3}; \frac{BO}{OB_1} = \frac{4}{1}; \frac{CO}{OC_1} = \frac{4}{1}$.

A_1B_1 және CC_1 кесінділері O_1 нүктесінде қиылысқан болсын (8-сурет). Сонда $\frac{CO_1}{O_1O}$ қатынасы қандай екен? ACA_1 үшбұрышында $\frac{A_1O_1}{O_1B_1} = \frac{AO}{OA} \cdot \left(\frac{AB_1}{B_1C} + 1\right) = \frac{3}{2} \cdot \left(\frac{1}{3} + 1\right) = \frac{2}{1}; \begin{cases} \frac{A_1O_1}{O_1B_1} = \frac{2}{1} \end{cases}$

Келешекте осы қатынастың бізге пайдасы тиімді. Әзірше іздеп отырғанымыз $\frac{CO_1}{O_1O} = \frac{CB_1}{B_1A} \cdot \left(\frac{AO}{OA_1} + 1\right) = \frac{3}{1} \cdot \left(\frac{2}{3} + 1\right) = \frac{5}{1}; \frac{CO_1}{O_1O} = \frac{5}{1}$.

5-інші және 6-ншы есептер жауабы:

$$\frac{A_1O_1}{O_1B_1} = \frac{5}{1}; \frac{CO_1}{O_1O} = \frac{5}{1}$$

Тағы да бірер түрлендірулер қарастырайық.

CC_1 кесіндісін тіректі элемент ретінде пайдаланайық:

Сонда $\begin{cases} CO = \frac{4}{5} CC_1; OC_1 = \frac{1}{5} CC_1 \end{cases}$. Енді $\frac{CO_1}{O_1O} = \frac{5}{1}$ қатынасынан $CO_1 = \frac{5}{6} CO$, ал $CO = \frac{4}{5} CC_1$ болып тұр.

Сонымен $\frac{CO_1}{O_1O} = \frac{5}{6} \cdot \frac{4}{5} CC_1 = \frac{2}{3} CC_1$;

$$CO_1 = \frac{2}{3} CC_1 \text{ мына қызықты қараңыздар: } O_1O = CO - CO_1 = \frac{4}{5} CC_1 - \frac{2}{3} CC_1 = \frac{2}{15} CC_1;$$

$O_1O = \frac{2}{15} CC_1$ Біздер төмендегі есепке жауап дайындап қойдық: Осы шешіп отырған есебімізде

O_1 және O нүктелері CC_1 кесіндісін қандай қатынаста бөледі. Жауабы:

$$CO_1 : O_1O : OC_1 = \frac{2}{3} CC_1 : \frac{2}{15} CC_1 : \frac{1}{5} CC_1 = 10 : 2 : 3.$$

$$CO_1 : O_1O : OC_1 = 10 : 2 : 3 \text{ Тамаша а, 2!}$$

ҚАЗІРГІ ТАҢДА БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

*Садықова Р.К., ф.ғ.к.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Республикамыздағы саяси және экономикалық өркендеудің мәнділігі, нарықтық қатынастар жолы, ұлттық-мәдени тұрғыдан даму білім беру жүйесіне де ерекше талаптар жүктеуде. Білім беру –

қоғам мүшелерінің адамгершілік, мәдени және дене дамуы мен кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз тәрбие мен оқыту үдерісі. Білім беру ісі шеберлікке, дағдыға баулудың өсіп-өрбіп, белгілі бір кәсіпке, мамандыққа үйретумен тиянақталады. Жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының сипатына қарай білім беру деңгейлері ажыратылады.

XXI ғасыр білімнің интеграциялануы мен инновациялануы және аймақталуымен ерекшеленеді. Бұл дегеніміз – қазіргі өмірдегі бәсекеге қабілетті интеллектуалды адам капиталының қалыптасуындағы әлемдік үлгілердің пайда болуы. Интеллектуалды адам ресурсы дегеніміз – тек білім мен ғылымды меңгеріп қоймай, оны экономика мен қоғамдық өмірде, өндірісте кеңінен қолдана алатын және озық технологиялардың кілтін білетін және сондай-ақ өзіндік тұжырымдар мен ұсыныстар әзірлей алатын парасатты адамдардың образы. Кез келген мемлекеттің дамуы дәстүрлі өлшем тұрғысынан алғанда экономикалық және әлеуметтік өлшемімен бағаланса, ал біздің дәуіріміз білімнің, ғылымның және оның нәтижелері ретіндегі инновациялануымен бағаланады. Бұл қазіргі әлемнің бәсекеге қабілеттілігінің басты өлшемі.

Болондық жүйе кредиттік оқыту технологиясына негізделген. Кредиттік оқыту технологиясының мәні – университеттегі оқу және оқыту траекториясын студенттің өзі айқындай алуы, яғни профессор-оқытушыларды және пәнді студенттің таңдауы арқылы білімнің берілуі. Бұл біріншіден оқытушылардың арасындағы өзара шығармашылық белсенділік пен ізденушіліктің қалыптасуын негіздейді. Екіншіден, студенттің өзіндік қызығышылуығы негізіндегі пәндерді таңдауы, оның білімінің нақтылануы мен сапасының артуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ кредиттік жүйенің тағы бір ерекшелігі студент білімін бағалаудағы балдық-рейтингтік және оқытушылар еңбегін бағалаудағы сынақтық бірлік жүйесінің қолданылуы [1:120 б.].

«Инновация» деген ұғым латын тілінде жаңарту, жаңалық, өзгерту деген ұғымды білдіреді. Оның негізі – студенттердің өздігінен білім алуына негізделген өзіндік қабілетін дамыту, шығармашылыққа баулу. Инновация – тек жаңа технологияларды, әдістермен технологиялық құралдарды, көрнекіліктерді қолдану емес, ондағы идеяларды, үрдістерді біріктіріп жетілдіру жүйесі. Инновация ұғымының мағынасын түсіну үшін «инновация» мен «жаңалық» терминдерінің мәнін ашып көрсету және мағынасын терең ұғына білу қажет. Жаңалық – кез келген қызмет саласында тәжірибелік жұмыстардың рәсімделген нәтижесі. Ал инновация – жаңалық енгізудің жалпы үдерісі. Н.Ф. Талызина оқыту технологиясы – белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұны жүзеге асырылады деп айта келіп, оның құрылымын көрсетеді: оқытудың мақсаты; білім берудің мазмұны; педагогикалық өзара әрекеттестіктің құралы (оқыту және мотивация), оқыту үдерісін ұйымдастыру; оқушы, оқытушы; әрекеттің нәтижесі (сонымен бірге кәсіптік даярлықтың деңгейі).

Сондай-ақ қазақстандық ғалымдардың Ж.Қараевтың, Ә.Жүнісбектің, Қ.Жанпейісованың және т.б. ғалымдардың оқыту технологиялары белсенді түрде білім беру жүйесінде қолданылуда. Бұл технологиялардың өздеріне тән ерекшеліктері бар. Оқушыларға шетел тілі үшін болашақ мұғалімнің өзі төмендегідей негізгі құзыреттіліктерді игеруі тиіс: лингвистикалық; коммуникативтік; лингвоелтану; кәсіби-бейімді (кәсіби-педагогикалық мақсат аясында) және т.б.

Н.Ф.Талызина және тағы басқа әдіскерлер инновация өзінің дамуы барысында белгілі бір өмірлік сатыдан тұрады: жаңа идеяның пайда болуы; мақсат қоюшылық; тарату және жойылу – деп айта келе, инновациялық технологияға жататындар: компьютерлік технология, ойын технологиясы, жоба әдісі – деп топтастырып көрсетеді [2].

Шетел тілін оқытуда оқу құралдарының маңызы өте зор. Техникалық оқу құралдарының дидактикалық тиімділігін бақылауды жүзеге асыра алу мүмкіндігі тұрғысынан қарастырған орынды [3,412 б.]. Шетел тілін оқытуда болашақ мұғалімдердің пәнді оқытудағы практикалық бағыттылықты жүзеге асыруға даярлығын қамтамасыз ету қажет. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттың және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді.

Шет тілді оқытудағы негізгі мақсат – шет тілді коммуникативті қалыптастыру және дамыту, оны еркін игеру. Шет тілі – қазіргі заманның талабына сай, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдениет дамуының қайнар көзі. Қазір шет тілін оқыту әдістемесінің деңгейі жоғары. Тілді оқытуда интерактивтік тәсіл, ойындар, екеуаралық пікір таластар, сонымен бірге ақпараттық технология, интернет, компьютер қолданылуда. Оқытудың ақпараттық технологиясы –

бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио және видео құралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер). Оқытудың ақпараттық технологиясы – білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс-әрекетті өзгерту), білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы деп түсіну керек. Білімді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – «оқушыларды ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс-әрекетіне толық, тиімді араластыру» болып табылады.

XXI ғасыр оқыту үдерісіне компьютерлік технологияны пайдаланумен қатар, елде болып жатқан саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да заңды үрдістегі өзгерістер білім жүйесіне сол өзгерістер негізінде дамытуды талап етіп отыр. Атап айтқанда, виртуалды кеңістік, аутентті виртуалды интерактивті тілдік орта болып табылатын Интернетке ену аталған компетенцияны дамытудың тиімді құралы ретінде қарастырылады. Оқытудың ақпараттық технологиялары осы ақпараттық білім жүйесінің шегінде жүзеге асырылатын болғандықтан, осы білім технологиясына ақпараттық және бағдарламалық қолдаумен көрсететін құралдар бір ғана компьютермен, оған енгізілген бағдарламамен шектеліп қалмауы керек. Шетел тіліне оқытуда Интернет беретін мүмкіндіктер мен қызметтерге тоқталып өтейік. Мысалы, оқушылар Интернет талаптарында берілетін құжаттардағы тапсырмалар мен жаттығуларды орындай алады, үйреніп жүрген тілінде электронды пошта арқылы хат алысып, виртуалды қатынас клубтары – конференцияларға қатыса алады. Сонымен бірге белгілі бір уақытта мәтіндік хабарламалар мен алмасуға, радио бағдарламаларды тыңдауға, бейнероликтер көруге, яғни ақпараттың кез келген түрін қолдануына толықтай мүмкіндіктері бар. Ақпаратты қандай да арақашықтыққа тез арада жеткізу, алыстағы ақпарат көздерін пайдалану мүмкіндігі интерактивтік іздеу жүйелері мен өз бетімен іздеу, сондай-ақ алынған материалдарды түрлі тіл тасушыларға ауыстырып салу мен т.б. сол сияқты интернеттің артықшылық көздері пайдаланылады. Интернет шетел тілін үйренушіге аутентті мәтіндерді қолдану, тіл тасушыны тыңдау, олармен қарым-қатынас жасау табиғи тілдік ортаны қалыптастырады.

Е.С.Полат «Қандай да болмасын оқыту құралы, ақпараттық-тақырыптық ортаның қандай да қасиеттерге ие болғанына қарамастан дидактикалық мәселелер, білім берудің нақты мақсаттарымен шартталған танымдық қызметтің ерекшеліктері бірінші кезекте болып табылады»-деп көрсетті. Демек, интернет өзінің барлық мүмкіндіктері және қорларымен қоса, осы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асырудың құралы болып табылады [4,24-28 бб.].

Шет тілін оқытуда заманына сай көрнекі құралдар, аудио материалдар қолдану, мультимедиялық құралдарды пайдалануға үлкен мән беру керек. Сабақ барысында светотехникалық және дыбысты техникалық құралдарды (бейне магнитофон, теледидар, проектор, мультимедиялық проектор, компьютер) пайдалану студенттердің өз тілінде сөйлейтін адамдардың тілін тыңдап, оны көзбен көре отыра ақпарат алуына көмегі тиеді. Бұл жағдай студенттердің сөйлеу деңгейін жақсартуына көмектеседі. Тыңдау арқылы олар өздерінің сөйлеудегі қателерін жөндей алады. Бұл «аудирование» терминінің өзі де шет тілін тыңдап, оны түсіну деген мағына. Аудио немесе бейне таспаларды тыңдағанда коммуникативті жаттығулар жасалу керек. Алынып отырған тапсырмалардың жеңіл-қиындығын ескере отыра, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, диалог және монолог құрастыру сияқты жаттығулар жасалуы қажет. Бейне фильмді көріп отырып, жаңа сөз немесе сөз тіркестері кездескенде тоқтап, сол сөздерді қайталап және әрбір көріністен кейін сұрақтар қойып отырған жөн. Сабақтың қорытындысы ретінде тест сұрақтарын беріп, нәтижесін тексеріп, бағалау қажет.

Шетел тілін оқыту – оқушылардың жан-жақты дамып, жетілуіне, дүниеге көзқарасының, ойы мен ақыл-есінің, сезімі мен эмоциясының, рухани және эстетикалық талғамының, мінезінің қалыптасуына, өз бетінше білімін көтеруге ұмтылуын дағдыға айналдыруға әсер етіп, олардың жан-жақты дамыған азамат болуына ықпал жасауды мақсат тұтады.

Электронды оқулықтардың орны ерекше екенін атап өтейік, электрондық оқулықтар оқушылардың өз бетінше жұмысын және олардың жоғары танымдық белсенділігін арттырады, оқушылардың шетел тілін терең тиянақты білім алуларына көмектеседі. Сонымен бірге, барлық оқу үдерісінің алға қойған мақсатынан бастап, қол жеткен нәтижесіне дейінгі аралықты қамтиды. Сонымен қатар, бұл оқулық оқушылардың қызығушылығын арттыратын құрал болып табылады. Бұл электрондық тәсіл сапалы және жоғары деңгейде білім беру мүмкіндігін, оқытудың автоматтандырылған жүйесін туғызады. Оқулықпен жұмыс істеу барысында оқушылар жалпы танымдық біліктілік, білім жинақтауға, талдауға, себеп-салдарлы байланыстырды ашуға, ақпараттарды қорытындылауға, жүйелеуге және салыстыруға үйренеді.

XXI ғасыр – озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа компьютерлік технологияларды тиімді пайдаланудың шетел тілін үйрету маңызы зор. Ақпараттық ортаны құруға негізделген білім берудің жаңа жүйесін қалыптастыру мен педагогикалық практикаға жаңа ақпараттық құралдарды енгізу білім жүйесін дамытудағы стратегиялық тапсырма болып саналады.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқу үдерісінде инновациялық технологияларды ендіру негізгі бағыттары мен идеялары Қазақстан Республикасының 2005-2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік білім бағдарламасында, Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасында және Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев ұсынған «Қазақстан-2030» стратегиясында айрықша көрсетілген [5:322 б.].

Ақпараттық-коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Білім – ұлттың бәсекеге қабілеттігін арттырудың басты құралы болып табылады.

Әдебиеттер

1. Қарғаев Қ.А. Аймақтық білімнің бірегейленуі үрдісіндегі болондық жүйе және Қазақстан //Аймақ – концепт: мазмұны, әдістері мен технологиялар атты республикалық ғылыми-практикалық конференция. – Алматы, 2012.
2. Талызина Н.Ф. Педагогическая психология. – Москва, 1998.- 280 с.
3. Садықова Р.К. Шетел тілі лексикасын оқытуда техникалық құралдарды пайдалану //Материалы межд. научно-практ. конференция. – Алматы, 2007.
4. Полат Е.С. Метод проектов на уроках иностранного языка // М., ИЯШ 2000, №3, с. 34-37.
5. Сиргебаева С.Т. Ақпараттық технологияны ағылшын тілін оқыту үдерісінде қолданудың ерекшеліктері // Ғылым мен білім саласындағы мәдениеттер тоғысы атты халықаралық ғылыми конференция. –Алматы, 2011. – 322 б.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІН ОҚИТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Сандықбаева Ө.Д. ф.ғ.к., Мажикқызы Н., Арыстанбекова Қ.Д.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Егеменді ел болғалы ғылым, мәдениет салаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы – жастарға жалпы адамзаттық және ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге ықпал етуде. Еліміздің егемендігі жүзеге асып, қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру басталған кезде ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын рухани мәдениетімізді жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Ұлттық менталитетімізді қалпына келтіріп нығайту және өркениетті елдер қауымдастығының ортасынан орын алу-ұлттық мемлекетіміздің қалыптасуымыздың басты алғы шарттарының бірі. Сондықтан рухани мәдениетіміздің тарихына айрықша назар аударуымыз қажет.

Қазақ ұлтының кіндік қаны тамған Еуразия жүрегінде орналасқан кезден бастап ұлан-ғайыр жері бар Қазақ елі, дүниежүзілік тарихта өзінің оң істерін қалдырып келеді. Соған орай тарих оқу пәні ретінде жалпы негізгі білім беретін барлық гуманитарлық және қоғамтанушылық курстардың негізін құрайды. Тарих – ол ұлттық сана-сезімді және адамгершілік-этикалық нормаларды қалыптастыра отырып, оқитудың дүниетанымдық негізін қалыптастыратын құрал. Ал тарихты оқыту әдістемесінің даму бағыттары бойынша Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алып, Жаңа даму жолына түсуіне байланысты оның халықаралық және ішкі қоғамдық-саяси жағдайларына қарай үлкен өзгерістер болып жатыр. Бұл Қазақстан Республикасы Конституциясының 1,2-баптарында былай деп көрсетілген «Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде нақтыланып өзінің ең баға жетпес қымбат қазынасы адам және адамның өмірі оның құқықтары мен бостандықтары екенін ашық айтып отыр [1.4б].

Сонымен бірге Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы жариялап отырған Қазақстан халқына арналған Жолдауларында міндетті түрде Тәуелсіздіктің тарихын тілге тиек етіп отыратыны бәрімізге аян. Елбасы өзінің 2015 жылғы 30 қарашадағы жолдауын Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығын ескере отырып бастады. Тәуелсіздік алғаннан бері мемлекетіміз талай тығырықтардан шығып келеді. Небәрі ширек ғасырда Қазақстан жаһандық шаруашылық байланыстарға қосылған егемен ұлттық экономика және ұлттардың әлемдік отбасының

толыққанды қатысушысына айналған мемлекет ретінде қалыптасқанын ерекше ынтамен атап өтті. Шынымен де біздің еліміздің тарихында қазіргі жағдай мәңгі есте қаларлық заман болып отыр. Өйткені Қазақстанның бүгінгі экономикалық жағдайы елімізді әлемдегі 30 дамыған елдің қатарына кіргізетін жағдайға әкеле жатыр. Осыған байланысты жалпы білім беруде және Қазақстанның тарихын саралап оқытуда да пәннің орны ерекше болып отыр. Қазіргі кезде тарихи үдеріске өзіндік өзгерістер әкелген оқиғаларға байланысты жаңа көзқарастар пайда болып оны оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері қалыптаса бастады. Әлемдік білім кеңістігінен орын алу үшін міндетті түрде саналы да жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. Өйткені өзінің жерінің, елінің, халықтарының тарихын жақсы білмеген жастардан болашақ қоғамның белсенді мүшелерін және Отан үшін бар күш жігерін сарқа жұмсайтын жан-жақты білімді азаматтарды тәрбиелеп шыға алмасымыз ақиқат. Бұл жағдай бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1998 жылды ұлттық тарих жылы деп жариялағанын айтып кетсек «Бұл-тәуелсіз Қазақстанның азаматы ғасырлар тоғысында өзінің арғы-бергі тарихи жолын ой елегінен өткізіп, «Кеше кім едік? Бүгін кіміз? Ертең кім боламыз?» деген төңіректе ойлансын деген сөз. Бұл – туған елінің, туған халқының тарихы ешкімнен де олқы еместігін түсінсін деген сөз. Бұл – әрбір азамат өзінің ата-бабалары қалдырған осындай кең-байтақ жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын деген сөзі» еді. [2,126]. Яғни Ұлттық тарихты қазіргі ұрпақтың санасына сіңіріп, талапқа сай жаңа инновациялық әдіс-тәсілдер арқылы оқыту әрбір ұстаздың борышы деп білеміз. Қазіргі кездегі оқу орындарындағы тарих пәнін оқытудың негізгі мәселелерінің бірі жастардың білімді өз бетінше игеруі болып табылады. Соған сәйкес оқытушының басты міндеті – білімнің жаңа мазмұнынан туындайтын дәрістің маңызды ерекшеліктерін анықтап дәрістің үлгісін құру және пәнді жетілдірудің жолдарын тауып, оның сапасын арттыру. Ол үшін тыңдаушылардың әрқайсысы тарихи оқиғаларға ғылыми тұрғыдан баға беріп, олардың сабақтастық байланысын түсінуіне жағдай жасалу қажет.

Жастарға инновациялық өркениет пен жаһандану үрдісінің талабына сай білім беру, сол ағымда тәрбиелеу-республикамыздың жоғарғы оқу жүйесіндегі ең өзекті міндеттеріне айналуға. Ол жастар ортасындағы ұлттық сананың қалыптасу үрдісінің ерекшеліктерін анықтауға септігін тигізери анық. Қазақстанның қазіргі халықаралық жағдайы, оның дүниежүзілік қауымдастықтағы белгілі мемлекеттердің қатарына қосылуы, дүние жүзінің көптеген елдерімен түрлі салада байланыс жасауы да оның әрбір азаматына өз елінің тарихын жақсы білуді қажет етеді.

Жастар белсенділігінің қалыптасуының әлеуметтік-мәдени алғышарттары мен жастар саясаты және оның мәдени бетбұрыстары жайлы айта келе, қазіргі кездегі жастардың белсенділігінің әлеуметтік-мәдени құндылықтық негіздеріне тұжырымдама жасаймыз. Қазіргі жастардың құндылықтық бағдары Қазақстан Республикасының әлеуметтік және мәдени саясатындағы маңызды тақырыптарының біріне айналып отыр. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Тәуелсіздігіміздің бес жылы» деген еңбегінде кеңестік дәуірдегі жағдайды баяндай келе, халықтың қазіргі кездегі рухани-құндылықтық дағдарысына ұшырағандығын айтады [3,144-145бб]. Ал қоғамдық қарым-қатынастардың, ұлттық мәдениеттің бағыт-бағдары үшін Қазақстан жастарының әлеуметтік-құндылықтық түсінігін қалыптастырудың орны ерекше. Осыған орай, біздің де алға қойып отырған мақсатымыз осы үрдіске аз да болса өз үлесімізді қосу, азаматтық міндетті атқару, қоғам алдындағы жауапкершілігімізді орындау.

Тарих пәнін оқыту, ұлттық идеологиямен сусынданған азаматтар тәрбиелеу, ашық қоғам орнатуға атсалысатын патриот болуға ықпал ету үшін қаншама шығармашылық ізденіс қажет. Өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, адамгершілігі мол, мәдениеті жан-жақты жетілген тұлғаны дайындау үшін үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Осыған байланысты Қазақстан тарихын оқытудағы жаңа міндеттер белгіленуі қажет деп ойлаймын. Ол үшін бірыңғай Қазақстан тарихы пәнінің бағдарламасы жасалып бекітілуі керек. Және де лайықты білім беру үшін ең алғаш ол сапалы оқулықтар қорымен қамтамасыз ету және білім дәрежесін көтеріп отыратын педогогикалық инновация қажет. Сонымен бірге сабақтың түрі жаңа заман талабына сай өзгеріп жаңартып инновациялық әдісте бір пәнде бірнеше әдіс-тәсілдерді ұштастыра қолданып дәрісті мәнді де, қызықты өткізу арқылы болашақ ұрпаққа әсері мол ерекше тәжірибе жинақтауына үлкен мүмкіндіктер болар еді.

Инновациялық әдісті ұтымды қолдана білу тек дәрістің ғана емес, тұтастай пәннің сапасын, маңызын, ғылым саласы ретіндегі мәнін арттыруға ықпал ететіні сөзсіз. Қазіргі кездегі компьютер заманының дамыған уақытында интернет жүйесі және электронды пошта арқылы әлемдегі қоры бай кітапханаларға қол жеткізіп керекті материалдарды алып пайдалануға үлкен жағдайлар туып отыр. Бұл ретте мәселен дәрісті оқыту барысында тыңдаушыларды дәрістен тыс уақыттарда компьютер-проектордың көмегімен тарихи фильмдерден үзінділер көрсету арқылы талқылау, теориялық жағын

практикалық сабақтар арқылы шыңдау ол мұражайларға апару, дөңгелек үстелдер немесе басқа да пікірталас жиындарын басқара алатындай дәрежеге жетуге бейімдеу, түрлі ортада, конференцияларда пікірлерін сауатты түрде ауызша және жазбаша білдіре алуға үйретумен қатар тыңдаушының өзінің ізденуі бойынша тест құрастыру арқылы баланың қабілетін шыңдап отыру керек, сонымен бірге қоршаған орта, қоғам және экономикалық мәселелерді сауатты жеткізе білу секілді инновациялық әдістерді өзге тілді аудиторияларда қолдану мақсатында уақытты үнемді әрі орынды жұмсау арқылы пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады.

Осы жағдайлар Қазақстан тарихын алдымен мектепте, сондай-ақ мамандық беретін барлық басқа да оқу орындарында оқытудың ғылыми-әдістемелік жағынан мүлде жаңа деңгейге көтеру зор маңызға ие болып отыр. Осындай жаңа инновациялық технологиялардың мақсаты мен тиімділігін саралайтын болсақ: шығармашылықпен жұмыс істей алатын және оқытудың жаңа технологиясын пайдалана отырып демократиялық білім беру; білім берудің ұлттық үлгісін қалыптастыру; білім сапасын көтеру; өзін-өзі бағалай білуі және өзгелердің ой-пікірімен санасуға, құрметтеуге баулу; білімді бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеп қалыптастыру екендігін анықтайды.

Қорыта келе айтпағымыз, өткен тарихымызды оқып білмеген ұрпақтың болашағы да бұлыңғыр болатыны баршаға аян. Осыдан да болар жастармен жас ұстаздарға тарих пәнін оқытуда тарихты оқыту пәнінің пәндік мақсат-міндеті мен пән ретіндегі даму кезеңдерімен, сол кезеңдердегі еліміздің өткен тарихын оқытудағы ақтаңдақтарын әдейі бұрмалап саясаттандырылған кезеңдердің ара жігін ажырата білу, келешек жас маман оқытушы қауым үшін маңызды мәселе болып қалмақ. Осы жағдайлар мамандық беретін әр пәнді оқыту мақсатында пайдаланылса оқытудың ғылыми-әдістемелік жағынан жаңа деңгейге сапасын көтерудің маңызы зор болар еді. Өйткені, Отан тарихы – оны оқыту әдістемесі-бүкіл жастарға білікті маман болып қалыптасуымен қатар патриоттық тәрбие берудің негізі екені анық.

Тарихты бүгінгі заманның талабына сай оқытудағы басты талап дүние жүзілік дамудағы адамзаттың орны, ол жасаған әлемдік құндылықтардан хабардар, жан-жақты жетілген, өз тарихының өткеніне көз жүгіртетін, қоғамның даму үрдісіне өзінше баға бере алатын, белсенді ұлтжанды, патриот азаматты қалыптастыру болып табылады.

Әдебиеттер

1. ҚР Конституциясы Алматы, «Қазақстан», 1995.
2. Назарбаев Н. «Қазақтың бүкіл тарихы, тұтастану тарихы» //Егемен Қазақстан, 1998, 18 наурыз.
3. Назарбаев Н. Тәуелсіздігіміздің бес жылы. Алматы, «Қазақстан», 1996.
4. Назарбаев Н. Тәуелсіздігіміздің бес жылы. Алматы, «Қазақстан», 1996.

СТУДЕНТТЕРГЕ ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

Сарсембаева Г.Д.

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ

«Инновация» термині ағылшыннан аударғанда *innovation* «жаңалықтарды енгізу» (жаңалық) деген мағына береді. Әдетте, дәстүрлі мәселені шешу әрекеттерінің нәтижесінде инновация пайда болады және сол процесс нәтижесінде жаңа тәсілмен жинақтау, фактілерді ой елегінен өткізуге мүмкіндік беретін жаңа сапаға жаңашылдыққа ауысу туралы мағынада қолданылады. Қазіргі заманғы инновацияның көпшілігі өткенге талдауы бар және тарихи тәжірибеге байланысы бар болып табылады. Бұл түсінік инновациялық процесті заманауи (теориялар, әдістер, идеялар және т.б.) дәйекті және саналы үрдістерді сәйкес келетін критерийлерін игеруге мүмкіндік беретіндігін білдіреді. Ол жаңалықтарды енгізуде қатысушыларға сапалы жүйе түрін көрсетеді және оған деген көзқарастарын оң бағыттайды.

Инновациялық білім процесіне негізінен педагогиканың екі ең маңызды мәселелері жатады:

- Педагогикалық тәжірибені оқып-үйрену мәселелері;
- Ғылымдағы жетістіктерді жеткізу практикасы.

Тәжірибелік инновацияларға: жаңа әдістер, ережелер, алгоритмдер, бағдарламалар, ұсынымдар саласындағы дидактика, тәрбиелеу теориясы, техникалық құралдар, оқыту және бақылау құрылғылары, модельдер, табиғи объектілер, аудиовизуалды құралдар жатады. [1]

VBA тілі MS Excel-дің толықтыру мүмкіндіктеріне тамаша есептеуіш болып табылады. Ол Windows ортасында тез елеулі нәтижелер алуға, іс жүзінде барлық тапсырмаларды қарапайым

игеруде шешуші кәсіптік қосымшаны құрастырып шығару мүмкіндігін береді. Сондықтан VBA тілін пайдалану басқа программалау тілдеріне қарағанда оңай және тиімді болып табылады.

Бұл мақалада VisualBasicforAPPLICATIONS көмегімен электрондық тест әзірленіп, оның қаншалықты сабақ үрдісін автоматтандыруға болатындығы көрсетілген.

VBA технологиясы MacroRecorder құралдары (автоматты макросты жазу) көмегімен қосымшалар мен оны басқару элементтерін, сондай-ақ бүкіл бағдарламаны немесе оның бөліктерін құрастыруды қолданады.

VBA экрандық пішіндерді қарап отырып өзгерту және басқару мүмкіндігін беретін графикалық органы қамтиды. VBA бас бағдарламалау тілінің мәні екі түсінікте болып табылады: оқиға және оны қолдау болып табылады. Егер қолданушы жүйеге қандай да бір іс-әрекет жасаса, мысалы, белгілі бір бастырмаға басса онда құрылған қолданушы процедурасының коды орындалады. Егер осындай үн қосулар құрылмаса, яғни, сәйкес келетін процедура орындалмаса, онда бұл жүйе берілген оқиғаға еш сезіне алмайды және жауапсыз қалады.

Сондықтын, жүйеде орындалатын әрекеттер оқиға болып саналады да, ал үн қосулар үрдіс болып саналады.

Бұл арнайы үрдістер түрі өңделген үрдіс болып табылады. Тұтастай алғанда VBA бағдарламалау тілі оқиғаға тікелей немесе жанама әсер ететін программалау тілі болып табылады. [2]

VBA тілінің көмегімен шешетін ең қарапайым тапсырма бұл – аты бар қолданушы функциясын құру болып табылады.

Біріккен немесе сыртқы функциялары (MSWORD үшін) және қосымша макростарда (MSExcel, MSAccess үшін) орналасқан.

Бұл функциялар Windows интерфейсін қамтамасыз ету жолында қаржылық және бухгалтерлік сонымен қатар басқа да есептерді жүргізуге және орындауға арналған.

VBA көмегімен әр күн белгішесі бар күнтізбе жасау, әрбір күн үшін түрлі журналдар, тізімдер құруға болады. Бұл мысал өте өзекті және белсенді студенттердің сабақтарға дайындығын тексеру үшін пайдаланылады.

Бұл өңделген электрондық тест тиімділігі келесі параметрлермен көрсетіледі:

- Когнитивті-интеллектуалды: тест қорытындысы бойынша студенттердің білімін сараптау;
- Бағалы-мотивациялы: бағалау бағыттары, өз-өзін бағалау;
- Субъективті-жекеше: коммуникативті қасиеттер.

VisualBasicforApplications тілінің көмегімен оқытушыларға көмектесу үшін электрондық тест құруға көмектеседі. Студенттің сабаққа деген көзқарасы оқыту барысында белсенді жағына өзгереді.

Осындай жағдайда студент пен оқытушы арасында жақсы қарым-қатынас пайда болады және оқытушыдан алған білімін студент нақты бағытта қолдана алады. [3]

Ұсынылып отырғын тест 10 сұрақтан тұрады, әрқайсысына 4 жауап нұсқасы берілген және «Тестілеуді аяқтау» батырмасын басқаннан кейін экранға қанша баға алғандығы шығады.

Программа 11 формадан тұрады, оның біреуі сәлемдесу ал қалған 10-ы сұрақтар мен жауап нұсқаларынан тұрады.

Бұл тестілерді құру үшін VisualBasicforApplications тілінің қарапайым функциялары қолданылған.

Программа коды:

```
1)Module1(Code)
```

```
Sub Test()
```

```
UserForm 1.Show
```

```
End Sub
```

```
2) UserForm 1 (Code)
```

```
Private Sub CommandButton1_Click()
```

```
UserForm 1.Hide
```

```
UserForm 2.Show
```

```
End Sub
```

```
Private Sub CommandButton2_Click()
```

```
Unload Me
```

```
End Sub
```

```
3)UserForm 2(Code)
```

```
Private Sub CommandButton1_Click()
```

```
Dim oRange As Range
```

```
Set oRange = Worksheets (“Лист1”).Range (“A1”)
```

```
If OptionButton2. Value ThenoRange 1. Value = 1 Else oRange 1.Value = 0
```

```

UserForm2. Hide
UserForm3. Show
EndSub
... (келесі формалар аналогты түрде толықтырылады)
11) UserForm 11(Code)
Private Sub CommandButton 1_Click()
Dim oRange 10 As Range
Set oRange 10= Worksheets("Лист1").Range("A10")
If OptionButton3. Value Then oRange10.Value=1 Else oRange10.Value=0
Dim oRange As Range
Range ("A11").Select
ActiveCell.FormulaR1C1="=Sum(R(-10)C:R(-1)C)"
Range("A12").Select
If(Range("A11").Value>=9) then MsgBox"Сіздің біліміңіздің бағасы: 5"
If(Range("A11").Value>=6) And (Range("A11").Value<9) then MsgBox" Сіздің біліміңіздің бағасы:
4"
If(Range("A11").Value>=4) And (Range("A11").Value<6) then MsgBox" Сіздің біліміңіздің бағасы:
3"
If(Range("A11").Value<4) then MsgBox" Сіздің біліміңіздің бағасы: 2"
UnloadMe
EndSub

```

Осындай тәсілмен берілген программалау тілін қолдану студенттер білімін бағалауда және түрлі тізіммен жұмыс жасауда, сонымен қатар қағаз бетінде жұмыс жасауды жеңілдетуге көп мүмкіндік береді. Информатика пәнін жүргізу әдістемесі берілген тапсырмаларды шешуде және де студенттер үшін университетте, лицейде, колледжде электрондық кітаптар жасауда маңызы зор.

Әдебиеттер

1. Шарф Д. HTML 3.2: Справочник. СПб: Питер, 1998.
2. Веретенникова Е.Г., Патрушина С.М., Савельева Н.Г. Информатика: Учебное пособие. Серия «Учебный курс». – Ростов н/Д: Издательский центр «МарТ», 2002. – 416 с.
3. Штайнер Г. Internet Explorer 5. – М.: Лаборатория Базовых знаний, 2000. – 400 с.: ил. – (Справочник).

ТҮЗУЛЕР МЕН ЖАЗЫҚТЫҚТАРДЫҢ ӨЗАРА ОРНАЛАСУЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Смағұл М.Ж., Абдибекова К.Ж.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы туралы білім планиметрия мен стереометрияда геометриялық фигуралардың қасиеттерін зерттеудің негізін құрайды. Жазықтықта түзулердің параллельдігі мен перпендикулярлығы көпбұрыштар мен шеңбердің қасиеттерін зерттеуде қажетті материал болады, ал кеңістікте түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуын білмей көпжақты бұрыштардың, көпжақтардың және шар мен сфераның қасиеттерін зерттеу мүмкін емес.

Түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы туралы бөлім жазықтық пен кеңістік геометриясының негізгі ұғымдарын енгізгеннен кейін бірден оқытылады. Себебі олар алғашқы тұжырымдарды дәлелдеуге және есептерді шешуге қолданылады. Бұл оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту жұмысын жүйелі түрде енгізуге мүмкіндік береді және оқушылардың негізгі ұғымдар мен аксиомаларды тереңірек түсінуіне көмектеседі.

Математиканың мектеп курсында түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуын зерттеуді үш этапқа бөлуге болады:

- 1) оқушыларға жазықтықтағы түзулердің өзара орналасуын таныстырудың дайындық жұмысы.
- 2) жазықтықтағы түзулердің өзара орналасуын жүйелі түрде зерттеу, қарапайым көпжақтарды қарастыра отырып.
- 3) Кеңістікте түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуын жүйелі түрде зерттеу.

Жазықтықтағы түзулердің параллельдігі. Жазықтықтағы екі түзудің орналасуының үш түрлі жағдайы бар:

a және b түзулерінің бір ортақ A нүктесі бар. a және b түзулері қилысады;
 a және b түзулерінің барлық нүктелері ортақ. a және b түзулері беттеседі;
 a және b түзулерінің ортақ нүктелері жоқ. a және b түзулері параллель болады;
Планиметрия курсына түзулердің параллельдігін оқыту мынадай бөлімдерден тұрады:

- параллель түзулердің анықтамасы;
- параллель түзулердің бар болуы;
- параллель түзулерді салу;
- параллель түзулердің аксиомасы;
- параллель түзулердің қасиеттері;
- түзулердің параллельдік белгісі;
- зерттелген теорияны есептер шығаруға қолдану.

Жазықтықтағы түзулердің перпендикулярлығы.

Түзулердің перпендикулярлығы түзулер арасындағы бұрыш ұғымына негізделеді. Перпендикуляр түзулер қилысатын түзулерді қарастырғанда пайда болады.

Түзулер арасындағы бұрыш деп түзулер жасайтын бұрыштардың кішісін алады. Түзулер арасындағы бұрыш 90° болса, түзулер перпендикуляр деп аталады. Перпендикуляр түзулердің анықтамасынан кейін символика енгізіледі.

Кесіндіге тұрғызылған орта перпендикулярдың қасиеті түзуге берілген нүкте арқылы перпендикуляр түзуді тұрғызудың негізі болады.

Егер нүкте кесіндіге жүргізілген орта перпендикулярдың бойында жатса, онда ол кесіндінің ұштарынан бірдей қашықтықта болады. Керісінше, егер нүкте кесіндінің ұштарынан бірдей қашықтықта болса, онда ол орта перпендикулярдың бойында жатады.

Түзулердің перпендикулярлығын қарастырғанда берілген түзуге жүргізілген көлбеу туралы да айтып кету керек. Берілген нүкте арқылы берілген түзуге бір ғана перпендикуляр түзу жүргізуге болады, ал көлбеу түзулерді шексіз көп жүргізуге болады.

Бір түзуге жүргізілген перпендикулярлар өзара параллель болады. Егер параллель екі түзудің біреуі берілген түзуге перпендикуляр болса, онда екіншісі де берілген түзуге перпендикуляр болады.

Стереометрияда түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуын зерттеу негізгі ұғымдар мен аксиомаларға сүйенеді. Сондықтан аксиоманы енгізу методикасы ерекше көңіл аударуды талап етеді.

Аксиоманы енгізу методикасы мынадай:

- аксиоманы моделдерде иллюстрация жасау;
- аксиомаға формулировка беру;
- схемалық сурет;
- символдық жазу.

Кеңістіктегі параллельдік.

Кеңістіктегі параллельдікті төрт бөлімге бөлуге болады:

1. Кеңістіктегі түзулердің параллельдігі; айқас түзулер.
2. Түзу мен жазықтықтың параллельдігі.
3. Кеңістікте жазықтықтардың параллельдігі.
4. Параллель проекция және оның қасиеттері. Кеңістік фигураларының жазықтықтағы кескіні.

Кеңістіктегі перпендикулярлық.

Кеңістіктегі перпендикулярлық үш бөлімнен тұрады:

1. Кеңістіктегі түзулердің перпендикулярлығы.
2. Түзу мен жазықтықтың перпендикулярлығы.
3. Жазықтықтардың перпендикулярлығы.

СИСТЕМЫ ОЦЕНИВАНИЯ

*Таласбаева Ж.Т., к.ф.-м.н.,
КазНУ им. аль-Фараби*

Выбор методов оценки качества знаний всегда является ключевым при реализации той или иной образовательной программы. В связи с этим по-прежнему актуален вопрос о том, как лучше и справедливее определить это качество. Для более успешного и объективного подхода необходимо, чтобы система контроля учебных достижений обучающихся была разноплановой: с одной стороны,

ориентированной на проверку знаний и умений, с другой – на выявление творческих способностей и эмоционально-ценностного отношения к изучаемым процессам.

Следует отметить, что проблемы измерения уровней учебных достижений обсуждаются в трудах многих ученых – В.П. Беспалько, В.Г. Королева, В.П. Симонова и др. Наиболее известна следующая классификация уровней обученности:

первый уровень – *репродуктивный*, предполагает знание основных определений, понятий, законов, правил, формул, дат и т.д.;

второй уровень – *алгоритмический*, предусматривает применение понятий, законов, правил, формул, алгоритмов при выполнении стандартных заданий;

третий уровень – *эвристический*, подразумевает использование знаний из различных областей, тем, применение нескольких алгоритмов, поиск решений;

четвертый уровень – *творческий*, требует от студентов умения конструировать новые, не известные ранее алгоритмы решения, исследовать возможные варианты решений, действовать в нестандартной ситуации.

Каждый уровень требует своей системы контролирующих инструментов, однако, определяя содержание и методы контроля, необходимо выделять те ведущие понятия темы или курса в целом, которые должны быть усвоены всеми обучающимися без исключения. При таком подходе в список контрольных вопросов следует включать задания, требующие участия разных анализаторов, разных типов памяти, разного времени выполнения (Т.С. Сухова, 2001).

Благодаря сочетанию разнообразных способов контроля обеспечивается не только проверка теоретических положений, но и активизация процесса обучения, побуждающая студента к самостоятельному мышлению, анализу, сопоставлениям и обобщениям. Как справедливо отмечает П.И.Пидкасистый (1999), «познавательная самостоятельность учащихся имеет четкую целевую направленность, и именно эта целевая установка определяет выбор наиболее целесообразных методов работы, обеспечивающих прилежание к выполнению задачи». В связи с этим, следует выделить составные элементы качества знаний:

полнота и глубина усвоения фактического материала по теме;

осознанность, гибкость и конкретность в толковании материала;

действенность знаний, умение применять знания на практике [1].

Рассмотрим методику оценивания знаний студентов по математическим предметам. На первый взгляд оценивание знаний студентов по математическим предметам методом тестирования кажется не объективным. Конечно, если в тестовых вопросах всего пять вариантов ответов, один из которых является правильным, то данный вариант оценивания является довольно примитивным. Поскольку, если студент отвечает на интуитивном уровне, то он может ответить правильно и получить положительную оценку, хотя может не иметь глубоких знаний по данному предмету. Таким образом, во многих случаях при оценивании с помощью тестирования, студент может получить достаточно высокую оценку по предмету, имея при этом только поверхностное представление о предмете. В связи с этим многие преподаватели математических дисциплин относятся отрицательно к оцениванию методом тестирования. До 2010 года во многих ВУЗах Казахстана экзамены проходили в устной форме. С 2010 года с введением кредитной системы обучения и для устранения возможного лояльного отношения преподавателя к студентам, экзамены стали проходить в письменной и тестовой форме. Тестовая форма контроля может быть приемлема для естественных наук, если в ответах имеется несколько правильных ответов и оценка зависит от количества правильных ответов по каждому вопросу. Например, рассмотрим следующий тестовый вопрос с вариантами ответов:

L – векторное пространство, а элементы $a, b, c \in L$, θ – нулевой вектор, α, β – скалярные величины, тогда

А) L является кольцом

В) L абелева группа

С) для любого вектора a выполняется $\alpha(\beta a) = (\alpha\beta)a$

Д) $\alpha(a + b) = \alpha a + \alpha b$

Е) $a = b + c$

Ф) для любого вектора a выполняется $(\alpha + \beta) \cdot a = \alpha \cdot a + \beta \cdot a$

Г) $a - b = c$

Н) $a = b - c$.

Известно, что в ответах есть три правильных. За один правильный ответ балл не ставится. За два правильных балла ставится один балл. За три правильных ответа ставится 2 балла. Если студент имеет только поверхностное представление о векторном пространстве, то он может угадать один правильный ответ и ничего за это не получит. Для того, чтобы определить все правильные ответы, студент должен знать точное определение векторного пространства.

Рассмотрим еще один вопрос.

G – группа, а $H \triangleleft G$ ее нормальная подгруппа, тогда

A) эта подгруппа является абелевой группой

B) $\forall g \in G \Rightarrow gH = Hg$

C) перестановки являются сюръективным отображением из n элементного множества в n элементное, но не инъективным

D) перестановки являются инъективным отображением из n элементного множества в n элементное, но не сюръективным

E) $\forall g \in G \Rightarrow gHg^{-1} = H$

F) $G^{-1} = H$

G) $G = H^{-1}$

H) $H \cdot H^{-1} = H$

Для определения правильных ответов студент должен знать не только определение нормальной подгруппы, но и ее свойства. Следовательно, студент, имеющий глубокие и полные знания по оцениваемому предмету, получит хорошую оценку.

Таким образом, если тесты составлены качественно, т.е. есть градация по сложности вопросов и вопросы полностью охватывают пройденный материал, то можно с уверенностью сказать, что оценивание знаний студентов с помощью тестирования математических предметов является объективным.

Литература

1. Пидкасистый П.И., М.Л. Портнов. Опрос как средство обучения. // М.: Педагогическое общество России, 1999. – С.11.

МЕКТЕПТЕ САБАҚТАН ТЫС «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ТАҢДАУ КУРСЫН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Тасилова Н.А., Ахметжанова А.Т., т.ғ.к., Байдавлетова М.Д., PhD докторы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Ұлттың төл тарихын терең меңгеру болашақта оқушыларға жан-жақты білім беретін, оларды өз елінде, өз жерінде ұлтының биік тұлғалы азаматы етіп қалыптастыруға көмектеседі. Сондай-ақ Отан тарихы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеп, ғылыми негізде алынған теориялық білімдерін жүйелі түрде пайдалануға, материалды кешенді түрде меңгеріп, ұлттық құндылықтарды бағалап, қолдана білуге машықтандырады, болашақта тапсыратын ҰБТ сәтті тапсыруға көмектеседі.

Қазақстан тарихын дүниежүзілік тарихтың құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға болады. Қазақстан тарихы пәні Отан тарихы, тарихи үрдісінің басты және жалпы бағыттарын ашып көрсетеді және еліміздің аумағындағы тарихи оқиғаларды көрші халықтар тарихымен өзара байланыстыра қарастырады. Қазақстан тарихы курсы әлеуметтік–гуманитарлық пәндер үрдісі аясында жеке пән ретінде барлық орта және жоғары оқу орындарының оқу бағадарламасына енгізіліп жүйелі түрде оқытылады.

Пән ең ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихи үрдістерді қамтиды. Қазіргі таңдағы қазақ халқының жаңғыру дербес мемлекет ретінде қалыптасуын және Қазақстан Республикасының дүниежүзілік даму үрдісінде алатын орнын айқындауын, сондай-ақ оның өткен тарихын жан-жақты оқып үйрену мен зерттеудің қажеттілігі арта түседі.

Қазақстан тарихы курсы қазақ халқының тарихының негізгі этникалық, саяси тарихын жаңаша тарихи таным тұрғысынан концептуалдық үлгіде оқытады.

Қазақстан тарихы курсына ерекше көңіл бөлетін мәселелер қазақ халқының этногенді бастау алатын ежелгі дәуірі; қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы; қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы азаттық күресі; Тәуелсіз Қазақстанның халықаралық қауымдастықта алатын орнының анықтауы.

Мектепте оқушыларға сабақтан тыс «Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың мақсаты – «Қазақстан тарихын» кешенді түрде жан-жақты ғылыми негізде меңгертіп, жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттың мәдени мұраларының сабақтастығын сақтай отырып, ата-бабаларымыздың жүріп өткен жолын оқыту, тәрбиелеу, әрбір шәкіртті жеке тұлға деп санап, оның жан-жақты дамуына мүмкіндік жасау, оқушыларға пәнаралық байланыс негізінде гумандық тәрбие беру болып табылады. Оқушыларды Ұлттық бірыңғай тестке жаттандылықпен емес, білім арқылы дайындау. Қазақстан тарихының мәселелерімен жүйелі түрде, ғылыми негізде таныстыру; тарихи дамудың жалпылама және ерекше заңдылықтарымен таныстыру; Отан тарихын үйрету арқылы оқушыларды Отан сүйгіштік қасиеттерге, адамгершілік қасиеттерге, халықтың тарихи дәстүрлі болмысын қадірлеуге баулу жатады. Сонымен қатар қазақ тілінде ойын еркін жеткізе алатын, қазақтың тарихы мен мәдениетін меңгерген жан-жақты білімді, мәдени ұлттық тұлға қалыптастыру.

Оқытудағы «Қазақстан тарихы» пәнінің міндеттері:

- Қазақстан тарихын оқушының жас ерекшелігін ескере отырып ғылыми негізде меңгерту.
- Отан тарихын көне дәуірлерден бүгінгі күнге дейінгі кезеңдерінен түсінік беру.
- Халқымыздың тарихын қазіргі кезеңге дейін зерттелуі жағынан және зерттелінбей ақтандақтар болып келудегі кейбір мәселелердің бетін ашып көрсету.
- Бүгінгі таңда тарихымызды оқытудың басты ерекшеліктерін жан-жақты түсіндіру.
- Тарихи деректер мен тарихнамалық еңбектерді ғылыми түрде пайдалана білуге дағдыландыру.
- Қазақстан тарихының теориялық, методологиялық, концепциялы мәселелерін жеңіл меңгеруге көмектесу.
- Пән бойынша баяндамалар мен рефераттар, ғылыми жобалар мен мақалалар жазу арқылы ғылыми жұмыстар жазуға машықтану.
- Қазақстан тарихының әрбір тарихи кезеңдерін жүйелі түрде меңгеріп, олардың ерекшеліктерін айқындап, еркін өз ойын жеткізуге үйрету.
- Кез келген шаршы топта өз ойын шешен де шебер, дәл жеткізе білуге машықтандыру. Сол арқылы әр оқушының өз ана тілінде Отан тарихын басқаларға таныта, бағалай білуге баулу.
- Жазба жұмыстарын сауатты, жоғары деңгейде, шығармашылықпен орындай білуге төселдіру.
- Түрлі шығармашылық жұмыстар жүргізу арқылы оқушыларды іскерлікке, тапқырлыққа баулу.
- Интерактивті тақта, интернет, компьютерлік талдау арқылы оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық сауаттылығын жетілдіру.
- Пәнаралық байланысты жүзеге асыру.
- Әр пәннің табиғатын танытуда оқушының жеке мүмкіндігін ашуға ықпал ету.
- Пәндердің мазмұнын, ішкі мағынасы мен қолданыстағы ерекшелігін және тақырып мазмұнын ашу арқылы танымдық дүниесін қалыптастыру.
- адамзаттың тарихи дамуының негізгі кезеңдері және оның әлеуметтік, рухани, адамгершілік тәжірибелері туралы білімді меңгеруге.
- жеке тарихи проблемаларды және оны зерттеушілердің түрлі көзқарастарын талдау арқылы тарихи деректермен түрлі ақпараттарды зерттеуге, оларға сыни қарап және өз бетінше жауап іздей білуге деген ынтасын арттыру.
- өз елінің тарихы мен мәдениетін білу арқылы жанашыры, саналы азаматы болуға баулу.
- Оқушылардың танымын, логикалық ойлау жүйесін дамыту мақсатында түрлі әдіс-тәсілдер қолдану және түрлі деңгейлердегі тапсырмаларды олардың өзіне құрастырып, жасауына бағыт-бағдар беру.

«Қазақстан тарихы» курсының ерекшелігі:

- Оқу материалының жүйелілігі, бірізділігі.
- Табиғилығы.
- Дағдыға басым бағыт беруі.
- Оқыту мен тәрбиенің бірлігі.
- Ұлттық құндылыққа ерекше орын берілуі.
- Оқу үрдісінде пәнаралық байланыстың мақсатты енгізілуі.
- Барлық оқушыны табысты оқыту.
- Оқу-танымдылық белсенділігін арттыру.
- Білім-білік дағдысын қалыптастыру.
- Білім алуға деген ынтасы мен іскерлік қабілетіне ықпал ету.

- Оқуды жеделдету.
- Шығармашылық қабілетін дамыту.
- Ғылыми ізденіске жетелеу.

Мектепте оқушыларға сабақтан тыс «Қазақстан тарихы» таңдау пәні бағдарламасының негізінде төмендегідей жұмыстар жүргізіледі:

- Оқушылардың «Қазақстан тарихы» курсына оқыту арқылы өз Отандарының тарихына деген қызығушылығын арттыру. Ол үшін Қазақстан тарихы бойынша жинақталған ауызша, жазбаша, заттай деректер мен ғылыми еңбектерге кешенді түрде талдау жасауды үйретіп, түрлі кезеңдерде пайда болған тарихи деректерді жүйелі түрде саралап, қажетті ақпараттарды ала білуге баулу, деректер, жарияланған мақалалар мен ғылыми жұмыстарды көрсету, мазмұнымен таныстыру, оқыту. Осыларды көріп, танысқаннан кейін оқушы:

- Тарихи деректердегі ақпараттарды орынды пайдалана білуге үйренеді. Талдау барысында тарихи оқиғалар мен ұлы тұлғалар, ойшылдар мен ғұламалар, ақын-жазушылардың өмірі мен қызметін, олардан қалған қанатты сөздер мен қазақ халқының бай философиялық мұралары т.б. туралы айтқан ұлағаты мол толғамдарының, даналық сөздерінің мәтіндерін оқи отырып, өз ұлтына, төл тарихына, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігі қалыптасады.

- Оқушылардың ғылыми түрде жазуға деген қызығушылығын арттыру. Өз ойын, алынған фактілер мен ақпараттарды нақты пайдалана отырып, оқушы ғылыми стильде, сауатты жазуға үйренеді. Жазу барысында тарихи материалдарды кешенді талдай отырып, логикалық бірізділік, жүйелілік, теория мен практиканың байланысы, беріктілік ұстанымын меңгереді.

- «Қазақстан тарихы» курсының пәнаралық байланысы – оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын арттырудың тағы бір тиімді жолы. Талдауға алынған материалдар тарихи, әдеби шығармалардан, мәдени, археологиялық материалдар мен тарихи оқиғалардан, туған өлке табиғатынан алынғандықтан, оқушының ой-өрісін, танымдық қабілетін арттыруға ықпал етеді. Мұндай мысалдарды талдау, түсіндіру, оқушылар санасына сіңіру үшін, тарихи салыстырмалы, жүйелі, кешенді талдаудың маңызы зор.

- Қарым-қатынас – оқушының тарихи материалдарды толық меңгеріп, мәнерлі де шешен сөйлеуге, өз ойын түсінікті жеткізе білуіне, яғни тарихи фактілерді дұрыс және дәл, нақты жеткізе білуге бағыттау. Бұл бағытқа көп оқу, іздену, талдау, шығармашылығын шыңдау арқылы жету жатады. Орындалатын мұндай жұмыстар оқушылардың шығармашылық белсенділігін туғызады, білім алудың жолдарын іздестіруге мәжбүр етеді.

- Көрнекілік және техникалық құралдарды пайдалану. Көрнекіліктер мен сызбалардың, кестелердің түрлері оқушылардың логикалық ой-өрісінің дамуына әсер етеді. Қазақстан тарихынан түрлі талдау сызбалары мен кестелері және пайдаланылатын техникалық құралдар оқушыларды жаһандану үрдісіне енуге бағыттайды.

«Қазақстан тарихы» пәнін оқытуға қажетті әдебиеттерді оқытушы алдын ала мұқияттылықпен таңдап, оқып, қажетті мәліметтерді сұрыптауы керек. Оқушының жас мөлшерін ескеріп және білім деңгейін бағалай отырып ұсынуға болады. Өйткені, жас мөлшерін ескермесе, кейбір оқулықтар мен деректердің мазмұны күрделі болып, ондағы мағлұматтарды оқушылар түсінбеуі мүмкін.

«Қазақстан тарихы» пәнін оқытуға қажетті әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында. – А.: Өнер, 1996.
2. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – А.: Атамұра, 1992.
3. Назарбаев Н.Ә. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. // Ана тілі. – 2-8 ақпан, 2012 жыл.
4. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы (баптары бойынша түсіндірмелерімен) және оны жүзеге асыру жөніндегі негізгі құжаттар. -Астана, 2007.
5. Қазақстан тарихы. Көне замандардан бүгінге дейін. Көп томдық, 1,2,3,4, 5 том. – Алматы, 1996-2010.
6. Қазақстан тарихы. – Очерктер. – Алматы, 1995.
7. Прошлое Казахстана в источниках и материалах // под. ред. проф. С.Д.Асфендиярова и проф. П.А. Кунте. – Алматы, 1997.
8. Материалы по истории Казахских ханов XV-XVIII вв. /извлечения из персидских и тюркских сочинений/. Сост: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. – Алматы, 1969.
9. Тұрлығұл Т.Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. – А.: Ғылым, 2003.
10. Рысбай К. Қазақстан Республикасының тарихы. – Алматы, 2005.
11. Ермуханова Х.К. Қазақстан тарихы. – А.: Шың кітабы, 2007.

12. Күнкожаева Н.Р. Тәуелсіз Қазақстан тарихы. – А, 2006.
13. Кәдірқұлова Г.Қ. Қазақстан тарихы. – А.,: ҚАЗАқпарат, 2005.
14. Кан Г.В. Қазақстан тарихы. – А.:Дәуір, 2002.
15. Қазақстан тарихы. Анықтама. – А.:Өнер, 2001.

«Қазақстан тарихы» пәнін оқытудан күтілетін нәтиже:

- Қазақстан тарихын терең ғылыми негізде меңгерген шын мәніндегі ұлт жанашырлары тәрбиеленеді.
- Қазақстан тарихындағы күрделі мәселелердің шығу төркінін, даму барысын, жоғары деңгейде саралай біледі.
- Рухы биік, ұлттық құндылықтарды бағалай білетін елжанды, сөйлеу мәдениеті жоғары парасат иесі, жеке тұлға тәрбиеленеді.
- Түрлі жаттығу жұмыстары арқылы өз ұлтының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын бойларына сіңірген, ұлттық тұлға қалыптасады.
- Дискуссиялық сұрақтардың себептеріне талдау жасай біледі. Тарихи дамудың принциптері мен заңдылықтарын игере біледі.
- Мұғалім мен оқушылар арасындағы әріптестік қарым-қатынас үлкен шығармашылыққа ұласады.
- Аралық тест және ҰБТ-ға дайындық сапалы жолға қойылады.

Әдебиеттер

1. Тұрғанбаев Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы., 2000.
2. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларының мүмкіндіктері мен Отан тарихының мәселелері атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – 12 желтоқсан. – 2012 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.
3. Тұрлығұл Т.Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. – А.: Ғылым, 2003.
4. Педагогика и психология высшей школы. – Ростов на Дону., 2002.

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІ ҰШТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Тастемирова Г.А., ф.ғ.к., Нусупбаева С.А.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Оқыту мен тәрбие бүгінгі өмірмен ғана астасып қана жатқан жоқ, тарихтың тұңғышымен астасып жатыр. Сондықтан да өткеннің кейбір іргелі тағылымдарына ден қоюға тура келеді. Бүгінде жаңа бетбұрыс жасау кезеңі деп білеміз. Педагогика ғылымы алдында оқу-тәрбие жүйесін ұдайы жетілдіру мәселесі қойылып келеді. Қазіргі таңда білім саласының қызметкерлері, ұстаздар, тәрбиешілер оқу-тәрбие ісіне ұлттық сипат беруге, оны бүгінгі күн талабына орай барынша мазмұнды жүргізуге күш салуда. Білім беру туралы Заңда: «Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүр-салтын оқып үйрету үшін жағдайлар жасау – негізгі міндеттердің бірі» делінген. Көне тарихымызға көз жүгіртер болсақ, ұрпақ тәрбиесіне ежелден таңғажайып ғибратнамаға толы ауыз әдебиетінің, бесік жырларының, қисса-дастандардың, шешендік сөздердің, ұлттық рәсімдердің ықпалы аз болмаған. Осылайша бала кішкентай кезінен бастап ғылымның әр саласынан мол мағлұмат алып, ибалы, инабатты, елгезек, ұлтжанды болып өскен. Тоқырау кезеңінің сыныбынан сүрінбей өткен халықтық тәрбие, қазір жаңарып, жаңғырып, бізге толыққанды боп жеткен баға жетпес бай қазына. Онда халқымыздың ұлттық қадір-қасиеті көрініс тапқан.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті, ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының міндеті – тыңдаушыларды жоғары оқу орындарына түсуге дайындау. Білім алып жатқан тыңдаушылар: а) оралман-тыңдаушылары, б) Қазақстандағы орта мектепті бітірген тыңдаушылар в) Қазақстанның 1000 ауған азаматын оқытуға арналған білім беру бағдарламасы негізінде келген ауғанстандық жастар. Жастарды оқу мен тәрбиелеудің ортасы – оқу орны екені белгілі. Ондағы жоспарлы тақырыптық сабақтармен қатар, кураторлық сағаттары, тәрбие сағаттары, ғылыми жобалар оқу мен тәрбиенің ең негізгі, ықпалдастығы болып отыр. Бүгінгі таңда, ұрпағымыздың азамат болып қалыптасуы барысында біз олардың жаһанданудың теріс ықпалдарына қарсы тұруын ескеруіміз қажет. Бұл жағдайда тәрбие

жұмысының тиімділігі куратор мен тыңдаушылардың өзара байланысынан көрінеді. Өскелең ұрпаққа адамзат тарихында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан патриоттық тәрбиені, отаншылдықты, сапалы білімді дарыту – қазіргі кезде көкейкесті мәселенің бірі болып отыр. Ақиқатында, осынау мәселе еліміздің тұтастығын, оны ішкі және сыртқы күштерден сақтау міндетінің өзі жастарды отаншылдық, елжандылық, патриоттық рухта тәрбиелеуді жүктейді. Өткенін білмеген халқының қадірін білмейді, халық нені бастан кешірді, бүгінге қол жеткені ненің арқасы, халық өз тарихын жасау үшін тер төгіп, азап шекті, тар жол, тайғақ кешуден өтіп, жерін қорғап, елін сақтады. Отансүйгіштік сезімнің нысаны мен қайнар көзіне Отан, туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі ұлттық құндылықтар жатады. Ұлттық сезім – өзінің ұлттық өкілділігін мойындай отырып ұлтына деген сүйіспеншілік, жанашырлық, халық мұраларын бағалай білу. Әрбір адам өз Отанына деген мақтаныш сезімі, өз ұлтын терең сүйуі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеуге тиіс. Ұлттың сана-сезімімен ана тілін білу де, жері елінің тарихына зер салу, төл мәдениетін игеру де туындайды. Ана тілін білмейтін адам өзінің де, ел-жұртының да қадір-қасиетін жетік біліп, бағалай алмайды. Жалпы, патриоттық сезімнің қалыптасуы отбасынан бастау алады. Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа, ең алдымен, тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жатқызсақ, тіл – қазақ болуымыз үшін, дін – адам болуымыз үшін, салт-дәстүр – ұлт болуымыз үшін қажет.

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» халыққа жолдауында былай деп жазылған: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн». Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- жастардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Сонымен бірге ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді: Қорқыт ата, Әл-Фараби, Қожа Ахмет Йассауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Асанқайғы, т.б. қазақ ақын-жырауларының мұраларынан, билер мен шешендердің тәлімдік сөздерінен көреміз. Елге оралып, білім алуға келген жастарымызға білімді өз бетінше ізденуіне, ұлттық тәрбиені сіңіріп, оның ерекшелігін терең білуге, құрметтеуге, Қазақстан тарихы пәнін оқыту арқылы Отанының тарихын терең білуге үйретуге тиіспіз.

Елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету басты міндетіміз болып қала бермек. Біздің ұлттық өнеріміздің, мәдениетіміз бен дәстүрлеріміздің алдыңғы қатарлы үлгілерін, тіліміздің орасан зор байлығын жас жеткіншектердің жан дүниесіне сіңіріп, сол арқылы әлемдік рухани өркениеттің өріне шығып, нәр алу – бүгінгі күн талаптарының маңыздысы. Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту – баршамыздың парызымыз. Сонда ғана ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Адамзат баласының алға қарай сатылай өркениет өріне жетуі әр адамның дұрыс ой түйіп, өнегеге жол сілтеуі, рухани күшін нығайтуға, аға буын өкілдеріне ізет көрсету отансүйгіштік тәрбиенің бастамасы болып табылады. Елбасымыздың кезекті жолдауында да болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие беру мәселесі де басым бағыттардың бірі болып отырғаны тегін емес. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» - дейді Әбу Насыр әл-Фараби өз қағидасында. Яғни оқу мен тәрбие егіз. Оқу мен тәрбие ықпалдастығы сондай бірін-бірі толықтырып отырады. Факультетте шетелден келген оралман-тыңдаушыларды отанының тарихын жете білуіне көмегін

тигізетін тәрбиелік іс-шаралар ұйымыдастырылады. Мысалы «Қазақ – қонақжай, мейрімді халық», «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды», «Таңғажайып тарих», «Тарихты білесің бе?», «Тарихтан сыр шертеміз», «Тарих тағлымы», «Тарихты білу – парызың!» «Тәрбие басы – тіл», «Тұлға тағлымына-тағзым», «Елбасы-ел тұтқасы», «Толеранттылық – татулықтың бастауы», «Қазақи әдептілік әлемі», «Ерлер есімі – ел есінде» тақырыбында тәрбие сағаттары ұйымдастырылады. Өткізілген тәрбие сағаттары Қазақстан тарихы, әдебиеті, мәдениеті, тілін тереңірек меңгеруге септігін тигізеріне сенімдіміз.

Түбегейлі өзгерістерге бет бұрған жаңа қоғамда тек білімді болу жеткіліксіз, сондықтан әрбір жеке тұлғаның бойында әр ұстаз адамгершілік, ізгілік кішіпейілділік, қарапайымдылық, отансүйгіштік қасиеттерін тәрбиелейді. Бұл ретте мектептегі тәрбиенің мақсаты: ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, парасатты, мәдениетті, еңбекқор, бойында басқа да ізгі қасиеттері қалыптасқан азаматтарды тәрбиелеу.

Жаңа талпыныс, жаңа ашылған жолдардың бірі – білім берудің жаңа жүйесінің жасалуы. Бұл педагогикадағы, тұтас педагогикалық үрдістегі өзгертулермен тығыз байланысты. Білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқарас, жаңаша қарым-қатынас (білім мазмұнын жетілдіру, жаңа базистік оқу жоспарына көшу, жаңа буын оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерге көшу, т.б.) жаңаша ойлау қалыптасуда.

Оқытушы қауымы өз тәжірибелерінде дәстүрлердің озығы мен тозығына зер салып, әдеби мұралардың жақсарған құбылыстарын зерттеп пайдалануды ең басты міндет ретінде алға қою керек. Ертенгі елдің барлық шаруашылығын жүргізіп, қолында ұстаушы – бүгінгі жастар. Өркениетті елдің көзі ашық азаматтарын, экономикасы мен саясатын басқа елдермен тепе-тең жүргізе алатын, ата-бабаларымыздың қолының күшімен, найзаның ұшымен қорғап қалдырып кеткен жерімізді, мекенімізді сақтай алатын, айтысса, айтысса алатын, сайысса, сайыса алатын, «сегіз қырлы, бір сырлы» жігіттерді, инабатты, икемді, бойынан ақыл-ой, мейрімділік, әсемдік, сұлулық лебі есіп тұратын бойжеткендерді тәрбиелеу – негізгі міндетіміз дер едім. Халық педагогикасында жастарға имандылық, адамгершілік, ізгілік туралы мағлұматтар кеңінен насихатталады. Оны пайдалану, өз тәжірибесінде қолдану – бүгінгі оқытушылар еншісінде. Халқымыздың ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды дәріптеп, білімге ден қойып көп ізденіс жасамайынша оқыту мен тәрбиені бірге ұштастырып, ықпалдастыру мүмкін болмайды. Оқыту мен тәрбиені ықпалдастырып қажымай еткен еңбек арқасында әлемдік деңгейдегі дарынды да тәрбиелі оқушы тұлға шығатынына сеніміміз мол. Қазіргі заманға сай оқытушы, куратор-эдвайзер ақпараттық технологияны ұтымды меңгеруі білікті ұйымдастырушы, әрі тәрбиешісі болуы тиіс. Қорыта келгенде, уақыт талабынан туындап, білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер жастарды тәрбиелеу осы заман талабына сай үйлесімді деңгейді қайта құруды міндеттейді. «Тәрбие бар жерде ғана сапалы білім саналы ұрпақ болады» деген дана халқымыздың мақал сөзіне сүйенеміз.

Әдебиеттер

1. Айтмамбетова Б.Р., Бейсенбаева А.А. Жеке адамның дамуы, тәрбиесі Алматы: КазПИ, 1991.
2. Сластенин В.А. и др. Педагогика: уч. пособие. – Москва: Академия, 2004.

МӘТІН АРҚЫЛЫ ТІЛДІ ДАМЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Тастемирова Г.А., ф.э.к., Тилеужанова Г.Т., Сапаева Г.Е.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Қазақстанның 1000 ауған азаматын оқытуға арналған білім беру бағдарламасы негізінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті 2010 жылдан бері ауған азаматтарын оқытып келеді. Дайындық факультетінде ауған тыңдаушыларына алғашқы алты апта бойы 36 сағаттан қазақ тілі сабағы болады. Яғни, қазақ тілі сабағы аптасына 6 күн 3 сағаттан жүргізіледі. Ауған тыңдаушыларымен түсінісетін ортақ, дәнекер тіл болмағандықтан, сабақ барысында біз тек ана тілімізде сөйлейміз.

Ауған топтарында қазақ тілін оқытудағы басты мақсатымыз – тыңдаушылардың сөздік қорын молайту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс оқып айта білуге, берілген мәтінді қысқаша әңгімелеп беруге дағдыландыру, ойын қазақша жеткізе алатындай дәрежеге жеткізу. Мәтін –

негізгі қарым-қатынас бірлігі, ал мәтінмен жұмыс істеу – қарым-қатынас жасауға үйренудің құралы. Мәтінді оқудың негізгі міндеттері – дұрыс түсініп, жылдам әрі мәнерлеп оқу. Сонымен қатар дайындық курсты аяқтаған соң таңдаған мамандығына сәйкес жоғары оқу орындарында оқуын жалғастыратын және конспект жаза алу деңгейіне жеткізу.

Дұрыс оқу дегеніміз – әрбір әріпті, буынды, сөзді бұрмаламай, сөздің соңғы буынын «жұтып қоймай», анық оқу, әрбір сөзге екпінді дұрыс түсіру. Ал, түсініп оқу – тіл үйренуде қажетті әдіс. Оқушы сөзді, сөйлемді, тұтас мәтінді түсініп оқымаса, ол жай механикалық түрде іс болып, тыңдаушы сөз де, тіл де үйрене алмайды. Қазақ тілін үйреніп келе жатқан ауған тыңдаушылары үшін, 2 семестрде «ежелеп» буынға бөліп тұрмай, орташа екпінмен оқу қажет. Мәнерлеп оқу – дауыс екпінін дұрыс түсіріп, анық және түсініп оқу, яғни тыңдаушы әрбір сөзді анық айтып, тиісті тыныс белгілеріне тоқтап, басқа біреудің сөзін оқығанда дауысты өзгертіп, сөзді анық, бұрмаламай оқиды. Мәтінді оқығанда дұрыс, түсініп, жылдам, мәнерлеп оқу жеке-жеке қолданылатын әдістер емес, қайта олар бір-бірімен тығыз байданыста, бірлікте болады. Мәтінді түсініп оқыған тыңдаушы дұрыс та, жылдам да, мәнерлеп те оқи алады. Кезекті жұмыс мәтін бойынша сұрақтарды қоя білу және сұрақтарға дұрыс жауап беруді игеруде де тыңдаушыға меңгертетіндей түрлі әдістер көп. Мәтін – сөйлеу процесінің жемісі.

Мысалы: бір тыңдаушы тақтадағы сұрақтарды оқып аударса, екіншісі оған жауап сөйлемді осы әдіспен жалғастырады. Осылайша берілген сұрақ-жауапты әрі оқып, әрі аударып түсініп алған соң, келесі тыңдаушы сұрақ-жауапты аудармай-ақ оқып шығуына болады. Тақтадағы жаңа сөзді, сұрақ-жауапты бірнеше тыңдаушы оқып шыққан соң, кейбір сөздерді, сөйлемдерді хормен оқытуға болады.

Мәтінмен байланысты тіл дамыту жұмыстарының бір саласы – жатқа айта білуге үйрету. Жатқа тек өлең ғана емес, сонымен бірге мәтіннің аты, оның ішіндегі жаңа сөздер, сөз тіркестері, кейбір сөйлемдер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, грамматикалық анықтамалар алынады. Мұғалім сабақ сайын қадағалап тыңдаушыға жатқа айтуға тапсырманы үнемі беріп отырады. Мысалы, ауған тыңдаушыларға 1 семестрде төмендегі үлгіде мәтіндер беріліп жатқа айтуға дағдыландыру.

Менің университетім. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстандағы ең үздік университеттің бірі. Университетте 14 факультет бар. ҚазҰУ қалашығында үлкен Әл-Фараби кітапханасы, Студенттер сарайы, әкімшілік ғимараты, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, спорт кешендері орналасқан. Орталықта студенттерге арналған футбол алаңы бар.

Менің факультетім. Мен қазір университеттің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде оқимын. Факультетіміз Масанчи көшесінде орналасқан. Біздің факультетте 20 мемлекеттен келген студенттер қазақ және орыс тілдерін үйренеді.

Менің бос уақытым. Мен сабақтан бос уақытта кітап оқимын. Ал демалыс күндері Алматыны аралаймын. Алматының түзу көшелері мен көкпеңбек ағаштары қалаға көрік беріп тұрады. Маған әсіресе Көктөбе мен Медеу мұз айдыны және Президент саябағы ұнайды.

Менің досым. Мен өткен жексенбіде Айгерім деген қызбен таныстым. Ол Алматы техногиялық университетінде оқиды. Айгеріммен қазақ, ағылшын тілдерінде сөйлесеміз. Ол менен Ауғанстан жайлы сұрайды. Мен Айгеріммен танысқанымға қуаныштымын. Ол өте әдепті, сүйкімді қыз.

Алматы қаласы. Мен қазір Алматы қаласында тұрамын. Университетте оқимын. Алматы қаласы маған өте ұнайды. Себебі табиғаты тамаша. Қалада ағаштар өте көп. Көшелердің бойындағы ағаштар мен биік ғимараттар қалаға ерекше көрік береді.

Жексенбі күні. Мен жексенбі күндері базарға барамын. «Николский» базары біздің жатақханаға жақын орналасқан. Базар онша үлкен емес. Базардан жеміс, көкөніс, ет, жұмыртқа, азық-түлік сатып аламын. Жеміс-жидектер өте қымбат.

Жатақханада. Біз жатақханада тұрамыз. Жатақханаға жөндеу жасалған, өте таза. Әр қабатта асхана бар. Тамақты сонда дайындаймыз. Асхананы, бөлмемізді күнде кезекпен тазалаймыз. Жатақханаға рұқсатсыз ешкімді кіргізбейді.

Менің тобым. Мен 5-топта оқимын. Біз бәріміз Ауғанстаннан келдік. Біздің топта бес ұл, төрт қыз бар. Тобымыздағы барлық тыңдаушылар жақсы оқиды. Күнде кешке математикадан есептер шығарамыз. Себебі біздің таңдаған мамандығымыз инженер. Сондықтан математикадан көп дайындалу керек.

Демалыс күндері. Біз демалыс күндері түске дейін ұйықтаймыз. Ұйқыдан тұрған соң, тамақ пісіреміз. Тамақтанып алғаннан кейін қаланы аралауға барамыз. Бізге Алматы қаласы өте ұнайды. Қалада көрікті жерлер өте көп.

Саяхатта. Күзде «Түйекұс» фермасына саяхатқа бардық. Фермада үлкен түйекұстар мен бұғыларды көрдік. Түйекұстың жұмыртқалары үлкен екен. Біз түйекұспен жүгіріп жарысып ойнадық. Саяхатқа автобуспен бардық. Автобуста ән айттық. Саяхатымыз көңілді өтті.

Есік көліне саяхат. Біз қазан айында Есік көліне саяхатқа бардық. Таудың басында орналасқан көлдің суы тұнық, өте әдемі. Көлдің жағалауында көкпенбек ағаштар, үлкен тастар бар. Жазық жерге футбол ойнадық. Бәріміз суретке түсіп, жақсы демалдық.

Менің отаным – Ауғанстан. Қазақстанға келгелі үш ай өтті. Қазір біз қазақша түсінеміз, аздап сөйлей аламыз. Қазақ халқы мейрімді, қонақжай. Бірақ, мен Ауғанстанды сағынамын. Болашақта Ауғанстанның қалалары да Алматы сияқты әдемі, көрікті қала болуын армандаймын. Қазақстанда білім алғаннан кейін елімнің дамуына үлес қосқым келеді. Себебі менің отаным – Ауғанстан.

Осындай шағын, түсінікті мәтіндерді жатқа айту арқылы тыңдаушының тілі ширайды, сөз қоры молаяды, сөзді, сөз тіркестерін, сөйлемді бірнеше рет қайталау арқылы қазақ тілінде дұрыс сөйлеп, қатесіз жазуды, сөздерге екпінді дұрыс түсіруді үйренеді. оқушылардың ойлау қабілетін арттыруға, сөйлеу шеберлігін қалыптастыруға, адами ізгі, эстетикалық тәрбие беруге, әдеби және тарихи деректерді түсінуге көмектеседі.

Мәтін тыңдаушыларға тілді меңгеру деңгейіне, біліміне лайықтанып алынуы керек. Мәтін тілі жеңіл, мазмұны тыңдаушыны қызықтыратындай тартымды болуы қажет.

Ауған топтарында мәтін бес түрлі қызмет атқарады.

- 1) Мәтін тыңдаушыға білім береді.
- 2) Оқуға үйрету құралы.
- 3) Тыңдаушының ойын дамытады.
- 4) Тәрбиелік міндеттерді шешеді.
- 5) Тыңдаушылардың тіл байлықтарын дамытады.

Мәтінмен жұмыс істеу мынадай кезеңдерге бөлінеді:

1. Мәтінді оқығанға дейінгі жұмыс;
2. Мәтінмен жұмыс кезеңі;
3. Мәтінді оқығаннан кейінгі кезең;

Мәтін алдындағы жаттығулар мен соған сәйкес жұмыс түрлері мынадай бағытта жүргізіледі: тілдік тұлға мен сөйлем үлгілерін мәтінде танып, айыра білу және әртүрлі құрылымдық материалдарды (сөзжасам элементтері, етістіктің жақ, шақ түрлері, т.б.) меңгерту. Келесі мәтінмен жұмыс кезеңі. Бұл кезеңде мәтіннің тілдік материалы мен құрылымы орындалады. Мәтін ішінен қажет мәліметті бөліп алу, айыра білуге машықтандыру жаттығуларын әртүрлі тәсілмен орындау. Мәтінмен жұмыс былайша ұйымдастырылады: оқығанның мазмұнын айту, мәтін бойынша сұраққа жауап беру, жоспар жасату, бірнеше бөлімге бөліп оқыту, негізгі жанама ойды таптыру, қорытынды жасату.

Шартты түрде алып отырған үшінші кезеңде мәтінді оқып, түсініп, негізгі ойды қазақ тілінде жеткізе білу.

Мәтінді оқығаннан кейінгі жұмыстар: 1. Сөздік жұмыстар. 2. Сөйлем құру. 3. Аударма. 4. Мәтінге сұрақтар қою. 5. Диалог, ситуация құру.

Осы аталған іс әрекеттерді жүзеге асыруда тыңдаушылар өзара тілдік қарым-қатынасқа түседі. Тілдік қарым-қатынасқа түсу деген сөз – біз оқытудың коммуникативтік технологиясын да іске асырдық деген сөз. Коммуникативтік оқыту технологиясын жүзеге асыру негізін Сент-Экзепюридін сөзімен айтқым келеді: «Жер бетіндегі ең үлкен байлық – бұл қарым-қатынас байлығы». Сол себепті коммуникативтік оқыту технологиясының элементтері ретінде мәтінмен жұмыс түрін ерекше атап өтуімізге болады. Сонымен қатар мәтінді оқытудың мынадай түрлерін сабақ үстінде қолдану мұғалімнің жеке зерттеушілік жұмыстары үшін өте пайдалы:

1. Дауыстап оқыту арқылы – тыңдаушының сөйлеу элементтерін меңгергендерін байқауға болады, тағы да бір тиімділігі – тыңдаушылар бірінің қатесін бірі естіп және түзетіп отырады.

2. Іштей оқу – бұл жұмыстың мақсаты тыңдаушылардың шапшаң оқу дәрежесін анықтау. Мысалы: тыңдаушыларға іштей шапшаң оқу үшін бір мәтін беріліп, қай жерге дейін оқу керектігі белгіленеді. Әркім белгілеген жерге келгенде кітаптарын жауып, бітіргенін байкатады. Осылайша оқушылардың оқу шапшандықтарының мөлшерін мұғалім өзі белгілеп отырады.

Қорыта келе, тыңдаушының құзырлылығы коммуникативтік оқыту технологиясы арқылы дамиды. Оның ішінде мәтінмен жұмыс арқылы танымдылық қабілеттері, танымдық процестері дамып, сөздік қоры молаяды, оқытуда жағымды әрекет қалыптасады. Оқытушының басты мақсаты – тыңдаушының қазақ тілін меңгеріп, өз таңдаған мамандығы бойынша оқу орнында оқуын жалғастыра білу.

ОҚУ-ТӘРБИЕЛЕУ ІСІНДЕ АУҒАНСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ ЭТНОСТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСЕПКЕ АЛУ

*Тастемирова Г.А., ф.ғ.к., Тилеужанова Г.Т., Сапаева Г.Е.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының ұлттық білім беру салаларында қоғамның экономикалық-саяси және ғылыми-техникалық өркендеуіне орай жаңа жүйе қалыптасуда. Бұл жүйе жалпыға бірдей білім беру мекемелеріндегі білім беруді қайта қарау, саралау негізінде оқушылардың ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытудың, қазіргі білім беру жүйесіне сәйкес жаңа инновациялық технологияларды оқыту үрдісіне енгізуді талап етуде. Мұндай талап еліміздің әлемдегі дамыған елдер қатарына қосылу саясатынан және ел экономикасының, ілімі мен ғылымының қарқынды да орнықты даму саясатынан туындап отырғаны белгілі. Бұл тұрғыда Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2008 жылғы Қазақстан халқына арнаған жолдауында: «Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып оқытудың қазіргі заманғы озық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеп, енгізу қажет», – деп атап көрсеткен. Оқытудың негізгі принциптеріне сай қазіргі кезде оқыту барысында оқулықтарды құрастыруда, оқыту формалары мен әдіс тәсілдерін таңдауда оқушылардың жас ерекшеліктері есепке алынады. Кез келген жас шақ өзіне ғана тән психо физиологиялық ерекшеліктерге толы болады. Кіші сынып оқушыларының мысалға алғанда зейіні, есте сақтау қабілеті жоғары сынып оқушыларынан ажыратылады. Сол ерекшеліктерге сай оқыту процессін ұйымдастыру ерекшеліктерін жетік білу болашақ ұстаздар үшін өте маңызды, себебі оқыту процессінің тиімділігіне тікелей байланысты.

Оқу – адамның жеке басы танымының ерекше түрі. Ендеше, тұлғаны ұлттық тұрғыда қалыптастыру үшін сол ұлттың негізгі өзіндік-психологиялық ерекшеліктерін анықтау оқу процессінде жүзеге асуы керек. Әр адамның дамуы оның әртүрлі қиындықтар мен кезеңдерден өтуімен байланысты. Кезеңдерге бөліну процесі – жеке адамның әлеуметтік ортадағы қозғалысының заңдары. Оның психикалық даму ерекшеліктерінің негізі П.П.Блонскийдің, Л.С.Выготскийдің, А.Н.Леонтьевтің, А.В.Запорожецтің, М.М.Мұқановтың және т.б. еңбектерінде нақтылы тұжырымдалады. В.К.Шабельниковтың пікірі бойынша, жеке адамның этнопсихологиялық қалыптасуы және кезеңдердің болуы, белгілі қоғамдық мәдениетте ерекше сапалар қабаты мен құрылым деңгейлерінің өмір сүруі, оның жеке «кванттарының» дамуын анықтауға мүмкіндік береді. Ендеше, жеке адам бір мәдениеттен екінші мәдениетке ауысуда үлкен қиындықтарды өткізіп, көптеген қарама-қайшылықтарды жеңулеріне әкеледі [1]. Біз қарастырғалы отырған ауғанстандық тыңдаушылардың этностық ерекшеліктері негізінен Ауғанстанда тұратын ұлттар: пушту, тәжік, өзбек, хазар ұлттары және түркімен, саодат, арабтар болып табылады.

Ауғанстандық жастар Қазақстанға алғаш келгенде кезде өз өмірінің үлкен психикалық даму өзгерістеріне тап болады. Сондықтан жатақханаға орналастыру барысында, топқа бөлгенде тыңдаушылардың ұлттық ерекшеліктерін ескеру кураторлардың негізгі міндеті болып саналады. Ауғанстандық жастардың ұлттық намыс, ұлттық санасы өмірінде белгілі орын алады. Оқу іс-әрекетінің мотивациялық өрісі де өзгереді. Оқудағы меңгеру процесінің механизмдері: білім, дағды, шеберлік жүйелерінің нәтижелік көрсеткіштері өзгеріске ұшырайды. Ендеше, тыңдаушылардың оқу барысында олардың мектепте алған білімдері ерекше сынға түседі. Біздің тәжірибемізге сүйене отырып мән беретін болсақ, хазар ұлтының ұлдары үздік оқитын тыңдаушылар қатарына жатқызуға болады. Себебі, оларда оқуға деген дағды қалыптасқан. Ал екінші, тәжік ұлты, үшінші өзбек пен пуштун ұлттары алады. Оқу үдерісінде тыңдаушылар арасында түрткі болатын да мектепте алған білімдерінің таяздығы болып саналады.

Л.И.Божович түрткіге мынадай анықтама береді: «Түрткі – іс-әрекет не үшін іске асырылмайтындығын білдіреді, оның мақсаттан айырмашылығы осы іс-әрекеттің бағытталуында. Яғни, баланың белсенділігін түрлендірудің бәрі түрткі болып табылады. Олар: баға, қызығулар, ұнамды болуға ұмтылу, баланың қабылдаған шешімі және борышын сезінуі тағы басқалар болуы мүмкін» [2]. Оқу іс-әрекетіндегі мотивациялық өрістің келесі көрсеткіші – мақсат. Мақсат – қажеттіліктің жетістікке жету кезеңін көрсететін нәтижелерге белсенділіктің бағытталуы. Оқу түрткісін іске асыру үшін, оқу іс-әрекетінде көптеген аралық мақсаттар қойып, оны орындауға тырысу керек. Психологтардың айтуы бойынша түрткілер көп жағдайда оқу іс-әрекетін тұтастай бейнелейді, ал, мақсаттар жекелеген оқу әрекеттерін бейнелейді. Бірақ, мақсатсыз өте күшті деген

оқу түрткілері ұйтқымалы болуы мүмкін. О.К.Тихомиров мақсатты түрткіні мақсат арасындағы байланыс арқылы ажыратады. Егер мақсат сырттан берілсе байланыс мақсаттан түрткіге қарай қалыптасады, егер мақсат іс-әрекет барысында өз бетімен құрылса, онда байланыс түрткіден мақсатқа қалыптасады [3]. Мақсат – іс-әрекеттің алдын-ала қойылған нәтижесі, өмірлік жолдары көп жағдайда оқуға бағытталған. Адамның өз алдына мақсат қоюы іс-әрекеттің жоғары дәрежеге жетуін, өнімділігін қамтамасыз етеді, оқу түрткілерін тудырып, оны күшейтеді. Оқушының дұрыс білім меңгеруі үшін, мақсаттың өз бетімен түрткі күші болуы және оның түрткіге айналуы маңызды. Студенттік өмірде осының мәнін тереңірек ұғындыру және болашақ маманның жан-жақты зерделі, білімді болуы еліміздің маңыздылығын, құндылығын, көтеретіндігін түсіндіру ұстаздың үлесіне тиеді. «Қызықты оқу пәні оқушылардың мақсат өрісінен тұратын, оның түрткісін түрлендіретін оқу пәні» [4]. Қызығу – шындықтағы заттар мен құбылыстарды белсенділікпен танып, білуге бағытталған адамның біршама тұрақты жеке ерекшеліктерінің бір көрінісі. Г.И.Щукина қызығушылықтың қалыптасу процессін іс-әрекетте пайда болады және оның құрылымы (міндеті, мазмұны, тәсілдері мен мотивтері) танымдық қызығушылықтың дамуының объективті негізін құрайды деп көрсетеді [5].

Қазақстанға келген тыңдаушылардың танымдық іс-әрекеті тек білімге, оқуға ғана бағытталмай, өзімен бірге жүрген достарының да өмір салтын, өзіндік этностық ерекшелігін тануға, сөйтіп өзінің зерделік, мәдениеттілік өрісін кеңейтуге бағытталады. Осыған орай олардың өмірге, білімге деген қызығушылығы артып, өз халқын басқа халықпен қатар қоюға «Жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге» бағыт алады. Сөйтіп, тыңдаушылардың оқу түрткілерінің танымдық және әлеуметтік жағының маңызы, мағынасы олар үшін кеңейеді. Тыңдаушылардың оқу процессіндегі сыртқы ортамен қарым-қатынасындағы орны, достарының алдында беделінің көтерілуі, ынтымақтастық қарым-қатынас түрткілері нығая бастайды.

Қандай да болмасын қарым-қатынас жүйесінде екі жақтық әрекет болады. Ол қарым-қатынастағы негізгі рөл – атқарушы да, екіншісі – оның серіктесі (партнер). Міне, қарым-қатынастың сәтті болуы осы екеуіне байланысты [6]. Бұл құбылысты тыңдаушылар арасынан жақсы аңғаруға болады. Жаңсақ нанымдар осы өзара қарым-қатынаста белгілі әрекет етуге кедергі жасауы да, көмек беруі де мүмкін. Біздің жағдайымызда, факультетімізде білім алып жатқан жиырмаға жуық мемлекеттен келген студенттердің өзара тату, достық қарым-қатынаста болуын қадағалау. Ал Ауғанстаннан келген тыңдаушылардың басым көпшілігін пушту этносы құрайтын болса, оның серіктесі тәжік, өзбек, хазара ұлты. Ендеше, ауғанстандық тыңдаушылар арасында этносаралық жақсы, достық, жағдайда болуына мән беру біздің факультет ұстаздары негізгі мақсаттарының бірі болып саналады. Осындай жағдайда бір-біріне тығыз әрекет етуші индивидтердің этникалық ерекшеліктерін есепке ала отырып, олардың біріккен іс-әрекетін басқарып, ұйымдастыруда этносаралық қарым-қатынастағы өзара әсерін зерттеумен олардың ішкі бағытын, жаңсақ нанымдардың соған орай этностардың бірін-бірі білудегі қабылдау ерекшеліктерімен олардың мәдениет тұрмыс-тіршілігінің тигізетін әсерін анықтау қажеттігі туады.

Егер, негізгі ұлттық белгілер оның тілі, діні, мәдениеті және әдебиеті болатын болса, олардың адам мінез-құлқына қалайша әсер ететіндігін анықтау психология ғылымының үлесіне тимек. Бұл көрсетілген факторлар сол ұлт мінезінің, сана-сезімінің, бағыт-бағдарының қалыптасуына әсер етеді. Ендеше, оқу процесінде осылардың оқушы бойында көрінуі мен өзгеруіне көңіл бөлу қажет.

Ұлт өкілінің бірден-бір белгісі – оның ұлттық өзіндік санасының қалыптасуы. Ұлттық өзіндік сана адамның тұлға ретіндегі «дайын» субъектілік анықталуы. Ендеше, сол ұлттық өзіндік сананы қандай компоненттер құрайды, олар қалай көрінеді және адам өміріндегі жағдайларға байланысты қандай өзгерістерге ұшырасады деген сұрақтарға жауап табуымыз керек. Сонда ғана оқу процесінде ұлттық жүріс-тұрыс қасиеттерін бала бойында қалыптастыруға мүмкіндік аламыз. Оқу үдерісінде ұлттық өзіндік сананың ішкі компоненттері «ұлттық таптаурындар», «ұлттық бағыт», «тұлғалық бағдар» және «этникалық жаңсақ нанымдардың» пайда болуы, көрінуі және өзгеруі немесе тұрақтылығы бастауыш сыныптың өзінде-ақ жақсы көзге түсетіндігі біздің зерттеулерімізде анықталды [7]. Тыңдаушылардың психикалық дамуының бір ерекшелігі сол: ауғанстандық тыңдаушылар жаңа ортаға бейімделген сайын, бұрынғы оның өмір жолында ерекше орын алып келген қасиеттері мүлдем жойылып кетпей, сапалы өңдеулерден өтеді. Оған себепші – тыңдаушының жаңа ортадағы қарым-қатынасы, іс-әрекет жүйесі. Тыңдаушылардың іс-әрекеті белсенділік мәнге ие болады.

Ауған тыңдаушыларын оқыту, тәрбиелеу ісінде біздің байқағанымыз әр этностың өзіндік ерекшелігі, тұрмыс-тіршілік жүйесі, мәдени-рухани қалыптасуы болады. Мұндай ерекшеліктер этностардың бір-бірімен байланысында, қарым-қатынасында өзінің әсерін тигізбей қоймайды. Әр этнос өкілі өзінің өмір жолында халқының құндылығын, бағыт-бағдарын дәріс етіп, атадан балаға

мұра ретінде қалдыра береді. Сөйтіп, ауғанстандық тыңдаушылар көп этносты Қазақстанның рухани, мәдени, саяси және экономикалық байлығына мән беріп қалыптаса бастайды.

Әдебиеттер

1. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – М.: Просвещение, 1968. – 589 с.
2. Арутюнян Ю.В., Дробизижа Л.М. Этносоциология: цели, методы и некоторые результаты исследования. – М.: Наука, 1998. – 344 с.
3. Кулюткин Ю.Н. Психология обучения взрослых. – М.: Просвещение, 1985. – 436 с.
4. Чебаксаров Н.Н., Чебаксарова И.А. Народы, расы, культура. – М.: Знание, 1988. – 368 с.
5. Выготский Л.С. Собр. сочин. Т. 3. Проблемы развития психики. – М.: Наука, 1983. – 534 с.
6. Обозов Н.Н. О трехкомпонентной структуре межличностного взаимодействия. В кн.: Психология межличностного познания. – М.: Академия, 1981. – 263 с.
7. Әмірова Б.Ә. Оқу процесінде этникалық жансақ нанымдардың көрінуі мен өзгеруі. – Қарағанды: Білім, 1989. – 165 с.

ЖАСТАРҒА КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тинистанов С.Д.

Жетісу мемлекеттік университеті

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауында: «Бала тәрбиелеу – болашаққа ең үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек.

Мен өскелең ұрпақтың озық білім алуы үшін мүмкіндік туғызуға көп күш жұмсадым: «Балапан» бағдарламасы жүзеге асып, Зияткерлік мектептер, Назарбаев Университеті, «Болашақ» бағдарламасы жұмыс жасап жатыр.

Өздеріңіз білесіздер, оған тек дайындығы бар және дарынды балалар ғана өте алады. Баланы білім мен еңбекке дайындау – ата-ананың борышы.

«Бар жақсылық балаларға» ұраны барлық ата-ана үшін қағидаға айналуы қажет», – деп атап көрсеткен болатын [1]. Сондықтан да қазіргі басты міндеттердің бірі – жастардың саналы түрде бір кәсіп бойынша жұмыс істеп, мамандықты дұрыс таңдауына дұрыс бағыт-бағдар беру заман талабы. Кәсіптік бағдар – мемлекеттік іс және күрделі мәселе. Адамның еңбекке деген қабілетін анықтау, оны одан әрі жетілдіре беру мәселесі тек қана мамандықты дұрыс таңдаған кезде ғана шешіледі.

Мектеп қабырғасынан шығатын жас түлектердің жоғарғы оқу орнына түсіп, білімін жалғастыруы олардың өміріндегі ең үлкен құбылыстардың бірі. Өзінің қалаған өмір жолын таңдай білу – биік армандарға қол созған әрбір жеткіншектің тілегі, мақсаты.

Жастардың бәсекеге қабілеттілігін қолдау мен дамытудың 2008-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасында: «Жастар үшін кәсіптік бағдарлау, жұмыссыз жастарды оқыту және жұмысқа орналастыру мен маргиналдық жастар мен еңбек мигранттарын бейімдеу жөніндегі республикалық және өңірлік әлеуметтік қызметтерді құру және оның жұмыс істеуі» қажеттігі қарастырылған [2].

Кәсіп пен мамандықты таңдау – екі түрлі ұғым. Кәсіп – адамның қызмет, әрекет ету құбылысы. Осы негізгі қызмет, әрекет ету құбылысын бір шағын формулада жүзеге асыру үшін адамдарға мамандық керек. Мамандыққа ие болған адам күрделі қызмет саласының белгілі бір түрінде ғана жұмыс істей алады. Кәсіптің мамандыққа қарағанда ауқымы кең.

Мамандық таңдау – адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселелерінің бірі. Ол болашақта отау құру, ел қатарына ену дейтін жайттармен өзектесіп жатады. Жастарымыздың ақыл-ой мамандықтарын игеруге ынта-ықыластарының төмендегені байқалады. Бірақ, қоғамдық дамудың жаңа жолына түскен егеменді, тәуелсіз қазақ мемлекетіне ғылым мен техника саласындағы мамандар көптеп керек екенін де ескеру қажет.

Мамандық таңдау жолындағы 8 фактор:

1. Отбасы мүшелері арасындағы үлкендердің пікірі.
2. Достар мен құрбы-құрдастардың пікірі.
3. Мұғалімдер мен мектеп педагогтарының пікірі: Тәжірибелі педагог сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта оқушының белсенділігін, мінез-құлқын бақылай отырып оқушы туралы керекті мәліметтердің барлығын біледі және оқушыға қандай мамандық таңдау керектігіне кеңес бере алады.
4. Жеке кәсіптік жоспарлар.

5. Кабілеттілік. Әр адам әр нәрсеге кабілетті, бір кәсіпті істей алу мүмкіндігі.
6. Өмір сүріп жатқан қоғамдық ортаның ыңғайына жығылу.
7. Ақпараттандырушылық.
8. Бейімділік. Бейімділік сүйікті пәндер барысында байқалатыны үлкен рөл атқаратыны белгілі

[3].

Кәсіптік ақпарат – орта мектептегі кәсіптік бағдар берудің ең негізгі нысандарының бірі. Кәсіптік ақпарат арқылы оқушылар әр түрлі мамандықтардың маңызы мен мәні туралы түсініктер алады. Мамандық бойынша адамға қойылатын талаптармен таныстырылады. Мамандықтың ерекшелігі, оның қоғамда алатын орны туралы түсініктер беріледі. Кәсіптік пайдалы өнімді еңбек түрлеріне жас жеткіншектерді баулу, яғни түрлі жұмыстарды атқаруға баланың икемділігін байқау, жеке қасиеттерін тәрбиелеу арқылы, өнімді еңбекке үйрету.

Кәсіптік ақыл-кеңес, мұндағы басты нәрсе – кәсіп таңдауды негізгі қоғамдық және идеялық сананы қалыптастыру. Оқушылардың жеке қасиеттерінің кәсіп талаптарына сай келулері қажет. Мұндай кеңестерге қазіргі оқып жүрген жастардың тең жартысы зәру: өз бетінше мамандық таңдай алмаған оқушылар; мамандық таңдауда ата-аналарымен келісе алмаған жастар; өзі таңдаған мамандықтың дұрыстығына көз жеткізгісі келген жасөспірімдер; тәртібі нашар, толқу үстінде жүрген жеткіншектер.

Кәсіптік іріктеу (профотбор) – мамандықты меңгеруге жарамдылығын арнаулы әдістеме арқылы анықтауға бағытталған зерттеу процесі. Қоғамда кәсіптік іріктеу белгілі бір мамандықтың түріне зорлықпен жүргізілетін «бейімдеушілік» түрінде болса, кәсіптік іріктеудің негізіне оның гуманистік, тәрбиелік мәні, жастардың жаңа жағдайда жұмысқа «үйренуі» жатады. Кәсіптік бейімделу (профадаптация) – мамандыққа, жаңа жағдайға бейімделу. Онда жастардың алғашқы әсерлері, олардың еңбек әрекетінің мақсатын саналы түсінуі мен сезінуі және мамандыққа қызығуын қанағаттандыруының мәні ерекше. Кәсіптік бейімделудің тиімділігі тек қана нақтылы еңбек нәтижелерінен көрінбейді, ол сонымен қатар өндіріс ұжымында, еңбекке жаңа араласқан жастармен жүргізілетін жүйелі жұмыстың нәтижесінде іске асады [4].

Кәсіптік бағыттылықты қалыптастырудың адами алғышарттары жоғары сыныптарда қалыптасады, бұл кезеңде оқушыларда танымдық қызығушылық дамиды, жеке мәнді мақсат қоя білу талабы, кәсіби мүдде пайда болады. Алайда, жалпы практика талдауы көрсетіп отырғандай, көптеген мектеп түлектері өзін-өзі және таңдаған мамандығын нашар біледі. Бүгінгі күні жасөспірімдердің өзін-өзі тануы арқылы мамандық таңдауда дұрыс бағыт алуы және оған бейімделу мәселесі туындауда. Жеке тұлғаның барлық кабілеттері мен мүмкіндіктерін ашып, оларды салауатты өмір салтына үйретіп, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін жоғары сынып оқушыларының психологиялық даму ерекшеліктерін ескере отырып, олардың болашақ мамандығын саналы түрде таңдап алуына психолог мамандар, оқытушылар көмек көрсетуі керек [5].

Осы мақсаттарды жүзеге асыру барысында І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті де өз үлесін қосып, кәсіби бағдар беру жұмысын жүзеге асыруда. Университет бүгінгі таңда Алматы облысын жоғарғы білікті мамандармен қамтамасыз етіп отырған бірден-бір оқу орны. Университет экономикалық, заң, жаратылыстану-техникалық, гуманитарлық, педагогикалық бағытта мамандар даярлауды жүзеге асырады. ЖМУ – 2014 жылғы көп салалы университеттер рейтингі бойынша 8 орында. ЖМУ – жоғарғы білікті профессорлық-оқытушылар құрамы, заманауи техникалық материалдық база және жаңа білім беру технологиясы жанданған оқу орны. ЖМУ – бүгінгі қарқында даму алған университет. Бакалавриатта 40, магистратурада 21, Phd докторантурада – 6 мамандық. 2014-2015 оқу жылында университет халықаралық аккредиттеуден, 2015-2016 оқу жылында мемлекеттік аттестациядан абыроймен өтті. Білім беру күндізгі, қысқартылған, қашықтықтан оқыту түрінде жүргізіледі. Жер жаннаты Жетісудың төрінен орын алған білім ошағының келешегі зор.

Ж. Аймауытов атап көрсеткендей, «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез-келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асырудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе. Кімде-кім өзіне ыңғайына қарай өз жолымен қызмет етсе өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. Өз орнында істелген адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ», – дейді. Демек, еліміздің болашағы жастар дейтін болсақ, сол жастардың мамандық таңдауына, дұрыс бағыт-бағдар алуына көмектесу, жол сілтеу әрбір педагогтың, ата-ананың перзентке деген сүйіспеншілігін, оған деген немқұрайлы емес екендігін білдірсе керек.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауы. – Егемен Қазақстан газеті, 2012 жыл желтоқсан.
2. Жастардың бәсекеге қабілеттілігін қолдау мен дамытудың 2008-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы // Параграф ақпараттық жүйесі.
3. Захаров Н.М. Профессиональная ориентация школьников. – М.: Просвещение, 1988-272 с.
4. Самашева Г.Е. Кәсіптік бағдар беру жұмысы. - gero.kstu.kz:8080/.
5. Түрікпенұлы Ж. Кәсіптік бағдар. – Алматы: Санат, 1995.-145 б..

СӨЖ-ДІҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ РЕТІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тойшубекова Ж.К., Ибрагимова М.Н.

ҚазмемқызПУ; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Еуропа мемлекеттерінің оқу министрліктері 1999 жылы маусымда Болондағы мәлімдемесінде еуропалық жоғарғы білім кеңістігін қалыптастыру, яғни білім беру ісінде өзара тез түсіністік табу мәселесін шешкен болатын. Осыған орай білім беру саласындағы өзгерістер, ЖОО-да кредиттік жүйе бойынша оқыту білімді жеке тұлғаға бағыттауға, оның қабілетін, дарынын дамытуға, болашақ маманның жеке тұлға болып қалыптасуына, оқу үрдісінде өздігінен білім алуына жаңа талаптар қойып отыр. Бұл аталған мәселелерді жан-жақты ойластырылған студенттердің өзіндік, танымдық қызметтерін ұйымдастырудың формасы ретіндегі СӨЖ жұмыстары арқылы шешуге болады. СӨЖ – жоғарғы оқу орындарының үрдісінде студенттердің өзіндік әрекетін ұйымдастыру мен басқарудың ерекше бір құралы [1, 19 б.]. Бұл мәселеге Ястребова Е.Б., Ерецкий М.И., Гарунов М.Г., Блохина Р.А., Сабодашев В.П., Вербицкий А. сияқты ғалымдар үлкен мән беріп, зерттеген [2, 192 б.].

Кредиттік оқу жүйесіндегі СӨЖ ұйымдастырудың студенттер үшін маңызы – болашақ мамандар білімнің әртүрлі аймағынан ақпаратты қолдана отырып, нақтылы тәжірибелік мәселелердің шешуін тауып үйренулеріне әсерін тигізеді.

Студенттердің өз бетінше жұмыс істеуін ұйымдастыру мәселесі негізінен оқытушының шеберлегін, оның біліктілігінің деңгейімен және ұйымдастыра білу қабілетімен тығыз байланысты. Негізінен, СӨЖ ұйымдастыру және өткізу технологиясы мынадай элементтерден тұрады:

1. Студенттердің өзіндік жұмыстарын жоспарлау;
2. Әдістемелік қамтамасыз ету;
3. Бақылау және орындау бағасы;
4. Талдау және жетілдіру [3, 152 б.].

СӨЖ нәтижесінің жақсы болуы үшін оқу әдістемелік және анықтама-нормативтік материалдар қажет.

Қазақстан тарихын оқытуда студенттің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру жолдары – оқу жылының басында СӨЖ тақырыптары беріледі. Тапсырма тақырыптарын таңдау студенттердің өз қалауында. Белгілі бір тақырыптарды зерттеу, саралау барысында студенттердің қосымша әдебиеттермен жұмыс істей білу дағдылары қалыптасады, өз ойын тиянақты, тұжырымды жеткізе білуге үйренеді. Мұнда тапсырманы реферат, шығарма түрінде өткізеді. Сол тақырып бойынша тарихи әдебиеттерден конспект, тезис жазу тапсырмалары да беріледі. Нәтижесінде студенттердің сол тақырып туралы түсінігі қалыптасады.

Жоғары оқу орындарында студенттердің өздік жұмыстарының қарапайым және қолайлы түрі – коллоквиумдар болып саналады, ол белгілі бір тақырыптағы баяндама немесе деректі мәселені талқыға салатын ғылыми жиналыс түрінде ұйымдастырылуы мүмкін. Бұған мұғалімдердің де шығармашылық әдіс-амалдары қажет. Мысалы, студенттердің жазған баяндамаларын, пікір-талас ұйымдастыру арқылы қабылдаған әлдеқайда тиімді [4, 5 б.].

Оқу ісінің синтезін құрайтындықтан, болашақ маман үшін, әсіресе, тарихшы мамандар үшін өте қажет ғылыми жобаны ерекше атап өткен жөн. Бір ғылыми жобаны 2-3 студент орындаса жобаның практикалық сапасын арттыруға болатындығы көрінеді, яғни, бұл топтастырған тәсіл өз бетімен жұмыс істеуге, өзара көмек көрсетуге, шығармашылығын және жауапкершілігін арттыруға себепін тигізетіндігі анық. Өйткені жобалау кезінде студенттер таңдау еркіндігін алады.

СӨЖ ұйымдастырудың қазіргі заманға сай тиімді жолдары:

- оқыту үдерісіне ғылыми дәйектелген және жете зерттелген оқулықтар мен әдістемелік оқу құралдарын енгізу.

- оқыту үдерісіне инновациялық технологияны енгізу (электронды оқу құралы, компьютерлік оқыту бағдарламалары, бақылайтын бағдарламалар, демонстрациялық бағдарламалар, компьютерлік модельдер және т.б.)

Қазіргі информациялық тасқын және жылдам өзгеріп отырған технологиялар ғасырының білім жүйесіне жасайтын әсері зор. Студенттің өз бетінше орындалатын жұмысын ұйымдастыруда, дидактикалық тапсырмаларды орындауы нәтижелі болатындай оқу үрдісін жүргізуде компьютерді негізгі құрал ретінде пайдалану қажеттілігі шығады. Компьютерді сабақта әрдайым қолдану, өзіндік жұмыстың компьютерлік технология негізінде жүргізу барысында мамандық студенттеріне кәсіби біліктіліктерін арттыруға, болашақта өздерінің нақты іс-әрекеттерін жоспарлауда, ұйымдастыруда компьютерлік технологияны пайдалануға, танымдық дербестікті қалыптастыруға негіз болады. «Кейс-стади» технологиясы – СӨЖ ұйымдастырудағы тиімді жолдардың бірі. Оны орындау барысында студент өзінің жаңашыл ойын, дәстүрге кірмеген әдіс-амалын көрсетіп жеткізуіне болады. Компьютермен оқыту барысындағы студенттің өзіндік тапсырманы дербес орындау біліктілігін танымдық дербестіктің көрінісі деп қарастыруға болады [5, 103 б.].

Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудағы *Portfolio* әдісінің маңызы. 90-жылдары Еуропа Қауымдастығы елдерінде өзін-өзі бағалау құралдарын жасау кеңінен қолға алынып, Еуропа кеңесі жасаған «Тілді меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттері» қарастырылды. Мұнда «Portfolio Europeen des Langues» көптілділікті және мәдениетаралық түсінікті дамытуға ықпал ететін құжат қабылданды. Portfolio дәстүрлі түрде Францияда қолданылып келді. Portfolio өз бетінше орындалған жазба жұмыстардың, шығармашылық (жобалық) тапсырмалардың жиынтығы, оны студент оқытушы белгілеген уақытта өткізеді. Осылайша «ағылшын» Portfolio-сы студенттің жазба жұмыстарын бағалау құралы болады және оқу үдерісінің сапасы жайлы кері байланыс жасап отырады [6, 321 б.].

Студенттерге Қазақстан тарихы пәні бойынша жүргізілетін студенттің өзіндік ізденіс жұмыстарын тиімді ұйымдастыра білудің де маңызы зор. Қазақстан тарихынан ізденіс жұмыстарын ұйымдастыру студенттің білімін тереңдетуге, ой-өрісін кеңейтуге, олардың тілді үйренуге ынтасын, құмарлық сезімін оятуға көмектеседі, олардың жан-жақты қабілеттігі мен шығармашылық күшін дамытады және алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуге жәрдемін тигізеді.

Студент аудиториядағы сабақ үстінде ғана білім алып қоймайды, өзіндік ізденіс жұмыстарын орындау арқылы да Қазақстан тарихынан білім деңгейін кеңейтіп отырады. Студенттің өзіндік ізденіс жұмыстарын ұйымдастыру мынадай мақсаттарды жүзеге асыруды көздейді. Біріншіден, студенттердің тарих пәні бойынша алған теориялық және практикалық білімдерін бағдарламадан тыс материалдармен толықтыра, жетілдіре түсу. Екіншіден, қазақтың тарихы туралы, ол туралы жазған деректер мен зерттеулер арқылы қосымша әдебиеттермен таныстыру. Үшіншіден, тарих пәні бойынша түрлі үйірме, пән апталығы, конкурстар ұйымдастыру және студенттерді ғылыми-практикалық конференцияларда баяндамалар жасату арқылы олардың тарихқа деген қызығушылығын арттыру, патриоттық сезімін ояту.

Әдебиеттер

1. Асанов Н. Өзіндік жұмыстардың ерекшеліктері. Алматы, 2004, 19-б.
2. Шкутина Л.А., Плотников В.М., Егоров В.В. Основы исследовательской работы в профессиональной педагогике. – Алматы: Ғылым, 2000. – 192 с.
3. Құдайқұлов М.Ә. Нарықтық оқытудың жүйесі мен технологиясы. – Алматы: ҚазҰПУ, 2010. – 152 б.
4. Смирнова И.Э. Модели обучения в системе высшего образования // Инновации в образовании, 2006.- №1. – С. 5.
5. Абдукаримова У. Самостоятельная работа студентов. Алматы, 1999, 103-б.
6. Амирова А.С. Педагогикалық технологияларды оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану әдістемесі: оқу-әдістемелік құралы. – Алматы, 2011. – 321 б.

НОВЫЕ ПОДХОДЫ К СОДЕРЖАНИЮ ИСТОРИЧЕСКИХ ЗНАНИЙ И ПРОБЛЕМНО-ОРИЕНТИРОВАННОЕ ОБУЧЕНИЕ В ПРОЦЕССЕ ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

*Хабижанова Г.Б., проф.
КазНУ им. аль-Фараби*

В настоящий период важнейшим направлением усовершенствования системы образования в области исторических знаний является не простое освоение студентами имеющегося комплекса

эмпирического материала, но включение их собственного исследовательского опыта, стимулирующего развитие учебного процесса. Современные требования образовательной системы к формированию профессиональных компетенций предполагают умение студентами самостоятельно и творчески подходить к решению учебных заданий и, в конечном итоге, предлагать свои собственные способы их выполнения [1]. В свою очередь, это требует определенной подготовки обучающихся, так как студент должен быть готов к участию в дискуссиях, к восприятию уже известного учебного материала на новом, в большинстве случаев академическом уровне. В этой связи, такой метод как проблемно-ориентированное обучение, предполагает предварительную работу студентов к лекциям преподавателя. Тогда все участники учебного процесса будут вовлечены в процесс мыслительной деятельности. Известно, что метод проблемного обучения предполагает организации преподавателем проблемной ситуации в целях активизации самостоятельной деятельности студентов для творческого освоения учебного материала. При этом необходимо помнить, что «уровень обсуждаемой проблемы позволял перейти от простейших вопросов к широкой постановке проблемы».



В качестве примера, предлагается такая тема учебной программы курса отечественной истории, как исторические источники. В этом случае студенты при анализе такого источника как памятники устного народного творчества должны применить историко-сравнительный метод, т.е. провести сравнительный анализ всех имеющихся источников по данной проблеме.

Известна следующая классификация проблемных постановок по новизне анализируемого материала, уровню информативности его содержания и другим методическим особенностям [2].

Учитывая все возрастающее значение произведений устного народного творчества для изучения этноисторических, социополитических и культурных вопросов особенно для реконструкции исторического прошлого, так как классические источники имеют ограниченные возможности для комплексного исследования, в условиях анализа традиционного кочевого общества роль устной

историологии трудно переоценить. Историческая основа сюжетной линии эпоса позволяет идентифицировать исторические факты и эпические события, что достигается путем сопоставления классических источников с литературными, в данном случае с эпическими произведениями. Им присуща та полнота изображения, которая позволяет исследователю, владеющему знаниями других видов источников, воссоздать необходимые элементы исторической картины мира, ведь большинство эпических произведений имеют характер энциклопедичности. Главной трудностью практики исследований этого жанра исторической литературы является, как известно, правильное определение напластований от архаического (мифического) периода до реальных событий.

Технология проблемного обучения актуальна сегодня как никогда в процессе преподавания истории. Использование технологии проблемного обучения позволяет организовывать подобные занятия как в группе, так и индивидуально. Соблюдая определенные этапы использования технологии проблемного обучения, такие как постановка проблемы, выдвижение гипотез по ее решению, подбор аргументов, анализ источников, выводы, необходимо учитывать особенности применения проблемного обучения в различных его видах, таких как игровая проблемная ситуация, проблемная задача, фронтальный эксперимент и др. [3]

Кроме технологии проблемного обучения в числе современных методов активно используются презентации, викторины, ролевые игры, анкетирование, кейс-стади, электронные проекты и др. Широкое использование современных технологий обучения при получении исторического образования ставит студента на место исследователя, погружает его в изучаемую эпоху, учит определять цель и совместно с преподавателем искать решений, т.е. обучение студента происходит в сотрудничестве.

Изучение фольклорных произведений в контексте преподавания истории в вузах требует на сегодняшний день активного внедрения новых современных методик. На материале эпоса можно исследовать такие важные проблемы как фольклорные взаимосвязи, существовавшие между народами, взаимовлияние, выражающееся в сходстве сюжетных линий устнопоэтического творчества, проявлявшегося не только между близкими в этническом отношении общностями, но и жившими по соседству народами, поиск культурно-исторических параллелей, синкретичность содержания источников устной исторической традиции, типологию образов.

Литература

1. Быков А.К. Методы активного социально-психологического обучения. Учебное пособие. Москва, 2006.
2. Дьюи Д. Проблемное обучение. // Режим доступа www.den-za-dnem.ru/files-00003/prob2.doc. Дата обращения 25.12.2015.
3. Методические и справочные материалы по внедрению развивающих педтехнологий в профессиональное образование. /Под научной редакцией Н.Н. Михайловой/. ИРПО, М.: Издательский центр АПО, 2000.

II СЕКЦИЯ

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЖОО-ҒА ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Абиева Р.С.

№ 152 мектеп Алматы қаласы

Жоғары білім республикамыздың барлық салалары үшін маңызды және бәсекеге қабілетті мамандарды кәсіби даярлауды қамтамасыз етуде, ғылым мен өндірісті біріктіруде маңызды рөл атқарады.

Жас ұрпақ біздің болашағымыз, сондықтан оларға кәсіби білім берумен қатар өз мамандығын сүйюге, қызығушылығын арттыруға жол ашатын саясаттар қолға алыну керек.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында тоқталып өткендей қазіргі білім беру саласында «заманауи білім беруге» аса назар аудару қажет. Сондықтан да оқушылардың қызығушылығын арттыруға жол ашатын саясаттар қолға алыну керек.

Бүгінгі таңда кез келген пән бойынша жаңа технологияларды қолдану әдісі өте тиімді деп айтуымызға болады. Сабақ түсіндіруде компьютерлік технологияларды пайдалану оқытушының уақытын үнемдейді және тыңдаушыға сабақты оңай түсінуге мүмкіндік беретіні айдан анық.

XIX ғасырдың II жартысындағы Қазақстан тарихы күрделі оқиғаларға толы болғандықтан оқушыға бұл кезең оқиғаларын түсіну өте қиын. Бұл кезең Патша үкіметінің Қазақстанды отарлау саясатында жүргізілген ережелерімен шиеленіскен. Сондықтан да неғұрлым тыңдаушыларға түсінікті болу үшін сабақ жүргізу әдісінің ең тиімді жолдары қарастырылады.

«Қазақстанды отарлау саясатында жүргізілген ережелер» тақырыбын түсіндірудегі басты мақсат – патша үкіметінің Қазақстанды отарлау саясатында жүргізген ережелері жайлы жүйелі білім беру; оқушыларға өз елінің тарихын білумен қатар, ұлтжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу; оқушылардың тарихи оқиғалар жөнінде өз көзқарасын қалыптастырып, ой қорытуға дағдыландыру.

Сабақты аралас сабақ түрінде өткізуге болады. Профессор қолдану арқылы слайдтармен баяндау әдісін пайдаланып, карта, кесте, тірек-сызба, тақырыпқа қатысты суреттер т.б. көрнекіліктер қолдану арқылы сабақ түсіндіреміз.

Оқушылармен амандасып, түгендеп, ең алдымен сыныпта жағымды атмосфера қалыптастырамыз. Сосын әдеттегідей үй тапсырмасын сұраудан бастаймыз. Үй тапсырмасын сұрау оқушыларды аудиторияға баулу бағытында тақтаға шығып тақырыпты еркін сөйлеуге мүмкіндік беру әдісі арқылы қолданылады.

Сонымен қатар дискуссия арқылы тақырыпты жан-жақты талқылау оқушылардың құзырына беріледі. Бұл аудиторияны ұйымшылдыққа, зейін қойып тыңдауға, өз ойын еркін айтуға тәрбиелейді.

Енді Патша үкіметінің Қазақстанды отарлау саясатында жүргізген ережелері жайлы негізгі ақпаратқа тоқталамыз. Тақтаға сабақтың тақырыбы және оның жоспары жазылады. Тақырыпқа дәріс түрінде қысқаша ғана тоқталып, барысы тірек-сызбалар арқылы түсіндіріледі. Бұл тірек-сызбалар тыңдаушының көру арқылы есте сақтау қабілетін арттырады.

Патша үкіметі 1867 – 1868 жылдары Қазақстан аумағында әкімшілік реформа жүргізді. Оның негізгі мақсаты сұлтандар тобын өкімет бөлігінен біржолата ығыстырып, жалпы империялық басқару тәртібін енгізу еді. Жаңадан енгізілген шаралар өлкені шаруашылық жағынан отарлауға ықпал етуге және оған Ресейдің еуропалық бөлігінен қоныс аударатын шаруаларды одан сайын қаптатуды қамтамасыз етуге тиіс болды.

Осы міндетті жүзеге асыру үшін XIX ғасырдың 60-жылдары қазақтардың саяси әкімшілік, сот ісін басқару жүйесін қайта құрудың жобасын әзірлеуге арнаулы И.И. Бутков басқарған комиссия

құрылды. Комиссия Орынбор және Батыс-Сібір генерал-губернаторы қазақтарын екі түрлі басқаруды жойып, бүкіл қазақ даласын екі — Батыс және Шығыс облыстарға бөліп басқаруды ұсынды.

1864 жылы 12 желтоқсанда Әскери және Ішкі істер министрлігінің бас қосқан комитеті мәжілісінде жоба мақұлданды.

Қазақтарды болашақтағы басқару құрылымы мәселесін енді үкімет Дала комиссиясына беру қажет деген шешім қабылдады. Комиссияға ішкі істер министрінің статс-кеңесшісі, полковник Гирс төрағалық етті.

Гирс комиссиясы 1865 жылы 27 маусымда Орынбор, Батыс Сібір және Түркістан өлкесін аралауға шықты.

«Халықтың жағдайын жақсартатын, оларды сұлтандардың үстемдігінен босататын ізгілікті реформаның» жасалу барысы құпия түрде жүргізілді.

Бұл тірек-сызба картамен толықтырылып түсіндіріледі. Бұл тақырып өте күрделі болғандықтан міне осындай тірек-сызбалармен түсіндіру ыңғайлы деп ойлаймыз.

Сабақ барысында тақырыпқа қатысты деректер беріліп, оқушының өз бетінше талдауына беріледі.

Қысқаша видеофильм көрсетіп, проектор арқылы термин сөздерге шолу жасап өтеміз.

Патша үкіметінің саясаты, жоғарыда айтқанымыздай, тірек-сызбалар арқылы көрсетіліп, оқушылардың оңай түсінуіне жол ашады.

1867 жылы 11 шілдеде II Александр Сырдария және Жетісу облыстарын басқару туралы, 1868 жылы 21 қазанда Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлығындағы Дала облыстарын басқару туралы уақытша ережені бекітті.

Реформа бойынша Шыңғыс тұқымдары мен сұлтандарын үкімет өмірлік зейнетақымен қамтамасыз етті, салықтан, ауыртпашылықтан босатты.

Ереже бойынша шаңырақ салығы енгізілді: мөлшері – 1 сомнан 3 сомға дейін, земство салығы – 3 сом 50 тиын.

Земство мен шаңырақ салығы бай мен кедейге бірдей дәрежеде салынды. Әлеуметтік жағдайына қарамастан, кедей мен байларға салық мөлшері бірдей белгіленді.

Патша үкіметі жерді мемлекеттік меншік деп жариялады.

Қорыта келсек, Отан тарихын түсіндіруде заманауи жаңа технологияларды қолдану оқытушыға сабақты жоғары сапада өткізуге пайдалы және оқушының түсінігіне орасан зор әсерін тигізіп, білім сапасын жоғары деңгейде көтереді.

Сонымен қатар оқушыларды оқуға ынталандыруға, олардың үлгерімі мен қызығушылығына ықпал етеді. Сондықтан да осындай түрлі әдістерді сабақта қолдану оқушының тәрбиесіне де жақсы ықпал етеді деген ойдамыз.

Әдебиеттер

1. Интернет жүйесінен алынған мәлімет http://strategy2050.kz/page/message_text/.
2. Құнапина Қ.Қ., Құмғанбаев Ж.Ж., Махаева А.Ш. Қазақстан тарихынан әдістемелік-анықтамалық нұсқау. 2011-2012 оқу жылы, 99-б.
3. Ибадуллаева Ғ.М. Қазақстанда білім беруде компьютер және жаңа ақпарат технологиясын қолдану // Гуманитарлық ғылымдар академиясының Хабаршысы, №1(11), 2005, 133-137 бб.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Алиасқарова Жанар

№179 мектеп Алматы қаласы

| | |
|-----------------------|--|
| <i>Сабақ тақырыбы</i> | <i>Саяхатшы-географ, ғалым – Ш.Уәлиханов</i> |
| <i>Сілтеме</i> | Оқулық, интернет желісінен алынған тақырыпқа байланысты қосымша материалдар, интерактивті тақта, презентация. |
| <i>Мақсаты</i> | Оқушыларға Ш.Уәлихановтың өмірбаяны, Шоқанның зерттеулері, Құлжа мен Қашқарияға сапары жайлы білім қалыптастыру. |

| <i>Оқыту нәтижесі</i> | | | | Ортада ашық жүйелі сөйлей білу, ой-пікірін, көзқарасын дәлелдей алу, қосымша деректер пайдалана білу, өз ойларын жеткізе алу, ойлау қабілеттерін дамыту. | |
|-----------------------|---------------|------------------------------|---------------------|--|--|
| <i>Уақыты</i> | <i>Уақыты</i> | <i>Стратегиялар</i> | <i>Ресурстар</i> | <i>Мұғалімнің іс-әрекеті</i> | <i>Оқушының іс-әрекеті</i> |
| <i>4 минут</i> | <i>2-мин</i> | <i>Қызығушылығын ояту</i> | <i>Таныстырылым</i> | Үйге берілген тапсырма бойынша 3-топқа бөлемін. I топ – Қазақстанның көне қалалары; II топ – Ұлы Жібек жолы; III топ–Тарихи ескерткіштер. | 3-топ бір-біріне тілек айтумен сабақты бастайды. |
| <i>10 минут</i> | | <i>Шығармашылық тапсырма</i> | | <i>I тапсырма</i> Үй тапсырмасы бойынша әр топ өз тобының аты жайлы қысқаша мәлімет береді. | Әр топтан 1-2 оқушыдан тақтаға шығып тобының аты жайлы мазмұнын ашып түсіндіреді. |
| <i>7 минут</i> | | <i>Сыни тұрғыдан ойлау</i> | | <i>II тапсырма</i> Конвертке 3 топқа да байланысты сөздер жазылып салынған. | Оқушылар өз тобының атына байланысты ғана сөздерді жинайды және сол сөздер туралы мәліметтер береді. |
| <i>4 минут</i> | | <i>Сыни тұрғыдан ойлау</i> | | <i>Жаңа сабақ</i> Сабақтың тақырыбы: «Саяхатшы- географ, ғалым- III.Уәлиханов» <i>III тапсырма</i> Жаңа сабақтың мақсатын әр топ берілген кескіндерді құрастырып табады. | Оқушылар сабақтың мақсатын тақтаға жазады. |
| <i>10 минут</i> | | <i>Шығармашылық тапсырма</i> | | <i>IV тапсырма</i> 3 топ 1-топ Шоқанның өмірбаяны 2-топ зерттеулерін 3-топ Қашқарияға сапары жайлы түсіндіреді. | Тақтаға шығып түсіндіреді. |

| | | | |
|---------|---------------------|---|---|
| 5 минут | Сыни тұрғыдан ойлау | <i>V тапсырма</i> 3 топқа жеке тапсырма иә, жоқ кесте парақшасы беріледі. Жауабын топпен бірігіп шешеді. | |
| 3 минут | Рефлексия | Сабакты қалай түсінгендерін білу үшін стикер таратып беремін. | Оқушылар бүгінгі сабақтан алған көңіл күйлерін, әсерлерін сабақты қалай түсінгені туралы стикерге жазып жабыстыру арқылы білдіреді. |
| 2 минут | Бағалау | <i>Үйге тапсырма:</i> §8 оқу. Ш. Уәлиханов жайында деректер жинау. Кескін картаға Ш.Уәлиханов зерттеулерінің бағытын түсіру. | |
| | | Мадақтау жұлдызша, дөңгелек, үшбұрыш фигуралары арқылы бағаланады. | |

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Алиева М.А.

Жамбыл облысы Шу ауданы Төле би ауылы

Бүгінгі білім берудің ұлттық жүйесін сақтап қалу үшін өскелең бәсекелестік жағдайда барлық оқу тәрбиелеу мекемелеріне үздіксіз дамуы мен қызметінің жоғары дәрежеге ретілдіру қажеттілігі жетіп отыр.

Қазіргі қолданылып отырған білім беру жүйесінің жаңа типтерінің пайда болуы мен оны соңғы жағдайға сәйкес өзгерту, оқытудың әдісі мен амалдары, үлгілері, мазмұнының жанаруы өз кезеңінде ғылыми идеялар психологиялық-педагогикалық теория негізінде жетілдірген практикалық шешімдерге негізделуі керек. Сонымен қатар, оларды дайындауда мұның бәрі алдын ала ескертілудің қажеттілігін көрсетеді. Оқушылардың пәндер мен тірі табиғат құбылыстары танымынан сабақ үлгеруі көп жағдайларда оқыту методтарына байланысты болады. Мұғалім методты анықтау кезінде курстың жалпы қорытындылау сипаты мен мектептегі оқушыларының жас ерекшеліктерін еске алуы қажет.

Оқыту методын таңдап алу оқу материалының мазмұны және мектеп оқушыларының танымдық әрекеттері – репродукциялы (еске түсіру, иллюстрациялы) немесе зерттеу сипаттарымен анықталады.

Мектеп оқушысы репродукциялы танымдық әрекет кезінде мұғалімнен, кітаптан, оқу фильмінен даяр информация алатын болғандықтан оны онша көп қиналмай еске түсіреді.

Оқытуды өздігінен іздену жауабына мәжбүр етілетін зерттеу принципін пайдаланған кезде мектеп оқушыларының танымдық процесі мүлде басқаша өтеді. Оқушының танымдық әрекетін зерттеу сипаты өздігінен жұмыс істеу кезінде өте айқын байқалады.

Қазіргі оқыту процесінде модулдік оқыту технологиясы кеңінен қолданылуда және өз тиімділігін көрсетуде.

Бұл технологияның ерекшеліктері:

1. Құрылымының үш бөлімнен тұруы (кіріспе, сөйлесу, қорытынды):
2. Өзін-өзі бағалау:
3. Топтық жұмыстарға белсенділік:
4. Көру, есту, жазу, сөйлеу құрылыстарының қатар жүруі:
5. Еркін тәрбиеге баулау.

Осы тұғыдан бүгінді күні жаңа технологияның тиімді әдістері, жас ұрпақтың бойына сіңіре отырып, қоршаған ортаны қорғау арқылы экологиялық тәрбие беру ұстаздардың басты міндеті болып отыр.

Ол үшін әр бір ұстаз үнемі шеберлігін арттырып отырмаса, бала деңгейінің дамуы төмендейді. Осының бәрі бір күннің іс әрекеті емес, оған уақыт керек. «ұстаздық ету уақыт ұту емес, өзгенің бақытын аялау, өзінің уақытын аямау» деп Ж.Ж. Руссо бекер айтпаған.

Осы негізге сүйене отырып, мен өз сабағымда оқушылармен топтық жұмыс атқару кезіндегі қолданатын жаңа технологиямды айта кеткім келеді.

Сабақ барысында алдымен сынып оқушылары төрт топқа бөлініп, әр топқа берілген тапсырмаларын орындалу реті түсіндіріледі. Тапсырманы оқытушылар топтасып орындайды. Әр топ орындаған тапсырмалар бойынша мұғалімнің басқаруы мен ұпай жинайды.

Ұй тапсырмасын сұрау кезінде әр топқа төмендегідей тапсырмалар беріледі.

1-топ. Жасушаның ашылу тарихын, тірек сызба арқылы түсіндіру керек.

2-топ. Жасушаның тірі ағза екендігін дәлелдеп, қимыл арқылы көрсету.

3-топ. Микроскопқа қажетті құрал жабдықтармен таныстыру, пияздың мөлдір өңінен препараттар дайындау.

4-топ. Микроскоптың құрылысы, жұмыс істеу тәсілімен таныстыру.

Барлық топқа ауызша сұрақтар беріледі. Әрбір дұрыс жауапқа жетон таратылады. жетон көп жинаған топ ұпайы жоғары болады және білім деңгейінің жоғарылығын көрсетеді.

1. Тірі ағзалардың ортақ белгісі? (жасуша)

2. Жасушада қандай үрдістер жүреді? (зат алмасу, энергия алмасу, өсу, көбею, тыныс алу, тітіркену)

3. Алғаш рет микроскопты ойлап тапқан кім? (Янсендер)

4. Өсімдік жасушасын кім зерттеді? (Роберт Гук)

5. Денесі бір ғана жасушадан тұратын қарапайым ағзалар (бір жасушалар)

Жаңа сабақты пысықтау кезінде әр топқа төмендегідей тапсырмалар беріледі.

1-топ. Бөлме өсімдігі традесканция жапырағынан препарат дайындап, көргендерін кестеге толтырады.

| Не білеміз? | Не істейміз? | Не байқадық? |
|------------------------------------|----------------------|---|
| Барлық өсімдіктер жасушадан тұрады | Препарат дайындаймыз | Традесканция өсімдігі жасушасының органоидтарын; қабықша цитоплазма, ядросын байқадық |

Осылай тағы да кестені өз ойларымен толтыруға асығады.

2-топ. Оқулықпен жұмыс жасап кесте толтырады.

| Жасушаның құрылысы (бөліктері) | Атқаратын қызметі |
|--------------------------------|-------------------|
| | |
| | |

Бұл кестені толтыруда оқулықпен жұмыс атқарылатын болғандықтан, оқушыларға қай тақырыптардан іздеу қажеттігі айтылады.

Осылай тиімді ұйымдастырылған сабақ оқушылардың білімге қызығуын арттырып, зерек болуға дағдыландырады және өздерін ұстай білу мәдениетін қалыптастырады, әрі бойындағы мүмкіндігін деңгейін анықтайды.

Оқушыларға өтілетін дәрілік өсімдіктер туралы сабақтарда кесте пайдалану тиімді. Онда нақты бөлімдер болуы керек.

Мысалы,

Өсімдік \Rightarrow Биологиялық сипаттамасы \Rightarrow Таралу аймағы \Rightarrow

Экологиясы \Rightarrow Негізгі қоры \Rightarrow Химиялық құрамы \Rightarrow Қолданылуы

Кәдімгі түйе жантақ (бұршақ тұқымдасы)

Бұрыш таран (таран тұқымдасы)

Адыраспан (түйетабандар тұқымдасы)

Дала қырықбуын (қырықбуындар тұқымдасы)

Қызыл мия (Бұршақ тұқымдасы)

Ары қарай жоғарыда көрсетілген негіз бойынша жұмыс істеу қажет. Мысалы,

Биіктігі 50-100 см шала бұта. Сабағы бұтақты, жалаңаш. Бұтағы тік өседі, тікендері қатты. Жапырағы ұзын, жұмыртқа пішінді, түкті. Гүлі 3-8 тікенде орналасқан. Гүл сағағы 1,5-2 мм тостағаншасы 3-4 мм бұршақ қабы 4-7 тұқымды. Тұқымы ұсақ, жылтыр, бүйрек тәрізді. Мамыр-шілдеде гүлдейді, қыркүйекте жемістенеді т.с.с.

Оқушы әрбір өсімдікті өзі таңдап, соған жауап береді. Кім көп мағлұмат жазады, сол оқушы жоғары бағаланады. Оқушыны бағалап қана қоймай, мадақтап отырған да жөн. Кез-келген бала мақтауды сүйеді. Сондықтан өз жұмысының оң нәтиже бергеніне және соған лайықты бағаланып, мақтау естігеніне қуанып балада тағы бір ұмтылыс, талпыныс пайда болады. Ондай жағдайда мұғалім де сырт қалмай, сол оқушыдан келесі сабақта тапсырманы сұрау қажет. Орындамай келген жағдайда оның өткен сабақта дұрыс жауап бергенін оның қолынан келетінін, жалқаулыққа бой бермеу керектігін айтып түсіндіріп, тағы да тапсырмалар беріп, сабақ соңында сұрайтындығын айту керек. Және уақыт тауып сұрап, қадағалап отыру қажет.

Сонымен қатар оқушылардың білім деңгейі олардың өзіндік қабілетіне байланысты. Оларды үш топқа бөлуге болады.

1. Бұл топтағылар берілген материалды толық меңгеріп, оған қосымша материал берсең де меңгере алады, оған өздігінен жұмыс істеуіне мүмкіндік беру керек, яғни оның қабілеті басқа оқушыларға қарағанда жоғары.

2. Бұл топтағылар материалды толық меңгере алады, бірақ кейбір сұрақтарға жеке, талдап түсіндіруді қажет етеді.

3. Бұл топтағы оқушылар материалды баяу меңгереді, оларға бір материалды түсіндіру үшін бір сабақ жеткіліксіз. Әр материалдың бірнеше сағат және жеке отырып түсіндіру керек. Бұған уақыт аз және де бұлармен жұмыс істеу уақытыңды алады. Бұл кезде 1-топтағы оқушылар материалды меңгеріп қойған олар алға жылжығысы келеді. сондықтан оларды бос уақыттарын қадағалап, қосымша сабақтар өткізіп, қосымша тапсырмалар беру керек және ұдайы қадағалап отыру керек.

Биологияны оқытудың өзін де оқушыларға ауызша (лекция), көрнекті құралдар, практикалық (лабораториялық) сабақтардың бірін-бірі толықтыра отырып, оқушыға толықтай білім беруге болады. Оның өзін де оқушының күнделікті сабаққа дайындалып, жаңа ғылыми мақалалармен, әдебиеттермен танысып отырып білімін көтеріп отыруы керек. Неғұрлым мұғалімнің білімі жан-жақты, терең болса оның оқушылары соншалықты білімді болады.

Әдебиеттер

1. Булашбаева А. Жаңа технологиялар әдістері. Биология және салауаттық негізі. 2006. №6, 39-40 б.
2. Бозбаева Г. Әдіс тәсілдерінің тиімділігі. Биология және салауаттылық негізі. 2006. №5, 48-51 б.
3. Булашбаева А. Жаңа технологиялар әдістері. Биология және салауаттылық негізі. 2006. №6, 39-40 б.
4. Исманбетова М. Модульді оқыту. Биология және салауаттылық негіздер. 2006. №3, 30-34 б.

ВОЗВРАТНЫЕ ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНОСТИ И ИХ ГЕОМЕТРИЯ

*Атамбекова Г.К., Таукенова Ә.С., PhD доктор
КазНУ им. Аль-Фараби*

Понятие возвратной последовательности является широким обобщением понятия арифметической и геометрической прогрессии. Как частные случаи оно охватывает также последовательности квадратов или кубов натуральных чисел, последовательности цифр десятичного разложения рационального числа (и вообще любые периодические последовательности), последовательности коэффициентов частного от деления двух многочленов, расположенных по возрастающим степеням x , и т.д.

Определение 1. Пусть задана некоторая последовательность чисел $u_1, u_2, \dots, u_n, \dots$. Последовательность чисел $\{u_k\}$ называется *возвратной*, если существует натуральное число k и числа a_1, a_2, \dots, a_k такие, что начиная с некоторого номера n и для всех следующих номеров справедливо равенство

$$u_{n+k} = a_1 u_{n+k-1} + a_2 u_{n+k-2} + \dots + a_k u_n \quad (1)$$

Число k называется порядком *возвратной последовательности* $\{u_k\}$.

Таким образом, возвратная последовательность характеризуется тем, что начиная с некоторого номера каждый ее член выражается через одно и тоже количество k предшествующих ему членов по формуле (1).

Примеры:

1- пример. Рассмотрим геометрическую прогрессию

$$u_1 = a, u_2 = aq, u_3 = aq^2, \dots, u_n = aq^{n-1}, \dots$$

Для этой последовательности уравнение (1) имеет вид

$$u_{n+1} = qu_n. \quad (2)$$

В этом примере $k = 1$ и $a_1 = q$.

Таким образом, геометрическая прогрессия является возвратной последовательностью *первого* порядка.

2-пример. Числами Фибоначчи называются последовательность чисел являющиеся решениями уравнения

$$u_{n+2} = u_{n+1} + u_n, \quad (3)$$

Решения этого уравнения определяются неоднозначно. Если мы зададим первые два члена т.е. u_0 и u_1 то получаем однозначные решения

Например, если $u_0 = 1, u_1 = 1$, то получаются последовательность чисел 2, 3, 5, 8, ...

При другом задании u_0 и u_1 то получим другие последовательности

Например: если $u_0 = -1, u_1 = 1$, то 0, 1, 1, 2, 3, 5, 8, ...

II. *Геометрия возвратных последовательностей.*

В этом пункте мы рассмотрим геометрическое расположение точек в плоскости и в пространстве.

Геометрия чисел Фибоначчи.

Изобразим точками плоскости XOY пары последовательных чисел из последовательности

$$u_1, u_2, \dots, u_n, \dots$$

удовлетворяющие уравнению

$$u_{n+2} = u_{n+1} + u_n \quad (2.1)$$

т.е. последовательность чисел Фибоначчи

$$(x, y) = (u_n, u_{n+1}).$$

Получим последовательность пар

$$(u_1, u_2), (u_2, u_3), (u_3, u_4), \dots, (u_n, u_{n+1}).$$


Отсюда $W_n = -W_{n-1}$. Если продолжит эту процедуру понижая индекс n , то

$$W_n = (-1)^n W_0 = \begin{vmatrix} u_0 & u_1 \\ u_1 & u_2 \end{vmatrix} = (-1)^n C \quad (2.2)$$

где C -некоторое постоянное, которое определяется по первым двум членам последовательности (2.1).

Из (2.1), переходя к x, y получим, что все члены последовательности (2.1) лежат на кривых

$$x^2 + x \cdot y - y^2 = \pm C.$$



Геометрия возвратных последовательностей первого и второго порядка.

Теперь в общем случае изучим геометрическую расположение последовательностей удовлетворяющих уравнению

$$u_{n+2} = pu_{n+1} + qu_n \quad (2.3)$$

где p и q -некоторые действительные числа.

Если $q = 0$, то мы получаем возвратные последовательности первого порядка, решением которого является геометрическая прогрессия со знаменателем p .

При $q \neq 0$ получаем возвратные последовательности второго порядка. При $q = p = 1$ получаем последовательность чисел Фибоначчи, рассмотренный в предыдущем параграфе.

Изобразим на плоскости XOY точки последовательности

$$(u_1, u_2), (u_2, u_3), (u_3, u_4), \dots, (u_n, u_{n+1}),$$


Получаем уравнение, дающее зависимость между u_n и u_{n+1} :

$$qu_n^2 + pu_n \cdot u_{n+1} - u_{n+1}^2 = (-q)^n C.$$

Меняя $u_n = x, u_{n+1} = y$ получаем уравнение

$$qx^2 + px \cdot y - y^2 = (-q)^n C$$


Рассмотрим системы Марле эти случаи, когда $p = 2$ и $p = -2$), получим уравнение, дающий зависимость между u_n и u_{n+1} :



Пусть $q = 1$. Тогда из уравнения (2.3) получаем, что точки (u_n, u_{n+1}) лежат на кривых

$$qx^2 + px \cdot y - y^2 = \pm C$$

Случай $p=1$ мы рассмотрели выше. При других значениях p результат аналогичен т.е. эти кривые суть (при $C \neq 0$) две сопряженные равносторонние гиперболы, для которых квадрат фокального параметра равен $\frac{2C}{\sqrt{4+p^2}}$.



Общий случай линии второго порядка.

Рассмотрим линию которая задается уравнением

$$a_{11}x^2 + 2a_{12}xy + a_{22}y^2 + a_{13}x + a_{23}y + a_{33} = 0 \quad (2.5)$$

В наших примерах уравнение (2.5) имеет вид

$$ax^2 + 2bxy + cy^2 = h \quad (2.6)$$

Из теории кривых второго порядка известно, что для определения вида линии заданный уравнением (2.5) используют определитель

$$\Delta = \begin{vmatrix} a & b \\ c & d \end{vmatrix}$$

В зависимости от знака выражения Δ могут быть следующие случаи:

1) Если $\Delta > 0$, то уравнение (2.6) определяет

А) если выполняется условие $(a+c)h > 0$, то – эллипс

В) если выполняется условие $h = 0$, то – точку

2) Если $\Delta < 0$, то уравнение (2.6) определяет

А) если выполняется условие $h \neq 0$, то гиперболу

В) если $h = 0$, то пару пересекающихся прямых

3) Если $\Delta = 0$, то уравнение (2.6) определяет


А) если выполняется условие $(a+c)h > 0$, то пару параллельных прямых

В) если $(a+c)h = 0$, то пару совпадающих параллельных прямых

Геометрия возвратных последовательностей третьего порядка.

Пусть задана возвратная последовательность третьего порядка $u_{n+3} = a_1u_{n+2} + a_2u_{n+1} + a_3u_n$

Мы рассмотрели случай когда $a_1 = a_2 = 0, a_3 = 1$. В этом случае поверхность, где лежат точки определяется уравнением $3xyz - x^3 - y^3 - z^3 = C$



Литература

1. Маркушевич А.И. Возвратные последовательности. Москва: ГИТТЛ, 1950.
2. Василенко С.Л. Обобщенные последовательности 2–3 порядка. М.: Эл № 77-6567, публ. 17350, 07.03.2012. – <http://www.trinitas.ru/rus/doc/0232/009a/02321245.htm>.
3. Гельфонд А.О. Исчисление конечных разностей: Учеб. пособие. – 4-е изд., стер. – М.: КомКнига, 2006. – 376 с.

4. Воробьев Н.Н. Числа Фибоначчи. Москва: Наука, 1978.
5. Артемов А.А. «Геометрия» чисел Фибоначчи и других возвратных последовательностей второго порядка. Журнал СОЖ, т.6.№.9, 2000 г.
6. Математический энциклопедический словарь. Москва: Советская энциклопедия, 1988. – 847 с.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Әбілмәжін Ж., Тасырова Қ.Н.

Алматы облысы Байсерке ауылы №12 орта мектеп

Жаңа енгізілген немесе инновациялық адамның кәсіптік қызметінің бәріне де тән болғандықтан, ол табиғи зерттеудің, талдаудың және тәжірибеге енгізудің нысанына айналады. Ол – ғылыми ізденістердің, жекелеген мұғалімдер мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі. Оқыту процесінің көп түрлілігіне қарамастан – дидактикалық, компьютерлік, проблемалық, модульдық және басқа жетекші педагогикалық қыметті іске асыруда. Инновация – жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс деген ұғымды білдіреді. Инновациялық құрал және процесс ретінде әлдебір жаңалықты енгізуді білдіреді. Оқытудың әртүрлі әдістері бар:

Дәстүрлі оқыту әдістері. Қоғамның қазіргі дамыту сатысында оның барлық салаларын тиімді басқару мен ұйымдастыру адамның ақыл-ой мен шығармашылық әлеуметіне байланысты екені белгілі. Бұл білім алушыларға білім берумен қатар олардың шығармашылық қабілеті мен ақыл-ой белсенділігін дамыту міндетін қойып отыр. Осы бағытта еліміздің жалпы орта білім беру жүйесін жылдар бойы жинақталған педагогикалық озат тәжірибелері мен бүгінгі жаңаша жаңғырту оқыту әдістерін кеңінен қолдану арқылы жетілдіру жұмыстарын жүргізілуде. Дәстүрлі сабақ туралы мысал келтіретін болсақ: «...сабақ әдеттегідей басталды: төрт, бес білім алушыдан сабақ сұраймыз, оған сабақ уақытының жартысынан көбі кетеді. Бір білім алушы есеп шығарады, басқа 20 немесе 25 білім алушы уақытын босқа өткізеді. Мұндай әдіс кейбір «бақытты» білім алушының ойсыз, шұғылданыссыз, тек колледж тәртібі талап ететін санасыз көз қараспен өткізуіне соқтырады» Олай болса, бүгінгі сабақ қалай ұйымдастырылуы керек? Ғалым-әдіскерлер мен оқытушылардың көпшілігі жоғарыда баяндалған ондай қылықты жоюдың бір жолы даралап оқытуды ұсынады.

Даралап оқытудың мақсаты – оқу үрдісін білім алушылардың ойлау қабілетінің даму деңгейі мен жеке басының ерекшеліктерін ескеріп оқытудың тиімді әдістерін таңдап ұйымдастыру. Оны іске асыру компьютерлік технологияға негізделген оқытудың жаңаша жаңғырта оқыту әдістерін оқу үрдісіне енгізу арқылы ғана жүзеге асыруы мүмкін екені де зерттеу жұмыстарында көрсетілген.

Қазіргі кезде оқытудың жаңаша жаңғырту әдістерін оқу үрдісіне енгізу арқылы дәстүрлі оқыту әдістерін жетілдіру жолдары қарастырылуда. Мысалы, «...оқытудың көп бөлігі қазіргі оқыту технологиясы немесе білім саласына компьютерді пайдалану арқылы берілгенімен мұның барлығы дәстүрлі оқыту әдістер мен жаңаша жаңғырту әдістерінің бірігумен көрсетеді».

Ендеше, оқытудың білім алушылардың қабілетіне, қызығуына қарай дараландырудың қажеттілігі көрінеді. Бүгінгі таңда оны іске асыру оқытушыдан өте көп талап етеді. Бірақ ол компьютерлік технология көмегімен бұл қиындықтан шыға алады. Бұл кездегі оқытушының қызметі білім алушыға дайын білімді беріп қана қоймай, оларға білім қорынан білім алушының жолдарын үйретіп өз бетінше іздену жолдарын көрсету керек. Оқу үрдісінде ескермей кетуге болмайтын тағы бір негізгі мәселелердің бірі: оқулықтары мен оқу бағдарламаларының білімі орташа деңгейлі білім алушылардың мүмкіндігіне негізделетіндігі. Бұл жағдайда үлгерімі нашар білім алушылардың оқу материалының мазмұнын игеріп үлгере алмауына және керісінше, үлгерімі жақсы білім алушылардың оны тез игеріп, қалған уақытта бос отырып қалатынына соқтырады.

Егер оқытушы білім алушылардың күшті және әлсіз тұстарын дәл анықтап, тиісті әдістемелік көмектер беріп отырса, онда білім алушылардың барлығының да жақсы оқуға мүмкіндіктері ашылады. Осы орайда, әрбір оқытушы Л.Толстойдың «... оқытушының өзі неғұрлым көп оқитын болса, әр сабақты жан-жақты ойластырса және оны білім алушының шама-шарқымен салыстыратын болса, білім алушының ой-өрісін көбірек қадағалайтын болса, жауаптар мен сұрақтар беруге көбірек шақырып отыратын болса, онда білім алушыға оқу соғұрлым жеңіл соғады» деген.

Дәстүрлі оқыту әдістері мен жаңаша жаңғырта оқыту әдістеріне салыстырмалы түрде талдау жасасақ, компьютерді оқу үрдісіне пайдалану барысында оқытушы мен білім алушының бір – біріне тәуелсіз жұмысы олардың бірлесіп атқарған әрекеті көп болады. Білім алушы компьютерде жұмыс істеп отырған кезінде өзіне жеке мақсат қойып, өз бетінше жұмыс істейді. Бұл кезде білім алушының

танымдық басқару қызметі айқын көрінеді. Оқу үрдісіне компьютерді пайдалануға негізделген жаңаша жаңғырта оқыру әдістері бір жағынан оқу ақпараттын өңдеуге, бейнелеуге және өлшеуге арнаған әдістер мен құралдардың жиындығы болса, екінші жағынан оқытушының оқу үрдісіне техникалық немесе ақпараттық құралдарды мақсатты түрде кенінен пайдалануы білім алушының дамуына оң әсерін тигізеді. Білім алушылардың білім деңгейін көтеру, өткен тақырып бойынша алған білімдерінің тиянақтылығын тексеру мақсатында, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда қазіргі заман талабына сай оқытудың жаңа технология элементтерін әр сабағында қолдану тиімді.

Осыған орай Ж. Қараев оқыту технологиясының негізгі төрт деңгейін атап кетейік:

1. *Оқушылық*; 2. *Алгоритмдік*; 3. *Эвристикалық*; 4. *Шығармашылық*.

Мұндағы 3 деңгейді меңгерген білім алушының білімі білім стандартына сәйкес келеді, ал 4-деңгейде қабілетті білім алушылардың жұмысы болып табылады. Осы 4 деңгейге жекелеме түсінік бере кетейік:

1. *Репродуктивтік деңгей*. Жалпыға бірдей стандартты білім негізіндегі тапсырмалар беріледі. Мұнда тапсырмалар білім алушылардың алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне және оқулықта бар мәселелерге байланысты құрылады. Сондықтан білім алушы бұл деңгейдегі тапсырмаларды орындағанда аса ойлануды қажет етпей, тез жауап бере алуы тиіс.

2. *Алгоритмдік деңгей*. Мұнда білім алушы мұғалімнің түсіндіруімен қабылданған жаңа ақпаратты пайдалана отырып тапсырманы орындайды.

3. *Эвристикалық деңгей*. Білім алушы өзі ізденіп, қосымша әдебиеттерді қолдана отырып жауап береді. Бұл тапсырмаларды орындауда оқушының ой белсенділігі негізгі қызмет атқарады.

4. *Шығармашылық деңгей*. Білім алушы таза өзіндік шығармашылығын байқатады. Жаңа тақырыпты балалар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгеруді қажет етеді.

Деңгейлеп саралау білім алушы мен мұғалімнің белсенді шығармашылық қызметін дамытумен қатар білім алушыларға өз білімін жаңа әдіспен бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен, әр деңгейлік оқыту жүйесінің әр пәнінің сапасын арттырумен біріктірме тиімді жақтары бар. Біріншіден, топтағы барлық білім алушыларды жұмыспен қамтамасыз етеді, әрбір білім алушының белсенді түрде қатысуын қадағалайды, белсенділігін оятуға түрткі болады. Екіншіден, әр білім алушы өзіне тән қарқынмен өз білімінің деңгейінде жұмыс жүргізеді, қойылған мақсатқа жету үшін қажетті төзімділікті қалыптастырады. Үшіншіден, білім алушылар өз еңбектерінің нәтижесін көріп, өзін-өзі бағалайды. Өз бетімен жұмыс істеу білім алушылардың біліміне ғана әсер етпей, сонымен қатар тәртібі мен мінез – құлқына да тигізер ықпалы зор. Білім алушыларды тиянақтылыққа, бастаған ісін аяқтауға, төзімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелейді.

Сабақтың қызықты, сапалы өтуі тікелей оқытушының шеберлігіне байланысты болады. Осы орайда белгілі ғалым Ахмет Байтұрсынұлының «Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу», – деген өткен ғасырда айтылған сөздері ойға оралады. Бір сабақтың әр кезеңдері түрлі әдістері орнымен пайдалану арқылы көп нәтижеге жетуге болады.

Білім алушы санасына білімді жүйелі түрде меңгеруіне және қабілет деңгейлерін дамыту. М. Жанпейісованың «*Модульдік оқыту технологиясының*» маңызы ерекше екені мәлім.

Себебі аталмыш технология әдістері білім алушыларды өз бетімен жұмыс істеуге, қорытындылар жасауға, жүйелі білім алуға жетелейді, өзін-өзі өзгені де бағалай білуге үйретеді. Білім алушының белсенділігін оның ойлау, есте сақтау, елестету, қабылдау қабілеттерін, жадысы мен зейінін дамытып, қызығушылығын арттырады. Сабақ формаларының өзгеріп отыруы, әсіресе топтық формалар білім алушылар арасында қарым-қатынастың нығаюына ықпалын тигізеді. Білім алушының тапсырманы өзінің орындау мүмкіндігіне қарай таңдап алуға еріктілігі, оның өз күшін, шама-шарқын бағалай білуге, өзін қауіпсіз сезінуіне, қиындыққа дайын болуға және оны жеңуге тырысуына жетелейді.

| <i>Бөлімі</i> | <i>Сабақтың саны</i> | <i>Сабақтың мазмұны</i> |
|------------------------|----------------------|---|
| Кіріспе | 1-сабақ-дәріс | 1. Оксидтер, қышқылдар, негіздер, тұздардың жіктелуі, құрамы, аталуы. 2. Оксидтердің химиялық қасиеттері. 3. Қышқылдардың химиялық қасиеттері. 3. Тұздардың химиялық қасиеттері. 4. Оксидтер, қышқылдар, негіздер, тұздар арасындағы генетикалық байланыстар. |
| Сөйлеу бөлімі (диалог) | 2-сабақ | «Қарлы кесте» ойыны |
| | 3-сабақ | «Брейн ринг» ойыны |

| | | |
|-----------|---------|---|
| Қорытынды | 4-сабақ | «Бейорганикалық қосылыстардың маңызды кластары» |
| | 5-сабақ | Тест |
| | 6-сабақ | Бақылау жұмысы |

Әдебиеттер

1. Ембергенова Қ., Буланова Т. Зерттеу университеттері: өзгетілді аудиторияда оқытудың инновациясы. Алматы: Қазақ университеті, 2011.
2. «Химия мектепте» журналы. 2004. – №1.
3. Бектуров А.Б. Исследования в области химии и технологии неорганических веществ. (Избранные труды). – Алматы: Ғылым, 1991.

МҰҒАЛІМНІҢ ӨЗІН-ӨЗІ ЖЕТІЛДІРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ

Әлімбаева Л.З.

Жамбыл облысы Шу ауданы М.Әуезов мектебі

ҚР «Білім» туралы Заңының 51*бабының 5-тармағында «Мұғалім өзінің педагогикалық шеберлігін, парасаттылығын, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіріп отыруға міндетті», – делінген.

Қазіргі қоғам адамнан прогрессивті ойлай алатын, белсенді әрекетті, жан-жақты болуды талап етеді. Біздің елімізде жаңаша білім беруде әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің қатарына ену мақсатында түрлі шаралар атқарылуда. Бүгінгі таңдағы қоғам кәсіби білімі жетік, құзіретті, бәсекеге қабілетті мамандарды талап етеді. Білікті ұстаз, білімді маман болу үшін әрбір мұғалім өз білімін үздіксіз көтеріп отыруы тиіс.

Мұғалім еңбегі жоғары деңгейдегі ұтқырлығымен, күрделілігімен және жан-жақтылығымен ерекшеленеді, бұл оның терең және кәсіптік білімінің, білік-дағдыларының болуын қажет етеді. Өзіндік білім алудың шеңберінен тыс мұғалімнің тұлғалық және кәсіптік дамуы мүмкін емес.

Білімін тұрақты көтеріп отыру – мұғалімдердің құқықтары әрі міндеттері, білім беру жүйесінің тұрақты дамуының кепілі, мемлекеттің дамуының құралы болып табылады.

Мұғалімнің кәсіби шығармашылығы оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгеруімен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның білім беру аясы да соғұрлым кең болмақ. Аталған талаптар мұғалімнің шығармашылық іспен айналысуын қажет етеді. Жаңашыл мұғалім – өзін-өзі дамытып отыратын тұлға.

Олай болса «өзін-өзі дамыту немесе жетілдіру» деген не?

Өзін-өзі жетілдіру дегеніміз – өздігінен білім алу, өз бетімен оқу, жетілу процесі болып табылады.

Өздігінен білім алудың мақсаты:

1. Оқу және тәрбие әдістерін жетілдіру және кеңейту мақсатында жалпы педагогикалық және психологиялық білімдерін жетілдіріп, кеңейту;
2. Өз пәнінің саласы бойынша терең білім алу;
3. Озық педагогикалық тәжірибелер мен педагогикалық ғылым жетістіктерін меңгеру;
4. Мұғалімнің жалпы біліктілік, білімділік деңгейін жетілдіру,
5. Әдістемелік тақырыбы мұғалімдердің жұмыс жоспарында ашылуы тиіс.

Мұғалімнің өзін-өзі жетілдіруге түрткі болатын мәселелермен қажеттіліктері:

• Күнделікті ақпаратпен жұмыстануы. Мысалы, ата – аналар жиналысын өткізу, сайыстарға, мектепшілік шараларға қатысу үшін мұғалімде ақпарат іздеуге және жаңа ақпаратты талдауға қажеттілік туындайды;

- Шығармашылық шабыты;
- Ғылымның қарқынды өсуі;
- Қоғамда болып жатқан өзгерістер және оның дамуы;
- Бәсекелестік (әріптестер арасындағы бәсекелестік);
- Қоғамдық көзқарас, айналасындағы адамдардың осы ұстаз туралы пікірлері;
- Материалдық стимул. Аттестаттау комиссиясының пікірі, санаты, өтемақы немесе марапаттаулар;

- Қызығушылық.

Мұғалімнің өздігінен білім алуын және оны жетілдіруді қажет ететін негізгі бағыттар:

- Кәсіптік (пәнді оқыту бойынша);
- Психологиялық-педагогикалық (оқушыларды және ата-аналарды бағыттау);
- Психологиялық (имидж, пікірлесу, көшбасшылық қасиеті);
- Әдістемелік (педагогикалық технологиялар, оқытудың әдіс-тәсілдері, формалары);
- Құқықтық;
- Эстетикалық;
- Тарихи;
- Шет тілдері;
- Ақпараттық-компьютерлік технологиялар;
- Қызығушылықтары, хоббиі.

Өзін-өзі дамытудың негізгі түйіні неде? Мұғалім өзін-өзі дамыту барысында ақпаратты әртүрлі білім алу көздерінен алады және алған ақпаратын сабақта немесе өмірде пайдаланады. Осындай ақпарат көздері өзіндік, кәсіби өсуге ықпал ететін білім көздеріне бөлінеді.

Өздігінен білім алу көздері:

- семинарлар мен конференциялар;
- шеберлік сынып;
- іс-тәжірибе алмасу бойынша іс-шаралар;
- біліктілікті жетілдіру курсы;
- ашық сабақтарға қатысу;
- экскурсиялар, театрлар, мұражайлар, концерттер, газеттер, журналдар;
- әдебиет (әдістемелік, ғылыми, көркем);
- интернет.

Мұғалімнің жеке өзіндік білім көтеру жоспары.

Мұғалімнің өзін-өзі жетілдіру формалары:

Өзін-өзі дамытудың формаларын екіге бөлуге болады: жекеленген және топтық.

Мұғалімнің өзін-өзі дамыту процесінің құрамдас бөліктері:

Мұғалімнің өзін-өзі дамыту барысындағы іс-әрекеттерін алатын болсақ, олар: оқу, үйрену, зерттеу, талдау, бақылау және жазу болып табылады.

Осы іс-әрекеттердің мұғалімнің кәсіби аймағындағы рөлі қандай?

- Жаңа педагогикалық технологияларды, білім беру тәсілдерін, әдістерін үйреніп, қолдану.
- Әріптестерінің сабағына қатысу, тәжірибе алмасу.
- Өзінің педагогикалық шығармашылығына жүйелі түрде өзіндік талдау жасау.
- Қазіргі кездегі психология – педагогикалық аумағында білімін үнемі жетілдіріп отыру.
- Еліміздегі саясаттағы, мәдениеттегі, экономикадағы жаңалықтардан хабардар болу.
- Өзінің жалпы мәдениетін, құқықтық білімін көтеріп отыру керек.

I. Ғылыми-теориялық білімді жетілдіру

| Р р/с | Мақсаты | Сабақта | Сыныптан тыс шарада | Қосымша сабақта |
|----------|--|---|--|---|
| | Оқытатын пәннің теориялық негіздерін білу | Диаграмма, сызба арқылы жаңа тақырыпты меңгерту | Сайыстар, байқаулар, пікірталастар ұйымдастыру | Теориялық білімдерін жетілдіре отырып, практикалық білімімен ұштастыра білу |
| 2 | Оқытатын пән ғылымының әдістерін білу | оқушы білімін шығармашылық деңгейге жеткізуге жұмыстану | Оқушыларды олимпиадаларға қатыстыру | |
| 3 | Ғылым дамуының тарихы мен қазіргі жетістіктерін білу | Жаңа технологияларды кеңінен пайдалану | Оқушылардың рухани дүниесін байыту, логикалық ойлау қабілетін, шапшаңдығын арттыру | Дарынды және үлгермеуші оқушылармен жұмыс жүргізу |

II. Әдістемелік жұмыстар

| Рр/с | Мақсаты | Мерзімі | Сабақта | Мұғалімнің аты-жөні |
|------|--|----------|---|---------------------|
| 1 | Мұғалімдердің жанашылдық тәжірибелерін үйрену, оқу, алу | Үнемі | Жаңа технологиялардың озық түрлерін пайдалану | |
| 2 | Қала, облыс көлемінде озат тәжірибелі мұғалімдермен байланысу, тәжірибе алмасу | Жыл бойы | Тест үлгілерін, диктанттар жинағын пайдалану | |

III. Педагогикалық-психологиялық білімді жетілдіру

| Рр/с | Мақсаты | Бақылау | Іс-шаралар |
|------|--|--|--|
| 1 | Дарынды, үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жасау барысында мектеп психологымен диагностикалық жұмысты жетілдіру, педагогикалық тәжірибені жинақтау және қорландыру. | Тұлға ретінде қарап, даралығын тану, өз беттерімен жұмыстануға жағдай жасау, байқау. | Облыстық, республикалық ғылыми конференция жинақтарындағы материалдармен ұдайы танысып отыру. Педагогика және психология ғылымы саласындағы жаңа көзқарастар және тәжірибелермен танысып отыру, банк қорын жинақтау. Мектеп кітапханасындағы білім беру саласына қатысты газет, журналдардағы әріптестердің жанашыл ізденістермен танысу, педагогикалық банк қорын жинақтау. |
| 2 | Пән бойынша оқыту процесінде оқушының психологиялық және жас ерекшеліктерін ескеру. | Сабақ өткізетін сыныптар бойынша | Деңгейлік тапсырмалар беру, үлгерімін көтеру үшін жеке тапсырмалар беру. |

IV. Саяси-идеялық білімді жетілдіру

| Рр/с | Қажетті нормативтік құжаттар | Маңызы | Таныстым |
|------|---|---|----------|
| 1 | Қазақстан – 2030 бағдарламасы | Елбасының жыл сайынғы Жолдаулары, бәсекеге қабілетті елдер қатарына қосылу жолындағы жұмыстар | |
| 2 | ҚР Мемлекеттік рәміздері, ҚР Президентінің жарлықтары | ҚР Мемлекеттік рәміздері (Ту, Елтаңба, Әнұран) туралы конституциялық заң 1996 жылы 24 қаңтарда белгіленген. | |
| 3 | Қазақстан Республикасының Конституциясы | ҚР Ата заңы 1995 жылы 30 тамызда қабылданды. | |

V. Мұғалімнің өзіндік білім көтерудегі жетістіктері (5 жылдық)

VI.

| Рр/с | Жылдар | Кәсіби байқау | Ғылыми жұмыс | Шығармашылық жұмыс | Олимпиада | Баспасөз және электронды веб-сайттардағы жұмыстарым. |
|------|-----------|---------------|--------------|--------------------|-----------|--|
| 1 | 2011-2012 | | | | | |
| 2 | 2012-2013 | | | | | |
| 3 | 2013-2014 | | | | | |
| 4 | 2014-2015 | | | | | |
| 5 | 2015-2016 | | | | | |

Қазіргі таңда жаңа технологиялар саны күннен-күнге артып келеді. Бірақ соның өз сабағына және өзінің де, оқушылардың да тез меңгере алатынын таңдаған жөн. Осындай биік нәтижеге қол жеткізуді кәсіби шеберлігі жоғары мұғалім ғана жүзеге асырмақ.

Әдебиеттер

1. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының заңы., / Заң, №3, 2001ж.
2. Нүкенов А. Жергілікті басқаруды жетілдіру мәселелері / Саясат, №7.-2003.
3. Танкиева А. Жергілікті басқаруда экономикалық механизмдерді қолдану жолдары / Саясат, №4.
4. «ҚР Конституциясының құқық негіздері. – Алматы, 2003.
5. http://predmet.kz/KZ/KZ_5/kz_5_kazaktili/710-z-blmn-zhetldru-zhospariy.html

ИНФОРМАТИКА ПӘНІНДЕ ЖЕТІ МОДУЛЬ МӘНМӘТІНІНДЕГІ ДИАЛОГТІК ОҚЫТУДЫ ПАЙДАЛАНУ

Бердибаева Ж.Б.

ОҚО Сарыағаш ауданы №73 Ө.Жәнібеков ат. мектеп-гимназия

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов: «Сыныпқа кірген ұстаздың барлығы ұстаз емес. Оқушы жүрегіне білім дәнін еге білген адам ғана ұстаз болып табылады», – деген екен. Ендеше, ұстаз болғанға не жетсін...

Ұстаз ретінде менің байқағаным, елімізде болып жатқан саяси, әлеуметтік, экономикалық және басқа да өзгерістер білім беру жүйесіне әсерін тигізіп жатыр. Бұл өзгерістер еліміздің мектептерінде тек жаңа пәндерді енгізіп қана қоймай, сонымен бірге оқыту әдісін өзгертуді де талап етіп отыр. Еліміз тәуелсіз мемлекет болып даму жолында, қоғамның назарын аудару үшін шешім қабылдау маңызды. Бұл әсіресе сынып жұмысына қатысты: сабақ барысында оқушылар белсенді болулары керек.

Егер дәстүрлі оқытуда оқу-тәрбие үрдісінде басыңқы рөл мұғалімде болса, қазір белсенді қызметті оқушы атқарады, оны оқытпайды, ол өзі оқиды.

Дәстүрлі оқытуда мұғалім оқушыға дайын, дұрыс ақпаратты берген, оқушы тек тыңдап, ақпаратты қабылдап отырған. Сабақта көбінесе тиімсіз әдістер қолданылған (лекция, сұрақ-жауап, жаттығулар орындау, т.б). Қазіргі кезде оқушы өзі ізденіп, өзі оқып, өзі үйренеді. Сабақта проблемалық оқыту іске асырылады (жағдаятты шешу, балаға ой тастау, «миға шабуыл», дебаттар т.б). Мұғалім сабақта басқарушылық міндеттер атқарады, оқушыға бағыт-бағдар беріп тұрады. Негізгі көңілді әрбір оқушының жеке мүмкіндіктерін, қабілеттерін, қызығушылықтарын анықтауға бөледі.

Жаңа заман, жаңа технология білім беру саласына жаңа көзқарас, жаңа ағым, жаңа сапалық деңгейге көтеретін іс-әрекет әкелді. Қазіргі жахандануда, заман ағымына қарай білімнің күші бағаланып, білімді адамның беделі өсіп келеді. Қазір ғылым мен техниканың дамыған уақыты. Алдымызда отырған шәкірттер білімді терең қажет ететін шәкірттер. Олар заман талабына сай қазіргі компьютер тілін жетік біледі, интернеттен хабардар, барлық затты ажырата алатын дәрежеде. Біз бір пәнге даярланғанда олар алты жеті пәнге әзірленеді. Тақта мен бор ғана тұратын сабақтар, оларға бүгін қызықты емес. Сондықтан олар мұғалімнен көп жаңалықты күтеді. Мұғалімнің нақты нық, қысқа да нұсқа түсіндіргенін, дұрыс бағытқа бағытағанын қажетсінеді.

Жеке тұлғаға және нәтижеге бағытталған білім беру жүйесіне көшуде жаңа технология мен озық тәжірибені ұлттық және адамзаттық құндылық қағидалармен сабақтастықта зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі.

Оқушы белсенділігін арттыру үшін оқытудың жаңа әдіс-тәсілі интербелсенді оқытуды пайдаланудың маңызы зор. Сондықтан, интербелсенді оқытуды, өз пәнім бойынша жеті модуль мәнмәтініндегі диалогтік оқытуды басшылыққа ала отырып, өз тәжірибемде қолданып, жүзеге асырудамын.

Ғылыми-зерттеу нәтижелері сабақта диалогтің маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Атап айтатын болсам, Мерсер мен Литтон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді. Аталған авторлардың зерттеулерінде ересектермен интерактивті қарым-қатынас пен достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың балалардың оқуына және танымдық дамуына әсер ететіндігі айтылған. «Мұғалім-оқушы», сондай-ақ «оқушы- оқушы» арасында шығармашылықпен өтетін, өз пікірін


негізді, тұжырымды түрде білдіруге жетелейтін әңгімені ынталандырып, қуаттайтын оқыту әдістерін «диалогтік оқыту» деп атайды.

Нағыз сабақ – ол әрқашан диалог, ізденіс, дайындалып, үйреніп, кеңесіп, оқушы болашағын ойлап жасаған еңбек пен тәжірибенің бірлігі. Барнс (1971) сыныпта тіл қаншалықты қолданса, оқушылардың оқуына соншалықты әсер ететінін айтады. Оқудың мұғалімді селқос тыңдағанда ғана емес, вербалды құралдарды қолдану нәтижесінде, яғни сөйлесу, талдау және дәлелдеу барысында да жүзеге асатынын көрсетті.


Тіл – тәжірибені ұжымдық қабылдаудың негізгі құралы. Негізінде, білім алу диалог арқылы беріледі де, оқушылардың сабақта түрлі жұмыстарды орындау кезінде өзара байланыс пен келісушілікті қабылдау деңгейін білдіретін қызметтің диалогпен қалайша жанасатынына байланысты болады. Мұғаліммен және басқа оқушылармен әңгімелесу – оқушының қызмет белсенділігін қамтамасыз ететін және түсінігін дамытатын маңызды құрал.

Выготскийдің оқу моделі оқушы диалог құру нәтижесінде білім алады деп жорамалдайды. Сондықтан, оқушының білім деңгейін дамытуға әлеуметтік қолдау көрсетуде мұғалімнің рөлі ерекше. Оқушылардың көбірек білетін басқа адамдармен, әрине бұл рөлдерде сыныптастары мен мұғалімдері болуы мүмкін, диалог жүргізу мүмкіндігі болған жағдайда, оқу жеңіл болмақ. Талданатын идеялар оқушы түсінігінің нақты бөлігі болмағанымен, жақын арадағы даму аймағы аясында қарастырылғандықтан оқу табысты болмақ. Выготскийдің оқуда сөз, сөйлеу негізгі рөл атқаратындығы туралы пікірі тәжірибеге негізделген (эмпирикалық) зерттеулермен дәлелденген. Ал Александер (2008) диалог түрінде оқыту оқушыларды ынталандыру дамыту үшін қолдануға мүмкіндік береді деп санайды. Александердің пайымдауынша, диалог арқылы мұғалімдер күнделікті ойталқыларда «саламатты» келешек мүмкіндіктерін анықтап, оқушылардың дамып келе жатқан идеяларымен жұмыс істеуіне және түсінбеушілікті жеңе білулеріне көмектесе алады. Оқушыларға сыныпта әртүрлі тәсілдер арқылы жүргізілген және кеңейтілген диалогтерге қатысуға мүмкіндік берілгенде, олар өзіндік жеке түсініктерінің өрісін зерттей алады. Бұл мүмкіндіктер олардың тілді білімді құру құралы ретінде қолданудың жана тәсілдерін тәжірибеден өткізуге жол ашады. Оқушылар жұпта немесе топтарда жұмыс істегенде, олар «мұғалім- оқушы» сұхбатты түріндегі өзара іс-қимылға қарағанда мейлінше «симметриялы» болып табылатын өзара іс-қимылға тартылады, осылайша негізделген дәлелдер ұсынып, қадағаланатын оқиғаларды сипаттауда түрлі мүмкіндіктерге ие болады.

Диалогтік оқытуда әңгіменің үш түрін пайдалану




Зерттей келе баяндаманың тақырыбын информатика пәнін оқытуда, өзекті мәселе ретінде таңдалынды. Баяндаманың тақырыбына сәйкес бірнеше сабақтар жүргізіп, өз іс-әрекеттегі тәжірибемде қолдана бастадым. Себебі, қазіргі таңда информатика сабағындағы компьютермен жұмыс жасау барысында оқушылардың сөздік қорының азаюы, пәндік білім сапасының төмендеуіне әкеліп соғатыны бәрімізге белгілі жағдай. Сондықтан, диалогтік оқытуды пәннің оқыту сапасының жақсартатындығына Мерсер, Литлтон және Александер еңбектерінен айқын көруге болады. Өйткені оқушының білім сапасы оқу сауаттылығына байланысты.



Тақырыптың өзектілігіне сәйкес оқу сауаттылығын ескере отырып, Мерсердің еңбегіндегі әңгіменің үш түрін пайдаланып, жүзеге асыруға болатынына көзім жетті. Себебі, «мұғалім-оқушы» және «оқушы-оқушы» арасында әңгімелесудің үш түрін пайдалану арқылы идеялар екіжақты бағытта жүреді, білімді бірлесіп алуға жол ашылады және оқушының білім алу үдерісі алға жылжиды.

Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізуі үшін мұғалімдер қолданатын сұрақтардың екі түрі: төмен және жоғары дәрежелі деген пікір бар. Кей кездері төмен дәрежелі сұрақтарды «жабық», жоғары дәрежелі сұрақтарды «ашық» сұрақтар деп те атайды. Төмен дәрежелі сұрақтар жаттап алуға бағытталған және де оған берілген жауап бағаланады. Ал, жоғары дәрежелі сұрақтар қойылғанда, оқушылар ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта құруға, кеңейтуге, бағалауға және талдауға тиіс болады. Бұл сұрақтардың екі түрі де сабақта қолданылады, тек қойылатын сұрақтың түрі оның мақсатына қарай өзгеріп тұрады. Сұрақты оқушылардың білім алу қабілеттеріне сәйкес болатындай етіп құру қажет.



Бұл сұрақтардың екі түрі тиімді педагогика аясында кеңінен қолданылады. Диалогтік оқыту арқылы оқушының білім алуын қолдау және дамыту үшін сұрақ қоюдың *түрткі болу*, *сынақтан өткізу* және *қайта бағыттау* сияқты әртүрлі техникаларын пайдалануға болады.

Түрткі болу: түрткі болуға арналған сұрақтар бірінші жауап алу үшін және оқушының жауабын түзетуге көмектесу үшін қажет, айталық, сұрақты қарапайым етіп қою, өткен материалға оралу, ойға салу, дұрысын қабылдау және толығырақ жауап беруге итермелеу.

Сынақтан өткізу: сынақтан өткізуге арналған сұрақтар оқушыларға анағұрлым толық жауап беруге, өз ойларын анық білдіруге, өз идеяларын дамытуға көмектесетіндей етіп құрылуы қажет, сондай-ақ «Сіз мысал келтіре аласыз ба?» деген сияқты сұрақтар тапсырманы орындау барысында оқушыға бағдар беріп отырады.

Қайта бағыттау: сұрақты басқа оқушыларға қайта бағыттау, мысалы, «Көмектесе алатындар бар ма?» дегендей.

Оқытуды диалогтік тәсілмен дамытудағы сұрақтардың маңызын қарастыратын болсақ, сұрақ қою арқылы мұғалім:

- оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады;
- оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды;
- білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады;
- оқушыларға білімін қалыптастыруға және вербалдандыруға көмектеседі;
- оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді;
- оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауға көмектеседі;

- оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді;
- әңгімелесу және ой елегінен өткізу көмегімен ойын жинақтауға көмек береді, іс-әрекеттерін тереңдетеді және шоғырландырады;
- оқытудағы қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтайды.

Нәтижеде диалогтік әңгімеде де мұғалім сұрақтары мен оларға берілген жауаптар, сонымен қатар оқушылардың сұрақтары маңызды.

Қорыта келгенде, оқушылар диалог әдісін қолдана отырып, мысалы: талқылау, білімді бірлесіп құру, түсіну мен дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алады. Әрбір сабақта оқушыларға сұрақтар қою арқылы, тақырып бойынша өз ойларын айтуға мүмкіндік беріледі. Олар өзара талқылау арқылы, түрлі ойлардың болатындығын, бір-бірінің түсінуіне көмектесетінін көрсетеді. Әңгімелесу мен талқылау арқылы өз ойларын дәлелдеуге тырысады. Осы тәсілді пайдаланғанда оқушылардың қандай деңгейде екенін түсінуге көмектесетінін, бұл тәсілді қолданғанда оқушылар қысылмай өз ойларын толық жеткізуіне, сөздік қорының молаюына көмектесетінін байқадым.

Сабақта диалогтық оқыту модулін қолдану арқылы сөйлемейтін оқушының өзін сөйлетуге әрекет жасатуға болатынына көзім жетті. Ол үшін мұғалім оқушыға беретін сұрағын жүйелі жоспарлай білуі керек екенін түсіндім. Менде алдағы сабақтарда диалогтық оқыту модулін мейлінше үйлестіріп қолданамын деген мақсат пайда болды.

Дегенмен «Ескісіз жаңаның күні жоқ» дегендей, дәстүрлі оқу үдерісінде берері мол. Жаңа технология мен дәстүрлі оқу үрдісін, интерактивті оқыту әдісін ұштастыра қолдану – ұстаз шеберлігінде, біліктілігінде.

Әдебиеттер

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші басылым. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы, 2014.
2. Қойлық Н.О., Жартынова Ж.А. Интерактивті оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау. Деңгейлік бағдарламалар орталығы. – Алматы, 2014.
3. Құдайбергенова К.С. Мектептегі іс-әрекетті зерттеу. Әдістемелік құрал.

ЖЕЛІЛІК ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖӘНЕ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Берекенова Ә.С., Тәуекелова Г.Қ.

№51 мектеп-гимназиясы; №57 мектеп Алматы қаласы

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам мен технологиялық мәдениет дәуірі. Жаңа ақпараттық технологияларды қолдану – уақыт талабы. Бүгінгі таңдағы адамзаттың тіршілігінің негізгі тұғырнамасы – білім болып табылады. Білім жүйесін инновациялық технологиялармен жабдықтап, білімнің халықаралық меңгерудің маңызы айрықша.

Білім беруді жаңарту үнемі алға қарай ұмтылу мен дамыту үдерісі, бұл білім беруде кезең кезеңімен өтетін және алынған нәтижелерге бағытталған өзгерістер. Қоғамдағы жүріп жатқан өзгерістер, ғылыми техникалық прогресс және жалпы білім беретін мектеп құрылымының өзгеруі жас ұрпақты тәрбиелеуді дамытып қалыптастыруды талап етеді.

Білім беру желілері біздің санамызда өзгеріс енгізуді үйрету үдерісін бейнелейтін стратегия деп саналады.

Білім беру желілері арқылы мектептер арасында ынтымақтастық орнату ұлттық және халықаралық деңгейде қолдау тауып отырғаны белгілі. Табысты желіні дамыту жігерлі әрі табанды жұмысты талап етеді. Бастапқы кезеңде желі де жұмыс істеу қызықты көрінгенмен, желі жұмысты жүргізу оңайға соқпайды.

Фуллан (2004) желілер біздің мектептердегі жекелеген оқушылардың қажеттіліктеріне жауап беруге мүмкіндік береді деп толықтырады. Осы желілер көшбасшылықтың бірлескен шараларын жүргізіп, оның жаңа нысандарын зерттеуге ықпал етеді. Олар бізге әріптестерімізбен тәжірибе алмасудың жаңа тетігін дамытып, оқытудың тиімді әрі инновациялық тәжірибесін ұсынады. Жілілер аясында жақсы идеяларға қол жеткізу мүмкіндігі барынша кеңейіп, білікті мамандар тобына олардың өңіріндегі барлық балалар үшін қздеріне ұжымдық жауапкершілікті алуға ықпал етеді.

Заманауи қоғамның тіршілігінде желінің маңызы күннен-күнге артып отыр. Қазіргі заманғы ұйымдар желілердің білім және инновациялар алмасу үдерісінде маңызды екендігін атап көрсетуде. Сондықтан мектептер арасындағы ынтымақтастық, мектептерде оқитын оқушылардың ғана емес, барлық балалардың мүддесі үшін мектептердің «Білім беру желілеріне» бірігуі уақыт өткен сайын маңыз алууда.

Қоғам неғұрлым танылған сайын, тек өзінің болашағына жақсы ықпал ететін дәстүрлерді ғана сақтап, оларды ұрпақтан-ұрпаққа берудегі жауапкершілігін соғұрлым танитын болды. Мектеп – осы мақсатқа жетудегі бірден-бір басты құрал.

Көкжиегімізде көрініп тұрған жарқын болашағымызға жету жолдарының нышандары атқарар қызметінің салмағы жағынан ерекше болып табылатын білім беру жүйесінен көрініс табууда. Қазіргі таңда әлем өзгеруде, соған сәйкес мұғалім де өзгеріссіз қалмай, өздерінің білім беру жүйесі арқылы орын алған өзгерістерге қалай ықпал ететіндігін білуі тиіс.

Мұғалім бойындағы қасиет Шулманның «үш көмекші» деп анықтаған – «бас – кәсіби түсінік, қол – оқытудың тәжірибелік дағдылары, жүрек – кәсіби тұтастық» туралы ойымен, Абайдың «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген философиялық ойларымен үйлесе ғана оқыту сапалы және табысты болатынына көз жеткізді. Елбасы Н. Ә. Назарбаев: «Жаңа формация педагогы әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогика құралдарын шебер меңгерген, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға», – деп анықтама берді.

Соның айғағы ретінде Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курсының бірінші (ІІІ) деңгейінің бағдарламасының негізгі факторының бірі – желілік қауымдастық» делінген, олай болса, бірінші деңгейдегі курстан өткен мұғалімдерге үлкен талаптар қойылуда. Үздіксіз оқытуды дамытуда «желі» ұғымы аса маңызды болып отырғаны байқалады.

Мектептер арасындағы ынтымақтастық, мектептерде оқитын оқушылардың ғана емес, барлық балалардың мүддесі үшін мектептердің «Білім беру желілеріне» бірігуі уақыт өткен сайын маңыз алууда.

Сондықтан да мектеп тәжірибесін жетілдіру мақсатында басқа мектептердің көшбасшылық командаларымен тығыз ынтымақтастықта болып, желілік қоғамдастықты құрдық.

Мақсаты: Тиімді идеяларға қол жеткізу мақсатында мұғалімнің өз кәсіби білімін дамытуына мүмкіндік туғызу.

Ұстанымы: «Бірлік бар жерде тірлік бар».

Қоғамдастықтың міндеті:

- Мектептегі мұғалімдердің қоғамдастыққа деген сенімділігін коучингтер жүргізу арқылы дамыту.

- Деңгейлік курсты аяқтаған мұғалімдердің меңгерген әдіс-тәсілдерін сабақ барысында жүзеге асыру арқылы оқушыларға жан- жақты, әмбебап білім беру.

- Желілік қоғамдастық арқылы бір қалада орналасқан мектептермен әдістемелік байланыс орнату.

- Оқушының көшбасшылық қабілетін анықтау үшін шағын зерттеу жұмысын жүргізу.

Күтілетін нәтиже:

- Мұғалімдер жаңа идеялармен алмасады.
- Белгілі бірлескен зерттеу топтары қалыптасады.
- Басқа мектептермен іскерлік қарым-қатынас орнайды.
- Кәсіби біліктіліктерін үнемі жетілдіріп отырады.
- Мектеп пен ата-аналар арасында байланыс орнайды.
- Коучингілер, тренингілер т.б. өткізіледі.
- Оқушылардың мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Дамуға үлес қосатын, жаңа идеяларды пайдалануды өзіне алатын әрі үлкен жауапкершілікпен қарайтын бірден-бір басты күш мектеп екенін және мектептер арасындағы ынтымақтастық пен барлық балалардың мүддесі үшін мектептерді білім беру желілеріне бірігудің маңызды Д.Дьюи екенін айтты. Мектепшілік желілік қоғамдастықтың мақсаты мен міндеттері, желілік қоғамдастықтың жұмысын нәтижелерін бақылау, бағалау критерийлері мүмкіндіктері айқындалды. Ғаламтор желісінің маңызы күн сайын арта түсуде, осы сияқты білім беру желісі құрамындағы мектептер бірлесіп жұмыс жасасақ, балаларға барынша терең білім береміз деген сенім болуы тиіс.

Қазіргі таңда қай мектеп болмасын мұғалімнің кәсіби өсуіне, ұжым мүшелерінің жұмысқа қатысты жасалған шараларын үнемі қолдап, көмектерін беріп отырады.

Мектептердің желілік қоғамдастықтары үздіксіз бірлескен жұмыстар мен жаңа әдістемелердің жекелеген мектептерден тысқары таралуына мүмкіндік беру арқылы мұғалімдерге және мектептің

басқа қызметкерлеріне педагогикалық әдістемелерді зерделеу мен жетілдіру мақсатында оқуға және бірлесе жұмыс істеуге жағдай жасайды. Әр түрлі мектептердің қызметкерлері арасында құрылымдалған өзара әрекеттестік қоғамдастық ішіндегі жұмыстың тиімді түрі болып табылады.

Желілік қоғамдастығын жүзеге асырудағы мақсатын басшылыққа ала отырып, желілік қоғамдастықты бақылап, әрі мүдделі адамдарды тартуға арналған жұмыстарды бағыттап, басқарып отыруға, желіні жақсарту жөнінде жоспар құруға көшбасшылық жасалады.

Желілік қоғамдастық мұғалімге не береді? Педагогикалық интернет-қоғамдастықтар жұмысына қатыса отырып, мұғалімдер мынадай мүмкіндікке ие болды: қазіргі адамға қажетті білім, іскерлік және сапаларға үйреніп, меңгереді; қызықтырған тақырыбы бойынша ең өзекті ақпаратты ала алады; сарапшы, тренерлерден кәсіби кеңес пен көмек алады; өңдеулердің әдістемелік қоржынына қол жеткізе алады; өз материалдарын жариялайды; кәсіби конкурстарға қатыса алады.

Энн Либерман пікірінше: «Оқыту қоғамдастығында жүріп жататын ақпарат алмасу үдерісі мұғалімдердің тәжірибесі мен жұмысының мазмұнын арттырып, оған тартылған адамдарды өзара тығыз байланыстырып, олардың сырт көзге көрінбейтін, күнделікті жұмысына түр береді». Адамдар тобы бірлесу қажеттілігін сезінген жағдайда қоғамдастықтар дамиды.

Желілік қоғамдастық үйлесімді мақсаттар мен құндылықтарды, ұзақ мерзімді басымдықтар мен даму бағыттарымызды және күтетін нәтижелерімізді, өзара әрекеттесуді бақылау мен бағалау тәсілдерін, өзара әрекеттесу мерзімін көрсетіп сипаттайды және қатысушылардың барлық топтарының (мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар) қажеттіліктерін ескереді деп ойлаймын. Сондай – ақ білім жүйесіне енгізіліп отырған өзгерістердің жүзеге асу барысын бағалау үшін тиімді әрі басқарыла алатын құралды қамтиды, мектеп қызметінің тиімділігін басқаруға бағытталған міндеттерді қоюға мүмкіндік береді.

Тек мұғалімдердің бірлескен жұмысы, жаңа ойлармен алмасуы оқыту мен оқу тәсілдерінің ықпалын күшейтеді, мұғалімнің кәсіби дамуын жетілдіреді, ал мектеп түлегі кең ауқымды дағдыларға ие болады.

Білім беру желілері ұзақ уақыт бойы бірлесіп жұмыс істеу және ғылыми қызмет арқылы мұғалімдерге толыққанды білім алуға мүмкіндік жасайды және оқуға ынталандырады.

Желілік қоғамдастық құру немесе ұстаздардың бірлестігі – бұл желідегі кәсіби даму ұйымының жаңа түрі, бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманда ұландарымыздың биіктен көрінуіне күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз арқылы, жан-жақты берген тәрбиеміз арқылы қолымызды жеткіземіз. Бізге ой – өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты, парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

«Дүниедегі ең үлкен нәрсе – кеңістік. Бәрінен жүйрік – ой. Бәрінен дана – уақыт. Бәрінен жеңіл – басқаға ақыл айту. Бәрінен қиыны – өзінді-өзің тану» деп философ Фалес тегін айтпаған. Шынында да, мұғалімдерді оқыта отырып, өзіміз де үйренудеміз, үнемі тәжірибе жинақтай бермекпіз.

XXI ғасыр – жаңа технологиялар ғасыры. Мұғалімдер осы жаңашылдықты таратушылар тізімінің ең басында тұруы тиіс. Тек мұғалімдердің бірлескен жұмысы, жаңа ойлармен алмасуы оқыту мен оқу тәсілдерінің ықпалын күшейтеді, мұғалімнің кәсіби дамуын жетілдіреді.

Ендеше, балалардың мүддесі үшін мектеп мұғалімдерінің ортақ мақсат пен өзара бірлігі нәтижесінде мектептердің ынтымақтастықпен желілік қоғамдастыққа бірігуі маңызды болып табылады.

«Халық пен халықты, ел мен елді теңестіретін – білім» деп жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай, еліміздің жаңғырып, жаңа әлемнен лайықты орын алуы үшін бәсекеге қабілетті әлемдік қалыпқа сай кәсіби білімділікке қол жеткізуіміз қажет.

РАЗЛИЧИЕ В ПРЕПОДОВАНИИ МЕЖДУ МЕТОДИКОЙ И ТЕХНОЛОГИЕЙ

Дурманов Т.М.

СШ М.Ауэзова Чуйский район Джамбулский область

После получения педагогического диплома независимо какого-либо предмета теоритический оснащены со всех сторон, но встает практический вопрос. Благо сейчас молодым специалистам возможностей для получения источников информации значительно много и необходимая без помощи интернета. Из первых ссылок интернета мы получаем первые азы. Первый же день урока понимаем, конечно, необходимость помощи. Учащие каждый со своими характерами, воспитаниями и

знаниями. Что получит от каждого человека-феномена приводит к разочерованию, но все же учитель должен не упустить любой свой шанс передать свои знаний ученику.

Метод обучения (от др.-греч. μέθοδος – путь) – процесс взаимодействия между учителем и учениками, в результате которого происходит передача и усвоение знаний, умений и навыков, предусмотренных содержанием обучения. *Приём обучения (обучающий приём)* – кратковременное взаимодействие между преподавателем и учениками, направленное на передачу и усвоение конкретного знания, умения, навыка.

По сложившейся традиции в отечественной педагогике методы обучения подразделяются на *три группы*:

– *Методы организации* и осуществления учебно-познавательной деятельности:

1. Словесные, наглядные, практические (по источнику изложения учебного материала).
2. Репродуктивные, объяснительно-иллюстративные, поисковые, исследовательские, проблемные и др.(по характеру учебно-познавательной деятельности).

3. Индуктивные и дедуктивные(по логике изложения и восприятия учебного материала);


– *Методы контроля* за эффективностью учебно-познавательной деятельности:устные, письменные проверки и самопроверки результативности овладения знаниями, умениями и навыками;

– *Методы стимулирования* учебно-познавательной деятельности: Определённые поощрения в формировании мотивации, чувства ответственности, обязательств, интересов в овладении знаниями, умениями и навыками.

В практике обучения существуют и другие подходы к определению методов обучения, которые основаны на степени осознанности восприятия учебного материала: пассивные, активные, интерактивные, эвристические и прочие. Эти определения требуют дальнейшего уточнения, т.к. процесс обучения не может быть пассивным и не всегда является открытием (эврикой) для учащихся.

Пассивный метод. Активный метод. Интерактивный метод.

Пассивный метод (схема 1) – это форма взаимодействия учащихся и учителя, в которой учитель является основным действующим лицом и управляющим ходом урока, а учащиеся выступают в роли пассивных слушателей, подчиненных директивам учителя. Связь учителя с учащимися в пассивных уроках осуществляется посредством опросов, самостоятельных, контрольных работ, тестов и т.д. С точки зрения современных *педагогических технологий* и эффективности усвоения учащимися учебного материала пассивный метод считается самым неэффективным, но, несмотря на это, он имеет и некоторые плюсы. Это относительно легкая подготовка к уроку со стороны учителя и возможность преподнести сравнительно большее количество учебного материала в ограниченных временных рамках урока. С учетом этих плюсов, многие учителя предпочитают пассивный метод остальным методам. Надо сказать, что в некоторых случаях этот подход успешно работает в руках опытного педагога, особенно если учащиеся имеют четкие цели, направленные на основательное изучение предмета. Лекция – самый распространенный вид пассивного урока. Этот вид урока широко распространен в вузах, где учатся взрослые, вполне сформировавшиеся люди, имеющие четкие цели глубоко изучать предмет.



Активный метод (схема 2) – это форма взаимодействия учащихся и учителя, при которой учитель и учащиеся взаимодействуют друг с другом в ходе урока и учащиеся здесь не пассивные слушатели, а активные участники урока. Если в пассивном уроке основным действующим лицом и менеджером урока был учитель, то здесь учитель и учащиеся находятся на равных правах. Если пассивные методы предполагали *авторитарный стиль* взаимодействия, то активные больше предполагают

демократический стиль. Многие между активными и интерактивными методами ставят знак равенства, однако, несмотря на общность, они имеют различия. Интерактивные методы можно рассматривать как наиболее современную форму активных методов

Интерактивный метод (схема 3). Интерактивный («Inter» – это взаимный, «act»–действовать) означает взаимодействовать, находиться в режиме беседы, диалога с кем-либо. Другими словами, в отличие от активных методов, интерактивные ориентированы на более широкое взаимодействие учеников не только с учителем, но и друг с другом и на доминирование активности учащихся в процессе обучения. Место учителя в интерактивных уроках сводится к направлению деятельности учащихся на достижение целей урока. Учитель также разрабатывает план урока (обычно, это *интерактивные упражнения и задания*, в ходе выполнения которых ученик изучает материал).

Следовательно, основными составляющими интерактивных уроков являются интерактивные упражнения и задания, которые выполняются учащимися. Важное отличие интерактивных упражнений и заданий от обычных в том, что выполняя их учащиеся не только и не столько закрепляют уже изученный материал, сколько изучают новый

Технология (от др.- греч. τέχνη-искусство, мастерство, умение; λόγος – мысль, причина; методика, способ производства) совокупность методов, процессов и материалов, используемых в какой-либо отрасли деятельности, а также научное описание способов технического производства. Технология (англ. *technology*) является сравнительно новым, многогранным термином, точное определение которого ускользает из-за постоянного развития смысла этого понятия, как самого по себе, так и взятого в отношении с другими, такими же широкими понятиями: культура, общество, политика, религия, природа. Прочитав, несколько книг с разными авторами. В книге Олешков приводит и анализирует попытки разных авторов классифицировать педагогические технологии и говорит, что «большинство преподавателей высшей и средней школы не осознают различий между *методикой* и *технологией*» и что «например, методика В.Ф. Шаталова не является технологией, т.к. ее успешная реализация зависит от многих локальных факторов, начиная с личности самого учителя и заканчивая контингентом обучаемых.

Если учитывать ряд представленных характеристик, то можно сделать вывод об отсутствии на сегодняшний день обоснованной классификации педагогических технологий в отечественной педагогике. В работах известных российских исследователей проблем современной дидактики подобные классификации или отсутствуют, или в одном ряду с технологиями оказываются в итоге педагогические школы, методические системы и концепции».

Олешков приходит к выводу, что отличительными чертами педагогической технологии являются:

- универсальность, то есть независимость от контента (информационного наполнения или содержания учебного «предмета»);
- воспроизводимость, то есть независимость от квалификации и личности учителя; от личностей детей; от богатства или бедности школы;
- тиражируемость, то есть воспроизводимость результатов; управляемость образовательного процесса на основе алгоритмизированной системы педагогических процедур; системность в выборе компонент (см. следующий раздел).

Отсутствие хотя бы одного из этих признаков исключает методику из разряда технологий. С учётом изложенного в педагогике различают *методику* и *технологии*. Не все исследования показали, что *методику* и *технологии* обучения применимы в целом вне лабораторных условий. Например, Мюллер, Ли и Шарма обнаружили, что принцип согласованности не передавался подлинной среде обучения. Так, если добавить около 50 % дополнительного постороннего, но интересного материала, результат воспроизведения его учащимися не будет существенно отличаться. Авторы говорят, что дополнительная интересная информация может помочь удерживать интерес учащегося в подлинной обучающей среде.

Литература

1. Алексюк А.Н. Общие методы обучения в школе.– К.: Радянська школа, 1983.–244 с.
2. Давыдов В. В. Теория развивающего обучения. – М.: ИНТОР, 1996. – 544 с.
3. Загвязинский В. И. Теория обучения: Современная интерпретация: Учебное пособие для вузов. 3-е изд., испр. – М.: Академия, 2006. – 192 с.
4. Краевский В.В., Хуторской А.В. Основы обучения: Дидактика и методика. Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений – М.: Издательский центр «Академия», 2007.– 352 с.
5. Ляудис В. Я. Методика преподавания психологии: Учебное пособие. 3-е изд., испр. и доп. – М.: Изд-во УРАО, 2000. – 128 с.

МАТЕМАТИКА ПӘНІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ НӘТИЖЕГЕ ЖЕТУ

Жаменкеева Багдагуль Айдархановна

Алматы облысы Іле ауданы М.Мақатаев ат. № 13 ОМ

Қазіргі білім беру саласын жақсартудың бірден-бір жолы жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. Оны өз дәрежесінде пайдалану – оқушыны шығармашылдыққа төселдіруге ықпалы өте зор. Бұл технологиялардың ерекшелігі – оның оқушыға жан-жақты ықпал етуі. Яғни тек білімді немесе оқу бағдарламасын меңгеріп қоймай, жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін, танымдық процестерін (есту, көру), өзін-өзі өзгерту, өзін-өзі бағалау, бекіту, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, өз бетімен білім алуға, ізденуге деген ықыласы мен іскерлігін, оқу-танымдық ынтасын жетілдіру, әрі жеке тұлғаны жан-жақты дамуға жетелейді. Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп нәтижелер беруде.

Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін әр мұғалім оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат-мүддесіне байланысты өзінің шеберлігіне байланысты өзі таңдап алады.

Қазіргі уақытта пәндерді оқыту барысында қолданып жүрген сыни тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы, деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, түрлі әдіс-тәсілдермен қатар қолданып сабақтарды қызықты өткізуге көптеген мүмкіндіктер жасалуда.

Осы жаңа педагогикалық технологиялар тек мұғалімнің ғана емес, оқушы бойында да, қызығушылық тудыраы сөзсіз. Себебі бала жаны жаңашылдыққа құмар келеді.

Жаңа технологиялардың тиімділігі:

- оқушының өз жұмысына жауапкершілікпен, тиянақтылықпен қарауы;
- оқушы бойында пәнге деген қызынушылығының артуы;
- оқушылардың ортасында бәсекелестіктің пайда болуы;
- баланың сабаққа деген ынтасының артуы;
- білімді қабылдауы төмен, «қанағаттанарлық» деген баға алып жүрген;
- оқушылардың өзі сабақта «жақсы» деген баға алуға тырысады.

Математика сабағында оқушылар жүйелі білім алып, алған білімдерін өмірде қолданып, өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын қалыптастып, қорытынды жасай білетін тұлға қалыптастыру мақсатында жаңа технологиялар әдістерін кеңінен қолдану қажет деп білемін.

Қазіргі оқыту барысында қолданып жүрген көптеген технологиялар жеке тұлғаның жетілуіне оқыту тиімділігінің негізін құруға бағытталған соның ішінде өз сабақтарымда қолданып жүрген «сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы.

Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Мен «Сыни тұрғыдан ойлауға оқыту» модулінің әдіс-тәсілдерін сабақтарымда жиі қолданамын. Мысалы 8-сынып геометрия сабағымдағы «Тік төртбұрыш» тақырыбында АКТ-ны пайдалана отырып, интерактивті тақтадан тік төртбұрышқа мысалдар: есік, терезе, парта, кітап, дәптер т.б. көрсеттім. Олардың қандай фигураларға жататынын сұрадым.

Бұдан бүгінгі күннің тақырыбы табылды. Тақырып: «Тік төртбұрыш». Түрлі түсті қағаздардан қабырғалары әртүрлі тік төртбұрыш қиып дайындадым. Жетекші сұрақтар арқылы жаңа тақырыпты өздігінен меңгеруді жоспарладым. Оқушылар сол фигуралардың қабырғаларын, бұрыштарын өлшеп зерттеу арқылы жаңа тақырыптың анықтамасын, түрлерін анықтап, периметрін, ауданын, ішкі бұрыштарының қосындысын тапты. Олар сыни тұрғыдан ойлана отырып, сабақтың мақсатын аша білді.

Бұл сабақтағы мақсатым: Тік төртбұрыштың анықтамасымен таныстыру, қасиеттерін білу, параллель және перпендикуляр түзулерді салу, тік төртбұрыштың ауданын, периметрін еске түсіру. Бұл қызығушылықты ояту кезеңі оқушылардың бұрынғы білетіні мен жаңа білімді ұштастыруынан тұрды. Оқушы өз білетінін еске түсірді, қағазға жазды. Сабақтың екінші кезеңінде оқушы жаңа

тақырыппен танысып, тақырып бойынша жұмыс жасады, тапсырмалар орындады. Сыни тұрғыдан ойлау берілген тапсырмаларды оқи отырып, бақылау мен тыңдау арқылы анықтама дәлелдер жинастыру және шешім қабылдау үшін талапқа сай өлшемдерді қолдану сияқты дамытуды қарастырады. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерінің негізгі ерекшеліктерінің бірі ұтқырлық. Берілген тапсырмадағы негізгі түсініктемені табуға ұмтылады, сұрақтар қою арқылы іздейді, кез келген дәлелді есепке алып отырады. Жалпы СТО әдісін пайдаланғанда мынадай қорытындыға келдім:

- Оқушының ойлау қабілеті дамиды.
- Оқушының сабаққа және шығармашылық жұмысқа деген ынтасы артады.
- Біраз оқушылардың пәнге деген қызығушылығы оянды.
- Оқушылар сенімділікпен жұмыс істейді.
- Өз пікірін ашық айта алады.

ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ К ДОПОЛНИТЕЛЬНОМУ ОБРАЗОВАНИЮ ДЕТЕЙ

Жанибекова Ш.Ж., Карипбаева Л.Т.

Дворец школьников Управления образования г. Алматы

Организации дополнительного образования детей достаточно быстро, гибко должны реагировать на постоянно меняющуюся социокультурную, экономическую и политическую реальность современной жизни. Современное дополнительное образование детей Казахстана находится в процессе динамических изменений, вызываемых радикальными социально-экономическими реформами. В них нет надуманности, искусственности. Они отвечают на потребности развития конкретной личности ребенка. Это прекрасный ресурс инновационного развития образования, необходимый для рождения новой образовательной реальности, адекватной вызовам времени.

В соответствии со стратегическим курсом Главы государства Н.А. Назарбаева, обозначенным в Послании народу Казахстана «Казахстан в новой глобальной реальности: рост, реформы и развитие», поручением Главы государства «О развитии системы научно-технического творчества детей и молодежи в Республике Казахстан на 2015 – 2018 годы», «Плана нации – 100 конкретных шагов» в рамках проекта «Большая страна – большая семья», условиях реализации общенациональной идеи «Мәңгілік Ел» и культурно-образовательного проекта «Поколение +» на 2016 год необходимо обновление содержания дополнительного образования. Одной из тенденций в его развитии является переход к инновационной деятельности, позволяющей адекватно отвечать требованиям окружающей социальной среды, потребностям обучающихся и реализовать миссию системы современного дополнительного образования в нашем обществе.

Эффективность деятельности дополнительного образования детей в нашей республике напрямую связана с оперативным освоением административными и педагогическими кадрами необходимой инновационной деятельности, заключающейся в разработке и реализации инновационных стратегических документов: программ развития и деятельности организации, дополнительных образовательных программ, программ деятельности научно-экспериментальных площадок, инновационных проектов. Определение новых подходов и организационных форм в развитии дополнительного образования на основе усиления межведомственного взаимодействия является одним из приоритетных направлений Стратегии государственной политики Республики Казахстан.

По веянию времени во всех учебных учреждениях оперативно надо рассмотреть широкий круг вопросов, касающихся развития системы дополнительного образования, в том числе социально-педагогического, материального обеспечения, как ведущих факторов ее успешного функционирования, а также повышения эффективности воспитательной работы с детьми в сферах изобретательства, научно-технического, гуманитарно-публицистического, изобразительно-прикладного и других видов творчества детей, их профессиональной ориентации, активного участия в жизни общества и государства. Школьные педагоги, преподаватели вузов должны на постоянной основе проходить курсы повышения квалификации, организованные именно для педагогов дополнительного образования социально-педагогического и научно-технического направлений. Педагоги должны активно принимать участие в республиканских мероприятиях по направлениям дополнительного образования, в том числе соревнований научно-технического творчества и изобретательства. Методисты должны обеспечить своевременным информационно-

консультативными, а также нормативными документами, программами, в дальнейшем развивающих дополнительное образование социально-педагогического и научно-технического направлений.

Педагоги должны изучить и обобщить опыты лучших управлений образования республики по созданию условий для развития дополнительного образования детей как важного компонента системы непрерывного образования, изучить и обобщить опыт лучших Дворцов детей и юношества, лучших Дворцов школьников, Домов творчества. Строго выполнять намеченные задачи по развитию изобретательства и технического творчества детей и молодежи в Республике Казахстан на 2015 – 2018 годы.

В связи с этим в нашей образовательной организации расширяются сети кружков научно-технической направленности, открываются новые центры детско-юношеского творчества в рамках государственно-частного партнерства. В соответствии с Национальным планом действий по развитию функциональной грамотности школьников Республики Казахстан рассматриваются возможности открытия детских интерактивных парков с привлечением бизнес – структур.

Во внешкольных организациях открываются ресурсные центры системы дополнительного образования. Мы содействуем межведомственному взаимодействию организаций образования в сфере дополнительного образования, музеев, других организаций культуры и спорта, обеспечиваем проведение региональных соревнований и участие в республиканских соревнованиях по техническому творчеству и изобретательству (авиа, ракето, авто, судомоделирование, астрофизика, действующие модели робототехники). В планы деятельности всех школьных организациях, центров детского творчества, станций и центров научно-технического творчества с учетом реализации Концептуальных подходов к развитию изобретательства и научно-технического творчества детей и молодежи и туристско – краеведческого направления в Республике Казахстан на 2015 – 2018 годы оптимально надо внести коррективы. Продолжать вести систематический мониторинг по определению потребностей и интересов детей для реализации программ дополнительного образования. Привлекать высококвалифицированные конкурентноспособные кадры из других сфер (инновационное производство, наука, искусство, спорт и др.) в организации дополнительного образования детей. Развивать сетевое взаимодействие внешкольных организаций дополнительного образования с организациями образования всех видов. Внедрять в учебно-воспитательный процесс новейшие технологии, в том числе использование информационных, телекоммуникационных технологий творческого развития. Развивать предпрофильное обучение для создания условий, способствующих профессиональному самоопределению подростков. А самое главное пересмотреть реестр кружков, секций в организациях общего среднего и дополнительного образования с учетом требований времени и интересов школьника. Способствовать увеличению и обеспечению занятости обучающихся, в том числе, с девиантным поведением, в свободное от учебы время в кружках, секциях различных направлений. Руководителям научно-технических станций и центров технического творчества наладить взаимодействие с высшими учебными заведениями, колледжами, предприятиями, бизнес-структурами по развитию дополнительного образования, в том числе, изобретательств и технического творчества детей и молодежи. Всемерно содействовать развитию партнерских взаимоотношений с различными детскими общественными объединениями, республиканскими детскими организациями «Жас ұлан», «Союз детских общественных организаций «Жұлдыз», «Союз скаутов РК» в целях активизации и повышения эффективности участия детей в жизни общества и государства, развития детских социальных инициатив и детского творчества научно-технической и изобретательской направленности. Продолжать работу по созданию и наполнению специальных разделов на региональных сайтах, посвященных дополнительному образованию детей и молодежи, инновационным формам социализации обучающихся.

Все социально-педагогические, спортивно-оздоровительные мероприятия проводить под эгидой 25-летия Независимости страны. По проекту «Поколение +» все обучающиеся примут участие в реализации коллективных и индивидуальных тематических научно-исследовательских и творческих проектов в области отечественной истории, археологии и культуры. Особое внимание мы взрослые должны уделить историко-краеведческому, туристическому развитию подрастающего поколения, а также развитию интереса среди обучающихся к истории Казахстана. Помочь в содействии творческой самореализации детей и молодежи. Культурно-образовательный проект «Поколение +» направлен на развитие именно исследовательского и творческого потенциала учащихся школ, технических и профессиональных учебных заведений нашей республики, популяризации среди подрастающего поколения базовых принципов «Мәңгілік Ел», гражданского равенства, трудолюбия, толерантности, честности, преданности патриотизма. Данный проект разработан с учетом лучшего зарубежного опыта по развитию детско – юношеских организаций дополнительного образования.

Основной формат работы по культурно – образовательному проекту «Поколение +» предполагает организацию разноуровневых проектов, олимпиад, дистанционных курсов, конкурсов, посвященных 25- летию Независимости Республики Казахстан.

Гибкость и мобильность образовательной организации, его устойчивость на рынке образовательных услуг и следование государственным стратегиям в формировании человеческого потенциала возможны в условиях многопрофильной организации, предлагающей широкий спектр образовательных программ в различных сферах детской активности. Предстоит формирование крупных Центров дополнительного образования детей, которые объединят отдельные тематические структуры в едином административном, финансовом и содержательном управлении. В небольших населенных пунктах целесообразно создание филиалов многопрофильных Центров с набором программ, обеспечивающих запросы потребителей и местного сообщества. Деятельность филиалов обеспечивается организационным и методическим сопровождением Центра с использованием при необходимости его ресурсов и педагогического персонала. При отсутствии специализированных помещений программы дополнительного образования могут быть размещены в образовательной школе с привлечением ее персонала. Такая практика имеет целый ряд преимуществ, позволяя использовать школьные ресурсы во вторую половину дня, передать в программу дополнительного образования целый ряд тем и деятельности в исполнение основной образовательной программы. Предлагаемая организация потребует специально подготовленного управленческого персонала, работников финансовых структур, обеспечивающих деятельность в условиях нормативно-подушевого финансирования и нетрадиционной организационной структуры организаций дополнительного образования.

Востребованность дополнительного образования школьников возрастет в связи с введением профильного обучения в 12-летней школе, необходимостью совершенствования профильной и профессиональной ориентации.

Ресурсы станций юных техников и центров технического творчества могут быть использованы в профильной школе для организации опытно-экспериментальной, проектной и исследовательской деятельности.

Это потребует модернизации существующих и ввода новых объектов внешкольных организаций, их материально-технического оснащения. Данный вопрос предусмотрен в проекте по внесению изменений и дополнений в Государственную программу развития образования Республики Казахстан на 2011 – 2020 годы.

В контексте нового целеполагания развития образования страны, направленного на обеспечение развития функциональной грамотности, востребованность дополнительного образования возросла. Активная интеграция общего среднего и дополнительного образования в общеобразовательной школе способна обогатить содержание и формы школьной жизни. Интегративный подход в проектировании образовательных программ научно-технического творчества детей возможно обеспечить на основе создания программ, позволяющих выйти на межпредметный и надпредметный уровни содержания, обеспечивающие формирование функциональной грамотности и компетентности обучающихся.

Литература

1. Карипбаева Л.Т. Мониторинг качества педагогической практики как эффективное средство профессиональной подготовки. – Научный журнал МО и Н РК «Поиск», Алматы: 2004.
2. Хмель Н.Д. Педагогический процесс в общеобразовательной школе – Алматы: Мектеп, 1984.
3. Государственная программа развития образования РК на 2011-2020 годы. Указ Президента РК от 7 декабря 2010 г.
4. Национальный план действий на 2012-2016 годы по развитию функциональной грамотности школьников. Постановление Правительства РК от 25 июня 2012.
5. Логинова Л.Г. Методология управления качеством дополнительного образования детей. Москва, 2005.
6. Маслова И.А. Педагогические условия социализации подростка в воспитательном процессе учреждения дополнительного образования детей. Казань, 2007.
7. Карипбаева Л.Т. О становлении профессиональной готовности обучающихся. Алматы, 2003.

Б.БЛУМНЫҢ ТАКСОНОМИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚИТУ

Казербаева Г.Қ.

Алматы облысы Іле ауданы М. Мақатаев ат. № 13 ОМ

| | | | |
|------------------------|---|---|---|
| Тақырыбы | Қазақстан жеріндегі ерте, орта ғасырлық мемлекеттердің VI-XII ғасырлардағы этникалық, саяси тарихы | | |
| Мақсаты | 1. Қазақ жеріндегі VI-XII ғасырлардағы этникалық, саяси тарихы туралы мәліметтерді талдауға жағдай жасау. 2. Қосымша тарихи деректер арқылы оқушылардың таным қабілеттерін дамытуға жағдай жасау. 3. Ұлтжандылық, Отан тарихына қызығушылық, барлық балалардың пікірлерін айтуға жағдай жасау, ынтымақтастық орта құру. | | |
| Жалпы мақсат | Тақырыпты түсініп оқи білуге баулу. Тілін, сөздік қорларын дамыту арқылы сабаққа деген қызығушылығын арттыруға жағдай жасау. | | |
| Күтілетін нәтиже | Өз бетімен түсіну қабілеттерін дамытады, шығармашылық әрекеттерін жетілдіре түседі. Тақырыптың мазмұнын ашу арқылы ойларын еркін жеткізе алады, пікір айтуға жаттығады, топпен біріге жұмыс жасайды, белсенділіктері артады. | | |
| 7 модульдің қолданылуы | АКТ, Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау, Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, Оқытуды басқару және көшбасшылық | | |
| Әдіс-тәсілдер | Кім шапшаң, семантикалық карта, адасқан әріптер, инсерт | | |
| Ресурстар | Флипчарт, маркерлер, портреттер, тақта, стикерлер, ноутбук | | |
| Ұйымдастыру кезеңі | Топқа бөлу барысында төрт түрлі атаула бойынша топқа бөлінуді пайдаланылады. Оқушылар таңдап алған атаулар бойынша топ құрайды. «Бәрі өз қолында» | Оқушылар топқа бөлініп, өз топ басшыларын сайлайды. | |
| Тренинг | | Топ ішінде тәртіп ережелері талданып, сол арқылы сыныптың алтын ережесін құрады. Бағалау парағы арқылы топбасшылар өз топ мүшелерін бағалап отырады. Фигуралар арқылы топтар өзара бағалайды. | |
| Сабақ кезеңдері | Тапсырма | Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушылардың іс-әрекеті |
| Білім | Өткен тақырыққа қатысты сұрақ-жауап | Үйге берілген тапсырманы сұрақ-жауап арқылы диалогке түсіру | Оқушылардың мұндағы мақсаты топтасу санау арқылы өз жұптарын тауып, бір топтасады. |
| Қызығушылықтарын ояту | «Кім шапшаң» әдісі бойынша | Слайдта берілген сұрақтарға жауап беру, топпен тап-сырманы орындау | |
| Түсіну | <p><i>1- топтың тапсырмалары</i></p> <p>1. Қаңлылар қай елдермен сауда қарым-қатынасын жүргізген? 2. Қарахан мемлекетінің астанасы? 3. Қарақытай мемлекетінің ақша бірлігі?</p> <p><i>2-топтың тапсырмалары</i></p> <p>1. Қаңлылар Шыршық өзенінің жағалауларынан қандай арықтар қазған? 2. Түркеш мемлекетінің негізін қалаған? 3. Шығыс Түрік қағанатының орнына орнаған мемлекет?</p> <p><i>3-топтың тапсырмалары</i></p> <p>1. Қаңлылар тұрған мекендерден егіншіліктің қандай қалдықтары табылған? 2. Түргеш қағанатына батыстан қауіп төңген мемлекет? 3. Дешті Қыпшақ аумағындағы қамтылған жерлері?</p> | Оқушылар көлемді мәтінді әрқайсысы жеке-жеке топ ішінде оқып шығып топпен талқылайды, топ берілген тапсырмаларды біріге талқылап орындайды. | Оқушылардың мұндағы мақсаты берілген тапсырманы өздері талқылап, өз ой-пікірлері мен санаса біледі. |

| | | | |
|---|--|--|---|
| | <p align="center"><i>4- топтың тапсырмалары</i></p> <p>1. Қыпшақтардың «айран» деп аталатын сусыны туралы жазған ғұлама? 2. Батыс Түрік қағанатының астанасы? 3. Түрік сөзінің мағынасы?</p> | | |
| Колдану | <p>Әр топ тандап алған тақырыптары бойынша өздігінен білім жинап, постерге жазады.</p> <p>1. Түрік қағанаты туралы деректер 2. Қыпшақ мемлекетінің құрылымы 3. Қарахан мемлекеті 4. Қаңлылар туралы мәлімет</p> | Топтарға тақырып бойынша өткен сабақты толық меңгерту мақсатында өз пікірлерін сурет арқылы қорғайды, сұрақтар таратылады. Тапсырмалар туралы өз ойларын суретке салады. | Берілген тапсырманы уақытылы орындау, сұрақтарға нақты жауап беру, тақтаға шығып тапсырманы қорғайды. |
| 3.Талдау. Ой толғау. Білімді толықтыру, ортаға салады | <p>1. Семантикалық карта толтыру. 2. Адаққан әріптер. (сөздік жұмысы) 3. «Жұмбақтас» сұрақтар топтамасы</p> | Тақырыпты бойынша тапсырмаларды орындауын бақылайды. Әр топ сұрақтар дайындайды | Бір-біріне сұрақтар қоя отырып, тақырыптың негізгі идеясы мен мазмұнын ашады. |
| 5. Жинақтау Білімді есте сақтау | <p>1. «Сандықшадан шыққан басқатырғылар» Шарты: Топ мүшелері сандықтан нөмірлерін алып шығады. 2. «Өрмекші торы» ойыны 3. Тест тапсырмалары: 1 Сәйкестендіру тестілері 2 Толықтыру тестілер 3 Таңдамалы тестілер 4 топ Балама жауаптары бар тестілер</p> | (1 дұрыс жауап 1 ұпай) Топ мүшелері кезекпен бір-біріне сұрақтар қояды, толық жауаппен топ мүшелер тапсырмаларды жинақтайды. | Берілген тапсырманы уақытылы орындау, сұрақтарға нақты жауап беру, өз ара пікір алмасу, топпен, жеке-дара тапсырмаларды орындайды |
| 6. Бағалау | <p><i>Оқушылардың білімін бағалау.</i></p> <p>1. Әр оқушының жинаған ұпайлары жеке саналады, ең көп ұпай жинаған оқушылар анықталынады.</p> | <p>2. Әр топтың спикерлері топ мүшелерінің жұмысын саралап, бағалайды. 3. Қорытынды баға шығарылады</p> | Топты бағалау Өзін-өзі бағалау (1 дұрыс жауап – 1 ұпай) |
| Рефлексия | Оқушылар бүгінгі сабаққа деген ойының стикерге жазып, «Даналық ағашына» тақтаға іледі (2 мин) | Оқушыларға стикер толтыруды ұсыну | Ұсынылған стикерді толтыру |
| Үйге тапсырма | Қазақстан жеріндегі ерте, орта ғасырлық мемлекеттердің VI-XII ғасырлардағы этникалық, саяси тарихы | <p>1. Қосымша мәліметтер жинақтайды 2. Тест тапсырмалары.</p> | Қосымша мәліметтер жинақтайды. |

ИННОВАЦИОННЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ПРИВЛЕЧЕНИЯ ШКОЛЬНИКОВ В ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

*Карипбаева Л.Т., Смагулова М.К., магистрант
Дворец школьников Управления образования г. Алматы*

В современных статьях по исследовательскому обучению несколько однотипно представляют процесс учебного поиска школьника. Педагогам советуют помочь учащемуся определить тему, цель, задачи, гипотезу и далее идет изложение правильной общей стратегии исследовательского поиска. При этом практически без внимания остается одна из важнейших и наиболее сложных в методическом отношении задач включения школьника в исследовательскую деятельность. Как включить в исследование учащегося старших классов? Как подвести к проблеме, которая была бы интересна ему самому, при этом выросшая из нее тема имела бы дидактическую ценность.

Главное таинство исследовательского творчества – зарождение самой идеи поиска. Современная психология творчества идет к материальному мышлению. Разработка проблемы творчества в этом

направлении есть создание принципиально иной инновационной концепции созидания нового человеком.

Мыслить творчески, по мнению Эдварда де Боно, это мыслить латерально.

«Латеральное мышление имеет» прямой перевод – «боковое мышление». Действительно, еще в древности было замечено, что часто нечто новое и исключительно ценное удавалось найти случайно, либо в поисках чего-то другого. «Латеральное мышление это возможность мыслить по-другому, а именно преимущественно не линейно», – пишет немецкий психолог Карл Ключе.

Латеральное мышление, по утверждению другого психолога Джеймса Джойса – это ворота к истинным открытиям. Мыслящий латерально не может ошибиться. То, что при обычном способе мышления квалифицируется как ошибка, в латеральном рассматривается как средство порождения новых возможностей. Самое главное в латеральном мышлении, по мнению разработчиков этой концепции, – «фантазия» и «мужество». Они обычно сравнивают латеральное мышление с деревом, ветви которого, как известно, могут расти не только вверх, но и вширь и даже вниз.

Безусловно, это напрямую касается исследовательского творчества взрослых и учебно-исследовательского поиска школьников. В школьномисследовательском поиске, также как и в деятельности взрослого ученого, самое главное чаще всего рождается случайно, в процессе поиска чего-то другого. Исследовательское обучение предлагает развитие чувствительности к этому случайно возникающему, побочному продукту. Как оказывается в итоге, продукт этот не очень случаен и совсем не побочен, но предвидеть его появление принципиально не дано.

Объективная трудность задачи постановки школьника в позицию исследователя не освобождает нас от потребности искать ее ответ. Тем более, что в самом желании понять, как процессуально помочь школьнику включиться в исследовательский поиск, нет нечего противоестественного и принципиально неразрешимого. В методике этот сложный философско-психологически вопрос трансформируется в ясную методическую задачу – как выбрать тему исследования или творческого проектирования. В настоящее время существует ряд методических разработок этой проблемы. Мы не будем на них останавливаться, а отметим ряд наиболее часто встречающихся ошибок в решении задачи постановки школьника в позицию исследователя, совершаемых на этапе выбора тем для школьных работ.

Чтобы мы не говорили о долгой истории применении в образовании исследовательских методов обучения, они для большинства педагогов – дело новое. Этому специально не обучали в университетах и институтах, самостоятельной исследовательской практики у многих педагогов и школьных практических психологов нет. С этими обстоятельствами связан ряд трудностей, возникающих при исследовательском обучении школьников. Все это находит свое отражение в детских исследовательских работах и творческих проектах, представляемых на конкурсы. Отметим основные опасности, подстерегающих современных педагогов на этом пути.

Существует множество конкурсов, проектов, где подобные работы с успехом представляются и находят заслуженную поддержку и оценку. Понимая важность этой деятельности, мы хотим отметить, что конкурсы исследовательских работ занимают принципиально другим. Их организаторы, в соответствии с подходами исследовательского обучения, видят свою задачу в развитии познавательных потребностей и исследовательских способностей школьников путем привлечения их к самостоятельной познавательной, исследовательской практике. Школьное исследование и детское рукоделие – разные виды деятельности, решающие очень важные, но разные педагогические задачи, и смешивать их неправильно и непрофессионально.

Важно понимать, что при определенной подаче детское рукоделие относительно легко трансформируется в проектирование, и тогда рассуждения о проявлении познавательных потребностей и развитии исследовательских способностей школьников тонут в демагогии и терминологической неразберихе. В значительной мере поэтому такая широко известная образовательная программа для старшеклассников, как «Конкурс исследовательских работ», принципиально не рассматривает проекты школьников, к участию допускаются только исследовательские работы. Проект можно рассматривать на ряду с исследованием, но следует понимать, что основное внимание при его создании должно обращаться не на «рукодельную» часть, а на его исследовательскую составляющую.

Всем известно, что в итоге школьной исследовательской работы или проектирования могут появляться макеты, модели, различные приспособления, приборы. Например, в ходе конкурса «Я исследователь» жюри их с интересом рассматривает, при условии, что авторы видели свою задачу в поиске новых знаний о мире, а не только освоении способов виртуозной обработки бумаги, дерева, глины и металла.

Школьные исследования и художественное творчество. Часто за детские исследования и проектные работы пытаются выдать самые разные продукты художественного творчества детей. О важности художественного творчества нет необходимости много говорить – она очевидна и никем не оспаривается, но подчеркнем: смешивать художественную деятельность и исследовательскую деятельность детей не следует. Они принципиально различны, преследуют разные цели, решают разные образовательные задачи.

В ходе подведения итогов конкурса «Я исследователь» случилось, что педагоги и родители расстраивались из-за того, что яркая дизайнерская работа школьника – старшеклассника по созданию «новой школьной формы», замечательная сказка о животных или сценарий фильма об отношениях с одноклассниками не находили понимания у членов жюри и не получали высоких оценок. Удивляться тут нечему. Эти работы надо представлять на другие конкурсы, фестивали, выставки, где рассматриваются продукты детского художественного творчества.

Исследование и реферирование. Наблюдать и экспериментировать любят все дети, и не только при квалифицированном педагогическом руководстве, – даже при простых отсутствиях запретов на эту деятельность они иногда оказываются способны получать интересные результаты. Добавим к тому же, что для большинства из нас слово «исследование» ассоциируется преимущественно с наблюдениями и экспериментами. Видимо, поэтому многие из нас и мысли не допускают о том, что добывать новые знания можно изучая результаты исследований других людей, читая книги, сопоставляя изложенные в них факты и делая на этом основании принципиально новые выводы. А между тем так бывают довольно часто.

В значительной мере по этой причине возникают довольно много споров по поводу школьных исследований теоретического плана. Большинство педагогов они расцениваются как рефераты и в качестве исследовательских работ не рассматриваются. Напомним, что рефератом называются краткое изложение в письменном виде (или форме доклада) содержания научных трудов (литературы) по определенной теме. Несмотря на то, что при определенных условиях краткое изложение объёмных материалов требует творческих усилий, нам все же следует понимать, что обычно в реферате акцент делается не на этом, а на понятии «изложение». Естественно, что изложение чужих мыслей не кто не признает творческой работой, у реферирования и реферата здесь нет шансов.

Однако «реферирование» не следует путать с «теоретическим исследованием». В отличие от реферата, итоги школьных теоретических изысканий могут претендовать на самые высокие оценки. Редко, но даже среди школьников среднего звена встречаются начинающие аналитики, способные к внимательному вдумчивому прочтению тестов. Они могут не только выделять и пересказывать основные идеи других людей, но оказывается способными к оценочным суждениям, сопоставлению содержащихся в них данных с данными других изысканий и обыденными представлениями. Они могут найти собственные подтверждения изложенным фактам или обнаружить нарушения в цепи доказательств других авторов. От учащегося старших классов подобная работа требует того, что обычно называется «одаренностью», а от его педагога «высшего пилотажа», свидетельствующего о педагогическом таланте. Все это явления редкие, но возможные.

Квалифицированный педагог, познакомясь со школьной работой, легко отличит реферат от исследования, поэтому не стоит бояться представлять такие работы на конкурс. Довольно много работ такого рода традиционно представлено в гуманитарных секциях, реже, но все же такие работы встречаются и в других секциях. В первую очередь теоретические исследования школьников посвящены вопросам истории, языкознания, культурологии и др.

Любопытно, что в этих работах ярче, чем в естественнонаучных или математических, проявляются гендерные особенности участников. Так, например, в ходе конкурса исследовательских работ и творческих проектов высокие оценки жюри получали работы мальчиков, изучавших историю и практику применения военной техники. Высоко оценивались теоретические изыскания девочек, посвящённые исследованию использования фразеологических оборотов, становлению и развитию художественных промыслов.

Еще одна угроза успешному решению задач исследовательского обучения проистекает из нашего вечного стремления непременно приобщать школьников к решению социально значимых задач. Это, конечно, делать надо, но не следует полностью направлять учебно-исследовательскую работу со школьниками в добровольно-обязательный труд.

Подчеркнем, что инновационные направления привлечения школьников к исследовательской деятельности в образовании – это прежде всего развитие природных потребностей школьника в познании, совершенствование его исследовательских способностей. А упаковывать в головы

школьников – стереотипы, которые мы сами взрослые считаем социально – ценными уже другая задача. Изредка их можно совмещать, но злоупотреблять этим не стоит.

В последнее время в исследовательской деятельности школьников идет подмена исследования проблемы ее пропагандой. В современной педагогической науке, как и раньше, исследование какой – либо педагогической проблемы нередко подменяется ее рекламой. В итоге юный исследователь не столько исследует явление во всей его сложности и противоречивости, сколько подбирает аргументы в пользу того, что непременно нужно развивать тот или иной подход к обучению или воспитанию, то или иное личностное свойство.

Так, например, несложно найти выдающих себя за исследователей – руководителей сторонников и пропагандистов идеи внедрения в школьный учебный план новых учебных предметов, параллельно с ними существуют пропагандисты межпредметного обучения, стоящие за интеграцию если не всех, то большинства учебных предметов. Задача исследователя в этих условиях – не продвигать какую – либо точку зрения, подбирая все новые аргументы, а объективно исследовать плюсы и минусы каждого из этих подходов. Однако это занятие для других специалистов, а мы лишь хотим подчеркнуть, что педагоги, обычно не отдавая себе в этом отчета, часто транслируют подобный способ отношения к проблемам исследования школьникам. Конечно, этого делать не следует. Обучая школьника навыкам исследовательского поиска, надо стремиться к максимальной объективности в трактовке его результатов. Говоря об исследовательской деятельности школьников, прежде всего обращаем внимание к науке и исследовательскому подходу, принятому в научной деятельности. Причина проста – именно в науке исследование выступает в наиболее чистом виде, весьма близком к задачам обучения.

Вышеуказанные сложности – следствие видения не полной объемной картины исследовательской позиции самих руководителей проектов. Мы полагаем, что поиск именно инновационных решений педагогом собственного понимания задач исследовательского обучения будет существенно упрощен в силу необходимости объяснять эти задачи школьникам. Ведь действительно обучая других, обучаешься и сам

СИСТЕМА НЕПРЕРЫВНОГО ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

*Каупенбаева Р.Б., к.б.н., Каупенбаева С.М., Жайлаубаева М.Т.
КазНУ имени аль-Фараби*

Сложившийся в Казахстане инновационный рынок труда диктует необходимость пересмотра традиционных подходов в системе профессионального образования. Действующие государственные образовательные стандарты предполагают в лучшем случае равное соотношение теоретического и практического обучения, хотя актуализация профессиональных компетенций требует превалирования практико-ориентированных форм. Реакцией на вызовы современного рынка является процесс модернизации системы образования в Казахстане. Реализуемые меры, как использование зарубежного опыта организации учебного процесса, внедрение инновационных технологий, компьютеризация обучающих процессов, должны повысить квалификационный уровень выпускников учебных заведений.

Непрерывное образование – это деятельность человека, ориентированная на приобретение знаний, развитие всех его сторон и способностей, включая формирование умения учиться и подготовку к исполнению разнообразных социальных и профессиональных обязанностей, а также к участию в развитии общества. Непрерывное профессиональное образование является основой развития общества и экономики, оно направлено на достижение всеобщей социализации и профессионализации, на удовлетворение потребностей личности в дифференцированных образовательных услугах, что определяет его приоритетность на современном этапе развития общества. Система непрерывного образования является ответом на требования современного общества максимально раскрыть индивидуальные способности, более полно учитывать интересы и склонности учащихся. Учащиеся 10-11 классов имеют уникальную возможность получить диплом среднего специального образования параллельно с учебой в школе.

Глубокие социально-экономические изменения, происходящие в нашей стране, конкуренция на рынке труда по-новому ставят вопросы о необходимости значительного повышения качества подготовки современных специалистов в области техники, технологии, экономики. Меняется характер труда, в котором все большую долю приобретает интеллектуальная составляющая.

Изменяется экономическая деятельность человека в современном обществе, которая предъявляет повышенные требования к уровню подготовки и квалификации его участников.



Студенты колледжа занявшие призовые места на научно-практической конференции «Жастар – ғылым жолында»

Происходят колоссальные продвижения в области информации и новейших технологий. Все процессы активно воздействуют на образование, требуют решения задач в новых условиях исторического развития страны. В таких условиях обновление образовательной системы становится объективной необходимостью.

В свою очередь, непрерывное образование привело к изменению роли образования в современном мире. Оно сделало необходимым переосмысление традиционных фундаментальных педагогических представлений. Непрерывное образование отчетливо выявило несводимость образования к обычному традиционному обучению, ибо оно не может осуществляться посредством существующих традиционных подходов к образованию. Соединение личностно-ориентированной педагогики с непрерывным образованием определило основу развития непрерывного личностно-ориентированного образования.

Толчком для создания теории непрерывного образования, явилась глобальная концепция «единства мира», согласно которой все структурные части человеческой цивилизации взаимосвязаны и взаимообусловлены. При этом человек является главной ценностью и точкой преломления всех процессов, происходящих в современном мире. Непрерывное образование предполагает существенное изменение роли педагога. Взаимодействие педагога и обучаемого носит иной характер. Педагогу в основном отводится роль координатора и наставника в этом процессе.

Обучающийся становится основным субъектом образовательного процесса – сам определяет, какая информация необходима для решения его жизненных задач и жизненных проектов, где и как ее получить. Тем самым формирование личности, ее ценностных отношений и ориентаций происходит совершенно на иной основе, на других принципиальных позициях в отличие от традиционного образования. Более того, обучающийся получает возможность заниматься наукой на базе вуза, как это происходит в колледже КазНУ имени аль-Фараби.

Система непрерывного образования к тому же является более экономной по сравнению с существующими локальными образовательными структурами за счет сокращения расходов и сроков на подготовку специалистов со средним и высшим профессиональным образованием. Кроме того, имеет невиданные возможности и преимущества для развития, самосовершенствования и получения полноценного образования каждой личностью в современных условиях информационного общества независимо от территориального проживания и социально – экономических условий. Итак,

непрерывное образование отличается масштабностью и доступностью к образованию широкой массы населения.

В современных условиях социально-экономического развития общества совершенствование системы непрерывного образования должно стать одним из главных направлений в модернизации образования.

Как показывает реальная действительность, успешная реализация непрерывного многоуровневого образования происходит посредством образовательных комплексов как «школа-колледж-вуз» или «школа-вуз», ибо в них созданы социально-организационные, психологические и педагогические условия обеспечения этого процесса.

Наиболее отработанное направление современного образования – это связь с вузами, центром занятости населения, предприятиями и организациями города и региона. Колледж КазНУ имени аль-Фараби более 10 лет сотрудничает по системе непрерывного профессионального образования с университетом и другими вузами. Что это нам дает? Преподаватели колледжа имеют возможность повышать свою квалификацию, участвовать в научно-исследовательской деятельности. Сейчас в колледже работают 1 доктор PhD, 5 кандидата наук, 7 магистров. Преподаватели и обучающиеся нашего колледжа занимаются научно-исследовательской работой. Учебное заведение имеет возможность развития материально-технической базы. Для обучающихся – это получение высшего образования в сокращенные сроки по месту жительства, что является экономически целесообразным.

В настоящее время наш колледж работает по кредитной технологии.

Кредит – унифицированная единица измерения объема учебной работы студента; один кредит равен 1 академическому часу аудиторной работы обучаемого в неделю на протяжении академического периода.

Кредитная система обучения – образовательная технология, направленная на повышение уровня самообразования и творческого освоения знаний на основе индивидуализации, выборности образовательной траектории в рамках регламентации учебного процесса и учета объема знаний в виде кредитов.

Формирование творческой личности – главная миссия непрерывного образования. Ее решение приближает к стратегической цели – подготовке конкурентоспособного специалиста на современном рынке труда.

Наиболее эффективным и результативным условием развития творческих способностей является научно-исследовательская работа. Анализ накопленного в этом направлении опыта, современные требования общества к подготовке специалиста ставят на повестку дня необходимость разработки научно-обоснованной стратегии и методики организации поисковой и исследовательской работы обучающихся в образовательных комплексах. В этом видится перспективы и ресурсы формирования высокой профессиональной готовности выпускников в едином педагогическом пространстве «Школа-колледж-вуз».

Литература

1. Ильмушкин Г.М. Концепция единого педагогического пространства в системе «Школа-колледж-вуз»: Монография. Самара: Изд-во Самар. ГПУ, 2001. – 144 с.
2. Фомин Н.В. Теоретическая модель конкурентоспособного специалиста. Инновации в образовании 2004 г. № 3. – С. 74-82.
3. Татур Ю.Г. Компетентность в структуре модели качества подготовки специалиста. Высшее образование сегодня, №5, 2004 – С.20-27.
4. Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования //Народное образование, №2, 2003

ХИМИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЫНТАСЫН АРТТЫРУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Қадекұлы Жанарбек

Алматы облысы Жамбыл ауданы Ә.Мәмиев ат. мектеп

Бүгінгі таңда оқытудың инновациялық әдістері мектептерде кең көлемде қолданылумен бірге, оқушыны оқыту технологиясының ерекшеліктеріне сай ынталандырып отыру өте өзекті

мәселелердің бірі. Ынталандырудың дұрыс болуы, оқушының оқуға деген қызығушылығын күшейтеді. Сонымен бірге өзіне деген сенімділігін арттырады.

Оқытудың басты мақсаты ұтымды әдістер мен озық технологияны қолдана отырып, білікті де білімді, заман талабына сай, жан- жақты, озық ойлы ұрпақ тәрбиелеу десек, осы мақсатқа жету жолында мұғалім оқушыға психологиялық тұрғыдан жақсы көмектер беруі тиіс.

Мұғалімнің әдіс-тәсілдерінің жемісі, оқушы көзқарасының сабаққа деген ынтасының жоғары болуымен байланысты. Е.П. Ильин «Ынта – дегеніміз тұлғаның өзі қалыптастыруы тиіс күрделі психикалық білім» деген. Ұстаз бұл үрдіске тек себепші ғана бола алады. Ынталандыру – дегеніміз бұл адамның іс-әрекетінің қажеттіліктерін анықтайтын, оның бастамасын, бағытын және белсенділігін құптайтын факторлар жүйесі. Бағалаудың мақсаттарының бірі оқушыны оқуға бағытталған ынталандыруының қолдауы және реттеуі болып табылады.

Ынталандыру талдау негізінде шешім қабылдау үрдісін көрсетеді. Ынталандыру туралы сұрақ адамның әрекетінің себебін түсіндіру қажет кезде әрқашан туындайды. Ынталандыру ортасы мазмұнына қарай оқушылардың сәттілікке талпынушылығының туындауына қалай көмегін тигізсе, солай кедергі болуы мүмкін, сонымен қатар осы талпынушылықтың күші мен бағытына әсер етеді. Көптеген ұстаздар балаға қажетті ынтаны қалыптастыру арқылы көптеген қол жетімді жетістіктерге жетіп жатады.

Оқу нәтижесін көтеру мақсатында оқушы ынтасын арттыру үшін айтылатын сөздерге де көбірек көңіл бөлген жөн:

– Дұрыс жауап кезінде айтылатын сөздер: «иә, дұрыс жауап», «өте жақсы», «бәрі дұрыс», «Арунаның қаншалықты дұрыс жауап бергеніне назар аударындаршы», «Жарайсың!»

– Қате жауап кезінде айтылатын сөздер: «жауапқа жақынырақсың, бірақ тағы біраз ойлан», «бұл бағытың дұрыс, бәріміз бірге тағы да ойланып көрейік», «балалар, Ернұрдың айтуы бойынша осылай, ал сендер қалай ойлайсындар?», «ал сен неге олай ойладың?», «сен бұл жерде біраз кателестің, қане тағы бір рет оқып шық».

Жауап дұрыс болмаған жағдайда, ұстаз негативті түсінік беруден аулақ болуы қажет. Мысалға: «ақымақ жауап», «осылай ойлауға қалайша дәтің барды?» деген сияқты. Өйткені мұндай сөздер оқушының жеке басына, психологиясына нұқсан келтіреді. «Дұрыс емес», «қате», «дұрыс жауабын кім берді?» деген сөздерден аулақ болып, жұмысының нақты қай жерінің дұрыс емес екендігін айта кетуі жөн болады.

Химия сабағында мұғалім оқушы ынтасын арттыру мақсатында мынадай әдістерді қолданғаны жөн:

– Пән бойынша жетістікке жету үшін нақты не керек екенін түсіндіріп беру;

– Ішкі ынталандыруды дамыту үшін «міндеттісің», «талап етемін» деген сөздердің орнына «қызық, тырысып көр», «істеп көр» т.с.с. сөздерді қолдану;

– Әр оқушының деңгейіне қарай тапсырма беру; мысалы: «Темір және оның маңызды қосылыстары» тақырыбында үлгерімі төмен оқушыға бірден темірдің химиялық қасиетін жүктеудің орнына, темірдің қолданылуы туралы қызықты ақпараттарды жинап келуге жүктесеніз, ол оған қызық бола түседі, әрі сабаққа деген ынтасы ашыла бастайды. Атап айтқанда, оқушылар арасында бәсекелестік тудырудан аулақ болу; өз пәніңіз жайлы әрқашан шабытпен, құлшыныспен түсіндіріп айту; әрқашан қатысушының мықты жағы мен қызығушылығы жағынан табыла білу;

– оқытылып жатқан материалды біртіндеп күрделендіре түсу; – оқытудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қолдануға тырысу;

– қатысушының тек қана бағалауына ғана емес, оның жаңа икемдерімен білімге назарын аударту.

Оқушыны ешқашан нашар баға қоямын деп қорқытпаңыз. Тест оқушының үрейін тудырмай, керісінше оның біліміне назар аудартуға себепші болуы керек:

Ынталандыру арқылы оқушының атқарған жұмысына түсініктеменің берілуі; кері байланыс өз уақытында болуы; -жетістіктерін тек қана мақтау сөздермен ғана айтып қоймай, оң конструктивті (құрылымдық) түсінікпен де жеткізу қажет. Бір-бірінің жұмыстарын оқып тексеруге беріп, олардың оң жақтарын және толықтыратын тұстарын көрсетіп бағалайық. Ең алдымен әрқашан оң аспектілерін атап алыңыз, содан соң сынға алыңыз. Негативті кері байланыс оқушыға емес, жұмыстың осал жақтарына бағытталуы қажет. Оқушының әлсіз жақтарын ешқашанда көпшілік алдында қорлау сөздермен кемсітіп көрсетпеңіз. Оқушыларға өздерінің ойлануларына мүмкіндік беріңіз, аузына сөз салып беруге асықпаңыз. Оқыту барысында ғылыми игерілген бір қатар әдістердің бар екендігін атап өту керек. Осылардың көмегімен алғашында айтылып кеткен қиыншылықтарды шешуге болады. Ол үшін төмендегідей талаптарды міндетті түрде ұстануымыз қажет.

Мүмкіндік болса, дұрыс атқарылған тапсырмалар үшін марапаттау мен сыйлық беруді доғарып, оның орнына жай ғана бағалап, мақтап қоюымыз жеткілікті. Сабақты көбінесе оқушыларды жарыстыру арқылы өткізу қажет. Оқушыны өз жетістіктері мен нәтижелерін салыстырып, талдау жасауға үйретуіміз тиімдірек болады. Оқу мақсатында «жоғарыдағылармен» байланыстырмауға тырысыңыз. Оқушымен бірлескен жұмыс оның алға қойған мақсаттар мен тапсырмаларды орындауларына едәуір тиімді.

Қателігі үшін оқушыға қатты айтылған сын оған негативті эмоция туғызатындығы және оқуға деген белсенділігіне кері әсерін тигізетіндігін есте ұстағанымыз абзал. Уақытша шектеулер қолданбауға тырысыңыз, өйткені ол шығармашылықты тежеп қана қоймай, ішкі талпынысты да тежейді. Әрбір оқушының өз шеберлігі және ұшқырлығын дамыту үшін оларға тапсырмаларды қиындық деңгейіне қарай бөліп беру керек. Әр оқушыға есептің шешу жолы мен әдістерін өзіне таңдатуға мүмкіндік беру қажет.

Сабақтың нәтижелі болуы жеке тұлғаның мотиві, яғни түрткісі неғұрлым күшті, өз қызығушылығынан туындаса, онда алдында кездескен кедергілерді, қиындықтарды жеңіп, өз мақсатына жетуді көздейді. Іс-әрекетті тудыратын түрткі мен ынталандыру тығыз байланысты. Ынталандыру оқушының танымдық белсенділігін жоғарылатуға және оқу бағдарламасын меңгертуге мүмкіншілік береді.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Медетбекова К.А.

Жамбыл ауданы Шу ауданы М.Әуезов мектебі

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында біздің республиканың білім жүйесі әлемдік деңгеймен үндеспей отырғандығына көңіл бөлініп білім жүйесінің алдына үлкен міндеттер жүктеді. Бұл міндеттерді шешу үшін күнделікті ізденіс арқылы өзгерістерге батыл жол ашарлық идеялар қажет. Мұғалімдер съезінде еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның болашағы – бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол деңгейде болады» деген еді.

Қазіргі қоғам адамнан прогрессивті ойлай алатын, белсенді әрекетті, жан-жақты болуды талап етеді. Біздің елімізде жаңаша білім беруде әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің қатарына ену мақсатында түрлі шаралар атқарылуда. Бүгінгі білім беру үрдісі адамның ішкі табиғи мүмкіндіктерін ашып, әр адамның өзін-өзі толықтыруға көмектесетіндей, сыртқы әлеммен әлеуметтік қарым-қатынастарда өз орнын табуға, өзін шығармашылықпен өзгертуге белсенділік танытуға ықпал етуі тиіс.

Бүгінгі таңдағы қоғам кәсіби білімі жетік, құзіретті, бәсекеге қабілетті мамандарды талап етеді. Білікті ұстаз, білімді маман болу үшін әрбір мұғалім өз білімін үздіксіз көтеріп отыруы тиіс. Білімін тұрақты көтеріп отыру – мұғалімдердің құқықтары әрі міндеттері, білім беру жүйесінің тұрақты дамуының кепілі, мемлекеттің дамуының құралы болып табылады. Мен өзім география пәні мұғалімі ретінде білім мен біліктілік комплексін игерумен қатар, айналаны кеңістік тұрғысынан қабылдау жүріп жатқан құбылыстар мен процестердің көп түрлілігі мен жүйелілік сипатын оқушыларға түсіндіре алуымның қажеттілігін жақсы түсінемін.

Оқушыға білім, білік дағдыларын беріп қана қоймай, ол тез өзгеріп тұратын нарық жағдайына бейімделе алатын, түрлі ақпараттарды өзі іздеп тауып, оны тиімді пайдалана алатындай етіп тәрбиелеу қазіргі заманның маңызды талабы екенін түсіндіріп, қандай жағдай болмасын өмір талабына сай болуға дайындаймын. Ал, география пәнінің ерекшелігі әрбір сабақ барысында сарамандық жұмыстар мен өзіндік жұмыстарды әрқашан бірін-бірі толықтырып отыратындай етіп орындау керек. Оқушының өз бетінше орындалуына берілетін әрбір тапсырма олардың күші келетіндей, түсінікті, көлемі жағынан бағдарламаға сай, мазмұны оқушыларды қызықтыратындай әр түрлі болуын қадағалаймын. Өз бетімен жұмыс істеу оқушыларды тиянықтылыққа, төзімділікке, бастаған ісін жемісті аяқтауға тәрбиелесе, ал мен үшін оқушы еңбегін бағалайтын ең жақсы көрсеткіштің бірі.

Мысалы, оқушылардың өз бетімен жүргізілетін жұмыстарының бірнеше түрлерін сабақ барысында әр кезеңінде ұйымдастырамын. Олар мыналар:

1. Оқулықпен жұмыс істеу – әсіресе жоғарғы сынып оқушыларымен жүргізілетін негізгі жұмыс түрі. Оқушылар статистикалық материалдарды, кесте, сызба-нұсқаларды талдау арқылы оқулықтағы

білімдерін кеңейтіп, негізгі білімдерін жүйелейді (көбіне бұл жұмысты жаңа сабақты түсіндіру кезеңінде пайдаланған тиімді.)

2. Атласпен, картамен жұмыс істеу: география пәнінде атласпен, картамен жұмыс барлық сыныптарда жүйелі жүргізілуі тиіс. Географиялық нысандарды ажырату, олардың ерекшеліктерін, жату бағыттарын, орналасуын тек карта арқылы түсіндіруге болады. Сондай-ақ өнеркәсіп орталықтарын, олардың мамандану салаларын карта арқылы білуге болады. Сондықтан да бұл жұмысты да жүйеге келтіру керек деп есептеймін. Атласпен картамен жұмыс жасай алмайтын оқушы география пәнін меңгермеген оқушы деп санаймын.

3. Кескін картамен жұмыс: бұл жұмысты 6-шы сыныптан бастап үйрете беру керек. Себебі 7-сыныптағы материктер картасын кескін картаға салу кезінде оқушылар қатты қиналады. Ал бастапқы курсты оқу барысында оқушыларға түрлі-түсті бояу арқылы жер бедерінің азғантай бөліктерін салғыза отырып, олардың биіктіктерді ажырату, ойпаттардың, қырат-үстірттердің, таулардың бояуларын қалыптастыру дағдыларын дамытуға болады. Сондай-ақ өзен-көлдерді картаға түсіру дағдылары дамиды.

4. Географиялық есептер шығару, жаттығулар орындау: географияның бастапқы курсына географиялық есептер шығару арқылы оқушылардың қисынды ойлау дағдыларын дамытып, пәнаралық байланысты қалыптастыруға мүмкіндік болады. Мысалы қысым мен температура арасындағы байланысқа арналған есептер, географиялық градус торы арқылы жер бетіндегі қашықтықты анықтауға арналған есептер құрастыруға болады.

5. Географиялық сөздік, анықтамалық материалдармен жұмыс. Оқулықтардың соңында географиялық терминдер мен ұғымдардың түсіндірме сөздігімен жұмыс жүргізіп отыру керек. Сондай-ақ, онда кездеспейтін ұғымдарды күнделікті жұмыс дәптерлерінің соңындағы бірнеше бетке жазып отыруды тапсырып отыру керек. Бұл жұмыстың жүйелі жүргізілуін қадағалап отыру қажет, себебі ол- оқушылардың есте сақтау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

6. Кестелерді толтыру. Кесте толтыру арқылы оқушылардың салыстыру, нақтылау, ойлау қабілеттері дамытады.

7. График, профиль, диаграммалар сызу: 6-шы сыныптан бастап температура графигін салу, бағандық диаграмма арқылы жылдық жауын-шашынның айлар бойынша таралуын сыздырту оқушыларды төзімділікке, ыждаһаттылыққа тәрбиелейді. Сондай-ақ 9-сыныпта статистикалық материалдарды пайдалана отырып, шеңберлік диаграмма сызу арқылы білім, білік дағдыларын дамытуға мүмкіндік болады.

8. Қосымша әдебиетпен жұмыс. Қосымша әдебиеттердің ішінде саяхатшылардың өмір тарихы, зерттеулері, қызықты әңгімелер оқу арқылы оқушылардың жан-жақты дамуына, дүниетанымының артуына мүмкіндік туындайды.

9. Табиғатқа бақылау. (топсеруендегі бақылаулар мен ауа райына күнделікті бақылау жүргізу)

10. Карта-сызба нұсқауларды қарау.

11. Әңгіме құра білу

Оқушылардың өз бетімен жасаған нәтижесі білім ұстамының тұрақты болуына әсерін тигізеді. Ұлы ойшыл қытай философы Конфуци «Естігенімді ұмытамын, көргенімді есте сақтаймын, ал өз ақыл ойыммен істеген ісімді түсінемін» дегендей оқушылардың негізгі білім және білік дағдыларын қалпыстырады.

Қазіргі кезде білім беру технологияларының негізгі бағыттарының бірі саралап оқытуға көп көңіл бөлінуде. Оқушыларды саралап оқыту (деңгейлік тапсырмалар беру арқылы) Америкада бастауыш сыныптардан, ал Жапония мен Франция елдерін ортаңғы және жоғарғы сыныптарда жүзеге асырылуда.

Оқулық атласын оқудың өз ережесі бар. Мысалы, Оңтүстік Батыс Азия елдерін алайық. Оқушы алдымен атласың саяси бетінен оңтүстік батыс Азия елдерін анықтап және халықтар жайлы картаны оқиды.

Экономикалық картаны оқу төмендегідей реттілікпен жүргізіліп отырады.

- халықтың ұлттық құрамы;
- діні;
- жыныстық құрамы;
- бала тууы;
- адам өлімі;
- табиғи өсімі;
- халықтың тығыздығы;

- урбандалу деңгейі.

Мұнда тек халық туралы мәлімет алу үшін осындай салаларды бір немесе екі оқушы оқып шығады.

Одан ары шаруашылығы мынадай жоспарда оқиды.

- энергетикасы;
- қара металлургиясы;
- түсті металлургиясы;
- машина, металл өңдеу;
- химия өнеркәсібі;
- жеңіл өнеркәсібі;
- ауылшаруашылығы;
- транспорты;
- сыртқы экономикалық байланысы немесе тауар айналымын.

Атластан әр оқушы жеке-жеке оқиды. Мұндай жүйеде өтілген сабақтар оқушының ойлау, зерттеу, іздену қабілеттерін арттырады және сыныптағы барлық оқушыны бағалауға мүмкіндік туғызады.

Шетелдің экономикалық географиясын сарамандық жүйеде оқытудың тиімділігін дәлелдей түсу үшін тағы бір мысал келтіргенді жөн көріп отырмын.

Түркия Республикасы. Енді жеке мемлекетті, мемлекеттерді топтап оқуға қарағанда күрделірек болмақ. Себебі оқушының алдындағы оқулық атласы ұсақ масштабты болғандықтан біршама қиындық тудырады.

Мемлекет —→ *астана, территориясы, ақшасы, халқы, семья, ұлттық құрамы, группа, адам, өлімі, жыныстық құрамы, табиғи өсімі, діні, тығыздығы, урбандалу деңгейі*

Өнеркәсібі —→ *Энергетикасы, Қара металлургиясы, Түсті металлургиясы, Машина, металл өңдеу, Химия өнеркәсібі, Жеңіл өнеркәсібі, Тамақ өнеркәсібі*

Ауыл шаруашылығы —→ *Мал шаруашылығы, Егін шаруашылығы*

Транспорт (көлік) —→ *темір жол, автомобиль, ауа, су*

Сыртқы экономикалық байланыс —→ *экспорт, импорт*

Міне, осындай жүйеде өтілген әрбір сабақ оқушы жадында жатталып, әрі ұзақ есте сақталып қалары сөзсіз. Сонымен қатар, ескере кететін жайт, әсіресе 9-10-11-сынып оқушыларына үй тапсырмасын жеке-жеке міндеттеп беру қажет. Мысалы, 10-сыныпта өтілген тақырыпқа байланысты, атап айтқанда, қатар отырған екі оқушыға бір мемлекетті реферат түрінде жазып келу жүктеліп отырса, оқушы сол тапсырманы өздігінен орындау арқылы сол мемлекет жайлы танымын жетілдіреді.

Менің сөз соңында айтарым, әрбір география пәнінен сабақ беретін мұғалім жаңа сабақты ауызша әңгімелеп немесе баяндау берумен шектелмей, карта оқыту арқылы жүргізсе оқушының қызығушылық, ізденушілік, зерттеушілік, ойлау қабілеттері жетіле түсері анық. Яғни мұғалім оқушымен сабақ барысында үздіксіз жұмыс істеуі керек. Сонымен бірге оқушының сабақ барысындағы ролін арттыра түсу қажет. Сонда ғана оқушының дарындылық қабілеті шыңдала түседі. Өз жұмысымды қорытындылай келе, оқу жүйесіне экономикалық және физикалық-географиялық карталар, атап айтқанда, жоғарыда тірек-сызбада көрсетілгендей кеңінен қамтылып шығарылса, география сабағын сарамандық жүйеде оқыту қолға алынса демекпін.

Әдебиеттер

1. Бахишева С. 12 жылдық білім беру және оқушы тұлғасы. // 12 жылдық мектеп мұғалімі // №11. – 2006.
2. Тұрғанбаева О.М. География сабақтарында есептер шығаруға жаттықтырудың тиімді әдіс-тәсілдері. // 12 жылдық мектеп мұғалімі // №7. – 2005.
3. Иманбекова Б.И. «Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыстар». – Алматы, 2003.
4. «Дүние» ақпараттық-талдамалық экологиялық және тұрақты даму журналы, №3. – 2002.

КЕШІРІМ – ІЗГІЛІКТІҢ БЕЛГІСІ

Нурдилдаева Қорлан Омирзаққызы

Алматы облысы Жамбыл ауданы Ә.Мәмиев ат. мектеп

Кешірімділік – адамдар арасында, достар арасындағы ең бір жақсы қасиет. Өйткені татулық бар жерде сыйластық, махаббат, бақыт, жақсы өмір бар екендігін көрсете білген.

Мұхтар Әуезов айтқандай, «Қыл өтпестей татулықты бір ашуға сатпайық» деген мақалдың мағынасына тоқталып, өмірде кездесетіндігін жеткізе білген.

Балалардың үлкендерге құрмет, кішілерге ізет көрсету арқылы адамдардың қандай жетістікке жете алатыны туралы түсініктерін дамыта түсу үшін отбасында, достары мен туыстары, басқа адамдар арасында қарым-қатынастарын қалыптастыруға, адам өміріндегі мәнін терең түсіне бастауына жетелейді.

Басқа адамның кемшілігін, қателігін кешіру және өз қатесін түсініп, мойындап кешірім сұрау адам бойындағы жақсы қасиет.

Кешірімді, әдепті болу, келісімге келу, өзара тіл табысу адамдардың жарасымды, сыйластықта өмір сүруіне жетелейді.

Өкпе, реніш адамдар арасындағы жағымды қарым-қатынасқа нұқсан келтіріп, өзара келіспеушілік тудырады. Сол себепті өкпе, ренішке бой алдырмай, адамдарға түсіністікпен ізгілікпен, құрметпен қарауға ұмтылу керек. Ренішін ұмытып, райынан тез қайтатын адам кешірімшіл болады. Кешіре білу адамның өзімен, өзгелермен үйлесімді өмір сүруіне мүмкіндік жасайды. Достар арасында бір-бірін кешіре білсе, қателігін мойындай алса, достық берік болады.

Әрине, бала кешірімді болу, кішпейілділік болу қасиеттерін отбасы тәрбиесінен де ала алады. Жанұяда тәрбиені бала сөзбен емес, ата-анасының үлгісімен бойына сіңіреді. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық даналығы.

Кешірімді, сыпайы балалар әрқашанда айналадағы адамдарға, мейірімді, қамқоршы болып жүреді. Байқамай біреуді ренжітіп алса, дереу кешірім сұрайды. Адам баласының бойында жақсы да, жаман қасиеттер болады екен. Бізге ақылдылықты, адалдықты, қарапайым-кішіпейілділікті, инабаттылықты, шыншылдықты үлкендер үйретеді. Күнделікті өмірде көп нәрсені байқамайсың, қадірін біліп, бағаламай жатасың. Өмірде өз ойлағанымыздай болмай, қателесіп жатсақ, көбінесе кінәліні іздейміз. Өзгелерге кінә қойып, өкпе-реніш танытамыз. Қателеспейтін адам болмайды, сондықтан кешіре де білу керек. Ал кек сақтау адамдарға деген жек көрушілік, сенімсіздік туғызып, жағдайды ушықтырып жібереді. Өзгелерге деген өкпе, реніш, ашу адам өмірін қызықсыз етіп, өзін бақытсыз сезінтіп, денсаулығын нашарлатады. Кешірімді болмай, өз жан дүниемізді қинап, өзімізге зиян келтіреміз. Жүрегімізге салмақ саламыз. Ал өзгелерді кешірген кезде, бойымыз жеңілдеп, ол адамға жақсылық жасағандай боламыз. Алайда біреуді кешіру-ең алдыменен, өзімізге жасалған жақсылық екенін түсінгеніміз абзал. Өзгелерді ылғи ренжітетін адамдар жайлы неліктен осындай қадамға, әрекетке баратыны жайлы ойланып көрейік. Кешіру деген ол адамды түсіну. Егер адамға түсінушілікпен қарасаң, сол сәтте-ақ ол адамға ешқандай да өкпелемейсің. Өйткені осындай жағдайда өзім не істер едім деп өзіңе сұрақ қоясың. Ең бастысы, айналаңа жақсы ниетпен қарап, жақсы көрсең, олардың қателігін кешіре де аласың.

Біз барлығына кешіріммен, сыйластықпен, түсіністікпен, сергектікпен қарауға тиіспіз. Өйткені өмір сондай тамаша, біз алға қарай тек қана адал ниет, ізгі істермен жүрсек игілікке жетеміз. Татулық – достар арасындағы ең тамаша қасиет. Тату балалар бір-бірін ренжітпейді, тату-тәтті тіл табыса біледі. Сондықтан да достық татулықтан басталады. Өмірімізді қуанышты да бақытты шақтар көп болу үшін бір-бірімізбен достықта, татулықта болғанға не жетсін. Мақсат-мүддесі, арман-тілегі, талап-талғамы үйлесімді адамдар арасында достық болады. Адамдардың бір-біріне адалдығы мен сенімділігі достық қарым-қатынасты нығайтады. Достықтың екі түрі болады. Бірі – адал достық та, екіншісі – амал достық.

Адал достық өмірлік нұсқа болады, амал достықтың өрісі қысқа болады, адал дос қашан да жаныңнан табылады.

Ал амал досты басына іс түссе, іздеп таба алмай қаласың.

Адал дос әрқашан адамдарға сеніммен қарайды, қатесін, кемшілігін кешіре біледі. Ондай адам жан дүниенді түсініп, әрдайым қасыңнан табылып, көмектесуге дайын тұрады.

Бұл – нағыз достық. Өмірде достар мен қатар жолдастарымыз да бар. Жолдастардың қоғамдық ортасы бір, олар бір-бірімен өзара пікірлес, сыйлас болады.

« Жақсы адамның ашуы жібек орамал кепкенше,

Жаман адам ашуы басы жерге жеткенше» деген халық мақалын еске түсіретін болсақ, оқушыларды кешірімді, кішіпейіл болуға шақыруымыз керек. Ренішін ұмытып, райынан тез қайтатын адам кешірімшіл болады. Кешіре білу адамның өзімен, өзгелермен үйлесімді өмір сүруіне мүмкіндік жасайды.

Достар бір-бірін кешіре білсе, қателігін мойындай алса, достық берік болады.

Осы тұрғыдан алған уақытта бүгінгі білім ордаларының, әсіресе мектептердің рөлі зор. Тәрбие мәселесін негізгі орынға қойып отырған мектеп – мұғалім жұмысы ұшан-теңіз. Қазіргі жан-жақты дамыған ақпараттық технология барысында бала тәрбиесін бейжай қалдыру қоғамдық қылмыс. Бүгінгі баланы бір нәрсемен таңғалдыра салу мүмкін емес. Өйткені балаға ақпараттық ағым орасан артық жүруде. Сондықтан мұғалімге құр алақан қалуға болмайды. Үнемі ізденіс, білім көтеру, уақыт ағымының алдын алуға тырысу мұғалімге ауадай қажет. Өйткені мектеп қызметіне араласуға кедергі туындайтыны анық. «Мұғалім – мектептің жүрегі» деген қағидаға нұсқан келеді. «Қазіргі мұғалім не істеуі керек» деген тақырыбымызға оралсақ, кешірім – ұлы қасиет. Бұл қасиет адам баласының әр бірінде бар. Тек дұрыс дамымауы мүмкін. Әр түрлі жағдаяттарға байланысты.

Мысалы, мектеп қабырғасында бала балалық жасамай тұрмайды. Ойнайды, күледі, ренжиді, жанжалдасады, т.б. Міне, осы сәттерде мұғалім дұрыс тәрбие көрсетсе, дұрыс шешім жасаса, дұрыс дәлелдесе, көргендік танытса – келешек үшін, қоғам үшін зор қызмет атқарғаны.

Екі бала жанжалдасты дейік. Тіпті ушығып барады. Әңгіме ата-анаға дейін жетті. Ата- ана да бір-бірімен бала үшін сөзге келді. Не істеу керек?!

Біздің ойымызша, мұғалімге бабалар ұстанымы қажет. Сол ұстанымның негізін білу керек. Зерделей алуы керек. Сол зерделілігін әлгілерге жеткізуге тиіс. Олардың ойынан оза білуі қажет. Солардың жан дүниесін, ішкі сол сәттегі сезімін түсініп, жеңе білуі қажет. «Ақыл – дос, ашу – дұшпан» екенін дәлелдеп шыға білуде зор көмек болады. Бір сөзбен айтқанда, «Мұғалім адам жан дүниесінің падишасына айналуы қажет». Сонда ғана әлгі жанжалдың дұрыс шешімі болады деп ойлаймыз.

«Күннің көзін бұлттан арылту».

Мұғалім алдын ала бұлтпен толық жабылған күннің макетін дайындайды.

- Көше сыпыратын атайдың аурухана түсу себебі неде?
- Тұрсын неге мазасызданды?
- Тұрсынның жасаған әрекеті дұрыс па? Не үшін?
- Қарт балаларға қандай кішіпейілділік танытты?

Балалардың жауаптары арқылы берілген жаңа ақпаратпен түйінделді.

Қорыта айтқанда:

- кешірім жасау – татуласуға бірінші қадам жасау;
- кешірім жасау – кішіпейіл болу;
- кешірім жасау – қателікті мойындау;
- кешірім жасау – өзара түсінісу;
- кешірім жасау – ренішті ұмыта білу.

Оқушылармен рөлдік ойындар өткізу сәті.

ЖЕКЕ ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Нусипбаева Мейрамкан Байшаловна

Алматы облысы Ұйғыр ауданы Шарын орта мектебі

Қазақстан Республикасы бүкіләлемдік білім кеңістігіне енуді мақсат етуіне орай, мектептегі білім беру саласының түбегейлі өзгеріске түсуі оқушылардың тәрбиелілік, мәдени деңгейін әлемдік жетістіктер деңгейіне көтеруді қажетсінеді. Осыған орай қазіргі заман оқушыларын тәрбиелеу мақсаты ізгілікті, білікті, мәдениетті, қарым-қатынас мәдениеті жетілген, өз өмірін құруға, кез келген жағдайда дұрыс шешім қабылдауға бейім жас ұрпақты тәрбиелеу боп табылады.

Бүгінде еліміз өзінің алдына әлеуметтік жаңғыру, үдемелі инновациялық индустрияландыру және экономикалық ықпалдасу бойынша жаңа ауқымды міндеттер қояды. Тәуелсіздіктің 24 жылындағы жетістіктерді бекіте отырып, Қазақстан ХХІ ғасырдың үшінші он жылдығында әлемнің дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруге ниет білдіреді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап жас ұрпақтың ойдағыдай әлеуметтенуі мемлекет назарында болды және қала береді.

«Адамға ең бірінші керегі – білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» деп ұлы ғұлама Әл-Фараби айтқандай, егеменді еліміздің ертеңі сол ел ұрпағының білімі мен тәрбиесінің тереңдігімен өлшенеді. Қазіргі таңда біздің мақсатымыз-білім өрісі биік, дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау жүйесі жоғары, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор бойында басқа да игі қасиеттері қалыптасқан ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу. Жас ұрпақ тәрбиесін ұйымдастырудың тиімді формасы мен мазмұнын анықтау – аса басты педагогикалық міндеттердің бірі.

Адамгершілік тәрбие дегеніміз – оқушылардың бойында мінез-құлықтың белгілі бір сипаттарын қалыптастыру және олардың өздерінің де бір-біріне, отбасына, басқа адамдарға, мемлекетке, Отанға деген қатынасын анықтайтын мінез нормаларымен ережелерін дамыту жөніндегі ұстаздардың арнаулы мақсат көздеген қызметі.

Адамгершілік тәрбие әр уақытта, әр қоғамда болып келген. Кешегі кеңестік дәуірде адамгершілік тәрбие дұрыс болған жоқ деп айта алмаймыз. Адамгершілік кейбір бағыттар замана өзгеруіне байланысты өзгеріп отырады. Себебі тәрбие – адамгершілік құбылыс.

Адамның адамгершілігі – оның жоғарғы қасиеті. Оның негізгі белгілерінің бірі – өзі үшін ғана емес, ел, қоғам үшін өмір сүру, адамдық ар-намысты ардақтау, әр уақытта жақсылық жасауға дайын болу. «Өзің үшін еңбек қылсаң, – дейді Абай, – өзің үшін оттаған хайуанның бірі боласың. Досыңа достық – қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол». Ақылды, мейірімді адам әр уақытта өзгенің жақсылығын бағалағыш келеді. Арлы адам ардақты. Біздің өткен тарихымыз – біздің арымыз. Арымыз таза болса, тарихымыз да таза.

Адамгершілік тәрбиесі – тәлім-тәрбиенің ықпалды әсерімен моральдық сананы қалыптастырудың, этикалық білімділікті, адамгершілік сезімді дамытудың сара жолы. Ол жанұя, ұстаз, мектеп, еңбек, қоғам, жеке ықпал арқылы іске асырылады. Жас балалардың адамгершілігін қалыптастыруда мектепке дейінгі балдырғандар үшін оларға түсінікті ғибрат сөз, әсерлі өлең, сурет, әңгімелер пайдаланылады, үлгілі, өнегелі ойын, еңбек үстінде этикалық қатынас жағдайында әдепкі адамгершілік әдет-дағдылары қалыптасады. Мектеп жасындағылар үшін олардың саяси-әлеуметтік саналығы (гуманизм, ұлтжандылық, отансүйгіштік), дүниетанымын, этикалық талғамын, ішкі рухани байлығын молайтатын жүйелі жұмыстар өткізіледі. Этикалық әңгіме, пікір-сайыс, лекция өткізу және көркемөнердің түрлі салалары мен әдебиетті кеңінен пайдалану адамгершілік тәрбиесіндегі игі істер болып табылады.

Адамгершілік тәрбиенің мақсаты – жеке адамды дамытудың негізгі бөлігі. Ұстаз шәкірттерге жан-жақты тәрбиені осы адамгершілік тәрбиеден бастайды. Оның адамгершілік сезімін, сенімін, белгілі мақсатқа, бағытқа жетелеу, іс-әрекетін ұйымдастыру осы адамгершілік тәрбиеден басталады. Ұстаз шәкірттердің ізгі ниеттілігін, адалдығын, кішіпейілділігін, ілтипаттылығын, жауапкершілігін қалыптастырады.

Әр қоғамда, өмірде, еңбекте, тұрмыста, отбасында, топаралық, халықаралық қатынастарда мораль адамның сана-сезімін реттейді, қалыптастырады. Мораль принциптері барлық адамдарға тарайды, олардың өзара қарым-қатынас формаларын қуаттайды, бекітеді немесе керісінше өмір талаптарына байланысты олардың өзгеруін талап етеді.

Адамгершілік тәрбиенің мақсаты – жеке адамды дамытудың негізгі белгісі. Олар:

- Шәкірттерді өмір талабына сай қоғамдық моральдық нормасын орындауға қалыптастыру;
- Шәкірттердің адамгершілік тәжірибесін қалыптастыру;
- Шәкірттердің санасына және мінезіне ұстаздық ықпал жасау, ұлттық қасиеттерді дарыту;
- Республикаға, оның Президентіне, Әнұранына, Рәміздеріне шәкірттердің сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Бұл міндеттерді іске асыру оңай емес. Ол үшін тәрбие шаралары ұтымды болу керек, балалардың жас ерекшеліктерін ескерген жөн, объектіге – шәкіртке ықпал етушілер бірауызда болғаны керек.

Бастауыш сыныпта оқушылардың адамгершілік, достық, жолдастық, Қазақстан туралы ұғымдарды қалыптасады, кеңиді. Ұстаздарды, үлкендерді, туыстарды, ата – аналарды құрметтеуге, еңбектенуге, ізеттілік нормасын сақтауға үйренеді. Бұл жаста балалар тәртіпке, жолдастық өзара көмек беруге, түсінуге дағдыланады. Олар оқу еңбегіне өзінің қатынасын, мектептегі, жанұядағы, қоғамдық орындарға мінез- құлқының қандай болу керектігін біледі. Осы сыныптың оқушылары оқу-тәрбие процесінде өздерінің дербес және қоғамдық мінез-құлқы туралы адамгершілік тәрбиенің мазмұнын кеңейтеді.

Ұрпақ тәрбиесі-келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол етіп тәрбиелеу-біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Адамгершілік тәрбиесі жастардың қоғамға, отбасына, білімге, Отанға, жер бетіндегі бейбітшілікке қатынасын

қалыптастырады. Осы заманғы адамгершілік тәрбиесі жекелеген бағыттарға емес, адамгершілік құндылықтарға негізделеді.

Адам – ең әуелі адамгершілігімен, парасатының биіктігімен көрікті. Профессор М.Ғабдуллин өзінің «Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес» еңбегінде «Бүгінгі жастарды ұлтжандылық рухта тәрбиелеуде ақын-жыраулардың өнеге сөздерінің белгілі мөлшерде пайдасы бар екені нақ. Мұндағы тәрбиелік мәні бар әңгімелер жастарға жат емес. Халықты сүй, халық үшін ерлік еңбек ет, ел-жұртқа қорған бол деушілік қазіргі күнде ескірген сөздер емес, қайта мағыналы, мәнді сөздер. Сондықтан бұлардың ішінен жастарымызды тәрбиелеуде әсер ететіндерін тандап алып, орнымен пайдалана білсек, нұр үстіне нұр болар еді» дейді. Адамгершілік-адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханият дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады.

Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттерімен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталады.

Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашарлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т. б. Адамгершілік-ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы.

Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы – халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс- тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», – дейді. Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде ұлттық педагогика қашанда халық тәрбиесін үлгі ұстайды. Ал адамгершілік тәрбиелеудің бірден-бір жолы осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру. Осы қасиеттерді балаға жасынан бойына сіңіре білсек, адамгершілік қасиеттердің берік ірге тасын қалағанымыз. Адамгершілік – адамның рухани арқауы. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Адам баласының мінез құлқына тәрбие мен тәлім арқылы тек біліммен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетін, құдіретті, қасиеті мол адамшылық атаулының көрініс болып табылады.

Қазіргі қоғамдағы болып жатқан небір сорақы іс-әрекеттердің себеп-салдарын қайдан іздейміз? Әрине, бұған бірден-бір себеп отбасында балаға рухани-адамгершілік тәрбиенің жеткілікті берілмеуі. Егер отбасында баланы мейрімділікке, қайырымдылыққа, жанашырлыққа, ізеттілікке, адалдыққа тәрбиелесе, онда тастанды бала, қараусыз қарттар, безбүйрек бала болмас еді.

Ал бойында адамгершілік құндылықтары қалыптасқан адамның қолынан жаман іс-әрекеттер келе қоймасы анық. «Ел болам десең, бесігіңді түзе!» демекші, ұрпақ тәрбиесіне бей-жай қарамайық, ағайын!

Әдебиеттер

1. Мұсаев С.А., Бегалиев Т.Б. Жас ерекшелік педагогикасы. Астана: Фолиант, 2006.
2. Прманов Ә. Әдеп және жантану. – Алматы: Атамұра, 2001.
3. Жарықбаев Қ. Ақылдың кені. – Алматы, 1991.
4. Қайров И.А. Адамгершілікке тәрбиелеу әліппесі. – Алматы, Мектеп, 1998.

БҮГІНГІ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН ЖАҢАЛЫҚТАР ТУРАЛЫ

Өткелбаева Р.Н.

Алматы облысы Іле ауданы М.Мақатаев ат. №13 орта мектебі

Жаңа ғасырда білім беру жүйесіне еніп жатқан түрлі жаңалықтардың өріс алуы заңдылық. Бүгін тек біздің елімізде ғана емес әлем кеңістігінде елеулі өзгерістер күн санап жаңғыруда. Мұндай үдеріске бүгінгі оқушыны ілестіре алу үшін алдымен мұғалім өзі өзгеруі керек, сабақтарын жаңа форматта құрылымдап өткізуі керек. Осы тұста мұғалімдердің деңгейлік біліктіліктерін арттыру 3 айлық курстары Кембридж бағдарламасымен ұйымдастырылып, еліміздегі әрбір мектептен мұғалімдер білімдерін көтерді. Біздің ұжымның да 15%-ы I, II, III деңгей бойынша курстан өтіп, сертификатталды. Қазіргі таңда мектебімізде «Парасат» кәсіби қоғамдастығы құрылып, бүкіл мектеп көлемінде сындарлы оқыту теориясын тәжірибелік және теориялық тұрғыда жүзеге асыруда. Көшбасшы мұғалімдер «Мектепті дамыту жоспарын» құра отырып, коучинг, тәлімгерлік, шеберлік сабақтары мен ата-аналарға арналған тренинг үдерістері арқылы мұғалімдердің кәсіби өсуіне, ата-аналардың баласын дұрыс қадағалауына ықпал етуде. Оқу жылы бойында жоспарлы өтіп жатқан педагогикалық, әдістемелік кеңестерде сарапшы топ жұмыс жасайды. Олардың міндеті – ұжым мүшелерінің қаралған мәселелерге көзқарастарын сараптай отырып «Swot» талдау жасау. Мәселен, оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыруда біздің ұжымның мүмкіндіктері:

– оқушылардың да, мұғалімдердің де көшбасшылық қасиеттерінің артуы;

– сабақта оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдана алуы, сындарлы оқыту теориясының 7 модулін ықпалдастыра алу;

– коучинг, тәлімгерлік үдерістерінің жоспарлы өтуі.

Күшті жақтары:

– мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі, яғни жоғары, бірінші санатты мұғалімдердің жеткілікті болуы;

– кәсіби біліктіліктерін арттырып отыру жүйелі жолға қойылған;

– дарынды оқушымен жұмыстың тұрақты жүргізілуі.

Әлсіз жақтары:

– сыныпта оқушы санының көптігіне байланысты (әр сыныпта 30-дан аса оқушы отыр) толық камти алмау;

– мұғалімдер АКТ мүмкіндіктерін еркін пайдалана алмауы;

– кері байланыс жасау дағдыларының дұрыс бағыт алмауы.

Қауіпті жақтары:

– әлі де коучинг, семинарларға өз ниетімен қатысудың аздығы, соған байланысты ҚМЖ, ОМЖ жасауда қиындықтар туындауы;

– мүмкіндіктер бола тұра, кейбір сыныптарда білім сапасының төмендігі.

Осы сияқты сараптама талдаулар ҰБТ-ге дайындық, ата-аналарға өткізілген тренинг, сынып жиналыстары сияқты іс-шараларға да жүргізіледі. Мұның тиімділігі оқушы, мұғалім, ата-ана өздерінің қай бағытта екенін анықтай алады.

Көшбасшы мұғалімдер «Мектепті дамыту жоспарын» құруда анықталған басымдық – оқушыларды бүкіл сабақ барысында бағалауды жүзеге асыру мақсатында алынған «формативті бағалаудың тиімділігі». Осы басымдыққа байланысты коучинг, тәлімгерлік, шеберлік сабақтары мен тренингтерді жоспарлауда «Smart» мақсаттарды басшылыққа алдық. Аталған үдерістер барысында мұғалімдер нені үйренуі керек, ол қаншалықты қол жетімді, маңызды болуы ескеріледі. Тапсырмаларды уақытқа өлшеу, мақсатқа қол жеткенін анықтау шынайы, нақты болды ма екені кері байланыс жасауда жүзеге асады.

«Парасат» кәсіби қоғамдастығының мектеп ішіндегі жұмыстары аз уақыттың ішінде жүйелене алды. Енді қоғамдастықтың жұмысы серіктес мектептер арасында, аудан көлемінде семинарлар арқылы насихатталуда. Аталған семинарларда «Блум таксаномиясының сабақ жоспарын құрудағы тиімділігі» тақырыбында коучинг және 7-а сыныбында әдебиет пәнінен «Шәкірт ойы» тақырыбында шеберлік сабағын өткіздім. Бұл үдерістердегі атап өтетін жетістіктерім, сыни тұрғыдан ойлау стратегияларын оқу материалдарын дайын күйінде емес, өз бетінше іздену, ойлану арқылы меңгеруде қолдана жүріп, өзім де стратегия құрастыра алғаным. Мен ол стратегияны «Сөзкөмек» деп атадым. Коучинг барысында: бүгінгі коучингтің негізгі мақсаты ... болып табылады, себебі... . Сабақ жоспарларын ... құрамыз. Коучинг барысында ... жетіледі сияқты көмек сөздерді мақсат қоюға қатыстыру кезінде қолдандым. Мұғалімдер берілген көмек сөздерді пайдалану арқылы коучинг

мақсатын анықтаса, 7-а сыныбында әдебиет пәнінен «Шәкірт ойы» тақырыбында: «Шәкірт ойы» өлеңінің негізгі идеясы ... , өйткені Ақын өз шығармасында ... мақсат етіп қойды. Өлеңде ақынның ұлтжандылығы Ақын болашаққа ... деген үміттер артады көмек сөздерін пайдалана отырып, ақынның ойымен ой бөлісіп, өлеңнің идеясына талдау жасады. «Кубизм» стратегиясына да өз сабағымның тақырыбына қарай аздаған өзгеріс жасай отырып ұтымды қолдана алдым. Блумның ойлау жүйесі бойынша «жинақтау», «бағалау» кезеңдерінде «Кубизм» стратегиясы арқылы өлең туралы қорытынды ой, тұжырым жасады. Шаршының қай бетіндегі жазу түссе, соған байланысты тапсырманы орындайды. Мысалы: шаршының «Қорыту» деп жазылған жағы түссе, өлең идеясын басшылыққа ала отырып, қандай қорытынды ой айтасың? «Түсіндіру» жағында өлеңдегі ақын ойын қалай түсіндіре аласың? «Болжау» жағында бүгінгі шәкірт ойы туралы болжам жасап көр. «Бағалау» жағында ақын шығармасына қандай баға бересің? деген тапсырмалар беріледі. Бұл тәсіл де өзіндік тұжырымды дөп басып айта алмайтын оқушыларды сұраққа жауап іздеу арқылы қорытынды шығаруға итермелейді.

Осы сыныпта А.Байтұрсыновтың «Ақын ініме» өлеңін оқытқан кезде ақынның өмірін қамти отырып, сабақты қорытындалау кезінде «Ақылдың алты қалпағы» стратегиясын қолдандым.

I топқа «Ақ қалпақ»: Ахмет Байтұрсынов туралы жинаған ақпарат пен мәліметтерін ортаға салады.

II топқа «Қызыл қалпақ»: Ахмет Байтұрсыновтың өмірі туралы және «Ақын ініме» өлеңін оқығанда қандай сезімде болдыңдар?

III топқа «Қара қалпақ»: Ахмет Байтұрсынов өмірінің құпиясы болды ма?

IV топқа «Сары қалпақ»: Ахмет Байтұрсынов өмірінің түсініксіз жағы болды ма?

V топқа «Жасыл қалпақ»: Ахмет Байтұрсынов өміріне жаңаша көзқараспен қарап, қандай өзгеріс енгізуге болады? (шығармашылық жұмыс)

VI топқа «Көк қалпақ»: айтылған идеяларды таразылай келе, қорытынды ой, тұжырым жасайды. Оқушылар берілген тапсырмалар бойынша құнды пікірлер, ерекше ойлар айта алды. Білімді дайын күйінде алмай, өз беттерімен ойланып, іздену жұмыстарын жасады. Нәтижесінде оқушылар ойларын еркін ортаға салып, күмәнді ойлардан арылады.

Міне, осылайша тапсырмаларды нақты, өлшемді, маңызды етіп дайындағанда ғана оқушы білімінің нәтижесін көруге болатынына көз жеткізе алдым. Бүгінгі оқушы ертең қоғамдағы орнын таба алу үшін пәннен алған білімдерін жетілдіру, білім сапасын қамтамасыз ететін оқу нәтижелерін анықтау үлкен рөл атқарады. Сондықтан мұғалім тиімді әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдап, оны қолдана алғанда алдыңғы үдеріс жүзеге асады.

ФОРМАТИВТІ БАҒАЛАУДА КЕРІ БАЙЛАНЫСҚА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР МЕН ЖАҒДАЙЛАР

Скабаева Шынар Сакенбаевна

Алматы облысы Іле ауданы М.Мақатаев ат. №13 орта мектеп

Зерттеулердің нәтижесінде кері байланыс педагогикалық нәтижелердің талдау әдісі болып табылатыны бәрімізге мәлім, бағалау және оқытудағы негізгі педагогикалық қарым-қатынас үдерісі ретінде саналады. Бағалау үдерісі кезінде өзіндік бағалауға бағытталған және алынған нәтижені, күтілетін нәтижемен салыстыруда кері байланыстың орны ерекше екендігін айта аламыз. Ол ары қарай практика жүзінде және алынған ақпараттарды пайдалануға талпынуға және келешектегі дамуына ықпал етеді. Кері байланыс – ол бақылаудың, талдаудың және рефлексияның өнімі, әріптестерден, өзінің тжірибемнен алған бірлескен іс әрекеттердің нәтижесі болып табылады [1,50бет]

Психолог Г.М.Андреева кері байланыстың екі түрін анықтаған: жағымды немесе позитивті қолдаудан тұратын, жағымсыз- түзету мен сынаудан тұрады деген. [2,72 бет]. Ал Р.Вердербер и К. Вердербер позитивті кері байланысы қолдау, мадақтау арқылы нәтижелерін көрсете білетін құрал ретінде қарастырған. Жағымсыз кері байланыс, конструктивті критика арқылы жағымсыз іс-әрекеттерді көрсетуге бағытталады. Көптеген зерттеулердің нәтижесі анықтап бергендей жағымды кері байланыс арқылы оқушылар тез білімді қабылдайды екен, бірақ кей жағдайда конструктивті критика арқылы жағымсыз іс-әрекеттерді де ескереді екен.[3, с. 116].

Виктория штатында балалардың ерте даму кезінде кері байланыстың үш түрі болады деп Білім беру Департаменті анықтаған:

– ыстық кері байланыс- конструктивті, позитивті мықты жақтарына негізделеді. Оны мұғалімдер сабақ кезінде қалыпты орта жасауда, оқушыларды талаптандыруда; мұғалімдер бақылау кезінде бір мәселеге фокус ретінде алудың қажеті болмайды, мұғалімнің жоғары нәтижеге жеткенін көрсетеді.

– суық кері байланыс- конструктивті мәселелер мен өзекті мәселелерді көтереді. Онда оқыту мен оқу үдерісінің жеке тетіктерін талқылау, оларды реттеу, жақсарту жолдарын қарастырады. Байланыстың бұл түрі жеке аспектілерді, оларға жоғары деңгейлі сұрақтар қою арқылы өзекті мәселені анықтауда және шешудің жолдарын табады.

-қатаң кері байланыс- қызметтің, іс-әрекеттің нәтижелерін терең және кең тану, анықтау үшін мәселелер көтеріледі.

Кері байланыс нәтижелі болу үшін өзара дұрыс оң қарым-қатынас орнату арқылы кішіпейілділік, сенімділік, сыйласымдылық болуы қажет. Кері байланыс тұйық үдеріс болып саналады:

1. Мақсат: ішкі және сыртқы
2. Дереккөзі: мұғалімдер, рефлексия, ішкі ақпарат.
3. Әдістер; сауалнама, сұхбаттар жүргізу (жеке, топтық);
4. Талдау
5. Тәжірибеге өзгеріс енгізу
6. №1 қадамға қайта келу.

Кері байланыстың нәтижелілігін анықтайтын фактор ол өз уақытында орындау. Біраз уақыттан соң кері байланыс өзінің өзектілігін жоғалтады. Мысалы, мұғалім әрбір сабақтан соң кері байланысты жасамаса онда оқушыда ақпарат толығымен есінде қалмайды, сондықтан кері байланыс арқылы ақпарат талданып, талқылану қажет, егер мұғалім жазбаша кері байланыс алуға уақыт жетпей жатса онда, ауызша кері байланысты жасауға болады. Бұл мұғалімге келесі сабақты жоспарлауға қажет және сол сабақтың кері байланысы арқылы жіберілген қателіктер, кемшіліктер анықталады.

Соңғы кездері оқыту мен оқудың сапасын бағалау оқушылардың үдеріске қанағаттануымен және оқыту нәтижелерімен анықталады. Ол бағалау кері байланыс арқылы әр сабаққа беріледі.

Сонымен қатар тиімді кері байланыс ұсынуда Бағдарламаның негізгі идеясының өзегі, мәйегі болып табылатын сыни ойлауға жетелейтін сұрақтар қоя білу аса маңызды. Ал осы дағдыны дамытуда мұғалім, оқушы арасындағы циклдік үдеріс, үздіксіз байланыс мықты болса ғана нәтиже болмақ және бағдарламаның негізгі миссиясы орындалмақ.

Осы тұста мұғалімнің де өзіндік үлесі болуы шарт. Мұғалім кері байланыс кезінде ашық та сындарлы сұрақтар қоя білудің үлгісін өз іс-әрекетімен көрсеткені абзал. Мұғалім сабақты бақылауға дейін және сабақтан кейінгі кері байланыс барысында оқушылармен құрылымдалған сұрақтар бойынша сұхбат жүргізеді.

Мұғалімнің мақсаты – алдын ала жүргізілетін сұхбат барысында оқушылар өтілетін сабақтың мақсатына, ерекшелігіне және мұғалімнің оқытуына қатысты ақпараттар алу. Кері байланыс беруде сұрақ қою стратегиялары арқылы мұғалімдер өздерінің кәсіби білім алу ортасында өз тәжірибелеріне шолу жасауға және рефлексиялауға көбірек мүмкіндік жасау. Формативті бағалау барысында өзара сыйластық пен түсіністікке негізделген жағымды кері байланыстың болуы шынайы жауап алу үшін маңызды. Жоғарыда баяндалғандарды қорытындылай келе, сапалы кері байланыс ұсынуға қатысты төмендегідей тұжырым жасалды:

- кері байланыстың сабақтың тақырыбы мен мақсатына сәйкестігі;
- белгіленген мақсатқа қол жеткізуге бағытталуы;
- орындалған жұмыстың табысты жақтары жайлы ақпараттың қамтылуы;
- оқушыны өз жұмысын жетілдіруге ықпал етуі;
- оқушының өздігінен оқуына бағытталуы;
- табысқа жету қадамдарының көрсетілуі;
- комментарийдің нақты және орынды болуы;
- ұсыныстардың түсінікті берілуі;
- пікірдің позитивті, конструктивті ұсынылуы;
- өзара сыйластыққа, сенімге негізделуі;
- комментарийдің бағалау критерийлеріне сәйкестігі;
- табыс критерийлері мен оқу мақсаттарының ескерілуі;
- кері байланыстың уақытында ұсынылуы;
- ойлануға уақыт берілуі.

Әдебиеттер

1. Панина Т.С. Современные способы активизации обучения: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Т.С. Панина, А.Н. Вавилова; под ред. Т.С. Паниной. – 4-е изд., стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 176 с.
2. Андреева Г.М. Социальная психология: Учебник для высших учебных заведений. 5-е изд., испр. и доп. – М.: Аспект Пресс, 2004. – 285 с.
3. Вердербер Р., Вердербер К. Психология общения. 11-е международное изд. СПб.: Прайм-Еврознак, 2003. – 318 с.
4. Шакиров Р.Х., Буркитова А.А., Дудкина О.И. Оценка учебных достижений учащихся. Б.: Билим, 2012.

ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТЕГІ ФИЗИКА САБАҒЫНДА ЭЛЕКТРОНДЫ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Сыдыкова Бағдат Алдабергеновна

Алматы облысы Ұйғыр ауданы Шарын орта мектебі

XXI ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Оқытудың жаңа ақпараттық- коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми-технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бабының 9-тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз білім беруді жаңғыртуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. Бүгінде мектептерді компьютерлендіру толықтай аяқталды. Орта білім берудің 12 жылдық моделі енгізілуде. «Өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс» делінген. Ал Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бағдарламада «E-learning» электронды оқыту жүйесі бойынша білім беру сапасын және басқару тиімділігін арттыру үшін оқу процесін автоматтандыру, педагогтер мен оқушыларды ең жақсы білім беру ресурстарына және технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсаты атап көрсетілді.

Қазіргі уақытта әлемде қоғамның ақпараттық мәдениет деңгейі мемлекеттің даму көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырылады. Бүгінде жоғары және үздіксіз білімге деген сұраныстың артуына байланысты білім берудің түрлі мақсаттағы құрылымдары пайда болуда.

Ақпараттық технологиялардың білім беру жүйесінде белсенді пайдаланылуы оның нақты педагогикалық есептерді шешуге арналған құралы қызметін атқаруымен қатар, дидактика мен әдістеменің дамуына әсер етіп, оқыту мен білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін, формаларын құруға алып келеді. Мысалы, Internet технологияларының кеңінен таралуы қашықтықтан оқыту әдісінің жедел дамуына мүмкіндік туғызуда. Мультимедиялық технологияның, компьютерлік графика мен машықтану жүйелерінің дамуы, кәсіби ортадағы іс-әрекетті бейнелейтін виртуал жағдайға «ену» жолымен оқыту әдістемесінің құрылуына түрткі болды. Ал компьютерлік желілік машықтандырушы кластардың пайда болуы, іскерлік ойындар мен сайыстар түрінде көп рөлді машықтандыру әдістеменің дамуына ықпал жасады.

Компьютерлік оқу құралы деп білім берудің компьютерлік технологиясын кеңінен пайдалануға негізделген электрондық оқып-үйрену құралдарын айтады. Өз функционалдық мүмкіндіктеріне қарай компьютер қазіргі кезде оқытудың ең керекті жабдығына айналды, бірақ оны тиімді түрде пайдалану жолдарының әлі ашылмаған тәсілдері, күнделікті сабақтарға қолдану үшін әлі де айқындалатын жақтары көп екенін ғалымдар да, мұғалімдер де жиі айтып келеді.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі

күннен-күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуда және одан әрі жетілдірілуде.

Физика сабағында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық құзиреттілігін қалыптастыру қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылардың ақпараттық құзырлығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Физика сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмысы;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- шығармашылық есептер шығару кезінде физикалық құбылыстарды түсіндіру арқылы жүзеге

асыру;

- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;
- оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Оқытушы сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану оқытудың тиімді әдістерінің бірі деп ойлаймын.

Физикалық процестер мен құбылыстарды модельдеу оқу процесін дамыту мен жетілдірудің болашағы болып табылады, әсіресе оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруда, зерттеу жұмыстарын дамытудағы ролі ерекше. Физикалық эксперименттерді модельдеу – оқытушыға сабақта физикалық ұғымдардың мағынасын тереңірек ашуға, оқушыларды физиканың қазіргі эксперименттік базасымен таныстыруға, физикалық құбылыстармен зерттеу әдістерін толық түсіндіруге мүмкіндік береді.

Электрондық оқулықтың тиімділігі зор. Электрондық оқу құралы – бұл оқу курсының ең маңызды бөлімдерін, сонымен бірге есептер жинағы, анықтамалар, энциклопедиялар, карталар, атластар, оқу эксперименттерін жүргізу нұсқаулары, практикумға, жобаларға нұсқау және т.б. білім беруді басқаратын мемлекеттік органдар тағайындаған арнайы статусы бар берілген түрдегі баспаларды қамтитын электрондық оқу басылымы.

Оқытушы үшін электрондық оқулық – бұл күнбе-күн дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны әрбір оқытушы өз педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып, әрі қарай жетілдіре алады. Электрондық оқулық арқылы үй тапсырмасын, жаңа сабақты түсіндіруге және тест тапсырмаларын орындауға болады.

Қазіргі таңда мен өз тәжірибемде оқушыларға физика сабағында электрондық оқулықты пайдаланып келемін. Онда әр тарауда тақырыптың мазмұны, заңдары мен анықтамалары, түсініктеме сөздігі кестелер, ғалымдардың өмірбаяндары, жаттығулар мен есептер, бақылау жұмыстары қамтылған. Тараудағы оқу материалдары бойынша берілген анимациялық тәжірибелер оқушыларға физикалық құбылыстарды көрсете отырып, түсіндіруге ыңғайлы. Сонымен қатар тақырыпты қорытындылау үшін тест сұрақтары берілген. Бұл тест сұрақтарының нәтижесі әр оқушыға жауап беру деңгейіне қарай пайыздық көрсеткішпен бағаланып беріледі. Бұл әдіс оқушының білімін көтеруге, сабаққа ынтасын қалыптастыруға оң әсер ететіндігі сөзсіз. Электрондық оқулықтар мен компьютерлік оқу-әдістемелік құралдарды өз дәрежесінде қолдануды үйренген оқушылар зерттеуге құштар, өзі белсенді жеке жұмыс істей алады. Оқытушының жұмысын жеңілдетіп, оқушыны жалқаулықтан құтқарады.

Электрондық оқулықтың бағалық-нәтижелік бөлігі тестілер арқылы жүзеге асады. Тест сұрақтарына жауап бергеннен кейін оқушы диаграмма түрінде өзінің білім деңгейін көре алады. Оқытудың компьютерлік технологиясының оқу үрдісінде кеңінен енуі оқушылардың өзіндік және шығармашылық белсенділігін дамыта отырып, электрондық оқулық көмегімен олардың өзіндік жұмыс түрлерін орындауға баулиды.

Білім беру ұйымдарының даму болашағы қоғамның даму үрдісімен үнемі өсіп отыратын ақпарат көлемінің әртүрлі тегімен анықталады. Оқушыларға білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай талап етілуде. Оқу процесінде оқытудың ақпараттық коммуникациялық технологияларын тиімді пайдалану және қолдану айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр. Атап айтсақ, оқушылардың өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызып отыр. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп есептеймін.

Осылайша, физика сабағын өткізу барысында ақпараттық технологияны тиімді пайдаланып білім сапаларының артуына жұмыстанамын. Жаңа ақпараттық технологияны физика сабақтарында пайдалана отырып, олардың білім, білік дағдыларын қалыптастыруға қызығушылығын арттырып, түрлі деңгейдегі есептерді шығартып, оны талдай білуге үйретемін. Логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, интернет желісінен сабаққа қажетті деректерді өз бетімен ізденуге, компьютерлік сауаттылықтарына жол ашып, сабақта алған білімдерін өмірде қолдана білуге тәрбиелеп келемін.

Міне, осы бағытта физика пәнін әртүрлі әдістермен жүргізуге болады. Оқу-тәрбие үрдісінің сабақта дұрыс жүргізілуі үшін әр алуан оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімдісін мүмкіндігінше және студенттердің жеке жағдайларына байланысты таңдап алуға көп көңіл бөлу керек. Өйткені білім бүгінгі заман талабы, қажеттіліктің қайнар көзі болса, нәтижеге жету жолында іздену – әрбір мұғалімнің азаматтық борышы. Осы орайда оң нәтижеге қол жеткізу үшін алдыма мынадай мақсат қойдым:

- заман талабына сай білімді, білікті, дүниетанымы кең, шығармашылық қабілеті дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Осы мақсат негізінде алдыма қойған міндеттерім:

- жас ұрпақтың қабілеті мен талантын ашу;
- шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру;
- өз алдына мақсат қою арқылы оны жүзеге асыра білу;
- өз әрекетінің нәтижелерін бағалай білу.

Білім – болашақ бағдары, кез келген маман даярлайтын оқу орынның басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның құзыреттілігін дамыту. Құзырет – оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс

«Қазіргі заманда болашақ жұмысшы мамандарды ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде онтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Білім беру жүйесін ақпараттандыру мен ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану оқушының өз мамандығына қызығушылығы мен мамандық сапасын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда қоғамның даму жолдарын анықтайтыны сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011.
3. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
4. «Информатика негіздері» журналы, №1. – 2010.
5. «Физика және астрономия» журналы, №4. – 2007.
6. «Физика» журналы, №6. – 2006.

ДИНАМИКА ТАРАУЫН ҚАЙТАЛАУДА ОЙЫН СТРАТЕГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Сыдықова Бағдат Алдабергеновна

Алматы облысы Ұйғыр ауданы Шарын орта мектебі

Еліміздің өсіп-өркендеуі, әлемдік өркениеттен өзіндік орнын алуы, ең әуелі оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне байланысты. Білім беру саласының іргелі пәндерінің бірі-физика. Физика – жеке тұлғаның ақыл-ой қабілетін аша отырып, таным қабілетін арттыратын пәннің бірі. Пәнді оқыту

барысында оқушылардың таным қабілетін, сын тұрғыдан ойлау шығармашылығын, пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін мұғалім әр сабағын жаңа технологиялық үлгідегі сабақ үлгілерін қолдана отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру қажет.

Физика сабағында оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту, өздігінен білімдерін қолданып жұмыс істеуге дағдыландыру, физикалық құбылыстарды бақылау және түсіндіру, формулаларды қорыта білу, тәжірибелерді жасай алу мақсатында «Динамика» тарауын қайталау тақырыбын тиімді ойын стратегияларды пайдаланып өткізуге болады.

Физика сабақтарында түрлі суреттерді, схемаларды, қорытындыларды, формулаларды, анықтамаларды экранға проекциялап оқушылардың оқу материалын көзбен көру арқылы есте сақтауын қамтамасыз ету үшін арнайы слайдтар жиығын пайдаланып, тақырыпты толық ашуға мүмкіндік жасаймын.

Сабақтың тақырыбы: «Динамика» тарауын қайталау

Постерге критерий

| Критерий | Дескриптор | Жетістік деңгейі |
|----------------------|--|------------------|
| А. Мазмұны | Тақырып мазмұны ашылмады | |
| | Тақырып мазмұны ашылды, бірақ толықтыру қажет | |
| | Тақырып мазмұны толық ашылды | |
| В. Безендірілуі | Бояуы қанық емес, сурет салмаған | |
| | Әсемделген, бірақ эстетикалық талғамға сай келмейді | |
| | Жақсы әсемделген, сурет, символ, белгілер қолданылған | |
| С. Баяндау шеберлігі | Ойды жеткізу тілі түсініксіз болды | |
| | Ойды жеткізе білді, бірақ шешендік жетпеді немесе ой қайталана берді, қыстырма сөздер көп қолданылды | |
| | Тіл байлығы жақсы, ойды жетік жеткізе білді, өз пікірін пайымдады | |
| Д. Шығармашылық | Тақырыпты өзге қырынан аша білді | |
| | Жаңашылдық, идея болды | |

Қорытынды.

Оқушылар «Динамика тарауын қайталау» сабағы бойынша алған білімдерін сабақта көрсете алды. Білімдерін тиянақтап, динамика тарауына есеп шығарады. Осыдан кейін әр топтан, жеңімпаз топ анықталады. Белсенді қатынасқан оқушылар бағаланады. Постердегі критерийлер бойынша оқушы бағалауды үйренеді. Физиканы шынайы өмірмен байланыстыра алады.

Әдебиеттер

1. Башарұлы Р., Морзабаева Р.Б., Тоқбергенова У.Қ., Байжасарова Г.З., Кем В.И., Кронгорт Б.А. ҚР БМЖМС 2003-2002 негізіндегі «Физика» оқу пәні бойынша білім берудің мемлекеттің жалпыға міндетті стандарты.
2. Әбдрахманов Е. Қазақ мектептеріндегі физиканы оқыту методикасының кейбір мәселелері. – А.: Мектеп, 1976.
3. Нұрбатырова Қ.Т. Физикалық оқу экспериментін жетілдірудің әдістемелік негіздері. – А., 2004.

БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУҒА ҮЙРЕТУ

Тасырова Қ.Н., Әбілмәжін Ж.

Алматы облысы Байсерке ауылы №12 орта мектеп

Еліміздің бәсекеге қабілетті елдер арасынан табылу жолында алға қойып отырған мақсаттарына жетуде білімді азаматтардың да алатын үлесі зор екені айтпаса да түсінікті. Қазіргі заманға сай экономикалық жетістіктерге қол жеткізу үшін техникалық білімі жоғары мамандардың аса қажет екенін, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерінен қалыс қалмау үшін техникалық тұрғыдан терең ғылыми зерттеулер жасау қажеттілігі күн санап өсіп келе жатқанын күнделікті өмір көрсетіп отыр. Олай болса, техника саласының білікті мамандарын дайындауға бүгінгі күні мектеп қабырғасында оқушылардың жаратылыстану пәндерін меңгеру сапасы ықпал ететінін айта кеткен жөн.

Жаратылыстану пәндерінің бірі ретінде биология пәнін жан-жақты түсіне отырып, меңгеру оқушыларға көптеген ғылыми-техникалық жетістіктерді өз беттерінше игеріп, келешекте зерттеулер жасай білуге жол ашады. Демек, биологияны мектеп қабырғасында жете меңгеру бүгінде аса өзекті мәселеге айналып отыр. Осы өзекті мәселені ескере отырып, мұғалімдік іс-тәжірибе негізінде жинақталған тың ой пікіріммен аз да болса, көмек көрсету мақсатында осы мақаламды ұсынып отырмын.

Биологияны оқыту кезінде мемлекеттік стандартты жүзеге асыру әрбір пән мұғаліміне міндеттеледі. Ендеше, осы мақсатты жүзеге асыру жолында оқушыларға оқып, үйрену жолдарын насихаттауға ықпал етеді деген оймен биология олимпиадасына дарынды оқушыларды дайындау, зерттеу жұмыстарын алып бару, сондай-ақ, оқытудың жаңа технологиясы бойынша орта мектеп бітірушілерден алынатын Ұлттық бірыңғай тестіге оқушыларды дайындауға көмегі тиеді.

Қазіргі кезде оқушының ой-өрісін көтеру, шығармашылық қабілетін дамыту, алған білімін практикада қолдана білуге баулу, әртүрлі ғылыми әдебиеттерді пайдаланып, өзінің білімін тереңдетуге үйрету мәселелеріне айрықша мән беріліп отыр. Себебі мемлекеттік стандартта орта білім беретін мектептерде әрбір шәкіртті жеке тұлға деп санап, оларды өз сұраныстарына, мүдделеріне сай оқыту мен тәрбиелеудің сан қилы үлгілерін қолдану керектігі көзделген. Бұл жағдайда оқыту технологиясын өзгертуді, оқушыларды өз бетінше білім алуға, өзін-өзі дамытуға, ұйымдастыруға үйрету мәселелеріне көп көңіл бөлуді талап етеді.

Осы міндеттерді атқару жолында басқа пәндер мен қатар биология пәнінің атқаратын рөлі де зор. Дегенмен, қазіргі уақытта орта мектептегі биология пәніне бөлінген сағат қоры аздық етіп отыр. Осының салдарынан биология сабағында, бұрынғы кездегідей лабораториялық жұмыстар көптеп жасалмайды, биологиялық есептер шығаруға уақыт жетіспейді.

Қазіргі кезеңде орын алған есеп шығару әдістемесі негізінен «не істеу керек?» деген сұраққа жауап іздейді, ал қалай істеу керек деген сұраққа жауап жеткілікті дәрежеде ашылмайды. Менің ойымша, биологиялық немесе химиялық есептерді шығару әдістерін жетілдіру, ұйымдастырушы алгоритмнің үйрету функциясын күшейту бағытында жүргізілуі тиіс. Оқушыға есептен биологияны, химияны көруді қалай үйретуге болады? Бұл үшін оқушылар мына мәселелерді жақсы игеруі тиіс.

1. Биология деген не? Ол нені зерттейді?
2. Биологиялық немесе химиялық есеп деген не?
3. Есептің мазмұнынан биологияны, химияны қалай көруге болады?

Осы үш мәселені шешу жолына қысқаша шолу жасасам.

1. Биология – жаратылыстану ғылымы, сондықтан ол биологиялық құбылыстарды, денелердің биологиялық қасиеттерін зерттейді. Осы биологиялық алған білімдерін практикада, техникада қолдану мүмкіндіктерін қарастырады.

2. Биология ұғымы тіршілік туралы ұғымды зерттейтін болғандықтан, биологиялық есептердің құрылымында көбіне денелердің физикалық және химиялық қасиеттерін ажырату мүмкіндігін қарастыру қажет болады және есептеу барысында осы қасиеттерін анықтайды. Мұндай есепте: а) өзіне тән заңдылықтармен жүретін бір немесе бірнеше химиялық немесе физикалық құбылыс беріледі; б) өзіне тән физикалық және химиялық қасиеттері бар бір немесе бірнеше денелер қарастырылады. Кез келген химиялық немесе биологиялық есеп нақты химиялық құбылыспен немесе дененің химиялық қасиетімен байланысқан практикалық мәселені шешуге арналады. Демек, химиялық заңдар мен теориялардың мәнін терең түсінуге көмектеседі.

3. Есептің мазмұнынан биологияны қалай көруге болады? Менің ойымша, бұл есептің мазмұнындағы химиялық сөздерді табу және оны химиялық ұғым, химиялық немесе физикалық заңдылықтар тіліне аудару, ауыстыру. Бұл қандай сөздер? Химиялық құбылыстар туралы айтылатын, денелердің химиялық қасиеттерін білдіретін, олардың қолданылуын растайтын сөздер. Мысалы, жаратылыста жүретін кез келген өзгеріс құбылыс болып табылады. Ал химия немесе биология тіршілікті, табиғаттағы өзгерістерді, химиялық реакцияларды зерттейді. Мысалы, азот, шыны, темір, су және т.с.с. Оқытушының міндеті оқушыны осы сөздерді табуға және оларды химиялық ұғымдар мен заңдылықтар тіліне аударуға үйрету. Менің осы бағытта жүргізілген есептеулерім, бұл үрдістің есеп шығару барысында ұдайы жүргізілуі қажет екендігін көрсетеді. Яғни ұйымдастырушы алгоритмнің әрбір пункті белгілі дидактикалық қызмет атқаруы тиіс.

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ДИДАКТИКАЛЫҚ СТРАТЕГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Тоғайбаева Динара Табигатовна

Алматы облысы Ұйғыр ауданы Шарын орта мектебі

Ақыл-ойды тәртіпке келтіретін – математика, сондықтан да оны оқу керек. Оқушыларға математика негіздерінен білім беру, басқа ғылым салаларымен ұштастыру ұстаздардың басты міндеті екенін әрдайым есте тұтқанымыз жөн. Оқушылардың пәнге ынтасын арттырудың тиімді әдістерінің бірі – математикалық ойындарды шебер ұйымдастыру. Сабақ – оқытуды ұйымдастырудың негізгі түрі. Демек, әрбір сабақ – оқу үрдісіндегі шешуші буын, сондықтан ол – оқытуды жетілдіру, қажетті түрлендірулер мен мақсатты нәтижеге жетуді ойластыратын орталық, сонымен бірге жоғары шеберлікті үнемі қажет ететін, дамуды керек ететін, даму үстіндегі сапалы оқуды іздестіретін үрдіс.

Математика сабағында дидактикалық стратегияларды қолдана отырып бастапқы математикалық түсініктер, олардың өзара байланысы, математикалық заңдылықтар, аксиомалар, математика әдістерінің өзімізді қоршаған өмірден, оның заттарынан абстракциялау арқылы құбылыстарын жалпылау арқылы алынатынын көрсете білу басты мақсат деп санаймын. Мұғалімдерге жаңа сабақтар, танымдық ойындар өткізуде кәдеге асар деген ниетпен төменде қысқа мерзімді сабақ жоспарын ұсынып отырмын.

| | | | | |
|---|--|--|-----------------------------------|--------------|
| <i>Сабақтың тақырыбы</i> | Санның модулі және оның геометриялық мағынасы | | | |
| <i>Мақсаты</i> | Санның абсолют шамасы және модулі туралы түсінік алады | | | |
| <i>Күтілетін нәтижелер</i> | Кез келген санның модуліне берілген есептерді шығара алады | | | |
| <i>Дереккөздер</i> | Математика, 2015 («Мектеп» баспасы) Слайд. Суреттер. Тірек-сызба | | | |
| <i>Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер</i> | «Хан тағы», «Ойлан, жұптас, бірік» «Мозайка», «Идеал тапсырмалар» | | | |
| <i>Керекті жабдықтар</i> | флипчарт, маркер, бағалау парағы, дидактикалық материалдар, суреттер | | | |
| <i>Сабақтың барысы</i> | СТО, АКТ, оқыту үшін бағалау, жас ерекшелігіне сай оқыту, дарынды және талантты, оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер. | | | |
| <i>Сабақтың кезеңі</i> | <i>Мұғалімнің іс-әрекеті</i> | <i>Оқушы әрекеті</i> | <i>Бағалау</i> | <i>Уақыт</i> |
| <i>Ұйымдастыру</i> | Ынтымақтастық атмосферасы «Шаттық шеңбері» Топқа бөлу Үлестірмелі фишкалар арқылы 3 топқа бөлемін | Оқушылар психологиялық түрде сабаққа дайындалып сабаққа көңілдері нығаяды. Балалар топқа бөлінеді | | 5 минут |
| <i>Кіріспе «Ой қозғау»</i> | «Хан тағы » | «Хан » тағына отырған оқушыға топтағы оқушылар сұрақ қояды және сұрақтарына жауап алады | Бағалау парақшалары | 10 минут |
| <i>Мағынасын тану</i> | «Ойлан, жұптас, бірік» | Тақырып бойынша жұпта, топта талқылай отырып өздері мысалдар келтіреді | Смайликтер Бағалау парақшалары | 7 минут |
| <i>Сергіту сәті</i> | | | | 3 минут |

| | | | | |
|----------------------|---|---|--------------------------------|------------|
| <i>Бекіту</i> | Мозайка әдісі бойынша кеспе қағаздағы есептерді беремін. «Идеал тапсырмалар» тапсырмаларды басқа оқушылардан орындап біткен оқушыларға арналған шығармашылық тапсырмалар беремін | Оқушылар берілген тапсырмаларды өз бетімен орындайды. | Смайликтер Бағалау парақшалары | 11 минут |
| <i>Үй тапсырмасы</i> | 320, 323- есеп, 72- б. | | | 3мин ут |
| <i>Бағалау</i> | Жиынтық бағалау | | | 3 минут |
| <i>Кері байланыс</i> | «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісімен кері байланыс аламын | Жеке парақшаны толтырады | | 3 минут |

Қорыта келгенде, оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстары: карточкалар, өздік жұмыстар, есептер шығарту, кестелер толтыру арқылы жүзеге асады. Сабақтың мазмұны мен құрылымының байлығы, әрқилылығы оқушылардың математика пәніне қызығушылығын күшейтуге үлкен мүмкіндік жасайды деп тұжырымдауға болады.

Әдебиеттер

1. Бидосов Э. Математиканы оқыту методикасы. Алматы: Мектеп, 1989.
2. Қожабаев Қ. Математиканы оқыту әдістері. Алматы: Санат, 1998.
3. «Математика және физика» журналы. 2002-2006.
4. «Математика Қазақстан мектебінде» журналы. 2006.

ЖАҢАША ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ҚҰЗЫРЕТТІ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Чинасилова Бибигул Джунускановна

Алматы облысы Іле ауданы М.Мақатаев ат. № 13 орта мектебі

Бүгінгі заман ағымы болашақ ұрпақтың ой-өрісінің шыңдалуын, жеке тұлға ретінде қалыптасуын талап етуде. Осы орайда ұлы педагог *Ушинскийдің* «*Бала – балқытылған алтын*» деген қанатты сөзін еске алмау мүмкін емес. Балаға қалай бағыт берсең, солай өсетіні әрбір адамға белгілі. Міне, болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейін, дамыту бағытына байланысты. Біз ұстаздар қауымы қандай болмасын жаңалыққа құлақ түре жүретініміз айқын. Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық.

«*Сабақ беру — жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер*» деген екен *Жүсіпбек Аймауытов*. Міне, осыған жүгінсек, қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін паш етті. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең бастысы, маңызды мәселе болып отыр. Білім – болашақ бағдары, оқушыларды даярлайтын мектептердің басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның құзыреттілігін дамыту.

Құзырет – оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс. Құзыреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Оқушылардың түпкілікті құзіреттіліктері – білім берудің жаңа нәтижелері. Құзыреттілікті оқушының пән бойынша игерген білім, білігінің

жинағы деп қабылдауға келмейді. Ол – оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа. Пән мұғалімдері білім беру жүйесінде жаңашылдықты пайдалану оқушы қаблетін дамыту бағытында оқу-тәрбие үрдісін жүйелендіру үшін көптеген істерді атқаруға тиіс. Басқаша айтқанда, бұл кеңістікке ең алғаш еніп, оны жүйелі және кәсіби бағытта енуін қамтамасыз ететін мұғалім.

Бүгінгі күні жаңаша әдіс-тәсілдер өте көп. Жаңашылдық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай болуы тиіс. Күтілетін нәтижелері ретінде оқушылардың негізгі құзыреттіліктері жаңашылдық құзыреттілікті қалыптастырудан күтілетін нәтиже жаңа заманға сай білімді мәдениеті мен құзыреттілігі қалыптасқан, теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алатын, өз пәнін басқа пәндермен байланыстыра алатын жеке тұлға қалыптастыру. «Қазіргі заманда болашақ жұмысшы мамандарды жаңашылдыққа байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында жаңа технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Жаңа технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде қолдану оқушының өз мамандығына қызығушылығын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, мамандық сапасын арттырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда мұғалімдердің ерен еңбектері мен жаңашылдыққа жетуге үлесі мол.

Я.А. Коменский *«Мұғалім – мәңгі нұрдың қызметшісі – ол барлық ой мен қимыл әрекетін ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын лаулаған жалын иесі»* деген екен. Олай болса, бізде сіздермен бірлескен алдағы мұғалімдік тәжірибеміздегі мақсат – заман талабына сай құзіретті тұлға қалыптастыруда осы жаңашылдықты жүйелі қолдана отырып, өз тәжірибемізді үнемі толықтыру және жетілдірудің нәтижесінде алдағы уақытта қазіргі заман талабына сай құзіретті жеке тұлға қалыптастыруға болатынына сенімдімін.

III СЕКЦИЯ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

МОНИТОРИНГ ЗНАНИЙ УЧАЩИХСЯ, КАК КРИТЕРИИ ОБУЧЕНИЯ ПО ПРЕДМЕТАМ ФИЛОЛОГИИ

Абдрахманова М.Е.

Лицей №24 Илийский район Алматинская область

Во всем мире отмечается повышенный интерес к проблемам качества образования. Создается мировая система мониторинга, это необходимо для получения объективной информации о результатах обучения, также для выявления условий повышения успеваемости учеников.

Диагностика и анализ не могут быть достаточно эффективными, если не взаимосвязаны с таким важным направлением деятельности как мониторинг.

Мониторинг– это постоянное наблюдение за каким- либо процессом с целью сопоставления наличного состояния с ожидаемыми результатами, отслеживание хода каких-либо процессов по определенным показателям.

Я представляю свою систему работы по проведению мониторинга на уроках русского языка в 5-х классах.

Целью проведения мониторинга является улучшение состояния общеучебной подготовки учащихся путем выявления проблем и целенаправленной коррекционной работы.

Для себя я поставила следующие *задачи*:


- определение достижений учащихся по темам изучаемого курса русского языка;
- реализация индивидуальных возможностей учащихся;
- отслеживание результатов учебной деятельности по предмету.

Для решения поставленных задач и для эффективной организации проведения мониторинга мне помогает алгоритм отслеживания результатов учебной деятельности учащихся:

- Подготовка и проведение тестов, диктантов
- Диагностическое оценивание знаний, умений и навыков.
- Определение уровня учебных достижений учащихся.
- Определение задач по коррекции ЗУН.
- Проведение коррекционной работы.
- Промежуточное оценивание знаний, умений и навыков.
- Коррекционная работа по устранению пробелов знаний, умений и навыков.
- Итоговое оценивание уровня учебных достижений.
- Составление таблиц, графиков, диаграмм результатов мониторинга.
- Анализ процесса отслеживания ЗУН и обобщение результатов.
- Корректирование календарно-тематического планирования.

Основным принципом мониторинга качества образования

является *систематичность* в проведении исследований и наблюдений, *доступность и открытость* в полученной информации. Поэтому в своей работе я использую мониторинг базовый, тематический и «одного урока».




Мониторинг *базовый* состоит из входной, промежуточной и итоговой контрольных работ.

На основании приведенной таблицы делаю сравнительный анализ, при помощи которого можно проследить динамику изменения успешности каждого ученика.

| Результаты контроля | | | | | |
|---------------------|------------|----------|---------------|----------|-------|
| n/n | Ф.И. | входящий | промежуточный | итоговый | вывод |
| 1. | Омаров К. | 3 | 5 | 5 | 1 |
| 2. | Каналхан С | 3 | 4 | 4 | 2 |

Изображение результатов в графическом виде облегчает восприятие и дает возможность быстрого сравнения итогов



Проведя сравнительный анализ по таблице, пришла к выводу: к концу учебного года некоторые ребята остались на прежнем уровне, у других повысилась или снизилась степень обученности. Поэтому поставила перед собой следующую задачу: в 5-ом классе совместно с психологами провести диагностику обучаемости учащихся, так как это поможет мне правильно судить о степени обученности детей.

Затем, чтобы получить ожидаемый результат, мною намеченный, после входящей контрольной работы определяю уровень ЗУН, планирую коррекционную работу индивидуально с каждым учащимся.

А в этом мне помогает уже *тематический* мониторинг. Тематический мониторинг опирается на мониторинг урока.

На каждого ученика я составила индивидуальную карточку. В данной карточке указываю виды ошибок и их коррекцию. При подготовке к урокам, проведении самостоятельных работ и диктантов включаю различные виды заданий для устранения данных ошибок. При закреплении темы использовала следующее задание на тему «Главные члены предложения». Например: записать пословицы и найти подлежащее и сказуемое. Стратегия толстые и тонкие вопросы. Игра «Лови ошибку». Что обозначает подлежащее и что такое сказуемое.

Пословица: «Будем крепко мы дружить,
И стране своей служить»

Далее выписываю анализ и коррекцию по изученной теме, для того, чтобы правильно спланировать работу на уроке, т.е. составить самостоятельные работы, тесты, диктанты с учетом индивидуальных особенностей детей.

Ценность мониторинга в том, что ни один, даже небольшой успех учащегося, не остается незамеченным. Оценка становится более значимой и более конкретной для ученика.

Для меня этот мониторинг является еще и диагностикой, на основании которой можно наблюдать развитие мотивации учения у каждого ученика и класса в целом.

Проводя мониторинговые исследования, необходимо помнить, что главная цель-помощь, а не оценить, выявить недостатки, а не успехи.

Также для качественного обучения и индивидуального достижения учащихся проводятся следующие виды контроля:

Стартовая работа проводится в начале учебного года и определяет актуальный уровень знаний учащихся, необходимый для продолжения обучения.

Текущий контроль позволяет фиксировать степень освоения программного материала во время его изучения. Учитель в соответствии с программой определяет по каждой теме объем знаний и характер специальных умений и навыков, которые формируются в процессе обучения.

Тестовая диагностическая работа (“на входе” и “выходе”) включает в себя задания, направленные на проверку пооперационного состава действия, которым необходимо овладеть учащимся в рамках данной учебной задачи.

Тематическая проверочная работа проводится по ранее изученной теме, которые формируются в процессе обучения.

Итоговая проверочная работа проводится в конце учебного полугодия, года. Включает все основные темы учебного периода.

В практике среднего образования используются различные *формы* текущего и итогового контроля качества знаний учащихся. Прежде всего, *устные и письменные* формы. Среди них традиционными являются:

- диктант;
- краткая самостоятельная работа;
- письменная контрольная работа;
- устный зачет по изученной теме;
- классический устный опрос у доски.

Методика организации перечисленных форм работы достаточно хорошо изучена и подробно описана в различных методических пособиях

Устные формы контроля пригодны для непосредственного общения учителя со школьниками на уроке по конкретным изучаемым на данном занятии вопросам. Они помогают учителю получить некоторую информацию о текущем усвоении учебного материала и осуществить необходимое педагогическое воздействие, а учащимся – подробнее и глубже разобраться в изучаемом материале.

Письменные контрольные работы также могут использоваться для активизации самого процесса обучения и помощи учителю и учащимся в обнаружении наиболее слабых мест в усвоении предмета.

Методы контроля учебных достижений, применяемые на уроках русского языка

Методы контроля – это способы получения обратной информации о содержании, характере и достижении учебно-познавательной деятельности учащихся, об эффективности работы учителя. Они призваны определить результативность преподавания и учения на всех этапах учебного процесса. В практике работы школы применяются такие методы контроля знаний, навыков и умений: устный и комбинированный опрос, проверка на основе письменных, графических и практических работ, программированный, стандартизированный (машинный и безмашинный) контроль, тестовая проверка, систематическое наблюдение за работой учеников в обучении.

Устный опрос требует устного изложения учеником о конкретном объекте окружающего мира. Такой опрос может строиться как беседа, рассказ ученика, объяснение, чтение текста, сообщение в наблюдении или опыте. Устный опрос как диалог учителя с одним учащимся или со всем классом (ответы с места) проводится, в основном, на первых этапах обучения, когда требуются систематизация и уточнение знаний учащихся, проверка того, что усвоено на этом этапе обучения, что требует дополнительного учебного времени или других способов учебной работы..

Письменный опрос заключается в проведении различных самостоятельных и контрольных работ. Оценка способствует повышению успеваемости и развитию учащихся, когда при составлении классной работы удастся правильно увязать объективные требования с достигнутым классом уровнем успеваемости. Работа должна ставить высокие, но выполнимые требования. У учащихся не должно быть ощущения, что требования завышены. Это снизит их отдачу. Заставит их списывать или уклоняться от учебной задачи. Классные работы используются в основном для контроля и оценки комплексных достижений.

Контроль уровня достижений учащихся по русскому языку проводится, как сказано выше, в форме письменных работ: диктантов, грамматических заданий, контрольных списываний, изложений, текстовых заданий.

Грамматический разбор есть средство проверки степени понимания учащимися изучаемых грамматических явлений, умения производить простейший языковой анализ слов и предложений.

Основы организации контроля знаний учащихся среднего звена

Для организации объективного контроля знаний необходимо четко представлять себе требования к знаниям и уровни необходимой деятельности учащихся. Требования к знаниям должны быть следующими:

- однозначность, т.е. поставленная цель образ должна быть однозначно понята всеми;
- диагностичность, т.е. должна существовать в проверки достижения поставленной цели;
- содержательность, т.е. цель должна отражать, что учил ученик в процессе обучения.

Система оценки качества образования включает в себя комплекс критериев, показателей и индикаторов, который в полной мере будет соответствовать задачам повышения качества образования на уровне учителя и школы.

Критерий «Формирование функциональной грамотности»

Содержание критерия: Наличие знаний, умений и способностей обучающихся, способность применять знания на практике, способность к обучению, способность адаптации к новым ситуациям, воля к успеху.

Данный критерий – один из самых важных и весомых. Он позволяет судить о профессионализме и эффективности работы учителя.

| <i>Показатели</i> | <i>Индикаторы</i> |
|--|---|
| Достижение учащимися положительных показателей в сравнении с предыдущим периодом (позитивная динамика уровня обученности) | Оценки промежуточной и итоговой аттестации. |
| Стабильность и рост качества обучения (позитивная динамика качества знаний учащихся) | Оценки промежуточного и итогового контроля. |
| Увеличение количества учащихся, принимающих участие, а также победивших в школьных конкурсах, мероприятиях, олимпиадах прочих уровней. | Награды различного уровня. Реестр участников конкурсных мероприятий |
| Увеличение количества творческих работ учащихся, представленных на различных уровнях | Награды различного уровня. Реестр участников |

Критерий «Формирование коммуникативных компетенций»

Содержание критерия: Владение навыками устного и письменного общения, умение урегулировать конфликты.

| <i>Показатели</i> | <i>Индикаторы</i> |
|--|--|
| Владение конкретными навыками, поведенческими реакциями, умением решать конфликтные ситуации. Сформированность навыков работы в группе, выполнение различных социальных ролей в коллективе. Умение представить себя. | Оценки в ходе наблюдения и изучения продуктов деятельности ребенка (письменные источники, устные выступления). |
| Благоприятный психологический климат в классе. | Результаты социально-психологического исследования, проведенного в классе. |
| Устойчивый интерес к художественной литературе. | Читательская активность. |

Критерий «Формирование интеллектуальных компетенций»

Содержание критерия: Непрерывное самообразование, формирование способности учиться на протяжении всей жизни.

| <i>Показатели</i> | <i>Индикаторы</i> |
|--|--|
| Устойчивый интерес у обучающихся к чтению специальной и художественной литературы. | Результаты анкетирования родителей, учащихся. |
| Русскому языку | Участие в различных проектах. |
| Увеличение количества творческих работ учащихся по предметам образовательной программы школы, представленных на различных уровнях. | Награды различного уровня. Реестр участников конкурсных мероприятий. |

Критериями выявления уровней обученности учащихся при обучении русскому языку являются отличительные признаки, по которым можно судить о достижениях разноуровневого обучения.

Объектом моего исследования стало разноуровневое обучение учащихся русскому языку в 5 классе, предметом – приемы осуществления разноуровневого обучения младших школьников русскому языку. Целью работы – изучить влияние разноуровневого обучения на развитие познавательного интереса и качества знаний учащихся по русскому языку.

В ходе работы я использовала традиционные методы педагогических исследований: сравнение, классификация, анализ, синтез, наблюдение, индивидуальная работа, тестирование.

Разноуровневое обучение – системный подход к обучению, основанный на разделении учебного материала по уровням его сложности, разделении учащихся по способностям, интересам и наклонностям, для достижения эффективности образовательного процесса.

Способности – это ориентировочные действия, которые обеспечивают отбор и применение необходимых знаний и умений

1. Способности и обучаемость школьника являются основой осуществления разноуровневого обучения, ибо изучение и знание способностей учащихся позволяет учителю учитывать их познавательные способности при подборе им видов деятельности, заданий различной степени трудности, а также поможет в оценке каждой педагогической ситуации.

2. Под способностями подразумеваются ориентировочные действия младшего школьника, которые обеспечивают отбор и применение необходимых ему знаний и умений.

3. Под обучаемостью подразумевается способность ученика достигать результат в более короткий срок. При этом способность зависит от обученности школьника, т.е. уже имеющихся, приобретенных им ранее знаний, умений и навыков.

Перед собой я поставила цель: повысить знания и умения на уроках русского языка, используя приемы разноуровневого обучения; изучить влияние разноуровневого обучения на развитие познавательного интереса и качества знаний учащихся по русскому языку.

Цель – определение качества образования школьников выбранного класса по русскому языку и сопряженных с ним показателей: познавательного интереса и познавательной самостоятельности.

Ученики не должны знать о том, что учитель их разделил. Деление учеников по уровням основано на изучении индивидуальных особенностей каждого ученика. Определяя ребенка на тот или иной уровень, учитель предвидит возможные продвижения.

Не секрет, что часто итоговые оценки не вполне объективно отражают истинный уровень знаний учащихся. Для более полного и объективного изучения знаний учащихся была проведена проверочная контрольная работа.

Контрольная работа составлялась в расчете на три основных уровня сформированности умений. В ней предусматривается проверка усвоения учащимися основных орфограмм, изучавшихся ранее.

Для оценивания работы по каждому заданию была применена следующая методика: определяется характер ответа (полный, верный неполный, неверный; не дано ответа).

В предложенной работе первое задание оценивается в 1 балл, второе – в 2 балла, третье – в 3 балла, четвертое – в 4 балла. Максимальный балл, который может быть получен за выполнение работы, равен 10 баллам. Работу выполняли 14 учеников.

В таблице за каждое задание напротив фамилии ученика выставляется набранный балл в зависимости от правильности выполнения. Затем определяется общий балл за всю работу и сравнивается с максимальным. Итоговая оценка выставляется следующим образом. Если суммарный балл за результаты составляет 100 к максимальному, то выставляется оценка «5»; если суммарный балл за результаты составляет 80-90 к максимальному, то выставляется оценка «4»; если суммарный балл за результаты составляет 60-70 к максимальному, то выставляется оценка «3», если 50, то оценка «2», а ниже 50 – оценка «1».

| № | Фамилия, имя | 1 | 2 | 3 | 4 | всего | | оценка |
|---|---------------|---|---|---|---|-------|-----|--------|
| 1 | Омаров К. | 1 | 2 | 3 | 4 | 10 | 100 | 5 |
| 2 | Каналхан С. | 1 | 2 | 3 | 0 | 6 | 60 | 3 |
| 3 | Алмасулы Д. | 1 | 2 | 3 | 4 | 10 | 100 | 5 |
| 4 | Орынбай А. | 1 | 2 | 3 | 2 | 8 | 80 | 4 |
| 5 | Амангали И. | 1 | 2 | 2 | 2 | 7 | 70 | 3 |
| 6 | Нурсапаева А. | 1 | 2 | 2 | 2 | 7 | 70 | 3 |

| | | | | | | | | |
|----|---------------|---|---|---|---|----|-----|---|
| 7 | Айдаркызы А.. | 1 | 2 | 2 | 3 | 8 | 80 | 4 |
| 8 | Балтабай Е. | 1 | 2 | 2 | 2 | 7 | 70 | 3 |
| 9 | Ильяскызы Б. | 1 | 1 | 1 | 0 | 3 | 30 | 2 |
| 10 | Калык А. | 1 | 2 | 3 | 4 | 10 | 100 | 5 |
| 11 | Нурлан А. | 0 | 2 | 3 | 2 | 7 | 70 | 3 |
| 12 | Нуржанулы Д. | 1 | 2 | 3 | 3 | 9 | 90 | 4 |
| 13 | Нургалык Р. | 1 | 2 | 2 | 3 | 8 | 80 | 4 |
| 14 | Аманкул К. | 1 | 2 | 3 | 0 | 6 | 60 | 3 |

Данная система работы позволила мне определить уровень обученности и обучаемости по предмету, разработать методические материалы по устранению пробелов и коррекции знаний, выявить факторы и условия, влияющие на качество обучения, целесообразно внедрять новые педагогические технологии в образовательный процесс, и проводить своевременно обработку полученных результатов.

САБАҚТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Айдаболова Р.У.

Алматы облысы Жамбыл ауданы Мыңбаев ауылындағы орта мектеп

Сабақтың тақырыбы: Жеті ата


Сабақтың мақсаты: Ойлау қабілетін, тапқырлықты, жылдамдықты, таным белсенділігін арттырып, жеті санының сырын ашу.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

а) Ой шақыру.

Балалар, «Жеті саны» дегенде сендерге қандай ой келеді?



б) Мақал-мәтел арқылы топқа бөлу.

I топ. Жеті жұрттың тілін біл,

Жеті түрлі ілім біл.

II топ. Жеті атасын білмеген – жетесіз.

I. Мұғалімнің кіріспе сөзі. Қазақ халқының ұғымында жеті санының қасиетті, киелі сан екендігін білесіңдер ме?

Қазақ халқында жеті саны киелі деп есептелген. Себебі орта ғасырларда ғалымдар жеті күнге, жеті жұлдызға ат берген. «Жеті» сөзімен байланысты халқымызда жеті қазына, жеті күн, жеті ата, жеті ұрпақ, жеті байлық сөздері пайда болған. 17- ғасырда Тәуке ханның «Жеті жарғысы» да жеті санының қасиеттігіне байланысты болған. Қайтыс болған адамның жетісін беру, жеті шелпек пісіріп, еске алу жетімен байланысты. Наурызкөжеге де жеті тағам салып пісіреді.

2. Ал енді Қадыр ағамыздың «Жеті» өлеңін оқып, мағынасына көңіл бөлейік.
«Жеті»

Киелі сан жеті деген,
Байланысты жетіменен.
Көп ұғымы халқымыздың,
Белгісіндей салтымыздың.
Жеті қабат көк жер үсті

Жеті қабат жер асты.
 Жеті Жарғы – заң жеті,
 Қазынамыз бар жеті.
 Жеті атамыз – жеті жұрт,
 Ағайынды жеті құт.

3. Өлең бойынша жұмыс. Өлеңнің түсінігін айту;
4. ДЖИГСО әдісі бойынша оқулықпен жұмыс (63-б, 1-тапсырма)

I топ. «Шежіре» – араб сөзі. Қазақ тіліне аударғанда- «ағаштың бұтағы» деген мағынаны береді. Қазақта әрбір адам өзінің арғы тегін, кем дегенде, жеті атасына дейін білуі керек. Мұны білмегенді «жеті атасын білмеген – жетесіз» деп сөккен. Сондықтан қазақ баласы әкесінен бастап жеті атасының есімдерін кішкентай кезінен жаттап өсуі керек. Қазақ шежірені тарихты айтумен бір деп есептеген.

II топ. Әрбір адам өз ата-бабасының өмірде жасаған ғибратты іс-әрекеттерін ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткізіп, жастарды тәрбиелеп отырды. Шежірені кейде «Далалық тарихнама» деп те атайды. Зерттеуші ғалымдар бір ата 13 атадан асса – ру ,бірнеше ру біріксе – тайпа, бірнеше тайпа бірігіп жүз

4. Оқулықпен жұмыс (63-б. 3-тапсырма)
5. Рөлге бөліп оқу. қауымдасса халық, не ел болады деп есептейді.
6. Оқулықпен жұмыс (63-б. 2-тапсырма)

« Жеті ата» – бір кісіден тараған аталас қауым. Бала жеті атасын білу керек.

| | |
|----------|------------|
| Жеті ата | Жеті ұрпақ |
| Бала | 1. Әке |
| Әке | 2. Бала |
| Ата | 3. Немере |
| Арғы ата | 4. Шөбере |
| Тек ата | 5. Шөпшек |
| Түп ата | 6. Немене |
| Баба | 7. Туажат |



Топпен жұмыс (постер)

I топ. Құрамында жеті саны бар жер-су аты

II топ. Қазақстанның жеті кереметі

I топ «Қасиетті»

II топ «Даналық» сөзіндегі дыбыстарға математикалық тәсілмен мінездеме беру.

ҮІІ. Қорытынды:

«Ыстық орындық» стратегиясы

ҮІІІ. Бағалау.

| № | Оқушының аты | Жаңа сабақ | Топтық жұмыс | Презентация | Грамматика | Қорытынды |
|---|--------------|------------|--------------|-------------|------------|-----------|
| 1 | Айдана | | | | | |
| 2 | Роман | | | | | |
| 3 | Даурен | | | | | |
| 4 | Маулен | | | | | |
| 5 | Дарья | | | | | |
| 6 | Алла | | | | | |
| 7 | Айсулу | | | | | |

Үйге тапсырма: I топ. Қазақтың қасиетті сандары туралы мағлұмат жинау
II топ. Жеті ата, жеті ұрпақ жайлы шағын эссе жазып келу.

САБАҚТА МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

*Айтжанова С.С., ф.ғ.к., Глесова Қ.Ә.
Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ*

Өзге тілді дәрісханаларда қазақ тілін жүргізу студенттерден көп дайындықты талап етеді. Осы дәрісханада сабақ беретін оқытушылар еңбегінің табысты болуын қайнар көзі – студенттің ана тілі мен қазақ тілінің арасында әрқилы ұқсастықтарын, айырмашылықтарын есепке ала отырып, соларға негіздей айтқанда ғана сабақ табысты және тиімді болады. Өзге тілді дәрісханаларда қазақ тілі оқытушылардың екі тілді де жетік, жақсы білуді талап етеді. Оқу – тәрбие жұмысының негізі – сабақ, сондықтан сабақ тартымды, әсерлі, мақсаты айқын, қызықты және толыққанды болуы тиіс.

Ал сапалы сабақ оқу – тәрбие жұмысының нәтижелі болуына тікелей әсер етеді. Демек, сабақты ұйымдастыру формаларын, құрылымын жетілдіріп, әртүрлі керекті, пайдалы материалдармен толықтырып отырған жөн.

Қазіргі таңда өз пәнін терең білетін тәсімшілдік шеберлігі шындалған әрбір оқытушының негізгі алға қойған міндеті – шәкірттерінің ой-өрісін кеңейтуге, биік адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға мән беруінде.

Әрбір сауатты адам кітапты оқығанда белгілі бір коммуникативтік міндетті шешеді. Басты коммуникативтік міндетке байланысты барлық оқу жағдайлары 2 топқа бөлінеді:

1) Оқу барысында студент тек қана мәтінде берілген ақпаратты қабылдауға байланысты жағдайлар.

2) Оқу барысында ақпаратты қабылдаумен қатар, бір мезгілде ақпаратты сол күйінде өзгелерге жеткізуге қатысты жағдайлар.

Бірінші жағдайда, студент мәтінді ішінен оқиды, ал екінші жағдайда дауыстап оқиды. Әрбір студент қазақ тілінде үйренген іскерлігін өзінің еңбек қызметінде қолдануы тиіс.

Кітап оқудағы мақсатты жүзеге асыру үшін, оқумен студент оқытудың мынадай түрлерін меңгеру керек: 1) қарап шығу

- 2) таныса оқу
- 3) ізденіп оқу
- 4) зерттей оқу

1. Қарап шығудың мақсаты – кітаптың (мақаланың, мәтіннің, әңгіменің) мазмұны, оның тақырыбы, қарастырылатын мәселелер тобы туралы мағлұмат алу. Қарап шығу арқылы бұл кітап немесе мақала, мәтін керек па, жоқ па деген мәселені шешеді. Мұндай ақпаратты алу үшін кітаптың немесе мақаланың атын, жекелеген абзацтар мен сөйлемдерді оқу жеткілікті.

2. Таныса оқудың мақсаты – кітаптың немесе мақаланың мазмұнымен танысу, сондықтан оқудың бұл түрін кейде мазмұнды қайта оқу деп айтады.

3. Ізденіп оқу мақсаты – мәтіндерден немесе мақаладан керекті ақпаратты, жекелеген абзацтар мен сөйлемдерді өзіне қажетті тақырыпты тауып оқу.

4. Зерттей оқудың мақсаты – оқырман мәтіндегі ақпаратты толық және барынша дәл түсінуі керек. Ол үшін мәтінді бірнеше қайталап, зерттей, сын елегінен өткізіп, есте сақтай алу керек.

Осы оқудың төрт түрін меңгеру арқылы студент ғылыми – көпшілік, публицистикалық және көркем әдебиетті оқи алады. Оқу барысында алынған ақпарат оқырманға, студентке белгілі мөлшерде тәрбиелік ықпал етеді, оқырманға, студентке рухани-саяси – идеялық тұрғыдан тәрбиелеуге көмегін тигізеді. Сондықтан оқуға арналған мәтіндердің мазмұнына көп көңіл болу қажет.

Мәтіннің мазмұнын түсініп оқу үшін оқудың екі түрі бар: Олар: аналитикалық және синтетикалық оқу.

Аналитикалық оқу дегеніміз – тіл жағынан қиып мәтіндерді тіл материалын грамматикалық құбылыстар мен кейбір сөздерді талдау арқылы, сол мәтіннің мазмұнын түсініп оқу.

Аналитикалық оқуда 3 саты деп аталатын, сатылардан оқу керек.

Мәтіннің жалпы мазмұнын түсіну үшін оны бір рет оқып шығу, шолу түсінгенін ана тілінде қысқаша айтып бере алу.

Мәтіндегі қиын грамматикалық құбылыстар мен сөздерді талдау арқылы оның мазмұнын толық және дәл түсіну.

Мәтінді мәнерлеп оқу. Бұл сатының маңызы өте зор. Оқу жылдамдығы, дауыс ырғағы – мәтінді түсінгендіктің көрсеткіші. Өйткені дұрыс түсінбеген мәтінді мәнерлеп оқу мүмкін емес.

Синтетикалық оқу деп, оқырман – студент мәтіннің мазмұнын ешқандай талдаусыз, ана тіліне аудармай, тікелей түсінуге үйрету үшін, таныс емес сөздер мен грамматикалық құбылыстарды алдын-ала басқа комплексте түсіндіріп бекітіп алу керек. Тек сонда ғана мәтіннің мазмұнын тікелей түсінеді. Мұны тіл материалын алдын – ала ауызша меңгеру деп атаймыз. Оқу техникасын тез меңгеру үшін, әрбір жаңа сөзді ауызша түрде меңгеріп қоймай, оларды оқып үйренулері керек. Оқу барысында қате жіберетіні белгілі. Бұл қателерді түзету үшін оқу қатесі мен дыбыстарды айту қатесін ажырата білу керек. Егер студент тек бір әріпті дұрыс оқымаса онда сол әріптің жеке сөзін ана дұрыс оқытып қою жеткіліксіз. Студент ол әріпті сөз құрамында оқуға тиіс, сонан соң сөйлемнің құрамында оқуы керек.

Сөз және оның мағынасын түсіндіру кезінде қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс түсініп, пайдалану үшін студентке сөздің негізгі мағынасын түсіндіру керек. Қазақ тіліндегі бірқатар сөздердің жеке тұрған күйінде негізгі мағынасының айқын бола алмайтынын аңғартуымыз керек.

Мысалы, мына сөйлемдерді талдай отырып, қазақ тіліндегі бірқатар сөздердің көп мағыналы болып келетінін айтқан жөн. «Ананың ақ сүтін ақтау керек», «Жердің шөбі қураса, мал аң болып кетеді», «Мал семіреп, ақ пенен ас көбейер», «Нысапсыз не керек, істің ақ пен қарасы». Бұл сөйлемдегі «ақ сөздің төрт түрлі мағынаны білдіретіні.

Біріншіде «ақ» сөзі «адал» деген мағынаны, екіншіде «ақ жол» болу дегенді, үшіншіде «ақ» сөзі – «айран, сүт» дегенді, төртінші – «ақ» сөзі «адал, дұрыс, шын» деген мағынаны беріп тұрғанын түсіндіруіміз қажет.

Бұдан кейін сөздің тура және ауыспалы мағынасы болатынын түсіндіру керек. Мыс: 1. Бақшада түрлі-түсті жеміс өседі.

2. Еңбегін табысты, жемісті болсын.

Бірінші сөйлемдегі «жеміс» деген сөз жейтін әр түрлі заттың атауы. Екінші сөйлемдегі «жеміс» деген сөз бір нәрсенің рахаты, нәтижесі деген мағынасы екенін білдіреді. Екінші сөйлемдегі «жеміс» деген сөздің ауыспалы, бейнелеу мағынасы екенін түсіндіру керек.

Мысалы: I ат – көлік, жылқы; II ат – кісінің аты, есімі; III ат – етістік (мылтық ат, оқ ат)

Студенттің түсініп оқу дәрежесін қабілетін әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы анықтауға болады. Бұл жерде айы кететін алай – күнделікті сабақ кезінде мәтінді бір сөзін қалдырмай аударып, тек осындай аударма жұмысымен шекпен пайдаланудың тиімсіздігі. Ол дәрісхананы зеріктіріп, ынтасын кемітіп ойлау қабілетін тежейтін сияқты. Сол себептен әр түрлі әдістер қолдана отырып тексерген жөн.

Сондықтан мәтінмен жұмыс істер алдында міндетті түрде онда кездесетін таныс емес сөздермен тиянақты жұмыс істеу керек. Жаңа сөздердің аудармаларын студенттер міндетті түрде меңгерулері қажет.

Міне, осындай жұмыс түрлерін жүргізе отырып, мәтінмен жұмыс жүргізу кезінде студенттердің ой-өрісін дамытуға, терең білім алуларына мүмкіндік туады.

ТІЛДІ МЕНГЕРТУДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Амирова М.Ж.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Оқу үрдісінде инновациялық технологияны тиімді пайдалану бұл еліміздегі түрлі сала бойынша білім алып жатқан студенттерді болашақ бәсекеге қабілетті маман ретінде дайындап шығару. Педагогтер инновациялық технологияны тиімді пайдалану арқылы студенттердің өз ойларын жеткізе білуін, шығармашылық ойлау қабілетін арттыруды, бір-бірімен студент ретінде емес іскерлік қарым-қатынаста болашақ маман ретінде қызмет барысында туындаған өзекті мәселерді бірлесіп шешу жолдарын, ақпаратты қалай тиімді пайдалану әдістерін үйретеді. Оқытудың білім беру, тәрбиелік, дамыту функцияларын кеңінен қолдану қажет. Әрбір педагогикалық технология және тұлғаның жеке өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік шығармашылық қабілеттерін арттыруға қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерді қамтиды.

Солардың бірі – білім саласында білім алушыларға осы заманғы талаптарға сай әдістермен сабақ беру. Яғни ЖОО-да сабақ беруде қазіргі ең тиімді, нәтижелі әдістерді, солардың бірі интербелсенді оқыту тәсілдерін қолдану деген сөз. Бүгінгі күні инновациялық әдістермен оқытудың ақпараттық технологияларын қолдану арқылы ғана білім алушының ойлау қабілетін арттырып, ақпараттық технологиялар негізінде ізденушілігін дамытып, құзіреттілігін қалыптастыра аламыз.

Мемлекеттік тілдің қоғамдық аясының кеңеюі бүгінгі күн талабына сай жоғарғы оқу орындарында кредиттік жүйемен оқытатын типтік бағдарламалар мен оқулықтар жасауды, білікті кадрларды көбейтуді, оқытудың ең озық жүйелері мен технологияларын енгізуді талап етеді. Нақтырақ айтсақ, оқытудың дәстүрлі әдістерімен қатар интерактивті (жоғары белсенділікті дамыту), жаңаша жаңғыртып оқыту (инновациялық) әдістерін, үздіксіз оқыту немесе кешенді оқыту әдісін жетілдіре түсу қажет. Тілді компьютер арқылы оқыту да бүгінгі күннің талабы. Сапалы білім беруді жүзеге асыруда көптеген елдер жалпыға ортақ жоғары білім стратегиялар мен принциптерін жасау ойларын ортаға салады. Әлем елдері кәсіби білім алуға кез келген жеке тұлға еркіндігі барлық мемлекеттерге ортақ болуын қалайды. Елдегі білім мәселелерін шешудегі бағыттар Болон процесі материалдары мен ЮНЕСКО бағдарламалық құжаттарына негізделіп айқындалады.

Мемлекеттік тілді оқып-үйрену және оны үйретуде сапалы, әлемдік стандартқа сай білім беру ең алдымен оқыту үрдісін кредиттік жүйеде ұйымдастырумен байланысты. Білім берудің кредиттік жүйесі ұғымына Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға ортақ білім беру стандартында – (5.03.00-2004) ҚРМЖББС – (5.03.00.-2004) төмендегідей анықтама берілген. Бұл құжатта кредит көлеміндегі білімді есепке алу және білім траекториясын таңдау, жеке тұлғалық ерекшеліктерді есепке алу негізінде шығармашылықпен білім алып, өз білім деңгейін көтеруге бағытталған білім беру жүйесі кредиттік жүйе деп танылған.

Кредиттік жүйенің анықтамасында көрсетілгендей, студенттің өз бетімен жұмыс істеуі, дайын білім алудан гөрі студенттің білім алуға шығармашылық белсенділігін арттыруға көшу – басты мақсат. Кредиттік технология жүйесімен оқытудың бір ерекшелігі көбіне студенттің өз бетімен дайындалуына басым бағыт берілуінде. Оқытушы студенттің қамтитын материалдарына, қарайтын ғылыми еңбектеріне көбірек бағыттап отыруды қажет етеді. Бұл студентке де үлкен жауапкершілік артады. Бүкіл танымдық оқу үрдісі – студенттің өзінің есту, көру, сөйлеу, есте сақтау механизмдерінің жұмысы. СӨЖ (Студенттің өздік жұмысы) ұғымын анықтауда педагог-ғалымдардың көпшілігі студент әрекетінің сипатынан гөрі оқытушының осы әрекетті басқару тәсілі мен студенттің оқу әрекетіне қатысу дәрежесін басшылыққа алуы. Басқару тәсілі тікелей немесе жанама түрде жүргізіледі. СӨЖ-ді жанама түрде басқару арнайы оқыту материалдар --/бағдарламалар т.б./ арқылы басқару деп түсіндіріледі. Оқытушының оқу әрекетінде студенттің жұмысына белсенді араласып, оның орындалуын қадағалап, қатесін жөндеумен жүргізілетін басқару тікелей басқару болмақ. Студенттің оқытушының тікелей қатысынсыз жүзеге асырған оқу әрекеті өздік жұмыс болып есептеледі.

Қазақ тілін кредиттік жүйемен игеруде СӨЖ – оқудың негізгі нысаны болып табылады. Сондықтан оқу нысаны ретінде мақсаты, түрі, ақпараттық дерек көзі, орындалу орнымен анықталады. СӨЖ әртүрлі: жазбаша, ауызша, дара, екеулей немесе ұжымдық түрде жүргізіледі. СӨЖ студенттердің танымдық белсенділігін арттырып, оларды шығармашылық ізденіске, оқытушы мен студент арасындағы түсінушілікке апарады. Дәріс сабақтарының да жаңа түрі осы міндеттерді орындау бағытында жүргізіледі. Дәріс сабағында студенттер білім алып қана қоймайды, сонымен қатар

өтілетін материалға әр қырынан келуге үйренеді. Дәріс материалдары студенттердің өздік жұмыстарының тапсырмаларын орындауда көп көмегін тигізеді. Студенттердің өзіндік жұмысы туралы әдістемелік әдебиеттерде әр қырынан қарастырылады. Қазақ тілін оқытып үйретуде студенттердің өзіндік оқу жұмысын ұйымдастыру және басқару мәселесінің маңызы зор. Өзіндік жұмысты ұйымдастырудағы маңызды элемент – өзара ынтымақтаса әрекет жасауға бағытталған шығармашылық қарым-қатынас, оқытушының студентпен жұмыс жасау барысындағы өзара сенімі мен түсінігі екенін ұғындыру. Студенттің сабаққа үздіксіз қатысуы және әр сабақтағы жүйелі жұмысы, берген жауаптары, белсенділігі – басты өлшем. Басқа оқу пәндерімен салыстырғандағы қазақ тілі пәнінің өзіндік ерекшелігі бар екенін, оның табиғатын, тілді меңгеруде кездесетін қиындықтарды төзім мен шыдамдылық, үздіксіз және жүйелі еңбек арқылы жеңуге болатынын студенттерге түсіндіру қажет. Студент қатыспаған сабақ бойынша өтілген оқу материалын өз бетімен оқып, тапсыруы керек. Сонымен қатар студенттер өзіндік жұмыс жасау технологиясының негізгі ұстанымдарымен танысу барысында қазақ тілін орта және жоғары мектепте оқу арасындағы айырмашылықты байқайды. Дәстүрлі әдістеме бойынша қазақ тілін тек оқытушының басшылығымен оқыса, кредиттік жүйе арқылы оқытуда студенттердің оны негізінен өз бетімен үйренуіне тура келеді. Тілді игеруде бір нәтижеге жету – әр студенттің жеке қасиет, ерекшеліктері мен тілек-ниетіне байланысты. Сондықтан да әр студент тілді игеруде өзіндік жұмыс жасау технологиясының көпшілікпен қабылданған ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, тілді үйренудің өзіне ұтымды әдіс-тәсілін білуі керек. Мұндай ұстанымдарға жататындар:

- қазақ тілін игеру үшін жүйелі, үздіксіз, тиянақты жұмыс жасау ;
- материалды сабақ алдында бір рет ұзақ, кейде бірнеше сағат бойына оқығанша, жиі, 30-40 минут деңгейінде күнделікті оқу;
- біршама қиын және нашар меңгерілген грамматикалық тұлғаларды, оларды мәтінде тану арқылы, үйреніп жатқан тілмен ана тіліндегі айырмашылықтары мен ұқсастықтарын түсіну;
- меңгерілген лексика-грамматикалық материалды бекіту үшін көптеген жазбаша және ауызша жаттығуларды өз бетімен мұқият, ұқыпты орындау, себебі тілдік материалды меңгеріп, бекіту үшін, бұл материалмен белсенді әрекет жасау керек;
- талданып жатқан материалға өзінің сауалдарын қою және оған мүмкіндігінше «өз сөздерімен» жауап беруге тырысу;
- сөйлегенде қателесу, кемшіліктер кездеседі деп жүрексінебеген дұрыс. Керісінше, олардың табиғатын толық тәптіштеп талдау және ұғыну арқылы сол кемшіліктерді жеңуге тырысу.

Осындай жалпы ұстанымдарға сүйене отыра, студенттерге өзіндік жұмыс жасаудың жеке түрлері және тәсілдері бойынша нұсқаулар беріп отыру керек.

Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру көптеген жағдайда оқу еңбегінің моральды-психологиялық күйіне, оқытушы мен студенттердің арасында өзара қалыптасқан қолайлы қарым-қатынасқа байланысты. Бұл студенттердің оқытушыға және оқытушының студенттерге деген сенімімен, оқытушының студенттерге деген қамқорлық көңілімен сипатталатын тілектестік, іскер және сонымен қатар талап қоятындай болуы керек. Осылайша ұйымдастырылған студенттердің өзіндік жұмысы жоспарланған сипатта болуы керек. Мұнда әрдайым бірізді екі ереже сақталады:

- біріншісі, студент берілген семестрге арналған оқу жұмысының жоспарын жақсы білуі керек, алдына қойылатын талаптар мен міндеттер туралы толық хабардар болуы қажет;
- екіншісі, студенттерге қойылатын оқу жұмысының жоспары, талаптар мен міндеттер құр сөз болып қалмай, барлығы ретімен жүзеге асып, талап етіліп, қадағаланады.

Қорыта келе, қоғамның дамуының қазіргі кезеңінде жоғары оқу орындарында кредиттік жүйе бойынша тілді оқытуда студенттердің шығармашылық өздік әрекетін қалыптастыру – оқытушылардың алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі.

Әдебиеттер


1. Высшее образование в XI веке. Подходы и практические меры. Всемирная конференция по высшему образованию. ЮНЕСКО. Париж, 5-9 октября 1998 г.
2. Байтұрсынов А. Қай әдіс жақсы? Жаңа мектеп, 1928.
3. Әлімов А. «Интербелсенді әдістерді ЖОО-да қолдану. – Алматы, 2009.

ТІЛДІ МЕНГЕРТУДЕ ЭТНОЛИНГВИСТИКАНЫҢ МАҢЫЗЫ

Әділханова Ж.С., Ибраимова Ж.Т.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Тіл арқылы белгілі бір ұлттың болмысын тануға болады деген ұғым тіл біліміндегі соны сипаттарға ие болып келе жатқан әдістемелердің бірі. Қазақ халқы да басқа ұлттар секілді ғасырлар бойы жинақталған ой-тәжірибесін, даналығын, дүниетанымдық көзқарастарын, салт-дәстүрін, т.б. тілінде көрсете білген тілі бай халықтардың бірі. Ұлттық тілдің тамырынан бүгінгі күнге дейінгі зерттеуінде кешегі Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынұлының жазбалары мен бүгінгі Ә.Марғұлан, Ә.Қайдар, Р.Сыздық т.б. көптеген ғалымдарымыз өз еңбектерінде «тіл – ұлттың болмыс-бітімі, рухани-мәдени құндылығы» дегенді талмай дәлелдегені баршамызға аян. Адам санасында қалыптасқан тілдік қорды, яғни тіл арқылы бойға сіңген ұлттық дәстүр, ырым-тиымдарды, мінез-құлық пен бітім-болмысын зерттеуге бет бұрған қазіргі тіл білімінің танымдық бағыты қалыптасуда. Ал адамзат үшін ақиқат дүние біреу болғанмен, оны түсіну, тану, сол дүниенің біртұтас бейнесін санада қалыптастыру әрекеттері әр адамда, әр ұлтта әртүрлі деңгейде, сан алуан түрде беріледі. Сондықтан тіл иесі танымдық ойын өз тілінде сақталған дүние бейнесіне сәйкес танытуға тырысады.



ЭТНОЛИНГВИСТ

Олай болса, тілдің осындай танымдық мәнін тіл меңгерушілерге қалай, қандай түрде ұғындыра аламыз. Осы орайда дәстүрлі мәдениеттің тілдік көріністеріндегі тілдің рухани қызмет құралы, рухани құндылық көзі ретінде халық ауыз әдебиеті мен жыраулар тіліндегі, мақал-мәтелдер мен фразеологиялық жүйедегі, терминологиялық өрістегі, көркем мәтіндегі тілдің ұлттұтастырушылық дәйегін ашудың мәні ерекше. Себебі, әр халықтың басынан кешкен тарихы, бүкіл рухани, мәдени байлығы, болмысы, дүниетанымы, өмір тіршілігіне, күнделікті тұрмысына қажет бұйымдары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, талғамы т.б. ұлттың ұжымда, сол тілде сөйлеуші ортада қалыптасып, тілінде сақталады. Демек, сөз заттың тура таңбасы емес, дүниенің тікелей бейнесі емес, дүниені тану мен күнделікті тұрмыс пен еңбек тәжірибесі барысындағы ұлттың тілдік санасында, тілдік шығармашылық процесс нәтижесінде туған бейнесі. Сондықтан академик Ә.Қайдардың «ұлт пен тіл біртұтас» деп атаған қағидаға сүйенген зерттеулерінің табиғатынан туындайтын этнолингвистикалық тәсіл біздің ойымызша, тіл арқылы ұлтты тану мен танытудың кепілі мен қажетті шарты бола алады. Мысалы, кезіндегі күнделікті өмірде қажетті болған көптеген заттардың атаулары қазіргі қазақ тілінде мәдениеттің, дәстүрдің және ұлттық мұраның жұрнағы ретінде сақталып қалғанын байқаймыз. Мысалға кешегі күні тұтынған *кебеже, сандық, ер-тоқым, күбі, торсық, кимешек, т.б.* сөздерді атасақ та жетіп жатыр. Демек, атаулар жүйесінің қызметі тек атауыштық қана емес, танымдық та. Міне, тілдің негізгі коммуникативтік қызметіне қоса, ұлттың рухани қазынасын бойына сақтаған құжаттық, этномәдени, этнолингвистикалық қызметі нақты көрінісі осыдан анық байқалады. Ал, тілі басқа ортада шыққан, сауаты басқа тілде ашылған ұлт өкілдері үшін тілдің өзегіндегі мәні мен мазмұнын ұқтыруда этнолингвистиканың атқарар ролі ерекше деп есептейміз. Себебі, қазақ тілі жаттап алып меңгеретін тіл емес, оның терең мәнін түсінбей, тұрмыстағы қызметін білмей, қандай қолданыста тұрғанын анықтап алмай оны тұтыну мүмкін емес. Сондай-ақ, терминдік мәні, синонимдік мәні, омонимдес сөздер, көпмағыналық, тұрақты тіркесте беретін мәні, мақал-мәтелдер мен қанатты сөздердегі, тіпті толғаулар мен өлең жолдарындағы қолданысында бір сөздің алуан түрлі

мәнге ие болатынын қаперге ұстар болсақ, тіпті ұшы-қиырына жетпейтін тілдің тереңіне бойларымыз анық. Сөз – маржан. Теңіздің түбінен сүзіп алар осындай қасиетін бойға сіңіргенде ғана ол санаға сіңіп, тұтынуға айналады. Тұтына алмаған сөзді меңгердік деп айтуға болмас. Бүгінгі күнде жастарымыздың көбі, өкінішке орай, тілді шұбарлап қана қоймай, оның қолданыс аясын тарылтып, күнделікті ауызекі сөзден ары аса алмай жүргендері қынжылтады. Біз дәріс беріп жүрген орта әр түрлі деңгейдегі жастар болғандықтан тілді меңгерту де әр түрлі деңгейлік тапсырмалармен жүргізіледі. Жалпы жоғары оқу орнына түсуге келген жастар болғандықтан тестке дайындалумен шектелгілері келеді. Бар ынталары – тесттің сандық көрсеткіші. Дегенмен, тіл мамандары тілді терең меңгерудің түрлі тәсілдерін қолданып, мейлінше қазақ тілін еркін, әрі терең меңгерсе деп түрлі әдіс-тәсілдермен жұмыс жүргізетіндері бар.

Өз тәжірибемде, ұлттық дәстүрімізді, салт-санамызды, халықтық ерекшелігіміздегі құндылықтардың барлығы тілде көрініс табатынын әр сөзді түсіндіре отырып, меңгертуге тырысамын. Бұл әсіресе, тесте кездесетін терминдік, кәсіби, көнерген сөздер, мақал-мәтелдер, тұрақты сөздер сынды тақырыптарда айрықша қажет. Этнолингвистикалық тәсіл тілдің барлық саласында да пайдалы, әсіресе, лексика саласында. Мәселен, бір ғана *ақ, қара* деген сөздерді ғана алайық: АҚ: *Ақ адал, ақ берен, ақ бата, ақ басқұр, ақ боз үй, ақ боран, ақ сұңқар, ақ бауырсақ, ақ бесік, ақ болат, ақ семсер, ақ жол, ақ бота, ақ бөпе, ақ бұлақ, ақ бұлт, ақ дастархан, ақ жағал, ақ жағалау, ақ домбыра, ақ тілек, ақ босаға, ақ жүзі, ақ киіз, ақ көбік, ақ күн, ақ желкен, ақ кіреуке, ақ қағаз, ақ қанат періште, ақ маңдай, ақ қар, көк мұз, ақ малта, ақ мақтадай, ақ май ағызды, ақ махаббат, ақ неке, ақ отау, ақ найза, ақ меруерт, ақ патша, ақ өлең, ақ орда, ақ нөсер, ақ сазандай, ақ самайлы, ақ сандық, ақ сөйледі, ақ сүтін ақтад, ақ сирақ болды, ақ сауыт, ақ сәуле, ақ ту, ақ шаңқай, ақ шатыр, ақ шашты ана, аузы аққа тиді, сүттен ақ, судан таза, ақ көңіл, ақ-қарасын айыру, көзінің ағы мен қарасындай, т.б. ҚАРА: *Қаражер, қара тер, қара таныды, қара көрсетті, қара болды, қараға ерді, қара басты, қара қазан, қара өлең, қара сөз, қара түнек, қара тон, қара нар, қара бала, қара алтын, қара аспанды төндірді, қара бастың қамын жеу, қара бақыр, қара борбай, қара бұқара, қара бұлт үйірлді, қара жаяу, қара жақты, қара есекке теріс мінгізді, қара жерге отырғызды, қара жер болды, қара жұмыс, қара көже, қара көз, қара көңіл, қара күш, қара күн, қара күз, қара қайыстай, қара қожалақ, қара қылды қақ жарды, қара мал, қара нөпір, қара нәсіл, қара шаңырақ, қара сирақ, қара нан, қара сіңір, қара суық, қара тас, қара топырақ, қара тізім, қара халық, қара шай, қара шаш, қара шыбын, ірі қара, қара шекпен, т.б.**

Бұл сөздердің әр қайсысының мағыналық мәніне талдау жасар болсақ халықтың терең пәлсапалық ұғымына, этнографиялық мәніне үнілуге тура келеді. Көркем шығармадағы осындай тіркестер халықтың тамырынан терең бой алары рас. Бұл сөздер халық мақал-мәтелдерінде, тұрақты тіркестері мен ақын-жыраулардың толғауларынан көптеп кездестіруге болады. Егер осы келтірген бір ғана сөздің антонимдік мағыналарын ғана терер болсақ ақ сөзін жақсы мағынада, қара сөзін жаман мағынада ғана қабылдайтынымыз рас, ал сөздің этнолингвистикалық тұрғыдан келер болсақ, қараның да жақсы, ақтың да жағымсыз ұғымдары мыңдап кездесетінін, оларды қай жерде қалай қолдану керектігін ұғары сөзсіз. Мәселен, ақ орда мен қара шаңырақ, ақ домбыра мен қара сөз, ақ найза мен қара тер, ақ тілек пен қара таныды, ақ сөйлеу мен қара бұқара сынды сөздер өз мағынасынан әлдеқайда терең, тарихи ұғымы кең, ұлттық болмысымызды танытатын сөздер. Өйткені дәл солай қазақ қана тіркестіріп сөйлейді, егер оны сөзбе сөз басқа тілге аударар болсақ, өз мағынасынан ада болар еді, тілдің қасиеті оның болмыс-бітімінде, жанында дегеніміз осыдан келіп шығады.

Әдебиеттер

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. ҚР БҒМ, А.Байтұрсынұлы ат. Тіл білімі институты, 15-томдық, 9-том. 2011.
2. Қайдар Ә.Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері. А. 1998.
3. Хомский Н. Язык и мышление. М. 1999.

ОҚУ МАТЕРИАЛДАРЫН ТИІМДІ ИГЕРТУ

Әділханова Ж.С., Ибраимова Ж.Т.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Еліміз егемендікке қол жеткізгеннен кейінгі уақытта Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде шетел азаматтарына арналған қазақ тілі пәнін оқыту әдістемесі оң бағыт алып, дамудың қарқынды жолына бет бұрды. Кеңес

уақытынан бері бұл оқу орны – мемлекеттік тілімізді елімізге келіп жатқан шетелдік азаматтарға, сондай-ақ, шетелдік қандас бауырларымызға тіл үйретудегі соны ізденістерді меңгерудің орталығы болып қалыптасты. Олай дейтініміз – қазақ тілін өз ұлтымыздың өкілдеріне дұрыс сөйлеуді, ойын дұрыс жеткізе білуді үйретудің өзі басты мәселе боп тұрған шақта, қазақ тілін екінші тіл ретінде өзге ұлт өкілдеріне меңгерту туралы ол кезде әлі қолға да алына қоймаған еді. Қоғамымыздағы осы мәселе факультетіміздің оқытушы-профессорларының ізденістері арқасында тіл меңгерудің инновациялық әдістемелері бірталай жинақталды. Әсіресе, адам дүниетанымының кілті, ойлаудың формасы, қарым-қатынасының ең басты құралы ана тілі болғандықтан, білім беру салаларындағы қазақ тілінің атқарар қызметі ерекше болмақ. Сондықтан жаңа кезеңнің талабына сай, мемлекеттік тілді меңгерудің басты мақсаты – қазақ тілінің қоғамдық әлеуметтік мәнін түсінген, тілдің қызметін жүйелі меңгерген, коммуникативтік компетенциясы, қарым-қатынас жасау біліктілігі дамыған шәкірт тәрбиелеп шығару. Ал ол шәкірт өзге ұлт өкілі немесе шетелден келген қазақ баласы болса, бұл міндеттің жүгі екі еселене түсері түсінікті. Олай дейтініміз – еліміз көпұлтты мемлекет, сырттан оқу мақсатымен, кәсіп игеру жолында көптеген шетелдік азаматтар келіп, бүгінгі күні қазақ тілін игеруге деген құлшыныстарын байқатып отыр. Мұның сыртында мемлекеттік бағдарламамен келіп білім алып жатқан жыл сайынға жүзден аса Ауған Ислам елінен келіп, білім алып жатқан жастарды қосыңыз. Осында кең ауқымды дәрісханаларға қазақ тілін аз уақытта және сапалы үйретудің тиімді әдіс-тәсілдері жинақталып, даму үстінде.

«Қалай оқыту керек?» дейтін дәстүрлі дидактикалық сұрақ заңды түрде оқыту әдісінің категориясын шығарады. Әдіс -жоспарланған мақсат пен соңғы нәтиженің арасын байланыстыратын оқу процесінің өзегі болып табылады. Оның жүйедегі айқындаушы рөлін «мақсат – мазмұн – форма – оқыту әдісінің құралдары» көрсетеді. Әдіс – табиғат құбылысын және әлеуметтік өмірдің жағдайын зерттеу немесе таным жолы, құбылыстарды оқып білу жолдарын, әдіснамалық теория таным мен шындықты зерттейтін тәсіл. Философия әдісті белгілі түрде іс-әрекетті ретке келтіретін, мақсатқа жету тәсілі ретінде қарастырады.

Педагогтер оқыту әдісі туралы түсінікті әр түрлі етіп дәлелдеді. Біреулері оны «танымды басқаға беру әдісі» (Д.И.Тихомиров) немесе мұғалімнің іс-әрекеті мен әдіс-тәсілі (Н.В.Ельницкий) деп қарастырса, С.А.Ананьев оқыту әдісін «білім беру тәсілдерінің үйлестіру жиынтығы» деп көрсетеді.

Оқу-танымдық іс-әрекетіне сәйкес оқыту әдісі құбылыстың мәнін танып білудегі әдіс-тәсілі ретінде қарастырады. Осы түсініктегі әр түрлі дефиницияларды негізге ала отырып, мынадай тоқтамға келеміз: оқыту әдісі – бұл оқушы мен оқытушы арасындағы жүйелі, өзара байланысқан білім мазмұнын меңгеруге арналған іс-әрекет жүйесі.

Оқыту әдістері – тарихи категория, олар білім беру мазмұны мен мақсатының ауысуына байланысты өзгереді.

Егер нақтылап айтар болсақ, оқыту әдістемесі мына мәселелерді қамтиды: 1. мақсаттары (не үшін оқыту керек?), 2.мазмұны (нені оқыту керек?), 3.ұйымдастырылуы (қалай оқыту керек?), 4.құралдары (ненің көмегімен оқыту керек?), 5.оқыту кезінде шәкірттердің білімді меңгеру деңгейі, ақыл-ойының дамуы мен тәрбиеленуі арасындағы ұштасу мәселесі дұрыс жолға қойылған ба?

Бұл мәселелер – барлық педагогтердің күнделікті алдына тұратын басты мәселесі. Оқытушылардың алдында тұрған міндет бұдан да зор жауапкершілікті талап етеді. Олардың күнделікті сабақтарында қарастыратыны мына мәселелер болуы керек: 1. оқыту материалдарының ішіндегі ең тиімдісі не? 2. оқытудың неғұрлым пайдалы, үнемді және тиімді әдістері мен тәсілдері (оқытылатын материалдың ерекшеліктері мен шәкірттер құрамының психофизиологиялық ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі жағдайда қолданылатын әдіс-тәсіл варианттарын) зерттеу және сипаттау; 3. қазақ тілі пәнінен жүйесі нақты белгіленген білім көлемін шәкірттердің ойдағыдай игеру шарттары туралы мәселелерді талдап шешу, яғни материалды дәл қабылдаудың, айқын түсінудің, оны практикада қолдана білудің шарттары туралы мәселелерді талдау.

Осы бағытта өз тәжірибемнен бір ғана сабақтың үлгісін айтып өтсем болады. Мәселен, қытай мектебін бітіріп келген шәкірттерге тілді меңгертуде қазақ тілі сабағындағы «Септік жалғаулары» тақырыбы өте маңызды тақырыптардың бірі. Оны дұрыс түсіндірудің, өмірде дұрыс қолданудың маңызы өте зор. Өйткені септіктер зат есімдерді етістікпен байланыстырып (ілік септігінен басқасы), ойды толықтыратын жалғаулар.

Мәселен, мынадай слайдтар :

| | | |
|--------|------------------------------|-------------|
| КІМ? – | зат есім+(СЕПТІК жалғауы) – | ЕТІСТІК |
| Асқар | мұражай+ға | келді. |
| Ұстаз | мәтін+ді | түсіндірді. |

Тыңдаушы әр септіктің мағынасын түсіне отырып, қолданысқа түсіреді: барыс септігі бағытты көрсетеді: *дәрісханаға бардым, базарға келдім.*(кімге, неге, қайда?), табыс септігі: *досымды күттім, қаламды алдым,* (нені, кімді?), жатыс септігі – менің *кітабым үстелде жатыр, ақшам банкіде жатыр* (кімде, неде, қайда?), шығыс септігі- шығып келемін: *ауылдан келдім, қаладан шықтым, әкемнен алдым* (кімнен, неден, қайдан?), көмектес септігі- *әкеммен сөйлестім, ұстазбен хабарластым, досыммен бірге театрға бардым* (кіммен, немен?).

Мұндағы оқытушы баса түсіндіретін мәселе кез келген етістіктер барлық септік жалғауларына жалғана бермейтіндігі. Мәселен,

БАРЫС септігінен соң келетін етістіктер мыналар: *келді, барды, қарады, кірді, қайтты, айтты, түсіндірді, қойды, т.б.*

ТАБЫС септігінен соң келетін етістіктер: *ал, оқы, тазала, жаз, сұрт, жап, бер, тыңда, т.б.* Сол сияқты барлық септіктерді жекелеп өткенде олардың қызметі, мағынасы анықталады да, олардың қолданысы есте сақталады. Ол үшін етістіктің сөздігін жазып, мағыналарын зат есімдермен тіркестіріп түсініп алу керек. Мағынасын түсінген сөздерді жатқа білген соң, кез-келген жерде осы үлгіде қолданысқа түсіре береді. Осы мақсаттан туындайтын міндеттер:

– Септік жалғауларын және етістіктің мәнін өзара байланысы мен ерекшеліктерін тану арқылы тілдік машықтарын арттыру.

– Тіл үйренушілердің логикалық ойлау деңгейін шыңдау.(қалай, қай жерде қолдана білу керектігін ойланту)

– Күнделікті қарым-қатынас тілінде алған білімдерін пайдалана білуге баулу;

Осы мәселелерді екшеп алып оқытушы тілді меңгертудің сөздік әдіс, көрнекілік әдіс, зерттеу әдісі, практикалық әдістерінің бәрі де тіл үйретуде пайдалы.

Сонымен, қазақ тілін сапалы оқыту әдістемесі – оның мазмұны мен принциптері, әдістері мен тәсілдері туралы және дәрісханада берілетін білім, дағды, білік мөлшерін белгілеп, оны игертудің жолдары, шарттары туралы ғылым деп білгеніміз дұрыс.

Әдебиеттер

1. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: Мұрагер, 2005.
2. «Білім және ғылым» журналы, 2011.

ТЕРМИНОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН КЕЙБІР ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

*Әміров Ә.Ж., Бисенбаев А.Қ.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Кейінгі кезде термин жасау және қалыптастыру ісіне ерекше көңіл бөлініп келе жатқаны баршамазға мәлім және оның себебі ретінде қоғамдағы саяси-әлеуметтік, мәдени өзгерістердің терминологияға әсерін, оған ұлттық мүдде тұрғысынан жаңаша қарауды талап етеді. Жалпы терминдерді жасалу тәсіліне қарай топтастыруға болады.

Қазақ тіл білімінде қалыптасқан негізгі дәстүр бойынша терминдердің жасалуының семантикалық және сөзжасамдық тәсілін бөліп көрсеттік. Оның ішінде түбір терминдерді олардың жалпы әдеби қолданыстағы мағынасынан терминге ауысуына немесе терминденуі барысында мағынаның тарылуы не кеңеюіне қатысты негізінен семантикалық терминдер ретінде қарастыратын болсақ, сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған терминдердің өзін туынды және күрделі деп, ал күрделінің өзін біріккен терминдер, қысқарған терминдер және сөз тіркесінен жасалған терминдер деп қарастыруға болады.

Басқа тілден енген терминдердің өзі түбір сөздерге қатысты болғандықтан біз олардың төл немесе кірме тілдік сипатын семантикалық тәсіл арқылы жасалған терминдерді қарастырғанда қоса көрсетуді жөн санадық.

Жалпы соңғы жылдары жасалған терминдерге шолу терминдердің жасалу тәсілдерінің ішінде семантикалық тәсілдің де орны ерекше екені белгілі. Ұлт тілінде термин жасауда басқа да тәсілдер сияқты қосымшалар арқылы термин жасау тәсілінің де өзіндік алар орны айрықша. Тілімізге қосымшалар арқылы көптеген терминдердің (айырым, апталық, белсенділік, есімнама, дәрісхана, демеуші, жарнама, нұсқау, жекешелендіру т.б) қалыптасып, қолданысқа енуі осының айғағы болып табылады.

Дегенмен қосымшалардың ұлт тілінде термин жасаудағы белсенділік деңгейі бірдей дәреже емес. Себебі, қоғам дамуы, қоғамдағы болып жатқан түбегейлі өзгерістер, жаңалықтар, қосымшалардың да атқаратын қызметіне өз әсерін тигізбей қоймайтыны даусыз. Бүгінгі таңда алған ақпаратты өз қажетіне қарай өңдеп қолдану аясы басты мәселе болып тұр. Мәселен, ұлт тілінде термин жасауда кезінде белсенділігі төмен делініп келген біршама жұрнақтардың бүгінгі күні белсенділігі артып отырғаны көрінсе, бұрын белсенділік танытып келген екінші бір қосымшалар жаңа сөз жасауда өнімсіздік танытып отыр. Ал кейбір қосымшалардың термин жасаудағы белсенділігі барлық уақытта бір деңгейде. Сондықтан біз термин жасайтын қосымшалардың термин жасам деңгейіне қарай өнімді, өнімсіз түрлерін бөліп көрсеттік.

Оқыту мен оқу үрдісінде соңғы жылдары жасалып, қолданысқа ене бастаған жаңа терминдер мен сөздерді тудыруда белсенділік танытып жүрген жұрнақтар:

– шы; -ші; хатшы, демеуші, төреші, қолдаушы т.б.

– лік; -лық; -дық; -дік; -тық; -тік; жарлық, куәлік, мердігерлік т.б.

– у; айналу (вращение), байқау (наблюдать), бақылау (контроль), домбығу (набухание), жазылу (подписка), жариялау (публикация), жекешелендіру (приватизация), жерсіндіру (акклиматизация), зақымдану (поражение), зорығу (переутомление), қадағалау (надзор), қалтырау (озноб), негіздеу (обоснование), нұсқау (инструкция), пайымдау (расуждение), таралу (стенез), тәркілеу (конфискация), тұспалдау (аллегория), түгендеу (инвенторизация), түйілу (колика), тіркеу (регистрация), үйлестіру (координация), улану (интоксикация), ынталандыру (стимулирование) т.б.

– ым; -ім; -м; басылым, келісім, сұраным, түсім, тіркелім т.б.

– нама; есімнама, жарлық, тұғырнама, тарихнама т.б.

– ғыш; -гіш; -қыш; -кіш; анықтағыш (определитель), ажыратқыш (выключатель), ерігіш (растворимое), еріткіш (растворитель), дірілдеткіш (вибратор), көрсеткіш (указатель), қабындырғыш (флагогенный), қосқыш (включатель), өнертапқыш (изобретатель), реттегіш (регулятор), талдағыш (анализатор), тозандатқыш (опыливател), іріндеткіш (гноеродный), қысқыш (сфинктер), бөлгіш (делитель), қоздырғыш (возбудитель), қойылтқыш (сгуститель), т.б.

– ма; -ме; -ба; -бе; -па; -пе; бөртпе (сыпь), ентікпе (одышка), демікпе (астма), қапсырма (скоба), қорытпа (сплав), нұсқама (сноска), тойтарма (заклепка), тізбе (перечень), серіппе (пружина), ұстама (приступ), ұңғыма (скважина), талма (припадок) т.б.

Біз қарастырып отырған уақыт аралығы үшін жаңа сөз жасауда белсенділік танытатын жұрнақтардың дені осындай болып келеді.

Тілімізде бұрыннан қолданылып келе жатқан тәсілдердің енді бірі – бір сөзбен екінші сөзді біріктіру арқылы термин жасау.

Зерттеу барысында бұрынғы біріккен сөз қалпындағы атаулардан соңғы кездері жасалып, қолданысқа түскен біріккен терминдер арасында айтарлықтай өзгерістер бар екені байқалады. Мәселен, тілімізде бұрыннан қолданылып келген «асқазан» біріккен сөзінің мағынасы «ас» немесе «қазан» емес, осы екі сөздің бірігуінен басқа бір заттық ұғымды білдіріп тұрған жаңа мағына дене мүшесі пайда болған болса, ал соңғы кездері қолданылып жүрген пікірсайыс, пікірталас сияқты терминдерден үшінші бір мағыналы сөз жасалынбаған және олардың екі сыңарларының да бастапқы мағыналары сол күйінде сақталған.

Сөздердің бірігуі арқылы соңғы жылдары жасалған терминдердің мағынасының ауытқымайтын себебі аударылып жатқан терминдердің абстрақтылық сипатына байланысты. Бұл жағдайда аударылатын терминге қазақша балама беруде негіз етіп жеке сөздер емес, жеке сөз тіркестері алынады. Бірақ сөз тіркестерін сол күйінде алмай, оларды терминге қойылатын қағидаттарға сәйкестендіру жүргізіледі. Яғни сөз тіркестерінен термин қалыптастыруда олардың мағыналық жағынан тыс формалық жағына да ерекше назар аудару қажет. Терминдік талапқа қойылатын талаптардың бірі ықшамдық болғандықтан қолданыстағы сөз тіркестерінің біз орын тәртібін сақтай отырып түбір тұлғасын ғана аламыз.

Соңғы жылдары қолданысқа түскен біріккен терминдердің құрамын сөз таптары жағынан жіктей келгенде олардың көрінісі төмендегідей болып келеді:

– зат есім мен зат есімнің бірігуі арқылы жасалған терминдер: атамекен (отчизна), ататіл (празык), әнұран (гимн), бейнежазба (видеозапись), гүлшанақ (бутон), дәйеккөз (цитата), елтаңба (герб), емдәм (диета), есекжем (экзема), жәрдемақы (пособие), жемшөп (корм), жыланкөз (свин), зейнетақы (пенсия), көлтабан (лиман), күйтабақ (грампластинка), күнтізбе (календарь), қолтанба (1. автограф, 2 почерк), қолхат (расписка), қылтамыр (капилляр), мекенжай (адрес), мүшелтой (юбилей), отбасы (семья), өмірбаян (биография), пікірсайыс (дискуссия), пікірталас (диспут), сенімхат

(доверность), сөзтізбе (словник), сыйақы (вознаграждение), тамырсабақ (корневица), түпнұсқа (оригинал), іріңқалта (гнойник), іссапар (командировка) т.б.

– сын есім мен зат есімнің бірігуі арқылы жасалған терминдер: тікұшақ, шағынаудан, жеделхат т.б.

– сан есім мен басқа сөз таптарының бірігуі арқылы жасалған терминдер: біртұтас, бірауыздан т.б.

– зат есім мен қимыл атауының бірігуінен жасалған терминдер: басқару, құқықтану, деректану, ізбасар т.б.

Сөздерді біріктіру тәсілімен жасалған терминдерге шолу осындай жолмен жасалған терминдердің оларды құрастырушы жеке сыңарлар мағынасынан алшақ кетпегендігін көрсетеді. Оның себебі – жоғарыда айтқандай ең алдымен аударылып жатқан терминдердің абстрактылық сипатына байланысты деуге болады. Бұл жағдайда аударылатын терминге қазақша балама беруде негіз етіп жеке сөздер емес, жеке сөз тіркестері алынады. Бірақ сөз тіркестерін сол күйінде ала бермейміз, оларды терминге қойылатын қағидаттарға сәйкестендіру жүргізіледі. Яғни сөз тіркесінен термин қалыптастыруда олардың мағыналық жағынан тыс формалық жағына да назар аударамыз. Терминдік талапқа қойылатын талаптардың бірі ықшамдық болғандықтан қолданыстағы сөз тіркестерінің біз орын тәртібін сақтай отырып түбір тұлғасын ғана аламыз. Мысалы, *өмірбаян, кепілақы, зейнетақы, мүшелтой, пікірсайыс, пікірталас, отбасы* т.б. Осы терминдердің тілімізде оттың басы, зейнеттің ақысы, пікірдің сайысы немесе пікірді таластыру, пікірді сайыстыру сияқты тіркестік қолданыстары бары белгілі.

Осындай сөз тіркестерінің алатын мағыналық жүгін терминдік анықтамаға теле отырып тұлғалық жағынан біріздеу жүргізіледі.

Қысқарған сөздер арқылы термин жасау әдісі де кеңінен қолданыс тауып жүр.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуына, қазақ терминологиясының жаңа бағытта қалыптасуына байланысты тіліміздегі қысқарған сөздер бүгінде «қазақы» түрде жасала бастады және олардың саны бүгінгі таңда көбейіп өсті. Қысқарған сөздерді қолдану тәсілі орын үнемдеу және көптеген ақпараттар қамту үшін өте қолайлы.

Үнемдеу заңдылығы – тіл-тілдердің барлығына тән құбылыс. Өйткені бірнеше компоненттерден тұратын күрделі атаудың ықшамдалған баламасын жасау функционалдық стильдердің барлығына да тиімді әдістердің бірі.

Синтаксистік тәсілмен термин жасаудың тағы бір амалы сөздердің тіркесуі арқылы беріледі.

Тіркесті терминдер зат не құбылыстың атауы ретінде атауыштық қызмет атқарады. Өйткені дара мағыналы болып, таза номинативті қызмет атқару – терминге тән қасиет. Олар номинативті мағынада қолданылуының нәтижесінде тұрақтылық қасиетке ие бола бастайды, көпшілігінің құрамындағы сыңарлары бір-бірімен біріге келе, бөлуге келмейтін бір бүтін бірлік ретінде жеке атауға айналады.

Тіркестерден болған терминдерді байланысу ерекшелігіне қарай есімді және етістікті деп, сондай-ақ олардың өзін іштей бірнеше үлгіде талдап көрсетуге болады. Атап айтсақ, есімді сөз тіркестеріне қатысты мына терминдерді мысал ретінде келтіруге болады: Ақсақалдар алқасы, Ардагерлер кеңесі, бөбек үйі, валюта тұрлаулығы, жүйке аурулары, көңіл күйі, су құбыры, табыс көзі, шарт талаптары, шаруа шаруашылығы, ылғал айналымы, шағын кәсіпорын, ортақ валюта, құнды қағаз, сулы қабат, ауырлық күш, бұрыштық жылдамдық, валюталық бағам, валюталық келісім, валюталық қаражат, әкімшілік акт, әкімшілік алымдар, депутаттық кеңес, жалгерлік ақы, жауынгерлік тапсырма, заңнамалық келісімдер, материалдық игілік, механикалық қозғалыс, нарықтық экономика, әскери ант, табиғи монополия, рухани қазына, ақша қаражатының кепілі, есептің тәртібі, заңның ұлықтылығы, тамшының жайылуы, сақтанушының кінәсі, көтерілу уақыты, кіру қарашығы, қабылдау бөлмесі, тексеру актісі, тапсыру-қабылдау актісі т.б.

Етістікті сөз тіркестеріне ерік білдіру, есеп айырысу, қаржы бөлу, сенім білдіру, сенімсіздік білдіру, су тұтыну, іс жүргізу, ішкі шағылысу, ортақ қаржыландыру т.б. жатқызуға болады.

Термин жасау барысында жоғарыда сөз болған тәсілдерден бөлек басқа да тәсілдердің бар екендігі, олардың терминжасамда қолданылып жүргендігі баршамызға аян. Дей тұрғанмен лексика-семантикалық, синтетикалық және аналитикалық тәсілдердің термин жасауда маңызды қызмет атқаратынын және болашақта да осы тәсілдердің негізінде көптеген жаңа атаулардың, терминдердің жасалатынын сенімді түрде айта аламыз.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына 20 қадам» атты мақаласындағы жиырма тапсырманың үштен бірі білім беру жүйесіне қатысты, бұл кездейсоқтық емес – адами капиталдың сапасы әр адамның білімділігі және кәсіби шеберлігі деңгейімен тікелей байланысты.

Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі оқушылардың алған білімдерін жай игертіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал ХХІ ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында. Осы міндеттерді жүзеге асырып, жаңа заманның көшбасшысы ретінде танылып, жан-жақты дами түсуіне ықпал етуіміз шарт. Өмірдің барлық саласын жаһандандыру инновациялық тәсілдерді практикаға енгізуді талап етеді.

СВЯЗЬ МЕТОДИКИ РУССКОГО ЯЗЫКА С ДРУГИМИ НАУКАМИ

Байкулова Л.Т.

СШ им. М.Ауэзова Чуйский район Жамбылская область

Важнейшая роль в разработке теоретических основ методики принадлежит смежным наукам, объектами изучения которых являются язык, речь, речевая деятельность, познание, педагогический процесс: теория познания, логика, языкознание, социолингвистика, психофизиология, психология, социальная психология, психолингвистика, педагогика (разные ее отрасли). Их данные позволяют определить и обосновать место и значение, принципы и задачи, содержание и методику работы с детьми.

Природа явлений языка и речи сложна и многогранна. Этим объясняется многоаспектность научного обоснования методики развития речи и обучения родному языку.

Методологической основой методики развития речи являются положения материалистической философии о языке как продукте общественно-исторического развития, как важнейшем средстве общения и социального взаимодействия людей, о его связи с мышлением. Такой подход отражается в понимании процесса освоения языка как сложной человеческой деятельности, в ходе которой приобретаются знания, формируются умения, развивается личность.

Язык, речь возникли в деятельности и являются одним из условий существования человека и осуществления его деятельности. В языке, как продукте этой деятельности, отражены ее условия, содержание, результат.

Этим определяется важнейший принцип методики – овладение языковыми формами; развитие речи и навыков общения у детей происходит в деятельности, а движущей силой является потребность в общении, возникающая в процессе этой деятельности.

Методика русского языка развивается на стыке многих наук, и методисты, учителя нуждаются в опоре на их достижения. Учитель не может не быть одновременно психологом, лингвистом, литературоведом, дидактом.

Все большее влияние на методику оказывает новая наука психолингвистика, которая развивается на стыке психологии и языкознания. Психолингвистика определяет речь как деятельность, включенную в общую систему человеческой деятельности. Как всякая деятельность, речь характеризуется определенным мотивом, целью и состоит из последовательных действий.

Таким образом, для методики развития речи важно установление межпредметных связей с другими науками. Использование сведений из других наук обусловлено ее спецификой прикладной педагогической науки. На различных этапах становления методики развития речи ее связи с другими науками складывались в направлении от простого механического заимствования к теоретической переработке и научному синтезу сведений. К настоящему времени она представляет собой, по существу, интегративную дисциплину, рассматривающую лингвистические, психофизиологические, психолингвистические и дидактические основы развития речи детей дошкольного возраста.

Философия. Методика, как и педагогика в целом, принадлежит к числу общественных наук. Она изучает определенные аспекты формирования личности: этим обусловлены ее связи с другими науками. Так, философия обеспечивает методологические основы методики, понимание целей и задач обучения языку.

Философская теория познания утверждает, что путь к истине проходит этапы чувственного и рационального (логического) познания и завершается проверкой на практике. Рациональное познание осуществляется средствами языка, и все огромное информационное богатство, накопленное человечеством и каждым отдельным народом, сохраняется и передается новым поколениям с помощью языковых единиц – слов, их сочетаний, предложений, текстов. Усвоение языка – это связь времен, это овладение духовным наследством многих поколений.

Обучение языку формирует мировоззрение школьников, включает их в социальную жизнь, дает им самое совершенное средство познавательной деятельности. Изучение языка развивает интеллект,

оно должно быть опережающим по отношению к другим учебным предметам, по возможности – ранним, по преимуществу – практическим, направленным на овладение речевыми умениями: восприятием речи (устной и письменной), говорением и письмом – устным и письменным выражением мысли.

Процесс познания завершается проверкой на практике; следовательно, изучение языка должно быть построено таким образом, чтобы изученные его единицы (слова, предложения, тексты) действительно использовались в индивидуальной и общественной практике учащихся: в их познавательной, трудовой, творческой и иной деятельности.

Философами и физиологами установлена связь языка и сознания, языка и мышления. Мысль человека материализуется в речи, в языковых формах; строя свою речь – предложения, текст, школьник формирует самую мысль, придает ей четкость, свойственную языковым конструкциям. Мышление человека не может развиваться без языкового материала: овладение десятками тысяч слов, системой грамматических форм, механизмом их использования оказывает упорядочивающее воздействие на мышление. Языковые умения – важнейший компонент развивающего обучения: например, изучение видов сложного предложения не самоцель, а одно из средств совершенствования мысли, доведения аморфной мысли до высокого уровня стройности, четкости, доказательности, последовательности.

Как видим, на стыке с философией методика определяет свои исходные, методологические позиции, определяет цели и принципы обучения.

Психология. Методика тесно связана с психологией, опирается на нее в изучении процессов восприятия учебного материала по русскому языку, его запоминания, воспроизведения, в развитии мышления школьников и их речи. В методике разрабатываются такие проблемы, в основе которых лежит психологический феномен: формирование умений и навыков правописания, усвоение языковых понятий, активизация познавательной деятельности учащихся, развитие их познавательных интересов. В основе методических разработок и рекомендаций используются и мыслительные операции, которые также изучаются психологией, – анализ и синтез, абстрагирование и конкретизация, определение понятий, сравнение и противопоставление. Понятия знания, умения и навыки, развитие, широко используемые в методике, взяты из психологии.

С точки зрения психологии овладение языком – это одна из граней формирования личности. Она изучает процессы общения между людьми, закономерности овладения речью в детском возрасте, механизмы речи (говорения, т.е. выражения мысли, и аудирования, т.е. восприятия чужой мысли).

В психологии раскрываются ступени учебных действий, выделяются их этапы: мотивация, ориентировка в новой теме, операционный этап, контрольно – оценочные действия учащегося. Использование в методике таких структур повышает ее четкость, научность. Психология помогает понять и оценить структуру деятельности учащихся по тем или иным методическим приемам и рекомендациям: например, ступени решения грамматико-орфографической задачи (алгоритм) по проверке орфограммы или процесс создания собственного текста (написание сочинения, изложения, статьи в газету и пр.).

Психология дает основу для развития языковых способностей учащихся, для их творчества, для включения их в доступную возрасту исследовательскую деятельность по изучению языка. В методике используются данные о возрастных возможностях усвоения знаний и умений, полученные в психологических исследованиях, а также данные возрастной физиологии о допустимых умственных нагрузках. В последние десятилетия в методике русского языка стали использоваться психологические материалы по управлению умственной деятельностью учащихся; все более актуальной становится проблема психологии общения школьника с компьютером.

Дидактика. Связи методики русского языка с дидактикой проходят по нескольким линиям. Первая – это определение применимости дидактических принципов в методике. Так, принцип воспитывающего обучения – общедидактический принцип – в методике родного русского языка интерпретируется следующим образом: во – первых, в отборе языкового материала воспитывающего характера – слов, их сочетаний, текстов. Во – вторых, изучение закономерностей и структуры (уровней) языка, всей его системы в ее развитии формирует лингвистическое мировоззрение и развивает логическое мышление учащихся. В – третьих, развивая культуру речи школьников, воспитывая любовь к русскому языку, к его красоте и богатству, показывая его роль среди языков мира, школа воспитывает у учащихся патриотизм. В – четвертых, самовыражение учащегося – подростка, юноши – в сочинении, в рассказе формирует его самосознание, его личностные качества, его жизненную позицию. Вторая линия связей с дидактикой – методы обучения. В курсах дидактики бывают представлены различные классификации методов – это затрудняет создание единой системы

для дидактики и методики. Тем не менее могут быть названы методы репродуктивные, поисковый, проблемный, которые в методике русского языка получают своеобразные черты. Некоторые дидакты называют методы лекционный, практический, метод упражнения, метод анализа или синтеза, дедуктивный и индуктивный – все они находят применение и в методике. Есть методы собственно языковые: метод языкового анализа; в развитии речи – коммуникативный метод; в изучении словообразования – генетический; в обучении орфографии – метод решения орфографических задач (по проверке орфограмм), который может быть отнесен к числу поисковых методов, и пр.

Третья линия связей методики и дидактики касается понятий и терминов. Многие дидактические понятия – цели обучения, воспитывающее обучение, межпредметные связи, урок, учебник и пр. – используются в методике применительно к предмету преподавания: урок русского языка, урок грамматики, учебник синтаксиса, орфографические умения, межпредметные связи русского языка, упражнения по русскому языку и пр.

Языкознание. Дидактика дает широкое, обобщенное понимание процесса обучения (это необходимо учителю!), но она не опирается на конкретное содержание учебного предмета. Следовательно, важнейшая роль в связях методики принадлежит языковедению – науке о языке, речи, о русском языке как предмете преподавания. Естественно, что в методике русского языка учитывается его природа: социальная функция, связь с сознанием, уровни (фонетический – лексический – морфемный – словообразовательный – морфологический – синтаксический – уровень текста), а также специфика его разделов. Например, свойства русского правописания рассматриваются как основа методики его преподавания, выбор методики определяется типом орфограммы.

Связи методики с языковедческими науками носят не только интегративный, но и дифференцированный характер. Методика связана с разделами языкознания, обеспечивающими произносительный и соответствующий ему графический уровни усвоения языка: фонетикой, фонологией, орфоэпией, графикой; с разделами языкознания, отражающими лексический уровень языка: лексикологией, лексикографией, морфемикой, словообразованием, семантикой, а также с фразеологией; с разделами языкознания, обеспечивающими обучение письму: теорией письма и орфографией. Для методики родного русского языка важна также теория речевой деятельности. Это направление обеспечивает методические основы речевого развития школьников: их речи – устной и письменной, восприятия чужой речи (тоже устной и письменной). Современная методика сочинения в значительной степени строится на теории типов текста и синтаксисе текста, также новом, молодом научно-лингвистическом направлении. Для успешного развития методики русского языка необходимы связи и с другими смежными научными направлениями – просодией, теорией дикции, стилистикой, риторикой, теорией литературных жанров. В развитии речи учащихся методика опирается на литературоведение, поэтику, логику, теорию сценической речи.

Методика не может обойтись без опоры на историю русского языка (историческую грамматику, фонетику), а также на диалектологию. Последняя, в частности, совершенно необходима в той частиметодике, где рассматриваются методы и приемы работы над культурой речи учащихся, над усвоением норм русского литературного языка. Методика как наука очень чутка к новым появляющимся и развивающимся лингвистическим теориям. Так, за последние десятилетия в методике русского языка стали использоваться следующие новые языковые теории: теория словообразования, что дало основу для включения соответствующей темы в школьный курс русского языка; теория типов текста уже прочно вошла в методику сочинения и школьную практику; все глубже проникает в методику синтаксис целого текста и связей внутри компонента текста (ССЦ); делаются попытки применить в методике русского языка теорию актуального членения предложения, фонемную теорию орфографии. Создание трудов по функциональной грамматике русского языка стимулирует адекватный функциональный подход в методике.

Литература

1. Реутова Л.П. Методика обучения грамоте младших школьников: учебно-методическое пособие для студентов высших и средних специальных заведений по специальности 050708 – «Педагогика и методика начального образования». – Армавир: АФ ГБОУ ККИДППО, 2010. -92с.
2. Яшина Б. И. Методика развития речи и обучения родному языку дошкольников: Учеб пособие для студ высш и сред, пед учеб заведений. 3-е изд
3. <http://litirus.ru/prepodavanie/svyaz>

АҒЫЛШЫН ТІЛІ ПӘНІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

Баймуханова Б.Қ.

Алматы облысы Іле ауданы М.Мақатаев ат. №13 ОМ

Қазіргі кезде елімізде білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бет бұрды. Қазақ халқының ғасырлардан келе жатқан мәдени, рухани ұлттық қазынасын оқушылардың бойында оқу үрдісі арқылы қалыптастыруды мақсат еткен ұстаздар қауымының алдына үлкен жауапкершілік жүктеліп, мол мүмкіндіктерге жол ашылды.

Еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып отырған шақта елімізге үш тілді меңгерген, өз білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдаланатын, терең білімді, ізденімпаз, шығармашыл сол тұрғыда өзін таныта алатын жеке тұлға қалыптастыруда жаңа технологиялардың негізгі өзегі болып табылатындығы анық.

Ағылшын тілін меңгеруде жаңа технологияларды пайдалану тілді меңгеруге дара жол салып отыр. Ағылшын тілін оқыту үдерісінде жаңа технологияларды пайдалану оқушылардың жаңа тілдік материалды меңгеруі кезіндегі белсенділігін, пәнге қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік туғызады, алуан түрлі жаттығуларды енгізуге мүмкіндігін кеңейтеді.

Жоғарыда аталған сабағымның барысында сындарлы оқытудың стратегияларын қолдандым. Бастапқы деңгейде оқушылар тақырып бойынша ағылшын тілінде бірнеше сөйлемдер арқылы ойларын жеткізе алады.

Дамытушы деңгейде ағылшын тілінде оқушылар тақырып бойынша бірнеше тың мәліметтер айтып, тарихи мәліметтерге сүйене отырып шағын дәлелдемелер келтіре алады.

Қалыптасқан деңгейде оқушылар ағылшын тілінде Құрманғазы Сағырбайұлы жайлы толық мәліметтер айтып түсіндіре алады. Оқушылар мәліметтерді жинақтап, сұрыптап сыныптастарымен бөлісе алады.

Бүгінгі таңда білім берудің озық технологияларын жүзеге асырып әлем ағысымен бірге жүзу ел болашағын қолдаудағы азаматтық борышымызды адал атқарудың негізі болмақ.

The theme of the lesson : Kurmangazy Sagyrbayuly

Form : 10

The aim of learning :

Students learn to give more information about Kurmangazy Sagyrbayuly

Expected results :

Students collected sorted information about Kurmangazy Sagyrbayuly and changed opinions with each other .

Asking questions :

Can you name some towns and cities that is named after Kurmangazy?

What can you tell about Kurmangazy as a great musician ?

What kind of Kurmangazy's composition will you first offer for foreigners ?

| <i>Criterion of achievement</i> | <i>Step of beginners</i> | <i>Developing step</i> | <i>Folding step</i> |
|---|---|--|--|
| I can speak in English about Kurmangazy Sagyrbayuly and his biography. Taking account of history I can give information and explain about Kurmangazy Sagyrbayuly for others. | I can say in English a few words about Kurmangazy Sagyrbayuly | I can say in English more about Kurmangazy Sagyrbayuly and his composition | I can say in English about Kurmangazy Sagyrbayuly and his great works, and I can give enough information for others. |

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА

Боқаева Б.Б.

Алматы облысы Алакөл ауданы №14 Бескөл орта мектебі

Халықтық педагогика – тәрбие жөніндегі халықтың педагогикалық білім тәжірибесі. Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәлім-тәрбиенің белгілі жүйесінде жас буын жадына біртіндеп сіңіріп отыратын арнаулы жолдар, тиісті тәсілдер де болған. Мәселен, мақал-мәтелдерде адамгершілік, имандылық тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптар насихатталса, жұмбақтар мен айтыстарда – ақыл-ой тәрбиесі, өлең, жыр-дастандарда — әсемдік (эстетикалық) тәрбиесінің негізгі принциптері, ал ертегілер халықтық тәрбиенің сан алуан мәселелерін қозғайтын тәлімдік материал ретінде пайдаланылған. Халықтық педагогика-тәлім-тәрбиелік ой-пікірдің бастауы, халықтың рухани мұрасы. Қазақ табиғаттың кейбір апаттарын, отты, кейбір жануарлар мен құстарды, көшпелі тұрмысқа қажетті заттарды киелі деп қастерлеген. Сондай-ақ қазақ халқының өмірінде түрлі мәнді ерекше сипат бере отырып жиі қолданылатын сандар тізбегі көп. «7,12, 9, 40» сандар тізбегін өзіміздің салт-дәстүрімізден, ырым – тыйымдарымыздан, нақыл сөздерімізден, мақал-мәтелдерімізден анық көруге болады. Біз бүгін сандар әлеміне саяхат жасаймыз.

Сабақтың тақырыбы: Киелі сандар

Мақсаттары:

1. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыра отырып, ойлау қабілеттерін дамыту. Мәнерлеп оқу, оқығанын түсінуге бағытталған жұмыстар жүргізу.
2. Қазақ тіліне қызығушылықтарын ояту, ой-өрістерін кеңейту. Оқушыларды сыни тұрғыдан ойлануға жетелеу барысында тұтас мәтінмен жұмыс жүргізу.
3. Топпен жұмыс жасау арқылы ынтымақтастық, бірін-бірі қолдау сезімдерін тәрбиелеу.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Сәлемдесу. Сыныптағы оқушыларды түгендеу, сабаққа бейімдеу, ыңғайлау. Оқушыларды екі топқа бөлу.

Мұғалім: Бүгінгі сабағымызда біз киелі сандармен танысуды бастаймыз.

Қазақ халқы ежелден сандарға ерекше мән берген. Жеті, тоғыз, он екі, қырық сандары қасиетті, киелі болып есептеледі. Ойлансақ, ол қазақ халқының өзі ұнатып таңдап алған ермегі емес – оның басқа да көптеген негіздері бар. "Жеті" сөзімен байланысты халқымызда *жеті* қазына, *жеті* күн, *жеті* жұрт, *жеті* жоқ, *жеті* жұт, *жеті* ғалам, *жеті* қат көк, *жеті* ғашық сөздері пайда болған. XVI ғасырда өмірге келген "Әз Тәукенің "Жеті жарғысы" да жеті сөзінің қасиетіне, киелі жағына мән беруден туған болу керек. Өлген адамның *жетісін* беру, *жеті* шелпек пісіріп, еске алу және "*Жетіге* келгенше жерден таяқ жерсің", "*Жеті* қабат жер астында" сияқты дәстүрлік сөздер мен мақал-мәтелдердің шығуы да жетімен байланысты. *Тоғыз* саны дінмен байланысты енген тәрізді. Сондықтан халқымыз: "*Тоғыз* ай, *тоғыз* күн бала көтеру", "*Тоғыз* жолдың торабы", "*Тоғыз* қабат торқа кию", "бір *тоғыз*, екі *тоғыз*, үш *тоғыз* (үйленгендегі ырым) сөздері тегін шықпаған болу керек. *Он екі* саны да – халқымыздың құрметтейтін саны. Қазақ күнтізбесі бойынша *он екі* айға арнайы жәндіктер мен хайуанаттардың аты берілген. Олар: тышқан, сиыр, балық, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз. Осындағы *он екі* жылды бір мүшел, қауіпті жас деп, оны адамдар атап өтуі де тегін емес. *Он екі* сөзімен байланысты "*он екі* мүшең сау болсын", "*он екіде* бір нұсқасы жоқ", "*он екі* баулы өзбек" деген сөздер де айтылады. Халқымыздың қасиет тұтатын тағы да бір саны – *қырық*. Нәрестенің мойны бекіп, *қырық* күн толғанда "*Қырық*нан шығару" деген ырымы бар. Өлген адамның "*Қырық*ын беру" дәстүрі де бар. Халқымыз келген қонақты "*Қырықтың* бірі – қыдыр" деп қарсы алу т.б. сенімдер, ырымдар "*қырық*" сөзімен байланысты.

II. Кіріспе сұрақтар:

1-топқа сұрақтар қойылады.

1. Аптаның жетінші күні.
2. Тұңғыш Президент күні деп аталатын мереке қашан?
3. Сенің сүйікті саның?
4. 7 мамыр қандай мереке?
5. Күнтізбеде неше ай?
6. Аптаның қай күні қасиетті күн?
7. Ата заң күні қашан тойланады?

2-топқа қойылатын сұрақтар

1. Аптаның қай күні сәтті күн деп саналады?
2. Наурызкөжеге неше тағам салып пісіреді?
3. Қазақ әліпбиінде неше әріп бар?
4. Ең жаңа мереке?
5. Жамбыл неше жыл өмір сүрген?
6. Қазір нешінші ғасыр?
7. Әдетте неше мәрте есептеп, бір кеседі?

III. Жаңа сабақ. Бүгінгі күнді анықтап, дәптерге жазу

1. Бүгінгі тақырыбымызды қазақтың танымал ақыны Қадыр Мырза Әлінің өлеңімен бастайық. Өлеңін мәнерлеп оқу, талдау:

...Жетіңізге талай сан тіркеседі,
 Жеткен бала жетіге күрт өседі.
 Жаңылуды білмейтін сарапшылар
 Жеті мәрте есептеп, бір кеседі.
 Жетімізді жазалық тақтамызға,
 Жетіні есте, қанекей, сақтаңыздар!
 Жерлеген соң жетісін береді ылғи,
 Жеті күннен тұрады аптамызда!
 Жетісу ма?
 Жетісай қаласы ма?
 Жеті сіңген біраздың санасына.
 Сегіз емес,
 Алты емес,
 Жеті атасын
 Мұсылмандар жаттатқан баласына.
 Жеті жұлдыз жиналып ордаласқан,
 Жеті түнде жымындар қордалы аспан.
 Москва да,
 Рим де,
 Стамбул да
 Жеті төбе басына орналасқан!

IV. «Жеті» саны туралы мәтінді оқып, диктант етіп жаздыру.

Қазақ халқында жеті саны киелі деп есептелген. Себебі, орта ғасырларда ғалымдар жеті күнге, жеті жұлдызға ат берген. «Жеті» сөзімен байланысты халқымызда жеті қазына, жеті күн, жеті ата, жеті ұрпақ, жеті байлық сөздері пайда болған. 17-ғасырда Тәуке ханның «Жеті жарғысы» да жеті санының қасиеттігіне байланысты болған. Наурызкөжеге де жеті тағам салып пісіреді.

«Жеті атасын білмеген жетесіз» деген аталы сөзді өзіңіз де білетін боларсыз. Өйткені қазақта жеті атаға дейін қыз алыспайды, оған дейінгі ұрпақ бір атаның баласы – туыс саналады. Қазақтар негізінен жеті атаны былайша таратады:

1. Бала. 2. Әке. 3. Ата. 4. Үлкен ата. 5. Баба. 6. Тұп ата. 7. Тек ата.

2. Мәтіннің мазмұны бойынша берілетін тапсырмалар: көлемді ақ қағазда түрлі-түсті қолдана

1-топ: Осы мәтін бойынша 5 сұрақ құрайды

2-топ: Осы мәтінге ат қойып тірек-сызба жасайды

3. Құрастырған тапсырмаларды ауызша тақта алдында орындау:

1-топ: Тірек сызба бойынша мәтін мазмұнын дайындайды 2-ші топ: Осы мәтін бойынша құрастырылған сұрақтарға жауап береді

4. Өткенді қайталау. 1 минут ішінде қай топ көп сұрақтарға жауап береді

1-топқа қойылатын сұрақтар:

- 1) Ережені жалғастырындар: Сөздің түбірі жуан болса,
- 2) Кімнен? Неден? – қай септіктің сұрақтары?
- 3) Қазақ әліпбиінде неше әріп бар?
- 4) Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін ата.
- 5) Бастауыш қандай сұрақтарға жауап береді?
- 6) Заттың түр-түсін, сынын, көлемін, дәмін білдіретін сөз табы.
- 7) Қазақ тілінде жалғаудың неше түрі бар?

2-ші топқа сұрақтар.

- 1) Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері.

- 2) Қай септіктің жалғаулары үндестік заңына бағынбайды?
- 3) Табыс септіктің сұрақтары.
- 4) Сенің досың нешінші сыныпта оқиды?
- 5) Заттың санын, ретін білдіретін сөз табы.
- 6) Мағыналары бір біріне қарама-қарсы сөздер қалай аталады?
- 7) Бастауышты не арқылы табамыз?

5. «Жеті» саны бар мақал-мәтелдер да көп.

Жеті атасын білмеген ұл жетесіз.

Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер.

Өзін ғана білген ұл, құлағы мен жағын жер.

Жігітке жеті өнер де аз.

Айла алтау, ақыл жетеу.

Енді сендерді мақалдар арқылы сынайтын кез келді:

6. Тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ: Берілген мақал-мәтелдің екінші жартысын табыңдар.

1. Отан оттан да ...

2. Мектеп – кеме, ...

3. Ата – бәйтерек, ...

4. Заттың жаңасы жақсы,

2-топ: Берілген мақал-мәтелдің бірінші жартысын табыңдар.

1. ... – ормансыз бұлбұл.

2. ... – халық қазынасы.

3. ..., дұшпан күлдіріп айтады.

4. ... – алдына сол келер.

V. Бағалау. Оқушылардың сабақ үстіндегі белсенділіктері мен біліктіліктерін берген жауаптары негізінде бағалау.

VI. Үй тапсырмасы. Диктант мәтінінің мазмұнын дайындау.

ТІЛДІ МОДУЛЬ АРҚЫЛЫ ҮЙРЕТУДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚҰРАЛДАРДЫ ҰТЫМДЫ ҚОЛДАНУ

Бөлекбаева Н.И., Татиева С.С., Қазезова А.М.

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ

Қазіргі кезде ақпараттық технологияларға негізделген оқытудың техникалық құралдарын тілді оқытып үйретуде қолдану кең өріс тапты. Тілді оқытып үйретудегі оның тиімділігі жоғары бағалануда. Ақпараттық технологияларға негізделген құралдар оқытудың жағымды уәжін тудырады, студенттің белсенділігін арттырады, қабылданған материалға деген өзінің көзқарасын анықтауға әрекет жасайды, тәрбиелік әсер етеді.

Ақпараттық технологияларға негізделген техникалық құралдардың ерекшелігі өз көрінісін олардың қызметтерінде табады. Әдістемелік әдебиеттерде оның әр түрлі қызметтері атап көрсетілген. Біз оның қызметін тілді оқытып үйретуде қолдану қырынан қарастырамыз. Мысалы, тілдік білімді меңгеру және бекітумен қатар, оқытудың негізгі мақсаты - осы білімді тілдік қатынаста қолдану іскерлігін өңдеу болып табылады. Сондықтан оқу материалы мен процестік әрекетті нығайтатын қызметтердің ролі артады. Осы тұрғыда мыналар белгіленеді:

– *Уәждеушілік қызмет.* Ол лексика-грамматикалық материалды семантизациялау үшін немесе өзіндік сөйлеу әрекетін ұйымдастыру үшін, сөйтіп, студент назарын мазмұнына аудару үшін стимул береді;

– *Бейнелеушілік қызмет.* Қатынас объекті мен жағдаяттарды ақиқат, шындық бейнесінде көрсетеді. Және сөйлеу әрекеті үшін мағыналық тірек жасайды.

– *Бекітушілік қызмет.* Сөйлеу әрекетінің бірнеше рет қайталанылуын және осының негізінде оның бекітілуін қамтамасыз етеді.

Ақпараттық технологияларға негізделген техникалық құралдарды тілді үйретуде қолдану мақсаттардың нақты анықталуын талап етеді. Олардың қолданылу орны, мөлшері және уақыты дәл анықталуы керек.

Ақпараттық технологияларға негізделген техникалық құралдардың қолданысы ойластырылған

жүйелі сипатқа ие болуы тиіс және өзгеріп отыратын кезең, жағдай, қажеттілік және міндеттерді ескере отырып, ол барлық оқу жұмысы кешеніне қисынды және бірізді енгізілуі керек.

Әдістемелік әдебиетте ақпараттық технологияларға негізделген техникалық құралдарды оқудың алғашқы сатысында қолдану тиімді және мақсатқа сай болып саналады, себебі, затты бейнелеу арқылы лексикалық-грамматикалық материалды тиімдірек және жылдамырақ семантизациялауға, көру тіректерін дидактикалық тәсіл ретінде пайдалана отырып, естілетін сөзді тыңдап түсінуге үйретуге болады.

Осыларды ескере отырып, ақпараттық технологияларға негізделген техникалық құралдардың әр модульде тиімді қолданылу мүмкіншіліктерін қарастырайық.

Сонымен нольдік модульде ақпараттық технологияларға негізделген техникалық құралдар тілдік білімдегі грамматикалық кемшіліктерді жою, грамматикалық материалдың нашар меңгерілген ауқымын қайталау және бекіту, студенттердің орта мектептен әкелетін әдетті қателерін жою сияқты мәселелерді шешу барысында үлкен көмек көрсетеді. Көптеген жағдайда мұндай мәселелерге жеке сипат тән және олар студенттердің өзіндік жұмысы ретінде шешіледі. Бұл істің негізі болып жаттығулардың толық құрамы бар аудиожазбалар жүйесімен жабдықталған жеке жұмысқа арналған ақпараттық технологияларға негізделген лингфондық-компьютерлік зертхана қызмет етуі керек. Жаттығулар модуль материалымен және осы мақсатта арнайы жасалған грамматикалық жаттығулар жинағымен тығыз байланысқан.

Мұндай жүйедегі жұмыс әдістемесі мынадай:

– тілдік материалды меңгеруде байқалған кемшіліктерге сүйене отырып, студентке нақты міндет қойылады – берілген грамматикалық құбылысты өңдеу және бекіту, үнемі қайталанатын тілдік қателерге көңілін аудару және оны жою тәсілдері және т.б.;

– нақтылы түсініктер мен нұсқаулар беріледі – берілген құбылыстың мәні неде, ол орыс тілінде неге сәйкес келеді, айырмашылықтары неде, оқулықтың грамматикалық анықтағышынан осыған байланысты алдын-ала нені оқып, ұғынуы керек, лингфондық-компьютерлік зертханада кейін өз бетімен қандай жаттығулар орындауы керек, жаттығулар жинағында олардың номерлері көрсетіледі;

Осы мақсаттағы жаттығулардың кейінгі типтік топтары ұсынылады:

– “Тыңдаңыздар және қайталаңыздар” негізінен, дыбыстауды өңдеу үшін және осы тұрғыда жиі кездесетін қате дағдыларды жою үшін қолданылады.

– “Табыңыздар, іріктеніңіздер, көрсетіңіздер” – грамматикалық формалар мен құбылыстарды айыра білу іскерлігін өңдеу үшін арналған.

– «Есте сақтаңыздар, орнына қойыңыздар және ауыстырыңыздар»- белгілі грамматикалық форма, модель және конструкцияларды дұрыс қолдану іскерлігін өңдеуге бағытталған.

– «Аударыңыздар, эквиваленттерін беріңіздер» – оқылып жатқан және орыс тілдеріндегі құрылымдық өзгешеліктерді көрсететін, осының негізінде жіберілетін қателерді жоятын қарама-қайшы сипаттағы түрлі грамматикалық формалар мен конструкцияларды салыстыруға және бекітуге бағытталған.

– «Өзгертіңіз, қайта құрыңыз, басқаша айтыңыз» – түрлі грамматикалық формалар және конструкциялармен ауыстыру, өзгерту. Амалдың жасай білу іскерлігін өңдеу үшін қолданылады.

– «Ойлап табыңыз, құрастырыңыз, қолданыңыз» – меңгерілген грамматикалық қалып және конструкцияларды тәжірибеде қолдану іскерлігін өңдеуге арналған.

– «Сұрақтарға жауап беріңіз» – көлем мен мөлшерді, нақты және шамадағы санды, мақұлдау және терістеу және т.б. білдіретін қазақ тіліне тән конструкцияларды қолдана отырып, бір мағыналы жауап беруге бағытталған.

Нольдік модульмен жұмыста ақпараттық технологияларға негізделген техникалық құралдарды қолданудың екінші саласын тыңдалым бойынша жаттығулардың аудиожазбалары құрайды. Олардың қолданылу тиімділігі, оқушыларға қазақ тілін осы тілде нақты сөйлейтін түрлі дикторлардың (еркек және әйел) дұрыс қарқынмен және өзіне сай ерекшеліктерімен оқуы арқылы қабылдау мүмкіндігін беруімен байланысты. Мұнда негізінен аудиожазбалардың екі түрі қолданылады:

– оқулық мәтіндеріне берілетін қыстырма сөздер;

– тыңдалымға арналған көркем-публицистикалық әңгімелер.

Аудиожазбалардың бірінші түріне келетін болсақ, олар уақыт сайын оқытушының ауызша кіріспе әңгімелерінен мәтінге ауысып отырады. Мұнда жазылғандар жанадан таныстыратын мәтінде берілген негізгі жана сөздер мен сөз тіркестері қолданылған қысқа жай сөйлемдерден құралған 3-5 минуттық әңгімелер.

Аудиожазбаның осы түрімен жасалатын жұмыс кейінгі әрекеттерден тұрады: жаңа лексиканы алдымен оқытушы қысқа кіріспе сөйлемдерде ұсынып, түсіндіреді; кіріспе сөз фонограммамен

дыбысталады; оқытушы тыңдалған жазба бойынша сұрақтар қояды.

Аудиожазбаның екінші түрін тыңдалым іскерлігін қалыптастыру үшін арналған хрестоматиялық мәтін құрайды. Тіл және тақырып стилі бойынша олар оқулық мәтіндеріне жақын.

Осы типтегі аудиожазбамен жасалатын жұмыс кейінгі тәсілдерден құралады:

– Студенттерді фонограмманы тыңдауға дайындау. Мұнда әңгіме тақырыбы, оның өтілген мәтін материалымен байланысы көрсетіледі, таныс емес сөздер мен сөз тіркестері, қажетіне қарай елтанушылық реалияларда түсіндіріледі;

– Фонограмма мәтінінің презентациялануы. Әдетте оның бір рет тыңдалуы ұсынылады, себебі мұндай тәсіл оқушыларды сөзді қатынастың табиғи жағдайында қабылдауға дайындайды;

– Тыңдалған мәтінді түсіну деңгейін бақылау.

– Қабылданған материалды жаттығулар арқылы өңдеу.

Тыңдалған мәтінді түсіну деңгейін бақылау және қабылданған материалды өңдеу келесі жаттығулар бойынша жүргізіледі: әңгіменің негізгі идеясының анықталуы; әңгімені құрайтын бөлшектерінің бөлінуі; тыңдалған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру; мәтіннің бір эпизодын мазмұндау; тыңдалған мәтін бойынша есте қалған сөз тіркестерін атау; тыңдалған мәтіннің мазмұнын айту; мәтін оқиғасына, оның кейіпкерлеріне, олардың қылықтарына және т.б. өз көзқарасының анықталуы.

Модульдің келесі күнделікті қатынас модулінде ақпараттық технологияларға негізделген техникалық құралдардың қолданылу жағдайы, мақсат және міндеттері біршама өзгереді. Мұнда олар студенттерге сөйлеу әрекеттерін жүзеге асыру үшін сүйеніш болуы керек, өз ойларын айтуға стимул беріп, оларды әңгіме, диспут, сұхбаттасуға сөйлеудің өз бағдарламасын жүзеге асыруына тарту керек. Осы тұрғыда диафильм және, ең бастысы, видеофильм, кинофильммен жүргізілетін жұмыс үлкен мүмкіндік береді. Мысалы, видеофрагментпен жұмысты мынадай бағытта жүргізуге болады: Фрагмент нені суреттейді? Оның кейіпкерлері немен ерекшеленеді? Берілген жағдайдың соңы қалай аяқталады деп ойлайсыздар? Кейіпкерлердің мінез-құлқы мен қылықтарын қалай бағалайсыздар? Берілген жағдайдың алдында не болуы мүмкін еді? Бұл жағдайды Сіз қалай бағалайсыз? Әр түрлі видеофрагменттер қатынастың түрлі жағдайында студентті әңгімеге тартатын әсерлі көру стимулы ретіндегі мүмкіншіліктері, оны күнделікті қатынас жағдайы модулінің негізгі элементі ретінде қабылдау және қажетті жағдайда сабақта үнемі қолдану керек. Олар: студенттердің оқу материалына деген қызығушылығын өсуіне ықпал етеді; олардың айтқандарына дем беріп, ұйымдастырады; құнды елтанушылық ақпарат атына ие; бейнені ақпаратпен үйлестіре отырып, оқу материалының бекітілуіне ықпал етеді; студенттерді біртіндеп кинофильммен жұмыс жасауға дайындайды, мұнда көру және есту бейнелері динамикада бір уақытта үйлеседі.

Оқу тәжірибесі мен оқу уақыты есебінің көрсетуінше, фильмдерді кез келген тақырыптық материал аяқталғаннан кейін 3-4 сабақ аралықта қолданған тиімді.

Осы жағдайда жұмыстың келесі әдістемесі қолданылады:

– Оқытушының кіріспе сөзі, студенттердің видеофильмді ұйымдаса қабылдауы, мұнда фильм тақырыбы, оның алдында өңделген материалмен байланысы көрсетіледі, лексикалық және елтанушылық түсініктер беріледі.

– Қабылданған материал бойынша жалпы анықтау үшін бақылау әңгіме жүргізу, не түсінікті, нелер үлкен әсер туғызды, оқушылардың назарына не ілікпеді.

Сөйтіп, ол ауызша қабылдау және ойды жеткізу кезінде паралин-гвистикалық құралдарды пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар сөйлеу іскерлігін дамытуға үлкен мүмкіндік туғызады. Ресми қатынас модулінде ақпараттық технологияларға негізделген техникалық құралдар шамалы қолданылады.

Кәсіби қатынас модулінде аудиовизуальды құралдардың құрамына тыңдалымға арналған экономикалық мәтіндер жазылған хрестоматиялық типтегі таспаларды енгізген жөн. Оқудың осы сатысында оқу жұмысына мұндай құралдардың енгізілуі тиімді. Студенттер маман дикторлармен оқылған әр түрлі экономикалық мәтінді тыңдағаны жөн. Ол оған кәсіби қатысымның түрлі үлгісімен танысуға мүмкіндік береді.

Сонымен ақпараттық технологияларға негізделген техникалық құралдар оқытудың өзгеріп отыратын жағдайы, мақсат және міндеттеріне байланысты, модульден модульге сабақтаса өз ролі мен қызметін түрлендіре отырып жоспарлы қолданыла келе, студенттердің тілді үйренуге ынта-ықыласын арттыра түседі.

Әдебиеттер

1. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде / Аударған Д.А.Қайшыбекова / – Алматы, 2006.

ПРИМЕНЕНИЕ ИГРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА

*Букабаева Ж.А., Байкулова Л.Т.
с. Толе би Чуйский район Жамбылская область*

Современная педагогическая наука имеет богатый арсенал методов обучения, являющихся инструментами педагога, ими он передает знания, формирует умения и навыки обучаемых. В современных инновационных методах обучения заложены большие возможности интенсификации учебного процесса. Они, во-первых, придают учебному процессу творческий, проблемный характер, а, во-вторых, развивают инициативу учащихся, стимулируют их мысль, самостоятельный поиск, обеспечивают ускорение роста знаний, умений и навыков.

Методы активного обучения делятся на имитационные и неимитационные. Неимитационные, или традиционные методы включают в себя проблемные лекции, практические и лабораторные занятия, семинары, тематические дискуссии, уроки-конференции и т.д. Имитационная группа методов делится на игровые и неигровые.

Игра является одним из самых распространенных активных методов обучения. Применение игровых технологий на уроках русского языка способствует вовлечению каждого учащегося в активный познавательный процесс, применению приобретенных знаний на практике.

На уроках русского языка можно использовать такие активные методы обучения, как игра со словом, ролевые игры, имитационные упражнения, метод «круглого стола», дебаты и т.д.

Популярной остается у ребят всех возрастов игра на составление слов из букв, входящих в данное слово. В качестве исходного выбирается обычно орфографически трудное слово. Например: предприниматель, превосходство, корреспонденция и т.п. Похоже проводится игра «Кто больше?». Учащимся надо подобрать как можно больше определений к существительному (яблоко, звук, глаза, дом, погода и т.п.). Широко используется на уроках русского языка игра «Третье (четвертое) лишнее». Основами для объединения слов в группы могут стать морфемный состав, морфологические признаки, лексическое значение и прочее.

Основной целью урока русского языка в казахских классах является практическое овладение языком, развитие русской речи учащихся, но с другой стороны, школьники должны научиться применять полученные знания в конкретных ситуациях. Сформировать эти умения можно, выполняя на уроках по русскому языку различные ситуативные, или имитационные упражнения. К таким видам имитационных упражнений можно отнести и учебные игры, сближающие псевдо- и реальную коммуникации.

В процессе такой игры происходит и развитие фантазии, и самостоятельный поиск ответа на те или иные вопросы, и расширение знаний, и дальнейшее развитие русской речи, в частности, учебной. Проведение той или иной учебной ролевой игры воспринимается школьниками с интересом и желанием, каждый из них с определенной ответственностью относится к выполнению тех или иных заданий, предусматривающих правильный ход игры.

В современной педагогике выделяется несколько видов учебных игр: игры-соревнования, инструментальные игры, ролевые игры, игры-дискуссии. На уроках можно применять любую разновидность данных игр, но мы чаще используем ролевые игры, игры-дискуссии и т.д.

Каждая игра является как бы завершением или обобщением пройденного материала, так как знание программных моментов позволит школьникам наиболее полно и правильно принять участие в такой игре. Успех такой игры на уроках зависит и от учителя, который должен тщательно продумать ход игры, организовать ее, распределить роли участников, объяснить значение данной игры. Если игра рассчитана на один урок, то она будет делиться на три этапа: подготовку, собственно игру и подведение итогов. Выбрав тему, учитель составляет сценарий игры, в котором обозначает цель и содержание ситуации. Перед проведением игры он должен провести соответствующую работу со школьниками: дать общее представление об игре, описать начальную ситуацию, распределить между школьниками роли, рекомендовать для подготовки к игре справочный материал.

Игра – это многофункциональный метод. Он может быть использован и при усвоении нового материала, и при его закреплении, и на этапе повторения. В игре развиваются все виды мышления,

формируется мировоззрение, раскрываются способности, совершенствуются организационные и организаторские, коммуникативные умения.

Итак, применение игровых технологий на уроках русского языка способствует повышению качества и активизации познавательной деятельности школьников, раскрытию их творческого потенциала и самостоятельности, применению приобретенных знаний на практике.

Литература

1. Анисимов В.В., Грохольская О.Г., Никандров Н.Д. Общие основы педагогики. – М., 2006.
2. Анисимов В.В., Грохольская О.Г., Никандров Н.Д. Воспитание игрой. – М., 1987.

ТОППЕН ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІЛІКТЕР ЖАЙЛЫ

Заурбекова Г.

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ

Студенттердің тіл сауаттылығын арттыру, тілді терең меңгеру деңгейін топтық жұмыс арқылы ұйымдастыру жеке тұлғаның өзіндік қабілетін дамытады. Оқытушы студенттердің тілдік дайындық деңгейін дамыту үшін бірінші қолайлы көңіл-күй орнату арқылы студенттер ойын белгілі бір нәрсеге бағыттауы тиіс. Ұстаз студенттерін топтарға бөлу, оларға түрлі оқу ойындарын ұйымдастыру, тапсырмалардың мазмұнын студенттердің қызығушылығы мен болашақ кәсібіне сәйкес даярлау; студенттердің топпен жұмыс істеуіне жағдай туғызу; бірлесе жұмыс істеуге студенттерді жүйелі, саналы түрде бағыттау, олардың жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, әр студенттің өз ісіне сенімділігін, жауапкершілігін арттыруды басты назарында ұстауы тиіс.

Топтық жұмысты ұйымдастырудағы мақсат студенттерді бірлесе жұмыс істеуге, яғни ынтымақтастыққа үйренуге, топ мүшесі ретінде жауапкершілікті сезінуге, шағын топ ішінде жұмыс істеу ережесін құра білуге бейімдеу. Студенттер шағын топ ішінде алға қойылған міндеттерді орындап, мәселелерді бірлесіп шешуге, идеялармен алмасуға және қорғауға бейімделеді. Әр сабақтың тақырыбы, ұсынылған материалдарға қарай шағын топтардың жұмыс моделі құрылады.

Қазақ тіліне берілген уақыт тапшылығын, студент топтарындағы студенттер санының көбінесе 12-ден көп болып жатуын ескерсек, топтық жұмыстарға басымдылық беру көптеген проблемаларды шешіп, аз уақытта бірқатар нәтижеге қолжеткізуге мүмкіндік беретін бірден бір әдіс болып табылатыны белгілі. Берілген тапсырмаларды біріге орындау барысында шағын топ ішінде студенттер ынтымақтастық стратегиясын, жұмысты ұйымдастыру әдістемесін игереді. Табысты түрде өзара қарым-қатынас жасап, оқу нәтижесіне жетеді. Топтық жұмыстарды жүзеге асыру барысында А-3 парақтары, стикер, интерактивті тақта, маркер, қалам сияқты материалдарды қолданылады. Топтарға бөліп жұмыс істеу барысында кейбір топ ішінде кездесетін ерекше дарынды немесе тілдік жағынан академиялық қолдауды қажет ететін студенттер кездесіп отырады. Студенттердің көпшілігін топтарға бөліп, бірнеше студентпен жеке жұмыс немесе жұптық жұмыс түрлерін ұсынуға болады. Бұл жұмыстың тиімділігін арттырып, барлық студенттердің тегіс қамтылуын қамтамасыз етеді. Берілген тақырыптың ерекшелігіне қарай рөлдік ойындар да іске асып жатады.

Қатар бойынша шағын үш топқа бөліп жұмыс істеу жұмысты әлдеқайда жеңілдетеді. Студенттерге әр түрлі түсті қағаз қайықтарды (балық, гүл, ағаш, кілт, т.б.) жасап, оларды әр қатысушыға бөліп бердім. Әрбір шағын топқа жауап беретін көшбасшысы сайланады, әр топқа Негізгі студентті анықтау тапсырылады. Негізгі студент дегеніміз ең тілдік дайындығы әлсіз деген студент, оның осы іс-әрекет барысында ағыстан шығып, не суға батып кетпеуіне, яғни бір кісідей ілесіп отыруына топ мүшелері толықтай жауапкершілік атқарады. Негізгі студенттің оқудағы ілгерілеуі – топ жұмысының көрсеткіші деп те қарастырамыз.

Тапсырманы алдын ала даярлау және оның орындалу уақытының ұзақтығын белгілеу және оның нәтижелі, табысты болуы оқытушының өзіне байланысты. Тапсырма қағаз бетіне басылған әртүрлі жанрдағы материал болуы мүмкін, болмаса алдын ала бейнероликтердің сілтемесі даярланады, сол роликтен соң, белгіленген уақыт аралығында журнал макетін, кітапша, сол роликтің сценарийін, сол тақырыпқа байланысты конференция өткізу сияқты қилы сұрақтар қойылады. Мәселен, «Қасқырдың жойылып кетуі қауіпті ме, жоқ па?» атты экологиялық проблемаға қатысты тақырыпқа материалды студенттермен бірлесе іздестіру барысында ағылшын тілінде бейнеролик табылды, студенттік топ қалауы бойынша бейнероликті ағылшын тілінде көрді, ал осы өзекті тақырыпты қазақ тілінде талқылау үлкен

нәтижелі жұмыс болды, сондай-ақ роликті көре отырып, шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне жеке-жеке тоқталдық, содан кейін «Қазақ және көкбөрі», «Қасқырдың тұқымдары», «Дала санитары» тақырыптарында жобалар қорғалды. Әр қатысушы көрген бейне ролик туралы жеке ойланады және екі-үш сөйлеммен өз пікірін жазып қалдырады. Мұнда жеке орындау да, кейде бірлесіп орындау да жүзеге асып жатады. Бірлесе орындаған жұмыстарды кейде топ басшысы, кейде негізгі студент таныстырады. Таныстыруда қатып қалған нәрсе жоқ, бірақ әр қатысушы өзінің презентациялық жұмысқа міндетті түрде тартылатынын есінен шығармауы тиіс. Салауатты өмір салтына қатысты мәселелер тақырыпта қозғалған кезде, мәселен фастфудпен тамақтану, темекі шегу, ішімдік ішу, құрамында қанты көп газдалған сусындарды, ұялы телефонды ұзақ уақыт пайдалану, құмар ойындардың зияны мен пайдасы туралы топ мүшелері алдымен сауалнамаға жеке жауап беріп, кейінірек топта ішінде талқылап, бірлесе отырып қорытынды ойды жазып шығады. Әр тақырып бойынша әр топқа бөлек-бөлек өз ойын флипчартқа жазады немесе постер арқылы бейнелейді. Содан кейін топ жұмысын қорғайды. Қорғау жұмысы бойынша жұмысты тыңдап отырған басқа топ мүшелері сұрақ қойып, жұмыстың маңыздылығын арттырып та жатады. Топтар орындағанын жұмыстарымен алмасып, өзара бағалау әрекетін жүзеге асырады. Бұл жерде студенттерді бір-бірін мұқият тыңдауға, орындаған жұмысқа құрмет сезіммен қарауға, ұтымды сұрақтар қоюға, әділ бағалауға икемделеді. 6 қалпақ әдісі бойынша тақырыпқа қатысты мәлімет айту. 6 қалпақтың түсі қағазға жазылады да, ортаға қойылады, жеребені қатысушылар таңдап, өзіне түскен түс бойынша мәлімет айтуға дайындалады. Қорытындылай келе заманауи технологиялық құрылғылардың пайдасы мен зияны қандай? Қатысушылар келесі бағыттар бойынша, атап айтқанда, ақ қалпақ – ақпараттар, фактілерді; қызыл қалпақ – ішкі сезімді, қара қалпақ – логикалық негативті ойлау; сары қалпақ – логикалық позитивті ойлауды; жасыл қалпақ – шығармашылық ойлауды; көк қалпақ – ойлау процесін басқару бойынша мәліметтерін баяндайды. Сабақ соңында жасалатын рефлексия парақшасы, өзін өзі бағалау, сабақты бағалау парақшасы таратылады. Студенттер сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарын да жазады.

Студенттерді оқытуда топтарға бөліп оқыту стратегиясын қолдануда қатысымдық әрекеттің төрт түрі де, атап айтқанда, жазу, тыңдау, оқу, сөйлеу әрекеттері түгелдей қамтылып, жаңаша ойлау, сұхбат құру, миға шабуыл, дарынды, көшбасшы студенттерді анықтау, деңгейлеп оқыту, проблемаларды қою және шешу сияқты көптеген мәселелер кешенді түрде шешіліп жатады.

Әдебиеттер

1. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020ж. арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2010ж.
2. <http://orleu-krg.kz/files/CUP/Rukovodstvo.pdf>
3. Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістеме. Алматы 2013ж.

ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ ӨКІЛДЕРІНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Ибраимова Ж.Т., Әділханова Ж.С.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы 2001 жылдан бастап шетелден келген қазақ диаспорасы өкілдерін кешенді тестілеуге дайындап келеді. Аталған дәрісханада сабақ берудің өзіндік ерекшеліктері бар. Бүгінгі мақаламызда қазақ диаспорасы өкілдерін қазақ тілі пәнінен кешенді тестілеуге дайындаудағы кейбір ерекшеліктерге тоқталмақпыз.

Қазақ диаспорасы өкілдеріне қазақ тілін оқыту «Әліпбимен» таныстырудан басталады. Себебі олар келген мемлекеттерінің ерекшеліктеріне сай білім алып келген тыңдаушылар. Мәселен, ҚХР-дан келген тыңдаушылар кириллицамен мүлдем таныс емес. Сол себепті осы мемлекеттен келген тыңдаушыларға *Ү – У, Ы – І, О – Ө* дауыстыларын меңгерту оңайға соқпайды. Өз тәжірибемізде осы дауыстыларды әуелі жеке дыбыстап айтқызып үйретеміз. Кейін салыстыра айтқызамыз. Мысалдар келтіре отырып жеке, топпен қайталап дұрыс айтып үйренеміз. Себебі әрбір тілдің дыбыстары мен әріптерін жақсы білу, әрқайсысының өзіндік ерекшелігін ажырату – тілді игерудің негізгі жолы. Сонымен қатар тыңдаушылардың дыбыстау мүшелерін және оның әрқайсысының атқаратын қызметін жақсы біліп, дұрыс меңгеруінің маңызы зор. Тіліміздегі дыбыстарды, олардың жасалуын, қолданылу ерекшелігін білмей әдеби тілдегі сөздердің жазылу, айтылу заңдылығын игеру мүмкін емес. Келесі кезекте түрлі жаттығу жұмыстарын жүргізумен пысықтаймыз. Қорытындылау

мақсатында тыңдаушылардың өздеріне ізденетін шығармашылық тапсырмалар беруге болады. Мысалы осы дыбыстардан басталатын, ортасында осы дыбыстар келетін сөздерге мысалдар жаздырту:

| | | | |
|---------|---------|-----------|-----------|
| Үн – үн | от – өт | тор – төр | құн – күн |
| Ұқ – үк | оз – өз | бол – бөл | тұр – түр |
| Ұр – үр | | қол – көл | сұр – сүр |

Жаттығу жұмысының шартын тақырып мақсатына қарай түрлендіріп отыру сабақтың сапасына көп әсер етеді.

Аталған тақырыпты меңгерту барысында фонетикалық талдаулардың да маңызы зор. Тыңдаушылардың фонетикалық талдау жасай білу дағдысын қалыптастыра отырып, күнделікті сабақта ішінара талдату, яғни өтіліп отырған тақырыпқа ерекше көңіл аударту дағдыға айналуы тиіс. Ал көлемді тақырыптарды өткеннен кейін қайталау кезінде толық талдау жасатқан дұрыс.

Аталған дәрісханада тағы бір қиындық тудыратын тақырып – «Сөз тіркесі».

Шинжаң оқу-ағарту баспасынан шыққан «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында сөз тіркесіне мынадай анықтама берілген: «Кемінде толық мағыналы екі сөздің синтаксистік бірігуімен құралған, белгілі бір ұғымды білдіретін бірлікті сөз тіркесі дейміз, – деп анықтай келе оларды

1) Салалас тіркес

2) Сабақтас тіркес, – деп екіге бөледі. Сабақтас тіркестің құрамындағы сөздердің синтаксистік байланысы бес түрлі: қиысу, меңгеру, матасу, қабысу және жанасу», – деп көрсетеді. (1)

Анықтамада көрсетілгендей, сөз тіркесі «белгілі бір ұғымды» білдірмейді, күрделі ұғымды білдіреді. Сөздердің салалас қатары да сөз тіркесі бола алмайды. Себебі сөз тіркесі болу үшін кемінде толық мағыналы екі сөз сабақтаса, яғни бірі екіншісіне бағына байланысуы керек. Аталған оқулықтағы қиысуға келтірілген мысалдармен келісу қиын. *Мен оқыдым. Өнеркәсіп күшейді. Олар домбырашылар.* (1, 236-237бб)

Біздің ойымызша, бұлар сөз тіркесі емес, сөйлем. Осы себепті қазақ диаспорасы дәрісханасында «Сөз тіркесі» тақырыбын ең әуелі ол жайлы қарапайым түсініктен және оған тән негізгі белгілерді танытудан бастаған жөн.

1) Сөйлем ішінде танылады,

2) кем дегенде толық мағыналы екі сөзден құралады,

3) сөз тіркесін құрайтын сөздер бір-бірімен белгілі грамматикалық тәсілдер арқылы бірі екіншісіне бағына байланысады,

4) сөз тіркесі белгілі синтаксистік қатынасты білдіреді.

Мысалы, *Әрбір адамның аңсаған арманы болады.* Осы сөйлемді сөз тіркестеріне ажыратсақ. Бұл сөйлемде сөздер бір-бірімен мынадай байланыстарға түскен: *әрбір адамның, адамның арманы, аңсаған арманы.*

Әрбір адамның, аңсаған арманы-қабыса байланысқан, адамның арманы – матаса байланысқан сөз тіркестері.

Айрықша белгілерін мысалдар арқылы дәлелдеген соң тыңдаушыларға сөз тіркестеріне ұқсас тұлғалар беріп, олардың ұқсастық, айырмашылықтарын анықтату қажет.

Сөз тіркестерінің негізгі белгілері жайлы Ә.Аблақов, С.Исаев, Е.Ағманов сияқты ғалымдарымыздың пікірлерін ескере кеткен жөн: «Сөз тіркесін өзге құбылыстардан ажыратуға бірнеше белгілер негіз болады, бірақ солардың ішінде тіркес құрамындағы сөздердің бірінің екіншісіне бағына байланысын немесе бірімен-бірінің бағыныңқы грамматикалық байланыс арқылы тіркесуі ажыратушы белгілердің ең негізгісі болып табылады» (2,8).

Тіркескен сөздер, атаулық тіркестер, тұрақты сөз тіркестері, сөздердің салалас қатары. Осылардың әрқайсысын сөз тіркестерімен салыстырып, олардың сыртқы тұлғасының ғана ұқсайтынына көз жеткізту қажет.

Тіркескен сөздер кем дегенде екі сөзден құралып бір нәрсенің атауы болады. Мысалы, *кетін қалды, он екі, ұзын бойлы, көк ала, жәрдем ет.* Бұлар сөз тіркесіне құрамы жағынан ғана ұқсас.

Атаулық тіркестер заттың, құбылыстың атауы. Олар көркемдік, бейнелік мақсатта қолданыла алмайды. Мысалы: *Зат есім, ортақ етіс.*

Тұрақты тіркестің, тіркесті сөздердің орындарының тұрақты екенін, бір ғана ұғымды білдіріп, бір сөздің орнына қолданылатындығын, сол себепті бірінен екіншісіне сұрақ қоюға болмайтынын анықтату қажет. Тұрақты тіркестердің басты ерекшелігі – құрамындағы сөздердің тұтасымен бір ғана лексикалық мағынаны білдіретіндігі. Ұзын арқау кең тұсау (сөзбұйдаға салу), мұрнын шүйіру (менсінбеу), тонның ішкі бауындай (өте жақын).

Тұрақты тіркестердің білдіретін мағынасы оны құрайтын жеке сөздердің мағынасынан туындап тұрған жоқ, бірліктегі мағына арқылы беріліп тұр. Ал сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің әрқайсысы дербес мағынаға ие. *Білімді азамат* тіркесіндегі білім және азамат сөздерінің әрқайсысына жеке-жеке сұрақ қоюға болатынын айта кету керек.

Сөздердің салалас қатарында бағыныңқы сыңар деген компоненттің болмайтынын, орнын ауыстыруға келетінін айтуға болады. Мәселен, *сұлу да сымбатты немес ұл мен қыз* деген сөздердің салалас қатарын *қазақ әдебиеті, батырлар жыры* сияқты атаулық тіркестердің де сөйлеу процесінде құралмай, дайын бүтін бір лексема ретінде танылатынын, сол себепті оларды жеке-жеке сөйлем мүшесіне талдауға көнбейтіндігін түсіндірген жөн.

Сонымен, қазақ диаспорасы өкілдеріне «Сөз тіркесі» тақырыбын меңгерту үшін: біріншіден, бірізділік, сатылық, жүйелілік принциптеріне негізделуі тиіс.

Екіншіден, грамматиканың морфология және синтаксис салалары байланыста әрі салыстырыла оқытылуы тиіс. Морфологияда «Дара және күрделі сөздер» тақырыбымен байланыстыра жүргізілгені дұрыс.

Күрделі сөздің бір түрі – тіркескен сөздерге көбірек тоқталған тиімді. Себебі аталған мемлекеттен келген тыңдаушылар күрделі сөздің тек үш түрімен ғана таныс. Осындай тақырыпаралық байланыс, жүйелілік сақталған жағдайда ғана сапалы нәтижеге қол жеткізуге болады.

Әдебиеттер

1. Қазіргі қазақ тілі. Шинжаң оқу-ағарту басқармасы. Үрімжі, 1985.
2. Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі. – Алматы: «Санат», 1997.

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ӘДІСТЕРІ

Ибраимова Ж.Т., Әділханова Ж.С.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде білімді бағалаудың кең тараған жолы –тест тәсілі. Тест (ағылшын тілінде «test» — «сынақ») – белгілі бір ретпен орналастырылған сұрақтар мен тапсырмалар жиыны. Тестілеудің мақсаты-адамның белгілі бір сапасы мен дағдыларын бағалау. Тест – тыңдаушылардың білім дәрежесін қандай дәрежеде екендігін анықтайтын тиімді жол.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор В.С.Аванесовтың пікірінше тест тапсырмаларының төрт түрі бар, ал қалғандары осыларды араластырудан туады не осы формалардың бір нұсқасы болып табылады. (1) Ф.Ш.Оразбаева тестің *баламалық, таңдамалық, қосымшалық, жұмбақтық, толықтырмалық, өлшемдік* сияқты түрлерін бөліп көрсетеді. (2)

Бірқатар зерттеушілердің еңбектерінде тест тапсырмаларына қойылатын негізгі талаптар анықталған. Оларға:

- мақсаты болуы;
- технологиялық;
- қысқа, жинақы түрде болуы;
- ойдың логикалық құрылымы дұрыс;
- жауаптарды бағалаудың теңдігі;
- жауаптардың анықталған орны болуы.
- Тапсырманың тұжырымдамасы мен жауаптары әрі қысқа, әрі анық болуы қажет;
- Бір сұрақтың 3 -5 түрлі жауабы болуы мүмкін. Олардың ішінде біреуі ғана дұрыс болады, басқалары жауабына жақын, бірақ дұрыс болмауы шарт. Кейде бірде – бір дұрыс жауап болмауы шарт;
- Сұрақтарға жауап беру уақыты қатаң сақталуы тиіс;
- Нұсқалар сыналушыларға бірдей дәрежеде түсіндіріледі, әдетте ол жазба түрінде болады;
- Бірде – бір сыналушыға басқалармен салыстырғанда ешқандай артықшылық берілмейді;
- Тестпен сынаудың нәтижелерін бағалаудың алдын-ала жасалған жүйесі барлығына бірдей қолданылады;
- Тестке сынау әртүрлі топтарда мүмкіндігінше бірдей уақытта, яғни бір топта сынау күннің бір мезгілінде жүргізіледі;

Тестілеуді өткізілу мақсатына қарай тақырыптық, кезеңдік, аралық т.б. деп жіктеуге болады. Мысалы, қазақ тілі пәнінің «Фонетика» саласын қорытындылауға қатысты кезеңдік тест тапсырмаларды қарастырып көрсек. Кешенді тестілеуде фонетика саласы бойынша келетін негізгі тақырыптар: дауысты дыбыстар, дауыссыз дыбыстар, буын және тасымал, үндестік заңы, орфография және орфоэпия.

Ең әуелі, тест жоспарын құрамыз. Сұрақтарды үш деңгей бойынша топтастырамыз: «А» – жеңіл, «В»- орташа, «С» – қиын. Барлығы 100 сұрақты қамтитын тест тапсырмаларының «А» деңгейін – 40 сұрақ, «В» деңгейін – 50 сұрақ, «С» деңгейін –10 сұрақ қамтуы тиіс. «С» деңгейі бойынша ұсынылатын тақырыптар: үндестік заңы, орфография және орфоэпия, орыс тілінен енген сөздер мен қосымшалардың жазылуы. «В» деңгейі бойынша ұсынылатын тақырыптар: дауысты дыбыстар, жіктелімі, дауыссыз дыбыстар, топтастырылуы, жазу принциптері, бірге жазылатын сөздер, бөлек жазылатын сөздер, буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар.

- «А» деңгейі бойынша ұсынылатын тақырыптар: буын, түрлері, буын үндестігі, тасымал, тасымалдауға болмайтын жағдайлар, ерін үндестігі т.б.

- Аталған сала бойынша тест тапсырмаларының негізгі мақсаты – тыңдаушылардың фонетика саласы бойынша білімдерін саралау, қорытындылау. Тест тапсырмаларының мазмұны төмендегідей сипатта болады:

- тіл дыбыстарының тілдің негізгі құрылыс материалы екенін таныту,
- дауысты және дауыссыз дыбыстардың негізгі белгілерін, құрамын игерту
- кейбір сөздердің айтылу мен жазылудағы ұқсастықтарын ажыратып, тілдің орфографиялық, орфоэпиялық ерекшеліктерін меңгерту
- дыбыстың акустикалық, артикуляциялық ерекшеліктерін түсіндіру
- тіл дыбыстарының үндесу заңдылықтарын ұғындыру.

Тест тапсырмалары бойынша күтілетін нәтижелер:

- тыңдаушылардың тақырыпты қалай меңгергендерін анықтауға;
- тыңдаушыларға өтілген тақырыптардың қандай бөліктерінің ауыр тиетінін білуге;
- тыңдаушылардың оқуға жауапкершілігін арттырып, олардың оқуға деген мотивациясын туғызуға;
- тыңдаушылардың іскерлігін арттырып, дүниені тануға ұқыптылығын дамытуға;
- ең бастысы, тест құрастыру қиын да, көп уақыт алатын жұмыс болғанымен, ол тыңдаушы білімін тексерудің тездігі арқасында оқытушы еңбегін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қорыта келгенде, тыңдаушылардың білімін бақылау мен бағалау мәселесін жетілдіру тыңдаушының жеке тұлға ретінде дамуының алғы шарттарының бірі болып табылады. Тыңдаушылардың әр пәннен алған білімі дер кезінде бақыланып, оның біліміндегі олқылықтар жиі бақылаудың нәтижесінде толықтырылып отыратын болса, онда білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі шешілді деп есептеуге болар еді.

Әдебиеттер

1. Аванесов В.С. Теория и методика педагогических измерений. – М, 2014. стр.52
2. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. – А. 2000.

ПРИЕМЫ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

*Илшібаева Т.И., Искакова С.М.
Республиканский колледж спорта*

В современной системе образования основной целью обучения является воспитание компетентной, функционально-грамотной личности, умеющей учиться, вести исследовательскую работу, ориентироваться в огромном потоке информации, искать и находить нестандартные решения.

Урок, оставаясь важной формой организации учебного процесса, требует для решения вышеуказанной цели применения инновационных технологий. Инновационный подход к обучению позволяет так организовать учебный процесс, что на уроке активны прежде всего учащиеся, они самостоятельно добывают знания, ведут самостоятельный поиск решений. Актуальность инновационного обучения состоит: в соответствии концепции гуманизации образования,

социокультурной потребности современного общества; в преодолении авторитарного стиля в системе преподавания; личностно-ориентированном обучении, раскрытии творческого потенциала ученика.

На смену объяснительно-иллюстративным, репродуктивным методам обучения приходят новые информационно-поисковые. Современный урок немыслим без информационно-коммуникационных технологий (ИКТ). К.Д. Ушинский писал: «Дети мыслят формами, красками, звуками, ощущениями вообще». Таким образом, еще в XIX веке делались интуитивные попытки обосновать необходимость опоры на образ при систематизации материала. Использование ИКТ позволяет погрузиться в другой виртуальный мир, увидеть, услышать, запечатлеть. Диалоговые и иллюстрированные возможности компьютера существенно влияют на деятельностную структуру, мотивационную сферу учебного процесса. Информационные технологии значительно расширяют возможности предъявления учебной информации. Применение в презентациях цвета, графики, звука, всех современных средств видеотехники позволяет воссоздавать реальные картины, трехмерно, образно, интересно, нестандартно подавать большие объемы информации. Информационно-коммуникационные технологии можно использовать на всех этапах работы:

1) для организации повторения домашнего задания (фронтальный опрос по слайдам-вопросам, опорные конспекты);

2) для объяснения нового материала (иллюстративная презентация, схемы, учебные фильмы, аудио-лекции);

3) для закрепления материала и проверки знаний учащихся на обобщающих уроках (упражнения, тренинги, практические задания, тесты, диктанты);

4) на уроках развития речи (аудио-видеоматериалы).

Использование мультимедиа-презентаций в преподавании способствует созданию наглядной зрительной опоры для образного восприятия материала учащимися; развитию познавательной деятельности учеников, их творческой активности и самостоятельности.

Внедрение в традиционную систему «учитель – класс – ученик» компьютера и компьютерной обучающей программы кардинально меняет характер учебной деятельности ученика и роль учителя.

ИКТ вовлекают учащихся в учебный процесс, способствуя наиболее широкому раскрытию их способностей, активизации умственной деятельности.

Мы применяем средства мультимедиа на уроках, во-первых, для того, чтобы решать специальные практические задачи, записанные в программе по русскому языку и литературе:

- формирование прочных орфографических и пунктуационных умений и навыков;
- обогащение словарного запаса;
- овладение нормами литературного языка;
- усвоение лингвистических и литературоведческих терминов;
- формирование общеучебных умений и навыков.

Во-вторых, при организации самостоятельной работы учащихся по формированию основополагающих знаний школьного курса, по коррекции и учету знаний учащихся используется обучение и тестирование с помощью компьютера. Тестовый контроль и формирование умений и навыков с помощью компьютера предполагает возможность быстрее и объективнее, чем при традиционном способе, выявить знание и незнание обучающихся. Этот способ организации учебного процесса удобен и прост для оценивания в современной системе обработки информации.

В-третьих, применение информационных технологий позволяет формировать ключевые компетенции учащихся. Помогают решить вышеперечисленные задачи электронные учебники по русскому языку и литературе, созданные «Национальным центром информатизации», учебные мультимедийные компакт-диски, ресурсы Всемирной сети, аудио-книги.

Они позволяют повысить интерес учащихся к предмету, успеваемость и качество знаний учащихся, сэкономить время на опрос, дают возможность учащимся самостоятельно заниматься не только на уроках, но и в домашних условиях.

Как совместить в одном уроке огромное количество предлагаемых теоретиками-учеными и учителями-практиками инновационных технологий?

На наш взгляд, современный урок не должен ограничиваться выбором одной технологии, актуален в современных условиях адаптивный урок.

Адаптивный урок – сочетание элементов различных технологий, создающих комфортную среду урока. Применяя различные технологии на уроках, мы более заинтересовываем учащихся, добиваемся лучших результатов обучения.

При использовании инновационных технологий в обучении русскому языку и литературе успешно применяются следующие приемы: ключевые термины, перепутанные логические цепочки,

дидактическая игра, лингвистические карты, лингвистическая аллюзия (намек), опорный конспект, кластеры, синквейн, работа с тестами, мозговая атака, ассоциативный ряд, денотатный граф, ИНСЕРТ (интерактивная система записи для эффективного чтения и размышления), групповая дискуссия, чтение с остановками и Вопросы Блума, «Продвинутая лекция», эссе, исследование текста, нетрадиционные формы домашнего задания.

Особенно перспективным представляется метод проектов, который позволяет эффективно развивать критическое мышление, исследовательские способности учащихся, активизировать творческую деятельность, медиакомпетентность обучающихся. Так в 7 классе по русскому языку учащиеся готовили несколько проектов по изученным частям речи: выпускали лингвистические газеты, составляли опорные конспекты, вопросы, тестовые задания, схемы; таблицы, обобщающие морфологические признаки разных частей речи. К 10-11классу ученики уже достаточно владеют навыками создания проекта, чтобы выполнять эту работу самостоятельно. В 10-м классе, к примеру, учащиеся работают над более сложными проектами: постановка спектаклей, художественное чтение, иллюстрирование эпизодов изучаемых художественных произведений, написание сценариев, эссе, научных исследований, рефератов, докладов...

Чаще всего на уроках русского языка и литературы применяется приём технологии развития критического мышления – синквейн (в переводе с французского «пять строк»), белый стих, помогающий синтезировать, резюмировать информацию. Это форма свободного творчества, но по особым правилам. Технология критического мышления учит осмысленно пользоваться понятиями и определять свое личное отношение к рассматриваемой проблеме. Ценность данного методического приема заключается в том, что все это собрано в пяти строках. Так, в нестандартной ситуации, дети усваивают научные понятия, применяют знания и умения. Рождаются мысли, развиваются мыслительные навыки, обогащается словарный запас, формулируется идея (ключевая фраза), каждый учащийся ощущает себя творцом, поэтом, сжатая, емкая форма учит краткому пересказу. Развивать мышление – значит развивать умение думать. Процедура составления синквейна позволяет гармонично сочетать элементы всех трех основных образовательных систем: информационной, деятельностной и личностно-ориентированной.

Исследовательские методы обучения возможно применять на всех этапах урока с помощью некоторых правил технологии развития критического мышления:

1. Задавайтесь вопросами, интересуйтесь.

Речь идет о пытливости, интеллектуальной жажде знаний. Вопросы могут служить мотивацией к изучению материала, могут способствовать лучшему закреплению изученного, а также работать на рефлексию.

Приемы постановки вопросов:

– стратегия «Вопросительные слова». Что? Кто? Когда? Как? Почему?

Эта стратегия используется тогда, когда учащиеся уже имеют некоторые сведения по теме и ориентируются в ряде базовых понятий, связанных с изучаемым материалом. «Вопросительные слова» помогают им создать так называемое «поле интереса».

– «Толстый» и «тонкий» вопросы.

Этот прием используется в следующих обучающих ситуациях:

– для организации взаимопроса;

– для начала беседы по изучаемой теме;

– для определения вопросов, оставшихся без ответа после изучения темы.

2. Анализируйте идеи, предположения, тексты.

Анализ – это исходная мыслительная операция, с которой начинается процесс мышления. Для его осуществления нужно разложить идею или объект на составные части.

ИНСЕРТ (интерактивная система записи для эффективного чтения и размышления)

V – «уже знал»; + – «новое»; (-) – думал иначе или не знал; ? – не понял, есть вопросы.

3. Исследуйте факты, доказательства.

4. Высказывайте свои предложения, мысли, идеи.

Развитию критического мышления способствуют и нетрадиционные уроки, которые позволяют повысить интерес ученика как к предмету, так и к процессу обучения в целом. Попадая в необычную ситуацию, ребёнок включается в деятельность, сотрудничество с учителем, при этом создается положительный эмоциональный фон, легче усваиваются знания, быстрее формируются умения и навыки. Этому способствует создание на нестандартных уроках условий для мобилизации творческих резервов и учителя, и ученика.

Существует несколько классификаций нестандартных уроков и множество их видов (семинар, лекция, беседа, практикум, экскурсия, исследование, игра, КВН, защита проекта, диспут, конференция, спектакль, путешествие, зачет...) Практически все они позволяют задавать проблемные вопросы и создавать проблемные ситуации, решать задачи дифференцированного обучения, активизируют учебную деятельность, повышают познавательный интерес, способствуют развитию критического мышления. Нетрадиционные же уроки русского языка и литературы обеспечивают системный анализ лингвистических сведений, развивают наблюдательность.

Большое значение для раскрытия творческого потенциала ученика имеют и нетрадиционные формы домашнего задания, которые призваны закреплять знания, умения и навыки, полученные на уроке, а также позволяют учащемуся проявить самостоятельность, самому найти решение нестандартного вопроса, задания.

Виды домашнего задания могут быть разнообразны: творческая работа, лингвистическое исследование текста, художественное чтение, создание самостоятельных литературных произведений различных жанров, продолжение неоконченных произведений, наблюдение за природой, подготовка словарных диктантов, составление вопросника к зачету по теме, составление конспекта, опорных таблиц, составление тестовых заданий. Необычные задания развивают мышление, ученик примеряет разные роли: автора, иллюстратора, учителя.

Конечно, диапазон возможностей инновационных технологий гораздо шире и зависит от компетенции, фантазии, творчества и технической подготовленности учителя, но в любом случае можно сделать вывод о том, что применение приемов самых разных технологий в преподавании русского языка и литературы не только вносит разнообразие в процесс обучения, но и повышает мотивацию современного школьника к занятиям, стимулирует его познавательный интерес и повышает эффективность групповой и самостоятельной работы. При удачном и правильном сочетании применяемых технологий и форм проведения уроков, такие уроки оказываются очень интересными и эффективными.

Литература

1. Апатова Н.В. Информационные технологии в школьном образовании. – М.: Школа-Пресс, 2002.
2. Гоц Н.А. Применение информационных технологий на уроках. // Материалы конф. «Школа и компьютер». – М., 2004.
3. Гузев В.В. Образовательная технология XXI века: деятельность, ценности, успех. – М.: Центр «Педагогический поиск», 2004.
4. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования./ Под ред. Е.С. Полат. М.: Академия, 2000.
5. Караев Ж.А., Кобдикова Ж.У. Педагогические технологии как фактор реализации инновационного типа обучения. // Творческая педагогика. – 2006, № 2.
6. Власов В.П. Научно-педагогический аспект перспектив развития информационно-коммуникационных технологий в школьном образовании. // Творческая педагогика. – 2006, № 3.
7. Интернет-ресурсы Всемирной сети.

ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘРТЕБЕСІНДЕ ӨЗГЕТІЛДІ ДӘРІСХАНАДА ОҚЫТУДЫҢ МАҚСАТЫ

Иминова З.А.

Алматы аграрлық колледжі

«Тілін білмеген, түбін білмейді.

Ондай адам күлдіремін деп күйдіреді, сүйсіндіремін деп сүріндіреді, білдіремін деп бүлдіреді, қуантамын деп қуартады, келтіремін деп кетіреді, жұбатамын деп жылатады».

Ғабит Мүсірепов

Қазақ тілін не үшін білу керек?

1. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл.
2. Тіл білу – рухани байлық.
3. Қазақ халқын сыйлау үшін.
4. Қазақ халқымен жақсы қарым-қатынас жасау үшін.
5. Қазақ тілін білген адам қазақ халқының тарихын, мәдениетін біледі.

Бүгінгі таңда өзге тілді аудиторияларда мемлекеттік тілді меңгерту өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Қазіргі кездегі білім берудегі мақсат – жан-жақты, білімді, болашаққа жаңа көзқараспен қарай білетін және өзгерістерге, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-толғамы бар, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Қазақ тілі сабағы әрі тартымды, әрі қызықты, әрі сапалы болуы әр оқытушының өзіне, білім деңгейіне, кәсіби шеберлігіне байланысты.

Енді бұл пәннің оқытылуына келер болсақ, біздің Алматы аграрлық колледжде бұл пән орыс топтарына 1 курстың екі семестрі бойы оқытылады. «Кәсіби қазақ тілі» пәні бойынша тіл үйренуші өз мамандығы саласындағы сөз мәдениеті, терминология, стилистика салаларын өз деңгейлеріне сай меңгереді. Белгілі бір құзіреттілік талаптарына жауап береді.

«Кәсіби қазақ тілінің» мақсаты – мамандыққа кіріспе емес, қазақ тілін кәсіби деңгейде жетік меңгеру талаптарын негізге алады. Бұл пәнді аяқтаған тіл үйренуші: – мемлекеттік тілде таратылатын мол ақпараттар толқынынан өзіне, өз мамандығына қажеттісін таңдап алып, оны коммуникативті-функционалдық бағытта қолдана білуі керек;

– мемлекеттік тілде өзіндік көзқарасын таныта білу, оны дәлелдеп, қорғай білуі; -өзінің алған білімі мен білік-дағдыларын, қазақ тіліндегі сөздік қорын, терминологияны үнемі дамытып отыруы;

– мемлекеттік тілде өз мамандығы аясында шешен сөйлеуге дағдылануы;

– кез келген жағдайда өз бетінше шешім қабылдай білуі;

– проблеманы танып, оны шешудің жолдарын айқындау, оны мемлекеттік тілде көркем жеткізе білуі керек және т.б.

Қазіргі таңда оқытудың технологияларының жалпы заңдылықтары мен қағидалары нақтыланып, оларды қолданудың өзіндік жүйесі бірізге түсірілген деп кесіп айту орынды болмас. Өйткені технология шеберлікпен, өнермен тамырлас ұғым болғандықтан, оның мүмкіндіктерінің де шексіз екені аян. Әйтсе де олардың аражігін ажыратып, әр технологияның өзіндік сипаттарын пәнді оқытудың ерекшелігіне сай айқындап берген еңбектер қатары молайып келеді. Бұл білім беру жүйесін өзге тілді аудиториядағы білім алушыларға жан-жақты, қызықтыра, тез әрі оңай етіп мемлекеттік тілді үйретуге мүмкіншіліктердің тууына әкеліп отыр.

Білім беру жүйесінің әр буынында қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде меңгерту үдерісінде оқыту технологияларын жаңа қырынан қарастырған, оларды таңдап, талғап қолданудың ғылыми әдістемелік мәселелерін арнайы зерттеген жұмыстар қатарында Ф.Оразбаеваның қатысымдық технологиясын [7], М.Жанпейісованың модульдік технологиясын, Қ. Қадашеваның жаңғырта оқыту технологиясын, Р. Шаханованың мамандыққа бейімдеп оқыту технологиясын, З. Бейсенбаева мен К. Жақсылықованың модульдік технологияларын, Н. Құрманованың дамыта оқыту технологиясы, Н.Оразақынованың сатылай-кешенді талдау технологиясын, Н. Шадиеваның деңгейлік оқыту технологиясы, К.Мухлистің компьютерлік технологиясын зерттеген жаңа технологиялар қағидаларын атауға болады.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл мәртебесінде өзгетілді дәрісханада оқытудың мақсаты қазақ тілін меңгеруде бүгінгі күн қандай қажеттіліктер өтеледі және ертеңгі күні болашақ маманға қазақ тілі қандай дәрежеде керек болатындығы туралы қоғамдық пікірмен тығыз байланысты танылады.

Қазақ тілін өзгетілді дәрісханада жобалай оқыту технологиясы арқылы меңгеруді ұйымдастыруда студенттердің қазақ тілінен өз бетімен білім іздеу, білім мазмұнын өз бетімен жобалар орындау барысында меңгеру, қазақша, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын білім жобаларын орындау барысында игеруін мүмкін етудің арналары мол екендігі танылады.

2006 жылы еліміздің тарихында қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде мемлекеттік қызметшілерге жеделдете оқыту ісіне жаңа қарқын әкелер бірнеше маңызды оқиғалар орын алды. Атап айтсақ, 2006 жылдың мамыр айында мемлекеттік тілдің дамуы мен қолданылуына жаңаша серпін беретін Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың № 127 Жарлығы жарияланып, 2001 жылғы 7 ақпандағы №550 Жарлығымен бекітіліп, қабылданған «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» толықтырулар енгізілді [48]. Жарлықта мемлекеттік тілдің аясын кеңейтуге қатысты ауқымды мәселелер көтеріліп, мемлекеттік органдардағы іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру кестесі бекітілді. Еліміз бойынша сараптау, зерттеу, зерделеу жұмыстары жүргізілді.

2006 жылдың 24 қазанында Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында тіл саясатына байланысты айтқан ойлары мен Үкіметке берген нақты тапсырмалары жалпы мемлекеттік тіл саясатының жаңа кезеңін ашты [49]. Елбасының тапсырмаларын орындауға Үкіметтік комиссия құрылып, іс-шаралар жоспары бекітілді. 2007 жылдың сәуір айында Астана қаласында өткен «Мемлекеттік тіл – елдігіміздің алтын тұғыры» атты

республикалық мемлекеттік тілді оқытудағы оқу-әдістемелік құралдар мен инновациялық технологиялар көрмесі мемлекеттік тілді мемлекеттік қызметшілерге жеделдете оқытудың дұрыс бағытта дамып келе жатқандығын айғақтады.

Мемлекеттік тіл жылы ретінде танылған 2007 жылы республикалық деңгейде мемлекеттік тілді мемлекеттік қызметшілерге (ересектерге, жеке тұлғаларға) жеделдете оқытудың Тұжырымдамасы, Стандарты және Типтік бағдарламасын даярлау ісі мемлекеттік мәні мен маңызы орасан зор, шешілуі кезек күттірмейтін мәселе ретінде күн тәртібіне қойылды.

Бүгінгі таңда оқу-әдістемелік, насихат іс-шараларын жүзеге асырып келе жатқан, әдістемелік әрі ұйымдастырушылық әлеуеті үлкен республика көлеміндегі бірден-бір құрылым болып саналатын Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Тіл комитетінің жанындағы Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы осы бір ұлы істі лайықты атқарып, мемлекеттік тілді дамытудың жаңа белесінде Мемлекеттік тілді мемлекеттік қызметшілерге, (ерсектерге, жеке тіл үйренуші тұлғаларға) жеделдете деңгейлік оқытудың Тұжырымдамасы [48] мен Стандартын [50], Типтік бағдарламасын даярлап, ғалымдар талқылауынан өткізіп, бекітті [51]. Аталған нормативтік құжаттар қазақ тілінен білім мазмұнын, оқыту түрлері мен бағыттарын, оларды зерттеу жолдарын үйлестіретін мүмкіншілігі бар бірден-бір маңызды құжаттар болып саналады. Ендігі жерде қазақ тілін мемлекеттік қызметшілерге жеделдете оқыту үдерісін үйлестіру ісі аталған құжаттарды әдіснамалық-теориялық негіз ретінде ала отырып жүзеге асырылмақ.

Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне үйрету үдерісін оқу-әдістемелік тұрғыдан тиісті дәрежеде қамтамасыз етудің қажеттілігін өзінің Қазақстан халқына 2008 жылғы Жолдауында Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев ерекше ескертіп өтті. Елбасымыз: «...Халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, қазақ тілін оқытудың қазіргі заманғы озық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеп, енгізу қажет. Мемлекеттік тілді тиімді меңгерудің ең үздік, инновациялық әдістемелік, тәжірибелік оқу-құралдарын, аудио-бейнематериалдарын әзірлеу керек», — деп атап көрсетті [52, 7 б.].

Қазақ тілін жобалай оқыту технологиясын қолдану арқылы студенттер білімінің сапасын көтеру үдерісі – осы ұсынылып отырған жобалай оқыту технологиясы бойынша қазақ тілінен алған білімнің сапасын, қазақ тілін үйретуші оқытушылардың шығармашылық жұмысының сапасын, қазақ тілін үйрету әдістерінің сапасын танытатын, анықтайтын ерекше дидактикалық үдеріс.

Әдебиеттер

1. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңы. – Алматы: Жеті жарғы, 1997ж
2. «Қазақ тілін оқытудың әдістемесі және жобалау технологиясы» – А.А Сатбекова, Алматы – 2011ж
3. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы, 2005ж.

СПЕЦИФИКА ОБУЧЕНИЯ АРТИКУЛЯЦИИ РУССКОГО ЯЗЫКА В ИНОСТРАННОЙ АУДИТОРИИ

Какишева Г.Ж., Абдуллаева Ж.Т., к.ф.н.

КазНУ им. аль-Фараби

Характер фонетических ошибок афганских слушателей, носителей языка пушту и дари, вызывает определенные трудности в произношении отдельных звуков и звукосочетаний русского языка. При обучении русскому как иностранному необходимо учитывать особенности русской и персидской артикуляционной базы, анализировать функциональные и произносительные ошибки афганских слушателей.

Материал, отражающий ошибки иностранных учащихся в области русского произношения, позволяет говорить об универсальных трудностях в фонетической системе русского языка. Все они определяются специфическими чертами, характерными для звукового строя русского языка.

Отличается функционирование русских глухих и звонких согласных, часто вступающих в отношения позиционной мены пересекающегося типа. В афганской языковой системе позиционная мена по глухости / звонкости перед последующим шумным согласным носит необязательный характер. Как следствие в ряде иностранных акцентов, например, в арабском или афганском, дается то правильный вариант произношения, то неправильный вариант произношения, в котором не соблюдается названная выше позиционная закономерность (ло[d]ка, [s]бор). В некоторых акцентах

вместо регрессивной ассимиляции может наблюдаться прогрессивная, в связи с этим иностранцы одинаково произносят слова *отгадать* и *откатать*.

Органы речи имеют одинаковое строение у носителей всех языков, но в каждом языке набор произносительных движений специфичен, то есть каждый язык имеет свою артикуляционную базу. Для обучения произношению на иностранном языке следует перенастроить речевые движения слушателей на артикуляционную базу изучаемого языка.

Во-первых, необходимо обратить внимание обучаемого на органы произношения, представить схему речевого аппарата, обозначить его части и основные движения речевых органов.

Во-вторых, следует использовать упражнения, обеспечивающие тренировку русских артикуляционных движений. Беззвучное повторение заданных движений за преподавателем является также первым шагом к развитию самоконтроля. Приучив обучаемого слушателя в русском движениям речи, можно приступать к объяснению звуков, опираясь на схему речевых органов. Если объяснение с помощью осязаемых моментов артикуляции не дает результата, то принято использовать звуки-помощники, то есть соседние или подобные в родном языке звуки, артикуляция которых помогает найти нужное положение речевых органов.

В работе над звонкими согласными могут быть использованы и своего рода осязаемые моменты и звуки-помощники. При работе над противопоставлением глухих и звонких согласных возможны такого рода задания: положив руку на горло, произносите звуки, попеременно глухие и звонкие слитно, «включая» и «выключая» голосовые связки. Рука будет чувствовать их работу.

Для того чтобы научить учащегося говорить на иностранном языке и понимать звучащую речь, нужно научить его не только произносить звуки, но и слышать их, то есть развивать фонетический слух параллельно с произносительными движениями.

В словах сочетание ударных и безударных слогов может быть различно. Работа по звучащей речи на уровне слова с афганскими слушателями подготовительного факультета требует постановки силового ударения, развития фонетического, ритмического слуха, отработки произношения редуцированных гласных в безударных слогах. Система упражнений по развитию фонетического слуха идентична работе на уровне звука.

Так, в языке пушту при произношении гласных звуков зона среднего подъема более загружена. Отсутствующий в произношении носителей языка пушту звук [ы] заменяется звуком, близким к [и].

Что же происходит при произношении отдельных согласных звуков. Нагруженность зон артикуляции согласных в русском языке и языке пушту различна. Наличие фрикативного [w] и отсутствие губно-зубных звуков приводит к смещению [в]- [б], [ф]- [п]. Заднеязычные звуки языка пушту расположены глубже русских звуков [г], [к], [х]. Звук [х] обычно заменяется фарингальным, похожим на выдох. Отдельные звуки языка пушту заменяются слушателями на подобные звуки русского языка, такие звуки как [ж], [ш], [ч], [ц] произносятся более активно, чем в русском языке. Часто одни звуки заменяются другими.

Звонкие согласные звуки языка пушту по артикуляции близки к произношению звонких согласных звуков русского языка, однако в начале слова они имеют полувзвонкое начало. Поэтому в начале слова наблюдается замена русских звонких согласных глухими, так как полувзвонкие звуки языка пушту воспринимаются русскоязычными слушателями как глухие.

В йотированных слогах согласным языка пушту свойственна палатализация, однако она не имеет столь всеобъемлющего характера, как в русском языке.

Некоторые черты акцента афганских слушателей обусловлены закономерностями строения слога.

При работе с предложениями необходимо, прежде всего, поставить все типы интонации русского языка. Слушатели должны иметь представление о смысловых различиях интонации, при этом главная тема – противопоставление повествовательности и вопросительности.

Следует обратить особое внимание на отработку произношения интонационной конструкции третьего типа (ИК-3) и противопоставление ИК-1 и ИК-3, так как в предложениях с ИК-3 отсутствует грамматическое выражение вопросительности.

Также для уровня звука и уровня слова, для звучащего предложения необходимо развитие фонетического или интонационного слуха. Система упражнений должна быть идентичной последовательности заданий других уровней звучащей речи.

Все это говорит о необходимости выполнения афганцами большого количества фонетических упражнений. Работа над исправлением артикуляции в иностранной аудитории должна проводиться систематически.

Ключевые слова: афганские слушатели, язык пушту, обучение, ошибки в произношении и на письме, артикуляция, сложные звуки.

Литература

1. Брызгунова Е.А. Практическая фонетика и интонация русского языка. М., 1963
2. Одинцова И.В. Ритмика, звуки, интонация. М., 1994
3. Арифи Н., Дементьева З.В., Румянцева Н.М. «О некоторых трудностях изучения предложно-падежной системы русского языка афганцами». М., 2006.
4. Барыкина А. Н., Добровольская В. В. Начало пути: Программа по русскому языку для иностранных учащихся. М.: Диалог-МГУ, 1999.

КОММУНИКАЦИЯ ҮДЕРІСІНДЕГІ СӨЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАСАЛУЫ

Кутумова Э.

Алматы облысы Қарасай ауданы Б. Қосынов ат. ОМ

Тіл – қарым-қатынас құралы деген қалыптасқан қағида бүгінгі күнге дейін өз мәнін жойған емес. Егер адамзат баласы мәңгі жасар болса, бұл құралдың қызметі бұдан кейін де жалғаса бермек. Қарым-қатынас құралы – тіл болса, тілді тіл етіп, қызметін кеңейтіп, құндылығын арттырып отырған бірлік – сөз. Шындығында, коммуникацияға түсу үшін сөздің қажеттілігі бар ма, айналадағы жаны бар тіршіліктің барлығы да тілсіз де қарым-қатынасқа түсіп, түсінісіп жатады. Ендеше сөз болмаса да, қарым-қатынасқа түсуге болады екен. Тіл барлық жандыларға тән, десе де, біздің айтпағымыз, адамзат баласының қолданатын тілі – сөз арқылы түрлі мән-мағынаны беріп, түсіністікке алып келеді, тұрмыс қажетін өтейді. Сөздердің алуан түрлі грамматикалық тұлғалануы нәтижесінде адамдар тілдік қарым-қатынас орнатады. Сөз – қарым-қатынас жасауға қажетті ең бірінші бірлік. Тіл ғылымында сөз туралы көптеген және алуан түрлі пікірлер бар. Ә. Хасенов «Тіл білімі» атты оқу құралында сөз мағынасы мен түр-түрпаты жағынан дара қасиетке ие, тілдің бір бүтін дербес бөлшегі екендігін, сонымен қатар адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы, түсінісуі сөз арқылы орындалатындығын, сондықтан да ол тілдің ең басты бірлігі болып саналатындығын айтқан болатын [1, 89-91 бб.]. Ғалымның бұл пікірі сөздің коммуникация үшін қажетті ең басты бірлік екендігін айғақтайды.

Уақыт өте келе, адамның танып-білгені, көзқарасы сыртқа ойлау нәтижесінде сөз болып шығады. Сөз мидың ойлауы, салыстыруы, ұқсастыруы, жүректің сезінуі, көкіректің түйсінуі арқылы мағыналық реңк алып, дамуға түседі. Сөйтіп сөз тұтастай тілді құрайды. Қазақ тілінің негізін қалаушылардың бірі Қ. Жұбанов: “Ой – адамның өзі жайлы, болмаса, төңіреkteгілер жайлы білгені. Сөз деген – сол білген нәтижелердің аты”, – деп, ой мен сөздің арақатынасын пайымдаған [2, 140 б.]. «Адам өзінің тіршілік тартысында кездесіп, пайдасын я зиянын көрген нәрселерді ғана елеген, соларды ғана білген. Шөптердің ішінде мал жейтіндерін, отын болатын, бояу болатын, ем болатын, у болатындарын ғана білген де, соларға ат қойған. Басқа заттың аты да осылайша қойылған. Сонымен білінген нәрселерге қойылған атты сөз дейміз» [2, 139 б.]. Қ. Жұбановтың пікірі сол кезеңдегі ұғынушыларға түсінікті тілмен жазылған, қарапайым, дегенмен, сөзге шынайы берілген анықтама деуге болады.

Тіліміздегі сөздер алғашқы коммуникативті талапты орындау кезінде ешқандай қосымшасыз-ақ, жеке тұлғада қолданылған. Кішкентай сәби өзіне қажетті затты еш қосымшасыз-ақ айтып, түсіндіреді, дәл сол секілді алғашқы сөздеріміз де бізге аса мәлім емес түбір күйінде коммуникативті талаптарды орындаған. Осы тұрғыдан келгенде жоғарыдағы Қ. Жұбановтың адамзат баласы өзінің көрген-білгенінен, өмірден түйгенінен сөз жасайды деген пікірі өте оң. Біздің пікірімізше, еш қосымшасыз-ақ, мағыналарын тарату, кеңейту арқылы жаңа сөз жасау процесі өте ерте кезден басталған. Бұған дәлел ретінде алғашқы сөздердің қосымшасыз, бір-біріне заттарды ұқсату негізінде, сол заттарға дәл сондай ат бергенін мынадан байқауға болады Мысалы, ішіп, сусын қандыру үшін пайланатын затты су деп атаған болса, соған ұқсас заттарды да осы сөз арқылы берген. Су, сүт, сұйық, сусын сөздерінің сыртқы жамылғыштарының бірдей екендігі олардың ұғымдық негіздері мен түсінілу деңгейлерінің бір екендігінен хабар береді. Себебі су да сүт те сұйықтық, түстері де ұқсас. Тек сүттің түсі суға қарағанда ақтау. Сол себепті –т көптік жалғауы жалғанған. Біздіңше, -т қосымшасы ақтығының қоюлығын көрсету үшін жалғанып тұр.

Сөздердің пайда болуында лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың рөлі зор. Жаңа номинативті атау тууы үшін, лингвистикалық және экстралингвистикалық заңдылықтар орындалуы қажет болады. Лингвистикалық фактор *сөздердің ішкі семантикалық құрылымының сәйкес келуін, валенттілік заңының орындалуы, уәждемелік заңдылықтар негізінде айқындалған*

ұғымды білдіруде таңбалаушы тұлғалардың бір-бірімен сәйкес келуін, мазмұн бірлігінің сақталуын, номинативті ерекше белгілерді айқындайтын ортақ семаға бірігіп, сөйтіп жаңа ұғымды таңбалауды анықтаса, экстралингвистикалық фактордағы ең маңызды категория – уақыт. Жаңадан жасалған сөздің семантикасы тұрақталып қалыптасуына тіл қолданушылар көп еңбек сіңіреді. Сөздің (коннотаттық мағыналы сөз, ауыспалы мағыналы сөз, жалпылай айтқанда жаңадан қалыптасқан, тұрақталмаған) тұрақталуына екі нәрсе қатты әсер етеді. Біріншісі, туындаған жаңа сөзді коммуниканттар жиі-жиі қолданғанда ғана тұрақталады; екіншісі оның тұрақталуына біраз уақыттың керектігі анық. Егер уақыт болмаса, оның қолданылып, тұрақтануы мүмкін емес. «Жаңа атау сөздің халықтың сөйлеу тілінің қажеттілігін өтеуде қабылдануы не қабылданбауы таңбаның ішкі семантикалық құрылымы мен ұғым арасындағы байланыстылықпен сабақтас болады» [3, 109 б.]. I. Жарылғапұлының авторлық сипаттағы "балмұздақ", "саяжай", "аққайнар", "аялдама" т.б. сөздерінің бүгінде әдемі жарасым тауып, коммуниканттардың қажеттілігін өтеп жүргеніне экстралингвистикалық фактордың әсері мол болды. Сөздің ішкі семантикалық мағыналары олар атап көрсететін денотаттық мағынамен, ұғыммен дәл, айқын сәйкес келеді. Бұл туынды сөздердің мағыналары қоғамда қалыптасқан ұғымның ерекше номинативтік белгілерін анықтай алады. Экстралингвистикалық фактор нәтижесінде қалыптасқан мына бір сөзге назар аударайық. Мысалы, телефонды көтерген кезде айтылатын «алло» сөзі сәлем деген мағынаны берген. Адамдар бірін-бірі жаңадан көргенде сәлемдеседі, бірақ келе-келе сәлемдесу мәнін беретін сөз телефон тұтқасын көтергенде айтылатын одағай сөзге айналды. Бұл коммуникативтік қатынасқа қажетті сөздің өзге мән алып, қызметінің ауысқандығын көрсетеді. Демек, сөздің қызмет ауыстыруы коммуниканттардың қолдану жағдайына байланысты. *Саяжай, аялдама, балмұздақ* сөздерімен салыстарғанда *алло* сөзінің тұрақтауында айырмашылық бар. Біріншісі, белгілі автордың тілдің ішкі заңдылықтарын ескере отырып, жаңа сөз туындатуы болса, екіншісі мағынаның инверсиялануы негізінде жаңа қолданысқа ауысып отыр. Екеуінің де тұрақтануында уақыттың орны ерекше. Осыған қарап, тіл – жеке адамға бағынбайтын әлеуметтік, қоғамдық, психикалық ерекшеліктерге ие, бірбүтін жүйеге негізделген құбылыс екендігін пайымдауға болады. Лингвистикалық, экстралингвистикалық, тарихи факторлар – тілдік жүйеге тән құбылыстар.

Тіл байлығы сөздің мағыналық дамуға түсіп, түрлі қолданыста реңк алып қарым-қатынас қажетін өтеуімен тығыз байланысты. Адамзат баласы тілдің ерте дәуірінде сөздердің ешқандай қосымшасыз, мағыналық дамуға түскен тілдік бірліктермен коммуникативтік қажеттіліктерін өтеген. Осыған қарап, сөз – коммуникативтік талапты орындаушы бірден-бір категория деуге толық болады.

Әдебиеттер

1. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Астана: Ер-Дәулет, 2007. – 128 б.
2. Жұбанов Қ.Қ. Қазақ тілінің жоғарғы курсы. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 112 б.
3. Салқынбай А.Б. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Эверо, 2008. – 340 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БУЫН АЛМАСУ ҮДЕРІСІН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Қадырқұлов Қ.Ш., ф.ғ.к.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Тіліміздегі фонетикаға қатысты зерттеу еңбектері мен оқулықтардың буынға тиісті тарауларында буындардың алмасуы, буындардың жылысуы немесе буындардың кірігуі туралы тоқталып өтеді де, оның басты себебі ретінде жсалаң ашық буын мен тұйық буынның түбірге жалғану үдерісінде екені атап өтіледі. Бірақ нәліктен осы екі түрлі буын жалғанғанда буын алмасу құбылысы байқалатыны нақты көрсетілмей келеді. – ...Қазақ буындары сөз өзгерген сайын өзгеріп, жылжып отырады: Бір деген бітеу буын. Бұған –ақ деген жалғау қосса, бір-ақ күйінде қалмайды, буын қалпы өзгеріп, бі-рақ қалпына көшеді. Осы сияқты әрбір түбір сөздің соңғы буыны тұйық я бітеу болса, оған жалғанатын жалғау дауысты болып басталса, буын қалпын өзгертіп жібереді,- дейді проф.Қ.Жұбанов (1). Бұл үдерісті ғалым буындардың жылысу заңы дейді. Ал екі дауыстының қатар келген кездегі біреуінің түсіп қалуын (бара алмады// ба-рал-ма-ды) буындардың кірігуі дейді. Өткен ғасырдың 30-жылдары айтылған осы қағида әлі күнге дейін маңыздылығын төмендеткен жоқ.

Кей оқулықтарда бір буынның соңғы дыбысының екінші буынға ауысып, буындардың бастапқы сапасының өзгеруін буынның жылысуы немесе алмасуы(2) делінсе, екіншісінде дауыстыдан біткен

буынға дауыстыдан басталған буын жалғанса, алғашқы дауысты түсіп қалады. Бұны буын ығысуы дейміз(3) делінген. Қалай айтылса да, буын алмасуы бар жерде дауысты дыбыстың қатысы бар екені белгілі. Бұл құбылыс сөз ішінде де, сөз арасында да үнемі байқалып отырады. Қалай байқалатынына назар аударайық:

| <i>Сөз ішінде</i> | <i>Біріккен сөз арасында</i> | <i>Тіркес сөз арасында</i> |
|----------------------|------------------------------|------------------------------|
| Ант- ы ан- ты | Сарыарқа Са- рар- қа | Келе алмады ке- лал- ма- ды |
| Салт – ым сал- тым | Қараағаш Қа- ра- ғаш | Айта алмады ай- тал- ма- ды |
| Арман- ы ар- ма- ны | Қараой Қа- рой | Сары алтын са- рал- тын |
| Бұлт- ы бұлт- ты | Сарыөзек Са- рө- зек | Басы ашық ба- са- шық |

Көріп отырғанымыздай, дауыссыз дыбысқа біткен буынға жалғанған дауысты дыбыс буын алмастыру үдерісін жасағанмен, буын санын өзгертпейді. Ал екі дауысты қатар келген кездегі буын алмасу үдерісінде буын саны қысқарады. Дауыссыз бен дауыстының қатар келуіндегі буын алмасу құбылысы тек сөз ішінде ғана емес, біріккен сөз бен тіркес сөздер арасында да болады. Мысалы: *көзайым*// кө- за- йым, *халықаралық*// ха –лы- қа- ра -лық, *барар еді* //ба-ра- ре -ді, *сипат алады*//си- па- та- ла- ды. Буын алмасу үдерісін ерекшелеу – буын түрлерін ерекшелеудің басты сипаты. Тіпті буынның анықтамасын беруде басты назарда ұстайтын үдеріс. Өйткені, әлі күнге дейін ешбір зерттеу еңбегі мен оқулықта буынға нақты ереже берілген емес. Бірінде ...*фонациялық ауаның қарқынымен кілт үзіліп шыққан бір немесе бірнеше дыбыс тобын буын дейміз* (3)десе, бірінде ...*сөздерді айтудағы дауыс құйылысының бірнеше толқынмен бөлшектеніп үзіліп-үзіліп айтылуындағы ауаның бір толқынын буын дейді*(2) деп келтіреді. Бұндай ережелердің негізіне сүйенсек, буын алмасудың себебін іздеудің қажеті шамалы.

Одан әрі буынның түрлері, буынның дауысты дыбысқа тәуелділігі баяндалады. Зерттеу еңбектері мен оқулықтардың бәрінде *жалаң ашық буын* мен *тұйық буынның* сөз басында ғана келетіндігі айтылады. Бұлар басқа буында келсе, міндетті түрде, буын алмасу үдерісі көрініс береді. Яғни жалғыз дауыстыдан және дауыстыдан басталатын буынның сөз ортасы мен соңында келмеуі – заңдылық. Қазақ тіліндегі заңдылық тек орфоэпияда ғана бар. Буын алмасу осы заңдылыққа бағынады. Басты мәселе жалаң ашық буын мен тұйық буынның сөз ортасында келмеуінде емес, айтылмауында жатыр. Сөз ортасында дауыстыдан басталатын буын келсе, сөздің айтылу ырғағы бұзылады. Кілт үзілу емес, әуені жымдасқан сөз бөлшектері ғана буын құрай алады. Сондықтан болар, проф. Құдайбергенов Жұбанов: ...*буынды жақсы білмесең, емлені де жақсы білмейсің...буынды білмейінше, сөз екпіні(ударение), сөз сазы(интонация) секілді сөйлем жүйесіне қатысты тіл құбылыстарының да сырына қана алмайсың, буынды аңғармасаң, «ажарлап сөйлеу», «әсерлеп сөйлеу» сияқты сабақтарды да дұрыс алып бара алмайсың,-дейді*(1).

Буын алмасу үдерісі дұрыс сөйлеу ырғағын сақтап қалу үшін ғана жүзеге асырылады. Бұл – тілімізде табиғи түрде қалыптасқан құбылыс. Сондықтан буындардың жылысуын, кірігуін немесе жалпы алмасуын буынның түрлеріне қатыстыра сипаттағаннан гөрі, керісінше, буынның түрлерін осы буын алмасу үдерісіне қатысты айшықтаған нақтырақ болар еді. Тілімізде көкейкестілік деңгейі төмендемей келе жатқан фонетикаға қатысты біраз мәселенің түйінін буын алмасу үдерісі тұрғысында шешіп алуға болады. Біріншіден, У және И дыбыстарын дауыстылардың қатарына жатқызып, буын жасату арқылы көптеген кереғар тұжырымдарға тап болудан арылтар еді. Буын, жуын, суық, уық, қиық, жиын, жиын секілді сөздерді бу- ын, жу- ын, су-ық, қи- ық, қи- ын, жи- ын түрінде буынға бөліп оқытып келеміз. Бұларды айтқан кезде ешқандай ырғақ сақталмайды. Керісінше, кілт үзілістер арқылы(пауза) қинала қайталаймыз. Себебі, буын алмасу үдерісін сақтап, бұ- уын, жұ- уын, сұ- уық, қы- йық, қы- йын, жы- йын үлгісінде айтсақ, еш қиындық тумас еді. Әрине, У мен И дыбыстарының қосарлы екенін, олардың алдынан ұ- ұ және ы- і дыбыстары келетінін білеміз. Білгеннен кейін ереженің бәрін теріске шығармай, шартты түрде алынған дауыстылар екенін оқушыға түсіндіргеніміз жөн сияқты. Екіншіден, буын алмасу құбылысы И мен У- дың ешқашан дауысты бола алмайтындығын түбірге қосымша жалғау арқылы дәлелдейді. Ереже бойынша сөздің соңы дауыссызға бітсе, қосымша дауыстыдан басталуы тиіс. Яғни, ту- ыс, жу- ып, қу- ар, жи- ыс, жи- ып, қи- ыл сөздеріндегі у мен и дауыссыз дыбыстар қатарына жатады. Тұйық етістіктің У жұрнағы да дауыссыз дыбыс болып саналады. Бұл жұрнақтан кейін де қосымшалар дауыстыға басталады: бару-ым, жүру- і, айту- ы, келу- і, толу- ы, қону- ы, көну-і. Үшіншіден, буын алмасу үдерісі қатар келген екі дауысты дыбыстың айтылған кезде қайсысының түсірілетінін де айқындап береді. Негізінен, сөз арасындағы қатар келген екі дауыстының алғашқысы түсіріліп айтылатындығы (элизия) ережеге айналған. Әйтсе де, проф. А. Айғабылов екінші дауысты дыбыстың да түсіріліп айтылатынына мысал келтіреді: не үшін/нешүн, жаңа ыдыс/жаңадыс. Бұның

себебін тіркес құрамындағы мағыналық байланыстан іздейді. ...Не үшін тіркесіндегі бірінші сөз не бары екі дыбыстан тұратын бір буынды сөз. Оның соңғы дыбысы түсірілсе, ң дыбысы ғана қалар еді де,мағынадан айрылған болар еді, -дейді(4). Буын алмасу үдерісі тіркес құрамындағы сөздердің мағыналық байланысынан емес, айтылу заңдылығынан туындайтынын осы тұста тағы бір рет байқауға болады. Не істеді? /нестеді ? қала іші / қалаші, қара ішік / қарашік,тете інім / тетенім,басқа ырым / басқарым секілді тіркестердегі қатар келген дауыстылардың екіншісі айтылмайды.

Егер мағыналық тұрғыдан келер болсақ, не екен? тіркесінде алдыңғы дауысты түсіріледі – некен? Өйткені қатар келген екі дауысты да – ашық. Сондықтан қатар келген дауысты дыбыстардың қайсысы түсіріліп айтылатынын дауыстылардың ашық немесе қысаңдығынан іздеген жөн. Ашық дауыстыдан кейін қысаң дауысты айтылмайды. Буын алмасу жолымен айтсақ, ашық дауыстыға біткен ашық буыннан кейін қысаң дауыстыға басталған тұйық буын келсе,екінші дауысты түсіріліп,буындардың кірігу құбылысы (буындардың ығысуы) пайда болады. Сөздердің құрамындағы буын жігін ажырата білу, буын түрлерінің ерекшеліктерін айшықтау, буын алмасу үдерісінің себептерін дұрыс түсіну қазақ тіл білімінде дәстүрге айналған кейбір қағидалардың қарадүрсіндігін сипаттай алады.Солардың бірі – тасымалға тән қағидалар: – тасымал буын арқылы жасалып, келесі жолға көшірілген буын дауыстыдан басталмайды; – дауыстының алдындағы й және у дыбыстары сол буынмен бірге келесі жолға көшіріледі.

Бұларды жеке-жеке қағида қылудың қажеті шамалы. Егер сөздің ортасы мен соңында дауыстыдан басталатын буын келмесе, оның тасымалдануы туралы қағида жасағанмыз жөн емес. Дәл осы секілді, сөз ортасы мен соңында дауыстыдан басталатын буын келмесе, оның алдында тұрған дауыссыз й мен у- ды бөліп алуға болмайтыны онсыз да түсінікті ғой. Бұл айтылғандардың бәрі ғылыми негізге сүйеніп тұжырымдалғандықтан, тілдік қолданыста орфографиялық ережелері мен орфоэпиялық заңдылықтарын сақтауы тиіс. Бірақ іс жүзінде, яғни оқыту үдерісі кезінде қате түсіндіріп, қателігімізді қайталаудан жалықпай келеміз. Мектеп бітірушілерге арналған оқулық-тест оқу құралындағы тапсырмаға назар аударайық:

№6 нұсқа, 21- тапсырма. Қай сөздің 4-інші буыны тұйық буын?

А. Тарихи жерлерді аралау өте керемет.

В. Мен *әдебиет* сабағын жақсы көремін

С. Таудан төмен қарай күлдилады.

Д. Ақырын басып үйге жақындады.

Е. Оның ағасы жау тылында қаза тапты. (Шың-кітап, 2013, 2014, 2015 ж.ж.)

Дұрыс деп берген жауабының астын сызып қойдық. Жыл сайын қайталанып отырған тапсырманың кереғарлығы – сөздің басында ғана келетін тұйық буынды төртінші буынға дейін ығыстырғаны. Онымен қоймай, жыл сайын мектеп бітіретін 150-160 мың(шамамен алғанда) түлекке заңдылыққа қайшы келетін тілдік ұғым қалыптастыруы. Бұдан әрі тасымалдауға болатын сөздердің нұсқасын ұсынып (А. екі, В. бір, С. ашық, Д. буын, Е. сөз), дұрыс жауабы ретінде *буын* сөзін көрсетеді (Шың-кітап, 2013 ж.). Бұған керісінше, тасымалдауға болмайтын сөздерді ұсынып (қиыр, суық, бейім, қия, жиһан), *қия* сөзін белгілейді. Сонда *буын,қиыр,суық* сөздерін буынға қалай бөлгендігі өзінен-өзі белгілі болып тұр. Одан әрі тасымалданбайтын буыны бар сөзге *әулие* сөзін белгілеп көрсетеді. Жалаң *ашық буынды* сөздің соңына апарып қойғандағысы – бұл.

Біздің мақсатымыз – қаншама жылдар бойы қалыптасқан қазақ тілін оқыту бағдарламасын өзгерту емес, сол бағдарламадағы берілген тақырыптардың қателігін оқушыға көрсетіп, шартты түрде алынған (амалсыздан алынған десе де болады) нұсқалардың шынайы тұстарын ашып беру. Жалаң ашық буын мен тұйық буынды меңгерту жолын сол буындардың ерекшеліктеріне қайшы мысалдармен емес, басқаша әдіспен ұсынуға болатынын жеткізу.

Буын алмасу үдерісі арқылы қайшы мысалдардың түп негізін анықтап, буынға дұрыс бөліну үлгісін қосымша көрсетіп жатсақ, құба-құп. Оқулықта берілу бар да, оны ары қарай оқыту, жай ғана оқыту емес, дұрыс оқыту үдерісі бар. Оқыту бар да, оны тілімізде қолдану үдерісі бар. Буын алмасу құбылысы, буын және оның түрлері де осы дұрыс оқытуды қажет ететін көкейкестілік сипатынан әлі арыла қойған жоқ. Біздің міндетіміз де – сол мәселенің бір қырын ғана ашып көрсету.

Әдебиеттер

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 2010.
2. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика), 1975.
3. Әбуханов Ғ. Қазақ тілі. – Алматы, 1982
4. Айғабылов А. Қазақ тілі морфонологиясы мен лексикологиясы, Алматы, 2006.

КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Қасымбек В.Қ.

№ 179 ЖББМ Алматы қаласы

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының білім туралы тұжырымдамасы білімді, тәрбиелі, жан-жақты тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Заман талабына сай азаматтың жан-жақты болып қалыптасуына білім орындарында жаңа инновациялық технологиялар қолдану арқылы сабақ түсіндіру оң нәтижесін беріп келеді.

Шет тілін үйрету процессінде компьютер технологияларын қолдану сабақты қызықты жолмен өткізуге көмектеседі. Мысалы, анимациялық суреттер, видео-көріністер, презентациялар және т.б. әртүрлі дыбыстар арқылы көрсетіледі. Компьютер мониторындағы көріністер оқушының іс-қимылының арқасында өзгеріп отырады. Бұл динамикалық және оқушының бар ойын өзіне бағыттайды, сонымен қатар, оқу процессінде оқушының белсенділігі оянады. Нәтижесінде, оқушы ақпаратты оңай әрі тез қабылдайды және оқушының ынтасы мен қызығушылығы жоғарылайды. Ағылшын тілі сабағында жаңа технологияларды қолдану арқылы өткізілген сабақтың біріне тоқталып өтелік.

Сабақтың тақырыбы: My city

Сабақтың мақсаты:

Білімдік: «My city» тақырыбы бойынша оқушылардың лексикалық дағдысын алғашқы оқып-үйрену және бекіту; There is/There are – тіркестері бойынша жағдайаттық қарым-қатынас шеңберінде рецептивтік және репродуктивтік коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру;

Дамытушылық: оқылған лексиканы белсенді ету, сөздік қорды байыту арқылы оқушылардың тілін дамыту; диалогтік сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;

Тәрбиелік: өз отбасының үлкен, кіші мүшелеріне, мұғалімге, сыныптастарға, қонаққа құрметпен қарауға, жауапкершілік, тәртіптілік сезімін қалыптастыру.

Пәнарлық байланыс: қазақ/орыс тілдері (пәндердің атаулары, қарапайым лингвистикалық ұғымдар.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру сәті:

T: Good afternoon, children!

Ch: Goodafternoon, teacher!

T: How are you today?

Ch: Fine, thanks. And you?

T: What date is it today? What day is it today?

Ch: It is the 19th of January and it is Tuesday.

T: What subjects do you have today?

Ch:

T: What is your favourite subject?

2. Сабақтың тақырыбымен мақсатын хабарлау.

- today we will learn about our city and some names of buildings and how we name them in English.

You already know some words, so we will learn to describe our city Almaty.

3. Жаңа білім мен әрекет ету тәсілдерін меңгеру.

1 -жаттығу. Learn the new words.

River, city, park, bookshop, library, big, beautiful

Оқушылар суреттерге сүйене отырып ғимарат атауларын атап шығады.

-Балалар, өткен сабақта біз бірнеше ғимарат атауларымен таныс болдық. Енді сол атауларды пайдалана отырып, өз сүйікті қаламыз Алматы туралы әңгімелеп көрейік. Және де There is/ There are – сөз тіркестерін пайдаланып, осы тақырыпта сөйлемдер құрап үйренеміз.

2 –жаттығу. Listen and read.

Мәтінді тыңдап алайық.

I live in a big and beautiful city. There are many schools, museums and theaters in my city. There is a big hospital. There are many green parks and many beautiful squares in the city. There is a bank, a library and a cinema in my street. There is a good café near the bank. There is a bookshop near the library.

Оқушылар суреттерге сүйене отырып, мәтінді тыңдайды. Тыңдалған және оқылған ақпараттың қалай түсінілгенін өздері аударып отырып, сұрақтар арқылы тексеруге болады.

4. *Бастапқы түсінікті тексеру.*

Оқушылар слайдтағы қала суретіне қарай отырып, there is.../ there are.... Сөз тіркестерімен ауызша сөйлемдер құрайды.

Мысалы: There is a theatre. There are two schools.

Сергіту сәті: Stand up, sit down.

5. *Дәптермен жұмыс.*

1-жаттығу. Find the words.

Оқушылар суреттерге сүйене отырып ғимарат атауларын тауып, оларды қоршап сызып және жазуы тиіс.

Мысалы: u m s e u m – museum

Карточкамен жұмыс жасау.

6. *Сабақты қорытындылау.*

Слайдқа қарап отырып дұрыс сөйлем құрастырамыз.

schools / are/ many /There – there are many schools

Және де келесі слайд бойынша сөйлемді толықтырамыз.

- *Балалар, бүгін қандай жаңа білім алдық, нені үйрендік?*

«Check yourself» айдарының көмегімен оқушылардың сабақтың белсенді лексикасын түсінуін тексеріңіз. Оқушылар сабақта өтілген сөздерді/фразаларды оқиды.

7. *Оқушыларды бағалау:* Сабаққа қатысуына, үй тапсырмасын толық айтуына, жаңа тақырыпты толық меңгеруіне байланысты оқушыны бағалаймыз.

8. *Үй тапсырмасы жайлы ақпарат*

Жұмыс дәптеріндегі 3 ші -тапсырма орындалады.

Қорытындылай келе айтарымыз, оқыту процессіне компьютерлік технологиялардың қарқынды енгізілуіне қарамастан, арнайы мультимедиялық оқулықтар және оларды қолдану техникасы туралы әдістеменің болмауы себепті шет тілін үйрету процессінде компьютерлендіру жеткілікті дамымаған. Сондықтан, ағылшын тілінде оқытуды компьютер арқылы ұйымдастыру жолдарын кеңірек жүзеге асыруды және ізденісті қажет етеді.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Қыдырбаева Ф.Н.

А.В.Селезнев ат. Алматы хореографиялық училищесі

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған өз жолдауында "Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады. Әлемдік білім кеңістігіне толығымен кіру білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап ететіні сөзсіз" деп қазіргі білім саласының ең басты міндеттерін атап көрсетті.

Қазіргі педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын қолдану. Жаңа білім беру технологиясының басты қағидалары – оқытуды ізгілендіре отырып, өздігінен дамитын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп, өсіруші, тәрбиелеуші тұлға қалыптастыру.

Қазіргі заман талабы бойынша білім берудің ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі – оқу үдерісіне мультимедиялық технологиялар мен коммуникативтік интерактивті әдістемелердің үйлесімді байланысы негізінде жасалған, оқыту және тексеру электрондық бағдарламаларды, оқулықтарды енгізу. Интерактивті тақтаның келуіне байланысты оқытудың жаңаша әдісі пайда болды. Мұғалімдер өз сабақтарында мейлінше интерактивті тақтаны пайдалана отырып, жан-жақты ізденіп, сабақтарын қызықты, әрі тартымды, нәтижелі өткізуге тырысуда. Интерактивті тақтаның мүмкіншілігі шексіз. Қазіргі кезде әдебиеттерде даму бағытын қамтитын елуден астам оқыту технологиялары қолданылып жүр.

Технология – бұл бір істе, бір өнерде, шеберлікте қолданылатын өзіндік тәсіл. Соңғы уақыттарда технология дегеннің жөні осы екен деп, жартылай үйреніп, соңына дейін жетпей жатып сабақ көрсетіп, кейіннен аяғында жоқ болған технологиялар қаншама? Тіпті біреуіміз элементін пайдаланып, енді біреуіміз көргенімізді істеп, балаларға "эксперимент" жүргізгеніміз де өтірік емес. Бұдан шығатын қорытынды білім алушылар үлкен зардап шегіп, қиналды.

Технология – шартты мағынада айтсақ, әр мұғалімнің өзіндік шеберлігінің нәтижесінде жинақталған тәжірибесі. Ол біреудің жасағанын қайталап көшіру де, қатып қалған тәртіппен орындалатын әдіс те емес. Технология – мұғалімнің үнемі ізденісімен шығармашылық дамуы. Оқытушы біреудің жасағанын көрсетіп, айнытпай қайталап отырса, өспейді, шеберлігі шындалмайды. Ендігі бір ескеретін нәрсе шетелдің жылтырама технологияларына әуестенуден гөрі өзіміздің отандық ғалымдар мен әдіскер мамандардың технологияларынан үйренген анағұрлым нәтижелі болмақ.

Бүгінгі ұлттық білім беру жүйесінде қазақ тілін оқытуда жаңа технологияларды сабақта қолдану жаңа оқытудағы заман талабы.

Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Сәл ертеректе қолданылған идеялар жаңа бағытта ұсынылса, мұның өзі инновациялық деп аталған. Осыларды негізге алсақ "инновацияны"- "жаңалық", "жаңа әдіс", "өзгеріс", "әдістеме", "жаңашылдық" ал инновациялық үрдісті "жаңа әдістеме құралы" ретінде ұғынатын боламыз.

Сонымен бірге инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Әрі жаңашылдық өздігінен пайда болмайды, сондықтан ол ғылыми ізденістің тұтас ұжымның атқарған белсенді іс-әрекетінің нәтижесі ретінде көрінеді.

Инновация ұғымы көбінесе техникалық өндіріске қатысты қолданылып келгенмен кейінгі жылдары педагогикалық әдебиеттер мен білім беру тәжірибесінде кеңінен көрініс тауып отыр.

Осындай кең жайылған технологиялардың бірі – ақпараттық коммуникативті технология болып табылады.

Қазақ тілі сабақтарында жиі қолданылатын мультимедиялық технология. Оны сабақта қолдану сабақтың жалпы құрылымын өзгертпейді негізгі кезеңдер сақталады, тек уақыт сипаттамасы өзгереді. Ынталандыру кезеңінің ұзаратындығын атау қажет. Бұл оқушының білімін толықтыруға деген қызығушылығын, шығармашылық қабілетін көтерудегі қажетті шарты. Мультимедиялық презентация жүйелі аналитикалық ойлауды дамытады, сонымен бірге, презентацияның көмегімен танымдық қызметін ұйымдастырудың әр түрлі формаларын қолдануға болады: фронтальды, топпен, жеке. Сонымен мультимедиялық презентация сабақтың үш мақсатына сәйкес келеді.

Мультимедиялық презентация сабақтың дидактикалық мақсатына барынша қолайлы әрі тиімді болып сәйкес келеді.

1. Білімділік аспект: Оқу материалын оқушының саналы игеруі.

2. Дамытушылық аспект: Оқушының танымдық, қорыта білу, талдау, салыстыру, шығармашылық қабілетін ашу, дамыту, белсенділікке баулу.

3. Тәрбиелік аспект: Ғылыми көзқарасын өзіндік және топтық жұмысты ұйымдастыру, білуге әрі өзара көмек көрсете білуге тәрбиелеу.

Мультимедия – бұл қарқынды дамып келе жатқан, өзіне теледидарлық кескіндеудің және стереодыбыстық бейнелілігі мен нақтылығын дербес компьютердің интерактивтік (үздіксіз әрекеттесу) мүмкіндіктерімен біріктірілген ақпараттық технология.

Мультимедия құралдары – деп бірыңғай басқару элементі – компьютермен жалпы негізде өңделетін өзара байланысты, мәтіндік-графикалық, көру (визуалдық) және дыбыстық деректердің комбинациясын (үйлесуін) атайды. Мультимедия құралдары белгілі бір жолмен ғана жүруге мәжбүр етпейді. Керісінше, дербес жолды таңдауға мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы құралдар деректерді өңдеу, телекоммуникация мен тұрмыстық электроника сияқты бір кездерде бір-бірінен алшақ болған салаларды біріктіруге мүмкіндік береді. Интерактивті өзара іс-әрекеттің жаңа деңгейі сұхбаттасу процесінде адамға компьютерлік техника дамуының бұдан бұрынғы кезеңдерімен салыстырғанда неғұрлым кең көлемді және жан – жақты ақпарат алуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде бүкіл адамзаттық тұрмыс және еңбек жағдайларында шын мәніндегі революциялық қайта өзгерістерге жеткізіп отыр.

Оқытуда негізгі акцент оқушының жаңа білімді қабылдауына, саналы игеруіне, ізденуіне жұмсалған. Мұндай әдістемені оқушы ауырып, сабақ босатқанда немесе тапсырманы орындап үлгермеген жағдайда қолдану ыңғайлы. Бұл жағдайда оқушылар информатика кабинетіне сабақтан кейін келіп, аяқталмаған тапсырманы толық орындауға болады. Оқушы сабақ уақытында өз тапсырмаларын орындап болғандар басқа оқушыларды тоспай, келесі бөлімге ауыса беруіне болады. Осылайша, оқушының жеке жұмыс істеу тәртібіне байланысты барлығы жақсы нәтижеге қол жеткізеді. Мультимедиялық қосымшалар осындай жұмыстарды ұйымдастыруға көмектеседі және бірнеше көмекші тақырыптарды өзіне кірістіре береді. Бұл жағдайда өз бетімен білім алуға,

оқушының басқалардан ілгері озуына да болады. Презентация күрделі, салалы түрде болады. Тапсырмаларды дұрыс орындай отырып, келесі кезеңге өту қажет.

Сонымен, сабақта ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолданудың тиімді жақтары айтарлықтай маңызды. АКТ қолдану қазақ тілі сабағының мазмұнын байытып, жаңа сабақты түсіндіру барысында, сабақты қорыту кезінде тиімді. Осылайша оқу процесінің тиімділігін арттыруға болады. Ендігі міндет – тәжірибесі терең технологияны игеру.

Әдебиеттер

1. Жүнісханова Қ.М., Дюзбина А.В. Қазақ тілін оқыту жүйесіндегі ақпараттық технология//
2. Галишникова Е.М. Интерактивті тақтаны сабақ үрдісінде қолдану // Мұғалім.-2007.-№4.-с.8-10
3. Исабек Н. Компьютерлік технологиялардың бағдарламалары негізінде оқыту// Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектептерінде, 2009 №7

САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНДЕРІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Мәтбек Н.Қ., ф.ғ.к.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қазақ тілі сабағында берілген теориялық материалдарды толық меңгерту мақсатында Н.Ә. Оразахынованың сатылай кешенді талдау технологиясын қолдану тиімді нәтиже беретіндігіне дайындық бөлім тыңдаушыларына қазақ тілін оқыту барысында көз жеткізіп келеміз. Әсіресе шетелдік қазақ диаспорасы тыңдаушыларына қысқа уақыт ішінде қазақ әліпбиін меңгерту, жуан, жіңішке және аралас буынды сөздерді ажырату, сөздерді буынға дұрыс бөлу, тасымалдау, дыбыстардың түрлерін ажырата білу, үндестік заңын т.б. ережелерді есте сақтауда фонологиялық және дыбыстарға математикалық тәсілмен мінездеме беру талдауының орны ерекше. Сатылай кешенді талдау қазақ тілі пәні бойынша бастау алғанмен, ағылшын тілі, қазақ әдебиеті т.б. пәндерді оқытуда да кеңінен қолданысқа енді.

Сатылай кешенді талдауды жасау әрбір тыңдаушыдан тарау бойынша өтілген материалды толық жүйелі түрде меңгеруді талап етеді. Талдаудың ерекшелігі – тілдік қатынасым әрекеттері (жазылым, айтылым, тыңдалым, сөйлесім) жүзеге асады. Талдау барысында қажетті ережелер айтылып, жазылып талданады. Өтілген теориялық материалды үнемі қайталап отырғандықтан ұмытпауға негіз бар. Сатылай кешенді талдауды меңгерген тыңдаушы кез келген сөзді, сөйлемді талдай алады, тест тапсыру барысында да қиналмайды.

Сатылай кешенді талдау оқытудың ғылымилық, жүйелілік, бірізділік, сапалылық сияқты дидактикалық қағидаттарына негізделген. Талдау барысында тыңдаушылардың оқуға деген ынтасы, белсенділігі артып, теориялық білімін өмірде қолдана білуге машықтанады.

«Сатылай кешенді талдау» технологиясының авторы Н.А. Оразахынова – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Ғылым академиясының Вице-президенті. Республика мектептерінде Нұрша Оразахынованың сатылай кешенді талдау әдісін кеңінен қолданылады деп айтуымызға болады. Әрбір сабақта кем дегенде бір сөйлемге сатылай кешенді талдау жасатып отыру тыңдаушылардың меңгеруіне қиындық туғызатын материалдарды оңай түсінуге, бірте-бірте уақытты үнемдеуге ықпал етеді. Сатылай кешенді талдау технологиясы қазақ тілінен тест тапсыратын түлектердің жоғары нәтижеге қол жеткізуіне өзіндік үлесін қосып келеді. Сатылай кешенді талдаудың жүйелілік, қарапайымнан күрделіге ауысу, міндетті деңгейді қамтитын, теориялық мәліметтердің тұтастығы қағидаттары тіл пәндерінен басқа, әдебиет, сонымен қатар жаратылыстану пәндері оқытушыларының да қызығушылығын туғызып отыру.

Сөзіміз дәлелді болу үшін бір жай сөйлемге сатылай кешенді талдау жасаудың үлгісін берейік. Талданылатын сөйлем Ұлттық тестілеу орталығының қазақ тілі бойынша оқу-әдістемелік құралынан алынғаны жөн.

Талдау нысаны – сөйлем.

1. *Тыныс белгісі.*

2. *Айтылу сазы мен мақсатына қарай түрлері:*

1) хабарлы сөйлем;

2) сұраулы сөйлем;

3) лепті сөйлем;

4) бұйрықты сөйлем.

3. Құрамына қарай түрлері:

1) жай сөйлем;

2) құрмалас сөйлем.

4. Сөйлем мүшелері:

1) тұрлаулы мүшелер: бастауыш, баяндауыш;

2) тұрлаусыз мүшелер: анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш.

5. Жай (құрмалас) сөйлемнің түрлері:

1-2) жалаң, жайылма;

3-4) жақты, жақсыз;

5-6) толымды, толымсыз;

7) атаулы. (Құрмалас сөйлем: салалас, сабақтас, аралас.)

6. Сөз тіркесі: еркін, тұрақты.

1) еркін сөз тіркесі: есімді тіркес, етістікті тіркес.

7. Сөздердің байланысу түрлері:

1) қиысу;

2) матасу;

3) меңгеру;

4) қабысу;

5) жанасу.

8. Сөздердің байланысу тәсілдері:

1) жалғау арқылы;

2) орын тәртібі арқылы;

3) септеулік шылау арқылы;

4) интонация арқылы [1].

Мысалы, *Керім ұшақтардың самғағанын ұзақ тамашалады.*

1. Тыныс белгісі. *Сөйлемде нүкте ойды аяқтап, тиянақтап тұр.*

2. Айтылу сазы мен мақсатына қарай – хабарлы сөйлем, себебі бір нәрсенің жайын хабарлап, баяндап тұр.

3. Құрамына қарай – жай сөйлем, себебі бір ғана тиянақты ойды білдіріп тұр.

4. Сөйлем мүшелеріне талдау (бұл сатыда сөздің құрамына, қай сөз табынан жасалынып тұрғандығына мән бере кеткен орынды):

1) Керім *не істеді? Тамашалады* – дара баяндауыш; *тамаша –ла-ды.тамаша* – түбірі – сын есім, *-ла* – сын есімнен етістік тудырушы жұрнақ, *-ды* – жедел өткен шақ жұрнағы.

2) *Кім тамашалады? Керім* – дара бастауыш, негізгі түбір зат есім.

3) *Несін тамашалады? Самға-ған-ы-н:* дара, тура толықтауыш, *самға* – етістіктің түбірі, *-ған* – есімшенің (бұрынғы өткен шақ) жұрнағы, *-ы* – тәуелдік жалғаудың III жағы, *-н* – табыс септік жалғауы (тәуелді септеу).

4) *Нелердің самғағанын? Ұш-ақ-тар-дың* – дара, анықтауыш, *ұш* – негізгі түбір етістік. *-ақ* – етістіктен зат есім туғызушы жұрнақ, *-тар* – көптік жалғау, *-дың* – ілік септік жалғауы.

5) *Қалай тамашалады? Ұзақ* – мөлшер пысықтауыш, сын есім.

5. Жай сөйлемнің түрлері:

1) жайылма, себебі тұрлаулы мүшелермен қатар тұрлаусыз мүшелер де қатысқан;

2) жақты, себебі бастауышы бар;

3) толымды, себебі ойға қатысты, айтылуға тиісті сөйлем мүшелері түгел.

6. Еркін сөз тіркестері:

Керім тамашалады – етістікті, себебі басыңқы сөзі – етістік;

самғағанын тамашалады – етістікті тіркес;

ұшақтардың самғағанын – етістікті тіркес;

ұзақ тамашалады – етістікті тіркес.

7. Сөздердің байланысу түрлері:

Керім тамашалады – қиысу, бастауыш пен баяндауыш жіктік жалғау арқылы байланысқан;

самғағанын тамашалады – меңгеру, себебі бағыныңқы сөз – табыс септік жалғаулы;

ұшақтардың самғағанын – матасу, себебі ілік септік пен тәуелдік жалғаулы сөздер байланысқан;

ұзақ тамашалады – қабысу, іргелес тұру арқылы байланысқан.

8. Сөздердің байланысу тәсілдері:

Керім тамашалады – жалғау арқылы байланысқан;

самғағанын тамашалады – жалғау арқылы байланысқан;

ұшақтардың самғазанын – жалғау арқылы байланысқан;

ұзақ тамашалады – ешбір жалғаусыз, орын тәртібі арқылы байланысқан.

Жоғарыдағы үлгіде көрсетілген талдау түрлерін тыңдаушыларға жасату синтаксис тарауы бойынша теориялық материалдарды есте сақтауға, тез меңгертуге зор ықпал етеді.

Әдебиет сабағында сатылай кешенді талдау технологиясын қолдану тыңдаушыларды әдеби шығарма идеясын тануға үйретуде, сөздік қорын молайтуда маңызы зор.

Әдебиет сабағында поэзиялық шығарманы сатылай кешенді талдау үлгісі:

1. Авторы туралы мәлімет.

2. Тақырыбы. Тақырып – бұл өнер туындысының іргетасы.

3. Жанр түрі – поэзия (өлең). Өлең дегеніміз – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырылып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4. Идеясы. Идея дегеніміз – автор тақырып арқылы өмір шындығын суреттегенде оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өзінің арман-мақсатын, қиялын білдіреді.

5. Шумақ – аяқталған синтаксистік біртұтас ой.

6. Тармақ – өлеңнің әр жолы.

7. Бунақ – белгілі дауыс ырғағымен бөлінуі.

8. Буын саны – дауысты дыбысқа байланысты.

9. Ұйқас түрі. Ұйқас – өлең мазмұнымен тамырлас келіп, оған ерекше саз, әуез беретін өлең тармақтарындағы сөздер үндестігі.

10. Әдеби-теориялық ұғымдар.

11. Түсіндірме сөздік.

12. Тәрбиелік мәні.

Қорыта айтқанда, сатылай кешенді талдау технологиясы тыңдаушылардың тіл мен әдебиет салалары бойынша меңгерген теориялық білімдерін практикада терең талдап ұғынуына, толық меңгере алмаған теориялық білімдерін талдау сызбасы негізінде меңгеруіне қол жеткізеді. Сатылай кешенді талдауды меңгерген тыңдаушыға кешенді тестілеу тапсырмаларын орындау еш қиындық туғызбайтындығы даусыз.

Әдебиеттер

1. Оразахынова Н.А. Сатылай комплексті талдаудың сызбалары / Қазақ тілі мен әдебиеті. – №1, 2002. – 13-18 бб.
2. Оразахынова Н.А. Сатылай талдау технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері: Монография. – Алматы, 2007. – 287 б.
3. Оразахынова Н. т.б. Қазақ тілі: Сөз мәдениеті. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2006. – 240 б.

ТЫҢДАУШЫЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН КҮРДЕЛІ ТАҚЫРЫПТАРДЫ МЕҢГЕРТУДІҢ ҰТЫМДЫ ЖОЛДАРЫ

Мәтбек Н.Қ., ф.ғ.к.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Дайындық бөлім тыңдаушыларына қазақ тілін оқыту тәжірибемізден байқағанымыз – мектеп бітіруші түлектердің басым көпшілігі пән бағдарламасын толық меңгермей келеді. Жалпы білім беретін орта мектеп бағдарламасы бойынша қазақ тіл білімінің негізгі тараулары: лексика, фонетика – 5-сыныпта, сөзжасам, морфология (сөз таптары) – 6-сыныпта, морфология (сөз таптарының түрленуі), синтаксис (сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдері және сөз тіркесі) – 7-сыныпта, синтаксис (сөйлем) – 8-сыныпта оқытылады. Қазақ тілі пәні бойынша ұлттық бірыңғай немесе кешенді тестілеуде берілген тест тапсырмаларының мазмұнына шолу жасар болсақ, тест жоспары төмендегідей беріледі: лексика – 3 тапсырма; фонетика мен графика – 2; үндестік заңы – 1; сөзжасам – 2; морфология – 8; синтаксис – 7; пунктуация – 1; стилистика, сөз мәдениеті мен шешендік өнер – 1 тапсырма [1, 5]. Соңғы бір тапсырманы есепке алмағанда, негізгі мектепті бітірген оқушы 24 сұраққа жауап бере алуға тиіс. Бірақ бірыңғай ұлттық тестілеу нәтижесі оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға жауап бере алмайтындығын көрсетеді. Шындығында, қазақ тілінен орта мектепті бітірген оқушылардың меңгеруіне қиындық туғызатын кейбір тақырыптар:

– Жай септеу мен тәуелді септеудің айырмашылығы;

– Омоафикстерді (омонимдес қосымшаларды) ажырата алмау;

– Жақсыз сөйлемнің жасалу жолдары.

Дайындық бөлімінде оқу мерзімі тоғыз айды құрайды. Сабақ жоспары орта мектеп бағдарламасын қайталауға арналады. Оқулықта берілген теориялық мәліметті қайталаумен бірге, өтілген материалды бекіту мақсатында жаттығу жұмыстарын, сөйлемдер талдауды жүзеге асырамыз.

Алғашқы сабақтардан бастап түсіндіре оза оқыту технологиясын (С.Н. Лысенкова) қолданғанды жөн санаймыз. «Бұл технологияның негізгі мақсаты – барлық баланы табысты оқыту. Түсіндіре басқарып оза отырып оқыту технологиясы төмендегідей ерекшеліктерімен сипатталады:

– оқыту материалдарының бірізділігі, жүйелілігі;

– саралау, әр оқушыға берілетін тапсырманың қолайлылығы;

– бағдарламаның, кейбір тақырыптардың қиыншылығын жеңу, қиын тақырыптарды біртіндеп оңайлату әдісін – оза оқыту әдісін қолдану;

– сабақты пысықтауға әуелі озаттар, сосын орташалар, ең соңында нашар оқушылар қатыстырылады;

– бірте-бірте толық дербестілікке өту;

– сыныпта қалыпты жағдай қалыптастыру; түсінетін, өзара көмек, ынтымақтастық қарым-қатынас;

– оқушының қателігін ескерту, бірақ еш жазғырмау;

– үй тапсырмасы тек әр оқушының мүмкіндігіне қарай (әркім өзі орындай алатын жағдайда ғана) беріледі;

– білім, білік, дағдыны дамыта меңгеру;

– түсіндіруді қабылдау [2].

Тыңдаушының орта мектепте оқу барысында меңгермей қалған, күрделі тақырыптары әр сабақта сөйлем талдау барысында түсіндіріліп отырады. Тыңдаушыларды үнемі жаттықтыру арқылы күрделі тақырыпты меңгертуге тырысамыз. Мысалы,

«Смағұл өз-і-нің асық-тар-ы-н Оспан-ға көр-сет-ті.

Керім ұшақ-тар-дың самға-ған-ы-н ұзақ тамаша-ла-ды.

Ек-еу-і де ме-нен сыр-ы-н жасыр-ма-й-ды.

Халқ-ымыз қыз-дар-ы-н ардақ-та-ған» деген сөйлемдерге морфологиялық талдау жасап, құрамына ажырату тапсырылады. Септеу, жай және тәуелді септеу терминдерін еске түсіреміз:

Септеу – сөзге септік жалғауының жалғануы. Жай септеу = түбір сөз + септік жалғауы, яғни түбір сөзге септік жалғауының тікелей жалғануы. Тәуелді септеу = (түбір сөз + тәуелдік жалғауы) + септік жалғауы, яғни тәуелдеулі сөздің септелуі.

| | Тәуелдік жалғау, III ж. | Табыс септік | мысал |
|-------------------------------------|-------------------------|--------------|-------------------------------------|
| Зат есім Есімше Тұйық етістік | + ы / і, + сы / сі | + н | сыр-ы-н самғаған-ы-н тоқу-ы-н |

Асық-тар-ы-н, сыр-ы-н, қыз-дар-ы-н, самға-ған-ы-н деген сөздерді құрамына ажыратады.

| | Тәуелдік жалғау, I, II жақ | Барыс септік | мысал |
|-------------------------------------|---------------------------------|--------------|--------------------------------------|
| Зат есім Есімше Тұйық етістік | + м / ым / ім, + ң / ың / ің | + а / е | бас-ым-а оқыған-ым-а бару-ың-а |

| | Тәуелдік жалғау, II жақ | Жатыс септік | мысал |
|-------------------------------------|-------------------------|--------------|---|
| Зат есім Есімше Тұйық етістік | + ы / і, + сы / сі | + нда / нде | ауыл-ы-нда барған-ы-нда оқу-ы-нда |

Тамаша-ла-ды, жасыр-ма-й-ды деген сөздердегі сөз соңындағы «-ды» қосымшасын тыңдаушылар табыс септік жалғауымен шатастырып жатады.

Ол тарс-тұрс ете қалған дауыс-ты (нені?) естіді.

Оқы-ған-дар-ды (кімдерді?) қатты құрметтейтін.

Мақсат көп оқы-ған-ды (нені?) жақсы көреді.

Әсіресе жиі кездесетін тұлға – «- ды / ді, – ты / ті» қосымшасы. Тыңдаушы жаттығу барысында айтып талдайды:

1. Егер зат есімге (есімше, тұйық етістік) тікелей жалғанып, кімді, нені деген сұрақтарға жауап берсе – табыс септік жалғауы. (Анықтама алдын ала танысуға беріледі).

2. Зат есімге жалғанып, қандай, қай деген сұраққа жауап берсе – зат есімнен сын есім тудырушы жұрнақ.

| Сөз табы | Табыс септік жалғауы | мысал |
|-------------------------------------|------------------------|--------------------------------|
| Зат есім Есімше Тұйық етістік | + ды / ді + ты / ті | тау-ды айтқан-ды жабу-ды |
| сұрағы | кімді? нені? | |

2. Зат есімге жалғанып, қандай, қай деген сұраққа жауап берсе – зат есімнен сын есім тудырушы жұрнақ.

| Сөз табы | Сын есім тудырушы жұрнақ | мысал |
|----------|--------------------------|----------------------------|
| Зат есім | + ды / ді + ты / ті | малды ауыл егінді алқап |
| сұрағы | қандай? | |

4. Етістік түбіріне, болымсыз етістік немесе етіс жұрнақтарынан кейін жалғанып, не істеді деген сұраққа жауап берсе – жедел өткен шақ жұрнағы. (Жіктік жалғауы жедел өткен шақ тұлғасынан кейін жалғанады).

| Сөз табы | | Жедел өткен шақ жұрнағы | мысал |
|----------|---|-------------------------|---------------------------------|
| Етістік | | + ды / ді + ты / ті | оқы-ды барма-ды жазғыз-ды |
| Етістік | + болымсыз етістік (+ма/ме, +ба/бе, +па/пе) | | |
| Етістік | + етіс (+ын/ін, +ғыз/гіз т.б.) | | |
| сұрағы | | не істеді? | |

5. Көсемшенің «+ а / е / й; + п / ып / іп» жұрнақтарының бірінен кейін жалғанып, не істейді, не істепті деген сұрақтарға жауап берсе – жіктік жалғаудың III жағы. Берілген сөзді III жақта, жекеше, көпше түрде жіктеп көреміз.

| Сөз табы | + көсемше | жіктік жалғау III жақ | мысал |
|----------|------------------------------|----------------------------|--------------------|
| Етістік | + а / е / й + п / ып / іп | + ды / ді + ты / ті | оқи-ды келіп-ті |
| Сұрағы | | не істейді? не істепті? | |

5. Есімшенің «+ған / ген / қан / кен» жұрнағынан кейін келіп, дефис арқылы жазылса – нақтылау мәнді жалғаулық шылау.

| | | | |
|----------|----------------------|--------------------------|-----------|
| Сөз табы | + есімше | жіктік жалғау III жақ | мысал |
| Етістік | +ған /ген / қан /кен | - ды / ді | оқыған-ды |
| Сұрағы | | не істеген-ді? | |

Осындай талдау жұмысынан кейін тыңдаушылар омоафикстерді ажырата білуді меңгере бастайды.

Қазақ тілі пәнінен тест тапсырмаларын орындау барысында тыңдаушыларға қиындық туғызатын сұрақтың бірі – жақсыз сөйлемді анықтау. Жай сөйлем түрлерінің ішінде жақсыз сөйлемнің жақты сөйлемнен айырмашылығы – бастауыштың мүлде қатыспайтындығы, сөйлемнің жасалуына тек баяндауыштың ұйытқы болып тұратындығы. «Жақсыз сөйлемнің әрбір жасалу жолына лайықталып алынған баяндауыштарды кестеге алдымен жазып, кейін соларды сөйлемге айналдыру қажет. Мысалы,

| <i>Баяндауыш формалары</i> | <i>Мысал сөйлемдер</i> |
|----------------------------|---|
| Айт-қы-м келмейді | Менің жайсыз хабарды айтқым келмеді |
| Сөйлеу-ге болмайды | Емтихан жүріп жатқанда сендерге сөйлеуге болмайды |
| Жүздесу-іміз керек | Біздің тез арада жүздесуіміз керек |
| Түсін-іп болмайды | Бұдан еш нәрсені түсініп болмайды |
| Қолым тимейді | Бүгін менің қолым тимейді |

Осы кестеге қарап-ақ оқушы мыналарды аңғартады:

1. Жақсыз сөйлемнің бастауышы мүлде болмайды.
2. Жақсыз сөйлемде баяндауыштар күрделі болады» [3, 34].

Тест тапсырмаларында берілген «Досанның тауға қайтадан барғысы келеді» деген сияқты сөйлемдерді талдау ұсынылады. Сөйлемге сатылай кешенді талдау жасатып отырудың да тыңдаушылардың тілдік материалды терең меңгеріп, жоғары нәтиже көрсетуіне септігі мол.

Әдебиеттер

1. Қазақ тілі пәні бойынша оқу-әдістемелік құрал. – Астана: «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚМ, 2011. – 110-б.
2. 67.astana-bilim.kz/pedagogikalyk_teknologialar
3. Қосымова Г., Құрманова Н. Қазақ тілі: Әдістемелік нұсқау. Жалпы білім беретін мектептің 8-сынып мұғалімдеріне арналған құрал. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2004. – 96 б.

ШЕТЕЛДІК ТЫҢДАУШЫЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Мәтбек Н.К., ф.ғ.к.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де 2010 жылдан бастап ҚР Үкіметі мен АИР Үкіметі арасындағы Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы 2009 жылғы 22 қарашадағы №1829 келісімі негізінде жыл сайын ауғанстандық тыңдаушылар білім алып келеді.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ауғанстан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі №332-IV Заңының 4-бабында: «Қазақстан тарапы 2010-2014 жылдар аралығында жыл сайын Ауғанстан Ислам Республикасы азаматтарының қатарынан 200 адамды: оның ішінде 140 адамды жоғары оқу орындарына және 60 адамды техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына оқуға қабылдайды. Медициналық мамандықтарға жоғары оқу орындарына қабылдау 2010-2012 жылдар аралығында жүзеге асырылады. Білім алушылардың жалпы саны 1000 адамды құрайды, оның ішінде 700 адам – жоғары оқу орындарында, 300 адам – техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында. Оқыту 2019 жылға дейін (медициналық мамандықтар –2020 жылға дейін) Қазақстан Республикасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады», – [1] деп атап көрсетілген.

Үкіметаралық келісімге сәйкес дайындық бөлімінде білім алған тыңдаушылар АИР ұсынысымен бөлінген мамандықтарды меңгеру үшін Қазақстанның колледждерінде, жоғары оқу орындарында білім алады. Ал студентке 1-курста қойылар талап бірдей. Шетелдік азаматтардың кейбіреулері дайындық бөлімінде тіл үйрену үшін оқуы мүмкін, ал ЖОО-да оқуын жалғастыру үшін білім алудың өз ерекшелігі бар. Тыңдаушы студент атану үшін тілді оқып, оқығанын түсініп мазмұндап, конспект жазып үйреніп әрі еркін сөйлей білуге тырысуы қажет. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін, біріншіден, оқытушының іс-тәжірибесі, екіншіден, жоғарыда аталған міндеттерді қамтитын толыққанды оқулық керек.

Қазақстанда мемлекеттік тілді оқытып-үйретуге арналған әдістемелердің ғылыми негізі қалыптасып, оқулықтардың бай тәжірибесі жасақталуда. Әйтсе де орта мектепте қазақ тілін – 11 жыл, жоғары оқу орнында 2 жыл оқыған білім алушы мемлекеттік тілде өз деңгейінде сөйлеп кете алған жоқ.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Байынқол Қалиұлы «Қазақ тілін шетелдіктерге оқулықсыз, терміндерсіз, грамматикасыз үйрету» атты мақаласында тілді шетел азаматтарына дыбыс, сөз, сөз тіркесі түрінде емес, бірден сөйлем түрінде, тікелей жаттатқызу әдісі арқылы үйретудің жолдарын көрсете келе, нәтижеге жету үшін мынадай бес түрлі шарттың сақталуы міндетті екеніне тоқталады:

«1) Оқытушы тілді ешбір терминді қолданбай, ешбір грамматикалық ережелерді жаттатқызбай үйрету;

2) Тілді дыбыстар, сөздер арқылы емес, тек үш-ақ сөзден құралған, атап айтқанда, бастауыш, толықтауыш, баяндауыштан тұратын «Мен кітап(ты) оқыдым» деген сияқты бір ғана жай (жеңіл) сөйлемді құбылту, түрлендіру, өзгерту арқылы үйрету;

3) Жаттауға тиісті ол жай сөйлемдер тіл үйренушінің күнделікті тұрмыс-тіршілігі мен қызметінде ең жиі қолданылатын, ең қажетті сөздерден құралсын;

4) Тіл үйренуші нені үйренсе де тек жаттап алатын болсын.

5) Оқытушының да, тіл үйренушінің де уақытын үнемді әрі тиімді пайдалану үшін тіл үйренушілер жаттауды жеке-жеке емес, тек хормен іске асыратын болсын» [2].

Ғалым Б.Қалиұлы өз мақаласында 22 сабақтың үлгісін береді. Тоқтала кетер болсақ, 1-2-сабақта жай сөйлем баяндауышын (Мен университетке бардым) жедел өткен шақта, жекеше, көпше түрде беріп, 8-10 рет хормен жаттатқызады.

3-сабақ қайталау сабағы. Бұл сабақта барыс септік жалғауының үндестік заңы бойынша түбірдің соңғы дыбысымен үйлесімді түрде жалғанатыны түсіндіріледі, бірақ жаттау талап етілмейді.

4-сабақ – шығыс септігінде, 5-сабақ – табыс септігіне, 6-сабақ – жатыс септігіне, 7-сабақ көмектес септігіне арналады.

8-сабақ – қайталау сабағы.

9-11-сабақтарда, өткен шақтың *-ған/-ген, -қан/-кен; -ын/-ін/-п; -атын/-етін, -йтын/-йтін* тұлғалары мен оларға тән жіктік жалғаулары меңгертіледі.

12-сабақта – осы шақтағы, 13-сабақта келер шақ тұлғасындағы сөйлемдер жаттатылады.

14-сабақта үш шақтағы сөйлемдер қайталауы.

15-сабақта рай категориясы туралы түсінік беріледі де, сөйлемді бұйрық рай тұлғасына қойып қайталауы.

16-сабақта – шартты рай, 17-сабақта – қалау рай тұлғасындағы сөйлемдер меңгертіледі. 18-сабақ – райларды қайталау сабағы.

19-сабақта тәуелдік жалғау мен көптік жалғаулардың мәні түсіндіріліп үйретіледі.

20-сабақта етіс тұлғасындағы сөйлемдер жатқа айқызылады.

21-сабақта үш сөзден тұратын сөйлем кеңейтіліп, зат есімнің алдына – анықтауыш, етістіктердің алдына пысықтауыш сөздер қойылып, жатқа айтқызылады.

22-қорытынды сабақта *бар, жоқ, керек (қажет), емес* сөздері мен *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе* – болымсыз тұлғалары, көмекші есімдер, сұрау есімдіктері мен септеулік және жалғаулық шылаулар т.б. сөйленістер меңгертіледі. Б.Қалиұлы шетелдіктерге осылай қазақ тілін тиімді меңгертудің жолдарын нұсқайды.

Шетелдіктерге қазақ тілін оқытудың заманауи әдіс-тәсілдері қамтылған оқулықтар кемшіндігі мәселесі сөз етуді қажет етеді. Оқыту үдерісінде басшылыққа алынып жүрген бірегей оқулық – «Қазақша сөйлегіңіз келе ме?» оқу кешенінің 1-кітабы – «Алғашқы қадам». Бұл еңбек – 1998 жылы Сорос-Қазақстан қоры мен ҚР Білім министрлігінің конкурсында жеңімпаз атанған оқу құралдарының бірі. Оқулық бастауыш фонетикалық курс пен бастауыш грамматикалық курстан тұрады. «Бастауыш фонетикалық курс үндестік заңын сақтай отырып, дыбыстарды, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді дұрыс айтуға, айту дағдысын қалыптастыруға бағытталған» [3, 4б.].

Оқулықтың бастауыш грамматикалық курсына берілген грамматикалық құрылымдар, ғалым Байынқол Қалиевтың жоғарыда аталған мақаласында көрсетілгендей, грамматикасыз үйрету әдісімен жазылған. Бұл оқу құралының әттеген-ай дегізгерлік тұсы – оның осыдан 15-ға жуық уақыт бұрын жарық көргендіктен, кейбір лексикалық материалдарының ғылым мен техниканың дамуына байланысты замана көшіне ілесе алмай ескіргендігі. Осы оқулық авторларының бірі Г.Мұсаеваның (Нұршайықовамен бірге) 2011 жылы жарық көрген «Қазақ тілі»: алғаш бастаушыларға арналған оқу құралына тоқтала кетер болсақ, оқулық 10 сабақтан тұрады.

«Алғашқы қадамда» дыбыстар жүйесі:

I – жуан, қосарлы дауыстылар: а, о, ұ, ы, ә, и, у, я, ё, ю;

II – жіңішке дауыстылар: ә, ө, ү, і, е, и, у;

III – үнді дауыссыздар: м, н, ң, л, р, (й), (у);

IV – ұяң дауыссыздар: б, в, г, д, ж, з, ғ;

V – қатаң дауыссыздар: п, ф, к, т, ш, с, қ, х, һ, ц, ч, щ – түрінде [3, 9б.]. берілгенімен, «Қазақ тілі» оқулығында (2011) кесте түрінде [4, 13б.]. ұсынылған:

| | |
|-----|---------------------------------|
| I | А О Ұ Ы И У |
| II | Ә Ө Ү І Е И У |
| III | М Н Ң Л Й У Р |
| IV | З Ж |
| V | Б В Г Д П Ф К Қ Т Ш С Ч Щ Ц Х Ы |

Қазақ тіліндегі қосымшалардың сыңарларының (варианттарының) жалғану ретін меңгерту үшін осы кестені пайдалану маңызды. Тілді үйренуші әуелі дыбыстардың дауысты, дауыссыз түрлерін, дауыстылардың – жуан, жіңішке, дауыссыздардың үнді, ұяң, қатаң болып бөлінетінін білмесе де, мысалы, көптік мағына беретін *-лар* тұлғасының I топтағы және *й, у, р* дыбыстарына аяқталған сөздерге (*алмалар, таулар, қарлар т.б.*), ал *-лер* тұлғасының II топтағы және *й, у, р* дыбыстарына аяқталған сөздерге (*инелер, үйлер, белбеулер т.б.*) жалғанатынын білуі тиіс т.с.с.

Осы тұрғыдан алғанда, қосымшалардың түрліше жалғанатындығын меңгерту үшін екінші оқулықтағы кесте ұтымдырақ, өйткені орыс тілінен енген сөздердің соңында ғана кездесетін б, в, г, д дыбыстарынан кейін тек қатаң дыбыстан басталған қосымша жалғанатыны белгілі. «Қазақ тілі» оқу құралы орыс тілін меңгерген үйренушілерге, шетелдіктерге арналып жазылғанымен, бүгінгі таңдағы қажеттіліктерді өтей алатындығымен құнды. Оқулық авторларына алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Әдебиеттер

1. Әділет. ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі / adilet.zan.kz/kaz.
2. Қалиұлы Б. Қазақ тілін шетелдіктерге оқулықсыз, терминдерсіз, грамматикасыз үйрету / www.mtdi.kz/oku-adisteme.
3. Алғашқы қадам («Қазақша сөйлегіңіз келе ме?») оқу кешенінің 1-кітабы) / Г.Ә.Мұсаева, Ә.Ә.Құрышжанова, Ж.Ш.Ахмедова, Л.В.Екшембаева. – Алматы: Балауса, 2008-б.
4. Нұршайықова Ж., Мұсаева Г. Қазақ тілі: алғаш бастаушыларға арналған оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 144 с.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ РОДА ИМЕНИ СУЩЕСТВИТЕЛЬНОГО

Нусипбаева М.Б.

Алматы облысы Ұйғыр ауданы Шарын орта мектебі

Представлена разработка открытого урока русского языка в 5 классе на тему «Род имен существительных» планирование урока.

Урок русского языка, первый урок в разделе «Имя существительное».

Урок запланирован с учетом 7 Модулей Программы. Перед началом урока прошло деление на группы и были распределены обязанности внутри группы.

Цели урока определены совместно с учащимися.

Реализация дифференцированного подхода учителем осуществлялась на протяжении всего занятия: задания по уровням А, В, С.

Значительное место на уроке занимало критическое мышление.

Это и дискуссионная карта в начале урока, и работа над кластерами в группах, и поисковое задание по построению предложения.

Объем изученного на уроке материала был достаточно большим, темп работы высокий, большинство учащихся справились и показали хорошие результаты работы.

«Род имен существительных» планирование урока

5 класс

Урок №29

Русский язык

Дата:

Тема урока: Род имен существительных

Цели урока:

1. познакомить учащихся с родовыми окончаниями имен существительных.
2. развивать умения различать существительные женского, мужского и среднего рода по окончаниям; согласовать сущ-ные с глаголами.
3. воспитание нравственных качеств.

Тип урока: комбинированный

Методы и приемы: развитие речи, словарный диктант, работа по сюжетным картинкам

Оборудование: раздаточно-дидактический материал

Ход урока:

I. Организационный момент

II. Постановка цели урока

III. Проверка домашнего задания.

IV. Изучение нового материала

V. Закрепление изученного материала

I. Организационный момент.

- Что такое имя существительное?
- Что могут обозначать имена существительные?
- Какие существительные называют одушевленными или неодушевленными?
- Как могут изменяться имена существительные?

III. Сообщение темы и цели урока.

– Слово учителя: Вы сегодня узнаете, на какие еще группы и по какому признаку делятся имена существительные.

- Ребята, прочитайте рассказ на странице 93 «Задача»
 - Как вы думаете, какие правила не усвоил мальчик?
 - В каком предложении раскрывается основная мысль рассказа?
 - Какие слова при чтении надо выделить усилением голоса?
- Сравните окончания сущ-ных в женском, мужском и среднем роде. (задания 2)



Имена существительные бывают:

- мужского рода
- женского рода
- среднего рода

| <i>мужской род</i> | <i>женский род</i> | <i>средний род</i> |
|--------------------|--------------------|--------------------|
| он, мой | она, моя | оно, мое |
| □, - а, -я | - а, -я, □ | - о, - е, -я |
| Отец □ | страна | сердце |
| дядя Миша | земля, дочь | море, солнце |

Проблемный вопрос:

– Как ты думаешь, если имя существительное, например, женского рода, может оно стать мужского рода или среднего? Проверь. Что получилось?

– Ученик с этим выводом не согласился, он сказал, что одно и то же существительное может быть то женского, то мужского рода.

Например, *школьник(м.р.) – школьница (ж.р.)*

– Как вы это объясните? (Это разные слова. Они однокоренные.)

Медведь – медведица

Волк – волчица

Заяц – зайчиха

Голубь – голубка

По родам существительные *не изменяются*.

Каждое существительное может быть только мужского, женского или среднего рода.

V. Закрепление урока

1. Работа в группе. Прочитайте рассказ «Не стоит благодарности»

Напишите из текста существительные, определите род.

– Какое слово вызвало у вас затруднение в определении рода? (Благодарности.)

– Как узнать род существительного, если оно стоит во множественном числе?

Чтобы узнать род имени существительного, которое стоит во множественном числе, надо поставить его в единственном числе:

Благодарности – благодарность, школьники-школьник

2. Работа в парах.

Поставь прилагательное в нужную форму и запиши. Определи род.

погода

небо.

природа

музыка.

цветок.

3. Кто быстрее. «Цепочка»

– Поставь слова в нужную форму и запиши сочетания слов. Определи род неизменяемых имен существительных.

Образец: быстрое такси (ср. р.)

Розов... фламинго (...)

Широк... шоссе (...)

Грустн... шимпанзе (...)

Вкусн... эскимо (...)

Горяч... какао (...)

Нов... пианино (...)

Интересн... кино (...)

VI. Итог урока.

– Что узнали о роде имен существительных?

– Как вы понимаете выражение «постоянный признак»?

– Как узнаем род имени существительного, которое стоит во множественном числе?

Рефлексия.

– Кто из вас все еще испытывает затруднение при определении рода и числа имен существительных?

VI. Домашнее задание. Упражнение 225,226 стр.97

VII. Комментирование оценок

Вывод: Степень познавательной активности учащихся поддерживалась на хорошем уровне в течение всего урока. Ученики в основном показали дисциплинированность и слаженность при работе в группах, организованность в работе. Особую роль сыграли учащиеся-лидеры группы. В целом урок прошел на хорошем уровне. Запланированные цели урока достигнуты.

Литература

1. Русский язык. 5 класс. – Алматы: Атамұра, 2015.
2. Жанпейсова У.А., Кожакеева Ш.Т. Литература. – Алматы: Білім, 2015.

КОММУНИКАТИВТІК БІЛІМ БЕРУДІ ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАП ОҚЫТУ ПРИНЦИПТЕРІ

*Өмірбекова Р.Қ., Жұмағұлова А.Ж.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан- 2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауының «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдарының» 4-бөлімінде: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды» деген тұжырымдамасында жеткіншек жастар мен болашақ маманның сауаттылығы мен білім, біліктілігіне ерекше мән берілген.

Қазіргі замандағы білім берудің негізгі мақсаты- қоғамның талаптарына сай бәсекеге қабілетті, өмір сүруге бейім, өзіндік пікірі бар жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Студенттерді қызығушылық факторы арқылы ғана қазақша кәсіби сөйлеуге бейімдеп, олардың танымдық іс- әрекеттерін дамытуға болады. Адамдардың бойындағы сан – алуан қызығушылықтардың біреуі басым болады. Сол басым қызығушылық үйретушінің өз әрекетіне аса қажет. Кәсіби қазақ тілі сабағында жоғарыда аталған қасиеттерді мамандыққа байланысты мәтіндермен жүргізілетін жұмыс барысында, іскерлік ойындар мен жобалық жұмыстар арқылы тәрбиелеуге болатынын тәжірибие көрсетіп отыр.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде оқыту технологияларының жаңа үлгілері, заман талабына сай әдістер мен тәсілдер (инновациялық әдіс, модульмен оқыту әдісі, интерактивті әдіс, жобалау әдісі, проблемалық әдіс, қатысымдық әдіс т.б) ұсынылып отыр. Қазақ тілін кәсіби бағдарлы жолмен оқыту әдісі де тиімді әдістердің бірі болып табылады.

Тіл – коммуникация мақсатында қызмет етеді. ЖОО- да білім берудегі маңызды мәселелердің бірі – студенттердің коммуникативтік құзыреттіліктерін арттыру болып табылады. Жеке тұлғаны дамыту мәселелеріне Қазақстандық ғалымдар Ф.Оразбаева, Ж.Намазбаева, С.Рахметова, М.Қараев т.б жеке тұлғаға бағытталған және дамыта оқытудың психологиялық теориялары жасалып, оқу үрдісіне енгізілген. Бұл бағыт оқушы тұлғасын қалыптастыруда жаңа тұрғыдан келуді қажет етеді.

Коммуникативтік білім беруді келешек маманның меңгеруі нәтижесінде пайда болатын жеке тұлғаның өзгеріс толық, тұлғалық және әлеуметтік интеграцияланған нәтижені анықтау мәселесін алға қойды. Осындай интеграцияланған әлеуметтік – тұлғалық – іс-әрекеттік ұғымның білім берудің нәтижесі ретіндегі жалпы анықтамасы болып мотивациялық құндылықты, когнитивті, дүниетанымдық, коммуникативтік құзыреттілік ұғымы танылады.

Қазақ тілін мамандыққа сай оқытудың басты ерекшеліктерін анықтауда, тиімді әдістемесін ұсынуда әдіскер-ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ф.Ш. Оразбаеваның бүгінгі күнде үлкен бір ғылыми-әдістемелік мектебі қалыптасқан. Ғалым теориялық және әдістемелік тұрғыдан тілдік қатынастың негізін қалаған еңбегінде сөйлесім әрекетінің түрлерін – оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім деп бөліп қарастырады. Солардың әрқайсысына байланысты Ф.Ш.Оразбаеваның ғылыми жетекшілігімен қорғалған кандидаттық диссертацияларды атап өтетін болсақ, С. Нұрғали айтылым әрекеті арқылы оқыту әдістемесін (2003), Г.Т. Бейсенбекова оқылым әрекеті арқылы оқыту әдістемесін (2001), Б.А. Ахметбекова мамандыққа қатысты сөздік жұмыстарының әдістемесін (2000), Г.К. Мұқашева мен М.Д. Жорақпаева әр түрлі мамандықтарға сай тыңдалым әрекеті арқылы оқыту әдістемесін (2002), Ф.Ж. Абдразақова қазақ тілін шетелдік студенттерге жазылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесін (2003), А.М. Мұратбекова қазақ тілінің кәсіби бағытталған лексикасын жазылым әрекеті арқылы оқыту әдістемесін (2003), Ә.Ә. Уабиева қатысымдық тұрғыдан оқыту әдістемесін (2003) арнайы зерттеді. Сонымен қатар ғалымның шәкірттері тіл үйретудің т.б. өзекті мәселелерін, атап айтсақ, А.С. Досмурзаева тірек сызбалар арқылы (2002), Г.Т. Алдамбергенова мәтіндер арқылы құрылысшы мамандығына сәйкес оқытуды (1997), сондай-ақ тілді қазақ мектептерінде оқыту мәселелерін де Н.Х. Шадиева қазақ мектептерінің 5-сыныбында лексиканы деңгейлік тапсырмалар арқылы (2002), А.К. Жанабиллова тіл дамыту жұмыстарының инновациялық технологиясын (6-7-сыныптарға арналған) шығармашылық тапсырмалар арқылы, Ш.Қ. Құрманбаева қазақ тілін мемлекеттік қызметшілерге жеделдете оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (2009), С.Т. Садықова қазақ тілін дидактикалық бірліктерді ірілендіру

технологиясы арқылы оқыту мәселелерін қарастырды. Ал ересектерге тілді оқытуға байланысты «Қазақ тілін мемлекеттік қызметшілерге жеделдете оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» (2009) атты бірінші докторлық диссертацияны қорғаған педагогика ғылымдарының докторы Құрманбаева Шынар Қапантайқызы қорғаған.

Қазақ тілін мамандыққа сәйкестендіріп қатысымдық тұрғыдан оқыту әдістемесіне байланысты ғылыми зерттеулерге тоқталатын болсақ, Б.Ш. Мешімбаеваның “Гуманитарлық бөлім студенттерін қазақша пікірлесім (диалог) арқылы сөйлеуге үйрету әдістемесі” (1999) атты ғылыми еңбегінде жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлім студенттерін пікірлесім арқылы қазақша сөйлеу тіліне үйрету әдістемесінің ғылыми негізі жасалды. Автор мамандыққа бағытталған пікірлесім арқылы сөйлесуді меңгертуде қолданылатын ұтымды әдіс-тәсілдерді анықтады, пікірлесімге қатысты қазақша сөйлеу тіліне үйретуде төмендегідей 3 кезеңді қамтуды ұсынды:

1. оқу процесіндегі пікірлесім;
2. шығармашылық пікірлесім;
3. шығармашылыққа бағытталған пікірлесім құрастыру .

Зерттеу жұмысында сөйлесімді басқа ұлт өкілдеріне пікірлесім арқылы үйретуде тілдік жағдай тұңғыш рет тәжірибеде қолданылып, оның ұтымдылығы ғылыми негізде бірінші рет дәлелденді және пікірлесімнің жаттығулары екі үлкен топқа жіктеліп қарастырылды. Олар:

1. дайындық жаттығулар;
2. қатысымдық жаттығулар .

2000 жылы Г. Т. Алдамбергенова “Кәсіптік мектептердің орыс бөлімі оқушыларының қазақша сөйлеу тілін құрылысшы мамандығына сәйкес мәтіндер арқылы дамыту” деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

Автордың айтуынша, мәтін арқылы тілді оқыту төмендегі міндеттердің жүзеге асуына көмегін тигізеді:

- тұрмыста, өндірісте, әлеуметтік ортада қазақша тілдік қатынасты игеру;
- қазақ тілінде мәдени-ресми, кәсіби қатынасқа дайындық;
- өз мамандығы бойынша сұрақтарға жауап бере білу, осы тақырып төңірегінде ойын айта білу дағдыларын меңгерту;
- кәсіби бағыттағы қарым-қатынастық мәтіндерді аудармасыз түсінуге ұмтылу;
- оқушылардың сөздік қорын молайтуда аударма, түсіндірме және кәсіби сөздіктерді пайдалана білу;
- қазақша ойлауға, қазақша сөйлеу әуезділігіне жету, үлгісіз, жетексіз өз бетінше сөйлеуге, жазуға дағдылану, игеру .

Қ. Қадашева “Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері: өзгетілді дәрісханалардағы қазақ тілі” (2001) деген докторлық диссертациясында мамандық тіліне бейімдеп оқытуда жаңаша жаңғыртып оқыту әдістемесінің әдіс-тәсілдерін ұтымды пайдалануға болатындығын, тіл үйренушілердің өз саласында тілді қолдану қызметінде лексикалық минимумды анықтау қатысымдық қажеттілікті қамтамасыз ететін ерекшелік екендігін көрсетті.

Зерттеу жұмысында заңгер мамандығына бейімдеп оқытуда автордың өз тәжірибесінен алынған үлгілері толық баяндалып, кәсіби бағыттағы материалдың негізінде пікірлесімдік қарым-қатынасты қалыптастыруға жаттығулардың әсері зор екені айтылады. Сонымен қатар өзгетілді дәрісханалардағы үйренушілерге мамандығы бойынша тілдік база жасау мәселесіне тоқтала отырып, оның мақсаттарын ашып көрсетеді .

Қазақ тілін мамандыққа сәйкес оқыту әдістемесі бойынша Р.Ә. Шаханова “Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері” (2001) деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Бұл еңбекте техникалық университеттің орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми-әдістемелік негізі жасалды. Ғалым: “Қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың әдістемелік жүйесін жаңа технологиямен толықтырып, дамытып, жетілдіріп отыру тілдің қатысымдық қызметін нәтижелі меңгертуге негіз қалайды», – дейді . Атап айтқанда, студенттердің мемлекеттік тілде сөйлеуге деген қызығушылығы мен мүдделігін, олардың білімін рейтинг, тест материалдарын талапқа сай пайдалану арқылы арттырудың мәнін анықтайды.

Студенттердің мемлекеттік тілді тиімді игеруінің басты факторы – оқу бағдарламалары мен оқулық, оқу-әдістемелік материалдарды модульдік оқу жүйесімен берудің ұтымдылығын дәлелдеп, модульдік жүйеге негізделген электрондық оқулықтар студенттердің өз бетімен жұмыс істеуіне тиімді екенін айтады. Тілдік жағдай жүйесін үнемі мамандықпен байланыстырып отыруы қарастырылған. Зерттеуде қазақ тілін мамандыққа қатысты үйретудегі мәтіннің маңызды рөлі

дәлелденіп, мәтіннің тілдік жүйесі айқындалған. Диссертанттың айтуынша, мамандыққа қатысты мәтіндерді іріктеу ұстанымдары дұрыс сөйлеуді жетілдіруге қызмет ету үшін:

- 1) мазмұндық және тақырыптық тартымдылығымен ерекшеленуі керек;
- 2) тіл үйренушілердің өз бетімен жұмыс істеуіне ынталандырылуы;
- 3) қатысымдық (коммуникативтік) қасиеті басым болуы керек;
- 4) мамандыққа байланысты ғылыми мәтіндер студенттерде қажеттілік сезімін туғызып, білім беруде студенттердің сенімін күшейтетін болуы қажет.

«Құзырет» ұғымы білім алушының жетілуімен және оның еңбек міндеттерін орындауға тиімді әрекет жасауына және жоғары нәтижелерге қол жеткізуіне мүмкіндік береді. «Құзырет» – бұл оқу үдерісінде жинақталған білімге, тәжірибеге, құндылықтарға, бейімділіктерге негізделген жалпы қабілет. Құзырет саналы іс- әрекет барысында қалыптасады. Құзыретті меңгеру студенттің белсенділігіне тәуелді. Құзыретке ие болу сол жағдаятқа өзінің бар білімі мен тәжірибесін бейімдеу. Білімді білім алушының нақты қоғамдық өмірде білімін қолдану, ол үшін оқыту үдерісінде құзыретті дамыту және қалыптастыру үшін нақты жағдайлар тудыру қажет.

Коммуникативтік құзыреттілік төмендегідей компоненттерден тұрады:

– коммуникативтік тәртіп аймағындағы білімі (қажетті тілдерді білуі, педагогика және психология, логика, риторика, мәдениет және сөйлеу аймағындағы білімі).

– коммуникативтілік және ұйымдастырушылық қабілеті (іскерлік қатынастарды нақты және жедел орнату, белсенділік таныту, тұлғаны дұрыс қабылдау және түсіну негізінде психологиялық әсер ету, қоршаған ортамен және оқшауланған адамдармен біріккен іс-әрекет кезінде белсенді әрекет жасау);

– қазақ халқының рухани және тарихи – мәдени байлығын тіл арқылы таныту негізінде тіл үйренушілер елдің тарихымен, мәдениетімен, әдебиетімен, халықтың салт- дәстүрімен танысып, білімдерін молайту;

– күнделікті оқу үдерісінде ресми-іскери сөйлесуге тән тілдік тұлғаларды, сөз тіркестерін меңгеріп, мамандыққа қатысты іс- қағаздарды жазуды үйренуі;

– вербальды және вербальды емес қарым-қатынас мәдениет (сөйлеу техникасы, риторикалық амалдар, аргументация техникасын және шарттасуды жүргізу, кәсіби педагогикалық әдеп ережелерін сақтау, ұғымдық категориялық ақпаратты мақсатты түрде қолдану, сөйлеу мәдениетін меңгеру, вербальды емес құралдарды қолдану).

Заманауи білім беру үдерісі ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, тіл үйренушінің іскерлігін, коммуникативтік құзыреттілігін дамыту міндеттерімен ұштасып жатқандықтан, қазақ тілінің білім мазмұнын құрудың әдіснамасын дұрыс таңдап алу қажеттілігі туындайды. Тілді қазіргі заман талабына сай меңгеруде озық технологияларды, ұтымды әдіс- тәсілдерді пайдалану – еліміздегі ең маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Студенттің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда оқытудың жаңа инновациялық әдістерінің бірі- ақпараттық технологияны пайдалану. Оқытудың ақпараттық технологиясы – тіл үйренушілерге білім берудің жаңа жолдарын іздестіру, білім сапасын арттыру, оқу – тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру үшін әрекет ету.

Ақпараттық технологияларды оқыту үрдісінде тиімді пайдалану студенттердің мемлекеттік тілді терең меңгерулерін қамтамасыз етіп, танып білуге деген қызығушылығын арттырады. Демек, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында » тұлғаның қалыптасуына жағдай жасау арқылы еліміздің ертеңіне жауапты мамандарды тәрбиелеу жолдарының бірі ретінде « дүниеге жауапкершілікпен қарайтын, инновациялық, шығармашыл ойлауға дағдыларды дүниетанымдық мәдениеті жетілген адамгершілігі мол және білікті мамандардан жаңа ұрпақ қалыптастыру» міндеті қажет.

Бұл ұштұғырлы тіл саясатын ұстанып отырған егемен елдің болашақ мамандарының мемлекеттік тілде еркін сөйлеп, оны өзі қызмет ететін салада қолдана алуы олардың кәсіби әлеуетін арттырумен қатар елжандылық қасиеттерін де қалыптастырудың басты шарты болып табылатынының кепілі.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. « Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы. Астана, 2013
2. Шаханова Р. Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. АДД. -Алматы, 2003
3. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. -Алматы, 2000
4. Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері: өзгетілді дәрісханалардағы қазақ тілі: Пед. ғыл. док. ... дисс. – Алматы, 2001. – 301 б

5. Абдразахова Ф.Ж. Қазақ тілін шетелдік студенттерге жазылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесі (жоғары оқу орындарының филология факультетіне арналған): пед.ғыл.канд. авторефераты, Алматы, 2003, 29 б.

6. Нұрғали С. Жоғары оқу орындарында қазақ тілі үстеулерін айтылым әрекеті арқылы оқыту әдістемесі (заң факультеті орыс бөлімінің жалғастырушы топтар үшін):

7. Құрманбаева Ш.Қ. Қазақ тілін мемлекеттік қызметшілерге жеделдете оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед.ғыл.докт. авторефераты, Алматы, 2009, 44 б.

УӘЖДЕМЕЛІК (МОТИВАЦИЯ): ТІЛ МЕҢГЕРУДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Саденова А., Арыстанбекова Қ.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Тіл меңгеру дегеніміз – тіл үйренушілердің коммуникативтік міндетті шеше алуы. Ал сөйлеудің нормальдылығы дегеніміз – қажетті тұлғаны қолдана білуі – бұл меңгерудің аралық міндеті. Тіл меңгерту уәжділігі тіл үйренудегі негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Сөйлеу үдерісін жүргізудің маңызды түрткіжайты деп тіл меңгерудің уәжділігін айтуға болады. Психологтар мен лингвистер тіл үйренушілердің нәтижелі тілді меңгеруі осы уәждемелікке байланысты екенін айтады [1]. Бұл түсінікті жағдай, яғни уәждемелік тілді меңгеру құндылығын және қажеттілігін, елдің тілін, мәдениетін меңгеруге деген шығармашылық қатынасын, белгісіз нәрсені білуге ұмтылу ғана емес, оған өз өмірінен орын табуды мойындауды білдіреді.

Тіл меңгерудің бастапқы деңгейінде жалпы өмірдегі құбылыстарға жақын, айналадағы өмірге қатысты үлгі-диалогтар берілу керек, сол үлгі бойынша тіл үйренушінің өзінің диалогтық сөйлеуі дамиды. Төменгі деңгейде диалогтық сөйлеуді тудыратын неғұрлым қарапайым, әрі құрылымы, тілдік бірліктері жеңіл жағдаяттар, тапсырмалар басымырақ болуы керек. Сонда тіл үйренуші дайын диалогты жаттап қиналмай, өз іс-әрекетінен қысқа әрі жеңіл туындаған диалогтарды айтады.

Тіл меңгеру уәжділігі туралы сұрақты шешу уәжділіктің психологиялық негізі қарастырылғанда мүмкін болды. И.А. Зимняяның сөзі бойынша, «уәж – бұл сөйлеу әрекетінің сипатын түсіндіретін, яғни сөйлеушінің тыңдаушыға әсер ету формасын жоспарлай отырып, коммуникативтік дітін, дітті қандай мақсатты көздейтінін білдіруі» [2].

Тіл меңгеру жағы бойынша уәжділіктің психологиялық сұрақтары Г.М.Кучинский [3], Б.Ф. Ломов [4] және тағы басқалардың еңбектерінде қарастырылды. Шетелдік еңбектерде сондай-ақ шет тілін меңгерудегі шетелдік авторлар уәжділіктің рөліне үлкен көңіл бөлді [5].

Уәжділік деп тілді терең меңгеруге тіл үйренушінің сөйлеу әрекетін дамыту, меңгерту қызметіне бағытталған түрткі жүйесін түсінуге болады. Мұндай уәждемелік тілді меңгерудің жоғары нәтижесі үшін ең қолайлы жайт болып келеді. Уәждемеліктің сыртқы және ішкі түрі бар. Сыртқы уәждемелік қоршаған ортаға (айналасы, оқу тобы, ата-ана) байланысты. Ішкі уәждемелікке үйреніп жүрген тіл елінің тарихы, дәстүрі, мәдениеті туралы ақпараттың маңыздылығы себепші болады. Мұндай ақпаратқа қызығушылық – тіл меңгеру үдерісін үнемі қолдап отыратын күш.

Тіл меңгеруде сөйлеу әрекетін, сөз-ойлау әрекетін ұйымдастыру үшін уәждемеліктің түрлерін (типтерін) білу қажет. Тіл меңгеру уәжділігі сыртқы уәжбен және ішкі уәжбен анықталады. Борыш-міндет, міндеттеме уәждері (кең әлеуметтік уәждер), бағалау уәжі, жеке тұлғаның жетістігі (тар әлеуметтік уәждер), оқуға ынтасы жоқ болу (болымсыз уәждер) сияқты сыртқы уәждер тіл меңгерту материалдарының мазмұнымен байланысты болмайды. Танымдық әрекет уәждері, тіл меңгерту мазмұнына қызығушылық (танымдық уәждер), әрекетті игерудің ортақ қабілеттілік уәжі және т.б. сияқты ішкі уәждер керісінше, тіл меңгеру материалдарының мазмұнымен байланысты болып келеді.

Уәждемелік – жеке адамның әрекеттері мен істерінің ішкі қозғаушы күші. Уәждемелік көзі нысанды факторлар болып табылады. Нысанды факторларға тілді үйренуді қолдану қажеттілігі, үйреніп жүрген тілінде бар ақпаратты алуға қол жеткізу, сол тілдегі халықпен байланыс кезіндегі аралық тілдің рөлін түсіну жатады.

Лингвистикалық әдебиеттерде уәждемеліктің мынадай екі түрі бар деп көрсетіледі: нақты (кіші бағыттағы, кәсіби, инструментальдық) және әмбебап (интегралдық).

Тіл меңгеруде тіл үйренушіде уәждеме, қажеттілік, қызығушылық болмаса, уәждемелік тіл меңгерудің толық бағдарламасын іске асырудың құралы бола алмайды. Ол үшін адам іштей оқу үдерісінде қойылатын міндеттерді қабылдауы керек және оны іске асыру үшін өзі оны орындау жолын іздестіруі тиіс. Сондықтан тіл үйренушінің шығармашылық белсенділігін дамыту – тіл меңгерудегі уәждеме тудырудың бірден-бір жолы. Өзіне бұрын мәлім емес деректерді игеру үшін қарама-қайшылыққа құрылған проблемалық сөйлеу жағдаятының орны ерекше. Мұндай ойланып-

толғану және санасында қорыту тек қана белгілі бір мәселелік тапсырмаларды шешу талабынан туындайды. Ал уәждемелігі жан-жақты тіл үйренушілер алдарына бір ғана мақсат емес, ұзақ та, еңбекті талап ететін бірнеше мақсат қояды. Тілді меңгеру – елді, ұлтты білудің, сол халықтың мәдениетін білудің кілті ретінде қарастырылады. Тіл үйренушілер үшін кейде үйреніп, оқып жүрген тілінің мәртебесі ана тілі сияқты жоғары болуы мүмкін. Тілді осы тұрғыда уәждемеліктің жан-жақты типі бар тіл үйренушілердің әлемді көруі, тануы өзгере бастайды, олар екі мәдениеттегі, екі тілдегі ортақ, өзгешелікті басқаша салыстырып, бағалай бастайды.

Уәждемеліктің жан-жақты типі ересек мамандарда көбірек байқалады. Себебі олардың жұмысы да екінші тілге байланысты. Сондықтан олардың мүдделері көп, олар әрқашан өздерінің уәждемесін жоғары деңгейде ұстайды: көркем әдебиеттер оқиды, фильмдер көреді, аударма жұмысымен айналысады, сол тілдегі халықтың өкілдерімен жиі тілдеседі, сөйлеседі, олармен тақырыптарды талқылайды. Осындай уәждемедегі жан-жақты адамдардың көпшілігі тек оқулық қана емес, әртүрлі анықтамалықты, грамматикалық анықтамалықты, сөздікті, нұсқаулықтарды, өз бетінше меңгеруге арналған әртүрлі тілдік бағдарламаларды қажет етеді.

Жан-жақты уәждеме типіндегі тіл үйренушілер әзірге өздерінің коммуникативтік құзреттіліктерін стихиялы түрде қалыптастырып келеді. Бір өкініштісі, қазіргі заманғы оқулықтар тіл үйренушінің, өз бетінше тұрмақ, оқытушы көмегімен де бұл оқулықтарды пайдалану қиындап кетті.

Жоғарыда аталған екі уәждемені салыстыратын болсақ, жан-жақты уәждеме нақты уәждемеге қарағанда екінші тілді саналы меңгертумен қамтамасыз етеді. Үйреніп жатқан тілде сөйлеушілердің деңгейіне жету үшін жан-жақты уәждеме керек. Екінші тілді меңгерушінің коммуникативтік құзыреттілігі керісінше нақты уәждеменің негізінде жақсырақ қалыптасуы мүмкін. Адамда қатысым жағдаятына байланысты көрінетін бір мезгілде уәждеменің екі типі де болуы мүмкін.

Ересектер екінші тілді мақсатты түрде оқиды. Өздерін қандай нәтиже қанағаттандыратынын біледі. Сондықтан олар үшін нақты және жан-жақты уәждеме – күткен нәтиже уәждемелері. Тіл үйренушілер уәждемесін анықтау қиын. Оларда негізінен уәждеменің үшінші түрі – оқу уәждемесі болады. Оқу уәждемесінен нақты және жан-жақты уәждемелерінің айырмашылықтары оқу уәждемесінде өзбетіншелік, тұрақтылық болмайды. Ол кенеттен пайда болуы мүмкін, тез сөнуі мүмкін. Егер оларға оқу уәждемесі қосылса, нақты және жан-жақты уәждемелерінің нәтижелігі арта түседі.

Уәждемелік – көпқырлы. Өзгетілді мәдени феномен ретінде меңгерту жүйесінде бірінші кезекте тәрбиелік, танымдық, дамытушылық әрекетке уәжділікті қолдану құралдары маңызды. Уәжділіктің жалпы құрылымында меңгерту әрекетін анықтайтын және оған қатынасын қалыптастыратын негізгі уәж маңызды болып табылады. Бұл танымдық уәжі, яғни оның негізін танымдық тұрақты талпыныс құрайды. Сөйлеуге меңгерудің нақты мақсатына жету үшін жеке уәждер әсерімен шешілетін жеке міндеттер жүзеге асыру керек. Тіл меңгерудегі танымдық уәждер былай таптастырылады: үйреніп жатқан тіліне деген қызығушылықты (тілдік құбылыстарды талдаудың уәжін қалыптастыруға мүмкіндік жасайды), тілді үйретудің мазмұнымен және формасы бойынша лингвистикалық ойлау қабілетінің дамуын; тілді ақпарат алмасу құралы ретінде қолдану мүмкіндігін, соның көмегімен білім алу, мәдениетті, тарихты зерттеу, үйреніп жатқан тілдің елі туралы және дамуын зерттеу, тіл үйренушінің білім деңгейінің кеңеюі танымдық әрекеттің қажетті құралы ретінде ойлау, қабылдау, түсіну және материалды меңгеру сияқты деген қатынасын қалыптастыратын уәждер.

Тілдесуге үйрету жеке тұлғалардың диалог арқылы қатынас түрінде өтеді, коммуникативтік оқыту кезіндегі инофонның жеке тұлғалық қасиетін есепке алу маңызды болмақ. Жоғарыда аталған факторлар есепке алынбаса тіл үйренушілердің сөйлеу әрекеті олардың шынайы сезімінен, ойынан, қызығушылықтан айырылады, яғни сөйлеу әрекетіне күш беруші көзі жоғалады. Әсіресе жекетұлғалық қасиетті есепке алу жағдаяттың коммуникативтік уәждемесінің пайда болуына әкеледі, яғни тіл үйренушінің шынайы тілдесуге қатысуын қамтамасыз етеді. Коммуникативтік уәждемені тудыруды қамтамасыз ететін жеке тұлғаның жеке қасиеттерінің көптүрінің бірі тіл үйренушінің жеке тұлға ретіндегі алты әдістемелік қасиеттер болып табылады. Олар: әрекет мәнмәтіні; жеке тәжірибесі; қалау, қызығушылық, бейімділік аялары; эмоциялы-сезімді аясы; әлемтану; топтағы тіл үйренушінің мәртебесі. Бұның бәрі тіл үйренушіні тіл үйренуге итермелейді.

Тілді меңгерудегі оның танымдық қызметіндегі жетістігі тілдік түсініктің қалыптасуына мүмкіндік жасайды; тілді меңгерудегі өзінің танымдық уәжін қанағаттандыру, онымен үздіксіз тұрақты жұмыс жасау, уәждемені қалыптастырады; тілді белгілі бір ақпарат алу үшін қолдану (журнал, газет, түсіндірме сөздік тағы басқа оқу) тіл үйренушінің танымдық қызметін арттырады, сонымен бірге тілді өзі тіл үйренушілердің жалпы танымдық қызметін күшейтеді, сондай-ақ, тілді үйрену уәжділігін жоғарылатады. Шет тілді меңгеру уәждемелігін зерттеушілер тіл үйренушілердің

жеке қажеттіліктерінің дамуын есепке ала отырып, уәждемелердің мынадай бірнеше түрін бөліп көрсетеді: 1) қарым-қатынасқа қажетті коммуникативтік уәждемелік; 2) тілдік құбылысты тануға негізделген линво-танымдық уәждемелік; 3) тіл үйренушінің эмоционалды қызығушылығы мен тақырыбына байланысты елтанымдық уәжділік. Ауызша сөйлеу сөйлеу әрекетінің бастапқы түрі болып табылады; тілді шет тілі ретінде меңгеруде елтанымдық сипаты маңызды болады. Бұның бәрі тіл меңгертуге «толық коммуникативтік-уәждемелік сипат» береді. Тіл үйренушінің шынайы мүмкіндіктері мен қызығушылықтары арасындағы байланыстылық жағымды уәждеменің қалыптасуына мүмкіндік жасайды. Тілді меңгеруге деген ынталылық тіл үйренушінің тіл үйренуге деген талпынысының көрсеткіші, яғни уәжділік. Уәжділіктің бір белгісі – стимул болатындығы. Оған сырттан ықпал ететін фактор – ұтымды ұйымдастырылған тілдік жағдаят. Адамның сөйлеуге мүдделілігін туғызуға тілдік жағдаят ықпал етсе, тілдік әрекет жасауға түрткі – ынта болып табылады.

Тіл үйренушілердің тілдік қатынас барысында әлеуметтену мүмкіндігіне себеп болатын тіл меңгерудің мынадай уәждері анықталды:

1) тілдік қатынас жасауға үйрететін тілдік жағдаятты табиғи жағдаймен үйлестіріп, тартымдылығын арттыру – қызықтыру.

2) тіл үйренушілерді қызығушылық байқататындай тақырыптар мен тапсырмалар арқылы тілдік қатынас жасауға бағыттау – ықыластандыру.

3) тіл үйренушінің тілдік қатынас жасауды меңгеру нәтижесінде қоғамдық ортаға ену мүддесін қолдау – ниеттендіру.

Бұл ұсынылған уәждердің диалог құрып, тілдік жағдаят жасау арқылы қазақ тілін екінші немесе шет тілі ретінде барлық деңгей барысында тіл үйренушіге меңгерту үшін тиімді деп танылып отыруының себебі: келешектен үміт күткен әр адамның болмысында басқалармен араласуға деген ұмтылыс, тілдік қатынасқа түсу арқылы тіл табысуға деген қажеттілік, өмірде өз орнын иемденуге деген ниет жатады. Жүйелілік талабымен іріктелген тіл меңгерудегі диалогтардың игерілуі барысында сөйлесім әрекеттері толық қамтылады. Олардың әрқайсысы бойынша тапсырмаларды орындау үшін тіл үйренушілер тек мазмұндық жағынан емес, ұйымдастырылу тұрпатына да қызығушылық байқатады, бұл олардың тілдік қатынасты меңгеруге деген ынтасын арттырады.

Психологиялық қажеттілікті қолдайтын авторлар дәлелдемесі бойынша қарым-қатынас жасау құрылымында негізгі үш құрамдас бөлікке назар аударылады. Олар: 1) аффективтік (эмоционалдык), 2) когнитивтік (танымдық), 3) конотивтік (мінез-құлықтық) іс-әрекеттік. Осы мазмұндық және мінез-құлықтық әсерді ескеру тілдік қатынастың нәтижелілігіне ықпал ететіні дәлелденді. Тілдік қатынасқа түсу үшін диалогтардың, тілдік жағдаяттың тіл үйренуші үшін қызығушылық тудыратындай, аффективті формада ұйымдастырылғаны дұрыс. Ал тілді меңгеруге байланысты диалогтардың мазмұндық іріктеуден өткізу талаптарының ішінде тіл үйренушінің қабылдау деңгейіне сай келуі мен өмірлік қажеттілігін өтеуі басты назарға алынады. Бұл когнитивтік әсер ету мүмкіндігіне сай келеді. Осы аталған қарым-қатынас жасау құрылымының екі аспектісі дұрыс сақталған жағдайда ғана қатынас нәтижесі тиімді болып, болашақта да тіл үйренуші өз еркімен, өмірде кездескен жағдайға байланысты тілдесімді жүзеге асырады.

Қарастырылып отырған жұмыстағы тіл меңгерудегі уәждеме мәселесі бұл елтанымдық элементтерді диалогтармен нәтижелі байланыстыруға әкеледі, яғни ол тек қана коммуникативтік құрал ретінде ғана қатыспайды, сонымен бірге тіл үйренуші жаңа әрекетпен таныстырады. Мұндай тілді меңгеруді талдау тек қана практикалық, жалпы білім беру, дамитын және тәрбиелік міндеттерді шешіп қоймайды, сондай-ақ одан ары тіл меңгеруде диалогтар уәждемесін қолдану мен тудыру мүмкіндіктерін жасайды. Мұнда негізгі міндет – тіл иесінің және оның сөйлеу әрекетінің жүзеге асу ортасы – ел мәдениетінің ерекшелігін көрсететін тілдік бірліктерді диалогтарды меңгерту. Бұл үшін негізгі база тілді меңгерту тәжірибесіне диалогтар арқылы елтанымдық білімдер базасы кеңінен енгізілуі керек.

Елтанымдық бағыттағы диалогтарды біртіндеп, бірізділікпен кеңейту тілді меңгеруді күшейтуге жол ашады. Бұл міндеттерді нәтижелі және логикалық шешуге, аялық білімді кеңейтуге және тілді меңгерудің уәждемелік аспектісін күшейтуге мүмкіндік жасайды. Тілді меңгеру тәжірибесі тіл үйренушілердің тарихқа, мәдениетке өнерге, дәстүрге, ұлттың салтына, халықтың күнделікті өміріне қызығушылықтары уәждемені құрайтынын көрсетеді. Тілді меңгерту жүйесі алдында тіл үйренушілерді мәдени, мамандаған және жеке тіл иесі ретіндегі елдің өкілдерімен, басқа әлеуметтік дәстүрмен, қоғамдық және тілдік мәдениетпен қатынас жасауға дайындау міндеті тұрады. Тілді меңгеруде диалогтарды елтанымдық бағытта қолдану тіл меңгеру үдерісін уәждейтін жағдай жасайды, сондай-ақ тіл үйренушілердің танымдық әрекетінің аясын кеңейтуге және тереңдетуге мүмкіндік тудырады.

Әдебиеттер

1. Леонтьев А.А. Психолингвистические единицы и порождение речевого высказывания. -М., 1969. -307с.
2. Зимняя И.А. Психологические аспекты обучения говорению на иностранном языке. –М.: «Просвещение». 1985. - 159с.
3. Кучинский Г.М. Психологический анализ содержания диалога при совместном решении мыслительной задачи // Проблемы общения в психологии. –М., «Наука». 1981.
4. Ломов Б.Ф. Общение как проблема общей психологии // Методологические проблемы социальной психологии. – М., «Наука».1975.
5. Петровский А.В. Личность. Деятельность. Коллектив. – М.: «Политиздат». 1982. -255с.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Сапаева Г.Е., Тілеужанова Г.Т., Тастемирова Г.А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Еліміздегі дүбірлі өзгерістер мен қайта жаңғырулар білім беру жүйесіне айтулы реформалар мен жаңа мақсаттар әкелді. Білім стандартының жасалынуы, төл оқулықтарымыздың жазылып жатуы, оқу орындары мен білім ордаларын жаппай компьютерлендіру, инновациялық технологиядан іздену, білім мазмұнын байыту, әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатындағы жұмыстар сол өзгерістің куәсі. Белсенді, жан-жақты дамыған, өзіне сенетін, кез келген жағдайлардан жол таба алатын, өз пікірін ұсына және қорғай алатын, шығармашыл жеке тұлға қалыптастыру, жас ұрпақтың дарынын, таланттын ашу, еліміздегі білім беру жүйесінің маңызды талаптары мен міндеттеріне айналды. Қазіргі уақытта жаңа технология туралы көп айтылып жатыр. Кейбір оқу орындары электрондық кітаптар мен қашықтан оқытуды енгізіп, білім берудің көшін ілгерілетуде. Бірақ оның барлығы ұстаз шеберлігінсіз жүзеге аспайтыны мәлім.

Білім сапасының артуы ұстаздың жаңа технологияларды шебер қолдануымен тығыз байланысты екені дәлелденіп отыр. Жаңа педагогикалық технология – жаңа оқыту амалдары мен іс-әрекеттерінен ізденуді талап ететін, яғни, білім мен тәрбие берудегі ғылымның нәтижеге қол жеткізіп, жаңа ізденістерді ұтымды пайдалану арқылы жоғары көрсеткіштерге жету дегенді білдіретін ұғым. Әдіскерлер бүгінде қолданылып жүрген мынандай технологияларды атап көрсетеді: Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов және Л.В. Занковтың «Дамыта оқыту» технологиясы, В.К. Дьяченконың «Ұжымдық оқыту тәсілі», «Оқу мен жазуда сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары», «Оқытудың коммуникативтік әдісі»; М.М. Жанпейісованың «Модульдеп оқыту технологиясы», Ж.А. Қараевтың, Ә. Жүнісбектің және басқа да көптеген ғалымдардың технологиялары белсенді түрде қолданылуда.

Өзге тілді дәрісханаларда қазақ тілін оқытуда пайдаланылатын маңызды технологиялардың бірі - коммуникативтік технология болып табылады. Бұл технология өзінің тиімділігін іс жүзінде дәлелдеп, көптеген ұстаздардың тәжірибесінен орын алды. Коммуникативтік технологияда тілдік қарым-қатынас алдыңғы орынға шығарылады да, басқа жұмыстар осы бағдарға бағытталады, себебі технологияның негізгі міндеті тіл үйренушінің ауызша тілін жетілдіру, сөздік қорын молайту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс оқып, айта білуге, сауатты жазуға, бір-бірімен сөйлесе білуге дағдыландыру, ойын қазақша жеткізе алатындай дәрежеге жеткізу. Берілген технологияны ұтымды пайдалану-басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету барысында жемісті нәтижелер бере алады.

«Дамыта оқыту» технологиясы тікелей тіл үйренушіні (субъекті, объекті) жан-жақты дамыта отырып (жеке басын, дүниетанымын, ойлауы, темпі) оқытуға негізделеді. Дамыта оқыту технологиясының мақсаттары:

- тіл үйренуші субъекті, яғни, ол өзін-өзі дамыта алады, жетілдіреді, тәрбиелей алады.
- тіл үйренушінің қабілетін, дарынын дамытуға ықпал жасайды (іскерлігі, машығын дамыту емес)

– Білім дайын күйінде ұсынылмайды, тіл үйренуші тек қана тыңдаушы, ұстаз-ақпарат беруші ғана емес, керісінше тіл үйренуші -зерттеуші, ізденуші, жаңалық ашушы. Олардың дағды, іскерлігі белгілі бір мәселе болады, сөйтіп жағдаятты шешу арқылы қалыптасады.

Дамыта оқытудағы басты іс-әрекет – диалог, пікірлесу, пікірталас. Ұстаздың қызметі – диалогті ұйымдастырушы, бағыт беруші, тіл үйренушінің іс-әрекетін, ынтымақтастығын бір бағыт, бір мақсатқа бағыттаушы. Аталған технологияның басты принциптерінің бірі – жаңадан тіл үйреніп жатқан тыңдаушы үшін тілді қолдану дағдыларын дамыту. Демек, білім беру саласында, оның ішінде қазақ тілін меңгертуде, бұл технологияның рөлі зор.

Модульдік оқыту технологиясы – әлемдік және отандық тәжірибеде танылған технология. Бұл технологияда бірінші орынға тыңдаушы тұлғасы, оның ой жұмысының дамуы, шығармашылықпен ойлауы қойылады. Модульдік оқытуда әр тыңдаушы (шетел азаматы) өзінің немен және қалай шұғылдануы тиіс, сабақ барысында не істеуі керек екенін анық біледі және оған қатысты керек материалдарымен, тәсілдермен міндетті түрде қамтамасыз етіліп отырады. Топта болса бірін-бірі тексеру, бағалау еркіндігі беріледі. Бұл технология тіл үйренуші тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуда, танымдық процестерді жетілдіруде, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруда, белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін ұстартуда негіз болады.

Ж. Қараевтың деңгейлеп оқыту технологиясы тіл үйренушіні білім дәрежесіне сай тапсырмалармен қамтамасыз ету арқылы оқыту әдісі болып табылады. Бұл технологияның ерекшелігі сабақ үрдісінде тыңдаушылардың бірнеше деңгейде жұмыс істеуінде. Дәлірек айтқанда, тіл үйренуші өзінің мүмкіндігі мен қабілетіне сәйкес сатылы жұмыстар жүйесін орындайды. Тыңдаушыларды деңгейлеп оқытудың маңызы зор, себебі оқу іс-әрекеті әр тіл үйренушіні өздігінен оқып-үйренуге, шығармашылықпен белсенді айналысуға баулиды, өткен грамматикалық, лексикалық тақырыптарды жүйелі игеруге дағдыландырады және оқу-танымдық құзіреттілігін қалыптастырады. Сондай-ақ қазақ тілі сабақтарында слайдтар қолдану, мультимедиялық проекторды мүмкіншілігіне қарай пайдаланып өткізу шетел азаматтарының қазақ тілі сабағына деген қызығушылығын оятып, тақырып бойынша танымын кеңейтеді, білім сапасы да арта түседі. Аталған озық технологиялар еліміздегі өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді жетік меңгертуге болатыны айқын көрсетеді.

PROBLEMS IN TEACHING READING

Sirgebayeva S., Kydyrbay K., Kyrykbayeva Zh.
Kazakh national agricultural university

Reading skills formation is one of the main tasks in the process of teaching a foreign language, it is especially of great importance in the three language instruction schools. As we know understanding a written text means extracting the required information from it as efficiently as possible. Different reading strategies are applied to have the better result. Reading is an active skill; it constantly involves guessing, predicting, checking and asking oneself questions.

Language comparative analysis on the morphological and syntactical levels may be the tool for prognosis and predicting the mistakes which arise due to the language interference of the three languages (Kazakh, Russian and English). The author [1,70] understands the likeness as the basics for understanding and the differences as the possible interference in the above mentioned levels.

O.N. Ivanova, U.K. Yusupov [1,70; 2,36] suggest the lingua comparative analysis which is based on the following principles:

- 1) simplicity principles
- 2) synchronical principle.

As an example we can mention the brief typology of difficulties experiencing by the Kazakh pupils in the morphological and syntactical levels while teaching reading which is based on the lingua comparative analysis of the three languages.

The main difficulty of the morphological level is the absence of some phenomena in the native language.

1. In the very beginning of learning English the pupils face one of the main difficulties – the absence of articles and grammar category of the general and private in the Turkish languages which are expressed by special service words. The difficulty is not only in the practical using of the article in their utterances. It is also necessary to form a special coincidence in the concepts of definite and indefinite which are differently expressed in the native and foreign languages.

2. Different types of word formation in the compared languages are the source of the numerous mistakes of the students. They experience difficulties in defining the parts of speech using the word-formation affixes.

3. The endings *-s*, *-es* are homonymous, and this prevents the students from the semantization of the word meanings while translating.

4. The absence of the cases produces a lot of difficulties for the English language learners where the word order and the system of prepositions play the leading role.

5. The Turkish languages lack such phenomenon as the vowel changing or the whole word

changing while changing the non-standard verbs. It is quite strange for these languages where the root is never changed and the verb changing system is formed by gluing the affixes. Only a special system of exercises may help to overcome the difficulties, to develop the skills of identifying the English non-standard verbs in speech.

6. The Gerund performs complex functions in a sentence. The Gerund is homonymous

because the stem of the verb with the *-ing-* ending may also be a participle, and the verbal noun; these formations are completely strange for the Turkish languages. So, the Gerund is one of the most difficult for schools with the Turkish instructive language.

There are some similarities on the morphological level which may be used as basics. Both

English and Kazakh lack the grammatical category of gender, and this general characteristics doesn't need any additional exercises to overcome these difficulties.

As N.O. Ivanova mentions [1,71] the adjective usage doesn't produce any difficulties with the Turkish language students. Here we can have a native language as a support.

The sentence structure is formed differently in three languages – Kazakh, Russian, and English, so the ability to master the sentence as a grammatically formed instruction unit is a very serious problem for the schools with the Kazakh language of instruction. Though the word order in the compared languages operates the same functions there is still a great difference between them. Mentions that the word order in the Turkish languages mainly performs the stylistic function, but in English it performs the semantic-syntactical function". This is the consequence of the morphological structure of both of these languages. As it is known the English language which has lost its rich reflective forms, the word-order mainly expresses the objective-subjective relations.

In the Turkish languages which are rich of the morphological means the syntactical ties between the parts of the sentence are mainly performed by the formal indices; in this connection the word-order in the given language family first of all has got a meaning of a stylistic device.

The following are the main difficulties which the students of the three lingua school, whose native language is Kazakh, come across on the syntactical level while reading an English sentence:

1) The Kazakh students often acquire a word in the end of the sentence as a predicate, because they transform the native language norms into the studied language. A special attention should be paid to the ability of the students to place the verb-predicate in the right place in the English sentence.

2) The students experience difficulties to determine the definite and indefinite category which are expressed by the articles *a* and *the* while translating an English sentence.

3) While reading the English sentences containing prepositions the Kazakh students experience difficulties because there are no prepositions in the Kazakh language.

4) The students of the high school with the three lingua instruction experience difficulties while reading the sentences containing participles, gerunds, infinitive constructions, complex objects, complex subjects, absolute nominative participle construction, because the above mentioned syntactical complexes are differently expressed in the Kazakh and Russian languages.

In [1,72] N.O. Ivanova suggests the usage of exercises aiming to overcome morphological syntactical interference while reading texts in the English language. The exercises were based on the results of the lingua comparative analysis which produced the revealing of the similarities and divergences. She thinks that "lingua comparative analysis and three language exercises permit to overcome the inter language interference on the morphological and syntactical levels. So, there is a great necessity to form the skills and habits of scanning, searching, studying, and informative types of reading in the English language with the students of the high school basic level in the three languages functioning conditions.

So, the author [1,72] revealed some specific difficulties of teaching different types of the reading process – scanning, searching, studying, and informative. They are as follows:

- in the frames of scanning, searching, studying, and informative reading the students experience difficulties in defining the style, genre, type and structural- compositional characteristics of the text;

- in the frames of studying reading the students experience difficulties in guessing the meanings of the unknown words according to the context, in fully and exactly understanding the text meaning, in determining the value of the information, in disclosing the cause-consequence connections, in revealing the implicit information;

- in the frames of informative reading the students experience difficulties in understanding the general content, main idea, meaning; they fail to distinguish the primary information from the secondary, factual from the hypothetical, to state the logical /chronological connection of the facts and events, to classify / group information according to some characteristics.

The 'loop learning' technology was chosen by [4] as one of the main possible ways to overcome such difficulties, as lack of time, different level of mastering a foreign language while teaching reading in the high school. The technology provides all possibilities for formation and development of the general and specific skills of scanning / searching, studying and informative reading in the English language. The main idea of the technology may be understood with such concept as 'discourse understanding' [1,72]. 'Discourse understanding' is a complex many-folded process of the logical thinking.

References

1. Иванова О.Н. Обучение чтению на английском языке учащихся 10-11 классов в условиях триязычия (базовый уровень) // Иностранные языки в школе. – 2008. – № 5. – С.70-76.
2. Юсупов У.К. Проблемы сопоставительной лингвистики. – Ташкент: Фан, 1980. – 136с.
3. Walker, C. (1998) [Review of the book Teaching reading skills in a foreign language] ELT Journal, 58, 169-173.
4. Иванов Д.В. Об основах аналитического чтения // Ученые записки МОПИ, Т. ХІХ, вып.4. – 1959.

МӘТІН АРҚЫЛЫ ТІЛДІ ДАМЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Тастемирова Г.А., Тилеужанова Г.Т., Сапаева Г.Е.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қазақстанның 1000 ауған азаматын оқытуға арналған білім беру бағдарламасы негізінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті 2010 жылдан бері ауған азаматтарын оқытып келеді. Дайындық факультетінде ауған тыңдаушыларына алғашқы алты апта бойы 36 сағаттан қазақ тілі сабағы болады. Яғни, қазақ тілі сабағы аптасына 6 күн 6 сағаттан жүргізіледі. Ауған тыңдаушыларымен түсінісетін ортақ, дәнекер тіл болмағандықтан, сабақ барысында біз тек ана тілімізде сөйлейміз.

Ауған топтарында қазақ тілін оқытудағы басты мақсатымыз – тыңдаушылардың сөздік қорын молайту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс оқып айта білуге, берілген мәтінді қысқаша әңгімелеп беруге дағдыландыру, ойын қазақша жеткізе алатындай дәрежеге жеткізу.

Мәтін – негізгі қарым-қатынас бірлігі, ал мәтінмен жұмыс істеу – қарым-қатынас жасауға үйренудің құралы. Мәтінді оқудың негізгі міндеттері – дұрыс түсініп, жылдам әрі мәнерлеп оқу. Сонымен қатар дайындық курсты аяқтаған соң таңдаған мамандығына сәйкес жоғары оқу орындарында оқуын жалғастыратын және конспект жаза алу деңгейге жеткізу.

Дұрыс оқу дегеніміз – әрбір әріпті, буынды, сөзді бұрмаламай, сөздің соңғы буынын «жұтып қоймай», анық оқу, әрбір сөзге екпінді дұрыс түсіру. Ал түсініп оқу – тіл үйренуде қажетті әдіс. Оқушы сөзді, сөйлемді, тұтас мәтінді түсініп оқымаса, ол жай механикалық түрде іс болып, тыңдаушы сөз де, тіл де үйрене алмайды. Қазақ тілін үйреніп келе жатқан ауған тыңдаушылары үшін, 2-семестрде «ежелеп» буынға бөліп тұрмай, орташа екпінмен оқу қажет. Мәнерлеп оқу – дауыс екпінін дұрыс түсіріп, анық және түсініп оқу, яғни тыңдаушы әрбір сөзді анық айтып, тиісті тыныс белгілеріне тоқтап, басқа біреудің сөзін оқығанда дауысты өзгертіп, сөзді анық, бұрмаламай оқиды. Мәтінді оқығанда дұрыс, түсініп, жылдам, мәнерлеп оқу жеке-жеке қолданылатын әдістер емес, қайта олар бір-бірімен тығыз байланыста, бірлікте болады. Мәтінді түсініп оқыған тыңдаушы дұрыс та, жылдам да, мәнерлеп те оқи алады. Кезекті жұмыс мәтін бойынша сұрақтарды қоя білу және сұрақтарға дұрыс жауап беруді игеруде де тыңдаушыға меңгертетіндей түрлі әдістер көп. Мәтін – сөйлеу үдерісінің жемісі.

Мысалы, бір тыңдаушы тақтадағы сұрақтарды оқып аударса, екіншісі оған жауап сөйлемді осы әдіспен жалғастырады. Осылайша берілген сұрақ-жауапты әрі оқып, әрі аударып түсініп алған соң, келесі тыңдаушы сұрақ -жауапты аудармай-ақ оқып шығуына болады. Тақтадағы жаңа сөзді, сұрақ-жауапты бірнеше тыңдаушы оқып шыққан соң, кейбір сөздерді, сөйлемдерді хормен оқытуға болады. Мәтінмен байланысты тіл дамыту жұмыстарының бір саласы – жатқа айта білуге үйрету. Жатқа тек өлең ғана емес, сонымен бірге мәтіннің аты, оның ішіндегі жаңа сөздер, сөз тіркестері, кейбір сөйлемдер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, грамматикалық анықтамалар алынады. Мұғалім сабақ сайын қадағалап тыңдаушыға жатқа айтуға тапсырманы үнемі беріп отырады. Мысалы, ауған тыңдаушыларға 1 семестрде төмендегі үлгіде мәтіндер беріліп жатқа айтуға дағдыландыру.

«Менің университетім. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстандағы ең үздік университеттің бірі. Университетте 14 факультет бар. ҚазҰУ қалашығында үлкен әл-Фараби

кітапханасы, Студенттер сарайы, әкімшілік ғимараты, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, спорт кешендері орналасқан. Орталықта студенттерге арналған футбол алаңы бар».

«Менің факультетім. Мен қазір университеттің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде оқимын. Факультетіміз Масанчи көшесінде орналасқан. Біздің факультетте 20 мемлекеттен келген студенттер қазақ және орыс тілдерін үйренеді».

«Менің бос уақытым. Мен сабақтан бос уақытта кітап оқимын. Ал демалыс күндері Алматыны аралаймын. Алматының түзу көшелері мен көкпеңбек ағаштары қалаға көрік беріп тұрады. Маған әсіресе Көктөбе мен Медеу мұз айдыны және Президент саябағы ұнайды».

«Менің досым. Мен өткен жексенбіде Әйгерім деген қызбен таныстым. Ол Алматы технологиялық университетінде оқиды. Әйгеріммен қазақ, ағылшын тілдерінде сөйлесеміз. Ол менен Ауғанстан жайлы сұрайды. Мен Әйгеріммен танысқанымға қуаныштымын. Ол –өте әдепті, сүйкімді қыз».

«Алматы қаласы. Мен қазір Алматы қаласында тұрамын. Университетте оқимын. Алматы қаласы маған өте ұнайды. Себебі табиғаты тамаша. Қалада ағаштар өте көп. Көшелердің бойындағы ағаштар мен биік ғимараттар қалаға ерекше көрік береді».

Жексенбі күні. Мен жексенбі күндері базарға барамын. «Никольский» базары біздің жатақханаға жақын орналасқан. Базар онша үлкен емес. Базардан жеміс, көкөніс, ет, жұмыртқа, азық-түлік сатып аламын. Жеміс-жидектер өте қымбат.

«Жатақханада. Біз жатақханада тұрамыз. Жатақханаға жөндеу жасалған, өте таза. Әр қабатта асхана бар. Тамақты сонда дайындаймыз. Асхананы, бөлмемізді күнде кезекпен тазалаймыз. Жатақханаға рұқсатсыз ешкімді кіргізбейді».

«Менің тобым. Мен 5-топта оқимын. Біз бәріміз Ауғанстаннан келдік. Біздің топта бес ұл, төрт қыз бар. Тобымыздағы барлық тыңдаушылар жақсы оқиды. Күнде кешке математикадан есептер шығарамыз. Себебі біздің таңдаған мамандығымыз – инженер. Сондықтан математикадан көп дайындалу керек.

«Демалыс күндері. Біз демалыс күндері түске дейін ұйықтаймыз. Ұйқыдан тұрған соң, тамақ пісіреміз. Тамақтанып алғаннан кейін қаланы аралауға барамыз. Бізге Алматы қаласы өте ұнайды. Қалада көрікті жерлер өте көп».

«Саяхатта. Күзде «Түйеқұс» фермасы саяхатқа бардық. Фермада үлкен түйеқұстар мен бұғыларды көрдік. Түйеқұстың жұмыртқалары үлкен екен. Біз түйеқұспен жүгіріп жарысып ойнадық. Саяхатқа автобуспен бардық. Автобуста ән айттық. Саяхатымыз көңілді өтті».

«Есік көліне саяхат. Біз қазан айында Есік көліне саяхатқа бардық. Таудың басында орналасқан көлдің суы тұнық, өте әдемі. Көлдің жағалауында көкпеңбек ағаштар, үлкен тастар бар. Жазық жерге футбол ойнадық. Бәріміз суретке түсіп, жақсы демалдық».

«Менің Отаным – Ауғанстан. Қазақстанға келгелі үш ай өтті. Қазір біз қазақша түсінеміз, аздап сөйлей аламыз. Қазақ халқы мейірімді, қонақжай. Бірақ мен Ауғанстанды сағынамын. Болашақта Ауғанстанның қалалары да Алматы сияқты әдемі, көрікті қала болуын армандаймын. Қазақстанда білім алғаннан кейін елімнің дамуына үлес қосқым келеді. Себебі менің отаным-Ауғанстан».

Осындай шағын, түсінікті мәтіндерді жатқа айту арқылы тыңдаушының тілі ширайды, сөз қоры молаяды, сөзді, сөз тіркестерін, сөйлемді бірнеше рет қайталау арқылы қазақ тілінде дұрыс сөйлеп, қатесіз жазуды, сөздерге екпінді дұрыс түсіруді үйренеді.

Оқушылардың ойлау қабілетін арттыруға, сөйлеу шеберлігін қалыптастыруға, адами ізгі, эстетикалық тәрбие беруге, әдеби және тарихи деректерді түсінуге көмектеседі.

Мәтін тыңдаушыларға тілді меңгеру деңгейіне, біліміне лайықталынып алынуы керек. Мәтін тілі жеңіл, мазмұны тыңдаушыны қызықтыратындай тартымды болуы қажет.

Ауған топтарында мәтін бес түрлі қызмет атқарады.

- 1) Мәтін тыңдаушыға білім береді.
- 2) Оқуға үйрету құралы.
- 3) Тыңдаушының ойын дамытады.
- 4) Тәрбиелік міндеттерді шешеді.
- 5) Тыңдаушылардың тіл байлықтарын дамытады.

Мәтінмен жұмыс істеу мынадай кезеңдерге бөлінеді:

1. Мәтінді оқығанға дейінгі жұмыс.

2. Мәтінмен жұмыс кезеңі.
3. Мәтінді оқығаннан кейінгі кезең.

Мәтін алдындағы жаттығулар мен соған сәйкес жұмыс түрлері мынадай бағытта жүргізіледі: тілдік тұлға мен сөйлем үлгілерін мәтінде танып, айыра білу және әртүрлі құрылымдық материалдарды (сөзжасам элементтері, етістіктің жақ, шақ түрлері т.б.) менгерту.

Келесі мәтінмен жұмыс кезеңі. Бұл кезеңде мәтіннің тілдік материалы мен құрылымы орындалады. Мәтін ішінен қажет мәліметті бөліп алу, айыра білуге машықтандыру жаттығуларын әртүрлі тәсілмен орындау.

Мәтінмен жұмыс былайша ұйымдастырылады: оқығанның мазмұнын айту, мәтін бойынша сұраққа жауап беру, жоспар жасату, бірнеше бөлімге бөліп оқыту, негізгі жанама ойды таптыру, қорытынды жасату.

Шартты түрде алып отырған үшінші кезеңде мәтінді оқып, түсініп, негізгі ойды қазақ тілінде жеткізе білу.

Мәтінді оқығаннан кейінгі жұмыстар:

1. Сөздік жұмыстар.
2. Сөйлем құру.
3. Аударма.
4. Мәтінге сұрақтар қою.
5. Диалог, жағдаят құру.

Сонымен қатар мәтінді оқытудың мынадай түрлерін сабақ үстінде қолдану оқытушының жұмыстары үшін өте пайдалы:

1. Дауыстап оқыту арқылы – тыңдаушының сөйлеу элементерін меңгергендерін байқауға болады, тағы да бір тиімділігі – тыңдаушылар бірінің қатесін бірі естіп және түзетіп отырады.

2. Іштей оқу – бұл жұмыстың мақсаты тыңдаушылардың шапшаң оқу дәрежесін анықтау. Мысалы: тыңдаушыларға іштей шапшаң оқу үшін бір мәтін беріліп, қай жерге дейін оқу керектігін белгіленеді. Әркім белгілеген жерге келгенде кітаптарын жауып, бітіргенін байқатады. Осылайша оқушылардың оқу шапшаңдықтарының мөлшерін мұғалім өзі белгілеп отырады.

Қорыта келе, тыңдаушының құзырлылығы коммуникативтік оқыту технологиясы арқылы дамиды. Оның ішінде мәтінмен жұмыс арқылы танымдылық қабілеттері, танымдық үдерістері дамып, сөздік қоры молаяды, оқытуда жағымды әрекет қалыптасады.

Оқытушының басты мақсаты – тыңдаушының қазақ тілін меңгеріп, өз таңдаған мамандығы бойынша оқу орнында оқуын жалғастыра білу.

Әдебиеттер

1. Балтабаева В.Қ. Мәтін арқылы оқушылардың сөйлеу және ойлау қабілетін арттыру. Мәтіндер мен тапсырмалар жинағы.
2. Токжігітова Д.К. Әдістемелік нұсқау. 9-сынып оқушыларына қазақ тілінен арналған мәтіндер жинағы.

СӨЙЛЕУ ТІЛДІҢ ОРЫНДЫЛЫҒЫ МЕН ТАЗАЛЫҒЫ

Татиева С.С., Бөлекбаева Н.И., Қазезова А.М.

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ

Сөз мәнерлігі дегеніміз – сөйлеушінің немесе жазушының қызықтыра білуі сөзін ұғындыра алу қабілеті. Сөздің мәнерлілік қасиетін бойына сіңіре білген адам, шешендік өнердің өкілі деп саналуға лайық.

Профессор Б. Головин сөздің мәнерлілігінің бірнеше шартын сенімді дәлелдеп көрсетеді. Осы шарттар орындалғанда, ойды барынша шешен жеткізудің мүмкіндігі туады. Ол шарттар мыналар : ойлаудың, сөйлеушінің, сана қызметінің дербестігі; не туралы айтып тұрғанына және ол сөздің кімге бағытталып, арналып тұрғанына назар аудару; сөздің мәнерлілік құрамдарын жақсы білу; тілдегі функциональдық стильдерді бір – бірінен айқын ажырата білу; тілдік дағдыларда қолдануда тәжірибе жасап отыру; жаттығу ісі; мәнерлілікті сақтау үшін психологиялық қажетті жағдайларда жасау ; сөйшеушінің не жазушының өзінің мәнерлілікті қамтамасыз ететін құралдарды игере білуі де, осы шарттардың барлығы бір жерден шығып, біріккенде ғана,сөздің мәнерлілігінің күш – қуаты , қолданудың қолайлылығына көз жеткізуге болады.

Осы жайларды аз да болса талдай кетудің орайы келіп тұр!

Ойлаудың дербестігі дейтініміз – әр адамның болмысты қабылдау қабілетіне байланысты ұғым екені белгілі. Ал, сөздің мәнерлі болуы көп жағдайда ойлауға және сол ойлаудың өзіндік ерекшелігіне байланысты. Айталық, қай реттерде қайсыбір студенттердің сынақ кезінде жауаптары талап деңгейінен төмен болып жатады. Оның басты себебі – өтілген материалды толық игеруге алмайды да емтихан алдында асығыс оқудың нәтижесінде сол теориялық материалды ой елегінен өткізіп, жан – жақты талдауына уақыттың тарлық ететіні бар. Соның салдарынан сол оқулықтағы тарау немесе параграфтың аумағында түсінетін баяндаумен шектеледі. Соның өзінде әр алуан мысалмен келтіруге де мүмкіндігі болмай жатады. Демек, студент материалды толық немесе жан – жақты игерген болса, еркін, батыл сөйлей алар еді. Ол ойлау өрісінің кеңдігінен туып жататыны да түсінікті.

Екінші шарт бойынша қандай текст болса да саналы түрде құрылғаны жөн. Былайша айтқанда, сөйлеуші алдын – ала не жайында сөйлем екенін және кімдерге арнап сөйлейтінін мұқият ойластыруы керек және мәтін де соған лайық құрастырылады. Мәселен, мектеп жасындағы шәкірттерге арналған дәріс пен жоғары білімді ғалымдардың алдында оқылатын дәріс бірдей еместігі сияқты. Әңгіме олардың мазмұнында ғана емес, сол мәтіндерді қандай тілдік құралдармен жеткізу керектігінде болып отыр.

Сол сияқты, әйтеуір, міндеттен құтылуды мақсат етіп, дайын мәтінді оқып шығу немесе алдын – ала жаттап алған мәтінді қайталап берумен тілдің мәнерлілігіне қол жеткізу қиын. Сондай – ақ тілдің мәнерлілігін көрсететін тәсілдер лексикамен, фразеологиямен шектеліп қоймайды, қажетті жерінде сөз тіркесіндегі сөздердің алмасуы, құрмалас сөйлемдердің құрамдас бөліктерін алмастыру, интонация, тіпті оқшау сөздер сөйлемнің мүшелері де мәнерлік жасауға қызмет етеді.

Тілдің мәнерлілігін сақтау үшін функционалдық стильдердің ерекшеліктерін есте ұстау өте қажет, өйткені әр стильде мәнерлілікті тудырудың тәсілдері әр түрлі. Ондай аражікті айыра алмаған жағдайда бір стильге мәнерлілік тудыру тәсілдерін екінші стильге мұндай тәсілдермен шатастырып алу қаупі туады да, сөйлеушінің салқын қанды сөз күлкіге айналып кетуіде мүмкін. Демек сөздің мәнерлілігі болуын қадалаған адам ерінбей еңбектеніп ізденуі керек. Бұл және аз күндік емес, дағдыға айналған еңбек болуға тиіс. Дәлірек айтқанда, сөздің мәнерлі болуын мақсат еткен әр адам көркем, саяси әдебиетті, баспа сөз материалдарын үзбей оқып, радио және теле хабарлардың үздіксіз тыңдап отырғаны жөн.

Мәнерліліктің соңғы шарты бойынша сөйлеушінің немесе жазушының өз мүмкіндігі ескерілуі керек, яғни көп алдында сөйлейтін немесе көпшілікке арнап еңбек жазатын адамның өзінің мәнерлілікті түсініп бағалайтын қасиеті болуы қажет. Оның үстіне, оның өзінің мәнерлілікке қойлатын шарттардың орындалатындай мүмкіндігі, бар болса таланты керек деп есептеледі. Өзінің болмысында мәнерліліктің шарттарын орындайтын белгісі жоқ. Адамның мәнерлэ сөйлеу немесе жазуы күдік тудырады. Ендеше, бұлда қажетті шарттардың бірі болмақ.

Сөздің дәлдігі немесе айқындығы дегеніміз – сөздің реальды шындықтағы заттармен құбылыстардың атауларына барынша дәлме – дәл келуі.

Сөздің дәлдігі, бір қарағанда, сөздің дұрыстығына ұқсас көрінеді. Айталық, бір адам екіншісінің қал– жағдайын сұрағанда «жаман емес» деген жауап алуы әбден мүмкін. Бұл жауап– сөз дұрыстығы тұрғысынан сай келеді. Өйткені олар – әдеби тіл нормасына сәйкес айтылып тұр және дағдыда оны айтуға үйреніп қалғанбыз. Объективті баға беру ыңғайында әлі «жаман емес» –тің не орташа, не жақсы, не өте жақсы екендіктерінің біреуін дәлелдесек, сөлеу мәдениетіндегі дәлдікті, айқындықты пайдаланамыз.

Сөздің дәлдігі қай халықтың, ұлттың қалыптасқан дағдысында шығып жатады. Тек атаулар мен қимыл-әрекетке байланыстығына емес, сөз мағынасында әсіресе ғылыми зерттеу сөйлегенде зор мағынаға ие болады.

Сөздің тазалығы дегеніміз – сөйлеушінің немесе жазушының әдеби тіл нормасын сақтауымен бірге, ана тілінің мүмкіндігін пайдалана білу.

Тіл тазалығының да тілдің дұрыстығына ұқсаса жерлері кездеседі, тіл мәдениетінің ең басты коммуникативтік сапаларының бірі болғандықтан сөздің тазалығына ерекше мән беріледі.

Дәлірек айтқанда, сөзді қолданғанда баламасы бар сөздердің әдеби тілге қатысты бірде-бір ұғынықты ана тілінің тазалығын танытатын сөзді таңдай білу керек. Оларға мәселен, ана тіліндегі балмасы бола тұра, басқа тілдерден енген сөздерді талғамсыз қолдану, мамандыққа байланысты шағын ортада кездесетін сөздер.

Тіл тазалығына кедергі келтіретін ілгері де айтылған жайлардың бірі – варваризмдер. Қазақ тілінің қазіргі қолдану жағжайында басқа шетел тілдерінен тіліміздің шұбарланып жатқан

құбылысты байқау қиын емес. Демек, тиісті көркем, ғылыми әдебиетті пайдалану мақсатында тіл арқылы қарым – қатынас жасау барысында тілді игерудің маңызы зор. Алайда, орыс тілді пайдалану жағдайында есерерлік жайлар да байқалады, соған қарамастан кейбір азаматтар варваризмге ұрынып жатады, қазақ тіліндегі баламасы белгілі бола тұра, орыс сөзін қолдану ол тілді де, ана тілін де сыылау деп есептемесе керек.

Сөздің қисындылығы дегеніміз- жеке сөздің, сөз тіркесінің грамматикалық тұлғалардың өз орнында қолданылуын айтады.

Сөз қисындылығын функциональдық стильдерден бөлек қарауға болмайды. Әсіресе, функциональдық стильдерде сөздердің қалай жумсалу керектігі көрініп тұрады. Мәселен, ауызекі сөйлеу ресми стильдегі сияқты стандарт тілмен қарым- қатынас жасау күлкі туғызар еді: сатиралық немесе юморлық мақсатта солай етудің де керектігі болар, бірақ тура мағынасындағы сөздік пайдалану табиғатына қарағанда әр стильдің өзіне лайық синтаксистік құрылымының болғаны жөн.

Сондай ақ, іс қағаздарын толтыру кезінде көркем әдебиет тіліндегідей сөздің стилистикалық бояу қолданудың еш қисныны болмайды.

Сөздің қисындылығы көп жағдайда әңгіме мазмұнының кімге, қандай аудиторияға арналғанына да тікелей байланысты болып келеді.

Әдебиеттер

1. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас негіздері. – Алматы, 2005.
2. Салқынбай А.Б. Тіл және мәдениет. 2001.
3. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы, 1971.
4. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 1991.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ БАСТАПҚЫ САТЫСЫНДА ТЫҢДАУШЫЛАРДЫ АУЫЗША СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Тилеужанова Г.Т., Тастемирова Г.А., к.ф.н., Сапаева Г.Е.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Тіл – қоғамдық құбылыс. Тіл – адамдар арасындағы байланыс. Тіл арқылы ойын, сезімін білдіреді. Тіл, сөйлеу – ежелден бері жеке адамның да қоғамдық ой-санасын дамытып жетілдіруде аса маңызды роль атқарады.

Тіл – адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Тілмен сөйлесу – адамзат баласы үшін тысқары бір дүние емес, ол ішкі құбылыс. Сөйлесу- тек адамға ғана тән. Адам баласы бірнеше тілде сөйлеседі. Жер бетінде бар адамзат тілдерін күнделікті өмірдегі қарым- қатынас барысында үнемі заман талабына, уақыт ағымына қарай өзгеріп, дамып, жетіліп отырады.

Сөйлеу – коммуникативтік функция атқарумен қатар, адамның ішкі өмірінің рухани байлығын жарыққа шығаратын құрал. Тілдің жасаушысы – халық. Ауызекі сөйлеу – адамдар арасындағы коммуникативтік қатынастардың басты әрі жиі көрінетін формасы. Қазақ тілі білімі баста сөйлеу фактілерін зерттеуден басталған-ды. Н.И.Ильминский қазақтардың сөзді өнеге балап, оған ерекше талап қойып, мән беруін жоғары бағалады. Ол «Қазақтың шешен кісілерін тыңдау әрі рахат нәрсе, олардың сөзі ұйқасты, сымбатты, анық, көркем» деп жазды.

Тіл – ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлт мәдениетінің бір формасы. Сондықтан онда әрбір халықтың, ұлттың ұлттық сана-сезімнің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының нысаналары сақталады.

Ауызекі сөйлеу – адамдар арасындағы коммуникативтік қатынастың басты әрі жиі көрінетін формасы. Линвистикалық негізгі объектісі – сөйлеу, адамзаттың сөйлеу тілі. Сөйлеу -адамзаттың іс – әрекетінің ерекше формасы.Сөйлеу адамзаттың ойлауымен тығыз байланысты. Тыңдаушының оқу дағдысын қалыптастыруды жалпы жазба тілімен ауыз екі сөйлеу тілі тікелей байланысты. Мәтінді мазмұндауға үйрету жазбаша сұрақтарға жауап беруге үйрету, жоспар құруға, белгілі бір суретке тақырып қоя білуге, сол суретке қарап сөйлем құрауға оқытушының көмегімен өздерінің ойларын, қызықты іс әрекеттерін әңгімелеуге үйрету. Сөйлеу екі түрлі формада – ішкі және сыртқы формада жүзеге асырады. Адамның өмірінде сөйлеудің маңызы өте зор. Ол сөйлеу арқылы өз ойын айтып жеткізеді және біреудің ойын ұсынады. Ауызша сөйлеу – адам арасындағы қарым – қатынасты атқарады. Қазақ тілін оқытудың бастапқы сатысында тыңдаушыларды ауызша сөйлеуге үйрету монолог және диалог түрінде іске асырылады.

Монолог – тыңдаушылар мәтіндердің мазмұны туралы өз ойын білдіру үшін жеке тәжірибиелеріне және суреттер тізбектерімен тағы басқа көрнекіліктеріне сүйене отырып, суреттеу, мәлімдемелер жасайды.

Диалог – тыңдаушылар қысқа және толық жауап беру түрлерін қолдана отырып, құттықтау, шақыру, кешірім сұрау, бір нәрсе жайлы керек мәліметті сұрап білу немесе айту, талқылаған деректерді анықтау, оларға баға беруге дағдыланады. Диалогтық сөйлеу әңгімелесушілерді өзара қысқа сөз алмасуы, түзілетін сөйлемнің құрылымы толық болмауы мен ерекшеленеді. Сөйлеу әрекеті кезінде тыңдаушысы оқытушының іс қимылын байқап тұруға мүмкіншілігі бар. Бұл тыңдаушының ойын ауызша жеткізу жолына әсер етеді. Ауызша сөйлеуге үйрету барысында тыңдаушыларды сөйлеу әрекетінің екі түріне үйреткен жөн. Олар түсіне отырып тыңдау және сөйлеу. Бұлардың әр қайсысы өзіне тиісті жаттығуларды жүргізуді талап етеді. Ауызша сөйлеу әдістемесін суреттеуге келгенде ауыз екі тілде ойдағыдай сөйлеудің төмендегі негізгі шарттарын ескергеніміз жөн:

1) ауызша сөйлеудің монологты және диалогты формалары оқытудың барлық кезеңдерінде қатар жүреді;

2) ауызша сөйлеу мен оқытуға бір мезетте үйрету, тілдік және сөйлетуге арналған дайындық жаттығуларының жүйелі түрде орындалуы;

3) лингафонда, компьютерлі кабинеттерде ауызша сөйлеуге бағытталған жаттығуларды кең көлемде қолдану.

Іштей оқуға көңіл бөлу керек. Оқып болғаннан соң түсінік айтылады және жаттығулар жасалады. Әңгімелесу-тыңдаушының тілінің қалыптасуына көмектеседі. Әңгімелесу – оқытудың диалогтық әдісі, оқытушы тыңдаушыларға мұқият ойластырылған сұрақтарды жүйелі қою арқылы, олардың жаңа оқу материалын меңгеруіне жағдай жасап, бұрын оқылған материалдарды қалай меңгергенін тексереді. Әңгімелесу барысында оқытушы сұрақты бір тыңдаушыға (жеке әңгімелесу) немесе барлық тыңдаушыларға (жаппай) қояды. Жұптық жұмыстың да тіл үйретудегі алатын орны ерекше. Тыңдаушылар белгілі бір тақырып бойынша диалог құра отырып, ауызекі сөйлеу дағдыларын дамытады. Әңгімелесудің нәтижесі көп жағдайда сұрақтардың дұрыс қойылуына байланысты. Әңгімелесу арқылы тілімізді үйрету, тыңдаушыларды өз бетінше қазақша сөйлеуге дағдыландыру. Тіл үйретудің негізгі шартты-әрбір сөзді қазақша көбірек қайталату, сөйлетіп, жаттықтыра беру. Әңгімелесу әдісінің артықшылығы тілді дамытады. Тыңдаушының сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін сөйлеудің дұрыс үлгісін көрсету керек. Тыңдаушының сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін: сөзді, сөз тіркестерін дұрыс айтуға үйрету, мәтінді, сөздерді айтқанда дауыстың анық болуын қадағалау, сұрақтарға жауап беру, дұрыс сөйлеуге үйрету, сұрақ қоя сияқты жұмыстар жүргізіледі. Сонымен қатар берілген мәтіннің мазмұнын айту, диалог арқылы сұхбаттасу сияқты жұмыстар кеңінен жүргізіледі. Бұл тыңдаушының тілін дамытып отырады. Мәтіндерді көбіне оңайдан қиынға қарай өрбіткен дұрыс.

Тілді меңгеруде тыңдап түсіну қабілетін дамытудың орны ерекше. Тыңдау – есту қабілетімен тығыз байланысты. Есту, тыңдау қабілетін техникалық құралдар көмегімен жаттығулар жасау арқылы дамытуға болады. Қазіргі кезде тілді меңгеруде (есту, тыңдау, оқу арқылы) оқу фильмдерін көру, ұнтаспалар тыңдау және т.б. мүмкіншіліктері өте көп. Тыңдау қабілетін ұнтаспа көмегімен дамыту үшін арнайы бейне жаттығулар мен аудиомәтіндер қажет. Осы орайда мәтінді тыңдау, оқып отырудың мәні зор.

Ауызша сөйлеуге үйретудің мақсаты – естігенін түсіне білуге үйрету. Оны сурет арқылы, екіншіден – жазбаша жауап беру арқылы жүргізуге болады. Сурет арқылы үйрету кезінде қажетті суретті таңдау – алдымен айтылған фразаға, диалогқа, мәтінге, әңгімеге, одан соң тыңдалған материал мен суреттегі айырмашылықты табуға байланысты болады. Тыңдаушының ауызша сөйлеуге жаттықтыруда ескеретін жағдай- тыңдаушылардан сабақ сұрау уақыты. Ойын түрін қолдану тыңдаушыға ерекше әсер етеді, оны дұрыс жоспарлау қажет. Рөлдік ойындар – сабақ үдерісін жандандырып, тілді үйренуге деген қызығушылықты арттырады. Тіл үйренушілер сөйлеу жағдаятына ене отырып, тілді қатынас құралы ретінде пайдалануға ұмтылады. Оған тыңдаушылардың түгел қатынасуы шарт. Тыңдаушының шаршауын сейілтіп, қызығушылығын арттырады. Ойын тыңдаушылардың бірігіп жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызады. Тілдік ойындар мақсатына қарай: лексика – фонетикалық, грамматикалық болып екіге бөлінеді. Бұлай бөліну шартты түрде ғана, себебі лексиканы фонетикасыз, фонетиканы лексикасыз, лексиканы грамматикасыз қарастыру, меңгерту мүмкін емес. Ойын сабақта тыңдаушылардың меңгерген лексикалық материалын практикалық тұрғыда қолдану, сөздерді бір- бірімен байланыстырып сөйлем құрау, тыңдаушыға өз ойы жүйелі түрде жеткізуге дағдыландыру үшін грамматикалық ойындар қолданған аса тиімді. Тыңдаушыларды қазақ тілінде сауатты сөйлеуге, жазуға, оқуға үйрету үшін әрбір оқытушы өз бетінше ізденеді.

Әдебиеттер

1. Шетел тілін оқыту әдістемесі. – №3 (17), 2007
2. «Ізденіс» журналы. №1, 2005.
3. «Педагогика мәселелері» ғылыми-теориялық журнал. №1-4. 2007.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Тойганбекова Л.Ш., Құрманқожа Г.

№ 91 мектеп Алматы қаласы

«...Қазақ ұлты өзінің мемлекеттік тілі және оны дамыту туралы айтуға қақылы» Нұрсұлтан Назарбаевтың «Мен халқымды сүйемін» атты кітабынан.

Адам өзі өмір сүретін өлкенің халқымен жұмыс істеп, олармен қарым-қатынаста болатыны белгілі. Халықтың тарихын, мәдениетін, тілін, рухани байлығын білу – адамның сол халыққа деген құрмет сезімін оятып, шынайы достық қарым-қатынасқа жетелейді. Сондықтан Қазақстанда оқып, білім алғысы келетін тыңдаушылардың достық қарым-қатынасының, бір-біріне сый-құрметінің құралы қызметін қазақ тілі атқаруы тиіс. Қазақ тілін осындай құралға айналдыру үшін қазіргі білім берудің парадигмасына сай, тілді оқытуды жақсартып, оның әдістемесін дамытып, жанатәсіл-құралдарды қолдануымыз керек. Тіл проблемаларын шешу еліміздің алдында тұрған маңызды мақсаттарының бірі екендігін көрсетеді. Қазір мемлекеттік тіліміздің дамып, өркендеп, қанат жаюына қатысты іс-шаралар жан-жақты жүргізілуде. Қазіргі қоғам талабы, мемлекеттік тілге қажеттіліктің артуы, яғни оның қоғамдық қызмет аясының кеңеюі, тілді оқыту мен үйретудің әдістемелерін жақсарту, тілдерді оқытудың жаңа технологиясының озық практикасын пайдалану қазақ тілі оқытушыларының бүгінгі таңдағы мақсаты мен міндеті болып отыр. Қазақ тілі – өз ішінде салаларға бөлінетін, өзіндік сыры мен қыры көп, күрделі және бай тіл. Оның барлық сыр-сипатын, салаларын бірден тану, білдіру мүмкін емес, сол себепті тілдік материалдар өз жүйесі бойынша жеңілден ауырға, белгіліден белгісізге деген ұстанымдарды есепке ала отырып үйретіледі.

Қазіргі таңда қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін алып отырғанда, басқа ұлт өкілдерін қазақ тіліне үйрету екі бағытта жүргізілуі тиіс, біріншісі – олардың ауызекі байланыстырып сөйлеу тілін дамыту бағытында, екіншісі – осы ауызекі сөйлеу тілін сауатты жаза білу бағытында. Тыңдаушылардың сауаттылығын дамыту мақсатында көптеген жұмыс түрлерін өзіміздің іс-тәжірибемізде кеңінен қолданып келеміз. Ондағы мақсат – тыңдаушыларды сауатты жаза білуге үйрету. Қазақ тілінде сауатты, жақсы жетік сөйлеу үшін сөздерді бір-бірімен байланыстырып қана қоймай, сауатты жаза білу де міндет. Сауатты жаза білуге үйрету арқылы оқытушы тыңдаушыға жазу, жазбаша тіл мәдениетін қалыптастырумен қатар, жазылым арқылы ауызекі сөйлеу тілін де дамытады. Тыңдаушыларды сауатты, көркем жазу мәдениетіне үйрету үшін оқулықта берілген жаттығу, тапсырмаларды орындап қана қоймай, тілді қабылдау ерекшелігіне сәйкес түрлі жазылым жұмыстарын түрлендіре жүргізіп отыру қажет. Ол үшін ең алдымен сөздікпен жұмыс түрлерін жүйелі және қызықтыра меңгерте білу шарт. Күнделікті сабақта қолданып, үйретілетін жаңа сөздерді ауызша қайталатып, түсіндіріп, аудармасын айтқан соң, сөздік дәптерлеріне жазғызып, келесі сабақта сол сөздерді сұрау керек. Жаңа сөздерге байланысты мәтінді оқытып, сол сөздердің жанына синонимін, омонимін, антонимін көрсетіп жаздыру қажет. Мысалы: сұлу, әдемі, көркем, ажарлы. Жас – адамның жасы; көздің жасы; Бас – адамның басы; бұлақтың басы; сөздің басы; аяғыңды бас. Жақсы-жаман; биік-аласа; жоғары-төмен; т.б. Бұндай әдісті қолдану кезінде әрбір тыңдаушының мәтінді оқуға қызығушылығы артып, орындауға деген ынта-жігері байқалады және танымдық белсенділіктері күшейеді. Өйткені сөздік жұмысын жүргізу арқылы жаңа сөздерді естерінде сақтайды, ұтымды жерінде пайдаланады, осы арқылы олардың сөздік қорлары молаяды. Тілді үйрететін негізгі құралдардың біріне – жаттығулар жатады. Тәжірибеміз көрсеткендей, жаттығуларды күрделендіріп, кейде керісінше жеңілдендіріп, тыңдаушының белгілі дәрежесіне сай, түрлендіріп, өзгертіп пайдаланамыз. Жоғарыдағы қарастырып отырған жаттығуларды екі топқа бөлуге болады: тілдік жаттығулар және сөйлеу жаттығулары. Тілдік жаттығулар тілдік нұсқалар туралы алғашқы білімді бекітуге арналады. Қазіргі оқулықтардағы жаттығулардың көбі – осы тұрғыдағы жаттығулар. Ал бұл жаттығулар ауызекі сөйлеу нормаларына сай дағдыны қалыптастырып қана қоймай, олардың жазбаша сауатына да жақсы әсер берері сөзсіз. Тілді үйретудің алғашқы қадамы тілдік жаттығулар арқылы тілдік нұсқалардың мағынасын, қолданылуын үйретуден

басталады. Негізінен тілдік жаттығуларға қойылатын талаптар тілдік нұсқаларға, материалдарға арналуы керек. Осыған орай сөйлемнің барлық мүшелерін сөйлемде қолдануға жаттықтыру, соңында сөйлемдерді біртіндеп қысқарту, біртіндеп толықтыру арқылы жазба тілді дамытудың маңызы зор. Айталық, «Әке келді» деген қысқа сөйлемді бірте-бірте кеңейту үлгісін беріп, оны кеңейтуге тапсырма беріледі. Үлгі: Әке келді. Менің әкем келді. Менің ең үлкен әкем келді. Менің ең үлкен әкем біздің үйге келді. Менің ең үлкен әкем біздің жаңа үйге келді. Менің ең үлкен әкем біздің жаңа үйге сағат бесте келді. Сонымен бірге керісінше, осы соңғы сөйлемді беріп, оны бірте-бірте жоғарыдағыдай сөз қосудың орнына бір сөзден қысқарттырып үйретуге болады. Тапсырмалардың осылайша кең көлемде, ауқымды берілуі оқушылардың білім деңгейіне қарай міндетті деңгейде де, мүмкіндік деңгейде де жазу жұмыстарын жүргізуге тиімді екендігін көрсетеді. Жазба сөйлеу тілін дамытуда жазба жұмыстарының тағы бір түрі суретпен жұмыстың маңызы өте зор. Қазақ тілі сабақтарында пайдаланатын суреттер тыңдаушылардың ойлары мен сезімдерін қамтыған, оларды толқытқан және осының салдарынан өздерінің алған әсерін айту ықыласын тудырған жағдайда ғана, эстетикалық тәрбиенің міндеттеріне және тілді дамыту үшін қызмет атқарады. Сондықтан суреттерді таңдауға әсіресе мұқият қарау керек. Қандай суреттер қызықтырады? Тілді дамыту бойынша жұмыс істеу үшін суреттерді іріктей отырып, қандай жалпы принциптерді басшылыққа алу керек? Қандай суреттер эмоциялық қабылдаудан бейненің құрылымын ашуға жетелейді? Суреттің тақырыбы мен идеясы, сюжеті, тыңдаушының өз ойын білдіру үшін пайдаланған, бейнелеу құралдарының рөлі ретінде айқындалады. Құрылымдық талдау қабылдаудың эмоциялылығын жоғарлатады, сезім мен сананы жаңа сатыға көтереді. Сурет арқылы тілді дамыту үшін олардың ойлап тапқан атауларын талдау және салыстыру, аса лайықтысын таңдау; суретшінің берген атауымен салыстыру сияқты жаттығулар да өте пайдалы. Суреттерді іріктеу ең алдымен суретпен жұмыста күрделендіріліп, үйренген сөздік қорларына қарай дамып отырады. Суретпен жұмысты үлестірме қағаз (карточка) түрінде немесе, үлкен сюжетті тақырыпты көрсетіп, іліп қойып орындауға болады. Әсіресе заттық суреттер таратылып, оны әр қырынан суреттету де тіл дамытудың нәтижелі түрінің бірі болып табылады. Мысалы, Мынау нелер? Мынау гүлдер. Гүлдер қандай? Гүлдер әдемі. Ыдыста қандай гүлдер бар? Ыдыста қызыл, сары, ақ, көк гүлдер бар. Келе-келе бұл жұмыс сюжеттік суреттермен жұмыс жасауға ұластырылады. Суретпен сөз, сөз тіркесі, сөйлем, әңгіме, шығарма жаздыру өте тиімді. Өйткені суретке қарап тыңдаушы өз ойын, көргендерін тиянақты көркем тілмен жеткізе білуге үйренеді. Суретпен жұмыс жүргізгенде суретті ребус, сөзжұмбақтар шешкізу де өзінің тиімділігін көрсетті. Бұл жұмыстардың нәтижесінде жазған зат атауларын, сөйлемдерді келесі кезекте қатесіз жазуға және естерінде берік сақтауға әдеттенеді. Сурет бойынша жұмысты ұйымдастыра отырып, сабақтың мақсатына, білім деңгейіне, нақты шарттарға байланысты салыстыру тәсілін әр түрлі пайдаланамыз. Жоғарыдағы баяндалған жазба жұмыстары өткеннен соң, қатемен жұмысқа көп уақыт бөлеміз.

Тыңдаушыларға қазақ тіліндегі жалғаулардың түрлерін, етістіктің әртүрлі формаларын меңгерткеннен кейін сұраулы сөйлем құраудың әдістерін үйретеміз. Мұндағы басты мақсат – ауыз екі сөйлеу тілін дамыту, лексикалық қорын молайту. Өйткені, диалог – тек екі адамның сөйлесуі ғана емес, сөйлеу мәдениеті, тыңдата білу, пікір айта білу, түсінікті сөйлей алу, сөйлемді дұрыс құрап, дауыс ырғағын ой мағынасына сәйкестендіру. Сондай-ақ сұрақ қойып, жауап бере алуға үйретудің мақсаты – ойлау қабілетін жетілдіре отырып, тілін дамыту. Бұған қоса көргенін әңгімелеп беруге баулып, табиғат көріністерін суреттеп айтқыза отырып, ауызша тіл дамыту жұмысына дағдыландырамыз. Белгілі бір жағдаятқа байланысты мысал келтіру, сөйлем құрастыру, дұрыс талдау жасай алуына қол жеткізуге тырысамыз. Тек сонда ғана өтілген тақырыптардың ерекшелігін терең игеріп, пайдалана алатын болады. тіл дамыту, жаттықтыру; дағдыландыру жұмыстары игерілгеннен кейінгі міндет сол алған білімдерін іс жүзінде, күнделікті өмірде еркін қолдана білуіне дағдыландыру болып табылады. Мысалы «Етістіктің шақ формаларын», «Болымсыз етістік», «Қалау рай», «Шартты рай», «Тұйық рай» т.б. формаларының «атауын айтпай» игертіп, сөйлем құрай білуге дағдыландырылғаннан кейін осы формаларды пайдаланып сұрақ қойып, жауап бере алуға үйретуге болады. Мысалы:

1. – Ибрахим, сен қазір дәрісханаға барасың ба?-деген сұраққа бірнеше әдістерді қолдана отырып, жауап беруге үйретеміз. Мысалы:

1) – Иә, мен қазір дәрісханаға бара жатырмын.

2) – Жоқ, мен қазір дәрісханаға бара жатқан жоқпын, кітапханаға бара жатырмын.

2. – Нұрахмад, сен ертең кешке театрға барасың ба?-деген сұраққа төмендегідей жауап беруге үйретемін.

1) – Иә, мен ертең кешке досыммен бірге театрға барамын.

2) – Жоқ, мен ертең кешке театрға бармаймын.

Келесі бір сұрақтың формасы:

2. – Әли, сен кеше жатақханада Фейрузаны көрдің бе?-деген сұраққа

1) – Иә, мен кеше жатақханада Фейрузаны көрдім.

2) – Жоқ, мен кеше жатақханада Фейрузаны көрген жоқпын, өйткені мен жатақханаға бармадым, – деп жауап бере алуға дағдыландырамыз.

Жоғарыда келтірілген мысалдар етістіктің шақ формаларын, болымды, болымсыз етістік тақырыптарын жете меңгергеннен кейін іс жүзіне асырылатын талаптар. Кез келген сұрақтарға тыңдаушыларды құптап немесе құптамай жауап беруге үйретудің маңызы зор. Сөздік қоры молайып, грамматикалық ережелерді сауатты меңгерген тыңдаушылардың қазақ тіліне ынтасы артып, одан әрі үйренуге деген қызығушылығы оянып, мемлекеттік тілде сөйлей алатынын мақтан етері сөзсіз. Сабақтың қызықты өтуі – жұмысымыздың нәтижелі болуының алғы шарты.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Мен халқымды сүйемін.
2. Әлімжанов Д., Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы, 1998.
3. Сариева К.Ы. Қазақ тілі, Оқу, жаттығу құралы. – Алматы: Білім, 2011.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

*Тойғанбекова М.Ш., Сұлтанова Б.М., ф.ғ.к.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Қоғамдағы қазіргі кездегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі олардың білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің басты мақсаты – білім алып, білік дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқында өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

XXI ғасырда қоғам мен мемлекет дамуының ең басты тетігі білім болып табылатыны мойындалды, оған ғасырлар тоғысында білімді халықаралық деңгейде дамытудың бағыттарына арналған реформалардың, соның ішінде Болон үрдісінің қарқынды дамуы дәлел. Қазақстанның білім беру саласындағы жүйелі өзгерістер әлемдік деңгейдегі болып жатқан жаңашыл бастамалармен үндесіп отыр.

Үшінші мыңжылдық – құзыреттілік білім беру жағдайында оқытушының инновациялық даярлығын қажет ететін, жаңа формацияның мұғалімнің инновациялық іс-әрекетінің кезеңі.

Инновациялық үрдіс – білім беру жүйесін жаңарту және дамыту ғана емес, қоғамның, Қазақстанның өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында жаңа қоғамның, жаңа әлемнің жаңа мұғалімі қажеттілігінен туындаған үрдіс.

Құзыреттілік білім беру жағдайындағы инновациялық үрдіс – нысанның, педагогикалық идеяның, деректер мен тұжырымдардың, теорияның, әдіс-тәсілдердің жаңа сапалық өзгерістерін қамтамасыз ететін үрдіс, педагогикалық қауымдастықтың сұранысын қанағаттандыратын, қоғамдық педагогикалық құндылықтарына сәйкес жаңаны меңгеру, қолдану, талдау, салыстырмалы бағалау.

Қоғамдағы білім беру саласындағы инновациялық үрдістер мен реформалар педагогика ғылымына «инновациялық білім», «инновациялық даярлық», «инновациялық іс-әрекет», «инновациялық технология», « мұғалімнің инновациялық даярлығы» және т.б. жаңа ұғымдарды өмірге алып келді.

Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу, жаңа үлгілердің бағытындағы нақты әрекет, нақтыланған мөлшердің шегінен шығатын кәсіптік іс-әрекеттің жаңа деңгейге көтерілуі, жаңа нәтижені қамтамасыз ететін теориялық, технологиялық және педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас бағдарламасы.

Инновациялық іс-әрекет – педагогикалық еңбектің сапасын арттыратын оқу-тәрбие үрдісін жаңа бағытта құру бойынша түбегейлі өзгерістермен ерекшеленетін жаңаша іс-әрекет.

Технология – бұл қандай да бір істе, өнерде қолданатын амал-тәсілдердің жиынтығы, дидактикалық жүйенің құрамдас бөлігі.

Оқытуда педагогикалық технология – тұтас педагогикалық үрдісінің мақсатына жету үшін студент пен оқытушыға бірдей қолайлы жағдай тудыра отырып, заманауи оқу құрал-жабдықтарын, әдістемелік кешендерді жүйелі пайдалануды көздейтін студент пен оқытушының бірлескен іс-әрекетін жобалаудың жан-жақты ойластырған жүйесі.

Оқытушының инновациялық даярлығы – оқытушының инновациялық педагогикалық технологияны меңгеруі және оның өз іс-тәжірибесінде пайдалана алуына қажетті жаңа білім, білік, дағдыны меңгеруі.

Оқытушының инновациялық даярлығын қалыптастыру инновациялық білім беру мен оқыту арқылы жүзеге асырылады.

Инновациялық оқыту дегеніміз – қазіргі кезеңдегі әлеуметтік, мәдени ортадағы инновациялық өзгерістерді жете қарастыратын үрдіс және оқу, білім бер әрекетінің нәтижесі.

Сонымен оқытушының инновациялық даярлығын қалыптастыру үшін оларға инновациялық білім беріп, инновациялық оқыту жүргізуі тиіс. Бұл үшін мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру тұжырымдамасын жасау және оны жүзеге асыру қажеттілігі туындап отыр.

Инновациялық білім беру – мұғалімдерге инновациялық білімдерді жүйелі меңгерту арқылы олардың инновациялық іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру үрдісі.

Инновациялық оқыту – оларды ізденімпаз жаңашыл ұстаз етіп даярлау, күнделікті білім мен біліктілікті көтеру, өз ісіне шығармашылықпен қарау, меңгерген инновациялық технологияны жас ерекшеліктерін ескере отырып түрлендіре алу, шағын өзгерістер енгізе білу, өз ісіне сыни көзқараспен қарау, жеткен жетістіктері мен жіберген кемшіліктеріне педагогикалық сараптама жасай алу, өзінің авторлық технологиясын өмірге әкелу, оны әдіснамалық тұрғыдан негіздеу, ұдайы әдістеуілік жетілдіріп отыру. Инновациялық білім беру әдістеріне: әңгімелесу, пікірлесу, талқылау, жаттығу, сұрақ-жауап, миға шабуыл және т.б. эвристикалық әдістер кіреді.

Инновациялық білім беру құралдары: аудио-видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, компьютер-мультимедиялық құралдар, электрондығыыық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен, медиатека, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық веб-сайт және т.б.

Инновациялық білім берудің нәтижесінде оқыту мен тәрбелеудің соңғы әдіс- тәсілдерін, инновациялық педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог, зерттеуші жаңашыл мұғалім болып шығады.

Инновациялық оқыту жүйелі инновациялық білім беру арқылы жүзеге асады.

Қазіргі білім беру саласындағы басты мәселе – білім беру мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру және оларды жүзеге асыратын болашақ мамандарды даярлау. Қазіргі педагогиканың негізгі мақсаты – білімді сапалы ету, студентті толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына негіз қалау.

Бүгінгі таңда оқыту жүйесіндегі алға қойған негізгі мақсат – білімді әншейін ғана беру емес, оқуға үйрету, шығармашылық әдіс- тәсілдерін таба білуге үйрету, ізденіс әдістерімен қаруландыру, қабылдау қабілетін жетілдіру, керек хабарларды талдап одан қорытынды шығаруды әдетке айналдыру және тәжірибелік әрекетті тану барысында алынған және жинақталған білімді қолдана білу қабілетін жетілдіру. Осыған байланысты жоғары оқу орындарында оқыту жемісті болу үшін мамандарды даярлау келесі дидактикалық ұстанымға сәйкес негізделуі тиіс.

1. «Студент – оқытушы» тораппен кері байланыс ұялы жүйесін іске асыру, яғни, студент пен оқытушының қарым-қатынасы және шығармашылық бірлестігін жолға қою.

2. Жүйелік пен реттілік, яғни орындалған өзіндік жұмыстары үшін үнемі өткізілетін бақылау сапасы жүйесін енгізу (тест жүргізу) жүйесі.

Пән бойынша қорытынды бағаны қояр кезде семестр ағымындағы жұмыстың орындалу сапасын есепке алатын дәйектемеленген жүйені жетілдіру және енгізу.

3. Жоғары ғылыми деңгейде білім беру, ол үшін пәннен кешенді оқу құралдарының, оқу-әдістемелік және анықтама материалдардың электрондық болжамы мен баспасөз түріндегі әдебиеттерін оңай қол жеткізуге болатындай етіп дайындау.

4. Студенттердің шығармашылық белсенділігі мен саналылығын ескеру, олардың мүмкіндіктеріне сену, жеке қабілеттілігін ескеру, оқыту үстінде оң қабақ танытып, ұнамды көңіл бөлу және жоғары талап қоя білу.

5. Қиын мүддеде жылдам қарқынмен оқыту, ғылыммен және өмірмен байланыстыра оқыту.

Нақтырақ айтқанда, ғылымның, техниканың, ақпараттық технологияның дамуына байланысты келген әр түрлі инновацияны оқу үрдісіне енгізе отырып отандық инженерлік білім берудің мақтанышы мен игілігі – тереңдетілген дайындықты сақтап қан өймей, күшейту керек екендігі белгілі.

Әдебиеттер

1. Бұзаубақов К.Ж. Жаңа инновациялық технология. Тараз. ТарМУ, 2003, 208-б.
2. Хмель Н.Д. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса. Учебное пособие. – Алматы. АГУ им Абая, 2002.
3. Юсуфбеков Н.Р. Общая основы педагогического инноватики. Методическое пособие. – М.,1991.

САБАҚТА ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ

Уразова Г.А.

Алматы облысы Жамбыл ауданы Мыңбаев ауылындағы ОМ

Сабақтың тақырыбы: Қазақ шешендерінің көрнекті өкілдері: Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би.

Сабақтың мақсаты:

а) білімділік: жаңа мәтінмен таныса отырып, қазақ халқының ұлы тұлғалары туралы мәлімет беру; шешендік сөздер туралы бұрын алған білімдерін тиянақтау; қазақ тілі пәнімен байланыс жасау барысында мәтін ішінде омоним, синоним, антонимдерді табу, жасалу жолдарын еске түсіру;

ә) тәрбиелік: қазақ халқының би, шешендердің сөздерімен таныса отырып, тапқырлыққа, әділеттілікке, отбасын құрметтеуге тәрбиелеу.

б) дамытушылық: ізденуге бағыттау арқылы оқушыларды өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын дамытуға, шығармашылыққа баулу.

Сабақтың түрі: ойша саяхат сабақ

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, талдау, топпен жұмыс, іздену т.б

Сабақтың көрнекілігі: сызбалары, кестелері, дидактикалық материалдар т.б, слайд.

Пәнаралық байланыс: тарих, география

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушылармен амандасу, түгелдеу, оқу құралдарын тексеру, сыныптың тазалығына көңіл бөлу. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару, топқа бөлу (Үш бидің сөздері жазылған қағазды таңдау арқылы).

I топ. Төле би ауылы

II топ. Қазыбек би ауылы

III топ. Әйтеке би ауылы

II. Үй тапсырмасын тексеру:

1-тапсырма: Әр топ мүшелері берілген тақырып мазмұнын ашады, шешендіктің түрлері туралы мәліметтер береді

1-топтың тапсырмасы: Шешендік арнау.

2-топтың тапсырмасы: Шешендік толғау.

3-топтың тапсырмасы: Шешендік дау.

2-тапсырма:

«Бір сөйлем» тәсілін қолдану арқылы әр топ *шешендік сөздің өзіндік ерекшеліктері* туралы бірін-бірі қайталамай түсінік береді. (Сөйлеушінің сөзін мұқият тыңдау тапсырылады).

II. Жаңа сабақ.

Бүгінгі біз саяхат сабағын өткіземіз. Қазақ ауыз әдебиетінің бір саласы-шешендік сөздер. Қазақ елінде әр ауылда, әрбір руда сөзбен ағайынның мүддесін қорғайтын, қауымның әдет-ғұрпына жетік, ойға жүйрік, сөзге шебер адамдар болған. Ондай шешендерді халық «би» деп атаған. Қазақтың шешендік өнерлері үш жүздің басын қосқан Тәуке ханның тұсында жанданған. Шешендік сөздер қашанда халықтың қажетті мұрасы болып табылған. Сонымен бірге олар-тәрбие құралы. Қазақ халқы қандай ауыр жағдайда өмір сүрмесін, өзінің би-шешендерінің сөзін жадында сақтап, жаттап айта жүруді, одан үлгі-өнеге алуды тоқтатқан емес. Шешендер, билер әрқашан шындықты айтып, аз сөзге көп мағына сыйғызып, халықтың рухани қажетін өтеп отырған.

Шешендіктің негізгі мақсаты – адамдарды иландыру, айтқысы келген нәрсені нақ айтып сендіру. Шешендердің сөз тапқыш, сезімтал, суырып салма ақын сияқты әр түрлі қасиеттері болған. Олар

жалпы өмір туралы, ел қорғау туралы хабардар етіп отырды. Олар: Әйтеке би, Төле би, Қазыбек би, Саққұлақ шешен т.б. Сабақты осыған дейінгі өткен шешендер өмірі, олардың шешендік сөздері, төрелігі туралы алған білімдерімізді қорытындылау мақсатында өткізбекпіз.

III. Жаңа сабақ

3-тапсырма. Берілген тапсырмаларды оқып, постер қорғау. (Жоба жұмысында нақтылық, жүйелілік болуын қадағалау).

1-топқа: 89-94- бет, Төле би Әлібекұлы.

2-топқа: 95-99- бет, Қазыбек би Келдібекұлы.

3-топқа: 99-102- бет, Әйтеке би Байбекұлы.



4-тапсырма: Әр топтан бір оқушы тақтада жасырылған билер суреттерін таңдау 5-арқылы қазақ тілімен байланысты сұрақты алып жауап береді, мәтін ішінен мысал келтіреді.

5-тапсырма: «Өзіңді тексер» тәсілін қолдана отырып, мәтінмен жұмыс.

Жиренше шешен жайлы аңыз.

Бес-алты аттылы жолаушы бір ауылға жетіп, шеткері тұрған қараша үйге ат басын тірепті. Жолаушылар ол үйдің Жиреншенікі екенін білмеді.

- Оу, кім бар бұл үйде, қонақпыз! – депті. Сонда Жиренше:

- Екі қой жеймін десендер, түсіндер, бір қой жеймін десендер басқа үйге барындар! – депті.

Қонақтар:

- Бұл өзі сақы мырза жігіт екен, қонсақ қонайық осы үйге,- деп, аттарынан түсіп, үйге кіріпті. Үй иесі жалғыз буаз саулығын жетектеп келіп "лә аумин" деп бата сұрапты. Қонақтың бірі:

- Мына саулығың желіндеп, туайын деп тұр ғой, бойдақ қойың жоқ па еді? – дегенде, Жиренше:

- Бойдақ қойы бар болғыр жоқ еді, – депті. Бағана айтпап па едім, "Екі қой жеймін десендер түсіндер, бір қой жеймін десендер басқа үйге барындар деп".

Жолаушылар: – Қой болмас, – деп аттанып кетіпті де, басқа үйге барып қоныпты. Сұрастырып қараса, әлгі "Екі қой жеймін десендер біздікіне түсіндер, бір қой жеймін десендер басқа үйге барындар" деген адам Жиренше екен.

Білімді бекіту:

1. Шешендік сөз нешеге бөлінеді?

А.2 В.3 С.4 Д.5 Е.6

2. Ұлы жүздің биін анықта:

А. Төле В. Әйтеке би С. Жиренше Д. Қазыбек би Е. Жәнібек би.

3. «Қой асығы демендер, қолына жақса ғой». Көп нүктенің орнына керекті сөзді қой.

А. Бала В. Дана С. Сақа Д. Асық Е. Топай.

4. “Жеті жарғыны” жазғандардың бірі- ...

А. Әл-Фараби В. Абай С. Қазыбек би Д. Сырым би Е. Халық

5. Г.З.Апресян мазмұнына қарай шешендікті нешеге бөлді:

А. 3 В. 5 С. 4 Д. 2 Е. 7

6. «Сөзден тәтті нәрсе жоқ,
Сөзден ащы нәрсе жоқ.
Сөзінді тіліңе билетпе,
Ақылыңа билет» , -деген сөздің авторы кім?
А. Төле би В.Әйтеке би С.Қазыбек би Д.Бөлтірік шешен Е.Сырым шешен.
7. «Көш бастау қиын емес-
Қонатын жерде су бар,
Қол бастау қиын емес-
Шабатын жерде жау бар.
Шаршы топта сөз бастау қиын-
Шешімін таппас дау бар» дегенді кім айтқан?
А.Бұқар жырау В.Асан қайғы С.Әйтеке би Д.Қазыбек би Е.Төле би
8. «Шешеннің сөзі қылыштан өткір, нәзік».Көп нүктенің орнына керекті сөзді қой
А.Қыздан В.Сәбиден С.Шыныдан Д.Қылдан Е.Жүректен.
- 9.Жарғы дегеніміз не?
А. Белгіленген құжат, ережелер жинағы.
В. Авторы бар өлеңдер жинағы
С. Қара сөзбен жазылған шығармалар жинағы.
Д. Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің шешендік сөздері.
Е. Поэмалар мен новеллалар жинағы.
10. Қалмақ қоңтайшысы Сыбан Рабданға барғанда Қазыбек би неше жаста еді?
А. 9. В. 20 С. 14 Д. 19 Е. 25

Білімді бағалау: Сабақ басында топбасыларға берілген дискриптор арқылы бағаланады.

| № | Оқушының аты-жөні | Үй тапсырмасы | Шешендіктің түрлері | «Бір сөйлем» | Постер | «өзінді тексер» | тест | Қорытынды баға |
|---|-------------------|---------------|---------------------|--------------|--------|-----------------|------|----------------|
| | | | | | | | | |

Үйге тапсырма: Іздену тапсырмасы. Оқулықтан тыс үш бидің айтқан биліктері мен төреліктерін жазып келу.

ИННОВАЦИОННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

Хмелевская В.П.

ЮКО г. Шымкент, школа языков ABC

В конце 20 века человечество вступило в стадию развития, которая получила название пост-индустриального или информационного. По сравнению с прошлым веком условия жизни, формирования и обучения личности резко изменяются. Теперь, в 21 веке огромное внимание уделяется человеку как личности – его сознанию, духовности, культуре, нравственности, а также высокообразованному интеллекту и интеллектуальному потенциалу.

Одним из важных направлений в системе образования становится разработка и внедрение педагогических технологий, соответствующих требованиям времени. В наши дни стремительное развитие техники привело к технизации современного общества, которая, расширяя возможности человека, влечёт за собой изменения в системе жизненных ценностей, норм. Следствием подобного преобразования явилось развитие сети Интернет, которое послужило началом нового эволюционного процесса, называемого информатизацией. Обучение с помощью информационных технологий дает возможность организовать самостоятельные действия каждого ученика и реализовать творческий потенциал учащихся и преподавателя.

Эта статья поможет нам разобраться, какие на сегодняшний момент происходят инновационные изменения в преподавании английского языка.

В нашем современном обществе английскому языку обучаются не только школьники по государственному стандарту образования, но и студенты и желающие изучать язык в личных целях. Распространение английского языка в качестве языка международного общения, растущее число

изучающих английский язык привели к появлению различных методов преподавания и контроля эффективности процесса обучения. Независимо от возраста, успех развития и повышения, интереса к изучению английского языка зависит от начального этапа. Это означает, что учащихся нужно заинтересовать, прививать у них интерес к изучению языка. Использование в качестве дополнительных средств обучения иностранным языкам таких аутентичных материалов как кино, радио и телевидение уже давно доказало свою эффективность. Появление инновационных, информационных технологий коренным образом изменило характер преподавания, предоставив многочисленные возможности сделать процесс обучения более увлекательным и продуктивным. Появившиеся инновационные мультимедийные технологии предоставили платформу для преобразования и усовершенствования традиционной модели преподавания английского языка. Новые технологии развиваются параллельно растущему использованию английского языка и меняют характер межкультурного общения. Возрастает роль онлайн-образования, делающего знания доступными всем, независимо от места проживания.

Технология – один из наиболее мощных двигателей как социальных, так и лингвистических изменений; она является частью процесса глобализации, воздействует на образование и культуру. В настоящее время английский язык – это язык политики, бизнеса, образования, индустрии, средств массовой информации, межкультурного общения, а также одна из основных дисциплин образовательных программ.

Применение *компьютерных технологий* на уроках английского языка становится высокоэффективным творческим реализующим фактором использования разнообразных форм развития, воспитания и обучения.

Такой способ организации учебной деятельности позволяет не только в увлекательной творческой форме продуктивно решать все задачи урока, но и осуществлять обучающую коммуникативную познавательную деятельность.

Учитель, располагающий компьютером, имеет уникальную возможность интенсифицировать процесс обучения, сделать его более наглядным и динамичным. Поэтому применение информационных технологий в обучении английскому языку стало не только необходимым, но и вполне возможным. Не секрет, что изучение английского языка на начальной ступени обучения у многих учащихся вызывает затруднения, усвоение материала обычно строится на заучивании. Использование компьютера значительно облегчает процесс изучения языка через реализацию одного из принципов обучения — наглядности. Это помогает изучению языка со стороны лексического запаса. На второй ступени, и выше, находятся навыки которые помогают активно воздействовать на формирование и развитие языковой компетенции учащихся: навыки аудирования, говорения, чтения, совершенствование письменной речи. Кроме того, в процессе работы я использую нестандартные методы обучения: ролевые игры, дискуссии, интерактивные обсуждения, круглые столы, которые развивают языковую компетенцию учащихся и их социально активную позицию. В этом может помочь применение компьютерных технологий.

Важным аспектом использования информационно-компьютерных технологий на уроках английского языка является проектная деятельность в сочетании с мультимедийной презентацией.

Общеизвестно, что мультимедийные презентации активно вошли в процесс обучения английскому языку. Создание презентаций предполагает субъектно-объектные отношения: либо учитель-создатель, готовит презентацию к новой теме урока, либо учащимся даёт творческое задание по подготовке презентации, тем самым вовлекает их в процесс самообразования, что немаловажно в современном обучении. Новые педагогические технологии такие, как формы уроков с использованием презентаций (Microsoft Power Point):

- помогают реализовать личностно-ориентированный подход в обучении,
- обеспечивают индивидуализацию и дифференциацию обучения с учётом способностей учащихся, их уровня обученности, склонностей и т.д.

При традиционных методах ведения урока главным носителем информации для учащихся выступает учитель, он требует концентрации внимания, сосредоточенности, напряжения памяти. Не каждый ученик способен работать в таком режиме. Психологические особенности характера, тип восприятия учащихся становятся причиной неуспешности в изучении английского языка, а главное, на начальном этапе может пропасть интерес к иностранному языку, этого нельзя допустить. Применение компьютерных презентаций в учебном процессе позволяет интенсифицировать усвоение учебного материала учащимися и проводить занятия на качественно новом уровне, используя вместо аудиторной доски проецирование слайд-фильмов с экрана компьютера на большой настенный экран или персональный компьютер (ноутбук) для каждого учащегося.

Эффективность воздействия учебного материала в виде презентаций на учащихся во многом зависит от степени и уровня иллюстративности материала. Визуальная насыщенность учебного материала делает его ярким, убедительным и способствует его усвоению. Компьютерные презентации позволяют акцентировать внимание учащихся на значимых моментах излагаемой информации и создавать наглядные эффектные образцы в виде иллюстраций, схем, диаграмм, графических композиций и т.п. Презентация позволяет воздействовать сразу на несколько видов памяти: зрительную, слуховую, эмоциональную. Обладая такой возможностью, как интерактивность, компьютерные презентации позволяют эффективно адаптировать учебный материал под особенности обучающихся. Усиление интерактивности приводит к более интенсивному участию в процессе обучения самого обучаемого, что способствует повышению эффективности восприятия и запоминания учебного материала. Но самое главное в таких презентациях, чтобы слайд не был переполнен текстовой информацией, это так же может рассеять внимание учеников, минимум сообщения, больше схем, объектов, картинок. Именно презентации решают проблему использования наглядного материала. Например, если раньше приходилось вырезать и приклеивать картинки на доску, то сейчас с помощью Интернет можно найти картинки и рисунки и сразу вставить на слайд. Если картинок много, то оформить несколько слайдов. Но даже если предполагается информация в слайде, нужно обязательно выделить главную мысль, показав это большим шрифтом, либо выделением цвета. Это поможет не отвлечь учащихся, а наоборот заставит обратить внимание и запомнить главные сведения. Здесь в силу вступает зрительная память.

Использование компьютерной презентации на уроке позволяет:

- повысить мотивацию учащихся;
- использовать большое количество иллюстративного материала;
- интенсифицировать урок, исключив время для написания материала на доске;
- вовлечь учащихся в самостоятельный процесс обучения, что особенно важно для развития их общеучебных навыков.

В данном случае компьютер служит средством для поиска необходимой информации, но в этом случае от учителя требуется хорошего знания ПК. Но многие могут предположить, что компьютер может заменить учителя на уроке. Это не совсем правильное мнение. Компьютер не заменяет учителя на уроках английского языка, а является эффективным помощником, позволяющим повысить качество обучения и эффективность контроля.

Более того, при организации урока с использованием компьютера, информация предоставляется ученику красочно оформленной, с использованием эффектов анимации, в виде текста, диаграммы, графика, рисунка. Все это позволяет более наглядно и доступно, чем в устной форме объяснить учебный материал. Очень важно и то, что на таких уроках ученик может работать в индивидуальном режиме, продвигаясь в постижении нового материала в своем темпе, возвращаясь, если это требуется, или забегая вперед. Также учитель, может переключать слайды, тогда когда будет понят материал предыдущего слайда.

Формы работы с использованием презентаций Microsoft Power Point на уроках английского языка включают:

- изучение лексики;
- обучение диалогической и монологической речи;
- отработку грамматических явлений.

Презентации Microsoft Power Point имеют много преимуществ перед традиционными методами обучения. Таким образом можно подвести итог вышесказанному:

Презентации позволяют:

- тренировать различные виды речевой деятельности, а также памяти и сочетать их в разных комбинациях,
- сформировать лингвистические способности,
- создать коммуникативные ситуации,
- автоматизировать языковые и речевые действия.

В заключении можно отметить, что применение компьютерных технологий в процессе обучения английскому языку даёт возможность активизировать познавательную, мыслительную и самостоятельную деятельность учащихся. Как показывает опыт, английский язык представляет благодатное поле для формирования и развития личности учащегося. При обучении английскому языку развивается интеллект, воображение, внимание, наблюдательность, речемыслительные и творческие способности.

Использование информационных технологий раскрывает огромные возможности компьютера как средства обучения. Более того, внедрение в учебный процесс использования мультимедийных программ вовсе не исключает традиционные методы обучения, а гармонично сочетается с ними на всех этапах обучения: ознакомление, тренировка, применение, контроль. Но использование компьютера позволяет не только многократно повысить эффективность обучения, но и стимулировать учащихся к дальнейшему самостоятельному изучению английского языка.

ҚАЗАҚ, ПАРСЫ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЗАТ ЕСІМНІҢ ЖІКТЕЛУІ

*Шанбаева Ұ.С., Ибраимова Ж.Т., ф.ғ.к.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Зат есімнің грамматикалық тұрғыдан өзгеріске түсуінің бір жолы – оның жіктелуі. Сөздің жіктелуі деп оның грамматикалық үш жақтың әрқайсысына тән жіктік жалғауын қабылдауын айтады. Сөзге жіктік жалғауының жалғануы – бастауыш пен баяндауыштың сөйлем ішінде бір-бірімен синтаксистік қарым-қатынасқа түсуінің негізгі амалы. Қазақ тілінде, әрісі барша түркі тілдерінде, баяндауыш болуға қабілеті бар сөз тобының қай-қай түрі де жіктеле алады. Алайда бұл категорияның есім сөздерден гөрі етістікке тән екені мәлім.

Қазақ тіліндегі жіктік жалғауының жекеше, көпше түрі, екінші жағынан анайы, сыпайы түрі бар. Олар төмендегідей:

| | |
|--|---|
| Жекеше | Көпше |
| I жақ: <i>-мын, -мін, -пын, -пін, -бын, -бін</i> | <i>-мыз, -міз, -пыз, -пиз, -быз, -біз</i> |
| II жақ: <i>-сың, -сің, -сыз, -сіз</i> | <i>-сыңдар, -сіңдер, -сыздар, -сіздер</i> |
| III жақ: <i>--</i> | <i>---</i> |

Есім сөздердің, соның ішінде зат есімдердің бәрі бірдей жіктік жалғауын қабылдай бермейді. Лексикалық мәні жағынан алғанда зат есімдердің ішінен жіктелетіні – адамның қызметі, кәсібі, мамандығы, қабілеті, тегі, туыстығы, жынысы, жас шамасы (бастық, тігінші, әнші, балгер, ұстаз, қайраткер, әйел, жігіт т.б.) сияқты жеке басына тән белгілері мен қасиеттерін білдіретін сөздер. Екінші сөзбен айтқанда, жіктелетін зат есім көбінесе субъектіні білдіретін сөз болуы тиіс. Зат есімнің жіктелу үлгісі мынадай:

| | Жақ | Жекеше | Көпше |
|---|-----------------------|-----------------------|--|
| 1 | баламын мұғаліммін | | баламыз, балалармыз мұғалімбіз, мұғалімдерміз |
| 2 | анайы | баласың мұғалімсің | баласыңдар мұғалімсіңдер |
| | сыпайы | баласыз мұғалімсіз | баласыздар мұғалімсіздер |
| | бала | | бала, балалар |
| 3 | мұғалім | | мұғалім, мұғалімдер |

Жоғарыда аталған тікелей субъектіні білдіретін сөздерден тыс бастапқы тура мағынасы субъектіні білдіру болмаса да, қолданылу ыңғайына қарай субъектілік мәнге ие болған зат есімдердің өзге топтарының да жіктелуі мүмкін. Зат есімнің өзінің ауыспалы мағынасында субъектіні білдіруінің бірнеше жолы бар. Олардың ішіндегі ең басты – басты дегендері мыналар.

1. Нәрселер мен құбыластардың, жан-жануардың атын білдіретін зат есімдерді сөйлеуші, яки жазушы белгілі мақсатпен адам кейпіндегі бейне ретінде қолданатылатын кездері болады. Мұндай кез келген нәрсенің, құбылыстың, кез келген тіршілік иесінің атын білдіретін сөз субъектілік мәні бар зат есімдерде болатын грамматикалық қасиетке ие болады да, сөйлемде кәдімгі субъект есебінде ұғынылады. Солай болғандықтан олар да тікелей субъектіні білдіретін зат есімдерше жіктеледі. Мысалы: біз ұлтанды елміз, сендер іргелі ауылсыңдар.

2. Белгілі бір субъектіні білдіретін ұғымның теңеуі, салыстырмалы баламасы ретінде бейнелі түрде жұмсалған зат есімдерде де жіктелу қабілеті болады. Мысалы: арманымсың, тілегеніңмін, көзімнің жанарысың.

Зат есімдердің бұлайша бейнелі түрде қолдану көбіне-көп көркем шығарма тіліне, әсіресе оның ішінде поэзия тіліне тән құбылыс.

Шамдансам, жығар асауымын,
Шамырқансам, сынар болатпын (Махамбет).

3. Адамға тән түрлі қасиеттер мен белгілерді білдіру үшін әр алуан метафоралық сипатта жұмсалған зат есімдер де жіктеледі. Мысалы: мен оған салмақпын, сен ұлы кеудесің. өзің бір тырысқан тарамыссың ғой.

4. Кісінің тек басына қатысты кейбір сындық белгілерді көрсеткен уақытта да зат есімдер әуелгі тура мағынасының қандай екендігіне қарамастан жіктеле береді. Мысалы: Осы тұрғанда малмандай сумын. Өзің қалпымен шаңсың ғой.

5. Тілімізде кейде мекендік мәнді бірқатар зат есімдерде де, оларға жатыс, шығыс септігінің қосымшасы жалғанған кезде, жіктелгіштік қасиет пайда болады. Мұндай зат есімдер сөйлемде көбіне субъектінің мекенін, отырған орнын, қайдан, қай жерден шыққандығын білдіреді. Мысалы: Абылай, сен бүгін үйдесің бе? Біз Қарқаралыданбыз.

Зат есімнің жіктелуіне келсек, зат есім сөздері өзге сөздермен синтаксистік байланысқа ену үшін жіктеліп те қолданылады. Жіктік жалғаудың үш жағы және жекеше, көпше түрлері болады.

| شخص | жақ | مفرد парсыша | жекеше қазақша | جمع парсыша | көпше қазақша |
|---------|-------|-----------------|-------------------|----------------|----------------------|
| اول شخص | 1 жақ | من | мен | ما | біз, біздер |
| دوم شخص | 2 жақ | تو | сен | شما | сіз, сендер, сіздер, |
| سوم شخص | 3 жақ | او / وی | ол | آنها / ایشان | олар |

Есім сөзден жасалған баяндауыштың құрамына енетін است байламы жіктеледі, бастауыштың жағына, санына қарай өзгеріп отырады. Байламның екі түрлі тұлғасы бар. Байламның қысқа тұлғасы

جمع // مفرد

ام ایم // ام اول شخص

اید ид // ای دوم شخص

اند энд // است دوم شخص

Баяндауыштың анықтауышы жоқ бір зат есімнен жасалған бөлігі әдетте өзгермейді, басқаша айтқанда, бастауыш бастауыш сан мөлшерімен қиыспайды, барлық жақта қазақ тілі сияқты жекеше тұлғада тұрады. Мысалы:

مفرد

من دكترم – Мен дәрігермін

تو دكتري – Сен дәрігерсің

او دكتر است – Ол дәрігер

جمع

ما دكتريم – Біз(дер) дәрігерміз

شما دكتريد – Сіз (дер, сендер) дәрігерсіздер (дер, сендер, дәрігерсіңдер)

آنها دكتورند Олар дәрігерлер.

Мен дәрігермін, сен дәрігерсің, ол дәрігер дегенде сөйлеуші, тыңдаушы және бөгде адамдардың кім екендіктері көрсетіліп, бір-бірінен аралары ашылып, жіктеліп айтылып тұр.

Байламның алдындағы сөздің қай дыбысқа аяқталуына байланысты оның айтылу нормасы мен жазылу нормасы әр түрлі болады:

1. дауысты дыбысқа біткен, аяқталған сөзден кейін жазылатын түрі:

جمع // مفرد

یم ایم // م اول شخص

ید ид // ی دوم شخص

ند энд // است دوم شخص

Мысалы:

من شاگردم мен шәкіртпін

تو شاگردی сен шәкіртсің

او شاگرد است ол шәкірт

ما شاگرديم біз (біздер) шәкіртпіз

شما شاگرديد сіз (сіздер, сендер) шәкіртсіз (дер, шәкіртсіңдер)

آنها شاگردند олар шәкірттер.

Егер сөз * е келте дауысты дыбысқа ие ی и созылыңқы дауысты дыбысына аяқталса, онда байламның сөз соңында жазылатын түрі:

جمع // مفرد

اول شخص ایم // әм ам
ای دوم شخص ید // и и
است دوم شخص ەند // әст әнд.

• e келте дауысты дыбысқа аяқталған сөздерде:

من راننده ام мен жүргізушімін
ای راننده ەن сен жүргізушісің
اول راننده ەست ол жүргізуші
ایم ما راننده ەبیز (біздер) жүргізушіміз
ای شما راننده ەسиз сіз жүргізушісіз, сіздер жүргізушісіздер, сендер жүргізушісіңдер.
انها راننده ەند олар жүргізушілер.

ی и созылықты дауысты дыбысына аяқталған сөздерде:

من قزاقی ام мен қазақпын
ای تو قزاقی ەن сен қазақсың
اول قزاقی ەبت ол қазақ
ایم ما قزاقی ەبیز (біздер) қазақпыз
ای شما قزاقی ەسиз сіз қазақсыз, сіздер қазақсыздар, сендер қазақсыңдар.
انها قزاقی ەند олар қазақ.

Егер сөз a және u созылықты дауысты дыбыстарына аяқталса, онда байламның жазылуы сөз соңында мынадай болады:

جمع // مفرد
ایم ەم // ەم ەم اول شخص
ای ەئى دوم شخص
ەند ەند // ەند ەند است دوم شخص
ا a дауысты дауысты дыбысы:

من دانایم мен данамын
ای تو دانای ەن сен данасың
اول دانای ەست ол дана
ایم ما دانایم ەبیز данамыз
ای شما دانای ەسиз сіздер данасыздар
انها دانای ەند олар дана.

u созылықты дауысты дыбысына аяқталған сөздерде:

من راستگویم мен шылшылмын
ای تو راستگو ەن сен шылшылсың
اول راستگو ەست ол шыншыл
ایم ما راستگو ەبیز (біздер) шыншылмыз
ای شما راستگو ەسиз сіз шыншылсыз, сіздер шыншылсыздар, сендер шыншылсыңдар.
انها راستگو ەند олар шыншылдар.

Есімдер болымды түрде де, болымсыз түрде де жіктеледі. Байламның болымсыз түрі барлық жақтарда ەن ەст (емес) сөзімен беріледі.

من شاکرد ەستم мен шәкірт емеспін
ای تو راننده ەستی ەн сен жүргізуші емессің
اول ەیرانی ەست ол ирандық емес
ایم ما دانای ەستیم ەн дана емеспіз
انها راستگو ەستند олар шыншыл емес.

Қорыта айтқанда, есім сөздердің жіктелуін түркі тілдерінің морфология жүйесінің өзге тілдерден, атап айтқанда, еуропа тілдерінен басты ерекшелігі деп тануымыз қажет.

Әдебиеттер

1. Лингвистический энциклопедический словарь. Гл.ред. Ярцева В.Н. – М.: Советская энциклопедия. 1990.
2. Қайдаров Ә., Оразов М. Түркологияға кіріспе. – Алматы: Мектеп, 1985.
3. Пейсиков Л.С. Тегеранский диалект. – Москва, Издательство ИМО. 1960.
4. Рубинчик Ю.А. Грамматика современного персидского языка. – Москва, Издательская форма «Восточная литература» РАН, 2001.

МАЗМҰНЫ

Пленарлық мәжіліс

| | |
|---|----|
| Бірәлі Б.А. Кәсіби қазақ тілін оқытудағы инновациялық технологияның тиімді әдістері | 3 |
| Сайлиханова Б.Т. Тригонометриялық шеңберді есеп шығаруда қолданудың тиімді әдісі | 6 |
| Наралиева Р.Т. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың инновациялық әдістемесі | 10 |
| Мажикқызы Н., Нусупбаева С.А., Ибрагимова М.Н. Жастарды патриотизмге тәрбиелеудегі Қазақстан тарихы пәнінің маңызы | 13 |

I Білім беру үдерісінде инновациялық технологияларды қолдану

| | |
|---|----|
| Абдибекова К.Ж., Смағұл М.Ж., Дауытгова Ж.Қ. Теңсіздіктерді шешу тақырыбын оқытудың ерекшеліктері | 15 |
| Абдилдабекова А.М., Телеуова Э.Т. Значимость контроля знаний в образовательном процессе | 17 |
| Абеуова А.С. Инновационная педагогическая деятельность в профессионально-техническом образовании | 18 |
| Абилбекова Э.М. Тарих сабағында ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану жолдары | 20 |
| Арыстанбекова Қ.Д., Қошымова А.О., Сандықбаева Ө.Д. Керей хан тұлғасын оқытудың тиімді әдістемелік жолдары | 23 |
| Асанов Н.А., Әмірханов М.Б., Ибрагимова М.Н. Инновацияларды басқарудың теориялық моделі | 25 |
| Ахметжанов Д.Г., Бегалиева А.К., Әмірханов М.Б. Ғындаушыларға озық технология арқылы тарихты оқыту тиімділігі | 27 |
| Ahmetzhanova A.T., Koshymova A.O., Tasilova N.A. Al-farabi kaznu leaders in history and their role In the preparation of intelligent personalities | 28 |
| Әмірханов М.Б., Ахметжанов Д.Г., Бегалиева А.К. Қазақстан тарихын өзгетілді дәрісханада оқытудың ерекшеліктері | 30 |
| Бактыбекова А. Физика пәнінің экологиямен байланысы | 33 |
| Буланова Т.М. Оқытудың инновациялық технологияларын физика пәнінде пайдалану тиімділігі | 37 |
| Буланова Т.М., Ембергенова Қ.Р. Білім алушылардың оқуға деген мотивацияларын дамыту | 39 |
| Буланова Т.М., Ембергенова К.Р., Шукетаева К.Қ. Білім алушының өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың ерекшеліктері | 41 |
| Габдуллин М.Т., Каримова А.Т. Жартылай иондалған сутегі плазмасының құрамын есептеу | 43 |
| Дауытгова Ж.Қ., Абдибекова К.Ж., Шукетаева К.Қ. Оқу-тәрбие процесін ізгілендіру | 47 |
| Дүйсебаева К.Д., Бегалиева А.К., Дүйсебаева Х. Самостоятельная работа студентов как один из способов повышения качества образования и фактор роста конкурентоспособности выпускников | 48 |
| Ембергенова Қ.Р. Физиканы оқытуда қазіргі заманғы ақпараттық технологияның қолданылуы | 50 |
| Ембергенова Қ.Р., Әлімбекова Л.З. Білім берудегі педагогикалық тәжірибенің қажеттілігі | 53 |
| Ембергенова К.Р., Буланова Т.М. Физика сабағында ойын элементтерін кіріктіре отырып шығармашыл тұлғаны қалыптастыру | 55 |
| Жаппасов Ж.Е., Ахметжанова А.Т., Тасилова Н.А. Жоғары оқу орындарында көрнекілік әдісінің оқу үдерісіндегі маңызы | 57 |
| Жаппасов Ж.Е., Асанов Н.А., Мәтбек Н.Қ. Ғындаушыларды кредиттік технология бойынша оқытудың ерекшеліктері | 60 |
| Жаппасов Ж.Е., Асанов Н.А., Тилеужанова Г.Т. Кредиттік технология бойынша ғындаушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері | 61 |
| Жеңіс С.Ж. Құқықтық пәндерді оқытудың кейбір өзекті мәселелері | 62 |
| Ибрагимова М.Н., Нусупбаева С.А., Мажикқызы Н. Оқу үрдісінде Қазақстан тарихын оқытудың тиімді әдістерін қолдану | 64 |
| Ибрагимова М.Н., Нусупбаева С.А., Мажикқызы Н. Тарихи танымдық сайыс сабақтарын ұйымдастыру жолдары | 66 |
| Ибрагимова М.Н., Нусупбаева С.А., Мажикқызы Н. Тарихты оқытудың әдістері | 69 |
| Исаева А.Б. Использование инновационных образовательных технологий в учебном процессе | 71 |
| Қазезова А.М., Татиева С.С., Бөлекбаева Н.И. Қашықтықтан білім беру технологиясы арқылы студенттердің өздік жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру | 74 |
| Қазыбекова Э.Т. Химиялық алғашқы түсініктерді қалыптастырудың зертханалық әдістемесі | 76 |
| Қозыбақова Ф.А. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануда электронды оқулықтың алатын орны | 79 |
| Қошымова А.О., Арыстанбекова Қ.Д., Мұсағұлова А.Б. Тәуке хан тұлғасын оқытудың кейбір әдістемелік мәселелері | 81 |
| Мажикқызы Н., Нусупбаева С.А., Ибрагимова М.Н. Қазақстан тарихын оқытуда ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану | 84 |
| Мажикқызы Н., Нусупбаева С.А., Ибрагимова М.Н. «Дебат» технологиясын пайдалана отырып Қазақстан тарихы пәнін жүргізудің тиімділігі | 85 |
| Мұсағұлова А.Б., Арыстанбекова Қ.Д. Қазақ диаспорасы тыңдаушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеу .. | 87 |

| | |
|--|-----|
| Мұсаева А.С. Биология пәнін оқыту барысында инновациялық технологияларды қолданудың маңызы | 88 |
| Мұсаева Қ.М. Бәсекеге қабілетті кәсіби маман даярлауда инновациялық технологиялардың рөлі | 91 |
| Наралиева Р.Т. Ұстаз ұлағаты – ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру | 94 |
| Наралиева Р.Т., Наханова А.П. Педагогикалық шеберлік – педагогтің кәсіби іс-әрекетінің жоғары деңгейі | 96 |
| Наурызбаева Г.К. Информационно-деятельностное обучение как основа формирования профессионально-ориентированной компетенции будущего специалиста | 99 |
| Наурызбаева Г.К. Применение методики деятельностного обучения для студентов вуза на занятиях физики | 103 |
| Нусупбаева С.А., Ибрагимова М.Н., Мажикқызы Н. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті түсіндірудің тиімді жолдары | 105 |
| Нусупбаева С.А., Ибрагимова М.Н., Мажикқызы Н. Ауған тыңдаушыларына Қазақстан тарихын оқытудың әдіс-тәсілдері | 108 |
| Нусупбаева С.А., Ибрагимова М.Н., Мажикқызы Н., Байдильдаева Л.Б. Тарих пәнін оқытуда ойын элементтерін қолданудың тиімділігі | 111 |
| Оңғарова Ш.С. Қазақстан аумағына банк капиталының енуі | 113 |
| Садықов Ж.С., Дауытова Ж.Қ., Абдибекова К.Ж. Сандық мәндері бірден берілмеген геометриялық есептерді шешудің өзгерістемелері туралы | 116 |
| Садықова Р.К. Қазіргі таңда білім беру үдерісінде инновациялық технологиялардың рөлі | 119 |
| Сандықбаева Ө.Д., Мажикқызы Н., Арыстанбекова Қ.Д. Қазақстан тарихы пәнін оқытудың кейбір мәселелері | 122 |
| Сарсембаева Г.Д. Студенттерге информатиканы оқытудың инновациялық әдістері | 124 |
| Смағұл М.Ж., Абдибекова К.Ж. Түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуын оқытудың әдістемесі .. | 126 |
| Таласбаева Ж.Т. Системы оценивания | 127 |
| Тасилова Н.А., Ахметжанова А.Т., Байдавлетов М.Д. Мектепте сабақтан тыс «Қазақстан тарихы» таңдау курсының оқытудың маңызы мен ерекшеліктері | 129 |
| Тастемірова Г.А., Нусупбаева С.А. Білім мен тәрбиені ұштастырудың тиімділігі | 132 |
| Тастемірова Г.А., Тилеужанова Г.Т., Сапаева Г.Е. Мәтін арқылы тілді дамытудың тиімділігі | 134 |
| Тастемірова Г.А., Тилеужанова Г.Т., Сапаева Г.Е. Оқу-тәрбиелеу ісінде ауғанстандық жастардың этностық ерекшеліктерін есепке алу | 137 |
| Тинистанов С.Д. Жастарға кәсіптік бағдар берудің өзекті мәселелері | 139 |
| Тойшубекова Ж.К., Ибрагимова М.Н. СӨЖ-дің оқу-танымдық іс-әрекет ретіндегі ерекшеліктері | 141 |
| Хабижанова Г.Б. Новые подходы к содержанию исторических знаний и проблемно-ориентированное обучение в процессе преподавания Истории Казахстана | 142 |

II Қазіргі заманғы ЖОО-ға дейінгі білім берудегі инновациялық-педагогикалық қызмет

| | |
|--|-----|
| Абиева Р.С. Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдаланудың маңызы | 145 |
| Алиасқарова Ж. География пәнін оқытудың ерекшеліктері | 146 |
| Алиева М.А. Жаңа технологияның тиімді әдістері | 148 |
| Атамбекова Г.К., Таукенова А.С. Возвратные последовательности и их геометрия | 150 |
| Әбілмәжін Ж., Тасырова Қ.Н. Педагогикалық инновациялық бағыттардың түрлерін пайдалану | 154 |
| Әлімбекова Л.З. Мұғалімнің өзін-өзі жетілдіру қажеттіліктері | 156 |
| Бердибаева Ж. Информатика пәнінде жеті модуль мәнмәтініндегі диалогтік оқытуды пайдалану | 159 |
| Берекенова Ә.С., Тәукелова Г.Қ. Желілік қоғамдастықтың білім беру жүйесінде және мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттырудағы маңыздылығы | 162 |
| Дурманов Т.М. Различие в преподавании между методикой и технологией | 164 |
| Жаменкеева Б.А. Математика пәнінде жаңа технологиялар арқылы нәтижеге жету | 167 |
| Жанибекова Ш.Ж., Карипбаева Л.Т. Инновационные подходы к дополнительному образованию детей | 168 |
| Казербаева Г.Қ. Б.Блумның таксономиясы негізінде Қазақстан тарихын оқыту | 171 |
| Карипбаева Л.Т., Смағұлова М.К. Инновационные направления привлечения школьников в исследовательскую деятельность | 172 |
| Каупенбаева Р.Б., Каупенбаева С.М., Жайлаубаева М.Т. Система непрерывного профессионального образования | 175 |
| Қадекұлы Ж. Химия сабағында оқушылардың ынтасын арттырудың мүмкіндіктері | 177 |
| Медетбекова К.А. География пәнін оқытудың маңыздылығы | 179 |
| Нурдилдаева Қ.О. Кешірім – ізгіліктің белгісі | 182 |
| Нусипбаева М.Б. Жеке тұлға қалыптастырудағы рухани-адамгершілік тәрбие құндылықтары | 183 |
| Өткелбаева Р.Н. Бүгінгі оқыту үдерісіне енгізілген жаңалықтар туралы | 186 |
| Скабаева Ш.С. Формативті бағалауда кері байланысқа әсер ететін факторлар мен жағдайлар | 187 |
| Сыдыкова Б.А. Қазіргі мектептегі физика сабағында электронды білім беру ресурстарын пайдаланудың тиімді жолдары | 190 |
| Сыдыкова Б.А. Динамика тарауын қайталауда ойын стратегияларын пайдаланудың тиімділігі | 191 |

| | |
|--|-----|
| Тасырова Қ.Н. Биологиялық есептерді шығаруға үйрету | 192 |
| Тоғайбаева Д.Т. Математика сабағында дидактикалық стратегияларды қолдану | 194 |
| Чинаилова Б.Д. Жаңаша оқыту арқылы құзыретті тұлға қалыптастыру | 195 |

III Тілдерді оқыту тиімділігін арттыру жолдары мен тәсілдері

| | |
|--|-----|
| Абдрахманова М.Е. Мониторинг знаний учащихся, как критерии обучения по предметам филологии | |
| Айдаболова Р.У. Сабақта оқушылардың таным белсенділігін арттыру | 197 |
| Айтжанова С.С., Лесова Қ.Ә. Сабақта мәтінмен жұмыс істеудің тиімді жолдары | 202 |
| Амирова М.Ж. Тілді меңгеруде студенттердің өздік жұмысының алатын орны | 204 |
| Әділханова Ж.С., Ибраимова Ж.Т. Тілді меңгеруде этнолингвистиканың маңызы | 206 |
| Әділханова Ж.С., Ибраимова Ж.Т. Оқу материалдарын тиімді игерту | 208 |
| Әміров Ә.Ж., Бисенбаев А.Қ. Терминологияны оқытуда қолданылатын кейбір әдіс-тәсілдер | 209 |
| Байкулова Л.Т. Связь методики русского языка с другими науками | 211 |
| Баймұханова Б.Қ. Ағылшын тілі пәні арқылы оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту | 214 |
| Боқаева Б.Б. Қазақ тілі және халықтық педагогика | 218 |
| Бөлекбаева Н.И., Татиева С.С., Қазезова А.М. Тілді модуль арқылы үйретуде ақпараттық технологияларға негізделген құралдарды ұтымды қолдану | 220 |
| Букабаева Ж.А., Байкулова Л.Т. Применение игровых технологий на уроках русского языка | 223 |
| Заурбекова Г. Топпен оқытудағы тиімділіктер жайлы | 224 |
| Ибраимова Ж.Т., Әділханова Ж.С. Қазақ диаспорасы өкілдеріне қазақ тілін оқытудың кейбір ерекшеліктері | 225 |
| Ибраимова Ж.Т., Әділханова Ж.С. Тест тапсырмаларын әзірлеу әдістері | 227 |
| Илшібаева Т.И., Искакова С.М. Приемы инновационных технологий на уроках русского языка и литературы | 228 |
| Иминова З.А. Қазақ тілін мемлекеттік тіл мәртебесінде өзгетілді дәрісханада оқытудың мақсаты | 231 |
| Какишева Г.Ж., Абдуллаева Ж.Т. Специфика обучения артикуляции русского языка в иностранной аудитории | 233 |
| Кутумова Э. Коммуникация үдерісіндегі сөз және оның жасалуы | 235 |
| Қадырқұлов Қ.Ш. Қазақ тіліндегі буын алмасу үдерісін оқытудың кейбір ерекшеліктері | 236 |
| Қасымбек В.Қ. Компьютерлік технологияларды ағылшын тілі сабағында тиімді пайдалану | 239 |
| Қыдырбаева Ф.Н. Қазақ тілі сабақтарында ақпараттық – коммуникативті технологияны қолдану тиімділігі | 240 |
| Мәтбек Н.Қ. Сатылай кешенді талдау технологиясын қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде қолданудың тиімділігі | 242 |
| Мәтбек Н.Қ. Тыңдаушыларға қазақ тілі пәнінен күрделі тақырыптарды меңгерудің ұтымды жолдары | 244 |
| Мәтбек Н.Қ. Шетелдік тыңдаушыларға қазақ тілін оқытудың ерекшеліктері | 247 |
| Нусипбаева М.Б. Использование интерактивных методов при изучении рода имени существительного.... | 249 |
| Өмірбекова Р.Қ., Жұмағұлова А.Ж. Коммуникативтік білім беруді жеке тұлғаға бағыттап оқыту принциптері..... | 252 |
| Саденова А., Арыстанбекова Қ. Уәждемелік (мотивация): тіл меңгерудегі маңыздылығы..... | 255 |
| Сапаева Г.Е., Тілеужанова Г.Т., Тастемирова Г.А. Қазақ тілі сабағында жаңа технологияларды пайдалану | 258 |
| Sirgebayeva S., Qudyrbay K., Kyrykbayeva Zh. Problems in teaching reading | 259 |
| Тастемирова Г.А., Тілеужанова Г.Т., Сапаева Г.Е. Мәтін арқылы тілді дамытудың тиімділігі..... | 261 |
| Татиева С.С., Бөлекбаева Н.И., Қазезова А.М. Сөйлеу тілдің орындылығы мен тазалығы | 263 |
| Тілеужанова Г.Т., Тастемирова Г.А., Сапаева Г.Е. Қазақ тілін оқытудың бастапқы сатысында тыңдаушыларды ауызша сөйлеуге үйретудің жолдары | 265 |
| Тойғанбекова Л.Ш., Құрманқожа Г. Мемлекеттік тілді оқытудың жолдары | 267 |
| Тойғанбекова М.Ш., Сұлтанова Б.М. Қазақ тілін үйретудің инновациялық оқыту әдістері | 268 |
| Уразова Г.А. Сабақта оқушыларды шығармашылыққа баулу | 271 |
| Хмелевская В.П. Инновационная деятельность в обучении английскому языку | 273 |
| Шанбаева Ұ.С., Ибраимова Ж.Т. Қазақ, парсы тілдеріндегі зат есімнің жіктелуі | 276 |

Ғылыми басылым

**«ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР» атты
республикалық ғылыми-практикалық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы қ., 4-5 ақпан 2016 ж.

Шығарушы редакторы: *Г. Бекбердиева, Қ. Ибрагимова*
Компьютерде беттеген *Г. Шаккозова*
Мұқаба дизайны *А. Қалиева*

ИБ №9179

Басуға 18.02.2016 жылы қол қойылды. Формат 60x84 ¹/₈.
Көлемі 17,7 б. т. Тапсырыс № 76. Таралымы 100 дана.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.